ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ
«М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ШЫРШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ (ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ) ФИЛИАЛЫ

QOZOG‘ISTON RESPUBLIKASI FAN VA OLIY TA’LIM VAZIRLIGI
M. AVEZOV NOMIDAGI JANUBIY QOZOG‘ISTON TADQIQOT UNIVERSITETI
«M. AVEZOV NOMIDAGI JANUBIY QOZOG‘ISTON UNIVERSITETI» NAJ
CHIRCHIQ SHAHRIDAGI (O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI) FILIALI

AUEZOV UNIVERSITY 1943

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ: ТАРИХ, ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ

ЕҢБЕКТЕРІ

CHIRCHIK BRANCH OF AUEZOV UNIVERSITY 2024

25-OKTABR — RESPUBLIKA KUNIGA BAG‘ISHLANGAN “QOZOG‘ISTON RESPUBLIKASI KUNI: TARIX, SABOQLAR VA ILMIY YUTUQLAR” NOMLI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA

MATERIALLARI

Шыршық, 2026 жыл
Chirchiq, 2026 yil

ӘОЖ 001(063)
ББК 72
Қ 18

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ: ТАРИХ, ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ– Шыршық: М. Әуезов ат. ОҚУ филиалы, 2026 ж.
Тілдері: қазақ және өзбек.

25-OKTABR — RESPUBLIKA KUNIGA BAG‘ISHLANGAN “QOZOG‘ISTON RESPUBLIKASI KUNI: TARIX, SABOQLAR VA ILMIY YUTUQLAR” NOMLI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI. — Chirchiq: M. Auezov nom. JQU filiali, 2026 yil.
Tillar: qozoq va o‘zbek.

ISBN 978-601-378-234-8

Редакциялық алқаның төрағасы: М.Ә. Төлеген, – философия докторы, профессор М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Басқарма төрағасы – ректор

Редакциялық алқа мүшелері: Г.К. Карбозова – фил.ғ.к., Басқарма мүшесі, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор; Х.С.Тасибеков – х.ғ.к., қауымд.профессор, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор; Бейсенбаев С.Қ. – п.ғ.д., Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры, Л.А.Хасенова – PhD докторы, Интернационалдандыру және рекрутинг департаменті директоры; Г.С. Тилеукулов - т.ғ.к., «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; М.Ж. Айтуреев – т.ғ.к., доцент, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиал директоры; Нуртаев У.Н. - «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиал атқарушы директоры, З.К. Конарбаева – PhD докторы, қауымд.профессор, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалының академиялық мәселелер жөніндегі директор орынбасары, Б.Б. Туракулов – PhD докторы, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымастық жөніндегі директор орынбасары, Б.Т. Умаров – т.ғ.д., доцент, «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалының «Арнайы пәндер» кафедрасының меңгерушісі, Ұ.Б.Назарбек – PhD докторы, доцент, ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректорінің орынбасары; Н.Б. Айнабеков - PhD докторы, ғылыми-аналитикалық ақпарат орталығының басшысы; Г.Л.Усебаева – ғылыми коммуникациялар және жарияланымдық белсенділігі орталығының бас маманы.

ӘОЖ 001 (063)
ББК 72
Қ 18

ISBN 978-601-378-234-8

©М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, 2026
©M. Auezov nomidagi Janubiy Qozog‘iston tadqiqot universiteti, 2026-yil

Қазақ бауырым десем, құлашым қанаттар,
Көне құндылықтардан жүрегім қуаттанар.
Науаи, Абай рухы міннажаттан шаттанар,
Түркі деген аты бір, өзбек пенен қазақтың,
Сөзімен сәлемі бір, өзбек пенен қазақтың.

Махмуд Тоир, Өзбекстан Республикасының халық ақыны

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Республика күніне орай ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияның қатысушылары мен оқырмандарын шын жүректен құттықтаймын. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Шыршық қаласындағы филиалында өтетін бұл ғылыми жиынның Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім және ғылым саласындағы байланыстарды нығайтуда өзіндік орны бар.

Республика күні еліміздің мемлекеттілік тарихындағы аса маңызды кезеңді айшықтайды. Бұл мереке халқымыздың тәуелсіздікке, дамуға және өркендеуге деген ұмтылысын бейнелейді. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Тарихи құжат республиканың дербестігінің негізгі қағидаттарын бекітіп, халықтың өз даму жолын айқындау құқығын жариялады және Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің саяси-құқықтық негізін қалады.

Тәуелсіздік еліміздің тарихындағы жаңа дәуірдің бастауына айналды. Ол мемлекеттілікті нығайтуға, ұлттық бірегейлікті сақтауға, экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуетті жүзеге асыруға кең мүмкіндік ашты. Егемендік жылдарында Қазақстан қалыптасу мен дамудың елеулі жолынан өтіп, халықаралық қоғамдастықта тәуелсіз мемлекет ретінде өз орнын айқындады, басқа елдермен достық пен ынтымақтастық қатынастарын жүйелі түрде дамытып келеді.

Республика күнінің тарихи маңызы да осында. Ол қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығын, Отан тағдырына деген жауапкершілікті және халық бірлігінің құндылығын еске салады. Осы мерекеде біз өткен жолымызға зер салып, елдің қалыптасуы мен нығаюына үлес қосқан ұрпақтардың еңбегіне құрмет білдіреміз. Жастар үшін оның мәні айрықша: тәуелсіздік жетістіктерін сақтау, елді дамыту және болашағын айқындау жауапкершілігі алдағы ұрпаққа жүктеледі.

Қазақстан саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңғыру жолын жалғастырып келеді. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының қатарында адами капиталды дамыту, жастарды, ғылым мен білімді қолдау мәселелері тұр. Өйткені білімді, бастамашыл әрі мақсатшыл жас ұрпақ – мемлекеттеріміздің болашағын айқындайтын негізгі күш.

Қазақстан мен Өзбекстанды тек тату көршілік қатынастар ғана байланыстырмайды. Екі елдің ортақ тарихы, ғасырлар бойы қалыптасқан достық дәстүрлері, рухани және мәдени жақындығы,

ортақ құндылықтары мен орнықты дамуға деген ұмтылысы бар. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Миромонұлы Мирзиёевтің саяси ерік-жігерінің арқасында қазақ-өзбек қатынастары стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Мемлекеттеріміз арасындағы саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық дәйекті түрде нығаюда. Осы көпқырлы байланыстың ішінде білім мен ғылым саласындағы ықпалдастық ерекше орын алады. Білім беру – экономикалық өсу мен технологиялық ілгерілеудің негізі ғана емес, халықтарымыз арасындағы достық пен өзара түсіністікті бекемдейтін маңызды тетік.

Әрбір бірлескен білім беру жобасы, академиялық алмасу бағдарламасы, студенттер мен ғалымдардың кездесуі Қазақстан мен Өзбекстанның одан әрі жақындасуына берік негіз қалайды. Сондықтан елдеріміз университеттер арасындағы тікелей байланыстарды кеңейтуге, бірлескен білім беру бағдарламаларын, академиялық ұтқырлықты, ғылыми зерттеулерді және білікті мамандар даярлауды дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді.

2024 жылы мемлекеттеріміз басшыларының қатысуымен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Шыршық қаласындағы филиалы және Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының Алматы қаласындағы филиалы ашылды. Бұл – жоғары деңгейде қол жеткізілген саяси уағдаластықтардың нақты іске асуының айқын мысалы.

Аталған филиалдар білім алмасуға, заманауи оқыту технологияларын енгізуге, ғылыми әлеуетті дамытуға және екі ел жастары арасындағы кәсіби байланыстарды кеңейтуге арналған маңызды алаңға айналуға тиіс. Бұл ретте білім берудің тәжірибелік бағыты айрықша мәнге ие. Цифрлық өзгерістер мен жаһандық бәсекелестік жағдайында экономикаларымызға жаңа буын мамандары – инженерлер, технологтар, IT саласының мамандары, педагогтер, зерттеушілер мен басқарушылар қажет. Осындай кадрлардың М. Әуезов атындағы университеттің Шыршық филиалында даярланатынына сенімім мол.

Әлем қарқынды өзгеріп жатыр. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, өндірісті автоматтандыру, жаңа энергия көздері мен инновациялық шешімдер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуда. Мұндай жағдайда кез келген мемлекеттің басты бәсекелік артықшылығы – азаматтарының білімі, кәсібилігі және шығармашылық әлеуеті.

Сол себепті жас мамандардың аудиторияда алған біліммен шектелмей, шет тілдерін меңгеруі, жаңа технологияларды игеруі, ғылыми зерттеулерге, халықаралық конкурстар мен білім беру бағдарламаларына қатысуы аса маңызды. Олардың өз бетінше ойлай алатын, жауапты шешім қабылдайтын, қоғамға пайдасын тигізетін, дүниетанымы кең тұлға болып қалыптасуы қажет. Қазақстандағы құрдастарымен байланыс орнатып, бірлескен жастар бастамаларына қатысуы және кәсіби әріптестікті дамытуы да екі ел ынтымақтастығына тың серпін береді. Ертең ірі бірлескен жобаларды жүзеге асыратын, сауда мен өнеркәсіпті дамытатын, инновацияларды енгізіп, мемлекеттеріміз арасындағы байланыстарды нығайтатын да – осы жастар.

Университет есімін иеленген ұлы қазақ жазушысы әрі ғалымы Мұхтар Әуезов кейінгі ұрпаққа бай әдеби және рухани мұра қалдырды. Оның шығармашылығы, сондай-ақ Абай Құнанбайұлы мен Әлішер Науаидың мұрасы білімнің, ағартушылықтың, мәдениеттің және халықтарымыздың рухани бірлігінің мәңгілік құндылығын танытады. Мұхтар Әуезов атындағы университеттің Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім және мәдениет ынтымақтастығын жалғайтын көпірге айналуы да терең мәнге ие.

Университеттің Шыршық қаласындағы филиалы ғылымды дамытуға, білікті кадрлар даярлауға және елдеріміз арасындағы гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге үлес қоса отырып, беделді білім беру орталығы ретінде өз орнын одан әрі нығайта беретініне сенімдімін. Университет басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамына жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы игілікті еңбектеріне табыс тілеймін. Студенттерге оқудағы зор жетістіктерді, батыл идеялар мен алға қойған мақсаттарына жетуді тілеймін. Бүгін алған білімдері олардың жеке табысының негізіне айналып, бауырлас мемлекеттеріміздің өркендеуіне лайықты үлес қосуға мүмкіндік берсін.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық пен одақтастық қатынастар нығая берсін!

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



Төлеген Мұхтар Әділбекұлы

«Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректоры

ҚАДІРЛІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ! ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, БІЛІМ АЛУШЫ ЖАСТАР!

Екі бауырлас елдің білім мен ғылым интеграциясын жаңа белеске көтерген Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Шыршық қаласындағы филиалына қош келдіңіздер!

Ең алдымен, сіздерді мемлекеттілігіміздің іргетасын бекітіп, егемендігімізді айшықтаған қастерлі мереке – Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – халқымыздың азаттық жолындағы тарихи таңдауын, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына деген бұлжымас сенімін бейнелейді. Осы ретте білім ордамыз есімін мақтанышпен иеленіп отырған заңғар жазушы, қазақ әдебиетінің классигі, академик Мұхтар Әуезовтің: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген қанатты сөзі еріксіз ойға оралады. Ұлы суреткердің бұл аманаты бүгінде қос халықтың рухани және ғылыми тұтастығының басты темірқазығына айналды.

Мереке қарсаңында Өзбекстан Республикасының Шыршық топырағында бас қосуымыздың символикалық мәні зор. Бұл қадам жай ғана академиялық серіктестік емес, бұл – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тамырлас достықтың, стратегиялық әріптестік пен ортақ болашаққа деген бірлескен ұмтылыстың жарқын көрінісі.

Өздеріңізге мәлім, аталған халықаралық филиалдың ашылуы – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Миромонович Мирзиёевтің екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған сындарлы, көреген саясатының тікелей жемісі. Мемлекет басшыларының келісімі қос халықтың ғылыми ой-санасының тоғысуына жаңа серпін берді.

Бүгінгі таңда Шыршық қаласындағы филиалымызда 800-ден астам студент 19 мамандық бойынша білім алуда. Оның ішінде өңірлік және жаһандық нарыққа аса қажетті инженерия, ақпараттық технологиялар және педагогика сияқты сұранысқа ие бағыттардың қамтылуы стратегиялық тұрғыдан дұрыс бағыт таңдағанымыздың дәлелі. Бірлескен интеллектуалдық еңбегіміздің алғашқы нәтижелі қадамы.

Жалпы алғанда, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті – 22 000-нан астам студенті бар, еліміздегі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан кейінгі екінші орынды иеленетін ірі білім ордасы. Қара шаңырақтың бай тәжірибесін арқалаған жаңа филиалымыз Орталық Азия өңіріндегі білім мен ғылымның драйверіне айналып, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті, озық ойлы мамандар даярлауға сүбелі үлес қосатынына кәміл сенемін.

ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР!

Тарихтан тағылым алып, ғылыми жетістіктерді саралайтын халықаралық конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін! Мемлекетіміздің іргесі берік, егемендігіміз мәңгі, екі бауырлас ел арасындағы алтын достық көпірі баянды болсын! Ғылым мен білім жолындағы ізгілікті істеріңізге толағай табыстар тілеймін!

Республика күні құтты болсын!

TABRIK SO‘ZI



Ravshan Ikramov

Chirchiq davlat pedagogika universitetining birinchi prorektori

25-oktabr — Qozog‘iston Respublikasi kuni munosabati bilan Chirchiq davlat pedagogika universiteti jamoasi, professor-o‘qituvchilari va talabalari nomidan qardosh Qozog‘iston xalqini, M. Auezov nomidagi Janubiy Qozog‘iston universitetining Chirchiq shahridagi filiali rahbariyati, professor-o‘qituvchilari va talabalarini samimiy muborakbod etamiz.

O‘zbekiston va Qozog‘iston xalqlarini asrlar davomida shakllangan do‘stlik, qardoshlik, o‘zaro hurmat va yaxshi qo‘shnichilik munosabatlari birlashtirib kelmoqda. Ta’lim, ilm-fan va madaniyat sohalaridagi hamkorlik ushbu aloqalarni yanada mustahkamlashda muhim o‘rin tutadi.

Chirchiq davlat pedagogika universiteti va M. Auezov nomidagi Janubiy Qozog‘iston universiteti o‘rtasidagi hamkorlik 2018-yilda imzolangan shartnoma asosida rivojlanib kelmoqda. Mazkur hamkorlik doirasida akademik almashinuv, professor-o‘qituvchilarning o‘zaro tajriba almashishi, qo‘shma ilmiy tadqiqotlar olib borish, ilmiy konferensiyalarda ishtirok etish hamda malakali mutaxassislar tayyorlash bo‘yicha keng imkoniyatlar yaratilgan.

2024-yilda M. Auezov nomidagi universitetning Chirchiq shahrida filiali tashkil etilishi ikki oliy ta’lim muassasasi o‘rtasidagi hamkorlikni yangi bosqichga olib chiqdi. Chirchiq davlat pedagogika universiteti professor-o‘qituvchilari filialda umumta’lim fanlaridan mashg‘ulotlar olib bormoqda. Shuningdek, akademik mobillik doirasida har ikki universitet talabalari hamkor oliy ta’lim muassasasida tahsil olish imkoniyatiga ega.

Chirchiq davlat pedagogika universitetida O‘zbekistonda istiqomat qilayotgan qozoq millatiga mansub 300 nafar talabaga «Qozoq tili va adabiyoti» fani o‘qitilmoqda. Bundan tashqari, universitetda «Qozoq tili va adabiyoti» mutaxassisligi bo‘yicha magistratura yo‘nalishining ochilishi talabalarga o‘z bilimlarini yanada chuqurlashtirish, ta’limni magistratura bosqichida davom ettirish va ilmiy tadqiqotlar bilan shug‘ullanish imkoniyatini yaratmoqda.

Bu kabi tashabbuslar nafaqat ikki universitet o‘rtasidagi ilmiy va ta’limiy aloqalarni rivojlantirishga, balki O‘zbekistonda yashayotgan qozoq millatiga mansub yoshlarning ona tili, adabiyoti va milliy madaniyatini asrab-avaylashga ham xizmat qiladi.

Ishonamizki, universitetlarimiz o‘rtasidagi hamkorlik kelgusida yanada kengayib, ikki qardosh xalqning do‘stlik va birodarlik rishtalarini mustahkamlashga munosib hissa qo‘shadi.

Qozog‘iston xalqini Respublika kuni bilan yana bir bor samimiy tabriklaymiz! Qardosh mamlakatga tinchlik, farovonlik va taraqqiyot, xalqiga esa baxt-saodat va ulkan muvaffaqiyatlar tilaymiz.

O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasidagi do‘stlik va qardoshlik abadiy bo‘lsin!

TABRIK SO‘ZI



Kamoljon Shadimetov

Akademik, professor, iqtisod fanlari nomzodi, “Turonda xizmat ko‘rsatgan fan arbobi”

Qozog‘iston Respublikasining milliy bayrami — Respublika kuni munosabati bilan konferensiya ishtirokchilarini, professor-o‘qituvchilarni, olimlar va talabalarni samimiy tabriklayman.

1990-yil 25-oktabrda Davlat suvereniteti to‘g‘risidagi deklaratsiyaning qabul qilinishi Qozog‘iston tarixida muhim voqea bo‘ldi. Ushbu hujjat mamlakatning mustaqillik sari intilishlarini mustahkamlab, kelgusi siyosiy va ijtimoiy taraqqiyoti uchun huquqiy asos yaratdi. Respublika kuni xalqning tarixiy xotirasi, milliy birligi va kelajakka bo‘lgan ishonchini ifodalovchi ulug‘ bayramdir.

Qozog‘istonning mustaqillik yillarida erishgan yutuqlari, ilm-fan, ta’lim va madaniyat sohalaridagi rivojlanishi biz uchun ham alohida ahamiyatga ega. Ayniqsa, ikki qardosh davlat — Qozog‘iston va O‘zbekiston o‘rtasidagi do‘stlik, yaxshi qo‘shnichilik va ilmiy hamkorlikning mustahkamlanib borayotgani quvonarlidir.

Men uchun Qozog‘istonning tarixi va madaniy merosi nihoyatda qadrlidir. Chunki mening tug‘ilib o‘sgan yurtim — qadimiy Sayram. Ajdodlarimizning tarixi, Xoja Ahmad Yassaviy va uning avlodlari, Suzuq ota hamda Sayramning boy ma’naviy merosini o‘rganish ilmiy faoliyatimning muhim yo‘nalishlaridan biridir.

Yillar davomida ushbu mavzularda kitoblar, ilmiy maqolalar va tadqiqotlar tayyorladim. Sayram va Turkistonning tarixiy manbalarini o‘rganish, qadimiy qo‘lyozmalarni saqlash hamda ularni ilmiy muomalaga kiritish ikki xalqning mushtarak tarixini yanada chuqurroq anglashga xizmat qiladi.

Mening fikrimcha, Qozog‘iston va O‘zbekiston olimlari o‘rtasida tarixiy-madaniy merosni o‘rganish bo‘yicha qo‘shma tadqiqotlarni kengaytirish, ilmiy manbalar va qo‘lyozmalarni birgalikda tadqiq etish muhim vazifalardan biridir.

M. Auezov nomidagi Janubiy Qozog‘iston universitetining Chirchiq shahridagi filiali faoliyati ham ikki mamlakat o‘rtasidagi ta’lim va ilm-fan sohasidagi hamkorlikning amaliy ifodasidir. Bunday ta’lim maskanlari yoshlarning bilim olishi, ilmiy izlanishlar olib borishi va o‘zaro tajriba almashishi uchun yangi imkoniyatlar yaratadi.

Shuningdek, Qozog‘iston va O‘zbekistonda yashayotgan qardosh xalqlarning ona tili, adabiyoti, urf-odatlari va milliy madaniyatini asrab-avaylash, yosh avlodga yetkazish doimo e’tibor markazida bo‘lishi zarur.

Ushbu konferensiya xalqlarimizning tarixiy ildizlarini yanada chuqurroq o‘rganishga, ilmiy aloqalarni mustahkamlashga va yangi hamkorlik tashabbuslariga xizmat qilishiga ishonaman.

Qozog‘iston xalqini Respublika kuni bilan chin qalbimdan tabriklayman! Mamlakatda tinchlik, farovonlik va taraqqiyot, ikki qardosh xalq o‘rtasida esa do‘stlik va hamjihatlik abadiy bo‘lsin!

TABRIK SO‘ZI



Serikbay Nazarovich Usenov

O‘zbekistondagi Qozoq milliy markazi rahbari

Yaxshi bilamizki, 1990-yil oktabr oyida Davlat suvereniteti to‘g‘risidagi deklaratsiyaning qabul qilinishi Qozog‘iston Respublikasining mustaqillik sari qo‘ygan muhim tarixiy qadami bo‘ldi.

O‘sha davrda sobiq Ittifoqda siyosiy va iqtisodiy o‘zgarishlar kuchayib, respublikalar, jumladan, O‘zbekiston ham o‘z taqdirini o‘zi belgilashga intilayotgan edi. Qozog‘istonda iqtisodiy mustaqillik, milliy boyliklardan samarali foydalanish va respublika manfaatlarini himoya qilish masalalari keng muhokama qilindi.

1990-yil 25-oktabrda Qozog‘iston Oliy Kengashi Davlat suvereniteti to‘g‘risidagi deklaratsiyani qabul qildi. Ushbu hujjatda respublika hududining yaxlitligi, milliy boyliklarga egalik qilish va mustaqil davlatchilik asoslariga oid muhim tamoyillar belgilandi. Deklaratsiya mamlakatning 1991-yilda davlat mustaqilligini e’lon qilishi uchun siyosiy va huquqiy zamin yaratdi. Respublika kuni tarixiy voqealarni yodga olish bilan birga tinchlik, hamjihatlik va milliy birlikning qadrini anglash bayramidir. Mustaqillikni mustahkamlash, yurt ravnaqiga hissa qo‘shish, kelajak avlod uchun farovon mamlakat barpo etish har bir fuqaroning mas’uliyatidir.

Respublika kuni — o‘tmishga ehtirom, bugungi kunga shukronalik va kelajakka ishonch bayrami.

1990-yil 25-oktabrda qabul qilingan Davlat suvereniteti to‘g‘risidagi deklaratsiya xalqning o‘z taqdirini o‘zi belgilashga intilishini mustahkamladi va mustaqillikning siyosiy-huquqiy asosini yaratdi. Shu bois Respublika kuni davlatchilik poydevorini ulug‘lash, bosib o‘tilgan yo‘lni sarhisob qilish uchun muhim sanadir.

Ushbu tarixiy qadamdan boshlangan mustaqil taraqqiyot yo‘lida Qozog‘iston jahon hamjamiyatida munosib o‘rin egallab, tinchlik va hamkorlikni ustuvor bilgan davlat sifatida tanildi. Erishilgan yutuqlarni mustahkamlash, mamlakat rivojiga yangi sur’at bag‘ishlash davlat boshqaruvini zamon talablariga mos ravishda takomillashtirishni ham taqozo etadi. Shu jihatdan 2026-yil 15-martdagi referendumda qabul qilingan va 1-iyuldan kuchga kirgan yangi Konstitutsiya muhim ahamiyat kasb etadi. Referendumda ovoz bergan fuqarolarning 87,15 foizi yangi Konstitutsiyani qo‘llab-quvvatladi. Bu Prezident Qosim-Jomart Toqayev tashabbusi bilan amalga oshirilayotgan konstitutsiyaviy islohotlar keng jamoatchilik qo‘llab-quvvatlashiga tayanayotganini ko‘rsatadi.

Mazkur ishonchni amaliy natijalarga aylantirishda bir palatali Qurultoy, Qozog‘iston Xalq Kengashi hamda mahalliy ijro etuvchi va vakillik organlari zimmasiga katta mas’uliyat yuklatilgan. Qurultoyning qonun ijodkorligi, Xalq Kengashining jamoat totuvligini mustahkamlash, hokimliklar va maslihatlarning hududlarni rivojlantirish borasidagi vazifalari umumiy maqsadga — fuqarolar farovonligini ta’minlash va xalq birligini mustahkamlashga xizmat qilishi ko‘zda tutilgan. Islohotlarning negizida xalq ovozini eshitish va qabul qilingan qarorlarning samarasini har bir oilaga yetkazish maqsadi yotadi.

Bu o‘zgarishlarning mustahkam tayanchi jamiyatdagi totuvlik va o‘zaro ishonchdir. Bugungi yutuqlar asosida xalqning fidokorona mehnati, birligi va umumiy kelajak oldidagi mas’uliyati turibdi. Suverenitet deklaratsiyasidan boshlangan ezgu maqsadlarni ro‘yobga chiqarish va mustaqillikni mustahkamlash barchamizning mushtarak burchimizdir.

Bu o‘zgarishlar va islohotlar meni ham juda qiziqtiradi. Qozoq millatiga mansub inson sifatida ulardan faxrlanaman. Qozog‘istonda kechayotgan jarayonlarni doimo kuzatib boraman, ayrim tadbirlarda shaxsan ishtirok etaman.

Xulosa va takliflar

Sayramning boy tarixida hali to‘liq o‘rganilmagan ilmiy manbalar va kitoblar ko‘p. Ular islom sivilizatsiyasi tarixini o‘rganish va unga bag‘ishlangan ilmiy loyihalar uchun ahamiyatlidir. Ma’lumki, Ahmad Yassaviy va ko‘plab tarixiy siymolar bilan bog‘liq Sayram mintaqaning muhim ma’naviy maskanlaridan biridir. Bu merosni o‘rganish Qozog‘iston va O‘zbekistonning mushtarak tarixidagi ayrim bo‘shliqlarni to‘ldirishga yordam beradi.

Fikrimizcha, ta’lim sohasida ikki davlat tajribasini o‘zaro almashish, jumladan, Chirchiqdagi M. Auezov nomidagi universitet filialining amaliyotidan foydalanib, o‘zbek va qozoq tillarida ta’lim olish imkoniyatlarini yanada kengaytirish zarur.

Har ikki mamlakatda qozoq aholisi ko‘p yashaydigan hududlarda qozoq tilidagi, o‘zbek aholisi ko‘p yashaydigan hududlarda esa o‘zbek tilidagi maktablarni saqlash va imkon qadar kengaytirish, bolalarning ona tilida o‘qishi uchun sharoit yaratish muhim. Qozog‘iston va O‘zbekiston fuqarolari qayerda yashashidan qat’i nazar, o‘z ona tili va madaniyatini asrab-avaylash imkoniyatiga ega bo‘lishlari kerak. Biz bunday maktablarni qozoq va o‘zbek tillaridagi yangi nashrlar bilan imkon qadar ta’minlab kelmoqdamiz.

Qozog‘istonning mustaqilligi, xalq birligi va yurt tinchligi bardavom bo‘lsin!



M. Auezov universitetining Chirchiq filialidagi konferensiyada elchi E. Tog‘janov bilan

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



Айтуреев Мурат Жарылкасынович

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
Шыршық қаласындағы филиалының директоры

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесі – Республика күніне орай ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияға қатысушыларды және осы жинақтың оқырмандарын шын жүректен құттықтаймын.

25 қазан – еліміздің мемлекеттілік тарихындағы маңызды күн. 1990 жылы қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация Қазақстанның дербес даму жолын айқындап, тәуелсіздіктің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Республика күні – елдің егемендігі мен бірлігін қадірлейтін, ортақ болашақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіретін мереке.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда ғылым мен жоғары білімді дамытуға, ғылыми әлеуетті нығайтуға және халықаралық байланыстарды кеңейтуге айрықша көңіл бөлінді. Бұл жетістіктер ғалымдардың, жоғары оқу орындарының және жас зерттеушілердің қажырлы еңбегімен сабақтас. Ғылымға жасалған әрбір инвестиция білімді ұрпақтың қалыптасуына, қоғамның зияткерлік мүмкіндіктерінің артуына қызмет етеді.

Жоғары оқу орындарының міндеті білім берумен ғана шектелмейді. Олар жас мамандардың дербес ойлауын, зерттеу мәдениетін және өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастырады. Сондықтан ғылыми ізденістердің сапасы мен зерттеу қорытындыларының сенімділігіне, сондай-ақ олардың практикада қолданылуына ерекше мән беру қажет.

Бүгінгі ғылыми-практикалық конференция осындай мәселелерді талқылауға, әртүрлі бағыттағы зерттеулермен танысуға және әріптестер арасындағы кәсіби байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Ғылыми пікір алмасу жаңа сұрақтар туғызып, зерттеу нәтижелерін тереңірек бағалауға жол ашады. Жинаққа енген мақалалар осы ортақ ізденіске өз үлесін қосады деп сенемін.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың маңызы зор. Академиялық алмасу, бірлескен зерттеулер және ғалымдардың кәсіби байланыстары екі елдің ғылыми әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Шыршық қаласындағы филиалымыз да осы байланыстарды дамытуға, оқытушылар мен білім алушылардың ынтымақтастығын кеңейтуге өз үлесін қосып келеді.

Білім мен ғылым саласындағы тұрақты әріптестік тәжірибе алмасуға ғана емес, ортақ мәселелерге бірлесіп жауап іздеуге де жағдай жасайды. Мұндай байланыстар жас зерттеушілерге жаңа ғылыми ортаға араласуға, өз еңбегін таныстыруға және әріптестермен пікір алмасуға жол ашады. Конференцияның осы бағыттағы жұмысы нәтижелі болады деп ойлаймын.

Құрметті конференция қатысушылары! Сіздерге мазмұнды пікір алмасу, жаңа ғылыми идеялар мен кәсіби табыс тілеймін. Жас ғалымдардың ізденістері жемісті болып, зерттеу нәтижелері білім мен қоғамның дамуына қызмет етсін.

Қазақстан халқын Республика күнімен құттықтаймын! Елімізде бейбітшілік, тұрақтылық пен өркендеу нығайып, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық пен ынтымақтастық дами берсін!

1926 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ СЪЕЗДЕН 2026 ЖЫЛҒЫ ТАШКЕНТ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНА ДЕЙІН: ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ РУХАНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынастар тарихы ортақ мәдени дәстүрлермен, рухани құндылықтармен, екі халықтың ғылыми және шығармашылық зиялы қауымының ғасырлар бойғы байланыстарымен тығыз сабақтас. Осы тұрғыдан алғанда, 2026 жылы жүз жылдығы аталып өтіп жатқан тарихи оқиғалардың мәні айрықша.

1926 жылғы Бірінші түркологиялық съезд: тарихи мұра

Түркі халықтарының ғылымы мен мәдениетінің даму тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі - 1926 жылғы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съезд.

Съезд тіл, тарих, әдебиет және мәдениет салаларын зерттеген ғалымдар мен ағартушы зиялылардың басын қосты. Онда ұлттық жазуды дамыту, әліпбилерді жетілдіру, ғылыми терминологияны қалыптастыру, мәдени мұраны сақтау және білім беру мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері талқыланды.

Съезд жұмысына қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлов және Елдес Омаров қатысты. Түркология ғылымының дамуына өзбек зиялыларының өкілдері де елеулі үлес қосты.

Съездің тарихи маңызы оның тіл саясаты, білім беру және гуманитарлық зерттеулердің кейінгі дамуына ықпал еткен мәселелер талқыланған ауқымды ғылыми пікір алмасу алаңына айналуында.

2026 жыл: тарихи құжаттардың ғылыми айналымға қайта енгізілуі

Арада жүз жыл өткенде Бірінші түркологиялық съездің мұрасы халықаралық ғылыми қоғамдастықтың назарын қайта аударды.

2026 жылғы 22 мамырда Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында тарихи съездің жүз жылдығына арналған іргелі ғылыми басылымдардың таныстырылымы өтті.

Олардың ішінде Түркі мәдениеті және мұрасы қоры әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп әзірлеген «1926/2026: Бірінші Баку түркологиялық съезіне 100 жыл» атты құжаттық жылнама ерекше орын алды.

Жинаққа Әзербайжан тарихы ұлттық музейі мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларында сақталған тарихи құжаттар, соның ішінде съезд отырыстарының ресми хаттамалары, сирек фотосуреттер, ғылыми баяндамалар және 1926 жылғы мерзімді баспасөз материалдары енгізілді.

Бұл басылымның жарық көруі тарихи жадыны сақтауға және түркі халықтарының ғылыми мұрасын жүйелеуге қосылған маңызды үлес болды.

Аталған дереккөздердің құндылығы - қазіргі зерттеушілерге XX ғасырдың басындағы зияткерлік үдерістерді, түркология ғылымының қалыптасуын және ұлттық ғылыми мектептердің рөлін тереңірек зерделеуге мүмкіндік беруінде.

2026 жылғы Ташкент декларациясы: мәдени диалогтің жаңа кезеңі

Ғылыми және мәдени байланыстардың тарихи сабақтастығы 2026 жылғы қыркүйекте жаңа жалғасын тапты.

2-3 қыркүйекте Ташкент қаласы мен Ташкент облысында «Түркі әлемінің рухани мұрасы: әдебиет - дәуірлер мен ұрпақтар сабақтастығы» атты Қазақстан мен Өзбекстан жазушыларының форумы өтті.

Бірінші түркологиялық съездің жүз жылдығына арналған бұл іс-шара екі ел арасындағы әдеби және мәдени диалогтің маңызды алаңына айналды.

Форумға Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекеттік органдары мен жазушылар ұйымдарының өкілдері, ғалымдар, әдебиеттанушылар, аудармашылар және мәдениет қайраткерлері қатысты.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ералы Тоғжанов қатысты.

Форумның басты нәтижесі - 2026 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан, Өзбекстан және Түркі мәдениеті және мұрасы қоры арасындағы ұзақ мерзімді әдеби әрі мәдени ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайтын Ташкент декларациясының қабылдануы.

Құжат жазушылар, ақындар, әдебиеттанушылар, аудармашылар мен баспа ұйымдары арасындағы байланысты нығайтуды, әдеби шығармаларды өзара аударуды қолдауды, бірлескен шығармашылық кездесулер мен халықаралық мәдени жобаларды өткізуді көздейді.

Декларацияның қабылдануы түркі зиялылары осыдан жүз жыл бұрын көтерген ғылыми және мәдени ықпалдастық идеяларының өзектілігін жоғалтпай, жаңа мазмұнға ие болғанын көрсетті.

Поэзиялық сөз - Қазақстан мен Өзбекстан достығының символы

2026 жылғы 3 қыркүйекте Ташкентте өткен Қазақстан мен Өзбекстан жазушыларының форумында Өзбекстан Республикасының халық ақыны Махмуд Тоирдің «Қуаныштары қос келді» өлеңі ерекше мәнге ие болды. Екі халықтың ғасырлар бойғы достығын жырлаған бұл туынды 2026 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің ресми парақшасында жарияланды.

Ақын ортақ тарихи тамырларға жүгіне отырып, Абай мен Науаи бейнелерін, қазақтың домбырасы мен өзбектің танбурын, қонақжайлық дәстүрі мен ұлттық мәдениетке деген құрметті бір арнаға тоғыстырады. Өлең екі халықтың рухани жақындығын айшықтап, 2026 жылғы Ташкент декларациясында жалғасын тапқан әдеби диалог идеяларымен үндеседі.

Бірінші түркологиялық съездің жүз жылдығы аталып өткен жылы бұл өлең Қазақстан мен Өзбекстанның мәдени байланыстарындағы сабақтастықтың көркем көрінісі ретінде қабылданады.

ҚУАНЫШТАРЫ ҚОС КЕЛДІ

Махмуд Тоир, Өзбекстан Республикасының халық ақыны

Қазақ бауырым десем, құлашым қанаттанар,
Көне құндылықтардан жүрегім қуаттанар.
Науаи, Абай рухы мінәжаттан шаттанар,
Түркі деген аты бір, өзбек пенен қазақтың,
Сөзімен сәлемі бір, өзбек пенен қазақтың.

Домбыраны тартуды қазақтай қиған бар ма,
Өзбек танбур шерткенде, көз жасын тыйған бар ма
Өткеніне бір үңіл, олардай күйген бар ма
Тарихтан талабы бір, өзбек пенен қазақтың,
Күрсінсе жапасы бір, өзбек пенен қазақтың.

Қазақтың ділі дария, батысында Еділ дариясы,
Қазақтың кеудесі тау, шығысында Алтай дүниесі
Бір жанында нұр шашар Өзбекстан киесі,
Даласы, жері жалғас, өзбек пенен қазақтың,
Жүрегінде шоғы жалғас, өзбек пенен қазақтың.

Амангелді қазақтың еркі үшін жан тіккен,
Жалаладдин мәңгіге өзбек болып даңқ тіккен.
Ғафур мен Сәбиттері мейір атты дән еккен,
Өлеңі мен жыры бір ғой, өзбек пенен қазақтың,
Ниетте нұры бір ғой, өзбек пенен қазақтың.

Қазақтардың қыздары от жүректі, көрік болған,
Өзбектердің қыздары күмістей сүйік болған.
Өйткені өзбек, қазақтың анасы ұлық болған,
Әкелері арлы ғой, өзбек пенен қазақтың,
Сапы ылғи нарлы ғой, өзбек пенен қазақтың.

Жолдардан да көңілден де торлар алшақтатылды,
Көне қадір тіктеліп, көздер толық жас алды.
Дастарқанда бесбармақ, палаутөре асылды,
Қуаныштары қос келді, өзбек пенен қазақтың,
Қонақтары қош келді, өзбек пенен қазақтың.

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің ресми парақшасы, 2026 жылғы 5 қыркүйектегі жарияланым.

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы: халықтарды жақындастырған поэзиялық мұра

2026 жылғы маңызды мәдени оқиғалардың бірі - қазақтың ұлы ақыны, суырыпсалма өнер шебері, халық жыршысы Жамбыл Жабаевтың (1846-1945) туғанына 180 жыл толуы.

Оның шығармашылық мұрасы қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігі болумен қатар, Орталық Азия халықтарының рухани дәстүрлерін зерттеу үшін де аса құнды.

2026 жылғы 25 қазанда, Қазақстанның Республика күні мерекесінде, Ташкент облысының Жоғарғы Шыршық ауданында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Мерекелік жиынға Қазақстанның Өзбекстандағы Елшісі Ералы Тоғжанов, қазақ мәдени орталықтарының өкілдері, қоғам қайраткерлері және «Абылай ханның қара жолы» халықаралық тарихи-мәдени автоэкспедициясының қатысушылары қатысты.

Елші өз сөзінде Жамбыл Жабаевтың қазақ халқының тарихи жадын, ұлттық санасы мен рухани-мәдени мұрасын сақтаудағы айрықша рөлін атап өтті.

Сондай-ақ қазақ және өзбек халықтарының тарихи әрі мәдени жақындығына ерекше назар аударылды.

Өзбекстандағы Қазақ мәдени орталығының төрағасы Серікбай Үсенов Жамбыл Жабаев шығармашылығының өзбек ақындары мен бахшилерінің мұрасымен үндестігін атап өтіп, олардың туындыларында халық даналығы, әділдік, достық және өзара құрмет идеялары көрініс тапқанын жеткізді.

Шын мәнінде, қазақтың ақындық өнері мен өзбектің бахши өнерінің тарихи тамыры ортақ. Екі өнер де рухани мұраны ауызша жеткізуге, поэзиялық шеберлікке, музыкалық орындаушылыққа және халық жадын сақтауға негізделген.

Мерейтой аясында Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына, қазақ мәдениетінің байлығы мен ұлттық дәстүрлеріне арналған мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Ұлы қазақ ақынының мерейтойының Өзбекстан жерінде атап өтілуі ерекше символдық мәнге ие. Бұл мәдени және әдеби мұраның халықтарды жақындастырып, өзара түсіністікті нығайтып, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты сақтай алатынын айғақтайды.

Қазақстан мен Өзбекстанның қазіргі ғылыми және білім беру ынтымақтастығы

1926 және 2026 жылдардағы тарихи оқиғалар ғылыми және мәдени дәстүрлердің сабақтастығын айқын көрсетеді. Бүгінде бұл сабақтастық Қазақстан мен Өзбекстанның университеттері мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметінде нақты жалғасын табуда.

Қазіргі кезеңде бірлескен ғылыми зерттеулер, академиялық ұтқырлық, халықаралық білім беру бағдарламалары, ғылыми кадрлар даярлау және жарияланымдық қызмет ерекше маңызға ие.

Осындай ынтымақтастықтың маңызды мысалдарының бірі - Шыршық қаласындағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті филиалының қызметі. Филиал екі елдің жоғары білім, ғылым және мамандар даярлау салаларындағы байланыстарын дамытуға ықпал етеді.

2026 жылғы 23 қазанда филиалда Қазақстан Республикасының ұлттық мерекесіне арналған «Қазақстанның Республика күні: тарих, тағылым және ғылыми жетістіктер» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияға Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшісі Ералы Тоғжанов, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы - Ректоры Толеген Мұхтар Әділбекұлы, Өзбекстан жоғары оқу орындарының өкілдері, ғылыми қауымдастық, оқытушылар мен студенттер қатысты.

Қатысушылар Қазақстанның тарихи даму жолын, тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін, ғылым мен жоғары білім саласындағы қазіргі үрдістерді, сондай-ақ қазақстандық-өзбекстандық академиялық ынтымақтастықты кеңейтудің келешегін талқылады.

Конференцияның өткізілуі екі мемлекет арасындағы ғылыми және білім беру байланыстарын нығайту жолындағы тағы бір нақты қадам болды.

Қорытынды

2026 жыл Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми және мәдени байланыстары тарихында ерекше орын алады.

Бірінші түркологиялық съездің жүз жылдығы, тарихи архив құжаттарының жариялануы, Ташкент декларациясының қабылдануы және Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы екі халықтың ғылыми, ағартушылық және рухани дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетеді.

Тарихи мұраға қайта үңілу ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдері туралы жадыны сақтауға ғана емес, қазіргі жағдайдағы ынтымақтастықтың мәнін жаңаша түсінуге де мүмкіндік береді.

Бұл үдерісте білім беру және ғылыми ұйымдардың рөлі айрықша. Олардың қызметі мемлекетаралық байланыстарды нығайтуға, мамандардың жаңа буынын даярлауға және бірлескен зерттеулерді кеңейтуге ықпал етеді.

Тарих ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің өткеннің жадын сақтап қана қоймай, ортақ болашаққа берік негіз қалайтынын дәлелдейді. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ғасырлар бойғы достық пен ынтымақтастықтың ерекше құндылығы да осы сабақтастықта жатыр.

Пайдаланылған дереккөздер

Бірінші Бүкілодақтық түркологиялық съезд. 1926 жылғы 26 ақпан - 5 наурыз: стенографиялық есеп. Баку, 1926. 426 б. Ресей мемлекеттік кітапханасы. https://search.rsl.ru/ru/record/01009148822

Түркі мәдениеті және мұрасы қоры. Алматыда Бірінші Баку түркологиялық съезінің 100 жылдығына арналған іргелі басылымдардың таныстырылымы өтті. 2026 жылғы 22 мамыр.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі. «Түркі әлемінің рухани мұрасы: әдебиет - дәуірлер мен ұрпақтар сабақтастығы» атты Қазақстан мен Өзбекстан жазушыларының форумы. 2026 жылғы 3 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі. Қазақстан, Өзбекстан және Түркі мәдениеті және мұрасы қорының Ташкент декларациясын қабылдауы. 2026 жылғы 3 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі. Ташкент облысында ұлы қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығы атап өтілді. 2026 жылғы 25 қазан.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі. Өзбекстанда ғылыми-практикалық конференция өтті. 2026 жылғы 23 қазан.

Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігі. «Қуаныштары қос келді». Махмуд Тоирдің 2026 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан мен Өзбекстан жазушыларының форумында оқылған өлеңі. Instagram желісіндегі 2026 жылғы 5 қыркүйектегі жарияланым (@kazakhstanembassy_uzbekistan).

Аталған материал Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Елшілігінің ресми жарияланымдары, архивтік құжаттар және Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының материалдары негізінде жинақтың редакциялық алқасы тарапынан әзірленді.

ӘОЖ 378.014.25
UDC 378.014.25

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН: М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ШЫРШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЫСАЛЫНДА АКАДЕМИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ДАМУЫ

KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: DEVELOPMENT OF ACADEMIC COOPERATION THROUGH THE ESTABLISHMENT OF THE M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY BRANCH IN CHIRCHIK

Қонарбаева З. К.
Konarbayeva Z. K.
«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ-тың Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы, Шыршық, Өзбекстан
Chirchik Branch of M. Auezov South Kazakhstan University, Chirchik, Uzbekistan
z.konarbayeva@auezov.edu.kz

Аңдатпа*. Мақалада Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы академиялық ынтымақтастық аясында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Өзбекстан Республикасының Шыршық қаласындағы филиалын құру алғышарттары мен оның қалыптасуының негізгі кезеңдері зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – институционалдық өзгерістердің бірізділігін анықтау және университеттің шетелдегі бөлімшесінде білім беру қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау. 2024–2026 жылдарға қатысты нормативтік құқықтық актілерге, ресми хабарламаларға, жарияланған материалдар мен филиалдың ішкі есептеріне тарихи-хронологиялық және салыстырмалы-құжаттық талдау жасалды. Филиалдың құрылуына Өзбекстан азаматтарымен білім беру байланыстарының кеңеюі, Ташкенттегі оқу-консультациялық орталықтың қызметі және 2022–2023 жылдардағы мемлекетаралық келісімдер негіз болғаны көрсетілді. Филиалдың ұйымдық-құқықтық рәсімделуі, профессор-оқытушылар құрамының жасақталуы, алғашқы студенттерді қабылдау, білім беру бағдарламаларының кеңеюі, ғылыми және өндірістік ұйымдармен серіктестік байланыстардың дамуы қарастырылды. Білім алушылар саны әртүрлі есептік күндер бойынша талданып, көрсеткіштерді тікелей салыстырудың шектеулері айқындалды. Филиалдың институционалдық орнықтылығы екі елдің білім беру жүйелерінің талаптарын үйлестіруге, білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, бейіндік инфрақұрылым мен практикалық даярлықты дамытуға байланысты екені негізделді. Перспективалық бағыт ретінде университеттің ғылыми-білім беру әлеуеті мен Өзбекстанның сәулет мұрасын ескере отырып, сәулет мамандарын даярлауды дамыту бастамасы қарастырылды.*

Abstract. *The article examines the prerequisites for establishing and the principal stages in the development of the M. Auezov South Kazakhstan University branch in Chirchik, Uzbekistan, within the broader context of bilateral academic cooperation. The aim is to reconstruct the sequence of institutional developments and identify the specific features of academic provision at a university branch operating abroad. The study applies historical-chronological and comparative documentary analysis to legal acts, official announcements, published accounts and internal reports covering 2024–2026. It demonstrates that the branch was preceded by growing educational ties with Uzbek citizens, the operation of a teaching and consultation centre in Tashkent, and bilateral agreements concluded in 2022–2023. The analysis addresses the legal establishment of the branch, the development of its teaching staff, the first student intake, subsequent programme expansion, and cooperation with educational, research and industrial organisations. Enrolment figures are interpreted with reference to their respective reporting dates rather than treated as directly equivalent indicators. The findings suggest that institutional consolidation depends on reconciling the requirements of two national education systems and strengthening academic staffing, specialised infrastructure and practice-based learning. The possibility of introducing architectural education is considered as a prospective direction combining the university's academic capacity with Uzbekistan's architectural heritage.*

Түйін сөздер: Қазақстан, Өзбекстан, жоғары білім, халықаралық ынтымақтастық, университет филиалы, академиялық интеграция, кадрлар даярлау.

Keywords: Kazakhstan, Uzbekistan, higher education, international cooperation, university branch, academic integration, personnel training.

Кіріспе

Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім саласындағы ынтымақтастығы академиялық ұтқырлық пен университетаралық келісімдер жасасумен ғана шектелмейді; ол серіктес мемлекеттердің аумағында тұрақты қызмет ететін білім беру бөлімшелерін құруды да қамтиды. Осындай өзара іс-қимылдың нақты мысалдарының бірі – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Шыршық қаласындағы филиалының ашылуы. Оның қалыптасу тарихы алғашқы білім беру бастамалары мен мемлекетаралық келісімдерден өзге елдің құқықтық және академиялық ортасында

оқу қызметін ұйымдастыруға дейінгі кезеңдерді қамтитын үдеріс ретінде ғылыми қызығушылық тудырады.

Шетелде филиал құру халықаралық ынтымақтастықтың дәстүрлі нысандарынан ерекшеленеді: университеттің білім беру бағдарламаларына қойылатын академиялық талаптарды сақтау мен қабылдаушы мемлекеттің нормативтік шарттарын орындау қатар қамтамасыз етілуі қажет. Бұл өзара іс-қимыл басқару, кадрлық қамтамасыз ету, оқу үдерісін ұйымдастыру, ғылыми қызмет және материалдық-техникалық базаны қалыптастыру салаларын қамтитын институционалдық сипатқа ие болады. Сондықтан филиалдың ресми құрылуын, нақты қызметінің басталуын және кейінгі даму кезеңдерін ажыратып қарастыру маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Шыршықтағы филиалдың 2017–2026 жылдар аралығындағы құрылу алғышарттары мен қалыптасу кезеңдерін жүйелеу, білім беру ортасын қалыптастырудың ерекшеліктерін анықтау және одан әрі дамудың негізделген бағыттарын көрсету. Дереккөздер базасын Өзбекстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік органдардың хабарламалары, университет жарияланымдары мен филиалдың есептік құжаттары құрады. Тарихи-хронологиялық және салыстырмалы-құжаттық талдау әдістері қолданылды. Алғашқы бастамалар жөніндегі мәліметтер жарияланған материалдармен салыстырылды, ал білім алушылар контингентіне қатысты көрсеткіштер тиісті есептік кезеңдер көрсетіле отырып берілді.

Филиал ашудың алғышарттары және мемлекетаралық келісімдердің дамуы

2010-жылдардың ортасында Өзбекстан азаматтарының М. Әуезов атындағы университеттің білім беру бағдарламаларына қызығушылығының артқаны байқалды. «Современное образование» журналында жарияланған материалдарға сәйкес, 2018 жылы Ташкент қаласында оқу-консультациялық орталық ашу туралы шешім қабылданған. Орталықтың қызметі білім алушылармен жұмыс жүргізудің бастапқы ұйымдастырушылық тәжірибесін қалыптастырды. Алайда оның өкілеттігі университеттің білім беру бағдарламаларын шетелдегі дербес бөлімше түрінде толық іске асыруды көздеген жоқ [1].

Филиал ашуға дайындық 2022 жылғы мемлекетаралық шешімдер қабылданғанға дейін де талқыланған. Университеттің 2019 жылғы 24 қаңтардағы ресми хабарламасында оның делегациясының 23 қаңтарда Ташкент қаласында Өзбекстанның білім беру ұйымдары мен мемлекеттік құрылымдарының өкілдерімен жүргізген келіссөздері баяндалған. Қарастырылған мәселелердің қатарында университет филиалын ашу да тікелей аталған [2]. Бұл құжат жобаның алдында кәсіби және институционалдық келісу кезеңі болғанын растайды.

2022 жылғы желтоқсанда Қазақстан мен Өзбекстан арасында жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын өзара ашу жөнінде қол жеткізілген келісімдер аталған бастамаға жаңа серпін берді. Кейінгі дайындық барысында университеттің Шыршық қаласындағы бөлімшесін құру мәселесі 2023 жылғы 5 мамырда өткен Бірлескен үкіметаралық комиссияның жиырмасыншы отырысында қаралды. Сол жылдың қыркүйегінде тиісті тараптар филиал ашу туралы үшжақты келісімге қол қойды [1, 3]. Нәтижесінде бұған дейін қалыптасқан білім алуға деген сұраныс мемлекетаралық ұйымдық-құқықтық қолдауға ие болды.

Шыршық қаласының таңдалуы оның өнеркәсіптік бағытымен және өңірдің білікті кадрларға деген қажеттілігімен байланысты болды. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің материалдарында машина жасау, металл өңдеу және химия өнеркәсібі жергілікті экономиканың маңызды салалары ретінде көрсетілген. Жоба таныстырылымында қала өкілдері Шыршық кәсіпорындары үшін мамандар даярлауға мүдделілігін де білдірген [4]. Қазақстандық университеттің көпсалалы құрылымы болашақ филиалды техникалық, жаратылыстану-ғылыми, экономикалық және гуманитарлық бағыттарды дамыту негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Ұйымдық-құқықтық рәсімдеу және қызметтің басталуы

2024 жылғы 9 наурызда Шыршық қаласында филиал жобасының таныстырылымы өтті. Оған Өзбекстан Республикасының жоғары білім, ғылым және инновациялар министрі Конгратбай Шарипов пен Қазақстан Республикасының Елшісі Бейбіт Атамқұлов қатысты. Университет өкілдері инженерлік, технологиялық және ақпараттық мамандықтарды қоса алғанда, білім беру мүмкіндіктері мен жоспарланған даярлық бағыттарын таныстырды [4]. Осы кезеңде филиалды ашуға дайындық практикалық сипат алды.

Негізгі нормативтік құжат ретінде Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 406 қаулысы қабылданды. Құжат филиалдың құқықтық мәртебесін, қызмет бағыттарын, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету қағидаттарын, сондай-ақ оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін белгіледі. Университеттің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын Өзбекстан Республикасының мемлекеттік білім беру талаптарын ескере отырып іске асыру көзделді. Ғылыми ұйымдармен және өндірістік кәсіпорындармен өзара іс-қимыл бағыттары да жеке айқындалды [5].

2024 жылғы 8 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Шыршық қаласындағы М. Әуезов атындағы университет филиалының және Алматы қаласындағы Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты филиалының ресми ашылу рәсіміне қатысты [6]. Университет бөлімшелерінің өзара ашылуы бұл жобаларға екіжақты академиялық серіктестік сипатын берді.

Филиал 2024 жылғы 16 тамызда Өзбекстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтті. Білім беру қызметіне лицензия 2025 жылғы 11 наурызда алынды және филиалдың есептік материалдарына сәйкес бакалавриаттың жеті бағдарламасын қамтыды [8, 9]. Аталған күндер әртүрлі құқықтық және ұйымдастырушылық әрекеттерді білдіреді, сондықтан бөлімшенің қалыптасу тарихын қарастырғанда оларды ажырату қажет. Бастапқы кезеңде әкімшілік қызметтерді қалыптастыру, оқытушыларды іріктеу, оқу бөлмелерін, сабақ кестесін және оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу жұмыстары да жүргізілді.

Филиалды орналастыру үшін «Шыршық» химия-индустриялық технопаркі аумағындағы жалға алынған үй-жайлар пайдаланылды. Мұндай орналасу кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасауға алғышарт қалыптастырғанымен, меншікті мамандандырылған зертханалық базаның болуын өздігінен қамтамасыз етпеді. Қызметтің алғашқы кезеңдерінен бастап сабақтарды ұйымдастыру, аудиторияларды жарақтандыру және практикалық даярлыққа қажетті ресурстарды іздестіру мәселелерін қатар шешуге тура келді [8].

Студенттер контингенті мен академиялық ортаның қалыптасуы

2024 жылғы қабылдау науқаны филиалдың талапкерлермен тікелей байланыс орнатуының алғашқы кезеңі болды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми хабарламасында алғашқы студенттердің бірі Айгүл Құдайбергенованың мысалы келтірілген. Оның ағалары бұған дейін М. Әуезов атындағы университетте білім алған. Филиалды таңдауы Айгүлге отбасының білім алу дәстүрін Шыршықта жалғастыруға мүмкіндік берді [7]. Құжатпен расталған бұл жағдай шетелдік бөлімшенің әлеуметтік қызметтерінің бірін – университеттік білімнің аумақтық қолжетімділігін кеңейтуді сипаттайды.

2024–2025 оқу жылында білім беру қызметі бакалавриаттың тоғыз бағдарламасы бойынша ұйымдастырылды: «Экономика», «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Биотехнология», «Экология», «Ақпараттық жүйелер», «Автоматтандыру және басқару», «Көлік, көлік техникасы және технологиялары», «Электр энергетикасы». Бірінші оқу жылының қорытындысы бойынша филиал контингенті 353 білім алушыны құрады [8].

Профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыруға Қазақстан мен Өзбекстан мамандары, соның ішінде университет оқытушылары, филиалдың штаттық қызметкерлері және қоса атқарушы оқытушылар тартылды. Оқу үдерісі өзбек және орыс тілдерінде ұйымдастырылды. Мұндай кадрлық модель университеттің академиялық әлеуетін пайдалануға және қабылдаушы елдің тілдік, нормативтік әрі кәсіби ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар оқу жүктемесін бөлу, әдістемелік материалдарды әзірлеу және білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды ұйымдастыру бойынша үйлесімді жұмыс жүргізу қажет болды.

Университеттік ортаның қалыптасуы аудиториядан тыс қызметте де көрініс тапты. 2024–2025 оқу жылында ашық сабақтар, зияткерлік және шығармашылық іс-шаралар, кәсіби бағдар беру кездесулері өткізілді. 2024 жылғы желтоқсанда өлкетану музейіне баруды қамтыған Шыршық қаласының тарихы жөніндегі сабақ ұйымдастырылды [10]. Мұндай жұмыс түрлері студенттердің университет мәдениетіне бейімделуіне ықпал етіп, оқу үдерісінің өңірдің қоғамдық және мәдени ортасымен байланысын кеңейтті.

2025–2026 жылдардағы білім беру және ғылыми қызметтің дамуы

Екінші оқу жылы білім беру бағдарламалары тізбесінің кеңеюімен және академиялық сүйемелдеу жүйесінің дамуымен ерекшеленді. 2025–2026 оқу жылына арналған есептік материалдарда бакалавриаттың он және магистратураның төрт бағдарламасы бойынша даярлық жүргізілгені көрсетілген. Магистратура бағдарламалары «Экономика», «Құқықтану», «Экология» және «Ақпараттық жүйелер» бағыттарын қамтыды [9]. Даярлық деңгейлерінің кеңеюі ғылыми жетекшілікке, кадрлық құрамға және білім алушылардың зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды күшейтті.

Білім алушылар санына қатысты деректерді тіркелген уақыты бойынша ажырату қажет. 2024–2025 оқу жылының есебінде 353 адам көрсетілсе, 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша олардың саны 517 болды. Ал 2026 жылғы 22 қыркүйектегі ақпараттық-талдамалық мәліметте 812 білім алушы, оның ішінде бакалавриаттың 735 студенті мен 77 магистрант тіркелген [8, 9, 11]. Бұл

мәліметтер әртүрлі есептік мерзімдерді сипаттайды. Олар контингенттің ұлғайғанын көрсетеді, бірақ оларды жыл сайынғы қабылдаудың біртекті уақыттық қатары ретінде түсіндіруге болмайды.

Жоғары курстарға көшудің және магистратураның ашылуының нәтижесінде бейіндік зертханаларға, оқу әдебиетіне және заманауи цифрлық сервистерге деген қажеттілік артты. Білім беру қызметін сүйемелдеу үшін университет пен Өзбекстан Республикасының ақпараттық жүйелері пайдаланылды. Бұл деректерді есепке алу мен алмасудың жекелеген рәсімдерін үйлестіруді қажет етті. Осындай жағдайда академиялық әкімшілендіру сапасы білім беру қызметінің орнықтылығын қамтамасыз ететін факторлардың біріне айналды [9].

Серіктестік байланыстардың дамуы Ташкент химия-технологиялық институтымен, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетімен, Ташкент мемлекеттік техникалық университетімен және өнеркәсіптік сектор кәсіпорындарымен өзара іс-қимылды қамтыды. Филиал есебіне сәйкес, жекелеген зертханалық және практикалық сабақтарда серіктес ұйымдардың инфрақұрылымы пайдаланылды [9]. Мұндай тәсіл меншікті материалдық-техникалық базаның шектеулігін ішінара өтеуге мүмкіндік бергенімен, оны жүйелі түрде дамыту қажеттілігін жойған жоқ.

Ғылыми жарияланымдар саласында да нақты нәтижелер байқалды. 2026 жылғы 18 ақпанда Scientific Reports журналында ZnO/WO_3 композитін пайдалану арқылы боялыш заттың фотокаталитикалық ыдырауына арналған халықаралық авторлар ұжымының мақаласы жарық көрді. Бірлескен авторлардың бірі Шаназар Атабаев Шыршықтағы филиалдың жалпы білім беру пәндері кафедрасын өзінің аффилиациясы ретінде көрсеткен [12]. Бұл дерек филиал оқытушысының халықаралық ғылыми жарияланымға қатысқанын растайды, алайда бір ғана нәтиже негізінде бөлімшенің бүкіл ғылыми-зерттеу қызметіне баға беруге болмайды.

Академиялық ынтымақтастық моделінің ерекшеліктері мен шектеулері

Қарастырылған материалдар филиалдың қалыптасуындағы өзара байланысты үш қырды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Институционалдық қыр оқу-консультациялық орталықтан университеттің жұмыс істеп тұрған шетелдік бөлімшесіне көшуді қамтиды. Академиялық қыр екі мемлекеттің нормативтік реттеуі жағдайында білім беру бағдарламаларын іске асырумен байланысты. Әлеуметтік-өңірлік қыр білімнің қолжетімділігін кеңейтуден және Ташкент облысының кәсіби ортасымен байланыстар қалыптастырудан көрінеді.

Филиал қызметінің ерекшелігі университеттің академиялық талаптары мен Өзбекстанның ұлттық заңнамасы талаптарының ұштасуында. Оқу жоспарларын, тілдік қамтамасыз етуді, кадрлық құрамды, оқу нәтижелерін есепке алуды және аттестаттау рәсімдерін үйлестіру тек ұйымдастыру кезеңіне тән бір реттік міндет емес; ол екі тараптың бейінді бөлімшелерінің тұрақты өзара іс-қимылын қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда шетелдік филиалды университетаралық және мемлекетаралық кооперацияның тұрақты нысаны деп қарастыруға болады. Оның сапасы күнделікті білім беру рәсімдерінің өзара келісімділігімен айқындалады.

Бірқатар техникалық және жаратылыстану-ғылыми бағыттарға қажетті меншікті оқу ғимараты мен жеткілікті бейіндік зертханалық базаның болмауына байланысты шектеулер сақталуда. Жабдықтар мен ресурстарға қажеттілік нақты білім беру бағдарламаларының талаптарын, контингентті және практикалық даярлық сипатын ескере отырып бағалануға тиіс. Серіктестер желісін кеңейту қосымша мүмкіндіктер ашқанымен, оқу үдерісін тұрақты кадрлық және материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді алмастыра алмайды [9].

Филиалдың қазақстандық-өзбекстандық ынтымақтастық үшін маңызы білім алушылар санымен ғана өлшенбейді. Оның дамуын анағұрлым толық сипаттайтын көрсеткіштерге бағдарламаларды іске асыру тұрақтылығы, практикалық даярлықтың қамтамасыз етілуі, оқытушылар мен студенттердің зерттеулерге қатысуы, сондай-ақ академиялық және өндірістік серіктестермен бірлескен жұмыстың расталған нәтижелері жатады.

Даму перспективалары: инфрақұрылым, зерттеулер және сәулет саласындағы білім

Филиалдың қалыптасуындағы келесі кезеңді білім беру инфрақұрылымын нығайтумен, тәжірибеге бағдарланған даярлықты кеңейтумен және оқытушылар мен білім алушылардың ғылыми құзыреттерін дамытумен байланыстыру орынды. Зертханалық сабақтарға жағдай жасау, бейіндік кадрлармен қамтамасыз ету, Өзбекстан Республикасының университеттерімен және кәсіпорындарымен ынтымақтастықты жүйелі дамыту басым міндеттер болып қала береді. Мұндай өзара іс-қимылдың нақты нәтижелері ретінде бірлесіп әзірленген практикалық тапсырмалар, зерттеу тақырыптары мен кәсіби даярлау бағдарламаларын атауға болады.

Жеке перспективалық бағыттардың бірі – «Сәулет» білім беру бағытын ашу жөніндегі қарастырылып отырған бастама. Өзбекстанда қала құрылысы мен сәулет өнерінің бай дәстүрлері қалыптасқан. Олар ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілген Самарқанд сәулет

ансамбльдерінен, Бұхараның тарихи орталығынан және Хиуадағы Ичан-Қала кешенінен айқын көрінеді [13]. Сәулет саласындағы білім беру тарихи ғимараттар типологиясын, дәстүрлі құрылыс шешімдерін және мәдени мұраны сақтау тәжірибесін зерттеуге сүйеніп, оларды цифрлық жобалау, энергия тиімділігі мен қала құрылысын жоспарлаудың заманауи технологияларымен ұштастыра алады.

Бұл бағыттың әлеуеті қазақстандық университеттің инженерлік-техникалық және білім беру ресурстарын Өзбекстанның сәулет және жобалау ұйымдарының кәсіби тәжірибесімен біріктіру мүмкіндігіне байланысты. Дегенмен бағдарламаны ашуды әзірге тек перспективалық бастама ретінде қарастырған жөн. Оны іске асыру өңірдің кадрларға сұранысын бағалауды, білім беру бағдарламасын әзірлеуді, білікті оқытушылармен және материалдық базамен қамтамасыз етуді, сондай-ақ қажетті келісу және лицензиялау рәсімдерінен өтуді талап етеді.

Зерттеу бағытын дамыту үшін жекелеген іс-шаралар мен келісімдерден нақты міндеттері, жауапты орындаушылары және өлшенетін нәтижелері бар ұзақмерзімді бірлескен жұмыстарға көшу маңызды. Осындай жағдайда филиал кәсіби даярлық пен қолданбалы зерттеулердің нақты бағыттары бойынша ғылыми ұжымдардың, студенттердің және кәсіпорындардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ете отырып, білім беру алаңы ретіндегі функцияларын кеңейте алады.

Қорытынды

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Шыршық қаласындағы филиалының құрылуы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім беру ынтымақтастығының бірізді дамуының нәтижесі болды. Оның алғышарттарына университеттің білім беру бағдарламаларына тұрақты сұраныс, Ташкенттегі оқу-консультациялық орталықтың қызметі және Өзбекстан ұйымдарымен алдын ала байланыстар жатады. 2022–2023 жылдардағы мемлекетаралық келісімдер мен 2024 жылғы нормативтік шешімдер шетелдік бөлімшенің қызметіне институционалдық тұрғыдан көшуге негіз қалады.

2024–2026 жылдары филиал жұмысының негізгі академиялық және әкімшілік тетіктері қалыптастырылды, бакалавриат пен магистратура бағдарламалары бойынша оқу ұйымдастырылды, білім алушылар контингенті ұлғайып, серіктестік байланыстар дамыды. Сонымен қатар екі елдің білім беру жүйелерінің талаптарын тұрақты үйлестіру және кадрлық, цифрлық әрі зертханалық инфрақұрылымды бірізді нығайту қажеттілігі айқындалды.

Одан әрі даму перспективалары, ең алдымен, мамандар даярлау сапасымен, оқытудың практикалық бағыттылығымен және ғылыми өзара іс-қимылды кеңейтумен байланысты. Сәулет бағытын ашу мүмкіндігі Өзбекстанның кәсіби қажеттіліктері мен мәдени мұрасын ескеретін ынтымақтастықты дамытудың мысалдарының бірі ретінде қарастырылды. Филиалдың қалыптасу тәжірибесі мемлекетаралық келісімдерден нақты бірлескен білім беру және ғылыми қызмет нысандарына көшудің маңызын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР

1. Auezov University расширяет свою географию // Современное образование. 26.03.2025. URL: https://www.bilim.expert/post/auezov-university-расширяет-свою-географию

2. ОҚМУ-дың Өзбекстанда филиалы ашылады // Официальный сайт Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова. 24.01.2019. URL: https://auezov.edu.kz/eng/home-en-gb/1227-

3. Университет Ауэзова будет сотрудничать с двумя университетами Узбекистана // EL.KZ. 2023. URL: https://el.kz/ru/universitet-auezova-budet-sotrudnichat-s-dvumya-universitetami-uzbekistana_94317/

4. Посол Казахстана Бейбут Атамкулов посетил презентацию открытия филиала Южно-Казахстанского исследовательского университета им. М. Ауэзова в г. Чирчик // Министерство иностранных дел Республики Казахстан. 09.03.2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent/press/news/details/722681?lang=ru

5. Постановление Кабинета Министров Республики Узбекистан от 10 июля 2024 года № 406 «О мерах по созданию филиала Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова в городе Чирчике». URL: https://lex.uz/ru/docs/7014263

6. Главы государств приняли участие в церемонии запуска совместных проектов // Официальный сайт Президента Республики Узбекистан. 08.08.2024. URL: https://president.uz/ru/lists/view/7450

7. Филиал Auezov University в Чирчике (Узбекистан) начал свою работу // Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан. 2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/828277?lang=ru

8. Отчет о работе филиала НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова» в городе Чирчик за 2024–2025 учебный год. Чирчик, 2025. Внутренний документ.
9. Отчет о деятельности филиала НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова» в городе Чирчик за 2025–2026 учебный год. Чирчик, 2026. Внутренний документ.
10. Отчет кафедры общеобразовательных дисциплин филиала НАО «ЮКУ им. М. Ауэзова» в городе Чирчик за 2024–2025 учебный год. Внутренний документ.
11. Информационно-аналитическая справка «Деятельность, результаты и перспективы развития филиала НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова» в городе Чирчик». Сведения на 22.09.2026. Внутренний документ.
12. Kanafin Y. N., Rustembekkyzy K., Seiilbek A., Kutzhanova K., Atabaev S., Kaikanov M., Atabaev T. Sh. ZnO/WO_3 composite for efficient photocatalytic degradation of methylene blue dye under solar light // Scientific Reports. 2026. Vol. 16. Article 8702. DOI: 10.1038/s41598-026-40207-0.
13. UNESCO World Heritage Centre. Uzbekistan: Properties inscribed on the World Heritage List. URL: https://whc.unesco.org/en/statesparties/uz

УДК 94(574)+321
UDC 94(574)+321

ҚОЗОҒИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ КУНИ: ТАРИХИЙ АҲАМИЯТИ, ДАВЛАТЧИЛИКНИНГ ШАКЛЛАНИШИ ВА ЗАМОНАВИЙ ИСТИҚБОЛЛАР

REPUBLIC DAY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: HISTORICAL SIGNIFICANCE, FORMATION OF STATEHOOD AND MODERN PERSPECTIVES

Тилеукулов Г.С.
Tileukulov G.S.
Мухтор Авезов номидаги Жанубий Қозоғистон тадқиқот университети, Чимкент, Қозоғистон
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
tgauharbek@mail.ru

Аннотация. *Мақолада Қозоғистон Республикасида 25 октябрь куни нишонланадиган Республика кунининг тарихий, сиёсий-ҳуқуқий ва ижтимоий аҳамияти комплекс таҳлил қилинади. 1990 йил 25 октябрда Қозоқ Совет Социалистик Республикасининг Давлат суверенитети тўғрисидаги декларацияси қабул қилиниши замонавий қозоқ давлатчилиги шаклланишидаги муҳим босқич сифатида атрофлича кўриб чиқилади. Тадқиқотда тарихий-қиёсий методология ва норматив-ҳуқуқий ҳужжатлар таҳлили асосида декларациянинг асосий тамойиллари, унинг 1991 йилда давлат мустақиллиги эълон қилинишига олиб келган жараёндаги тутган ўрни, шунингдек, Республика кунининг тарихий хотира, миллий ўзликни англаш ва фуқаролик масъулиятини мустаҳкамлашдаги роли ёритилади. Бундан ташқари, постсовет давридаги сиёсий ўзгаришлар шароитида давлат суверенитети ва тўлиқ мустақиллик тушунчалари ўртасидаги фарқлар ҳуқуқий нуқтаи назардан асослаб берилади. Мақола якунида миллий байрамнинг таълимий, илмий ва ижтимоий имкониятларини замонавий таълим тизими ҳамда ёшлар сиёсати доирасида янада ривожлантиришга қаратилган бир қатор амалий тавсиялар, илмий-амалий таклифлар илгари сурилади. Ушбу хулосалар тарихий ҳужжатлар билан ишлашда ва ватанпарварлик тарбиясини ривожлантиришда ёрдам беради.*

Abstract. *The article provides a comprehensive analysis of the historical, political-legal, and social significance of Republic Day, celebrated in the Republic of Kazakhstan on October 25. The adoption of the Declaration on State Sovereignty of the Kazakh Soviet Socialist Republic on October 25, 1990, is examined in detail as a key milestone in the formation of modern Kazakh statehood. Based on a historical-comparative methodology and the analysis of legal acts, the study highlights the core principles of the Declaration, its pivotal role in the process leading to the declaration of state independence in 1991, and the overall importance of Republic Day in strengthening historical memory, national identity, and civic responsibility. Furthermore, from a legal perspective, the paper clarifies the distinctions between the concepts of state sovereignty and full independence within the context of post-Soviet political transformations. The article concludes with practical recommendations and scientific proposals aimed at developing the educational, academic, and social potential of this national holiday within the modern education system and youth policy. These findings contribute to source-based historical research and civic education.*

Калит сўзлар: *Қозоғистон Республикаси, Республика куни, давлат суверенитети, давлат мустақиллиги, давлатчилик, тарихий хотира, миллий ўзликни англаш, ватанпарварлик, фуқаролик жамияти, миллий қадриятлар.*

Keywords: *Republic of Kazakhstan, Republic Day, state sovereignty, state independence, statehood, historical memory, national identity, patriotism, civil society, national values.*

Кириш

Ҳар бир давлатнинг тарихий тараққиётида сиёсий ва ҳуқуқий мақомини белгилаб берган муҳим воқеалар мавжуд. Бундай воқеалар давлатчиликнинг шаклланиши, миллий ўзликни англашнинг ривожланиши ва жамиятнинг келгуси тараққиёти учун асос яратиши билан аҳамиятлидир. Қозоғистон Республикаси тарихида 25 октябрь - Республика куни ана шундай муҳим саналардан бири ҳисобланади.

1990 йил 25 октябрда Қозоқ Совет Социалистик Республикаси Олий Кенгаши Давлат суверенитети тўғрисидаги декларацияни қабул қилди. Ушбу ҳужжат республика сиёсий ва ҳуқуқий мустақиллигини мустаҳкамлаш йўлидаги муҳим қадам бўлиб, кейинчалик мустақил давлатнинг шаклланиши учун замин яратди [1].

Мавзунинг долзарблиги шундаки, миллий байрамлар жамиятнинг тарихий хотирасини сақлаш билан бирга, бугунги авлоднинг давлат ва жамият олдидаги масъулиятини англашига ҳам хизмат қилади. Глобаллашув шароитида миллий тарихни холис ўрганиш, маданий меросни асраш ва халқаро ҳамкорликни ривожлантириш ўзаро боғлиқ вазифалар ҳисобланади.

Тадқиқотнинг мақсади - Республика кунининг тарихий ва сиёсий-ҳуқуқий аҳамиятини очиб бериш, унинг Қозоғистон давлатчилиги шаклланишидаги ўрнини аниқлаш ҳамда замонавий жамиятдаги маънавий-маърифий имкониятларини таҳлил қилиш.

Тадқиқот вазифалари қуйидагилардан иборат: давлат суверенитетининг тарихий шарт-шароитларини кўриб чиқиш; 1990 йилги декларациянинг мазмунини таҳлил қилиш; Республика кунининг ҳуқуқий мақомидаги ўзгаришларни ёритиш; байрамнинг тарихий хотира ва фуқаролик идентификациясидаги ўрнини баҳолаш; келгусидаги илмий-таълимий тадқиқотлар учун йўналишларни белгилаш.

Методология. Мақолада тарихийлик ва холислик тамойиллари, норматив-ҳуқуқий ҳужжатларни таҳлил қилиш, тарихий-қиёсий ва мантиқий таҳлил усулларидан фойдаланилди. Тадқиқот асосан расмий ҳуқуқий ҳужжатлар ва давлат ахборот манбаларига таянади.

1. Қозоғистон давлат суверенитетининг тарихий асослари

XX асрнинг 1980-йиллари охири ва 1990-йиллар боши Совет Иттифоқида чуқур сиёсий, иқтисодий ва ижтимоий ўзгаришлар даври бўлди. Иттифоқ маркази ва республикалар ўртасидаги муносабатлар қайта кўриб чиқилиб, республика ваколатларини кенгайтириш ва миллий манфаатларни ҳуқуқий жиҳатдан белгилаш масалалари долзарблашди.

Қозоғистонда ҳам давлат бошқаруви, миллий маданият ва тилни ривожлантириш, тарихий меросни қайта англаш ҳамда республика манфаатларини ҳимоя қилишга қаратилган жараёнлар фаоллашди. Мазкур шароитда суверенитетни ҳуқуқий жиҳатдан ифодалаш мамлакатнинг кейинги тараққиёти учун муҳим вазифага айланди.

1990 йил 25 октябрда қабул қилинган Декларация Қозоғистоннинг сиёсий-ҳуқуқий мақомини белгилашда янги босқични бошлаб берди. Расмий манбаларда ушбу ҳужжат ҳудудий яхлитлик, республика ҳокимиятининг устуворлиги, маданият ва тилларни ривожлантириш ҳамда миллий ўзликни мустаҳкамлаш каби тамойиллар билан боғлиқ муҳим тарихий ҳужжат сифатида тавсифланади [1; 2].

Шу билан бирга, давлат суверенитети ва давлат мустақиллиги тушунчаларини фарқлаш муҳим. 1990 йилги декларация мустақиллик сари олиб борган жараённинг муҳим ҳуқуқий босқичи бўлган бўлса, 1991 йил 16 декабрда қабул қилинган «Қозоғистон Республикасининг давлат мустақиллиги тўғрисида»ги Конституциявий қонун мустақил давлат мақомини расман эълон қилди ва ҳуқуқий жиҳатдан мустаҳкамлади [3]. Демак, 25 октябрь ва 16 декабрь бир-бирини тўлдирувчи, аммо тарихий мазмуни жиҳатидан фарқли саналардир.

2. Давлат суверенитети тўғрисидаги декларациянинг аҳамияти

Декларациянинг тарихий аҳамияти фақат унинг қабул қилинган санаси билан эмас, балки унда ифодаланган тамойиллар билан ҳам белгиланади. Биринчи навбатда, ҳужжат Қозоғистон ҳудудининг яхлитлиги ва дахлсизлиги масаласини давлат суверенитетининг муҳим шарти сифатида кўрсатди. Ҳудудий яхлитлик ҳар қандай давлатнинг барқарорлиги, хавфсизлиги ва мустақил сиёсат юритиш қобилияти билан узвий боғлиқ.

Иккинчи муҳим жиҳат - халқнинг давлат ҳокимияти манбаи сифатидаги ўрни. Ушбу тамойил давлат органларининг жамият олдидаги масъулияти, фуқароларнинг давлат бошқарувида иштирок этиши ва қонунийликни таъминлаш масалалари билан боғлиқ. Шу маънода, декларация кейинги давлат-ҳуқуқий ривожланиш учун муҳим сиёсий мезонларни белгилаб берди.

Учинчи жиҳат миллий маданият, тил ва анъаналарни ривожлантириш билан боғлиқ. Миллий ўзликни англашни мустаҳкамлаш тарихий меросни асрашни талаб этади, бироқ кўп миллатли

жамиятда бу жараён барча фуқароларнинг ҳуқуқ ва қадр-қимматини ҳурмат қилиш тамойили билан уйғун бўлиши лозим.

Декларацияни кейинчалик қабул қилинган мустақиллик тўғрисидаги қонун билан қиёсий ўрганиш давлатчиликнинг бир босқичда эмас, балки муайян сиёсий ва ҳуқуқий жараёнлар орқали шаклланганини кўрсатади. Шу сабабли декларацияни мустақил давлатнинг тўлиқ шаклланган ҳуқуқий тизими сифатида эмас, балки давлат мустақиллигига олиб келган муҳим тарихий ҳужжат сифатида баҳолаш тўғрироқдир.

3. Республика кунининг ҳуқуқий мақоми ва миллий байрам сифатидаги ўрни

Республика кунининг ҳуқуқий мақоми мамлакатнинг сиёсий ва тарихий тараққиёти давомида ўзгариб борди. 1990 йилги воқеадан кейин 25 октябрь миллий хотира ва давлатчилик билан боғлиқ сана сифатида эътироф этилди. Кейинчалик байрамнинг ҳуқуқий мақоми қайта кўриб чиқилди.

2022 йилда Республика кунининг миллий байрам мақоми тикланди. Қозоғистон Республикасининг 2022 йил 29 сентябрдаги қонуни билан «Қозоғистон Республикасидаги байрамлар тўғрисида»ги қонунга ўзгартишлар киритилиб, 25 октябрь миллий байрам сифатида белгиланди [4]. Расмий маълумотларда ушбу қарорнинг мазмуни 1990 йилги декларациянинг давлатчилик тарихидаги аҳамиятини қайта таъкидлаш билан боғланади [2].

Миллий байрамлар жамоавий тарихий хотирани сақлаш, тарихий билимларни авлоддан авлодга етказиш ва умумий фуқаролик қадриятларини мустаҳкамлаш вазифаларини бажаради. Республика кунининг мазмуни ҳам фақат тантанали тадбирлар билан чекланмаслиги, балки унинг тарихий асослари таълим, илм-фан ва жамоатчилик муҳокамаларида кенг ёритилиши мақсадга мувофиқ.

Байрамнинг замонавий мазмунини англаш учун уни Қозоғистон мустақиллигининг бошқа муҳим саналаридан ажратиб қўймаслик керак. 25 октябрь суверенитет ғоясининг ҳуқуқий ифодасини эслатса, 16 декабрь мустақилликнинг эълон қилиниши билан боғлиқ. Бу икки сана мамлакатнинг мустақил давлат сифатида шаклланиш жараёнини яхлит тушунишга ёрдам беради.

4. Республика кунининг замонавий ижтимоий ва таълимий аҳамияти

Бугрунги кунда Республика куни тарихий хотирани сақлаш, фуқаролик масъулиятини ривожлантириш ва ёш авлодда мамлакат тақдирига дахлдорлик ҳиссини кучайтириш учун муҳим имконият ҳисобланади. Тарихий ҳужжатларни ўрганиш орқали ёшлар давлатчиликнинг шаклланиши мураккаб жараён бўлганини ва мустақиллик сиёсий, ҳуқуқий ҳамда ижтимоий ўзгаришлар билан узвий боғлиқлигини англашлари мумкин.

Таълим муассасаларида мазкур санага бағишланган илмий конференциялар, давра суҳбатлари, манбалар таҳлили ва талабалар тадқиқотларини ташкил этиш фойдали. Бундай ёндашув тайёр маълумотни такрорлашдан кўра, тарихий далилларни мустақил таҳлил қилиш, турли ҳужжатларни қиёслаш ва асосланган хулоса чиқариш кўникмаларини ривожлантиради.

Ватанпарварликни ҳам кенг маънода тушуниш лозим. У мамлакат тарихига ҳурмат, қонунларга риоя қилиш, жамият манфаатларига масъулият билан ёндашиш, касбий фаолиятни виждонан амалга ошириш ва ижтимоий ҳаётда фаол иштирок этиш каби жиҳатларни ўз ичига олади. Шунинг учун Республика кунини нишонлаш маърифий фаолият ва фуқаролик тарбияси билан уйғунлаштирилиши мақсадга мувофиқ.

Қозоғистоннинг кўп миллатли таркиби шароитида умумфуқаролик бирлигини мустаҳкамлаш ҳам муҳим аҳамиятга эга. Миллий маданият ва тилни ривожлантириш бошқа этник гуруҳларнинг маданий меросига ҳурмат, тенг ҳуқуқлилик ва ўзаро ҳамжиҳатлик билан бирга олиб борилганда барқарор ижтимоий муҳитни мустаҳкамлайди.

Халқаро илмий мулоқот доирасида Республика куни Қозоғистоннинг давлатчилик тажрибасини, постсовет давридаги сиёсий-ҳуқуқий ўзгаришларни ва миллий идентификация жараёнларини қиёсий ўрганиш имконини беради. Бундай ёндашув мамлакат тарихини халқаро академик муҳокамага киритишга хизмат қилади.

5. Тадқиқотнинг илмий янгилиги ва амалий таклифлар

Мақоланинг илмий янгилиги Республика кунининг аҳамиятини тарихий ҳужжат, давлатчилик жараёни ва замонавий фуқаролик идентификацияси ўртасидаги боғлиқлик нуқтаи назаридан талқин қилишда кўринади. 1990 йилги декларация ва 1991 йилги мустақиллик тўғрисидаги қонунни биргаликда таҳлил қилиш суверенитет ғоясининг ҳуқуқий ифодаланиши билан мустақил давлат мақомининг эълон қилиниши ўртасидаги фарқни аниқлаш имконини беради.

Тадқиқотнинг амалий аҳамияти шундаки, унинг хулосаларидан таълим муассасаларида тарихий-маърифий тадбирларни режалаштириш, илмий муҳокамалар ташкил этиш ва ёшларни бирламчи манбалар билан ишлашга жалб қилишда фойдаланиш мумкин. Шу билан бирга, мақолада келтирилган

таклифлар эмпирик тадқиқот натижаси сифатида эмас, балки келгусида синовдан ўтказилиши мумкин бўлган илмий-амалий тавсиялар сифатида қаралиши лозим.

Келгусидаги тадқиқотлар учун қуйидаги йўналишлар таклиф этилади: 1990 ва 1991 йилларда қабул қилинган ҳужжатларнинг қиёсий таҳлили; турли авлод вакилларининг Республика куни ҳақидаги тасаввурларини ўрганиш; миллий байрамларнинг фуқаролик тарбиясидаги ўрнини баҳолаш; Қозоғистон тажрибасини бошқа давлатларнинг тарихий хотира сиёсати билан таққослаш.

Хулоса

25 октябрь - Қозоғистон Республикаси куни мамлакат давлатчилиги шаклланишининг муҳим тарихий босқичини ифодалайди. 1990 йилда Давлат суверенитети тўғрисидаги декларациянинг қабул қилиниши республика мустақиллигига олиб келган сиёсий ва ҳуқуқий жараёнларда муҳим ўрин тутди. 1991 йил 16 декабрда давлат мустақиллигининг эълон қилиниши эса ушбу жараённинг янги босқичини бошлаб берди.

Декларациянинг тарихий аҳамияти ҳудудий яхлитлик, давлат суверенитети, халқнинг давлат ҳокимияти манбаи сифатидаги ўрни ва миллий маданиятни ривожлантириш каби тамойиллар билан боғлиқ. Шу билан бирга, унинг мазмунини кейинги ҳуқуқий ҳужжатлар ва тарихий ўзгаришлар билан биргаликда таҳлил қилиш зарур.

2022 йилда Республика кунининг миллий байрам мақоми тикланиши ушбу сананинг давлатчилик тарихидаги ўрнини янада мустаҳкамлади. Бугунги кунда байрамнинг аҳамияти тарихий хотирани асраш, фуқаролик масъулиятини ривожлантириш, ёшларни ватанпарварлик руҳида тарбиялаш ва жамиятдаги ҳамжиҳатликни мустаҳкамлашда намоён бўлади.

Шундай қилиб, Республика кунини фақат тарихий сана сифатида эмас, балки давлатчилик тажрибасини англаш, миллий қадриятларни асраш ва келажак тараққиёти учун масъулиятни ҳис этишга ундайдиган муҳим ижтимоий-маънавий воқелик сифатида ўрганиш мақсадга мувофиқдир.

ФОЙДАЛАНИЛГАН АДАБИЁТЛАР

1. Қозоқ Совет Социалистик Республикасининг Давлат суверенитети тўғрисидаги декларацияси. 1990 йил 25 октябрь.
2. Қозоғистон Республикасининг «Давлат мустақиллиги тўғрисида»ги Конституциявий қонуни. 1991 йил 16 декабрь, № 1007-XII. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910004400_
3. Қозоғистон Республикасининг байрамлар тўғрисидаги қонунчилигига ўзгартишлар киритиш ҳақидаги Қонуни. 2022 йил 29 сентябрь, № 143-VII.
4. Қозоғистон Республикасининг расмий давлат ахборот ресурслари. Республика куни ва давлат суверенитети тарихига оид материаллар. URL: https://www.gov.kz/
5. Қозоғистон Республикасининг «Адилет» норматив-ҳуқуқий ҳужжатлар ахборот-ҳуқуқий тизими. URL: https://adilet.zan.kz/

УДК 378(574+575.1)
UDC 378(574+575.1)

АКАДЕМИЯЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЫҚПАЛДАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: AUEZOV UNIVERSITY ТӘЖІРИБЕСІ

ACADEMIC DIPLOMACY AS AN INSTRUMENT OF HIGHER EDUCATION INTEGRATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: THE EXPERIENCE OF AUEZOV UNIVERSITY

Хасенова Л. А.
Khassenova L. A.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
laura_ok_uko@mail.ru

Аңдатпа. *Мақалада академиялық дипломатия М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылы мысалында жоғары білім беру саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытудың практикалық тетігі ретінде қарастырылады. Университеттің институционалдық материалдары мен ресми ашық дереккөздер негізінде бірлескен білім беру бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, Шыршық қаласындағы университет филиалының қызметі және халықаралық бастамаларды дипломатиялық қолдаудың рөлі талданады. Зерттеу нәтижелері әріптестіктің жекелеген университетаралық байланыстардан білім беру бағдарламаларын, институционалдық қатысуды және гуманитарлық байланыстарды біріктіретін көпдеңгейлі модельге өтіп жатқанын көрсетеді. Ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін оқу нәтижелерін үйлестіру, өзара академиялық ұтқырлықты кеңейту, қолданбалы зерттеулер жүргізу және әріптестіктің нақты нәтижелерін бағалау бағыттары ұсынылады.*

Abstract. *The article examines academic diplomacy as a practical instrument for developing bilateral cooperation in higher education, using the partnership between M. Auezov South Kazakhstan Research University and universities in Uzbekistan as a case study. Based on institutional materials and official public sources, it analyzes joint degree-related educational programmes, academic mobility, the university branch in Chirchiq, and diplomatic support for international initiatives. The findings indicate a transition from individual inter-university contacts towards a multi-level cooperation model combining academic programmes, institutional presence, and humanitarian ties. The article proposes aligning learning outcomes, expanding reciprocal mobility, developing applied research, and introducing outcome-based partnership evaluation.*

Түйін сөздер: *академиялық дипломатия; жоғары білім беруді интернационалдандыру; Қазақстан; Өзбекстан; академиялық ұтқырлық; бірлескен білім беру бағдарламалары; трансшекаралық ынтымақтастық; Auezov University.*

Keywords: *academic diplomacy; internationalization of higher education; Kazakhstan; Uzbekistan; academic mobility; joint educational programmes; cross-border cooperation.*

Кіріспе

Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастығы Орталық Азияның біртұтас білім беру, ғылыми және экономикалық кеңістік ретінде дамуы жағдайында ерекше мәнге ие болып отыр. Мәдени және тарихи дәстүрлердің жақындығы, мемлекетаралық байланыстардың қарқындылығы, білікті кадрларға деген сұраныс пен академиялық ұтқырлықтың кеңеюі жекелеген келісімдерден университеттер арасындағы орнықты әріптестік нысандарына көшуге қолайлы жағдай жасайды.

Бұл үдерістің саяси-құқықтық негізін Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық қатынастар құрайды. 2022 жылғы 22 желтоқсанда жасалып, 2024 жылғы 30 мамырда күшіне енген Одақтастық қатынастар туралы шарт ынтымақтастықтың кең ауқымды негізін қалыптастырады [1]. Жоғары білім беру саласындағы өзара іс-қимылдың нақты тетіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 971 қаулысымен мақұлданған үкіметаралық келісім жобасында да көрініс тапқан. Онда білім алушылар мен оқытушылар алмасуы, ғылыми ынтымақтастық, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу нәтижелерін тану мәселелері бойынша өзара іс-қимыл көзделген [2].

Университеттер үшін бұл саяси негіздің практикалық маңызы зор. Халықаралық ынтымақтастықтың нәтижелілігі қол қойылған құжаттардың санымен ғана емес, іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларымен, студенттер мен оқытушылардың академиялық алмасуымен, бірлескен

зерттеулермен және институционалдық инфрақұрылымның қалыптасуымен айқындалады. Мемлекеттер арасындағы сенім мен ұзақ мерзімді байланыстарды нығайту құралы ретіндегі академиялық дипломатияның әлеуеті де осында.

Зерттеудің мақсаты мен әдіснамасы

Мақаланың мақсаты - Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы академиялық дипломатияның рөлін айқындау, сондай-ақ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің (Auezov University) Өзбекстан жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылының нәтижелері мен келешегін көрсету.

Зерттеу институционалдық кейсті талдау тәсілі негізінде жүргізілді. Сипаттамалық және салыстырмалы талдау, әріптестік тәжірибелерін жүйелеу, ресми құжаттарды зерделеу әдістері қолданылды. Эмпирикалық негіз ретінде автордың Auezov University халықаралық қызметі жөніндегі баяндамасының материалдары, Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы университеттің ішкі анықтамасы, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанның ресми мемлекеттік ақпарат көздеріндегі жарияланымдар пайдаланылды [3-7]. Келтірілген көрсеткіштер 2026 жылы материалдар әзірленген кездегі институционалдық тәжірибені сипаттайды. Түлектердің жеке кәсіби және білім беру траекториялары туралы бірыңғай деректер жиынтығы болмағандықтан, ұзақ мерзімді әсерлерді бағалау себеп-салдарлық статистикалық тұжырымға емес, аналитикалық пайымдауға негізделеді.

Университетті интернационалдандыру жүйесіндегі академиялық дипломатия

Осы мақалада академиялық дипломатия білім беру және ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған университеттердің, мемлекеттік басқару органдарының, дипломатиялық өкілдіктердің және қоғамдық әріптестердің тұрақты байланыстары мен бірлескен іс-қимылдарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Ресми халықаралық қатысудан айырмашылығы, академиялық дипломатия нақты нәтижелерге: білім беру бағдарламаларын ашуға, білім алушылар алмасуына, білім беру стандарттарын үйлестіруге және ортақ алаңдар құруға бағдарланады.

Бұл тәсілдің теориялық негізін Дж. Найт ұсынған интернационалдандыруды институционалдық және ұлттық деңгейлерді қамтитын үдеріс ретінде түсіндіру құрайды [8]. Х. де Вит пен Ф. Хантердің еңбектерінде халықаралық белсенділіктің сандық көрсеткіштерінен халықаралық білім беру тәжірибесінің мазмұны мен сапасын бағалауға көшудің қажеттілігі атап көрсетіледі [9]. Біліктіліктер мен оқу кезеңдерін танудың халықаралық күн тәртібі ЮНЕСКО-ның 2019 жылғы Жаһандық конвенциясында да көрініс тапқан [10]. Бұл мақалада аталған конвенция оның шарттық міндеттемелері ынтымақтастықтың нақты қатысушыларына қолданылады деген тұжырым жасалмай, жалпы халықаралық бағдар ретінде қарастырылады.

Auezov University үшін интернационалдандыру институционалдық дамудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Ұсынылған материалдарға сәйкес, университет құрамында 13 факультет пен жоғары мектеп бар, 315 білім беру бағдарламасы іске асырылады, оның 35-і ағылшын тілінде жүргізіледі. Білім алушылар контингенті 22 мың адамнан асады, шетелдік студенттердің үлесі 9 %-дан жоғары. Университеттің шетелдік ұйымдармен 200-ден астам келісімі бар және халықаралық әріптестермен 31 қос дипломды бағдарлама жүзеге асырылады [6]. Бұл деректер, соның ішінде Өзбекстанмен ынтымақтастықты дамытуға негіз болатын институционалдық ресурстарды сипаттайды.

Интернационалдандырудың тағы бір маңызды қыры академиялық ұтқырлықпен байланысты. Егер 2018 жылы университеттің шамамен 70 студенті шетелге оқуға шықса, ұсынылған мәліметтер бойынша 2026 жылға қарай бұл көрсеткіш 500 адамнан асқан [6]. Академиялық ұтқырлыққа университет тарапынан көрсетілетін қаржылық қолдау маңызды ұйымдастырушылық фактор болып саналады. Сонымен бірге алмасудың тиімділігін бағалауда сандық көрсеткіштермен қатар меңгерілген пәндердің сапасы, академиялық кредиттердің танылуы және студенттердің кейінгі білім алу нәтижелері шешуші рөл атқарады.

Erasmus+ халықаралық бағдарламалары, тілдік даярлық орталықтары және TOEFL тестілеуінің сертификатталған орталығы осы жүйені толықтырып, алмасуға қатысушылардың тілдік және ұйымдастырушылық дайындығын қамтамасыз етеді [6]. Өзбекстанмен ынтымақтастық аясында бұл құралдардың маңызы ең алдымен академиялық ұтқырлықты дайындау мен сүйемелдеудің университет тәжірибесінде сыналған тетіктері болуында.

Қазақстан-Өзбекстан әріптестігі: бірлескен білім беру бағдарламалары

Екіжақты ынтымақтастықтың нақты нәтижелерінің бірі - білім беру бағдарламаларын бірлесіп іске асыру. Университеттің ішкі мәліметтеріне сәйкес, Өзбекстанның бес жоғары оқу орнымен магистратура деңгейінде он білім беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық жүзеге асырылады [7]. Олар 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Auezov University мен Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындары арасындағы бірлескен білім беру бағдарламалары

Әріптес университет	Білім беру бағдарламалары (магистратура)
Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті	7М02208 «Дүниежүзі тарихы» 7М05321 «Қолданбалы химия»
Бұхара мемлекеттік университеті	7М01313 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
Наманган мемлекеттік университеті	7М02220 «Тарих» 7М05110 «Биология» 7М05123 «Биотехнология» 7М01430 «Бейнелеу өнері және сызу» 7М05410 «Математика»
Ферғана мемлекеттік университеті	7М01411 «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық»
«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университеті	7М07331 «Инженерлік технологиялар және сумен жабдықтау жүйелерін басқару»

Дереккөз: автор Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық туралы университеттің ішкі анықтамасы негізінде құрастырған [7].

Ұсынылған әріптестік құрылымы ынтымақтастықтың пәндік ауқымының кеңдігін көрсетеді: гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар, жаратылыстану бағытындағы даярлық, биотехнология, математика және инженерлік технологиялар. Сумен жабдықтау мен қолданбалы химияға байланысты бағыттардың болуы ерекше маңызды. Олар өңірдегі ресурстарды орнықты пайдалану және технологиялық даму мәселелеріне арналған трансшекаралық ғылыми-қолданбалы бастамаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Алайда бұл болашақ жұмыс бағыты ретінде қарастырылып отыр, қазірдің өзінде бірлескен зерттеу жобалары іске асырылды дегенді білдірмейді.

Әртүрлі бағыттар бойынша мамандар даярлаудың ұштасуы бұл ынтымақтастықты бір-бірінен бөлек байланыстардың жиынтығы емес, көпсалалы білім беру ықпалдастығының негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оны одан әрі институционалдандыру оқу жоспарларын, өлшенетін оқу нәтижелерін, академиялық кредиттерді тану тәртібін және білім туралы құжаттарды алудың ашық шарттарын келісуді талап етеді. Мұндай жұмыс екі елдің ұлттық білім беру жүйесінде қатар жүзеге асырылатын бағдарламалар үшін ерекше өзекті.

Академиялық ұтқырлық және әріптестік желіні кеңейту

Бірлескен бағдарламалармен қатар университет қысқа мерзімді және семестрлік академиялық ұтқырлықты дамытып келеді. Анықтамалық материалдарға сәйкес, Auezov University студенттері Ташкент химия-технология институтында білім алып, жекелеген пәндер мен модульдерді меңгереді. Одан кейін олардың оқу нәтижелері мен академиялық кредиттері танылып, қайта есептеледі [7]. Бұл академиялық ұтқырлықтың маңызды практикалық шарты: шетелдік жоғары оқу орнында оқу студенттің негізгі оқу жоспарынан тыс қосымша жүктемеге айналмай, оның білім алу траекториясының құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Әріптестік байланыстар Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университетімен, Ташкент мемлекеттік көлік университетімен, Жизақ мемлекеттік педагогикалық университетімен, Ферғана мемлекеттік техникалық университетімен, Шыршық мемлекеттік педагогикалық институтымен, Ташкент фармацевтика институтымен және басқа да ұйымдармен дамып келеді [7]. Бұл байланыстар академиялық алмасуды салалық бағыттар бойынша мамандандыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, тілдік даярлық, инженерлік-көлік, педагогика және фармацевтика салалары қабылдаушы университеттің бейініне сай ынтымақтастық орнатуға жағдай жасайды.

Сонымен бірге келісімнің немесе байланыстың болуы өздігінен тұрақты академиялық ұтқырлықтың қалыптасқанын білдірмейді. Жүйелі тәжірибеге көшу үшін оқу мерзімдерін, оқыту тілін, академиялық талаптарды, пәндер тізбесін, оқу нәтижелерін есепке алу тәртібін, кеңес беру тетіктерін және қаржылық қолдаудың қолжетімділігін алдын ала анықтау қажет. Бағалау көрсеткіштері ретінде нақты жүзеге асқан алмасулар санын, танылған кредиттердің үлесін, қатысушылардың қанағаттану деңгейін және алмасудан кейін ынтымақтастықтың жалғасуын пайдаланған орынды.

Шыршық қаласындағы Auezov University филиалы трансшекаралық ықпалдастық құралы ретінде

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықта Auezov University-дің Шыршық қаласындағы филиалы ерекше орын алады. Оның ресми ашылуы 2024 жылы Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің қатысуымен жүзеге асырылған екіжақты бастамалар шеңберінде өтті. Сол уақытта Алматыда «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетінің филиалын ашу да таныстырылды [4]. Мұндай өзара негіздегі формат академиялық алмасудан көрші елдің аумағында университеттердің институционалдық қатысуына көшуді айқын көрсетеді.

Ресми ақпаратқа сәйкес, Шыршық қаласындағы филиал іске қосылған кезеңде 18 білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау жариялады [4]. Жоспарланған даярлық бағыттарына инженерлік және цифрлық технологиялар, экономика, құқық, биотехнология, экология және өндірістік-технологиялық мамандықтар кірді [5]. Өнеркәсіп орталығы саналатын Шыршық үшін мұндай бейіннің маңызы ерекше: жоғары білім беру жүйесі өңірлік еңбек нарығы мен кәсіпорындардың сұранысына неғұрлым тығыз бейімделе алады. Дегенмен студенттердің нақты қамтылуы, түлектердің жұмысқа орналасуы және жекелеген бағдарламалардың тиімділігі дербес мониторингті қажет етеді. Салыстыруға болатын ашық статистика болмағандықтан, бұл көрсеткіштер осы зерттеуде бағаланбайды.

Филиалды тек қазақстандық университеттің аумақтық құрылымдық бөлімшесі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол университеттер арасындағы коммуникацияны дамытуға, бірлескен ғылыми-білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға, әдістемелік тәжірибе алмасуға және мәдениетаралық диалогты нығайтуға арналған алаң бола алады. Бұл тұрғыда студенттермен тікелей жұмыс жүргізудің маңызы зор. Олардың академиялық ортаға араласуы, кәсіби құзыреттерін қалыптастыруы, Қазақстан мен Өзбекстанның білім беру дәстүрлерімен танысуы тұрақты гуманитарлық байланыстардың орнығуына ықпал етеді.

Филиал төңірегінде қалыптасқан ынтымақтастық тәжірибесі университеттің рөлі тек білім беру қызметін көрсетумен шектелмейтінін аңғартады. Мамандар даярлау, жергілікті басқару органдарымен, кәсіпорындармен және жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл арқылы ол өңірлік білім беру экожүйесін дамытуға үлес қоса алады. Бұл әлеуеттің іске асу деңгейі оқыту сапасы, бірлескен жобалар, жұмыс берушілердің қатысуы және түлектердің кәсіби траекториялары сияқты расталған нәтижелер негізінде бағалануы тиіс.

Дипломатиялық қолдау мен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың рөлі

Академиялық дипломатия университеттің, дипломатиялық өкілдіктердің және салалық мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын көздейді. 2024 жылғы ақпанда Қазақстанның Өзбекстандағы Елшісі мен Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрі кездесуінде екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды. Тараптар университеттердің тікелей өзара іс-қимылы мен қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың маңызын атап өтті [3]. 2024 жылғы наурызда Шыршықта филиал ашуға дайындық жұмыстары Өзбекстанның бейінді министрлігі басшылығының, қазақстандық дипломатиялық өкілдік пен жергілікті билік органдарының қатысуымен қаралды [5].

Бұл мысалдар ынтымақтастықтың дипломатиялық және университеттік деңгейлері бірін-бірі толықтыратынын көрсетеді. Дипломатиялық қолдау институционалдық жағдайларды қалыптастыруға және диалогты жалғастыруға көмектеседі, ал университет білім беру бағдарламаларының мазмұнына, даярлық сапасына және уағдаластықтардың нақты орындалуына жауап береді. Осы екі деңгейдің үйлесімділігі, әсіресе филиалдар құру мен ұзақ мерзімді білім беру жобаларын іске қосу кезінде, бірлескен бастамалардың орнықтылығын арттырады.

Мәдени-ағартушылық іс-шаралардың да ықпалдастықты дамыту әлеуеті бар. Олар академиялық байланыстарды көрші елдің тілімен, дәстүрлерімен және мәдени мұрасымен танысу арқылы толықтырады. Дегенмен мұндай іс-шаралардың нәтижелілігін өткізілген салтанаттардың санымен емес, студенттер мен оқытушылардың қатысу деңгейімен, жаңа білім беру байланыстарының пайда болуымен және мәдениетаралық бастамалардың жалғасуымен бағалаған жөн.

Даму перспективалары және практикалық ұсынымдар

Қарастырылған кейсті талдау Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың бірнеше басым бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Ең алдымен халықаралық қызметті негізінен жасалған келісімдер саны бойынша бағалаудан оның мазмұндық нәтижелерін бағалауға көшу қажет. Әрбір бағдарлама мен әріптестік үшін қатысушылар саны, аяқталған оқу модульдері, танылған

кредиттер, бірлескен жарияланымдар, тағылымдамалар және жұмысқа орналасу нәтижелері сияқты нақты көрсеткіштер белгіленгені орынды.

Екінші басымдық - студенттердің, магистранттардың және профессор-оқытушылар құрамының өзара академиялық ұтқырлығын дамыту. Мұндағы маңызды шарт - бағдарламалардың академиялық мазмұнын алдын ала үйлестіру. Бұл оқу нәтижелерінің толық танылмай қалу тәуекелін азайтады. Университеттердің құзыреттері бірін-бірі толықтыратын бағыттарда бірлескен жазғы мектептер мен қарқынды білім беру модульдері қосымша нәтиже бере алады.

Үшінші басымдық - ынтымақтастықтың зерттеу құрамдасын кеңейту. Биотехнология, қолданбалы химия, математика және сумен жабдықтау технологиялары бойынша әріптестік бағдарламалардың болуы бірлескен жобалық өтінімдер, ғылыми семинарлар мен зертханалық тағылымдамалар әзірлеуге негіз болады. Мұндай жобалардың тақырыптары ғылыми ұжымдардың, кәсіпорындардың және өңірлік даму органдарының нақтыланған сұраныстарын ескере отырып айқындалуы тиіс.

Төртінші басымдық Шыршық қаласындағы филиалмен байланысты. Болашақта ол бірлескен білім беру бастамаларын, тілдік даярлықты, кәсіби бағдар беру жұмысын және жұмыс берушілермен байланыстарды үйлестіретін алаңға айнала алады. Ол үшін студенттерден жүйелі түрде кері байланыс алу, білім сапасын ішкі қамтамасыз ету және өзбекстандық әріптестермен іс-шараларды келісіп жоспарлау тетіктері қажет.

Соңында, академиялық дипломатияны тұрақты негізде дамыту ерекше маңызға ие. Шетелдік университеттермен, салалық министрліктермен және дипломатиялық өкілдіктермен жүйелі консультациялар өткізу жоғары оқу орындарының дербес академиялық жауапкершілігін алмастырмай, ұйымдастырушылық мәселелерді шешуге жәрдемдесе алады. Ынтымақтастықтың тиімді моделі тең құқықтылық, өзара тиімділік, рәсімдердің ашықтығы және ұлттық білім беру жүйелеріне құрмет қағидаттарына негізделуі тиіс.

Қорытынды

Auezov University тәжірибесі Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастығы өзара байланысты бірнеше бағытта дамып отырғанын көрсетеді. Оларға бірлескен білім беру бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, әріптестер желісін кеңейту және Шыршық қаласындағы университет филиалы түрінде трансшекаралық білім беру инфрақұрылымын қалыптастыру жатады. Бұл бағыттар бірін-бірі толықтырып, тұрақты академиялық өзара іс-қимылдың негізін қалайды.

Қарастырылған тәжірибенің ең маңызды нәтижесі - декларативті университетаралық әріптестіктен ынтымақтастықтың нақты тетіктеріне көшу. Сонымен қатар алдағы даму бағдарламалар нәтижелерін дәлірек есепке алуды, қос дипломды білім беру модельдерінің ашықтығын арттыруды, академиялық кредиттерді жүйелі түрде тануды және бірлескен ғылыми қызметті кеңейтуді талап етеді. Мұндай жағдайда академиялық дипломатия дербес мақсат емес, сенім қалыптастырудың, мүдделерді үйлестірудің және екі елдің ортақ даму әлеуетін нығайтудың құралы ретінде көрінеді.

Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы байланыстарды нығайту - Орталық Азияда мамандар даярлауға, адами капиталды дамытуға және тату көршілік қатынастарды тереңдетуге қосылатын ұзақ мерзімді үлес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт (Ташкент, 2022 жылғы 22 желтоқсан; 2024 жылғы 30 мамырда күшіне енді) // Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. URL: https://www.gov.kz/org/mfa/press/article/details/171373 (қаралған күні: 25.10.2026).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 971 «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы» қаулысы (келісім жобасын мақұлдау) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000971 (қаралған күні: 25.10.2026).

3. Қазақстан мен Өзбекстан жоғары білім және ғылым саласындағы практикалық өзара іс-қимылды нығайтуда // Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. 22.02.2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/17994?lang=ru (қаралған күні: 25.10.2026).

4. Шыршықтағы (Өзбекстан) Auezov University филиалы өз жұмысын бастады // Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі. 16.08.2024. URL: https://ortcom.kz/ru/novosti/1723787645 (қаралған күні: 25.10.2026).

5. Министр Ташкент облысында ашылуы жоспарланған шетелдік университет филиалында жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты // Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі. 09.03.2024. URL: https://gov.uz/ru/edu/news/view/7204 (қаралған күні: 25.10.2026).

6. Хасенова Л. А. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің халықаралық қызметі туралы баяндама (Шыршық, 2026 жылғы қазан). Автордың ішкі жұмыс материалы. Жарияланбаған.

7. Академиялық ұтқырлық және қос дипломды білім беру шеңберінде Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық туралы анықтама. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің институционалдық материалы, 2026 жыл. Жарияланбаған.

8. Knight J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales // Journal of Studies in International Education. 2004. Vol. 8, no. 1. P. 5-31. DOI: 10.1177/1028315303260832.

9. de Wit H., Hunter F. The Future of Internationalization of Higher Education in Europe // International Higher Education. 2015. No. 83. P. 2-3. DOI: 10.6017/ihe.2015.83.9073.

10. ЮНЕСКО. Жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы жаһандық конвенция (Париж, 2019 жылғы 25 қараша). URL: https://www.unesco.org/en/legal-affairs/global-convention-recognition-qualifications-concerning-higher-education (қаралған күні: 25.10.2026).

УДК 001.83(100):378
UDC 001.83(100):378

ОЛМАЛИҚ ДАВЛАТ ТЕХНИКА ИНСТИТУТИ ВА М.АУЕЗОВ НОМИДАГИ ЖАНУБИЙ ҚОЗОҒИСТОН УНИВЕРСИТЕТИ ЎРТАСИДА ИЛМИЙ ҲАМКОРЛИКНИ РИВОЖЛАНТИРИШ ИСТИҚБОЛЛАРИ

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENTIFIC COOPERATION BETWEEN ALMALYK STATE TECHNICAL INSTITUTE AND M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

А.М.Хурмаматов[2], Г.З.Турабекова[1], Д.Х.Мирхамитова[2], Б.Б.Куйбаков[2], А.Ж Мелсова[1].
A. M. Khurmamatov[2], G. Z. Turabekova[1], D. Kh. Mirkhamitova[2], B. B. Kuybakov[2], A. Zh. Melsova[1].
[1]М.Ауезов номидаги Жанубий-Қозоғистон университети, Шимкент ш., Қозоғистон
[2]Олмалиқ давлат техника институти, Олмалиқ ш., Ўзбекистон
[1] M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
[2] Almalyk State Technical Institute, Almalyk, Uzbekistan

Аннотация. *Мақолада Олмалиқ давлат техника институтининг «Кимё муҳандислиги» кафедраси профессор-ўқитувчилари ҳамда М.Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университетининг «Ноорганик моддалар технологияси ва нефткимёвий ишлаб чиқариш» кафедраси ўртасида йўлга қўйилган илмий ҳамкорликнинг асосий йўналишлари, амалий аҳамияти ва ривожланиш истиқболлари ёритилган. Илмий ҳамкорлик доирасида биргаликда илмий кадрлар тайёрлаш, халқаро илмий журналларда, жумладан, Scopus маълумотлар базасида индексланадиган нашрларда мақолалар чоп этиш, профессор-ўқитувчиларнинг малака ва тажриба алмашинувини ташкил қилиш ҳамда илмий конференциялар ўтказиш масалалари таҳлил қилинган. Шунингдек, нефть чиқиндиларини қайта ишлаш ва улардан иккиламчи маҳсулотлар олиш технологиясини ишлаб чиқишга қаратилган илмий тадқиқотларнинг назарий ва амалий жиҳатлари кўриб чиқилган.*

Abstract. *The article highlights the main directions, practical significance, and development prospects of scientific cooperation established between the faculty of the "Chemical Engineering" department of the Almalyk State Technical Institute and the "Technology of Inorganic Substances and Petrochemical Production" department of the M.Auezov South Kazakhstan University. Within the framework of scientific cooperation, issues of joint training of scientific personnel, publication of articles in international scientific journals, including those indexed in the Scopus database, organization of exchange of qualifications and experience of professors and teachers, as well as holding scientific conferences were analyzed. The theoretical and practical aspects of scientific research aimed at developing technologies for processing oil waste and obtaining secondary products from it are also examined.*

Калит сўзлар: *халқаро илмий ҳамкорлик, кимё муҳандислиги, илмий кадрлар тайёрлаш, нефть чиқиндилари, нефтехимия, иккиламчи маҳсулотлар, углеводородларни ажратиб олиш, қайта ишлаш технологияси, ресурс тежамкорлик, экологик хавфсизлик, Scopus, инновацион технологиялар.*

Keywords: *international scientific cooperation, chemical engineering, training of scientific personnel, oil waste, petrochemistry, secondary products, hydrocarbon extraction, processing technology, resource conservation, environmental safety, Scopus, innovative technologies.*

Кириш. Ҳозирги даврда саноат корхоналари фаолиятининг самарадорлигини ошириш, табиий ресурслардан оқилона фойдаланиш, ишлаб чиқариш жараёнида ҳосил бўладиган чиқиндилар ҳажмини камайтириш ва экологик хавфсиз технологияларни жорий этиш долзарб илмий-техник вазифалардан бири ҳисобланади. Айниқса, кимё, нефть-газ ва нефтехимия саноатида ҳосил бўладиган чиқиндиларни қайта ишлаш орқали улар таркибидаги фойдали компонентларни ажратиб олиш, иккиламчи хомашё ресурсларини шакллантириш ҳамда атроф-муҳитга салбий таъсирни камайтириш муҳим аҳамиятга эга.

Бундай чиқиндиларни назоратсиз сақлаш ёки белгиланган талабларга риоя қилмасдан йўқ қилиш тупроқ ва сув ресурсларининг ифлосланиши, углеводородларнинг атроф-муҳитга тарқалиши ҳамда қимматли моддий ресурсларнинг йўқотилишига сабаб бўлиши мумкин. Шу билан бирга, нефть чиқиндиларининг таркибидаги фойдали углеводородларни ажратиб олиш ва уларни қайта ишлаб, саноатда фойдаланиш мумкин бўлган маҳсулотларга айлантириш имкониятлари мавжуд [1–3].

Нефть чиқиндиларини қайта ишлашга оид замонавий тадқиқотларда механик ажратиш, центрифугалаш, эритувчилар ёрдамида экстракциялаш, термик қайта ишлаш, кимёвий ишлов бериш ва биологик тозалаш каби усуллар ўрганилмоқда. Ҳар бир усулнинг самарадорлиги чиқиндининг таркиби, намлиги, қовушқоқлиги, углеводородлар миқдори, энергия сарфи ва технологик шароитларга боғлиқ. Шу сабабли муайян турдаги нефть чиқиндиси учун мақбул технологияни танлашда комплекс ёндашув талаб этилади [1, 2].

Мазкур йўналишдаги тадқиқотларнинг самарадорлигини оширишда олий таълим муассасалари ўртасидаги илмий ҳамкорлик муҳим ўрин тутади. Турли университетларда фаолият юритаётган олимларнинг назарий билимлари, лаборатория имкониятлари, тажрибалари ва илмий-методик ёндашувларини бирлаштириш мураккаб технологик муаммоларни ҳал этишга ёрдам беради. Шунингдек, халқаро ҳамкорлик ёш тадқиқотчиларнинг илмий салоҳиятини ошириш, замонавий тадқиқот усулларини ўзлаштириш ва илмий натижаларни халқаро миқёсда тақдим этиш имкониятларини кенгайтиради.

Олмалиқ давлат техника институтининг «Кимё муҳандислиги» кафедраси профессор-ўқитувчилари ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университетининг «Ноорганик моддалар технологияси ва нефткимёвий ишлаб чиқариш» кафедраси ўртасида йўлга қўйилган илмий ҳамкорлик ана шу мақсадларга хизмат қилади. Ҳамкорликнинг муҳим йўналишларидан бири нефть чиқиндиларини қайта ишлаш ва улардан иккиламчи маҳсулотлар олиш технологияларини ишлаб чиқиш, экология ва кимёвий технология жараёнлари ва қурилмалари бўйича илмий тадқиқотларни ривожлантиришдан иборат. Олмалиқ давлат техника институти профессори А.М.Хурмаматов ва Жанубий Қозоғистон университетининг профессори Г.З.Турабековалар М.Ауезов номидаги университетнинг биринчи курс аспиранти А.Ж.Мелсовага «Нефть чиқиндиларини қайта ишлаб улардан иккиламчи маҳсулотлар олиш технологиясини ишлаб чиқиш» мавзусидаги илмий иш бўйича раҳбарлик қилишлари ушбу ҳамкорликнинг амалий аҳамиятини намоён этади. Мазкур мақоланинг долзарблиги университетлараро илмий ҳамкорликни технологик муаммоларни ҳал этиш, илмий кадрлар тайёрлаш ва экологик жиҳатдан мақбул ишлаб чиқариш технологияларини ривожлантириш билан узвий боғлиқ ҳолда таҳлил қилиш зарурати билан белгиланади.

Шу билан бир қаторда Ўзбекистондаги саноатдаги йирик корхоналардан бири ОТМК даги муаммолар ўрганилиб, ундаги кон-металлургия ва транспорт тармоқлари ва бошқа бўлимларда катта ҳажмда ишлатилган мой тўпланиши аниқланди, уларнинг асосий қисми эса ҳозирча утилизация қилинмоқда. Ушбу илмий изланишларни олиб бориш учун ўқув даргохларнинг ва ОТМК марказий лабораторисининг тажриба-лаборатория базасидан биргаликда фойдаланиб ишлатилган мойларнинг физико-кимевий хоссалари ОДТИ профессори А.М.Хурмаматов, доцент Б.Б.Куйбаков ва Жанубий Қозоғистон университетининг профессори Г.З.Турабековалар томонидан ишлатилган мойларни регенерация қилиш мақсадида ўрганилди.

Хамкорликдан мақсад. Олмалиқ давлат техника институти ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университети ўртасидаги илмий ҳамкорликнинг асосий йўналишларини ёритиш, нефть чиқиндиларини қайта ишлаш бўйича илмий тадқиқотларнинг истиқболларини таҳлил қилиш ҳамда иккиламчи маҳсулотлар олиш технологиясини ишлаб чиқишнинг илмий-амалий асосларини белгилашдан иборат.

Ушбу мақсадга эришиш учун:

- университетлараро илмий ҳамкорликнинг мазмуни ва аҳамиятини очиб бериш;
- биргаликда илмий кадрлар тайёрлаш ва ёш тадқиқотчиларни қўллаб-қувватлаш имкониятларини кўриб чиқиш;
- нефть чиқиндиларининг асосий хусусиятлари ва уларни қайта ишлаш заруратини таҳлил қилиш;
- нефть чиқиндиларидан фойдали углеводородлар ва бошқа иккиламчи маҳсулотлар олиш усулларини таққослаш;
- чиқиндиларни қайта ишлаш технологиясини ишлаб чиқишда лаборатория тадқиқотларининг ўрнини белгилаш;
- илмий мақолалар тайёрлаш, халқаро конференциялар ташкил этиш ва малака алмашинувини ривожлантириш бўйича таклифларни ишлаб чиқиш амалга оширилади.

Ҳамкорликнинг асосий йўналишлари. Замонавий кимё муҳандислиги ва нефткимё соҳаларида юқори малакали илмий кадрлар тайёрлаш назарий билимларни амалий тадқиқотлар билан уйғунлаштиришни талаб қилади. Айниқса, саноат чиқиндиларини қайта ишлаш, ресурсларни қайта тиклаш ва экологик хавфсиз технологияларни ишлаб чиқиш каби кўп тармоқли масалаларни ҳал этишда турли илмий мактаблар тажрибасидан фойдаланиш муҳим аҳамиятга эга. Олмалиқ давлат техника институти ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университети ўртасидаги ҳамкорлик доирасида ёш тадқиқотчиларнинг илмий фаолиятини мувофиқлаштириш, уларнинг тадқиқот мавзуларини такомиллаштириш ва замонавий экспериментал усулларни ўзлаштиришини қўллаб-қувватлаш имконияти мавжуд. Илмий раҳбарлик жараёнида тадқиқот мавзусининг долзарблигини асослаш, илмий адабиётларни тизимли ўрганиш, тадқиқот мақсади ва вазифаларини белгилаш, тажриба режасини ишлаб чиқиш ҳамда олинган натижаларни илмий жиҳатдан талқин қилишга алоҳида эътибор қаратилади. Биргаликда илмий кадрлар тайёрлаш қуйидаги вазифаларни амалга оширишга ёрдам беради:

- тадқиқотчиларнинг илмий-методик салоҳиятини ошириш;
- замонавий таҳлил усуллари ва лаборатория ускуналаридан фойдаланиш кўникмаларини ривожлантириш;
- илмий муаммоларни ҳал этишда мустақил ва танқидий фикрлашни шакллантириш;
- халқаро илмий мулоқот ва академик ёзиш кўникмаларини ривожлантириш;
- илмий натижаларни халқаро журналлар ва конференцияларда тақдим этишга тайёрлаш.

Шу тариқа, илмий ҳамкорлик нафақат алоҳида тадқиқотчининг малакасини ошириш, балки ҳар икки олий таълим муассасасида илмий муҳитни мустаҳкамлаш учун ҳам муҳим имконият яратади.

Scopus журналларида мақолалар тайёрлаш. Халқаро илмий журналларда мақолалар чоп этиш тадқиқот натижаларини кенг илмий жамоатчиликка етказиш, уларнинг илмий муҳокамасини таъминлаш ва янги ҳамкорлик алоқаларини ривожлантиришнинг муҳим воситасидир. Scopus маълумотлар базасида индексланадиган журналларда мақола нашр этиш учун тадқиқотнинг илмий янгилиги, методологиянинг асосланганлиги, натижаларнинг ишончлилиги ва халқаро илмий адабиётлар билан боғлиқлиги муҳим ҳисобланади. Бундай нашрларга тайёргарлик жараёнида фақат мақолалар сонига эмас, балки уларнинг илмий сифати ва тадқиқот натижаларининг такрор текширилиши мумкинлигига эътибор қаратиш зарур. Олмалиқ давлат техника институти ва Жанубий Қозоғистон университети ҳамкорлигида нефть чиқиндиларини қайта ишлашга оид қуйидаги мавзуларда қўшма илмий мақолалар тайёрлаш истиқболли ҳисобланади:

- нефть чиқиндиларининг физик-кимёвий таркиби ва қайта ишлашга яроқлилигини баҳолаш;
- углеводородларни ажратиб олишнинг физик ва кимёвий усулларини қиёсий ўрганиш;
- экстракция жараёнига ҳарорат, вақт ва эритувчи турининг таъсирини аниқлаш;
- қайта ишлаш жараёнида сув ва қаттиқ қолдиқларни ажратиш самарадорлигини баҳолаш;
- иккиламчи маҳсулотларнинг сифат кўрсаткичларини ўрганиш;
- ишлаб чиқариш корхоналаридан чиқаётган чиқиндиларни атроф-муҳитга таъсирини камайтириш;
- корхоналарни жараён ва қурилмаларни оптимал режим-конструктив кўрсатгичларини ҳисоблаш;
- технологик жараённинг иқтисодий ва экологик самарадорлигини таҳлил қилиш.

Мақолаларни тайёрлашда тадқиқот вазифаларини муаллифлар ўртасида тақсимлаш, тажрибаларни мувофиқлаштириш, маълумотларни биргаликда таҳлил қилиш ва ҳар бир муаллифнинг ҳақиқий илмий ҳиссасини тўғри акс эттириш талаб этилади. Шу билан бирга, журналнинг Scopus маълумотлар базасидаги жорий мақоми, мақола мавзусига мослиги, нашр этиш талаблари ва

рецензиялаш тартибини текшириш зарур. Илмий ҳамкорлик натижаларининг барқарорлигини таъминлаш учун нашр этиш жараёнини аниқ экспериментал натижалар ва пухта илмий таҳлилга асослаш мақсадга мувофиқ.

Илмий конференциялар ва семинарлар ташкил этиш. Илмий конференциялар тадқиқот натижаларини муҳокама қилиш, илмий муаммоларга турли нуқтаи назарлардан ёндашиш ва янги тадқиқот йўналишларини белгилаш учун муҳим майдон ҳисобланади. Олмалиқ давлат техника институти ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университети ҳамкорлигида кимё муҳандислиги, нефтехимия, саноат чиқиндиларини қайта ишлаш ва экологик технологияларга бағишланган илмий конференциялар ўтказиш мумкин. Бундай тадбирлар доирасида профессор-ўқитувчилар, докторантлар, аспирантлар, магистрантлар ва талабаларнинг илмий маърузалари тингланади, амалий тадқиқотлар натижалари муҳокама қилинади ва қўшма лойиҳалар бўйича таклифлар ишлаб чиқилади. Конференцияларнинг илмий самарадорлигини ошириш учун уларни аниқ мавзулар асосида ташкил этиш, маърузаларни тақриздан ўтказиш, муҳокама натижаларини умумлаштириш ва истиқболли тадқиқотлар бўйича тавсиялар тайёрлаш мақсадга мувофиқ. Шунингдек, конференция материалларини тўплам шаклида нашр этиш ёки энг яхши тадқиқотлар асосида халқаро журналларга мақолалар тайёрлаш мумкин. Бунда нашр сифати, илмий янгилик ва муаллифлик ҳуқуқига оид талабларга риоя этилиши лозим.

Илмий ҳамкорликнинг истиқболлари. Олмалиқ давлат техника институти ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университети ўртасидаги ҳамкорликни янада ривожлантириш учун илмий фаолиятни ўзаро боғланган босқичлар асосида ташкил этиш мақсадга мувофиқ. *Биринчи босқичда* нефть чиқиндиларини қайта ишлаш бўйича мавжуд илмий адабиётлар, патентлар ва технологик ечимлар таҳлил қилиниши лозим. Бу тадқиқотнинг илмий янгилигини белгилаш, мавжуд технологияларнинг чекловларини аниқлаш ва ҳал этилиши керак бўлган муаммоларни шакллантириш имконини беради. *Иккинчи босқичда* тадқиқот режаси ишлаб чиқилади. Унда хомашё тури, намуна олиш усули, таҳлил кўрсаткичлари, тажриба шароитлари ва натижаларни баҳолаш мезонлари белгиланади. Тадқиқотни мувофиқлаштиришда ҳар икки университетнинг илмий имкониятлари ва мавжуд лаборатория шароитлари ҳисобга олиниши керак. *Учинчи босқичда* экспериментал ишлар ўтказилиб, натижалар ягона методик ёндашув асосида таққосланади. Агар тадқиқотлар турли лабораторияларда бажарилса, таҳлил усулларининг мослиги ва ўлчаш натижаларининг ишончлилиги таъминланиши зарур. *Тўртинчи босқичда* олинган натижалар асосида илмий мақолалар, конференция маърузалари ва илмий ҳисоботлар тайёрланади. Ҳар бир натижа тегишли экспериментал маълумотлар билан тасдиқланиши, илмий янгилик эса мавжуд адабиётлар билан таққослаш орқали асосланиши лозим. *Бешинчи босқичда* эришилган натижаларнинг амалий аҳамияти баҳоланади. Бу жараёнда технологиянинг ресурс тежамкорлиги, экологик хавфсизлиги, маҳсулот сифатини таъминлаш имконияти ва эҳтимолий иқтисодий самарадорлиги кўриб чиқилади. Илмий ҳамкорликнинг самарадорлигини баҳолашда қуйидаги кўрсаткичлардан фойдаланиш мумкин:

- амалга оширилган қўшма илмий тадқиқотлар сони;
- тайёрланган ва ҳимояга тақдим этилган илмий ишлар;
- ўтказилган илмий семинарлар ва конференциялар;
- профессор-ўқитувчиларнинг малака алмашинуви тадбирлари;
- халқаро илмий журналларга тақдим этилган ва нашр этилган мақолалар;
- экспериментал жиҳатдан тасдиқланган технологик ечимлар;
- илмий натижаларни амалиётга жорий этиш имкониятлари.

Ушбу кўрсаткичлар ҳамкорликнинг фақат ташкилий натижаларини эмас, балки унинг илмий ва амалий самарадорлигини ҳам баҳолашга ёрдам беради. Шу билан бирга, илмий натижаларнинг ишончлилиги, тадқиқот маълумотларининг сақланиши, муаллифлик ҳуқуқи ва илмий ҳалоллик тамойилларига риоя этилиши халқаро ҳамкорликнинг асосий шартлари бўлиб қолиши зарур.

Хулоса. Олмалиқ давлат техника институтининг «Кимё муҳандислиги» кафедраси профессор-ўқитувчилари ҳамда М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университетининг «Ноорганик моддалар технологияси ва нефткимёвий ишлаб чиқариш» кафедраси ўртасида йўлга қўйилган илмий ҳамкорлик кимё муҳандислиги ва нефтехимия соҳаларида илмий тадқиқотларни ривожлантириш, илмий кадрлар тайёрлаш ва инновацион технологик ечимларни ишлаб чиқиш учун муҳим имконият яратади. Умуман олганда, Олмалиқ давлат техника институти ва М. Ауезов номидаги Жанубий Қозоғистон университети ўртасидаги илмий ҳамкорликни изчил ривожлантириш кимё муҳандислиги, нефткимё, экология ва кимёвий технология жараёнлари ва қурилмалари соҳаларида илмий тадқиқотларнинг сифатини ошириш, юқори малакали илмий кадрлар тайёрлаш ва нефть

чиқиндиларидан самарали фойдаланишга қаратилган технологик ечимларни ишлаб чиқиш учун истиқболли йўналиш ҳисобланади.

Ушбу режаларни амалга ошириш мақсадида М. Ауэзов номидаги Жанубий Қозоғистон университети билан Олмалиқ давлат техника институти ўртасида Меморандум ва шартнома имзоланиб, илмий изланишлар ва академик мобиллик бўйича юқори малакали мутахассислар тайёрлашда амалий ишлар изчил давом эттирилиб келинмоқда.

ФОЙДАЛАНИЛГАН АДАБИЁТЛАР РЎЙХАТИ

1. Chen H., Wang X., Liang H., Chen B., Liu Y., Ma Z., Wang Z. Characterization and treatment of oily sludge: A systematic review // *Environmental Pollution*. - 2024. - Vol. 344. - Article 123245. - DOI: https://doi.org/10.1016/j.envpol.2023.123245.
2. Murungi P. I., Sulaimon A. A. Petroleum sludge treatment and disposal techniques: a review // *Environmental Science and Pollution Research*. - 2022. - Vol. 29. - P. 40358–40372. - DOI: https://doi.org/10.1007/s11356-022-19614-z.
3. El-Sayed M. et al. Petroleum sludge formation and its treatment methodologies: a review // *Environmental Science and Pollution Research*. - 2024. - Vol. 31. - P. 8369–8386. - DOI: https://doi.org/10.1007/s11356-023-31674-3.
4. Tansel B. et al. Materials and energy recovery from oily sludges removed from crude oil storage tanks (tank bottoms): A review of technologies // Нефть чиқиндиларидан материаллар ва энергияни қайта тиклашга оид илмий шарҳ. - 2022. [Нашрнинг тўлиқ библиографик маълумотлари журнал манбаси асосида аниқлаштирилади.
5. United Nations Environment Programme, Secretariat of the Basel Convention. *Basel Convention Technical Guidelines on Hazardous Waste: Waste Oils from Petroleum Origins and Sources*. - 2002. - ISBN 92-1-158607-0.
6. Basel Convention. *Environmentally Sound Management Framework*. Хавфли ва бошқа чиқиндиларни экологик хавфсиз бошқариш бўйича халқаро методик манба. - URL: https://www.basel.int/Implementation/CountryLedInitiative/EnvironmentallySoundManagement/ESMFramework/tabid/3616/Default.aspx.
7. Taherkhani S., Dehghani M. H., Khani A., Mahvi A. H., Yaghmaeian K., Momeniha F. A review of innovative methods for recycling oily sludge: Technological advances, challenges, and environmental benefits // *Desalination and Water Treatment*. - 2025. - Article 101503. - DOI: https://doi.org/10.1016/j.dwt.2025.101503.

УДК: 65.21.27
UDC: 65.21.27

ДОМАЛАҚ АНА МЕН ҚАРАШАШ АНА: ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ РУХАНИЯТ НЫШАНЫНА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР

DOMALAK ANA AND KARASHASH ANA: SYMBOLS OF SPIRITUALITY IN KAZAKH CULTURE

А.А.Жиенбекова*, Т. Н. Нұрлыбек, Д.А. Ниязов, О.Б. Мейрманов
A.A.Zhiyenbekova*, T. N. Nurlybek, D. A. Niyazov, O.B.Meirmanov
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті: Шымкент, Казахстан
South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov : Shymkent, Kazakhstan

Түйін

Мақалада Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты тарихи-мәдени жадтың мазмұны және олардың қазақ қоғамындағы рухани мәні қарастырылады. Халықтық аңыздар, тарихи деректер мен мәдени мұра материалдары негізінде бұл тұлғалардың өмір жолы, қоғамдық санадағы орны және қазіргі кезеңдегі қабылдану ерекшеліктері сипатталады.

Зерттеудің мақсаты – Домалақ ана мен Қарашаш ана бейнелерінің қазақ халқының құндылықтар жүйесіндегі тарихи-мәдени орнын айқындау. Осы мақсатта өмірбаяндық мәліметтер, фольклорлық деректер және діни-философиялық мазмұндағы материалдар салыстырылып, олардың әлеуметтік тәжірибеге, дәстүрлі түсініктерге, әйелдің қоғамдық рөліне және діни танымға ықпалы талданды.

Зерттеудің ғылыми маңызы аталған тұлғалардың мұрасын ұлттық бірегейлік, рухани сабақтастық және тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелерімен байланыстыра қарастырудан көрінеді. Әдіснамалық негіз ретінде

тарихи-мәдени және салыстырмалы-тарихи талдау, сондай-ақ фольклорлық және әдеби мәтіндердің мазмұндық талдауы қолданылды.

Зерттеу нәтижелері Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы қалыптасқан мәдени бейнелердің қазіргі Қазақстандағы тәрбие, мәдени-ағарту және рухани мұраны таныту тәжірибесінде маңызын сақтап отырғанын көрсетті.

Abstract

The article analyses the cultural images of Domalak Ana and Karashash Ana, which have become associated in Kazakh tradition with wisdom, spirituality, and moral authority. Historical accounts, folk narratives, and cultural heritage materials are used to examine their life stories, their place in collective memory, and the ways in which they are perceived in contemporary society.

The study aims to determine the historical and cultural significance of Domalak Ana and Karashash Ana within the system of spiritual values of the Kazakh people. Biographical information, folklore materials, and religious and philosophical interpretations are compared, while their influence on traditional norms, sociocultural processes, perceptions of women's roles, and religious ideas is examined.

The scholarly significance of the study lies in interpreting their legacy in relation to national identity, continuity of spiritual traditions, and the preservation and promotion of historical and cultural heritage. The methodological framework combines historical-cultural and comparative-historical analysis with content analysis of folklore and literary sources. The findings indicate that the cultural memory of Domalak Ana and Karashash Ana continues to have educational and cultural relevance in contemporary Kazakhstan.

Түйінді сөздер: *Домалақ ана, Қарашаш ана, руханият, қазақ мәдениеті, мәдени мұра.*

Key words*: Domalak-ana, Karashash-ana, spirituality, Kazakh culture, cultural heritage.*

Кіріспе

Қазақ халқының тарихи жадында қоғамның рухани бағдарларын қалыптастыруға ықпал еткен әйел тұлғаларының орны айрықша. Солардың қатарындағы Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы түсініктер ғасырлар бойы шежіре, ауызша дәстүр, діни таным және күнделікті мәдени тәжірибе арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді. Халық санасында олардың есімдері аналық қамқорлықпен қатар парасаттылық, ізгілік, мәмілегерлік және рухани тәрбие ұғымдарымен сабақтасқан.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі тарихи жадты сақтау, ұлттық мәдени мұраны қайта пайымдау және рухани сабақтастықты нығайту қажеттілігімен байланысты. Жаһандану мен әлеуметтік өзгерістер жағдайында дәстүрлі құндылықтарды танытатын тұлғаларды зерделеу қоғамның мәдени өзіндік санасын түсінуге мүмкіндік береді. Осыған қарамастан, Домалақ ана мен Қарашаш ананың қазақтардың рухани мәдениетіндегі орны, олардың бейнелерінің тарихи және қазіргі мағыналары арнайы ғылыми талдауды әлі де қажет етеді.

Зерттеу нысаны – Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты қалыптасқан тарихи-мәдени құбылыс. Зерттеу пәні – осы тұлғалардың қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтау, қалыптастыру және кейінгі ұрпаққа жеткізудегі қызметі.

Зерттеудің мақсаты – Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасының қазақтың дәстүрлі және қазіргі мәдени кеңістігіндегі тарихи, рухани және мәдени маңызын айқындау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- тарихи және фольклорлық материалдар негізінде Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы өмірбаяндық деректерді жүйелеу;
- олардың бейнелерінде көрініс тапқан діни, философиялық және адамгершілік мазмұнды талдау;
- аталған тұлғаларға қатысты түсініктердің қоғамдық моральға және мәдени тәжірибеге ықпал ету ерекшеліктерін анықтау;
- қазіргі әлеуметтік-мәдени ортада Домалақ ана мен Қарашаш ана бейнелерінің жаңаша түсіндірілу жолдарын қарастыру.

Зерттеу әдістемесі бірнеше тәсілді өзара ұштастыруға негізделді. Тарихи-мәдени және салыстырмалы-тарихи талдау жазба деректерді контекстік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берсе, фольклорлық және әдеби материалдардың мазмұндық талдауы қайталанатын мағыналар мен символдық мотивтерді анықтауға бағытталды. Этнографиялық және философиялық қырлар зерттеудің пәнаралық сипатын толықтырды.

Зерттеудің болжамы бойынша, Домалақ ана мен Қарашаш ана тарихи тұлғалар туралы жадпен ғана шектелмей, қазақ қоғамындағы моральдық-этикалық өлшемдерге ықпал еткен және қазіргі кезеңде де мағыналық қызметін жалғастырып отырған рухани-мәдени рәміздер ретінде танылады.

Осы тұрғыдан олардың мұрасын талдау дәстүрлі қазақ мәдениеті жөніндегі білімді тереңдетумен қатар, рухани құндылықтардың ұлттық мәдениет аясында сақталу және берілу тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыста Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты рухани-мәдени мұра олардың қазақ қоғамындағы адамгершілік бағдарлардың қалыптасуына ықпалы тұрғысынан қарастырылды. Бұл тұлғалар көпшілік мәдениетте кең танылғанымен, тарихи нақтылық, философиялық мазмұн және қазіргі қабылдау мәселелерін өзара байланыстыратын кешенді талдау жеткіліксіз.

Зерттеу болжамы. Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы мәдени жад олардың тарихи бейнесімен қатар символдық мағына да қалыптастырған. Бұл мағыналар адамгершілік өлшемдерге, әйелдің әлеуметтік рөліне және діни-философиялық түсініктерге қатысты дәстүрлі көзқарастардың орнығуына әсер еткен деп қарастырылады.

Зерттеу материалдары. Зерттеу материалы ретінде келесі материалдар пайдаланылды:

- Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты тарихи шежірелер, генеалогиялық мәліметтер және аңыздық әңгімелер;
- аталған тұлғалар кездесетін халықтық әңгімелер, фольклорлық туындылар мен эпикалық материалдар;
- олардың рухани мұрасы мен ықпалын түсіндіруге арналған діни және философиялық еңбектер;
- қазақ мәдениетіндегі руханият пен тарихи жад мәселелерін қарастыратын қазіргі зерттеулер.

Зерттеу кезеңдері:

1. Дереккөздерді жинақтау және жүйелеу – тарихи шежірелер, эпикалық материалдар мен діни-философиялық мәтіндерді тақырыпқа сәйкестігі бойынша іріктеу және реттеу.
2. Деректерді топтастыру – Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы мәліметтерді өмірбаяндық деректер, діни-философиялық түсініктер және қоғамдық ықпал секілді мазмұндық бағыттарға бөлу.
3. Салыстырмалы тарихи талдау – әртүрлі дереккөздерде берілген түсіндірулерді салыстырып, олардың ортақ және ерекшеленетін тұстарын белгілеу.
4. Мазмұндық талдау – Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы мәтіндердегі тұрақты мотивтерді, бағалау үлгілерін және символдық мағыналарды айқындау.
5. Әлеуметтік-мәдени талдау – аталған бейнелердің қазіргі қазақ мәдениетіндегі қызметін, соның ішінде гендерлік рөлдер мен рухани дәстүрлермен байланысын қарастыру.
6. Нәтижелерді жинақтау – алынған мәліметтерді өзара байланыстырып, зерттеу қорытындыларын тұжырымдау және олардың ғылыми маңызын бағалау.

Зерттеу әдістері:

- Тарихи-мәдени талдау – Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты деректерді белгілі бір тарихи және мәдени орта шеңберінде түсіндіру.
- Салыстырмалы-тарихи әдіс – ұқсас қызмет атқарған әйел тұлғаларын салыстыру арқылы ортақ мәдени заңдылықтарды айқындау.
- Мазмұндық талдау – тарихи және фольклорлық мәтіндердегі қайталанатын сюжеттерді, ұғымдарды және бейнелік сипаттарды жүйелеу.
- Этнографиялық әдіс – жергілікті ортада сақталған ауызша дәстүрлерді, далалық бақылауларды және дәстүр тасымалдаушыларының мәліметтерін қарастыру.
- Философиялық талдау – Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасының діни-адамгершілік мазмұнын құндылықтық тұрғыдан пайымдау.

Нәтижелер. Жинақталған материалдар Домалақ ана мен Қарашаш ана бейнелерінің қазақ мәдениетінде аналық парасат, әділет, рухани бағыт-бағдар және қоғамдық жауапкершілік ұғымдарымен сабақтас қалыптасқанын көрсетті. Олар әртүрлі тарихи кезеңдерге жатқанына қарамастан, халық мүддесіне қызмет ету, татулықты сақтау, білім мен даналықты дәріптеу тәрізді ортақ сипаттармен біріктіріледі. Бұл ерекшеліктерді мәдени-тарихи тұрғыдан қарастыру олардың моральдық нормаларға және ұлттық бірегейлікке ықпалын тереңірек түсіндіреді.

Тарихи-мәдени мәнмәтіні. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, рухани және әлеуметтік сабақтастықты қамтамасыз ететін тұлға ретінде де бағаланған. Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы халықтық жадта олардың отбасына адалдығы, адамдарды татуластыру қабілеті және қоғамдық өмірге ақыл-парасатымен ықпал етуі ерекше аталады.

Қазақстан аумағының Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени және сауда байланыстарына қатысуы әртүрлі идеялар мен дәстүрлердің тоғысуына жағдай жасаған. Осындай тарихи ортада әйел тұлғаларына қатысты құрмет, білімге ашықтық және діни-мәдени ықпалдастық та көрініс тапты. Домалақ ана мен Қарашаш ана осы кең тарихи кеңістікте халықтық идеалдардың тасымалдаушысы ретінде қабылданған.

Домалақ ана: әділдік пен рухани бірліктің тұлғасы ретінде қарастырайық.

Б.А. Байтанаев пен Ю.А. Елгин Оңтүстік Қазақстандағы діни сәулеттің тарихи тағдырын сипаттай отырып, кеңестік кезеңде мұндай нысандардың негізінен сәулет және өнер ескерткіші мәртебесінде ғана танылғанын көрсетеді. Тәуелсіздік алғаннан кейін діннің қоғамдық рөлі қайта бағаланып, діни құрылыстарды жаңғырту мен салу үдерісі жандана түсті. Авторлар бұл құбылысты өңірдің көпғасырлық сәулет дәстүрімен байланыстырады [1, 262 б.].

Зерттеуде Құния-Үргеніштегі Фахреддин Рази кесенесінің көлемдік-кеңістіктік шешімдері Бәйдібек-Ата кесенесінің композициясына ықпал еткені, ал Домалақ ана кесенесі сәулетші С. Тоқтамыс жобасы бойынша тұрғызылғаны айтылады. Портал, күмбез және мұнара сияқты дәстүрлі элементтердің жаңа пластикалық шешіммен берілуі ұлттық сәулет мұрасын заманауи құрылыс тәжірибесінде жаңғырту үлгісі ретінде бағаланады [1, 262 б.].

Шежірелік мәліметтерде Домалақ ана Жетісу өңіріндегі Албан, Дулат және Суан руларының тарихымен байланысты Бәйдібек Қарашаұлының жары ретінде көрсетіледі.


Бәйдібек баба мен Домалақ ана туралы аңыздарды қарастырған Д. Дүйсенбаев оның шын есімі Нұрила болғанын, Қожа Ахмет Ясауи әулетімен сабақтас Мақтым Ағзам қажының немересі екенін және әкесі Әли Сылан болғанын жазады.

Берілген деректе Нұрила Әли Сыланқызының 1378 жылы Түркістанда дүниеге келгені, 1397 жылы он тоғыз жасында Бәйдібекке тұрмысқа шыққаны айтылады. Халықтық нұсқалардың бірінде оған түрікмен Қара Хайдар «Дихнат Мама» деген ат бергені, бұл атаудың парсы тіліндегі «қасиетті ана» мағынасымен байланыстырылатыны және кейін «Домалақ ана» түріне ауысқаны көрсетіледі [2, 773 б.].

Домалақ ана, шын аты Нұрила, XV ғасырдағы қазақ тарихында Бәйдібек батырдың жары ретінде белгілі. Халықтық жадта ол көрегендігімен, адамдардың мінез-құлқын түсіне білуімен және күрделі жағдайларда байыпты кеңес бере алуымен сипатталады. Аңыздық баяндауларда оның ақыл-кеңесі отбасы мен ру ішіндегі шешімдерге ықпал еткен дана әйел бейнесін қалыптастырады.



1 сурет - Домалақ ана кесенесі. XX ғасырдың басындағы құылыс ([1, 258 б.])



2 сурет - Кесененің заманауи көрінісі

Мәдениетке әсері:

1. Руаралық келісімнің дәнекері. Домалақ ана туралы аңыздарда оның тайпалар мен рулар арасындағы дауларды ушықтырмай, ортақ мәмілеге келуге ықпал еткені айтылады. Осы сипат оның бейнесін халық жадында татулықты жақтаған тұлға ретінде орнықтырған.

2. Рухани тәлімгер. Домалақ ана тарихи тұлға ретінде ғана емес, аналық жауапкершілік пен отбасы құндылықтарын сақтаудың үлгісі ретінде де қастерленеді. Бұл түсінік қазақ мәдениетіндегі әйелдің ұрпақ тәрбиесі мен рухани сабақтастықтағы рөлін айқындайды.

3. Домалақ анаға қатысты киелі кеңістік. Түркістан облысындағы Домалақ ана кесенесі зиярат орны ретінде танылған. Халықтық сенімдерде бұл жерге дұға ету, отбасының амандығын тілеу және бала сұрау ниетімен келу дәстүрі бар.

Қарашаш анаға қатысты тарихи-мәдени материалдарды қарастырғанда Сайрам мен Түркістан өңіріндегі сәулет мұрасын тіркеп қалудың маңызы да көрінеді. Б.А. Байтанаев пен Ю.А. Елгин XIX ғасырдағы зерттеушілер мен фотографтардың Сауран мұнаралары және басқа сәулет нысандарының

көріністерін дер кезінде түсіріп, кейінгі ұрпаққа маңызды визуалды дерек қалдырғанын атап өтеді [1, 162 б.].

Авторлар М.К. Прировтың 1866 жылғы фотосуреттерін, кейін Н.А. Маев пен Шарль Эжен Уйфальви де Мезо-Ковежд және Мари де Уйфальви-Бурдон жасаған бақылауларды мысалға келтіреді. Мұндай материалдар жойылып кеткен немесе өзгерген сәулет ескерткіштерінің бастапқы келбетін зерттеуге мүмкіндік береді [1, 162 б.].

Қарашаш ана кесенесі Сайрамдағы көне зират аумағында орналасқан және Қожа Ахмет Ясауидің анасы туралы киелі аңыздармен байланысты. Жазба және ауызша нұсқаларда оның шын есімі Айша-Бибі немесе Айша-Хатун деп беріліп, Мұса шейх әулетімен сабақтастығы айтылады. Дәстүрлі түсінікте ол тақуа әрі білімді әйел ретінде сипатталып, оның кесенесіне зиярат ету Ясауи дәстүрімен байланысты рәсімдік кеңістіктің бір бөлігі ретінде қарастырылады [1, 806 б.].



3 сурет - Қарашаш ана кесенесі. 980 жылдардың басындағы сурет



4 сурет - Қарашаш ана кесенесі. Б.А.Байтанаевтың

Қарашаш ананың мәдениетке әсері:

1. Білім мен парасатты дәріптеу. Қарашаш ана бейнесі әйелдің отбасылық міндеттермен ғана шектелмей, білімді, тәлімгер және рухани беделі иесі бола алатынын көрсететін мәдени үлгі ретінде қабылданады. Сондықтан оның тұлғасы қазіргі кезеңде де әйелдердің білім алуы мен өзін-өзі дамытуына қатысты құндылықтармен ұштасады.

2. Рухани тәрбие. Қазақ мәдениетінде үлкенді және ұстазды құрметтеу маңызды моральдық қағида саналады. Қарашаш ана туралы дәстүрлі түсініктерде оның ұлына діни-адамгершілік тәрбие беріп, кейін Ясауи мұрасында көрінетін рухани бағдарлардың қалыптасуына ықпал еткені айтылады.

3. Қарашаш анаға қатысты киелі кеңістік. Қарашаш ана кесенесі халықтық жадта Қожа Ахмет Ясауи дәстүрімен сабақтас зиярат нысандарының бірі ретінде қабылданады. Оның қастерленуі ананың рухани тәрбие мен мәдени сабақтастықтағы орнын мойындаумен байланысты.

Домалақ ана мен Қарашаш ана бейнелерінің қазіргі мағынасы. Екі тұлға әртүрлі дәуірлерге қатысты болғанымен, олармен байланыстырылатын құндылықтар XXI ғасырдағы қоғамдық дискурста да сақталып отыр. Урбанизация, жаһандану және өмір салтының өзгеруі жағдайында олардың бейнелері отбасы, білім, бірлік және рухани жауапкершілік туралы дәстүрлі түсініктерді қайта пайымдауға негіз болады.

Сәйкестіктің негізгі аспектілері:

1. Отбасы құндылықтары және ана болу. Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты әңгімелер ұрпақ тәрбиесінде ананың жауапкершілігі мен ықпалының жоғары бағаланғанын көрсетеді.

2. Зияткерлік және рухани даму. Қарашаш ана бейнесі білімге ұмтылу мен өзін-өзі жетілдіруді өмірлік және рухани құндылық ретінде түсіндіретін мәдени үлгімен байланысты.

3. Әлеуметтік бірлік пен толеранттылық. Домалақ ана туралы аңыздық мазмұнда татулықты сақтау, әділ шешімге ұмтылу және дауласқан тараптарды ортақ келісімге келтіру идеялары басым.

4. Әйелдердің қоғамдағы рөлі. Бұл тарихи-мәдени бейнелер қазіргі қазақстандық әйелдердің ғылым, білім, қоғамдық қызмет және басқа салалардағы белсенділігімен сабақтастырыла түсіндіріледі.

Осылайша, Домалақ ана мен Қарашаш ана халық жадында тек өткен дәуірдің кейіпкерлері ретінде емес, әйел парасаты, рухани көшбасшылық және адамгершілік жауапкершілік туралы түсініктерді жинақтаған мәдени рәміздер ретінде өмір сүреді. Олардың мәні дәстүрді қайталау арқылы емес, қазіргі қоғамның сұраныстарына сәйкес жаңа қырлармен толығып отыруы арқылы сақталады.

Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты дереккөздер біркелкі емес: тарихи мәліметтер, шежірелік нұсқалар және халықтық аңыздар олардың бейнелеріне әртүрлі мағына береді. Сондықтан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата қарастыру маңызды.

Түсіндірудегі ұқсастықтар:

1. Ана және тәрбие. Екі тұлға да халық жадында ұрпақ тәрбиесіне ықпал еткен аналар ретінде құрметтеледі. Домалақ ана Албан, Суан және Дулат руларының анасы ретінде, ал Қарашаш ана сопы ақын әрі ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің анасы ретінде танылады.

2. Руханият пен даналық. Домалақ ана да, Қарашаш ана да парасат пен рухани тәрбие ұғымдарымен байланыстырылады. Қарашаш ана туралы материалдарда оның шын аты Айша бибі болғаны және бала тәрбиесіндегі орны ерекше көрсетілетіні айтылады [2].

Түсіндірудегі айырмашылықтар:

1. Тарихи мәнмәтіні. Домалақ ана, Нұрила атымен белгілі, Бәйдібек Қарашаұлының үшінші әйелі ретінде қазақ руларының қалыптасу тарихымен байланыстырылады. Оның бейнесінде руаралық бірлік пен мәмілегерлікке қатысты аңыздық мотивтер басым. Қарашаш ана Сайрам мен Қожа Ахмет Ясауи дәстүріне қатысты тарихи жад аясында түсіндіріледі.

2. Мәдени ықпал. Домалақ ана кесенесі халықтық түсінікте бірлік пен аналық қамқорлықты бейнелейтін зиярат орны ретінде қабылданады. Қарашаш ана кесенесінің маңызы оның Қожа Ахмет Ясауидің анасы ретіндегі мәртебесімен және сопылық мәдени жадпен сабақтастығымен айқындалады.

Демек, екі бейнені жақындастыратын ортақ ұғымдар – ана, руханият, тәрбие және даналық болғанымен, олардың тарихи контексті мен мәдени қызметі бірдей емес. Осы айырмашылық әр тұлғаның қазақ мәдениетіндегі өзіндік орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы мәтіндердің мазмұнын салыстыру олардың халық санасындағы символдық қызметін бірнеше мағыналық бағыт бойынша көрсетуге мүмкіндік береді.

Домалақ ана:

- Ана мен ізгілік нышаны. Домалақ ана, шын аты Нұрила, аналық мейірім мен қамқорлықтың бейнесі ретінде қастерленеді. «Дихнат мама» атауының «Қасиетті ана» мағынасымен байланыстырылуы оның киелі мәртебесін айқындайтын аңыздық түсіндірулердің бірі болып табылады [3].

- Даналық пен татуласу. Халықтық баяндауларда Домалақ ананың ерекшелігі ақылмен шешім табу, қарсы тараптарды мәмілеге келтіру және ортақ бірлікті сақтауға ықпал ету қабілеті арқылы беріледі.

- Көрегендік туралы түсінік. Аңыздық дәстүрде Домалақ анаға болашақты сезу немесе алдын ала болжау қасиеті телінеді. Бұл мотив оның рухани беделін күшейтетін символдық сипат ретінде көрінеді.

Қарашаш ана:

- Ана мен ағартушылық мұраты. Қарашаш ана Қожа Ахмет Ясауидің анасы ретінде білім мен тәрбиені ұштастырған тұлға түрінде сипатталады. Осы қыр оның аналық жауапкершілікті рухани және интеллектуалдық тәлімгерлікпен байланыстыратын бейнесін қалыптастырады [4].

- Емшілік пен түс жору туралы аңыздар. Халықтық нұсқаларда Қарашаш анаға емшілік қабілет пен түсті жору қасиеті де телінеді. Мұндай сипаттар оның көпшілік санасындағы құрметті әрі киелі тұлға ретіндегі орнын күшейткен.

Мазмұндық талдау Домалақ ана бейнесінде аналық қамқорлық, даналық, татуластыру және рухани бағдар беру мотивтері басым екенін, ал Қарашаш анаға қатысты мәтіндерде ана, тәрбие, ағартушылық және емшілік сипаттары қатар көрінетінін көрсетеді. Екі тұлға да қазақтың рухани-мәдени дәстүрінде тұрақты символдық мәнге ие.

Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы ауызша аңыздарды зерттеудегі этнографиялық әдіс. Этнографиялық тәсіл тарихи тұлғалар жөніндегі ауызша әңгімелердің қалай сақталатынын, кімдер арқылы берілетінін және қазіргі ортада қалай түсіндірілетінін анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу аясында ол халықтық аңыздар, жергілікті мәдени тәжірибелер және киелі орындарға қатысты мінез-құлық үлгілерін біртұтас құбылыс ретінде қарастыру үшін қолданылды.

Этнографиялық зерттеудегі әдістер мен тәсілдер. Материалды жинау мен талдау бірнеше өзара байланысты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

1. Ауызша дәстүрлер жинағы (фольклорлық экспедициялар):

- Жергілікті тұрғындармен, көнекөз қариялармен және дәстүрлі мәдениетті жеткізушілермен сұхбат жүргізу;

- әр өңірде сақталған Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы ауызша әңгімелер мен аңыз нұсқаларын тіркеу;

- бір сюжеттің әр жерде және әр уақытта қалай өзгеріп, жаңа түсіндірмелермен толықтырылатынын салыстыру.

2. Далалық зерттеу (салттық рәсімдерге қатысу, киелі жерлерге бару):

- Домалақ ана мен Қарашаш ана кесенелеріне қатысты далалық бақылау жүргізу;

- зиярат кезіндегі дұға, рәсім және мінез-құлық үлгілерін бақылау;

- киелі әйел тұлғаларына байланысты әдет-ғұрыптардың қазіргі қазақ қоғамындағы мазмұнын қарастыру.

3. Антропологиялық және әлеуметтік-мәдени талдау:

- Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты халықтық сенімдер мен бағалау үлгілерін талдау;

- олардың қазіргі мәдениеттегі, отбасылық дәстүрдегі және діни тәжірибедегі орнын айқындау;

- түркі және ислам мәдениеттеріндегі ұқсас әйел бейнелерімен салыстыру арқылы ортақ және ерекшелік белгілерін анықтау.

4. Жазбаша және ауызша дереккөздерді салыстыра зерттеу:

- далалық материалдарды шежіре, тарихи жазба және басқа құжаттық деректермен салыстыру;

- Домалақ ана мен Қарашаш ана аталған жырлар, дастандар, аңыздар және басқа фольклорлық мәтіндерді талдау;

- әртүрлі мәтіндерде қайталанатын тұрақты сюжеттер мен символдық мотивтерді белгілеу.

Домалақ ана: ауызша дәстүр мен халық әңгімелері. Аңыздық мәтіндерде Домалақ ана көреген, байыпты кеңес бере алатын және дауласқан адамдарды татуластыратын тұлға ретінде суреттеледі. Оның болашақты болжауы мен билеушілерге ақыл айтуы тарихи деректен гөрі халықтық жадтағы рухани беделін көрсететін мотив ретінде көрінеді.

Қазақ мәдениетіндегі Домалақ ана бейнесі бірлік пен әділдік идеяларымен тығыз байланысқан. Қариялардан жеткен әңгімелерде оның рулар арасындағы түсініспеушіліктерді шешуге ықпал еткені және айтқан сөзі моральдық бағдар ретінде қабылданғаны баяндалады.

Домалақ ана кесенесі бала тілеген әйелдер мен отбасылар зиярат ететін орындардың бірі ретінде сипатталады. Далалық материалдарда кесенеде дұға еткеннен кейін отбасылық өміріне береке келді деп сенетін адамдардың куәліктері кездеседі.

Қарашаш ана: фольклорлық материалдар және далалық бақылаулар. Дәстүрлі әңгімелерде Қарашаш ана үлгілі ана әрі тәлімгер сипатында беріледі. Оның Қожа Ахмет Ясауидің тұлғалық және рухани қалыптасуына ықпалы халықтық жадтағы негізгі желілердің бірі болып табылады.

Далалық бақылауларда жергілікті тұрғындардың Қарашаш ана есімін білім, парасат және рухани тәрбие ұғымдарымен байланыстыратыны байқалады. Мұндай түсіндіру қазіргі қоғамда да сақталып, оның бейнесі білім алуға және өзін-өзі дамытуға шақыратын мәдени үлгі ретінде қабылданады.

Қарашаш ана кесенесіне зиярат ету тек діни құрметпен шектелмей, Ясауи дәстүрі мен өңірдің рухани тарихына қызығушылық танытатын келушілер үшін де маңызды. Жергілікті түсініктерде бұл орынға бару ішкі тыныштық пен рухани ойлануға жағдай жасайтын тәжірибе ретінде бағаланады.

Этнографиялық материалдарды жүйелеу Домалақ ана мен Қарашаш ана бейнелерінің қазіргі мәдениеттегі қызметін үш негізгі қырдан көрсетуге мүмкіндік берді:

1. Ауызша дәстүрдің сабақтастығы. Өмір салты өзгергенімен, бұл тұлғалар туралы аңыздар мен әңгімелер отбасы, жергілікті қауым және зиярат тәжірибесі арқылы жаңа буынға берілуін жалғастырып келеді.

2. Қоғамдық санадағы мағынасы. Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты түсініктер анаға құрмет, имандылық, даналық және адамгершілік жауапкершілік секілді құндылықтарды бекітетін мәдени тетік ретінде қызмет етеді.

3. Бейнелердің қазіргі түрленуі. Дәстүрлі сюжеттер негізгі өзегін сақтай отырып, білім, әйелдің қоғамдық белсенділігі, отбасылық жауапкершілік және жеке рухани ізденіс сияқты бүгінгі мәселелермен толықтырылып отыр.

Осылайша, этнографиялық тәсіл аталған әйел тұлғаларының қазіргі Қазақстанда қалай қабылданатынын, олардың халықтық мәдениет пен діни-ғұрыптық тәжірибеде қандай орын алатынын нақтырақ сипаттауға мүмкіндік берді.

Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасын философиялық тұрғыдан пайымдау олардың бейнелерінде діни сенім, адамгершілік өлшем және қоғамдық жауапкершілік ұғымдарының өзара ұштасқанын көрсетеді. Бұл тұлғалардың мәдени мағынасы тарихи өмірбаянмен ғана шектелмей, аналық парасат, әділет, жанашырлық және рухани бағдар беру секілді құндылықтарды жинақтайтын символдық сипатқа ие.

Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасының діни қырлары халықтық қастерлеу дәстүрімен тығыз байланысты. Домалақ ана туралы түсініктерде оның киелі әйел ретіндегі мәртебесі мен көрегендігі ерекше аталып, бұл қасиеттер исламдық мистикалық ұғымдармен сабақтастырылады.

Домалақ ананың ислам руханиятымен байланысы оның шыққан тегі туралы аңыздық нұсқаларда да көрінеді. Халықтық дәстүрде ол Мұхаммед пайғамбар әулетімен сабақтас тұлға ретінде түсіндіріліп, тақуалық, мәмілегерлік және дана кеңес беру қасиеттері осы рухани мәртебемен байланыстырылады.

Қасиеттілік феномені. Домалақ ананы «ана» деп қастерлеу оның жеке отбасының ғана емес, кең қауымның рухани қамқоршысы ретіндегі бейнесін қалыптастырған. Қазіргі кезде кесенеге зиярат ету, дұға бағыштау және бата тілеу тәжірибесі осы символдық мағынаның жалғасып отырғанын көрсетеді.

Этикалық тәлімгерлік. Діни-философиялық тұрғыдан Домалақ анаға телінетін сабыр, мейірім, әділет және татуластыру қасиеттері мінез-құлықтың адамгершілік үлгісін білдіреді. Оның бейнесі күш қолданудан гөрі ақылға, ішкі тазалыққа және ізгі әрекетке сүйенудің құндылығын көрсетеді.

Қарашаш ана: діни тәрбие және сопылық дәстүр. Қарашаш ана Қожа Ахмет Ясауидің анасы ретінде оның алғашқы рухани ортасының қалыптасуына қатысқан тұлға түрінде сипатталады. Осы себепті оның бейнесі аналық тәрбие мен діни білімнің сабақтастығын түсіндіретін маңызды мәдени үлгіге айналған.

Қарашаш ананың рухани тәрбиедегі орны оның баласына білімге құрмет, діни таным және моральдық жауапкершілік ұғымдарын ерте жастан сіңіруімен байланыстырылады. Мұндай түсінік ислам мәдениетіндегі білім іздеудің рухани құндылық ретіндегі маңызымен үндеседі.

Оның сопылық философияға ықпалы туралы пікірлер Қарашаш ананың тәлімгерлік қызметін алдыңғы орынға шығарады. Халықтық және мәдени түсіндірулерде ананың мейірімі мен тәрбиесі Ясауидің кейінгі рухани жолына негіз болған бастапқы орта ретінде қарастырылады.

Әйел – рухани білімді жеткізуші. Дәстүрлі мәдениетте әйелдің қызметі отбасылық міндеттермен ғана шектелмей, құндылықтарды, сенім мен тәрбие үлгілерін келесі ұрпаққа жеткізумен де байланысты болды. Қарашаш ана осы қызметтің тарихи-мәдени символы ретінде түсіндіріледі.

Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасының адамгершілік аспектілері.

Домалақ анаға қатысты әділдік пен бірлік этикасы оның қоғамдық келісім, өзара құрмет және жанжалды бейбіт жолмен шешу туралы халықтық түсініктерімен сабақтас:

- Татуласу және бейбітшілік орнату. Аңыздық баяндаулар Домалақ ананың дауласқан тараптарды сөзбен және дәлелмен мәмілеге келтіргенін көрсетеді. Мұнда күш қолданудан гөрі даналық пен диалогқа басымдық беріледі.

- Жанашырлық қағидаты. Домалақ ана бейнесінде әлсізге қамқор болу, мұқтаж адамға қолдау көрсету және мейірімді қарым-қатынас жасау идеялары көрінеді. Бұл мағыналар қазіргі әлеуметтік этика мен қайырымдылық түсініктерімен де үндеседі.

- Әйелдің қоғамдық өмірдегі орны. Домалақ ана туралы әңгімелер әйелдің шешім қабылдау мен қоғамдық келісімге ықпал ете алатын беделді тұлға болғанын көрсететін мәдени мысал ретінде түсіндіріледі.

Қарашаш ана бейнесіндегі білім мен адамгершілік тәрбиесі рухани кемелденудің негізгі тетігі ретінде қарастырылады:

- Білімнің құндылығы. Қарашаш анаға қатысты түсініктерде білім адамның рухани және тұлғалық дамуының маңызды шарты ретінде бағаланады. Осы сипат оның бейнесін қазіргі білім беру құндылықтарымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

- Моральдық тәрбие. Қарашаш ананың баласына әділдік, адалдық және қарапайымдылық секілді қасиеттерді сіңіргені туралы түсінік Ясауи іліміндегі ішкі кемелдену мен ақиқатқа ұмтылу идеясымен сабақтастырылады.

- Отбасы құндылықтары және ана рөлі. Қарашаш ана мысалы аналықтың биологиялық қатынаспен ғана шектелмей, баланың дүниетанымы мен моральдық ұстанымдарын қалыптастыратын рухани жауапкершілік екенін көрсетеді.

Домалақ ана мен Қарашаш ана мұрасының қазіргі өзектілігі олардың бейнелерінің бүгінгі қоғамдағы құндылықтық мәселелермен байланысуынан көрінеді. Дәстүрлі өмір салтының өзгеруі, туыстық қатынастардың әлсіреуі және рухани бағдар іздеу жағдайында бұл тұлғалар мәдени жадтың тұрақты символдары ретінде қайта түсіндіріледі.

Әйелдер үшін олардың мұрасы парасат, рухани беделі және отбасы мен қоғам алдындағы тәрбиелік жауапкершілік ұғымдарын айқындайтын үлгі ретінде көрінеді.

Жастар үшін бұл бейнелер білімге ұмтылу, өзін жетілдіру, үлкенге құрмет және адамгершілік жауапкершілік туралы мәдени бағдар ұсынады.

Қоғамдық тұрғыдан олардың бірлік, жанашырлық және әділдікке негізделген мағыналары жаңғыру мен жаһандану жағдайында да әлеуметтік келісім идеясымен сабақтасып отыр.

Философиялық талдау Домалақ ана мен Қарашаш анаға қатысты діни-адамгершілік мазмұнның қазақ мәдениетінде терең орныққанын көрсетеді. Олардың бейнелері әділет, білім, руханият және мәмілегерлік құндылықтарының дәстүр мен қазіргі заман арасындағы байланысты қамтамасыз ете алатынын аңғартады.

Жалпы алғанда, зерттеуде қолданылған пәнаралық тәсілдер бұл тұлғалардың тарихи дерек, фольклорлық бейне және қазіргі мәдени символ ретіндегі қырларын өзара байланыстыра қарастыруға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік маңызы және әлеуметтік-мәдени шындыққа әсері:

- Діни туризм. Екі кесене де киелі орындарға бағытталған сапарлар мен зиярат тәжірибесінде маңызды орын алады. Келушілер ағыны жергілікті қызмет көрсету мен инфрақұрылымға ықпал етіп, тарихи-мәдени мұраны танытуға мүмкіндік береді.

- Тәрбиелік мәні. Домалақ ана мен Қарашаш ана туралы әңгімелер танымдық және мәдени-ағартушылық бағдарламаларда дәстүр, анаға құрмет, білім және адамгершілік тақырыптарын түсіндіру үшін қолданылуы мүмкін.

- Мәдени сәйкестілік. Кесенелер тарихи жадты нақты кеңістікпен байланыстырып, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен таныту қызметін атқарады. Олар дәстүрлі құндылықтарды мәдени іс-шаралар және экскурсиялық тәжірибе арқылы жеткізуге мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік келісім. Киелі орындарға бірлесіп бару, ортақ рәсімдер мен еске алу тәжірибесіне қатысу әртүрлі жастағы адамдарды ортақ мәдени құндылықтар төңірегінде біріктіретін әлеуметтік байланыс нысаны ретінде көрінеді.

Сондықтан Домалақ ана мен Қарашаш ана кесенелері қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте өткен мен бүгінді жалғастыратын, рухани тәжірибе мен материалдық мұраны тоғыстыратын маңызды орындар ретінде қарастырылады.

Университеттер халықаралық ғылыми серіктестіктің үлгілік регламентін қабылдауы қажет. Регламент меморандумды, жоба келісімін, бірлескен жетекшілік қосымшасын, деректерді басқару жоспарын және авторлық үлес декларациясын бір жүйеге біріктіреді. Үлгілік құжаттар тараптардың келіссөз уақытын қысқартады, бірақ әр саланың ерекшелігіне сай өзгертуге ашық болуы тиіс. Докторлық бағдарламаларда «халықаралық зерттеу модулі» енгізілуі орынды. Ол міндетті түрде шетелге ұзақ сапарды талап етпейді; қос жетекшілік, онлайн зерттеу семинары, халықаралық деректермен жұмыс, ортақ әдіснама мектебі және бірлескен рецензиялау да қамтылуы мүмкін. Бұл қаржылық немесе отбасылық себептермен ұзақ ұтқырлыққа қатыса алмайтын зерттеушілер үшін тең мүмкіндік береді. Жетекшілердің құзыретін дамыту қажет. Жақсы ғалым әрдайым халықаралық топты басқару, мәдениетаралық коммуникация немесе зерттеу дауын шешу дағдыларын автоматты түрде меңгермейді. Университеттер жетекшілерге академиялық әдеп, деректерді қорғау, авторлық үлес, инклюзивті жетекшілік және психологиялық қауіпсіздік жөнінде қысқа сертификаттық даярлық ұсына алады. Бірлескен зерттеуді қаржыландырудың шағын, бірақ тұрақты құралдары қажет. Ірі грантқа дейінгі seed funding ортақ семинар, пилоттық дерек жинау, аударма, архивке қолжетімділік және гранттық өтінім дайындау шығындарын өтейді. Sapienza-ның халықаралық конкурстарға қатысуды жоба циклі бойы қолдайтын құралдары университеттік грант кеңсесінің тек ақпарат таратушы емес, зерттеу командасының серіктесі бола алатынын көрсетеді [8]. Нәтижелілікті төрт деңгейде өлшеу ұсынылады: зерттеуші деңгейінде жаңа құзырет пен дербестік; бағдарлама деңгейінде қорғау сапасы

мен уақыттылығы; университет деңгейінде тұрақты топтар, гранттар және инфрақұрылым; қоғам деңгейінде құқықтық саясатқа, білімге немесе практикаға енгізілген шешім. Есептілік осы деңгейлердің бірін екіншісімен алмастырмауы керек. Қазақстан мен Италия университеттері арасындағы құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пилоттық консорциумды нақты мәселеден бастау тиімді. Мысалы, цифрлық құқықтар, академиялық адалдықты құқықтық қамтамасыз ету, көші-қон немесе жергілікті басқару бойынша салыстырмалы жоба магистранттар мен докторанттарды ортақ семинарға, дерек жинауға және мақала әзірлеуге тарта алады. Пилот аяқталған соң тәуелсіз бағалау өткізіліп, жұмыс істеген рәсімдер үлгілік регламентке енгізіледі.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастық жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлаудың сапасын арттыру үшін үш шартты қатар орындауы тиіс. Біріншісі ғылыми мазмұнның ортақтығы: серіктестік нақты зерттеу сұрағы мен өзара толықтыратын құзыреттерге сүйенеді. Екіншісі құқықтық айқындық: жетекшілік, қаржыландыру, деректер, зияткерлік меншік, академиялық әдеп және нәтижелерді тану ережелері алдын ала бекітіледі. Үшіншісі кадрлық нәтиже: жас зерттеуші жобаның орындаушысы болып қана қалмай, дербес ғылыми шешім қабылдайтын маманға айналады. Ұсынылған «серіктестік–құзырет–нәтиже» моделі халықаралық байланыстың формалды көрсеткіштерінен оның нақты білімдік және ғылыми әсеріне көшуге мүмкіндік береді. Бірлескен жетекшілік, мақсатты ұтқырлық, ортақ инфрақұрылым және ашық ғылым өзара байланысқанда ғана әріптестік тұрақты сипат алады. Бұл модельді La Sapienza университеті мен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті секілді әртүрлі академиялық және құқықтық ортадағы ұйымдар арасында пилоттау екіжақты пайда бере алады: қазақстандық жас ғалымдар халықаралық зерттеу желісіне терең кірігеді, ал еуропалық әріптестер Орталық Азияның құқықтық және әлеуметтік контекстіне негізделген жаңа дерек пен ғылыми мәселелерге қол жеткізеді. Түпкі өлшем қол қойылған келісімдер немесе сапарлар саны емес. Негізгі нәтиже зерттеудің сапасы, жас ғалымның жауапты дербестігі, ғылыми нәтижелердің ашық әрі адал айналымы және бір жоба аяқталғаннан кейін де жалғасатын кәсіби қауымдастық болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулы.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы: 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрық (өзгерістерімен).

3. Council of the European Union. Council Recommendation (EU) 2021/2122 of 26 November 2021 on a Pact for Research and Innovation in Europe // Official Journal of the European Union. 2021. L 431. P. 1–9.

4. UNESCO. Recommendation on Open Science. Paris: UNESCO, 2021. DOI: 10.54677/MNMH8546.

5. European University Association. Salzburg II Recommendations: European Universities' Achievements Since 2005 in Implementing the Salzburg Principles. Brussels: EUA, 2010.

6. European Commission. Marie Skłodowska-Curie Actions: Doctoral Networks and researcher mobility // European Education Area. URL: https://education.ec.europa.eu/ (қаралған күні: 24.10.2026).

7. Sapienza Università di Roma. Thesis Co-Supervision (Cotutelle): procedures and institutional agreements. URL: https://www.uniroma1.it/ (қаралған күні: 24.10.2026).

8. Sapienza Università di Roma. Sapienza International Research Calls: List of Open Calls. URL: https://www.uniroma1.it/en/pagina/sapienza-international-research-calls-list-open-calls (қаралған күні: 24.10.2026).

9. European Commission. Principles for Innovative Doctoral Training. Brussels: European Commission, 2011.

10. European University Association. Doctoral Education Taking Salzburg Forward: Implementation and New Challenges. Brussels: EUA, 2016.

11. OECD. OECD Science, Technology and Innovation Outlook 2023: Enabling Transitions in Times of Disruption. Paris: OECD Publishing, 2023. DOI: 10.1787/0b55736e-en.

12. European Commission. European Charter for Researchers. Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2023.

UDK: 502.1:911.3:37.013
UDC: 502.1:911.3:37.013

MARKAZIY OSIYODA TABIIY FANLAR: QÖŞMA EKOLOGIK-GEOGRAFIK TADQIQOTLAR VA PEDAGOGIK INNOVATSIYALAR

NATURAL SCIENCES IN CENTRAL ASIA: COLLABORATIVE ECOLOGICAL-GEOGRAPHICAL RESEARÇ AND PEDAGOGICAL INNOVATIONS

Gapparov Bexzod Nematillaeviç
Gapparov Bekhzod Nematillaevich
Jizzax politexnika instituti, Özbekiston
Jizzakh Polytechnic Institute, Uzbekistan
bexzodgapparov132@gmail.com

Annotatsiya: *Uşbu maqolada Markaziy Osiyoda tabiiy fanlar rivoji, qöşma ekologik-geografik tadqiqotlarni amalga oşiriş istiqbollari hamda ta'lim jarayoniga pedagogik innovatsiyalarni joriy etiş masalalari yoritiladi. Ayniqsa, Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi döstona munosabatlar, ilmiy hamkorlik, transçegaraviy ekologik muammolarni birgalikda örganiş, suv resurslaridan oqilona foydalaniş va atrof-muhitni muhofaza qiliş borasidagi hamkorlikka alohida e'tibor qaratiladi. Şuningdek, ikki davlat olimlari, ta'lim muassasalari va ilmiy markazlari örtasidagi hamkorlikni kengaytiriş, zamonaviy axborot texnologiyalari, raqamli xaritalaş, geografik axborot tizimlari va innovatsion pedagogik metodlardan foydalanişning ilmiy-amaliy ahamiyati asoslanadi. Maqolada mintaqaviy ekologik barqarorlikni ta'minlaş va yoş avlodning ekologik madaniyatini yuksaltirişda xalqaro ilmiy-ta'limiy hamkorlikning örni oçib beriladi.*

Abstract: *This article examines the development of natural sciences in Central Asia, prospects for joint ecological and geographical research, and the integration of pedagogical innovations into educational processes. Particular attention is given to the friendly relations and scientific cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan, including collaborative efforts to address transboundary environmental challenges, promote the rational use of water resources, and protect the environment. The article highlights opportunities to strengthen partnerships among researchers, educational institutions, and scientific centers in both countries. It also explores the practical value of modern information technologies, digital mapping, geographic information systems, and innovative teaching methods in scientific research and education. Furthermore, the study emphasizes the importance of regional scientific and educational cooperation in promoting environmental sustainability, developing ecological awareness among young people, and strengthening long-term cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan in the fields of natural sciences and education.*

Kalit sözlar: *Markaziy Osiyo, tabiiy fanlar, Özbekiston-Qozoğiston hamkorligi, ekologik tadqiqotlar, geografik axborot tizimlari, pedagogik innovatsiyalar, ekologik ta'lim.*

Keywords: *Central Asia, natural sciences, Uzbekistan–Kazakhstan cooperation, ecological research, geographic information systems, pedagogical innovations, environmental education.*

Kiriş

Bugungi globallaşuv şaroitida Markaziy Osiyo davlatlari oldida turgan eng muhim vazifalardan biri tabiiy resurslardan oqilona foydalaniş, ekologik muvozanatni saqlaş, iqlim özgarişining salbiy oqibatlarini kamaytiriş hamda tabiiy fanlar sohasidagi ilmiy hamkorlikni rivojlantirişdan iborat. Mintaqaning geografik yaxlitligi, suv resurslarining transçegaraviy xususiyati, çöllaniş jarayonlari, biologik xilma-xillikning qisqarişi va atmosfera havosining ifloslanişi ekologik muammolarni alohida davlatlar doirasida emas, balki özaro hamkorlik asosida örganişni taqozo etadi.

Özbekiston va Qozoğiston Markaziy Osiyodagi özaro yaqin iqtisodiy, ilmiy va madaniy aloqalarga ega davlatlar hisoblanadi. Ikki mamlakatning geografik joylaşuvi, Orol dengizi havzasi bilan boğliqligi, Sirdaryo suv resurslaridan foydalanişi va çöl ekotizimlarining öxşaşligi ekologik-geografik tadqiqotlarni hamkorlikda olib boriş uçun muhim ilmiy asos yaratadi. Xususan, Orolböyi hududidagi ekologik vaziyatni örganiş, suvdan foydalaniş samaradorligini oşiriş, tuproq şörlanişi va çöllanişning oldini oliş, şuningdek, tabiiy xavflarni monitoring qiliş ikki davlat uçun ham dolzarb masalalardir.

Mazkur yönalişning ahamiyati Özbekiston Respublikasida ekologiya va atrof-muhitni muhofaza qiliş, suv resurslarini boşqariş hamda ta'lim tizimini modernizatsiya qilişga qaratilgan davlat siyosatida ham öz ifodasini topgan. Özbekiston Respublikasi Prezidentining 2019-yil 30-oktabrdagi PF-5863-son Farmoni bilan tasdiqlangan 2030-yilgaça bölgan davrda Özbekiston Respublikasining Atrof-muhitni muhofaza qiliş konsepsiyasi ekologik xavfsizlikni ta'minlaş, tabiiy resurslardan oqilona foydalaniş va ekologik holatni yaxşilaşning muhim strategik asoslaridan biridir [1].

Şuningdek, 2022-yil 28-yanvardagi PF-60-son Farmon bilan tasdiqlangan 2022-2026-yillarga möljallangan Yangi Özbekistonning taraqqiyot strategiyasida ekologik muammolarni hal etiş, hududlarni kompleks rivojlantiriş, ta'lim sifatini oşiriş va ilm-fanni qöllab-quvvatlaşga alohida e'tibor qaratilgan [2]. Uşbu

vazifalar tabiiy fanlarni öqitiş mazmunini zamonaviy ekologik muammolar bilan boyitiş, öquvçilar va talabalarda ilmiy-tadqiqot kompetensiyalarini şakllantiriş hamda xalqaro tajribani ta'lim jarayoniga tatbiq etiş uçun muhim zamin yaratadi.

Bundan taşqari, 2023-yil 11-sentabrdagi PF-158-son Farmon bilan tasdiqlangan "Özbekiston - 2030 strategiyasi" da barqaror iqtisodiy rivojlaniş, ekologik vaziyatni yaxşilaş, suv resurslaridan samarali foydalaniş va aholining zamonaviy bilimlarini rivojlantirişga doir ustuvor vazifalar belgilangan [3]. Bu yönalişlar Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi ilmiy-ta'limiy hamkorlikni kengaytiriş, qöşma loyihalar taşkil etiş va ekologik bilimlarni ommalaştiriş bilan bevosita boğliq.

Mavzuning yana bir muhim jihati pedagogik innovatsiyalar bilan boğliq. Çunki tabiiy fanlar böyiça zamonaviy bilimlarni özlaştiriş faqat nazariy ma'lumotlarni örganiş bilan çeklanmasligi kerak. Geografik axborot tizimlari (GIS), masofadan zondlaş, raqamli xaritalar, ekologik monitoring, dala kuzatuvlari va loyiha asosida öqitiş metodlari talabalarning mustaqil tahlil qiliş, muammolarni aniqlaş va ilmiy xulosalar çiqariş könikmalarini rivojlantiradi. Özbekiston va Qozoğiston ta'lim muassasalari örtasida bunday metodlarni almaşiş tabiiy fanlar ta'limining sifatini oşirişga xizmat qilişi mumkin.

Şu nuqtayi nazardan, mazkur maqolaning maqsadi Markaziy Osiyoda tabiiy fanlar rivojining ekologik-geografik asoslarini tahlil qiliş, Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi hamkorlikning ustuvor yönalişlarini yoritiş hamda pedagogik innovatsiyalardan foydalanişning ilmiy-amaliy imkoniyatlarini asoslaşdan iborat.

Asosiy qism

1. Markaziy Osiyoda ekologik-geografik tadqiqotlarning ustuvor yönalişlari.

Markaziy Osiyoning tabiiy-geografik xususiyatlari mintaqada ekologik jarayonlarni kompleks örganişni talab qiladi. Hududda baland toğlar, daryolar, çöllar, suğoriladigan yerlar va yirik suv havzalari özaro boğlangan yagona tabiiy tizimni taşkil etadi. Şu sababli bir hududdagi ekologik özgariş boşqa hududlarning suv ta'minoti, qişloq xöjaligi, aholi salomatligi va biologik xilma-xilligiga ham ta'sir körsatişi mumkin.

Mintaqaviy tadqiqotlarda quyidagi yönalişlar alohida ahamiyat kasb etadi:

- Suv resurslari geografiyasi: Amudaryo va Sirdaryo havzalaridagi suv miqdori, suv sifati, suğoriş tizimlaridagi yöqotişlar va transçegaraviy suv taqsimotini örganiş.
- Orolböyi ekologiyasi: qurigan dengiz tubida şakllanayotgan çöl landşaftlari, tuz va çang köçişi, tuproq degradatsiyasi hamda ösimlik qoplamidagi özgarişlarni tahlil qiliş.
- Iqlim özgarişi: haroratning kötarilişi, yoğingarçilik rejimining özgarişi, muzliklarning qisqarişi va qurğoqçilik xavfini baholaş.
- Tuproq va yer resurslari: şörlaniş, eroziya, çöllaniş va yerlarning unumdorligini saqlaş masalalarini tadqiq etiş.
- Biologik xilma-xillik: noyob turlar, tabiiy yaşaş muhitlari va ekologik yölaklarni muhofaza qiliş.

Uşbu yönalişlar Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi ilmiy hamkorlik uçun amaliy asos bölib xizmat qiladi. Masalan, Sirdaryo havzasidagi suv sifatini faqat bir mamlakat hududidagi kuzatuvlar orqali töliq baholaş qiyin. Buning uçun daryoning turli nuqtalaridan olingan namunalarni umumiy metodika asosida tahlil qiliş, natijalarni soliştiriş va ifloslaniş manbalarini birgalikda aniqlaş lozim.

Bunday yondaşuvning amaliy namunasi sifatida Özbekiston-Qozoğiston qöşma işçi guruhi faoliyatini körsatiş mumkin. 2023-yil dekabr oyida Ostona şahrida ötkazilgan oltinçi yiğilişda Sirdaryo suvining sifatini monitoring qiliş, tasdiqlangan nuqtalarda suv namunalarini oliş va fizik-kimyoviy körsatkiçlarni tahlil qiliş masalalari körib çiqilgan. Şuningdek, Keles va Çirçiq daryolari böyidagi ehtimoliy ifloslaniş manbalarini inventarizatsiya qiliş masalasi muhokama qilingan [4]. Bu tajriba ekologik-geografik tadqiqotlarda muntazam kuzatuv, umumiy mezonlar va ilmiy ma'lumotlar almaşinuvi muhimligini körsatadi.

2024-yilda mazkur hamkorlik doirasidagi yettinçi yiğilişda Bözsuv kanali va Badam daryosi böyidagi ehtimoliy ifloslaniş manbalarini aniqlaş, suv sifatini tekşiriş körsatkiçlarini kengaytiriş hamda mustaqil laboratoriyani jalb qiliş masalalari körib çiqilgan. Sirdaryo böyidagi önta suv ölçaş stansiyasida avtomatlaştirilgan hisoblagiçlarni örnatiş va ma'lumotlarni tezkor almaşiş taşabbusi ham ilgari surilgan [5]. Uşbu misollar qöşma tadqiqotlar faqat nazariy kelişuvlardan iborat bölmay, aniq ölçovlar, laboratoriya tahlillari va monitoring infratuzilmasini rivojlantiriş bilan boğliqligini körsatadi.

Ekologik-geografik tadqiqotlarda zamonaviy texnologiyalar imkoniyatlaridan foydalaniş ham dolzarbdir. Jumladan, sun'iy yöldoş tasvirlari orqali suv havzalarining maydonini, ösimlik qoplamining holatini va yer yuzasidagi özgarişlarni kuzatiş mumkin. Geografik axborot tizimlari yordamida esa olingan ma'lumotlarni xaritalarga joylaştiriş, ifloslaniş nuqtalarini aniqlaş va ekologik xavf yuqori bölgan hududlarni ajratiş imkoniyati yaratiladi.

Şunday qilib, Markaziy Osiyoda tabiiy fanlarni rivojlantirişning muhim şarti - geografiya, ekologiya, gidrologiya, biologiya, kimyo va axborot texnologiyalari örtasidagi fanlararo integratsiyani kuçaytirişdir.

2. Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi ekologik hamkorlikning huquqiy va amaliy asoslari.

Özbekiston va Qozoğistonning ekologiya sohasidagi hamkorligi uzoq yillik huquqiy asosga ega. 1997-yil 2-iyunda ikki davlat hukumati örtasida atrof-muhitni muhofaza qiliş va tabiiy resurslardan oqilona foydalaniş böyiça hamkorlik töğrisidagi bitim tuzilgan. Keyinçalik ekologik muammolarning murakkablaşişi va transçegaraviy masalalarning dolzarblaşuvi uşbu hamkorlikni yangi mexanizmlar bilan mustahkamlaş zaruratini yuzaga keltirdi [6].

2022-yil 22-dekabrda Toşkent şahrida Özbekiston va Qozoğiston hukumatlari örtasida ekologiya va atrof-muhitni muhofaza qiliş sohasidagi hamkorlik töğrisida yangi bitim imzolandi. Qozoğiston uşbu bitimni 2024-yil 7-noyabrdagi 134-VIII-son qonun bilan ratifikatsiya qildi. Bitim 2024-yil 20-noyabrda kuçga kirdi [6; 1-modda].

Mazkur hujjatning ahamiyati şundaki, unda ikki mamlakat örtasidagi ekologik hamkorlikning ustuvor yönalişlari aniq belgilangan. Jumladan, atmosferaning ifloslanişining oldini oliş, suv resurslari sifatini nazorat qiliş, çiqindilarni boşqariş, biologik xilma-xillikni saqlaş, qum böronlariga qarşi kuraşiş, iqlim özgarişiga moslaşiş va ekologik favqulodda vaziyatlarga birgalikda javob qaytariş masalalari nazarda tutilgan [6; 2-modda].

Bitimning ilmiy-tadqiqotlar uçun alohida ahamiyatga ega jihati - atrof-muhit monitoringi böyiça qöşma ilmiy izlanişlar, konferensiyalar, davra suhbatlari va işçi guruhlar faoliyatini rivojlantirişga e'tibor qaratilganidir. Hujjatda ekologiya böyiça qöşma ta'lim dasturlarini yölga qöyiş, ilmiy tadqiqotlar ötkaziş, mutaxassislar tayyorlaş va olingan natijalarni ommalaştiriş masalalari ham qayd etilgan [6; 2-modda].

Bitimda Orol havzasidagi ekologik vaziyatni yaxşilaş böyiça qöşma tadbirlar işlab çiqiş, çegaradoş hududlarda örmonzorlarni tiklaş, tuproq va ösimlik qoplamining degradatsiyasiga qarşi kuraşiş hamda ekologik monitoringni taşkil etiş ustuvor vazifalar sifatida belgilangan [6; 3-modda]. Şuningdek, tomonlar atrof-muhitga transçegaraviy ta'sir körsatişi mumkin bölgan favqulodda vaziyatlar haqida özaro axborot almaşiş mexanizmlarini işlab çiqişi közda tutilgan [6; 4-modda].

Uşbu kelişuvning amaliy natijadorligi qöşma komissiya faoliyati, muntazam yiğilişlar, suv namunalarini oliş, laboratoriya tahlillari va ekologik ma'lumotlarni soliştiriş orqali ta'minlanişi mumkin. Demak, huquqiy hamkorlikning samarasi ilmiy taşkilotlar va oliy ta'lim muassasalarining uşbu jarayonlarga jalb etilişi bilan yanada ortadi.

Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi strategik hamkorlik 2024-yilda ham yangi bosqiçga kötarildi. 8-avgust kuni ikki davlat rahbarlari oliy darajadagi Davlatlararo kengaşning birinçi yiğilişi doirasida qöşma bayonot va 2024-2034-yillarga möljallangan strategik şeriklik hamda ittifoqçilik dasturini tasdiqlaşga oid hujjatlarni imzoladilar [7]. Uşbu keng kölamli hamkorlik muhiti ekologiya, suv resurslari, ilm-fan va ta'lim sohalaridagi aloqalarni rivojlantiriş uçun ham imkoniyat yaratadi. Biroq ekologik tadqiqotlarning aniq natijalarini baholaşda umumiy strategik hujjatlar bilan bevosita ekologiyaga oid bitim va amaliy loyihalarni farqlaş zarur.

2025-yil 15-noyabrda Özbekiston va Qozoğiston örtasida transçegaraviy suv obyektlarini birgalikda boşqariş va ulardan oqilona foydalaniş töğrisidagi bitim imzolandi. Özbekistonning tegişli içki tartib-taomillari 2026-yil mart oyida yakunlandi. Bu jarayon ikki mamlakat örtasida suv resurslarini boşqariş böyiça tizimli hamkorlikni rivojlantirişga qaratilgan muhim qadamdir [8].

Mazkur huquqiy asoslar va amaliy taşabbuslardan kelib çiqib, quyidagi qöşma ilmiy loyihalarni rivojlantiriş maqsadga muvofiq:

- Sirdaryo havzasida suv sifati va ifloslaniş manbalarini muntazam örganiş.
- Orolböyi hududlarida çöllaniş, tuproq şörlanişi va ösimlik qoplamidagi özgarişlarni raqamli xaritalaş.
- Çegaradoş hududlarda qum va çang böronlarining tarqalişini kuzatiş.
- Ekologik monitoring natijalarini yagona elektron ma'lumotlar bazasida jamlaş.
- Özbekiston va Qozoğiston oliy ta'lim muassasalari örtasida talabalar va yoş olimlarning qöşma dala tadqiqotlarini taşkil etiş.

Bunday taşabbuslar ikki mamlakat örtasidagi siyosiy va huquqiy kelişuvlarni ilmiy natijalar, amaliy tavsiyalar va ekologik ta'lim mazmuni bilan boyitişga xizmat qiladi.

3. Özbekiston Prezidentining ekologiya va ta'lim sohasidagi taşabbuslari.

Özbekistonda ekologik barqarorlikni ta'minlaş davlat siyosatining muhim yönalişlaridan biri hisoblanadi. Prezident farmonlari va qarorlarida tabiiy resurslarni muhofaza qiliş, ekologik madaniyatni oşiriş, suvdan oqilona foydalaniş hamda ta'lim tizimiga zamonaviy yondaşuvlarni joriy etiş vazifalari belgilangan.

Xususan, Özbekiston Respublikasi Prezidentining 2019-yil 30-oktabrdagi PF-5863-son Farmoni bilan tasdiqlangan Atrof-muhitni muhofaza qiliş konsepsiyasida ekologik monitoringni takomillaştiriş, tabiatni muhofaza qilişni ilmiy jihatdan ta'minlaş, aholining ekologik madaniyatini yuksaltiriş va xalqaro hamkorlikni kengaytiriş vazifalari belgilangan [1; konsepsiyaning I-II boblari]. Hujjatda Orol dengizining qurigan tubidagi

örmonzorlarni kengaytiriş va qişloq xöjaligida suvdan foydalaniş samaradorligini oşiriş böyiça ham maqsadli körsatkiçlar nazarda tutilgan [1; VI bob].

Mazkur vazifalar tabiiy fanlar böyiça ilmiy tadqiqotlarni rivojlantiriş uçun muhim asos yaratadi. Masalan, ekologiya va geografiya yönalişidagi talabalar Orolböyi hududida ösimlik qoplamining özgarişini sun'iy yöldoş tasvirlari yordamida örganişi, tuproq şörlanişini xaritalaşi va suv resurslaridan foydalaniş samaradorligini tahlil qilişi mumkin. Bunday tadqiqotlar davlat ekologik siyosatida belgilangan maqsadlarni ta'lim va ilm-fan bilan boğlaş imkonini beradi.

Prezidentning 2022-yil 28-yanvardagi PF-60-son Farmoni bilan tasdiqlangan 2022-2026-yillarga möljallangan Yangi Özbekistonning taraqqiyot strategiyasi ham mamlakatni modernizatsiya qiliş, ta'lim sifatini oşiriş va ekologik muammolarni hal etişga qaratilgan muhim strategik hujjatlardan biridir [2]. Strategik vazifalar doirasida tabiiy fanlar ta'limini real hayotdagi ekologik muammolar bilan boğlaş, ilmiy izlanişlarga yoşlarni jalb etiş va zamonaviy texnologiyalardan foydalaniş alohida ahamiyat kasb etadi.

2023-yil 11-sentabrdagi PF-158-son Farmon bilan tasdiqlangan "Özbekiston - 2030 strategiyasi"da suv resurslarini tejaş va atrof-muhitni muhofaza qiliş mamlakat taraqqiyotining ustuvor yönalişlari qatorida belgilangan [3]. Uşbu maqsadlarni amalga oşirişda oliy ta'lim muassasalari, ilmiy-tadqiqot markazlari va xalqaro hamkor taşkilotlarning özaro aloqalari muhim örin tutadi.

Ekologik ta'limning huquqiy asoslari ham izçil takomillaştirilmoqda. Özbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2019-yil 27-maydagi 434-son qarori bilan Özbekistonda ekologik ta'limni rivojlantiriş konsepsiyasi tasdiqlangan. Unda ekologik ta'limni maktabgaça ta'limdan boşlab oliy ta'lim va mutaxassislar malakasini oşirişgaça bölgan bosqiçlarda rivojlantiriş nazarda tutilgan [9; 1-10-boblar].

2025-yil 15-mayda Prezident tomonidan aholining ekologik ongini 2030-yilgaça oşiriş konsepsiyasi tasdiqlanişi ham ekologik ma'rifatga e'tibor kuçayib borayotganini körsatadi. Rasmiy ma'lumotga köra, 2030-yilgaça maktabgaça ta'lim taşkilotlaridagi 3,3 million nafar bolada ekologik ongni şakllantiriş, umumta'lim maktablaridagi 4,2 million nafar öquvçining ekologik ta'limi va madaniyatini kuçaytiriş rejalaştirilgan [10].

Uşbu taşabbuslarning ilmiy-pedagogik ahamiyati şundaki, ekologik ta'lim faqat tabiatni muhofaza qiliş qoidalarini örgatiş bilan çeklanmasligi kerak. U öquvçi va talabalarda ekologik vaziyatni tahlil qiliş, dalillarga asoslangan qaror qabul qiliş, tabiiy resurslardan oqilona foydalaniş va jamoaviy loyihalarda iştirok etiş kompetensiyalarini ham şakllantirişi lozim.

Şu sababli Özbekiston va Qozoğiston ta'lim muassasalari örtasida ekologik ta'lim böyiça tajriba almaşiş, qöşma öquv dasturlarini işlab çiqiş, talabalar uçun ekologik ekspeditsiyalar taşkil etiş va ilmiy natijalarni elektron platformalarda almaşiş istiqbolli yönalişlar hisoblanadi.

4. Tabiiy fanlarni öqitişda pedagogik innovatsiyalar va raqamli texnologiyalar.

Zamonaviy ta'lim tizimida tabiiy fanlarni öqitişning samaradorligi nazariy bilimlar bilan amaliy tadqiqotlarni uyğunlaştirişga boğliq. An'anaviy darslarda geografik obyektlar, ekologik jarayonlar va tabiiy hodisalar köpinça matn yoki statik xaritalar orqali tuşuntiriladi. Biroq raqamli texnologiyalar uşbu jarayonlarni dinamik kuzatiş, özgarişlarni soliştiriş va olingan ma'lumotlar asosida mustaqil xulosalar çiqariş imkonini beradi.

Birinçidan, geografik axborot tizimlari (GIS) yordamida suv havzalari, tuproq turlari, ösimlik qoplami, aholi punktlari va ekologik xavf manbalarini bir xaritada birlaştiriş mumkin. Masalan, talabalar Özbekiston va Qozoğistonning Sirdaryo havzasiga tutaş hududlarini örganib, suv sifati böyiça kuzatuv nuqtalarini xaritaga joylaştirişi, ularning geografik örnini taqqoslaşi va ifloslaniş ehtimoli yuqori bölgan hududlarni aniqlaşi mumkin.

Ikkinçidan, masofadan zondlaş texnologiyalari ekologik özgarişlarni uzoq muddat davomida kuzatiş imkonini beradi. Sun'iy yöldoş tasvirlarini turli yillar kesimida taqqoslaş orqali suv yuzasi, yer qoplami, ösimliklarning rivojlanişi va çöllaniş jarayonlarini tahlil qiliş mumkin. Bunday işlar talabalarning nafaqat geografik bilimlarini, balki ma'lumotlar bilan işlaş va ilmiy dalillarni şarhlaş qobiliyatini ham rivojlantiradi.

Uçinçidan, loyiha asosida öqitiş (Project-Based Learning) tabiiy fanlarni real muammolar bilan boğlaşga yordam beradi. Masalan, Özbekiston va Qozoğiston oliy ta'lim muassasalari talabalari uçun "Sirdaryo havzasida suv sifatini baholaş", "Orolböyida çöllaniş va ösimlik qoplamining özgarişi" yoki "Çegaradoş hududlarda ekologik xavflarni raqamli xaritalaş" kabi qöşma loyihalar taşkil etiş mumkin.

Bunday loyihalarda talabalar muammoni aniqlaş, tadqiqot rejasini tuziş, kuzatuv va ölçovlarni amalga oşiriş, natijalarni statistik yoki kartografik usulda tahlil qiliş hamda ilmiy hisobot tayyorlaş bosqiçlaridan ötadi. Natijada ta'lim jarayoni tayyor ma'lumotlarni özlaştirişdan mustaqil bilim yaratiş va amaliy muammolarni hal etişga yönaltiriladi.

Törtinçidan, virtual laboratoriyalar va raqamli simulyatsiyalar murakkab tabiiy jarayonlarni tuşuntirişda samarali vosita bölişi mumkin. Jumladan, suv aylanişi, daryo havzalaridagi oqim, tuproq eroziyasi, iqlim

özgarişi va ekotizimlar örtasidagi boğliqliklarni interaktiv modellar orqali örganiş talabalarning mavzuni çuqurroq anglaşiga yordam beradi.

Beşinçidan, sun'iy intellekt vositalari ekologik ma'lumotlarni saralaş, katta hajmdagi kuzatuv natijalaridagi tendensiyalarni aniqlaş va dastlabki tahliliy xulosalarni tayyorlaşda qöllanişi mumkin. Biroq sun'iy intellekt taqdim etgan natijalar işonçli manbalar, ölçovlar va ilmiy metodlar asosida tekşirilişi zarur. Talabalar algoritm natijalarini tayyor haqiqat sifatida qabul qilmasdan, ularning aniqligi va çeklovlarini baholaşga örgatilişi lozim.

Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi ekologik hamkorlik töğrisidagi bitimda qöşma ta'lim dasturlari, ilmiy tadqiqotlar va mutaxassislar tayyorlaş masalalarining belgilanişi uşbu pedagogik yondaşuvlarni rivojlantiriş uçun muhim imkoniyat yaratadi [6; 2-modda]. Şu asosda universitetlar örtasida talabalar almaşinuvi, qöşma ilmiy seminarlar, masofaviy ma'ruzalar va ekologik ma'lumotlarni tahlil qiliş böyiça amaliy maşğulotlar taşkil etilişi mumkin.

Bunda pedagogning vazifasi ham özgaradi: u faqat ma'lumot yetkazuvçi emas, balki ilmiy izlanişni taşkil etuvçi, raqamli manbalarni tanlaşga yönaltiruvçi va talabalarning mustaqil fikrlaşini rivojlantiruvçi mutaxassis sifatida namoyon böladi. Şu sababli tabiiy fanlar öqituvçilarining GIS, raqamli xaritalaş, ekologik monitoring, ma'lumotlar tahlili va innovatsion ta'lim metodlari böyiça malakasini oşiriş muhim hisoblanadi.

5. Qöşma ekologik-geografik tadqiqotlar va pedagogik innovatsiyalarni rivojlantiriş istiqbollari.

Özbekiston va Qozoğiston örtasidagi hamkorlikning istiqboli mavjud huquqiy kelişuvlarni amaliy ilmiy va ta'limiy loyihalar bilan mustahkamlaşga boğliq. Buning uçun davlat taşkilotlari, universitetlar, ilmiy markazlar va ekologik monitoring bilan şuğullanuvçi muassasalar örtasidagi aloqalarni tizimli yölga qöyiş lozim.

Birinçi navbatda, ikki davlat olimlari iştirokida qöşma ekologik-geografik tadqiqotlar dasturini işlab çiqiş maqsadga muvofiq. Dasturda Sirdaryo havzasidagi suv sifati, Orolböyi ekotizimlari, çöllaniş, tuproq degradatsiyasi va biologik xilma-xillikni saqlaş kabi yönalişlar ustuvor bölişi mumkin. Tadqiqotlar uçun umumiy metodik mezonlarni belgilaş natijalarni özaro taqqoslaş va işonçli xulosalar çiqariş imkonini beradi.

Ikkinçidan, ekologik monitoring ma'lumotlarini almaşiş mexanizmlarini takomillaştiriş zarur. Suv namunalarini oliş joylari, ölçov vaqti, laboratoriya usullari va natijalarni qayd etiş tartibining muvofiqlaştirilişi ikki mamlakat olimlari örtasidagi ilmiy hamkorlikni mustahkamlaydi. Uşbu yönaliş 2022-yilgi ekologik hamkorlik bitimida belgilangan monitoring va axborot almaşiş vazifalariga ham mos keladi [6; 2-4-moddalar].

Uçinçidan, oliy ta'lim muassasalari örtasida qöşma ekologik ta'lim platformasini şakllantiriş mumkin. Unda elektron xaritalar, laboratoriya natijalari, dala tadqiqotlari hisobotlari, videoma'ruzalar va metodik materiallar jamlanadi. Bunday platforma turli hududlarda tahsil olayotgan talabalar uçun bir xil ilmiy ma'lumotlardan foydalaniş va özaro tajriba almaşiş imkonini yaratadi.

Törtinçidan, talabalar va yoş tadqiqotçilarni amaliy ekologik loyihalarga jalb etiş muhim. Masalan, har yili Özbekiston va Qozoğiston oliy ta'lim muassasalari iştirokida ekologik-geografik ekspeditsiyalar, ilmiy tanlovlar, talabalar konferensiyalari va raqamli xaritalaş böyiça amaliy maşğulotlar taşkil etiş mumkin. Bunday tadbirlar yoşlarning tadqiqotçilik qobiliyatini rivojlantiriş bilan birga, ikki mamlakat örtasidagi ilmiy va madaniy aloqalarni ham mustahkamlaydi.

Beşinçidan, qöşma tadqiqotlar natijalarini baholaşda aniq körsatkiçlardan foydalaniş lozim. Bular qatoriga bajarilgan qöşma tadqiqotlar soni, monitoring ma'lumotlari bilan almaşiş muntazamligi, talabalar va öqituvçilar iştiroki, çop etilgan ilmiy maqolalar, yaratilgan raqamli xaritalar hamda işlab çiqilgan amaliy tavsiyalarni kiritiş mumkin. Uşbu körsatkiçlar hamkorlikning natijadorligini baholaş va kelgusidagi ustuvor vazifalarni belgilaşga yordam beradi.

Umuman olganda, qöşma ekologik-geografik tadqiqotlar va pedagogik innovatsiyalarni özaro boğliq holda rivojlantiriş Markaziy Osiyoda tabiiy fanlar ta'limining sifatini oşiriş, ekologik muammolarni ilmiy asosda örganiş va yoş avlodning ekologik mas'uliyatini kuçaytiriş uçun muhim imkoniyat yaratadi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR VA MANBALAR:

1. Özbekiston Respublikasi Prezidentining 2019-yil 30-oktabrdagi PF-5863-son Farmoni. 2030-yilgaça bölgan davrda Özbekiston Respublikasining Atrof-muhitni muhofaza qiliş konsepsiyasini tasdiqlaş töğrisida. LexUZ. Rasmiy manba.

2. Özbekiston Respublikasi Prezidentining 2022-yil 28-yanvardagi PF-60-son Farmoni. 2022–2026-yillarga möljallangan Yangi Özbekistonning taraqqiyot strategiyasi töğrisida. LexUZ. Rasmiy manba.

3. Özbekiston Respublikasi Prezidentining 2023-yil 11-sentabrdagi PF-158-son Farmoni. Özbekiston - 2030 strategiyasi töğrisida. Özbekiston Respublikasi hukumat portali.

4. CAREC. What did Kazakhstan and Uzbekistan discuss at the 6th meeting of the Kazakhstan-Uzbekistan joint working group on environmental protection and water quality issues in the Syrdarya river basin? 11 January 2024. Elektron manba.

5. CAWater-Info. Section 4. Bilateral water cooperation between the countries of Central Asia. 2024-yilgi tahliliy ma'lumot. Elektron manba.

6. Özbekiston Respublikasi Hukumati va Qozoğiston Respublikasi Hukumati örtasida ekologiya va atrof-muhitni muhofaza qiliş sohasidagi hamkorlik töğrisidagi bitim. Toşkent, 2022-yil 22-dekabr. Qozoğiston Respublikasining 2024-yil 7-noyabrdagi 134-VIII-son ratifikatsiya qonuni. Adilet huquqiy axborot tizimi.

7. President of the Republic of Uzbekistan. Uzbekistan–Kazakhstan Talks: Key Outcomes. 8 August 2024. Rasmiy manba.

8. Özbekiston Respublikasi Suv xöjaligi vazirligi. Uzbekistan–Kazakhstan: A New Stage of Cooperation in Water Management. 12 Març 2026. Rasmiy manba.

9. Özbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2019-yil 27-maydagi 434-son qarori. Özbekiston Respublikasida ekologik ta'limni rivojlantiriş konsepsiyasini tasdiqlaş töğrisida. LexUZ. Rasmiy manba.

10. Özbekiston Respublikasi Ekologiya va iqlim özgarişi milliy qömitasi. A presidential resolution has been adopted to enhance ecological culture. 19 May 2025. Rasmiy manba.

УДК 378.014.24:327(574:575.1)
UDC 378.014.24:327(574:575.1)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

ACADEMIC COOPERATION AND INTEGRATION OF HIGHER EDUCATION IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Елікбай М.
Yelikbay M.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: max_elikbai@mail.ru

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының жоғары білім беру жүйелері арасындағы академиялық ынтымақтастықтың қазіргі бағыттары мен интеграциялық әлеуеті қарастырылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Орталық Азиядағы өңірлік өзара іс-қимылдың күшеюімен, жоғары білім сапасын арттыру қажеттілігімен және ғылыми-білім беру байланыстарын кеңейтумен айқындалады. Мақалада студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, бірлескен білім беру бағдарламалары, қос диплом беру тәжірибесі, ғылыми-зерттеу жобалары және жоғары оқу орындары арасындағы институционалдық әріптестік талданады. Сонымен қатар, академиялық кредиттерді тану, білім беру бағдарламаларын үйлестіру, қаржыландыру және цифрлық инфрақұрылымды дамыту мәселелері интеграцияны тереңдетуге ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторлар ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалық және жүйелік тәсілдер пайдаланылды. Ашық дереккөздерде жарияланған университетаралық ынтымақтастық мысалдары екі ел арасындағы байланыстың білім беру және ғылыми бағыттарда дамып келе жатқанын көрсетеді. Мақала қорытындысында академиялық ұтқырлықты кеңейту, бірлескен ғылыми орталықтар құру, оқу нәтижелерін тану рәсімдерін жетілдіру және ынтымақтастық тиімділігін өлшейтін көрсеткіштер жүйесін енгізу жөнінде ұсыныстар беріледі. Бұл шаралар ұлттық білім беру жүйелерінің дербестігін сақтай отырып, өңірлік ғылыми-білім беру кеңістігін қалыптастыруға және екі елдің адами капиталын дамытуға мүмкіндік береді.*

Abstract. *This article examines the current directions and integration potential of academic cooperation between the higher education systems of the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan. The relevance of the topic is determined by growing regional interaction in Central Asia, the need to improve higher education quality, and the expansion of scientific and educational ties. The article discusses student and staff mobility, joint educational programmes, double-degree initiatives, research projects, and institutional partnerships between universities. It also considers the recognition of academic credits, the alignment of curricula, funding, and digital infrastructure as factors that may facilitate or constrain deeper integration. The study uses comparative-analytical and systems approaches. Examples of university cooperation reported in public sources indicate that bilateral ties are developing in both education and research. The article concludes with recommendations to expand academic mobility, establish joint research centres, improve procedures for recognizing learning outcomes, and introduce measurable indicators to assess the effectiveness*

of cooperation. These measures can support the development of a regional academic and research space while preserving the autonomy of national education systems and strengthening human capital in both countries.

Түйін сөздер: *академиялық ынтымақтастық, жоғары білім, Қазақстан, Өзбекстан, академиялық ұтқырлық, интеграция, ғылыми зерттеулер.*

Keywords: *academic cooperation, higher education, Kazakhstan, Uzbekistan, academic mobility, integration, research.*

Кіріспе

Жаһандану және білім экономикасының қалыптасуы жағдайында жоғары білім беру жүйелерінің халықаралық ынтымақтастығы мемлекеттердің адами капиталын дамытуға, ғылыми әлеуетін арттыруға және еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделуге ықпал ететін маңызды факторға айналды. Университеттер арасындағы байланыстар білім алушылар мен оқытушылардың тәжірибе алмасуына, жаңа білім беру технологияларын таратуға және бірлескен ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Орталық Азия мемлекеттері үшін академиялық ынтымақтастықтың маңызы ерекше. Қазақстан мен Өзбекстан тарихи, мәдени және географиялық тұрғыдан тығыз байланысты, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік даму салаларында ортақ мүдделерге ие. Екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы серіктестік мамандар даярлау сапасын жақсартуға, өңірлік ғылыми мәселелерді бірлесіп зерттеуге және жастар арасындағы гуманитарлық байланыстарды нығайтуға жағдай жасайды.

Академиялық ынтымақтастықты тек студенттер алмасуымен шектеуге болмайды. Ол бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, оқытушылардың біліктілігін арттыруды, ғылыми жобаларды іске асыруды, академиялық нәтижелерді тануды және университеттердің тұрақты институционалдық әріптестігін қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім беру жүйелерінің интеграциясын зерттеу теориялық әрі практикалық маңызға ие.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы академиялық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын анықтау, интеграцияға кедергі келтіретін мәселелерді талдау және екіжақты өзара іс-қимылды жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу барысында салыстырмалы-талдамалық және жүйелік тәсілдер қолданылып, университеттердің ашық ақпараттық материалдарында жарияланған ынтымақтастық мысалдары қарастырылады.

1. Академиялық ынтымақтастық пен білім беру интеграциясының теориялық негіздері

Академиялық ынтымақтастық – білім беру және ғылыми ұйымдардың білім, тәжірибе, ресурстар мен зерттеу нәтижелерін алмасуға бағытталған жүйелі өзара іс-қимылы. Оның негізгі нысандарына студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, бірлескен оқу бағдарламалары, ғылыми конференциялар, тағылымдамалар, зерттеу жобалары және оқу-әдістемелік материалдармен алмасу жатады.

Білім беру интеграциясы ынтымақтастыққа қарағанда кеңірек ұғым болып табылады. Ол ұлттық жүйелердің толық бірігуін міндетті түрде білдірмейді, керісінше олардың белгілі бір элементтерінің үйлесімділігін арттыруға бағытталады. Мұндай элементтерге оқу нәтижелерін салыстыру, академиялық кредиттерді тану, білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және біліктіліктерді тану рәсімдері кіреді.

Интеграцияның маңызды қағидаты – ұлттық білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін сақтау. Қазақстан мен Өзбекстанның нормативтік талаптары, білім беру дәстүрлері және институционалдық құрылымдары бірдей болмауы мүмкін. Сондықтан тиімді ынтымақтастық барлық ережелерді біріздендіруді емес, өзара түсінікті және үйлесімді рәсімдерді қалыптастыруды көздеуі тиіс.

Академиялық серіктестіктің нәтижелілігі жасалған меморандумдардың санымен ғана өлшенбеуі керек. Нақты нәтижелерге қатысқан студенттердің саны, іске асырылған бірлескен бағдарламалар, танылған кредиттер, жарияланған ғылыми еңбектер және аяқталған зерттеу жобалары жатады. Осы көрсеткіштер ынтымақтастықтың мазмұнын және оның білім сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

2. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі бағыттары

Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы серіктестік білім беру бағдарламаларын дамыту, ғылыми байланыстар орнату және академиялық ұтқырлықты кеңейту бағыттарында жүзеге асырылып келеді. Ашық дереккөздерде жарияланған мысалдар екі елдің жоғары оқу орындары әріптестікті нақты білім беру және зерттеу бастамалары арқылы тереңдетуге ұмтылып отырғанын көрсетеді.

2025 жылғы наурызда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің өкілдері Өзбекстанның бірқатар жоғары оқу орындарымен кездесіп, бірлескен білім беру бағдарламаларын, ғылыми жобаларды және академиялық ұтқырлықты дамыту мәселелерін талқылады. Кездесулер

аясында қолданбалы химия мен ақпараттық технологиялар бағытындағы ынтымақтастыққа да назар аударылды [1]. Бұл мысал шекаралас өңірлердегі университеттердің географиялық жақындығын тиімді пайдалану мүмкіндігін көрсетеді.

2025 жылғы қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақстан бөлімшесі арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалғаны хабарланды. Құжат ғылыми-зерттеу байланыстарын, академиялық ұтқырлықты және бірлескен бастамаларды дамытуға бағытталған [2].

Сол кезеңде Satbayev University мен Ташкент халықаралық химия университеті білім беру бағдарламаларын жетілдіру, студенттер мен оқытушылар алмасу және цифрлық технологиялар мен инженерия салаларындағы зерттеулер бойынша ынтымақтастықты талқылады [3]. Мұндай байланыстар техникалық білім беру саласында тәжірибе алмасуға және еңбек нарығы сұранысына сай мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Аталған мысалдар университетаралық серіктестіктің әртүрлі бағытта дамып келе жатқанын көрсеткенімен, олардың ұзақ мерзімді тиімділігін бағалау үшін бағдарламалардың орындалуы туралы қосымша деректер қажет. Атап айтқанда, бірлескен жобалардың нақты нәтижелері, қатысушылар саны, қаржыландыру көлемі және білім алушылардың жетістіктері тұрақты түрде жарияланып отыруы маңызды.

3. Академиялық ұтқырлықтың интеграциядағы рөлі

Академиялық ұтқырлық студенттерге, оқытушыларға және зерттеушілерге серіктес елдің университетінде белгілі бір мерзім бойы білім алуға, сабақ беруге немесе ғылыми зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе кәсіби білімді тереңдетумен қатар, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.

Студенттер үшін басқа елдің жоғары оқу орнында оқу жаңа пәндерді меңгеруге, зерттеу әдістерімен танысуға және болашақ кәсіби байланыстар орнатуға жағдай жасайды. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ұтқырлықтың қосымша артықшылығы – мәдени және тарихи жақындық. Бұл бейімделу үдерісін жеңілдетуі мүмкін, бірақ оқу бағдарламалары мен әкімшілік талаптардың айырмашылықтарын алдын ала ескеру қажет.

Академиялық ұтқырлықтың тиімділігі бірнеше факторға байланысты. Біріншіден, студенттің серіктес университетте меңгерген пәндері негізгі университетте танылуы тиіс. Екіншіден, жол жүру және тұру шығындарын жабуға арналған стипендиялар мен қаржылық қолдау маңызды. Үшіншіден, студенттер мен оқытушыларға бағдарламалар туралы толық әрі уақытылы ақпарат берілуі керек.

Осы мәселелерді шешу үшін университеттер оқу жоспарын алдын ала келісіп, танылатын пәндер мен кредиттерді бекітіп, қатысушыларға арналған бірыңғай ақпараттық нұсқаулық әзірлей алады. Сонымен қатар, семестрлік алмасумен қатар жазғы мектептер, қысқа мерзімді тағылымдамалар, бірлескен семинарлар және онлайн курстар сияқты икемді форматтарды дамыту қажет.

Қысқа мерзімді академиялық бағдарламалар қаржылық немесе отбасылық себептермен ұзақ уақытқа шетелге шыға алмайтын студенттердің қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Сондықтан ұтқырлықты дамытуда бағдарламалардың ұзақтығы мен форматын әртүрлі қажеттіліктерге бейімдеу маңызды.

4. Бірлескен білім беру бағдарламалары және біліктіліктерді тану

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы интеграцияны тереңдетудің маңызды жолдарының бірі – бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Мұндай бағдарламалар екі университеттің оқу ресурстарын біріктіріп, студенттерге әртүрлі академиялық ортаның тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қос диплом бағдарламалары осы ынтымақтастықтың ықтимал нысандарының бірі болып табылады. Олар студенттің келісілген оқу жоспарын орындауын, екі университеттің талаптарын сақтауын және белгіленген қорытынды бағалаудан өтуін көздейді. Мұндай бағдарламаларды енгізу кезінде оқу мерзімі, пәндердің мазмұны, бағалау жүйесі, диплом беру шарттары және сапаны қамтамасыз ету талаптары алдын ала келісілгені жөн.

Бірлескен бағдарламаларды инженерия, ақпараттық технологиялар, химия, ауыл шаруашылығы, экономика, педагогика және экология салаларында дамытуға болады. Бұл бағыттар екі елдің экономикалық және әлеуметтік даму міндеттерімен байланысты. Мысалы, су ресурстарын басқару, аграрлық технологиялар мен экологиялық қауіпсіздік бойынша мамандар даярлау өңірлік мәселелерді шешуге үлес қоса алады.

Сонымен қатар, академиялық кредиттерді, білім туралы құжаттарды және кәсіби біліктіліктерді тану ұғымдарын ажырата білу қажет. Академиялық кредиттерді тану студенттің басқа университетте оқыған пәндерін есепке алуға қатысты болса, білім туралы құжатты тану тиісті дипломның немесе

біліктіліктің мәртебесін анықтауға бағытталады. Ал реттелетін кәсіптерде жұмыс істеу үшін қосымша кәсіби талаптар қойылуы мүмкін.

Осыған байланысты университеттер ұлттық заңнама мен қолданылатын халықаралық келісімдерге сүйене отырып, оқу нәтижелерін танудың түсінікті рәсімдерін әзірлеуі қажет. Бұл студенттердің академиялық ұтқырлығын жеңілдетіп, бірлескен бағдарламалардың тартымдылығын арттырады.

5. Ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы және ортақ ғылыми кеңістік

Жоғары білім интеграциясының тұрақты болуы ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының дамуымен тығыз байланысты. Бірлескен зерттеулер университеттердің ғылыми әлеуетін біріктіруге, зерттеу инфрақұрылымын тиімді пайдалануға және өңір үшін маңызды мәселелерді кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Өзбекстан үшін су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруі, энергетика, азық-түлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және цифрлық технологиялар салаларындағы зерттеулердің маңызы зор. Бұл мәселелер бір мемлекеттің шеңберімен шектелмейтіндіктен, ғылыми ұйымдардың өзара іс-қимылы ортақ шешімдер іздеуге ықпал етеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақстан бөлімшесі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум ғылыми байланыстарды кеңейтуге бағытталған мысалдардың бірі болып табылады [2]. Мұндай серіктестікті бірлескен зерттеу топтарын құру, ғылыми семинарлар өткізу және жас ғалымдардың тәжірибе алмасуын ұйымдастыру арқылы дамытуға болады.

Перспективалы бағыттардың бірі – ортақ ғылыми зертханалар мен зерттеу орталықтарын қалыптастыру. Олардың қызметі зерттеу жабдықтарын ортақ пайдалануға, ғылыми деректермен алмасуға және пәнаралық жобаларды іске асыруға жағдай жасайды. Сонымен бірге магистранттар мен докоранттардың бірлескен зерттеулеріне қолдау көрсету маңызды.

Ғылыми ынтымақтастықты тұрақты ету үшін бірлескен гранттық конкурстар, ұзақ мерзімді қаржыландыру тетіктері және зерттеу нәтижелерін практикалық қолдануға бағытталған жобалар қажет. Нәтижелілікті тек жарияланым саны арқылы емес, ғылыми жаңалықтың маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің қолданылуы және олардың өңірлік проблемаларды шешуге қосқан үлесі арқылы бағалау керек.

6. Академиялық интеграцияның негізгі мәселелері

Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті жоғары болғанымен, оның дамуына әсер ететін бірқатар ұйымдастырушылық және институционалдық мәселелер бар.

Бірінші мәселе – ұлттық нормативтік талаптар мен әкімшілік рәсімдердің айырмашылығы. Бірлескен бағдарламаларды бекіту, академиялық кредиттерді тану және білім беру құжаттарын рәсімдеу кезінде университеттер әртүрлі талаптарға тап болуы мүмкін. Сондықтан рәсімдердің ашықтығы мен алдын ала келісілген тәртібі маңызды.

Екінші мәселе – қаржыландырудың жеткіліктілігі. Академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми жобалар мен зертханаларды ұйымдастыру қаржылық ресурстарды талап етеді. Ұзақ мерзімді қаржыландыру болмаған жағдайда бастамалар қысқа мерзімдік сипатта қалуы мүмкін.

Үшінші мәселе – ақпараттың қолжетімділігі. Студенттер мен оқытушылардың бағдарламалар, конкурс мерзімдері, стипендиялар және қатысу шарттары туралы ақпаратты бір жерден алу мүмкіндігі болуы керек. Университеттердің халықаралық бөлімдері арасындағы үйлестіруді күшейту бұл мәселені жеңілдетеді.

Төртінші мәселе – білім сапасын қамтамасыз ету. Бірлескен бағдарламалар екі елдің заңнамалық талаптарына сай болуы және студенттерге нақты академиялық нәтижелер беруі қажет. Ол үшін оқу бағдарламаларын тұрақты бағалау және қатысушылардың пікірін жинау маңызды.

Бесінші мәселе – цифрлық инфрақұрылымның әлеуетін толық пайдалану қажеттілігі. Онлайн дәрістер, виртуалды ғылыми семинарлар және ортақ цифрлық ресурстар географиялық қашықтық пен шығындардың әсерін азайта алады.

Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекеттік органдар, университет басшылығы, оқытушылар, студенттер және жұмыс берушілер арасында тұрақты байланыс орнату қажет. Ынтымақтастықтың нәтижелері жүйелі түрде бағаланып, анықталған кемшіліктерге сәйкес бағдарламалар жетілдірілуі тиіс.

7. Ынтымақтастықты дамытудың перспективалары мен ұсыныстар

Қазақстан мен Өзбекстанның академиялық серіктестігін одан әрі дамыту үшін бірнеше өзара байланысты шараны іске асыру ұсынылады.

Біріншіден, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын жүйелі түрде кеңейту қажет. Бұл студенттер мен оқытушыларға арналған стипендияларды көбейтуді, қысқа мерзімді тағылымдамаларды дамытуды және оқу нәтижелерін алдын ала келісуді қамтиды.

Екіншіден, бірлескен магистрлік бағдарламалар мен қос диплом жобаларын көбейту маңызды. Бағдарламаларды таңдағанда екі елдің еңбек нарығындағы сұраныс пен ғылыми-технологиялық басымдықтар ескерілуі тиіс.

Үшіншіден, су ресурстары, экология, аграрлық ғылымдар, инженерия және цифрлық технологиялар бағыттарында бірлескен зерттеу орталықтарын құру ұсынылады. Мұндай орталықтар университеттердің материалдық және кадрлық мүмкіндіктерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, ортақ цифрлық академиялық платформаларды дамыту қажет. Платформада алмасу бағдарламалары, ашық онлайн курстар, ғылыми іс-шаралар, гранттық мүмкіндіктер және серіктес университеттер туралы ақпарат орналастырылуы мүмкін.

Бесіншіден, ынтымақтастықтың тиімділігін бағалау үшін нақты көрсеткіштер жүйесін енгізген жөн. Оларға академиялық ұтқырлыққа қатысушылар саны, іске асырылған бірлескен бағдарламалар, танылған кредиттер, ортақ ғылыми жобалар, жарияланымдар және қатысушылардың қанағаттану деңгейі кіруі мүмкін.

Алтыншыдан, университеттер мен жұмыс берушілердің байланысын күшейту керек. Өндірістік тәжірибе, дуалды оқыту және жұмыс берушілердің оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы түлектердің еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетеді.

Ұсынылған шараларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру ынтымақтастықтың тұрақтылығын арттырып, оны формалды келісімдерден нақты білім беру және ғылыми нәтижелерге бағыттауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы академиялық ынтымақтастық жоғары білім сапасын арттыруға, ғылыми әлеуетті дамытуға және Орталық Азиядағы гуманитарлық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды бағыт болып табылады. Екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы серіктестік академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары, ғылыми зерттеулер және институционалдық байланыстар арқылы дамып келеді.

Ашық дереккөздерде жарияланған университетаралық бастамалар ынтымақтастықтың білім беру және ғылыми бағыттарда кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен оның ұзақ мерзімді нәтижелілігі жасалған келісімдер санымен ғана емес, студенттерге, оқытушыларға және ғылыми қауымдастыққа беретін нақты мүмкіндіктерімен бағалануы тиіс.

Зерттеу нәтижелері академиялық интеграцияның тиімділігі оқу нәтижелерін тану рәсімдерін жетілдіруге, тұрақты қаржыландыруға, цифрлық инфрақұрылымға және университеттер арасындағы жүйелі үйлестіруге тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан академиялық ұтқырлықты кеңейту, қос диплом бағдарламаларын дамыту, бірлескен зерттеу орталықтарын құру және ынтымақтастық көрсеткіштерін жүйелі бақылау маңызды.

Қорытындылай келе, Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім беру саласындағы интеграциясы ұлттық жүйелердің дербестігін сақтай отырып, өзара үйлесімді академиялық тетіктер қалыптастыруға негізделуі қажет. Осындай тәсіл екі елдің адами капиталын дамытуға, университеттердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Орталық Азияның ортақ ғылыми-білім беру кеңістігін нығайтуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. M. Auezov South Kazakhstan Research University. Higher Education and Science Cooperation with Uzbek Partner Universities. 28 March 2025. URL: https://auezov.edu.kz/eng/home-en-gb/7374-higher-education-and-science-cooperation-with-uzbek-partner-universities (қаралған күні: 24.10.2026).

2. Al-Farabi Kazakh National University. KazNU and Academy of Sciences of Karakalpakstan signed a memorandum. 7 November 2025. URL: https://farabi.university/news/99663?lang=en (қаралған күні: 24.10.2026).

3. Satbayev University. Satbayev University and Tashkent Kimyo International University discussed the continuation of cooperation. 10 November 2025. URL: https://satbayev.university/en/news/-satbayev-university-and-tashkent-kimyo-international-university-discussed-the-continuation-of-cooperation (қаралған күні: 24.10.2026).

4. Satbayev University. Satbayev University has become a hub of knowledge in Central Asia: Kazakhstan shares its experience with universities in the region. 10 October 2025. URL:

https://satbayev.university/en/news/satbayev-university-has-become-a-hub-of-knowledge-in-central-asia-kazakhstan-shares-its-experience-with-universities-in-the-region (қаралған күні: 24.10.2026).

UDK 378.147.88
UDC 378.147.88

DUAL TA'LIM ASOSIDA TEXNIKA YO'NALISHI TALABALARINING KASBIY KOMPETENTLIGINI RIVOJLANTIRISHNING PEDAGOGIK ASOSLARI

PEDAGOGICAL FOUNDATIONS FOR DEVELOPING THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF TECHNICAL STUDENTS THROUGH DUAL EDUCATION

Zoxidov Iqboljon Zokirjonovich
Zokhidov Ikboljon Zokirjonovich
Farg'ona davlat texnika universiteti, Farg'ona, O'zbekiston.
Fergana State Technical University, Fergana, Uzbekistan.
yoturk1986@gmail.com, iqboljon.zoxidov@fstu.uz

Annotatsiya*. Ushbu tezisda dual ta'lim sharoitida texnika yo'nalishi talabalarining kasbiy kompetentligini rivojlantirishning pedagogik asoslari ko'rib chiqiladi. "Kasbiy kompetentlik" tushunchasining mazmuni ochib beriladi hamda texnik ta'limning o'ziga xos xususiyatlarini hisobga olgan holda uning asosiy tarkibiy qismlari belgilanadi. Ta'lim tashkilotidagi nazariy tayyorgarlik bilan ishlab chiqarishdagi amaliy faoliyatning o'zaro bog'liqligiga alohida e'tibor qaratiladi. Talabalarda texnik bilimlar, amaliy ko'nikmalar, muhandislik tafakkuri, mustaqillik va kasbiy vazifalarni hal qilishga tayyorlikni shakllantirishda dual ta'limdan foydalanish imkoniyatlari asoslanadi. Ushbu yondashuvni bo'lajak texnik mutaxassislarni tayyorlashga joriy etishning kutilayotgan natijalari ko'rib chiqiladi.*

Abstract: *This paper examines the pedagogical foundations for developing the professional competence of students in technical fields within the framework of dual education. It clarifies the concept of "professional competence" and identifies its principal components, taking into account the specific characteristics of technical education. Particular attention is given to the relationship between theoretical training provided by educational institutions and practical activities undertaken in industrial settings. The paper substantiates the potential of dual education to foster students' technical knowledge, practical skills, engineering thinking, independence, and readiness to address professional tasks. It also discusses the expected outcomes of implementing this approach in the training of future technical specialists.*

Kalit so'zlar*: dual ta'lim, kasbiy kompetentlik, texnik ta'lim, amaliy tayyorgarlik, ishlab chiqarish amaliyoti, kasbiy ko'nikmalar.*

Keywords: *dual education, professional competence, technical education, practical training, industrial practice, professional skills.*

Zamonaviy texnika sohasi yosh mutaxassislar oldiga faqat nazariy bilimlarga ega bo'lish va alohida o'quv topshiriqlarini bajarishdan iborat bo'lmagan talablarni qo'ymoqda. Bitiruvchi uskunalarning ishlash tamoyillarini tushunishi, texnik hujjatlar bilan ishlay olishi, ishlab chiqarish vazifalarini hal qilishda bilimlarini qo'llashi, xavfsizlik talablariga rioya qilishi va nostandart vaziyatlarda asoslangan qarorlar qabul qilishi zarur. Shu bilan birga, talaba auditoriyada o'rganadigan bilimlar bilan haqiqiy ishlab chiqarish jarayonida duch keladigan holatlar o'rtasida ko'pincha muayyan tafovut saqlanib qoladi. Shu sababli kasbiy kompetentlikni rivojlantirish masalasi texnik ta'lim uchun alohida dolzarb ahamiyat kasb etmoqda.

Kasbiy kompetentlik mutaxassisning o'z kasbiy vazifalarini bajarishga tayyorligini ifodalovchi yaxlit xususiyat hisoblanadi. U nafaqat bilimlar, ko'nikmalar va malakalar majmuini, balki ularni amaliyotda mustaqil qo'llash, yuzaga keladigan muammolarni tahlil qilish, o'z faoliyati natijalarini baholash va qabul qilingan qarorlar uchun mas'uliyatni o'z zimmasiga olish qobiliyatini ham qamrab oladi. Boshqacha aytganda, kompetent mutaxassis texnik qurilmaning qanday ishlashini bilish bilangina cheklanib qolmaydi, balki uning nosozlik sabablarini aniqlash, muammoni bartaraf etishning mumkin bo'lgan usullarini belgilash va eng maqbul yechimni tanlashga ham qodir bo'ladi [1-2].

Texnik ta'limda kasbiy kompetentlik o'ziga xos xususiyatlarga ega. U fundamental bilimlar, muhandislik tafakkuri, amaliy tajriba va doimiy kasbiy rivojlanishga tayyorlikning o'zaro uyg'unligi asosida shakllanadi. Bo'lajak muhandis, energetik, mexanik yoki avtomatlashtirish sohasi mutaxassisi bilimlarini o'quv auditoriyasidan ishlab chiqarish muhitiga ko'chira olishi kerak. Chunki ishlab chiqarishdagi sharoitlar har doim ham o'quv misollaridagi holatlarga mos kelavermaydi.

Texnika yo'nalishi talabalarining kasbiy kompetentligi mazmunini o'zaro bog'liq bo'lgan bir nechta tarkibiy qismlar orqali (1-rasm) ko'rib chiqish maqsadga muvofiq.



1-rasm. Texnika yo‘nalishi talabalarining kasbiy kompetentligi.

Mehnatni muhofaza qilish va kasbiy mas’uliyat sohasidagi kompetentlik ham alohida o‘rin tutadi. Elektr qurilmalari, sanoat mexanizmlari va energetika uskunalari bilan ishlash xavfsizlik texnikasi qoidalariga qat’iy rioya qilishni talab etadi. Mutaxassis xavf-xatarlarni baholash va xavfli vaziyatlarning oldini olishni bilmasa, hatto yuqori darajadagi texnik bilimlar ham yetarli hisoblanmaydi [3].

Yuqorida sanab o‘tilgan tarkibiy qismlar bir-biridan ajralgan holda mavjud bo‘lmaydi. Masalan, elektr uskunasidagi nosozlikni aniqlash jarayonida talaba nazariy bilimlarini qo‘llashi, o‘lchash asboblaridan to‘g‘ri foydalanishi, olingan ma’lumotlarni tahlil qilishi, xavfsizlik talablariga rioya etishi va ish natijalarini ustoziga tushuntirib berishi kerak. Aynan shunday vaziyatlarda kasbiy kompetentlik amaliy vazifalarni hal qilishga imkon beruvchi yaxlit qobiliyat sifatida namoyon bo‘ladi.

Shu munosabat bilan quyidagi savol tug‘iladi: shakllantirilayotgan kompetensiyalar faqat ta’limning kutilayotgan natijalari bo‘lib qolmasdan, bo‘lajak mutaxassis faoliyatida haqiqatan ham namoyon bo‘lishi uchun ta’lim jarayonini qanday tashkil etish kerak? Bu masalaning mumkin bo‘lgan yechimlaridan biri dual ta’lim hisoblanadi.

Dual ta’lim - ta’lim jarayoni ta’lim tashkiloti va korxona o‘rtasidagi o‘zaro hamkorlik asosida amalga oshiriladigan kasbiy tayyorgarlikni tashkil etish shaklidir. Nazariy bilimlar o‘quv sharoitida o‘zlashtiriladi, amaliy ko‘nikmalar esa ishlab chiqarishda kasbiy vazifalarni bajarish jarayonida shakllantiriladi va mustahkamlanadi. Bunday ta’lim tashkil etilganda korxona faqat amaliyot o‘tash joyi bo‘lib qolmay, balki bo‘lajak mutaxassisni tayyorlash jarayonining ham ishtirokchisiga aylanadi (2-rasm).

Dual ta’limning pedagogik imkoniyatlari shundaki, talaba o‘rganilayotgan fanlarning amaliyotda qanday qo‘llanilishini ko‘rish imkoniyatiga ega bo‘ladi. Formulalar, sxemalar, hisob-kitoblar va texnik atamalar shunchaki o‘quv materiali bo‘lib qolmaydi, balki muayyan ishlab chiqarish vazifalarini hal qilish vositasiga aylanadi. Masalan, elektrotexnika fanlarini o‘rganishda talaba nafaqat elektr zanjiri parametrlarini hisoblaydi, balki ustoz rahbarligida tegishli kattaliklarni o‘lchashda ishtirok etishi, og‘ishlarni tahlil qilishi va nosozliklarning ehtimoliy sabablarini aniqlashi ham mumkin.

Texnik yo‘nalishlarda mutaxassis tayyorlashda nazariyadan amaliyotga o‘tishning izchilligi ayniqsa muhimdir. Agar ishlab chiqarish faoliyati o‘rganilayotgan fanlar bilan bog‘lanmagan holda tashkil etilsa, amaliy tajriba tarqoq bo‘lib qolishi va texnik jarayonlarni chuqur tushunishga olib kelmasligi mumkin. Shuning uchun ishlab chiqarish topshiriqlarining mazmuni ta’lim dasturi, talabalarning tayyorgarlik darajasi va rejalashtirilgan ta’lim natijalari bilan muvofiqlashtirilishi zarur.

Dual ta’lim sharoitida kasbiy kompetentlikni rivojlantirishning pedagogik asoslarini bir-biri bilan bog‘liq bo‘lgan bir nechta qoidalar orqali yoritish maqsadga muvofiq.

Avvalo, nazariy va amaliy tayyorgarlikni integratsiyalash zarur. Dars mashg‘ulotlari, laboratoriya ishlari, amaliy mashg‘ulotlar va ishlab chiqarish topshiriqlari bir-birini to‘ldirishi kerak. Muayyan mavzu

o‘rganilgandan so‘ng talabaga tegishli bilimlarni amaliy vaziyatda qo‘llash imkoniyati berilishi lozim. O‘z navbatida, korxonada olingan tajriba ta’lim tashkilotida keyingi tahlil, hisob-kitob va muhokamalar uchun asos bo‘lib xizmat qilishi mumkin.



2-rasm. Dual ta’lim asosida mutaxassis tayyorlash.

Keyingi muhim jihat ta’limning faoliyatga yo‘naltirilgan xususiyati bilan bog‘liq. Kasbiy kompetensiyalar faqat tushuntirish va namoyish etish orqali emas, balki topshiriqlarni mustaqil bajarish, muammolarni hal qilish va olingan natijalarni baholash orqali shakllanadi. Shu sababli talabaga uning tayyorgarlik darajasiga mos kasbiy operatsiyalarni bajarish mas’uliyatini bosqichma-bosqich topshirish zarur. Bunda mustaqillik darajasi talabaning tayyorgarligiga mos bo‘lishi, xavf darajasi yuqori bo‘lgan ishlar esa faqat belgilangan xavfsizlik talablariga rioya qilingan va zarur nazorat ta’minlangan holda bajarilishi kerak.

Murabbiylik ham kam ahamiyatga ega emas. O‘qituvchi talabaga nazariy qonuniyatlarni tushunish, tahlil usullarini o‘zlashtirish va turli o‘quv fanlari o‘rtasidagi bog‘liqlikni anglashda yordam beradi. Ishlab chiqarish ustozi esa kasbiy operatsiyalarni bajarish xususiyatlarini ko‘rsatadi, ish sifatining haqiqiy talablariga e’tibor qaratadi va texnik xatolarning oqibatlarini tushuntiradi. Ushbu ikki ishtirokchining muvofiqlashtirilgan faoliyati nazariy tayyorgarlikni ishlab chiqarish tajribasi bilan bog‘lash imkonini beradi.

Topshiriqlarning amaliy yo‘naltirilgan mazmuni ham muhim shartlardan biri hisoblanadi. Ular mutaxassislik profiliga mos keladigan, haqiqiy yoki ishlab chiqarish sharoitlariga yaqin vazifalarni aks ettirishi kerak. Energetika yo‘nalishi talabalari uchun elektr zanjirlari parametrlarini hisoblash, uskunalarning ish rejimlarini tahlil qilish, nosozliklarni aniqlash va energiya sarfini baholash kabi topshiriqlar berilishi mumkin. Mexanika yo‘nalishidagi mutaxassisliklar uchun mexanizmlar tuzilishini o‘rganish, detallarning yeyilish sabablarini aniqlash, ishlov berish rejimlarini tanlash va texnik xizmat ko‘rsatish sifatini baholash kabi vazifalar dolzarbdir. Avtomatlashtirish sohasi mutaxassislarini tayyorlashda esa datchiklar, kontrollerlar, ijro mexanizmlari va boshqaruv tizimlari bilan ishlash alohida ahamiyat kasb etadi.

Ta’lim natijalarini baholashda faqat o‘zlashtirilgan bilimlar hajmiga emas, balki talabaning ularni kasbiy vazifalarni bajarishda qanchalik samarali qo‘llay olishiga ham e’tibor qaratish lozim. Buning uchun nazariy bilimlarni tekshirish, amaliy ish jarayonini kuzatish, bajarilgan topshiriqlarni tahlil qilish, texnik yechimlarni himoya qilish va xavfsizlik talablariga rioya etilishini baholashni o‘z ichiga olgan kompleks yondashuvdan foydalanish maqsadga muvofiq. Amaliy ishlar portfoliosi va ishlab chiqarish ustozlarining fikr-mulohazalari ham talabaning kasbiy rivojlanishi haqida ma’lumot beruvchi qo‘shimcha manbalar bo‘lib xizmat qilishi mumkin.

Shunday qilib, dual ta’limni tashkil etish ta’lim muassasasi va korxona o‘rtasidagi muvofiqlashtirilgan hamkorlikni talab qiladi. Amaliy tayyorgarlik mazmunini belgilash, o‘qituvchilar va ustozlarning vazifalarini

taqsimlash, baholash mezonlarini ishlab chiqish hamda topshiriqlarni bajarish uchun xavfsiz sharoitlarni ta’minlash zarur. Bunday muvofiqlashtirish mavjud bo‘lmasa, ishlab chiqarish amaliyoti xodimlar faoliyatini kuzatish yoki mohiyatini tushunmasdan bir xil operatsiyalarni takrorlash bilan cheklanib qolishi mumkin [4].

Dual ta’limni joriy etishdan kutiladigan natijalar, avvalo, talabalarning mustaqil kasbiy faoliyatga tayyorligini oshirish bilan bog‘liq. Ishlab chiqarish vazifalarini hal qilishda muntazam ishtirok etish texnik bilimlarni mustahkamlash, amaliy ko‘nikmalarni rivojlantirish va muhandislik tafakkurini shakllantirishga yordam beradi. Talabalar ish beruvchilar talablari bilan ertaroq tanishish, kasbiy hamkorlik qoidalarini o‘zlashtirish va qaysi bilimlarni yanada chuqurlashtirish zarurligini anglash imkoniyatiga ega bo‘ladilar.

Qo‘shimcha natijalardan biri o‘z faoliyatini tahlil qilish qobiliyatining rivojlanishidir. Ishlab chiqarish topshirig‘ini bajarish jarayonida talaba kutilayotgan natija bilan haqiqiy natijani taqqoslash, xatolarni aniqlash va tanlangan ish usulini tuzatish zaruratiga duch keladi. Bunday tajriba mehnat sifati va kasbiy mas’uliyatga nisbatan ongli munosabatni shakllantiradi.

Korxonalar uchun dual tayyorgarlikda ishtirok etish bo‘lajak mutaxassislar bilan oldindan tanishish va ularni muayyan ishlab chiqarish sharoitlariga bosqichma-bosqich moslashtirish imkoniyatini yaratadi. Ta’lim tashkiloti esa texnologik o‘zgarishlar va ish beruvchilarning amaliy talablarini hisobga olgan holda o‘quv topshiriqlarini yangilash uchun asosga ega bo‘ladi. Shu bilan birga, ushbu modelning samaradorligi hamkorlik sifati, zarur uskunalarning mavjudligi, ustozlarning tayyorgarligi va amaliy faoliyatning mazmunli tashkil etilishiga bog‘liq (3-rasm).



3-rasm. Dual ta’limni joriy etishdan kutilayotgan natijalar.

Raqobatbardosh mutaxassis-bu mehnat bozorida ish beruvchilar talablariga javob bera oladigan, o‘z kasbi bo‘yicha yetarli nazariy bilim va amaliy ko‘nikmalarga ega bo‘lgan, zamonaviy texnologiyalardan foydalana oladigan, kasbiy muammolarni mustaqil hal qiladigan hamda o‘zgaruvchan ishlab chiqarish sharoitlariga tez moslasha oladigan malakali mutaxassisdir.

Masalan, energetika yo‘nalishida tahsil olgan raqobatbardosh mutaxassis elektr qurilmalari va energetika tizimlarining ishlash tamoyillarini bilishi, elektr uskunalarini tekshirish va diagnostika qilish, o‘lchov asboblaridan foydalanish, nosozliklarni aniqlash hamda ularni bartaraf etish bo‘yicha amaliy ko‘nikmalarga ega bo‘lishi kerak. Bundan tashqari, u elektr xavfsizligi qoidalariga rioya qilishi, raqamli boshqaruv tizimlari bilan ishlashi va ishlab chiqarishdagi yangi texnologiyalarni o‘zlashtira olishi lozim.

M.A. Ramli va boshqalarning olib borgan izlanishlariga ko‘ra, nomi ulug‘ ilmiy ma’lumotlar bazalarida ta’lim va ish jarayonini integratsiyasi bo‘yicha tushunchalar uncha ko‘p uchramaydi [5].

1-jadvalda ish joyida ta‘lim olish, ish jarayoniga asoslangan ta‘lim va ish jarayoni bilan integratsiyalashgan ta‘lim bo‘yicha Emerald/Springer, Scopus hamda Google Scholar ma‘lumotlar bazalarida aniqlangan ilmiy yozuvlar soni keltirilgan. Natijalarga ko‘ra, uchala ma‘lumotlar bazasida ham eng ko‘p yozuvlar Ish joyida ta‘lim olish tushunchasi bo‘yicha qayd etilgan bo‘lib, Google Scholarda 3500 ta, Emerald/Springerda 403 ta va Scopus‘da 297 ta yozuv mavjud. Ish jarayoniga asoslangan ta‘lim bo‘yicha mos ravishda 2783 ta, 355 ta va 213 ta yozuv aniqlangan. Uchunchi tushuncha esa nisbatan kamroq yoritilgan bo‘lib, Google Scholarda 1350 ta, Emerald/Springerda 112 ta va Scopusda 98 ta yozuvni tashkil etadi. Umuman olganda, jadval ma‘lumotlari ushbu mavzular bo‘yicha ilmiy adabiyotlar Google Scholarda eng ko‘p qayd etilganini, ish jarayoni bilan integratsiyalashgan ta‘lim tushunchasi esa mazkur uch tushuncha orasida eng kam sonli natijalarga ega ekanini ko‘rsatadi.

1-jadval Qidiruv natijalari - topilgan yozuvlar soni

Kalit so‘z	***Emerald / Springer***	***Scopus***	***Google Scholar***
Ish joyida ta‘lim olish *(Workplace Learning)*	403	297	3500
Ish jarayoniga asoslangan ta‘lim *(Work Based Learning)*	355	213	2783
Ish jarayoni bilan integratsiyalashgan ta‘lim *(Work Integrated Learning)*	112	98	1350

Jadvaldan ko‘rish mumkinki, ish joyida ta‘lim olish va ishlab chiqarish bilan integratsiyalashgan ta‘lim masalalari ilmiy adabiyotlarda keng yoritilayotganini tasdiqlaydi. Ayniqsa, ish joyida ta‘lim olish va ish jarayoniga asoslangan ta‘lim tushunchalari bo‘yicha yozuvlar sonining ko‘pligi ushbu yo‘nalishlarga ilmiy qiziqish yuqoriligidan dalolat beradi. Shu bilan birga, ish jarayoni bilan integratsiyalashgan ta‘lim bo‘yicha natijalar sonining nisbatan kamligi ushbu tushunchaning boshqa ikki tushunchaga qaraganda kamroq uchrashini ko‘rsatadi va uni yanada chuqurroq o‘rganish uchun imkoniyat mavjudligini anglatishi mumkin.

Mening fikrimcha, bu natijalarni dual ta‘limni rivojlantirish uchun ilmiy asos sifatida ko‘rib chiqish mumkin, chunki ular nazariy ta‘limni amaliy faoliyat bilan bog‘lash masalasi dolzarb ekanini ko‘rsatadi. Biroq, qidiruv natijalari sonining o‘zi muayyan yondashuvning samaradorligini yoki ilmiy jihatdan ustunligini isbotlamaydi; shu sababli jadvalni maqolada mavzuning ilmiy adabiyotlarda yoritilish darajasini ko‘rsatuvchi dalil sifatida talqin qilish maqsadga muvofiq.

Xulosa

Texnika yo‘nalishi talabalarining kasbiy kompetentligini rivojlantirish nazariy bilimlar amaliyotda davom ettiriladigan, orttirilgan tajriba esa ta’lim jarayonida anglanadigan va mustahkamlanadigan o‘qitishni tashkil etishni talab qiladi. Dual ta’lim mutaxassislar tayyorlash jarayonini haqiqiy ishlab chiqarish talablariga yaqinlashtirish uchun sharoit yaratadi hamda kasbiy kompetentlikni bilimlar, ko‘nikmalar, muhandislik tafakkuri, raqamli savodxonlik va kasbiy mas’uliyatning izchil rivojlanishi sifatida qarash imkonini beradi.

Ushbu yondashuvning pedagogik samaradorligi talabaning korxonada bo‘lishining o‘zi bilan emas, balki bajaradigan topshiriqlarining mazmuni, murabbiylik sifati va o‘qituvchilar bilan ish beruvchilar faoliyatining muvofiqlashtirilganligi bilan belgilanadi. Dual ta’lim maqsadli ravishda tashkil etilganda talaba zarur kasbiy operatsiyalarni o‘zlashtirish bilan birga, ularning texnik mohiyatini tushunish, o‘z qarorlarining oqibatlarini baholash va o‘zgaruvchan sharoitlarda bilimlarini qo‘llash imkoniyatiga ega bo‘ladi.

Demak, dual ta’limni texnik ta’limni takomillashtirishning istiqbolli yo‘nalishlaridan biri sifatida qarash mumkin. Ushbu yondashuvni izchil joriy etish nafaqat zarur nazariy bilimlarga ega bo‘lgan, balki ularni aniq ishlab chiqarish vazifalarini hal qilishda qo‘llay oladigan mutaxassislarni tayyorlashga xizmat qiladi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR

1. Зеер, Э. Ф., & Сыманюк, Э. Э. (2025). ПСИХОЛОГИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ: учебное пособие. (ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ). Общество с ограниченной ответственностью "Издательство ЮРАЙТ".

2. Степанов, А. А., Савина, М. В., & Рыбин, М. В. (2024). О концепции приоритетов формирования компетенций кадров в информационно-цифровой экономике. Креативная экономика, 18(11), 3189-3202.

3. ZOXIDOV, I. (2026). IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION THROUGH THE SYSTEMATIC ORGANIZATION OF DUAL EDUCATION IN TECHNICAL FIELDS. «ACTA NUUz», 1(1.8), 121–123. https://doi.org/10.69617/nuuz.v1i1.8.12790

4. ELEKTR ENERGIYASINI UZATISH VA TAQSIMLASH JARAYONLARINI O‘QITISHDA VR TEXNOLOGIYASI ORQALI BO‘LAJAK MUHANDISLARNING KASBIY-AMALIY KOMPETENSIYALARINI SHAKLLANTIRISH. (2026). SCIENCE TIME, 4(8/1), 62-65. https://doi.org/10.66345/st.7195

5. Ramli, M. A., binti Zakariah, S. H., & binti Ab Halim, F. (2024). Work based learning in vocational education training (VET): A review of engagement among stakeholders. Online Journal for TVET Practitioners, 9(2), 81-97.

ӘОЖ 378.4:327(574:575.1)
UDC 378.4:327(574:575.1)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

ASPECTS OF ACADEMIC AND SCIENTIFIC COOPERATION BETWEEN UNIVERSITIES OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Карбозова Г.К.
Karbozova G.K.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: 140206kgk@mail.ru

Түйін: *Мақалада жарияланған ғылыми еңбектер негізінде Қазақстан мен Өзбекстандағы жоғары білімнің интернационалдыруы салыстырмалы түрде талданады. Зерттеудің мақсаты – екі елдегі академиялық ұтқырлық, профессор-оқытушылар мен студенттер алмасуы, бірлескен жарияланымдар, ғылыми жобалар және ортақ білім беру бағдарламаларының даму логикасын салыстырып, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Өзбекстандағы серіктестерімен жұмысын нәтижеге бағыттау жолдарын анықтау. Әдебиеттерді тақырыптық шолу барысында рецензияланатын мақалалар, жүйелі шолу, ресми статистика және институционалдық материалдар іріктелді. Талдау Қазақстанда Болон үдерісі мен академиялық ұтқырлық тетіктері ертерек орныққанын, ал Өзбекстанда халықаралықтандыру мемлекеттік реформалар арқылы жеделдегенін көрсетті. Қазақстандық модельде ұтқырлық пен халықаралық беделге, өзбекстандық модельде шетелдік серіктестік пен институционалдық жаңғыруға басымдық беріледі. Екі елге де жоғарыдан басқару, оқытушылардың бастамаға жеткіліксіз қатысуы, алмасудың теңгерімсіздігі және сандық көрсеткіштердің білім нәтижелерінен басым болуы тән. М. Әуезов атындағы университеттің 82 келісімнен тұратын желісі осы екі модель түйісетін институционалдық кеңістік ретінде бағаланады; оның мазмұны ортақ жобалардан, жазғы мектептерден және бірлескен бағдарламалардан көрінеді.*

Abstract*: This article comparatively analyses the internationalisation of higher education in Kazakhstan and Uzbekistan analyzing scientific literature. It compares the development of academic mobility, faculty and student exchange, joint publications, research projects, and collaborative educational programmes, and applies the findings to M. Auezov South Kazakhstan Research University. The thematic review includes peer-reviewed studies, a systematic review, official statistics, and institutional materials. The evidence indicates that Kazakhstan institutionalised Bologna-related reforms and academic mobility earlier, whereas Uzbekistan accelerated internationalisation through state-led reforms. Kazakhstan's model places greater emphasis on mobility, global visibility, and established internationalisation structures; Uzbekistan's model gives stronger priority to rapid institutional renewal, foreign partnerships, and externally supported capacity building. Despite different trajectories, both systems face similar limitations: top-down governance, unequal participation in mobility, insufficient faculty agency, and the use of agreement and participant counts as substitutes for educational and research outcomes. Critical studies also warn that internationalisation can reproduce Westernisation, Englishisation, and unequal knowledge relations if local and regional priorities remain secondary. The article therefore proposes converting the university's 82 MOUs with organizations in Uzbekistan into balanced project portfolios measured through recognized credits, sustained research teams, joint grants, publication quality, and functioning collaborative programmes.*

Кілттік сөздер*: Қазақстан, Өзбекстан, академиялықұтқырлық, ғылымиынтымақтастық, бірлескенбағдарламалар, университетаралық интеграция.*

Keywords: *Kazakhstan, Uzbekistan, academic mobility, scientific cooperation, joint programmes, university integration.*

Кіріспе

2025 жылғы 26 наурызда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің делегациясы Ташкентте Өзбекстанның үш серіктес университетімен кездесті. Келіссөз үстелінде Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Шароф Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті және Ташкент химия-технологиялық институты болды. Тараптар академиялық ұтқырлықты, профессор-оқытушылар алмасуын, бірлескен зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын талқылады [2]. Бұл кездесу Қазақстан–Өзбекстан ынтымақтастығының мәнін айқын көрсетеді: халықаралық байланыс қол қойылған құжатпен аяқталмайды, сол құжат аудиторияға, зертханаға және студенттің жеке оқу траекториясына жеткен кезде ғана өміршең болады.

Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы байланыс соңғы жылдары кең институционалдық желіге айналды. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2024 жылғы мәліметі бойынша екі елдің жоғары оқу орындары арасында 471 келісім жасалған [1]. М. Әуезов

атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі мәліметтеріне сәйкес, Өзбекстанның жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және білім беру құрылымдарымен 82 ынтымақтастық келісімі жасалған. Бұл дерек екі ел арасындағы байланыстың ауқымын және университеттің Өзбекстан бағытындағы тұрақты академиялық мүддесін көрсетеді.

Университеттің Шымкентте орналасуы бұл әріптестікті табиғи етеді. Өзбекстан қалаларына географиялық жақындық қысқа сапарларды, бірлескен далалық зерттеулерді және тұрақты кәсіби кездесулерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. 2024 жылдан бері Шыршықта М. Әуезов атындағы университет филиалының жұмыс істеуі байланысты жаңа деңгейге көтерді [2]. Филиал екі елдің студенттері кездесетін оқу орны ғана емес, жаңа бағдарлама талқыланатын, жас ғалымдар командасы құрылатын және ортақ идея сынақтан өтетін тұрақты академиялық алаңға айнала алады.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім саласындағы интернационалдандыру деректерін салыстыру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу 2016 жылғы 1 қаңтардан 2026 жылғы 25 қазанға дейін жарияланған еңбектерді тақырыптық шолу және салыстырмалы талдау тәсілімен біріктіреді. Іріктеу барысында Қазақстан, Өзбекстан және Орталық Азиядағы жоғары білімнің халықаралықтануы, академиялық ұтқырлық, зерттеу ынтымақтастығы және бірлескен бағдарламалар туралы рецензияланатын мақалалар қарастырылды. Ғылыми нәтижелерді институционалдық контекспен салыстыру үшін ресми мемлекеттік материалдар және М. Әуезов атындағы университет ұсынған халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жинақталған мәліметтер пайдаланылды. Бұл мәліметтер Өзбекстанның жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және білім беру құрылымдарымен жасалған 85 келісімді қамтиды.

Материалдар алты тақырып бойынша кодталды: академиялық ұтқырлық, оқытушылар мен студенттер алмасуы, жазғы мектептер, бірлескен жарияланымдар, ғылыми жобалар және ортақ білім беру бағдарламалары. Әр тақырып екі деңгейде қаралды. Бірінші деңгей ұлттық саясат пен жоғары білім жүйесінің даму бағытын қамтыды; екінші деңгей нақты университетаралық байланыстың қалай іске асатынын көрсетті. Мұндай бөлу бірдей атаумен берілген бастамалардың Қазақстан мен Өзбекстан жағдайында әртүрлі институционалдық мағынаға ие болатынын байқауға мүмкіндік берді.

2016–2026 жылдардағы әдебиеттерге шолу

Қазақстан бойынша еңбектер халықаралықтандырудың Болон үдерісі, кредиттік ұтқырлық және университеттердің халықаралық беделімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Рүстемова, Ашинова және Окада кредиттік ұтқырлық тетіктері қалыптасқанымен, оқытушылар ұтқырлығы студенттер қозғалысынан төмен әрі алмасу ағындары біржақты екенін анықтаған [3]. Исалиева және әріптестері шетелдік студенттерді тарту үшін ағылшын тіліндегі бағдарламалар, бейімдеу орталығы және цифрлық қабылдау жүйесі қажет екенін көрсетеді [6]. Бұл еңбектер Қазақстанда институционалдық инфрақұрылымның қалыптасқанын, бірақ оның барлық қатысушыға бірдей әсер етпейтінін аңғартады.

Өзбекстан жөніндегі зерттеулер басқа уақыттық траекторияны сипаттайды. О.С. Уралов халықаралықтандыруды 2020 жылы ұлттық білім жүйесін жаңғыртудың стратегиялық құралы ретінде түсіндіріп, реформалардың институционалдық ашықтыққа жол ашқанын көрсетеді [4]. Ф.Алимухамедов студенттік ұтқырлық пен ғылыми ынтымақтастықтың кеңістіктік таралуын салыстырып, сыртқы байланыстардың біркелкі дамымағанын анықтайды [5]. Д. Убадуллаеваның 22 оқытушымен жүргізген сұхбаттары реформалардың жоғарыдан басқарылатынын, университеттердің дербес стратегиялары мен академиялық қызметкерлердің қажеттіліктері жеткілікті ескерілмейтінін көрсетеді [10]. Демек, Өзбекстандағы жедел өсу институционалдық дербестікпен бірдей қарқында жүріп отырған жоқ.

Өңірлік зерттеулер екі елге ортақ қайшылықтарды ашады. А.В. Олексиенко мен В. Росс Қазақстан, Өзбекстан және басқа Орталық Азия елдеріндегі шетелде білім алған 21 профессордың тәжірибесін зерттеп, халықаралықтандырудың нәтижесі ережеге ғана емес, өзгерісті жүргізетін академиялық тұлғалардың бастамасына тәуелді екенін дәлелдейді [7]. М. Хвами және әріптестері 56 мақаланы қамтыған жүйелі шолуда Орталық Азия әдебиеттерінде халықаралықтандыру көбіне жаңғырту және ағылшындандыру ретінде түсіндіріліп, білім өндірудегі теңсіздік жеткілікті сыналмайтынын көрсетеді [8].

Сын тұрғысындағы еңбектер сандық көрсеткіштерге шамадан тыс сүйенудің қаупін көрсетеді. М.Хвами Қазақстанның тәжірибесін білім геосаясаты тұрғысынан талдап, Батыс университеттері білімнің орталығы, ал Орталық Азия қабылдаушы периферия ретінде көрінуі мүмкін екенін атап өтеді [9]. М. Го, С. Уралбаев және Дж. К. Трад Қазақстанда академиялық ұтқырлық пен халықаралық

бағдарламалар кеңейгенімен, институционалдық нәтиже көрсеткіштері мәдениетаралық құзырет пен азаматтық білім нәтижелерінен басым түскенін айтады [12]. Бұл сын Қазақстан–Өзбекстан серіктестігінің маңызын арттырады: екі көршілес ел білімді біржақты импорттамай, ортақ өңірлік мәселелер төңірегінде бірге өндіре алады.

Бағдарламалық зерттеулер ынтымақтастықтың практикалық әлеуетін де растайды. А. Абдурахманова Tempus және Erasmus+ жобалары Өзбекстанда оқу бағдарламаларын жаңарту, жобалық басқару және университетаралық желілерді қалыптастыруға ықпал еткенін көрсетеді [11]. Erasmus+ жөніндегі кейінгі өңірлік талдау қазақстандық және өзбекстандық университеттердің әлеуетті арттыру жобаларында бірге жұмыс істеуі сапаны қамтамасыз ету мен институционалдық оқытуды күшейтетінін көрсетеді [13]. Алайда жобаның мерзімі аяқталғаннан кейін команда, пән және басқару рәсімдері сақталмаса, әсері әлсірейді.

Шолудың негізгі қорытындысы – екі елдегі халықаралықтандыру бірдей бағыттарға сүйенгенімен, бастапқы жағдайы мен басқару қарқыны әртүрлі. Қазақстанда қалыптасқан ұтқырлық инфрақұрылымы мен халықаралық тәжірибе бар; Өзбекстанда реформаның жылдамдығы, жаңа филиалдар мен серіктестіктерді ашу серпіні жоғары. Қазақстандық тарап рәсімдік тәжірибе мен сапаны қамтамасыз ету құралдарын ұсына алады, ал өзбекстандық тарап ауқымды серіктестік желі, өсіп келе жатқан студенттік сұраныс және жаңа бағдарламаларды жылдам сынау мүмкіндігін береді. Осы өзара толықтыру екі ел арасындағы серіктестіктің мазмұнын түсіндіретін басты белгі ретінде көрінеді.

Нәтижелер және талқылау

Академиялық ұтқырлық және білім нәтижелерін тану

Әдебиеттерде академиялық ұтқырлық халықаралықтандырудың ең көрінетін көрсеткіші ретінде жиі қолданылады. Қазақстанда кредиттерді қайта есептеу мен конкурстық іріктеу рәсімдері біршама орныққан [3; 15]. Өзбекстан бойынша зерттеулер ұтқырлық ауқымының кеңейгенін, бірақ оның бағыттары мен университеттер арасында біркелкі бөлінбегенін көрсетеді [5]. Осы айырмашылық екі жүйенің даму кезеңіне байланысты: Қазақстанда талқылау ұтқырлықтың сапасына ауыса бастаса, Өзбекстанда қолжетімділікті кеңейту мен жаңа халықаралық арналарды ашу әлі де маңызды орын алады.

Екі ел арасындағы ұтқырлықты бағалағанда сапар фактісі мен академиялық нәтижені ажырату маңызды. Кредиттердің танылуы, оқу бағдарламаларының үйлесуі және студенттің кейінгі ғылыми белсенділігі бір оқиғаның әртүрлі қырларын көрсетеді. А. Рүстемова және әріптестері Қазақстандағы ұтқырлық ағындарының біржақтылығын атап өтсе [3], Ф. Алимухамедов Өзбекстанның халықаралық байланыстарының кеңістіктік теңсіздігін көрсетеді [5]. Демек, екіжақты алмасудағы негізгі мәселе қатысушылар санында ғана емес, алынған тәжірибенің оқу үдерісіне қайта енуінде жатыр.

Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер алмасуы

Оқытушылар ұтқырлығы екі елдегі байланыстың әлсіздеу зерттелген бөлігі болып қалды. Қазақстан туралы еңбектерде профессор-оқытушылар қозғалысының студенттік ұтқырлықтан төмен екені көрсетіледі [3]. Өзбекстандағы сұхбаттық зерттеу оқытушылардың интернационализацияландыру саясатын орындаушы ретінде қабылданатынын, алайда стратегияны қалыптастыруға ықпалы шектеулі екенін анықтайды [10]. Осы екі нәтиже оқытушы алмасуының санына емес, академиялық шешім қабылдаудағы рөліне назар аудартады.

Студенттік алмасудың әдебиетте екі түрлі қызметі көрінеді. Бір жағынан, ол білім беру бағдарламаларын салыстыруға және жаңа пәндерді игеруге жағдай жасайды. Екінші жағынан, мәдениетаралық қарым-қатынас пен кәсіби желі қалыптастырады. М. Го , С. Уралбаев және Дж.К. Трад Қазақстанда құрылымдық көрсеткіштердің мәдениетаралық оқу нәтижелерінен басым түсуін сынға алады [12]. Бұл тұжырым Қазақстан–Өзбекстан бағдарламалары үшін өзекті, өйткені тілдік және мәдени жақындық бейімделуді жеңілдеткенімен, өзгеше академиялық тәжірибені түсіну өздігінен пайда болмайды.

Жазғы мектептер өңірлік ықпалдастықтың икемді форматы ретінде

Жазғы мектептер университетаралық байланыстың қысқа әрі икемді формасы ретінде ресми материалдарда жиі аталады, бірақ олардың ұзақ мерзімді әсері жөніндегі эмпирикалық зерттеулер аз. Бұл әдебиеттегі елеулі бос орынды көрсетеді. Қатысушылар саны мен өткізілген іс-шара туралы мәлімет бар болғанымен, жазғы мектептен кейін ғылыми топтың сақталуы, бірлескен жарияланымның пайда болуы немесе студенттің кейінгі ұтқырлыққа қатысуы сирек бақыланады. Сондықтан жазғы мектептерді интернационализацияландырудың дайын нәтижесі емес, ықтимал байланыстар қалыптасатын аралық кеңістік деп түсінген орынды.

Қазақстан мен Өзбекстан жағдайында жазғы мектептердің мазмұны да салыстырмалы мәнге ие. Су ресурстары, тұрақты ауыл шаруашылығы, көптілді білім және мәдени мұра секілді ортақ мәселелер

екі елдің деректерін қатар қарастыруды талап етеді. Мұндай тақырыптардағы қысқа бағдарлама студенттердің танысуымен шектелмей, өңірлік мәселені әртүрлі институционалдық және жергілікті тәжірибе арқылы түсіндіреді. Әдебиетте дәл осы өңірлік білім өндіру қыры халықаралық үлгілерді қабылдау тақырыбына қарағанда әлсіз көрінеді [8; 9].

Бірлескен жарияланымдар және ғылыми жобалар

Бірлескен жарияланым ғылыми ынтымақтастықтың салыстырмалы түрде тексерілетін нәтижесі болғанымен, авторлар құрамының халықаралық болуы зерттеудің тең серіктестікке құрылғанын автоматты түрде білдірмейді. М. Хвами білім өндіру орталығы мен қабылдаушы периферия арасындағы иерархияны Қазақстан мысалында көрсетеді [9]. Ф. Алимухамедов Өзбекстанның ғылыми байланыстарының белгілі орталықтар мен бағыттарда шоғырланатынын атап өтеді [5]. Бұл зерттеулер авторлық үлес, дерекке қолжетімділік және зерттеу сұрағын кім белгілейтіні бірлескен мақаланың сапасын бағалауда маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстан мен Өзбекстанның бірлескен зерттеулерінде географиялық жақындық пен ортақ проблематика айқын артықшылық береді. Аграрлық технология, су қауіпсіздігі, экология, урбанизация және тілдік білім салаларында бір елдің дерегі екіншісінің материалымен салыстыруға келеді. Соған қарамастан, қарастырылған әдебиеттерде екі елдің университеттері бірге жүргізген жобалардың әдістемесі мен нәтижесін егжей-тегжейлі талдайтын жұмыстар аз кездесті. Ресми ынтымақтастықтың ауқымы мен оның ғылыми өнімділігі арасындағы байланыс әлі толық ашылмаған.

Бірлескен білім беру бағдарламалары

Бірлескен білім беру бағдарламалары екі жүйенің айырмашылықтары ең анық көрінетін сала. Қазақстанда Болон үдерісіне байланысты кредиттік құрылым мен ұтқырлық рәсімдері ертерек орнықты; Өзбекстанда жаңа бағдарламалар мен шетелдік серіктестіктер 2016 жылдан кейін жылдам кеңейді [3; 4]. Сондықтан ортақ бағдарлама тек пәндерді біріктіру емес, әртүрлі қарқында өзгеріп жатқан екі институционалдық жүйені үйлестіру үдерісі ретінде көрінеді.

Бағдарламаның мазмұнын салыстыру оқу жоспарының сыртқы ұқсастығы жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бірдей пән атауының өзінде оқыту әдісі, бағалау үлесі және зерттеу компоненті өзгеше болуы мүмкін. Қазақстандық тәжірибе рәсімдік сәйкестікке көбірек сүйенсе, Өзбекстандағы реформа жаңа құрылымдарды жылдам енгізумен сипатталады. Бұл айырмашылық ортақ бағдарламалардың әлсіздігі емес; керісінше, серіктестердің бір-бірінен үйренетін тұсын айқындайды.

Кесте – 1. Қазақстан мен Өзбекстан: салыстырмалы қорытынды

Салыстыру өлшемі	**Қазақстан**	**Өзбекстан**
Реформаның кезеңі	Болон үдерісі мен ұтқырлық ертерек институционалданған	2016 жылдан кейін реформалар жеделдеген
Басым бағыт	Ұтқырлық, халықаралық бедел, шетелдік студент тарту	Шетелдік серіктестік, филиалдар, жүйені жаңғырту
Басқару сипаты	Инфрақұрылымы орныққан, бірақ орталықтандыру сақталған	Жоғарыдан басқару басым, ЖОО дербестігі қалыптасу үстінде
Негізгі шектеу	Оқытушы ұтқырлығы төмен және ағындар теңгерімсіз	Қызметкерлер қажеттілігі мен институционалдық стратегия әлсіз
Ғылыми ықпалдастық	Жетекші ЖОО-ларда шоғырлану байқалады	Халықаралық желі жылдам кеңеюде, таралуы біркелкі емес
Екіжақты мүмкіндік	Сапа рәсімдері мен жобалық тәжірибе	Өсу серпіні, жаңа бағдарламалар мен серіктестер желісі

Келісімдер желісінің институционалдық сипаты

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі мәліметтеріне сәйкес, Өзбекстанның жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және білім беру құрылымдарымен 82 ынтымақтастық келісімі жасалған. Бұл көрсеткіш университеттің Өзбекстандағы серіктестік байланыстарының географиялық ауқымы мен пәндік әралуандығын танытады. Аталған келісімдер академиялық ұтқырлықты, ғылыми зерттеулерді, оқытушылар мен студенттер алмасуын және бірлескен білім беру бастамаларын жүзеге асырудың институционалдық негізін қалыптастырады.

Университеттің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі мәліметтері мен ашық жарияланған материалдарды қатар қарау серіктестіктің әртүрлі қырларын көруге мүмкіндік береді. Университет сайтында жоғары деңгейдегі кездесулер, академиялық сапарлар және бірлескен бастамалар жүйелі

түрде көрініс табады. Сонымен қатар келісімдер аясындағы қызмет бағыттары әр серіктестің академиялық бейініне, ынтымақтастық тәжірибесіне және ортақ мүдделеріне қарай ерекшеленеді. Кейбір байланыстар академиялық ұтқырлық арқылы дамыса, басқа серіктестіктерде ғылыми жарияланымдар, зерттеу жобалары немесе білім беру бағдарламалары басым болуы мүмкін. Өңірлік әдебиеттерде де интернационализацияландырудың іс-шаралар мен қатысушылар арқылы жиі сипатталатыны, ал оның ұзақ мерзімді білім беру және ғылыми нәтижелерінің салыстырмалы түрде аз зерттелетіні көрсетіледі [8; 12].

Осы ерекшелікті ескере отырып, салыстырмалы талдауда нәтижелер үш деңгейде қарастырылды. Бірінші деңгейге кездесулер, академиялық сапарлар және келісімдердің жасалуы жатады. Екінші деңгей бірлесіп әзірленген пәндер, академиялық кредиттерді тану, ғылыми жарияланымдар мен зерттеу жобалары арқылы көрінеді. Үшінші деңгей тұрақты ғылыми топтардың, ортақ білім беру бағдарламаларының және ұзақ мерзімді академиялық байланыстардың қалыптасуымен сипатталады. Алғашқы байланыстар кейінгі білім беру және ғылыми нәтижелердің дамуына негіз болатындықтан, бұл деңгейлер университетаралық ынтымақтастықтың біртұтас үдерісін көрсетеді.

Талқылау

Қазақстан мен Өзбекстанның университеттері бір-біріне жақын халықаралық серіктес . Ортақ тарих, ұқсас әлеуметтік міндеттер және қалалардың жақындығы ұзақ дайындықты қажет ететін байланысты күнделікті академиялық тәжірибеге айналдыруға мүмкіндік береді. UNESCO Орталық Азияда біліктіліктерді тану, сапаны қамтамасыз ету және ұтқырлықты кеңейту өңірлік білім кеңістігінің негізгі шарты екенін атап көрсетеді [14]. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің серіктестік желісі осы кеңістіктің нақты жұмыс істейтін бөлігі бола алады.

Географиялық және мәдени жақындық транзакциялық шығынды азайтқанымен, институционалдық айырмашылықтарды жоймайды. Академиялық күнтізбе, кредитті тану, қаржыландыру және шешім қабылдау тәртібі екі елде бірдей емес. Қазақстандық жүйеде қалыптасқан рәсімдер кейде икемділікті шектейді; Өзбекстандағы жедел жаңғыру кезінде жаңа бастаманың тұрақтылығы басқарушы тұлғаларға тәуелді болуы мүмкін [10]. Екі модельдің түйіскен жері серіктестіктің нақты сипатын анықтайды.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Шыршық қаласындағы филиалы екі ұлттық жүйенің түйісуін бақылауға болатын ерекше институционалдық жағдай ұсынады. Ол Қазақстан бағдарламасының Өзбекстан ортасына бейімделуін, студент сұранысын және оқытушылар арасындағы күнделікті байланысты бір кеңістікте көрсетеді. Сондықтан филиал жөніндегі тәжірибе тек университеттің кеңеюі ретінде емес, трансшекаралық білім беру моделінің қалай жұмыс істейтінін зерттейтін эмпирикалық нысан ретінде де маңызды.

Институционалдық салдарлар

Әдебиеттер мен университеттік деректерді салыстыру ынтымақтастықтың үш түрлі логикасын көрсетеді. Саяси деңгейде келісімдер екі елдің жақындасуын білдіреді. Университет деңгейінде олар халықаралық бедел, жаңа бағдарлама және серіктестер желісімен байланысты. Қатысушы деңгейінде олардың мәні танылған оқу нәтижесі, кәсіби байланыс және ғылыми жұмыс арқылы ашылады. Осы деңгейлер өзара қабыспаған кезде ресми белсенділік пен күнделікті академиялық тәжірибе арасында алшақтық пайда болады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің 82 келісімнен тұратын серіктестік желісінде академиялық ұтқырлық, ғылыми жарияланымдар, бірлескен іс-шаралар және білім беру бастамалары қатар дамып келеді. Бұл бағыттардың әрқайсысы ынтымақтастықтың белгілі бір қырын көрсетеді, ал оларды өзара байланыстыра қарастыру университетаралық ықпалдастықтың жалпы мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан 85 келісім сандық көрсеткіш қана емес, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ұзақ мерзімді академиялық байланыстың институционалдық негізі ретінде бағаланады.

Қорытынды

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Өзбекстан жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және білім беру құрылымдарымен жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және білім беру құрылымдарымен жасалған 82 келісімі екі ел арасындағы академиялық байланыстың кеңдігін көрсетеді. 2016–2026 жылдардағы әдебиеттер Қазақстанда интернационализацияландыру тетіктерінің ертерек қалыптасқанын, ал Өзбекстанда реформалардың 2016 жылдан кейін айқын жеделдегенін дәлелдейді. Бірінші жағдайда зерттеулер ұтқырлық сапасы мен теңгеріміне көбірек назар аударады; екінші жағдайда институционалдық өсу мен жоғарыдан басқарудың арақатынасы негізгі мәселе ретінде көрінеді.

Екі елдің тәжірибесін салыстыру олардың бірін екіншісіне үлгі ретінде қоюға негіз бермейді. Қазақстанның қалыптасқан рәсімдері мен Өзбекстанның жаңғыру серпіні өзара толықтырушы сипатқа ие. Негізгі ғылыми мәселе келісім санының өсуін дәлелдеуде емес, сол желінің білім алушыға, оқытушыға және зерттеу ортасына қалай әсер ететінін түсіндіруде жатыр. Қарастырылған әдебиеттер бұл әсердің кредиттерді тану, академиялық қызметкерлердің субъектілігі, зерттеу серіктестігінің теңдігі және бағдарламалардың тұрақтылығы арқылы байқалатынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан мен Өзбекстан жоғары білім және ғылым саласындағы практикалық ынтымақтастықты нығайтуда // Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі : ресми сайт. – 2024. – 22 ақпан. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/17994?lang=kk (қаралған күні: 25.10.2026).
2. Higher Education and Science Cooperation with Uzbek Partner Universities // M. Auezov South Kazakhstan Research University : official website. – 2025. – 28 March. – URL: https://auezov.edu.kz/eng/home-en-gb/7374-higher-education-and-science-cooperation-with-uzbek-partner-universities (accessed: 25.10.2026).
3. Рүстемова, А. Directions of Internationalization of Kazakhstani Higher Education System / А. Рүстемова, Ж. Е. Ашинова, А. Окада // Journal of Oriental Studies. – 2019. – Vol. 90, no. 3. – DOI: 10.26577/jos.v90i3.1431.
4. Uralov, O. S. Internationalization of Higher Education in Uzbekistan / O. S. Uralov // Social Sciences & Humanities Open. – 2020. – Vol. 2, no. 1. – Article 100015. – DOI: 10.1016/j.ssaho.2020.100015.
5. Alimukhamedov, F. The Internationalisation of Higher Education in Uzbekistan: Some Thoughts about Uzbek Student Mobility and Spatial Distribution of Research Cooperation / F. Alimukhamedov // Annals of the University of Bucharest. Political Science Series. – 2020. – Vol. 22, no. 1–2. – P. 61–88. – URN: urn:nbn:de:0168-ssoar-73939-1.
6. Attracting Foreign Students: A Strategy for the Internationalization of Higher Education / S. Issaliyeva, A. Kosherbayeva, I. Malakhova, A. Tanabayeva // Pedagogy and Psychology. – 2020. – No. 2 (43). – P. 76–82. – DOI: 10.51889/2020-2.2077-6861.10.
7. Oleksiyenko, A. V. Human Agency and Legacy-Innovation Tensions in the Internationalization of Higher Education: Re-orientations Managed by Internationally-Educated Scholars of Central Asia / A. V. Oleksiyenko, V. Ros // International Journal of Educational Development. – 2023. – Vol. 97. – Article 102716. – DOI: 10.1016/j.ijedudev.2022.102716.
8. Internationalization of Higher Education in Central Asia: A Systematic Review / M. Hwami, S. Yeszhanova, M. Amanzhol [et al.] // Central Asian Survey. – 2024. – Vol. 43, no. 3. – P. 400–419. – DOI: 10.1080/02634937.2024.2317830.
9. Hwami, M. A Geopolitics of Knowledge Analysis of Higher Education Internationalisation in Kazakhstan / M. Hwami // British Educational Research Journal. – 2024. – Vol. 50, no. 2. – P. 676–693. – DOI: 10.1002/berj.3949.
10. Ubaydullaeva, D. The Internationalisation of Higher Education in Uzbekistan: Staff Perspectives on a Top-Down Process / D. Ubaydullaeva // Europe-Asia Studies. – 2024. – Vol. 76, no. 10. – P. 1644–1667. – DOI: 10.1080/09668136.2024.2427694.
11. Abdurakhmanova, A. The Impact of 30-Year Higher Education Cooperation within Tempus and Erasmus+ Programmes of the European Union in Uzbekistan / A. Abdurakhmanova // Perspectives of Higher Education Development. – 2024. – Vol. 16, no. 2. – DOI: 10.34920/phe.2024.16.01.
12. Goh, M. Internationalization in Kazakhstan Higher Education: Towards Intercultural Competence and Citizenship / M. Goh, S. Uralbayev, J. K. Trad // Social Sciences. – 2026. – Vol. 15, no. 4. – Article 242. – DOI: 10.3390/socsci15040242.
13. Utkurov, M. R. The Impact of the Erasmus+ Programme on Strengthening Regional Cooperation in Higher Education in Central Asia / M. R. Utkurov // Perspectives of Higher Education Development. – 2025. – Vol. 18, no. 2. – DOI: 10.34920/phe.2025.18.08.
14. Central Asia Strengthens Cooperation in Higher Education: UNESCO and Kazakhstan Hold Regional Policy Dialogue // UNESCO : official website. – 2026. – 18 June. – URL: https://www.unesco.org/en/articles/central-asia-strengthens-cooperation-higher-education-unesco-and-kazakhstan-hold-regional-policy (accessed: 25.10.2026).

15. Сыртқы академиялық ұтқырлық // М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті : ресми сайт. – URL: https://academy.auezov.edu.kz/?page_id=7897 (қаралған күні: 25.10.2026).

UDK 378.147.88
UDC 378.147.88

DUAL TA'LIM ASOSIDA TEXNIKA FANLARINI O'QITISHGA PEDAGOGIK YONDASHUVLAR ("Elektr energiyasini ishlab chiqarish, uzatish va taqsimlash" fani misolida)

3-jadvaldagi barcha B qiymatlari manfiy bo‘lib, ABS bilan masofa uzayganini bildiradi. Yengil yuklanishda o‘rtacha uzayish 30,05%, to‘liq yuklanishda 23,42% bo‘lgan. Masalan, A avtomobilining yengil yuklanishida 32,6 m va 24,0 m masofalar (24,0 − 32,6)/24,0 × 100 = −35,83% ni beradi. Individual B qiymatlari yengil yuklanishda −41,71% dan −18,70% gacha, to‘liq yuklanishda −30,13% dan −12,50% gacha o‘zgargan.

5-rasmdagi farq shina–qoplama o‘zaro ta’siri nuqtai nazaridan talqin qilinadi. Bo‘sh qoplamada bloklangan g‘ildirak oldida material to‘planishi qo‘shimcha qarshilik hosil qilishi mumkin [3]. ABS g‘ildirak aylanishini tiklaganda shu ta’sir kamayadi. Shuning uchun masofaning uzayishi ABS nosozligini o‘z-o‘zidan anglatmaydi; boshqaruvchanlik va yo‘nalish barqarorligi alohida baholanishi lozim. SD_v yengil yuklanishda 7,32, to‘liq yuklanishda 5,69 foiz punktini tashkil etgan.

Shag‘al natijalarini asfalt natijalari bilan umumlashtirishda taqqoslashdagi pedal rejimi, boshlang‘ich tezlik hamda shag‘al yo‘lagining bo‘ylama nishabi farqlanishi hisobga olinishi kerak [3]. Shu sababli hisoblangan foizlar qoplama o‘zgarishining ajratib olingan sof sababiy ta’siri sifatida talqin qilinmaydi.

Olingan natijalar ABS ta’siri qoplama va yuklanish sharoitiga bog‘liqligini ko‘rsatadi. Tanlangan tarixiy to‘plamda quruq beton va nam asfaltda o‘rtacha tormoz yo‘li qisqargan, bo‘sh shag‘alda esa uzaygan. Ushbu qiymatlar zamonaviy avtomobillar uchun universal me’yor emas. Muayyan avtomobilni keyingi tajribada baholash uchun yerga nisbatan mustaqil tezlik, g‘ildirak tezliklari va tormoz bosimini bir vaqt bazasida o‘lchash zarur. Umumiy tormoz masofasining o‘zi sirpanish vaqt qatori yoki bosim modulyatsiyasi chastotasini tiklashga imkon bermaydi.



5-rasm. Bo‘sh shag‘aldagi natijalar: a –tormoz yo‘llari; b –nisbiy farq B. Boshlang‘ich tezlik 56 km/soat. Manfiy B masofa uzayishini bildiradi. Ma’lumotlar [3].

ADABIYOTLAR

1. Tormozlash tizimi. IV bob [elektron o‘quv materiali]. TIIAME MTU elektron fondi. 29 b. URL: https://staff.tiiame.uz/storage/users/309/books/Qc0nrx7JdbN6VGJv20c3P3kYleBQqrOyxlTXUSZi.pdf (murojaat: 16.10.2026).

2. Bosch Mobility. Antilock braking system [texnik ma’lumot]. URL: https://www.bosch-mobility.com/en/solutions/braking-systems/antilock-braking-system/ (murojaat: 16.10.2026).

3. Forkenbrock G.J., Flick M., Garrott W.R. NHTSA Light Vehicle Antilock Brake System Research Program Task 4: A Test Track Study of Light Vehicle ABS Performance Over a Broad Range of Surfaces and

Maneuvers. Final Report. DOT HS 808 875. NHTSA, 1999. A1–A2 jadvallar. URL: https://www.nhtsa.gov/sites/nhtsa.gov/files/nhtsaabst4finalrpt.pdf

4. Johnston S.A., Tijerina L., Garrott W.R., Guenther D.A., Heydinger G.J. Brake Testing Methodology Study –Driver Effects Testing. Draft Final Report. VRTC-87-0441. NHTSA, 1999. URL: https://www.nhtsa.gov/sites/nhtsa.gov/files/braketst.pdf

5. Köylü H., Tural E. Experimental study on braking and stability performance during low speed braking with ABS under critical road conditions // Engineering Science and Technology, an International Journal. 2021. Vol. 24, No. 5. P. 1224–1238. DOI: 10.1016/j.jestch.2021.02.001.

6. Köylü H., Tural E. Experimental investigation on effect of variations in tire pressure on control performance of ABS under μ-jump road conditions based on tire operating parameters // Transactions of the Institute of Measurement and Control. 2023. Vol. 45, No. 8. P. 1525–1538. DOI: 10.1177/01423312221141158.

7. Gérard M., Pasillas-Lépine W., de Vries E., Verhaegen M. Improvements to a five-phase ABS algorithm for experimental validation // Vehicle System Dynamics. 2012. Vol. 50, No. 10. P. 1585–1611. DOI: 10.1080/00423114.2012.693188.

8. Bosch Classic. Antilock braking system ABS [o‘quv plakati]. URL: https://www.bosch-classic.com/de/media/pdfs/downloads/lehrtafeln/en/abs_lehrtafel_bosch_en.pdf (murojaat: 16.10.2026).

ӘОЖ 378.147:811.111:37.025
UDC 378.147:811.111:37.025

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА 4Cs МОДЕЛІН ҚОЛДАНУ

IMPLEMENTING THE 4Cs MODEL IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING AT UNIVERSITIES IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Салыбекова Ф.*, Тулегенова Ж.
Salybekova F.*, Tulegenova Zh.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
**e-mail: sfm82@mail.ru*

Түйін. *Мақалада Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту үдерісіне 4Cs моделін енгізудің теориялық және әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. 4Cs ұғымы сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларының өзара байланысқан жүйесі ретінде түсіндіріледі. Зерттеудің мақсаты – екі елдің академиялық ынтымақтастығы жағдайында шетел тілі сабағына бейімделген 4Cs моделін негіздеу және оны іске асыруға арналған практикалық құрылым ұсыну. Зерттеу теориялық-салыстырмалы әдіске сүйеніп, халықаралық құзыреттер шеңберлерін, шетел тілін оқыту жөніндегі ғылыми еңбектерді және Қазақстан–Өзбекстан жоғары білім ынтымақтастығын реттейтін ресми материалдарды талдайды. Нәтижесінде төрт дағдыны бір-бірінен бөлек тапсырмалармен емес, ортақ проблеманы шешуге бағытталған кіріктірілген жоба арқылы дамыту тиімді екені тұжырымдалды. Автор «зерттеу – идея қалыптастыру – бірлесіп әзірлеу – таныстыру – рефлексия» кезеңдерінен тұратын бес сатылы модельді ұсынады. Модельде студенттер көптілді дереккөздерді бағалайды, балама шешімдер жасайды, аралас топта міндет бөліседі және нәтижесін ағылшын тілінде ұсынады. Бағалау жүйесі төрт дағдыны тілдік дұрыстықтан бөлек, бірақ өзара байланыста өлшеуге негізделеді. Ұсыныстар бірлескен білім беру бағдарламаларына, виртуалды академиялық ұтқырлыққа және болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға қолданылуы мүмкін.*

Abstract. *This article examines the theoretical and methodological possibilities of integrating the 4Cs model into foreign language teaching at universities in Kazakhstan and Uzbekistan. The 4Cs are treated as an interconnected system of critical thinking, creativity, communication, and collaboration rather than as four isolated skills. The study aims to justify a context-sensitive model for foreign language classes within bilateral academic cooperation and to offer a practical implementation framework. A qualitative theoretical and comparative approach is used to analyze international competency frameworks, research on foreign language education, and official materials governing cooperation in higher education between Kazakhstan and Uzbekistan. The analysis suggests that the four skills are best developed through an integrated project organized around a shared authentic problem, not through unrelated activities. A five-stage model is proposed: inquiry, idea generation, collaborative development, presentation, and reflection. Students evaluate multilingual sources, generate alternative solutions, distribute responsibilities in mixed teams, and present a jointly*

produced outcome in English. Assessment separates the quality of each 4C from linguistic accuracy while also examining how the skills function together. Effective implementation requires explicit outcomes, structured group roles, authentic cross-border content, inclusive communication rules, and teacher moderation that preserves student agency. The proposed model can inform joint educational programmes, virtual academic mobility, and the preparation of future foreign language teachers in both countries.

Кілттік сөздер: *4Cs, сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық, шетел тілі.*

Keywords: *4Cs, critical thinking, creativity, communication, collaboration, foreign language.*

Кіріспе

Жоғары білімнің сапасы студенттің қанша ақпарат есте сақтағанымен ғана емес, сол білімді жаңа жағдайда қалай қолданатынымен анықталады. Болашақ маман ақпаратты талдап, жаңа идея ұсынып, ойын әртүрлі аудиторияға түсінікті жеткізіп және басқа адамдармен ортақ нәтиже жасауға қабілетті болуы тиіс. Осы қажеттілікті сипаттайтын кең таралған тұжырымдамалардың бірі – 4Cs моделі. Оның құрамына critical thinking, creativity, communication және collaboration, яғни сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас және ынтымақтастық кіреді [1].

Шетел тілі пәні 4Cs дағдыларын кіріктіріп дамытуға қолайлы. Тілді үйренуші мәтінді түсініп қана қоймай, автор ұстанымын талдайды; дайын үлгіні қайталаумен шектелмей, өзіндік мазмұн жасайды; пікірін ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; жұптық немесе топтық тапсырмада ортақ шешімге келеді. Осы әрекеттер дұрыс жобаланғанда тілдік құзырет пен XXI ғасыр дағдылары бірін-бірі күшейтеді. Ал тапсырма тек сөз жаттау, сөйлемді түрлендіру немесе мәтінді қайта айту деңгейінде қалса, 4Cs әлеуеті жүзеге аспайды.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жоғары білім байланыстары бұл модельді екі елге ортақ оқу тәжірибесінде қолдануға нақты мүмкіндік береді. 2022 жылы мақұлданған үкіметаралық келісімде студенттер, оқытушылар және зерттеушілер алмасуы, бірлескен бағдарламалар, оқу-әдістемелік материалдар және ғылыми жобалар ынтымақтастық бағыттары ретінде бекітілген [2]. 2024 жылғы ресми ақпаратта екі ел университеттері арасында 471 келісім бар екені көрсетілді [3]. 2025 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті мен өзбек серіктестері қос дипломды бағдарламалар мен бірлескен зерттеулерді дамыту жөнінде уағдаласты [4]. Мұндай институционалдық негіз ортақ цифрлық жоба, виртуалды алмасу және аралас студенттік топ құруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуға арналған 4Cs моделінің теориялық негізін жүйелеу және оны екіжақты академиялық ынтымақтастықта іске асыратын әдістемелік құрылым ұсыну. Міндеттері: төрт компоненттің мазмұны мен өзара байланысын анықтау; шетел тілі сабағында әр дағдыны қалыптастыратын әрекеттерді сипаттау; бірлескен жоба кезеңдерін және бағалау өлшемдерін ұсыну; іске асыру тәуекелдері мен шарттарын белгілеу.

Зерттеу әдістері

Мақала сапалық теориялық-салыстырмалы зерттеу ретінде орындалды. Дереккөздер төрт топқа бөлінді: 4Cs және XXI ғасыр құзыреттерін сипаттайтын халықаралық шеңберлер; шетел тілін оқытуда 4Cs моделін қолдануға арналған ғылыми зерттеулер; студент дербестігі, бірлескен оқу және құзыреттерді бағалау жөніндегі еңбектер; Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім ынтымақтастығына қатысты ресми құжаттар. Материалдар мазмұндық талдау, ұғымдарды салыстыру, оқу әрекеттерін функциясына қарай жіктеу және контекстік бейімдеу әдістерімен қарастырылды.

Бұл зерттеуде педагогикалық эксперимент өткізілген жоқ және студенттердің нақты нәтижелері өлшенбеді. Сондықтан ұсынылатын модель әдебиеттегі қағидалар мен екі ел арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерінің әдістемелік синтезі болып табылады. Оның тиімділігі кейінгі пилоттық зерттеуде бастапқы және қорытынды тапсырма, студент өнімдерінің сараптамасы, топтық өзара әрекетті бақылау және қатысушылар сұхбаты арқылы тексерілуі тиіс. Теориялық ұсыныстың эмпирикалық нәтиже ретінде көрсетуге жол бермеу зерттеу қорытындыларының шекарасын айқындайды.

4Cs моделінің теориялық мазмұны

P21 шеңберінде 4Cs оқу мен инновация дағдылары ретінде негізгі пәндік біліммен, ақпараттық сауаттылықпен және өмірлік-кәсіби дағдылармен бірге қарастырылады [1]. Бұл модель пәндік мазмұнды алмастырмайды. Керісінше, студент мазмұнды пайдалану барысында талдайды, жаңаша түрлендіреді, басқаларға жеткізеді және ұжымдық әрекетте қолданады. Сондықтан 4Cs-ті сабаққа қосымша төрт ойын немесе төрт белгі ретінде енгізу оның мәнін тарылтады.

Сыни ойлау дәлелді тексеру, ұғымдарды ажырату, дереккөз сенімділігін бағалау, қорытындының негізділігін анықтау және жаңа ақпаратқа сәйкес позицияны қайта қарау қабілетін қамтиды. Шетел тілі сабағында ол мәтіннің негізгі тезисін табу, факт пен пікірді ажырату, бірнеше дереккөзді салыстыру,

автордың болжамын көрсету және қарсы уәжге жауап беру арқылы байқалады. Сыни ойлау міндетті түрде теріс баға беру емес; оның мақсаты – пайымдауды айқын және дәлелді ету.

Шығармашылық жаңа әрі мақсатқа сай идея, мәтін немесе шешім құруға байланысты. Шетел тілін оқытуда шығармашылық еркін қиялмен ғана шектелмейді: студент аудиторияға сай жанр таңдайды, белгілі ақпаратты жаңа формада ұсынады, балама сценарий жасайды және алғашқы нұсқасын кері байланыс негізінде жетілдіреді. Жаңалық пен орындылық қатар бағалануы керек. Тақырыптан алшақ ерекше жауап шығармашылық өнім болғанымен, оқу мақсатына сай болмауы мүмкін.

Қарым-қатынас мағынаны түсінікті, дәл және аудиторияға сәйкес жеткізу, сондай-ақ өзгенің ойын белсенді тыңдап, кері байланыс беру қабілетін білдіреді. Ол тек көп сөйлеумен өлшенбейді. Студент күрделі идеяны құрылымды жеткізіп, сұрақты нақтылап, түсінбегенін білдіріп, вербалды және цифрлық құралдарды орынды қолдануы тиіс. Көптілді Қазақстан–Өзбекстан тобында қарым-қатынас мәдени мағыналарды түсіндіруді және терминдерді келісуді де қамтиды.

Ынтымақтастық – топ мүшелерінің бір кеңістікте отыруы емес, ортақ мақсатқа жету үшін жауапкершілікті өзара тәуелді түрде бөлуі. Нәтижелі топ міндеттерді келіседі, әр қатысушының үлесін пайдаланады, келіспеушілікті шешеді, жұмыс барысын бақылайды және ортақ өнім сапасына бірге жауап береді. Егер бір студент бүкіл жұмысты орындап, қалғандары тек таныстырылымға шықса, сыртқы жағынан топтық жұмыс болғанымен, ынтымақтастық қалыптаспайды.

Төрт компонент бір циклде байланысады. Сыни ойлау мәселені және дәлелді тексереді; шығармашылық балама шешімдер ұсынады; қарым-қатынас идеяларды түсіндіруге және талқылауға мүмкіндік береді; ынтымақтастық жеке үлестерді ортақ өнімге біріктіреді. Бір компоненттің әлсіздігі бүкіл нәтижеге әсер етеді. Мысалы, шығармашылық идея дәлелсіз болса сенімсіз, ал сапалы идея түсініксіз жеткізілсе ықпалы төмен болады.

Шетел тілін оқытудағы педагогикалық негіздер

OECD Learning Compass 2030 білім алушының белгісіз жағдайда өз бағытын анықтауын, мақсат қоюын, рефлексия жасап, жауапты әрекет етуін маңызды деп көрсетеді [5]. Бұл ұстаным 4Cs моделіне оқытушының бақылауындағы тапсырмалар жиынтығы емес, студент дербестігін қалыптастыратын орта ретінде қарауға мүмкіндік береді. Оқытушы мәселе мен сапа критерийін белгілейді, бірақ дереккөз, шешім жолы немесе өнім форматы бойынша шектеулі таңдау береді.

Қазақстандық контексте жүргізілген зерттеулер 4Cs моделін енгізу мұғалім даярлығымен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Каримова және әріптестері тәжірибелі шетел тілі оқытушылары мен сарапшылар пікірін зерттеп, болашақ мұғалімдерге 4Cs-ті тапсырма, бағалау және цифрлық ортаға кіріктіруді арнайы үйрету қажеттігін атап өткен [6]. 2026 жылы Шымкенттегі 225 EFL оқытушысын қамтыған зерттеу 4Cs-ті енгізуге даярлықтың өздігінен реттелетін кәсіби оқу және цифрлық білім мүмкіндіктерін қабылдаумен байланысын көрсетті [7]. Бұл деректер модельді тек студент тапсырмасын өзгертумен емес, оқытушының кәсіби дамуымен қатар енгізу керектігін аңғартады.

Шетел тілі сабағында мазмұн мен ойлау жүктемесі тілдік деңгейге бейімделуі керек, бірақ жеңілдетіліп кетпеуі тиіс. B1 деңгейіндегі студентке күрделі проблеманы талдауға арналған қысқа мәтін, визуалды дерек, терминдер тізімі және сөйлем бастамалары берілуі мүмкін. B2 немесе жоғары деңгейде дереккөз саны, жанр айырмашылығы және қарсы уәж күрделенеді. Қолдау ойдың орнына дайын жауап ұсынбауы керек; ол студенттің өз ойын тілдік тұрғыдан жеткізуіне жағдай жасайды.

4Cs-ті дамыту үшін шынайы аудитория маңызды. Тек оқытушыға арналған эссе студенттің қарым-қатынас стратегиясын шектейді. Ал өзбекстандық серіктес топқа арналған бейне, университет әкімшілігіне ұсыныс, халықаралық студенттерге нұсқаулық немесе екі ел жастарына ортақ подкаст жанр мен тіл таңдауын саналы етеді. Аудиторияның сұрақтары өнімді қайта қарауға табиғи кері байланыс береді.

Қазақстан–Өзбекстанға арналған бес сатылы модель

Ұсынылатын модель бес кезеңнен тұрады: зерттеу, идея қалыптастыру, бірлесіп әзірлеу, таныстыру және рефлексия. Оны үш-төрт апталық модуль, семестрлік жоба немесе виртуалды академиялық ұтқырлық курсы ретінде ұйымдастыруға болады. Ортақ проблема екі елге де мәнді, бір ғана дұрыс жауабы жоқ және сенімді дерекпен талданатын болуы тиіс. Мысалы, кампустағы экологиялық мінез-құлық, академиялық адалдық, мәдени мұраны жастарға таныту, инклюзивті университет ортасы немесе студенттердің цифрлық әл-ауқаты алынуы мүмкін.

Бірінші кезең – зерттеу. Қазақстандық және өзбекстандық студенттер ұлттық топта мәселенің жергілікті көрінісін сипаттайды, кейін аралас топта деректерін біріктіреді. Олар қазақ, өзбек, орыс және ағылшын тіліндегі материалдарды пайдалана алады, бірақ негізгі талқылау мен қорытынды өнім ағылшын тілінде орындалады. Әр дереккөз авторы, күні, мақсаты, дәлел базасы және шектеуі бойынша

тексеріледі. Бұл кезеңде сыни ойлау басым болғанымен, сұрақ қою мен түсіндіру арқылы қарым-қатынас та дамиды.

Екінші кезең – идея қалыптастыру. Топ мәселені шешудің кемінде үш нұсқасын ұсынады. Ми шабуылы кезінде идеяға бірден баға берілмейді; кейін олар ықпал, орындалу мүмкіндігі, шығын, мәдени сәйкестік және тұрақтылық критерийлері бойынша сараланады. Осы бөлу шығармашылық пен сыни ойлаудың бір-біріне кедергі жасамауына көмектеседі: алдымен мүмкіндіктер аясы кеңейтіледі, содан кейін дәлел арқылы тарылтылады.

Үшінші кезең – бірлесіп әзірлеу. Топ зерттеуші, мәтін редакторы, дизайнер, баяндамашы және сапа бақылаушысы сияқты рөлдерді бөледі. Рөлдер студенттің қабілетіне сәйкес таңдалғанымен, бір адамға барлық маңызды шешімді бермеу керек. Топ ортақ жоспар, мерзім және файл нұсқаларын келіседі. Әр мүше үлесін қысқаша тіркейді, ал аралық кездесуде жұмыстың теңдігі мен байланысын тексереді. Бұл ынтымақтастықты көрінетін және бағаланатын әрекетке айналдырады.

Төртінші кезең – таныстыру және диалог. Топ ағылшын тілінде саясаттық ұсыныс, әлеуметтік бейнеролик, цифрлық постер, подкаст немесе ауызша презентация ұсынады. Тыңдаушылар алдын ала берілген өлшемдер бойынша сұрақ қойып, ұсыныстың күшті жағы мен жетілдіретін тұсын атайды. Баяндамашы ғана емес, барлық топ мүшесі сұраққа жауап беруге дайын болады. Осылайша қарым-қатынас дайын мәтінді оқу емес, мағынаны келісу және күтпеген сұраққа жауап беру ретінде бағаланады.

Бесінші кезең – рефлексия. Әр студент өз үлесін, топтың шешім қабылдау жолын, қандай дәлел позициясын өзгерткенін және келесі жобада нені басқаша жасайтынын жазады. Топтық өнімнің жоғары сапасы әр адамның төрт дағдыны меңгергенін автоматты түрде дәлелдемейді, сондықтан жеке рефлексия міндетті. Рефлексияда дәлел болатын нақты мысал сұралады: «Мен ынтымақтастық жасадым» дегеннің орнына қандай міндетті кіммен келіскені және келіспеушілікті қалай шешкені көрсетіледі.

Модельді іске асырудың ықшам нұсқасы – екі университет арасындағы төрт апталық COIL форматындағы онлайн-модуль. Бірінші аптада мәселе мен ұлттық дерек ұсынылады; екінші аптада аралас топтар идея жасап, шешім таңдайды; үшінші аптада өнім әзірлейді; төртінші аптада өзара таныстырып, рефлексия жүргізеді. Ортақ ағылшын тілі бейтарап байланыс алаңы қызметін атқарады, ал жергілікті тілдер контекст пен дерек байлығын сақтайды.

Бағалау жүйесі

4Cs моделінің бағалауы төрт бөлек көрсеткішті және олардың ықпалдасуын қамтуы тиіс. Сыни ойлау бойынша мәселені анықтау, дереккөз сапасын бағалау, дәлелдің сәйкестігі және қорытындының шектеуін мойындау қарастырылады. Шығармашылықта идеяның жаңалығы, мақсатқа сәйкестігі, бірнеше балама ұсыну және кері байланыс негізінде жетілдіру бағаланады. Қарым-қатынаста құрылым, түсініктілік, аудиторияға бейімделу, белсенді тыңдау және сұраққа жауап беру ескеріледі. Ынтымақтастықта міндет бөлу, тең үлес, өзара қолдау, шешімге бірге келу және жауапкершілік өлшенеді.

Тілдік құзырет жеке өлшем ретінде сақталуы керек: сөздік қор, грамматикалық бақылау, мәтін байланысы, айтылым немесе жазылым нормалары. Мұндай бөлу тілдік қатесі бар, бірақ негізді идея ұсынған студенттің ойлау сапасын әділ бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тілдік дәлдік мүлде ескерусіз қалмайды, өйткені түсініксіз тіл қарым-қатынас нәтижесін төмендетеді. Қорытынды бағада жоба мақсатына қарай 4Cs дағдыларына 60–70%, тілдік орындауға 30–40% үлес беруге болады; нақты үлес курс бағдарламасында алдын ала көрсетіледі.

Бағалаудың бір ғана соңғы өнімге сүйенуі жеткіліксіз. Дереккөзді бағалау парағы, идеялар журналы, топтық жоспар, аралық нұсқа, өзара кері байланыс және жеке рефлексия үдерісті көрсетеді. Оқытушы осы дәлелдердің бәрін жинағанда бір студенттің көрінбейтін үлесін немесе керісінше, дайын өнімге қатыспағанын анықтай алады. Өзара бағалау құпия түрде жүргізіліп, қысқа негіздеме талап етілсе, оның сенімділігі артады.

Қазақстандық және өзбекстандық оқытушылар ортақ рубриканы қолданар алдында үш-төрт студент жұмысын бірге бағалап, дескрипторларды талқылауы қажет. Бұл модерация бір өлшемді әртүрлі түсіндіруден туатын айырманы азайтады. Рубрика үш немесе төрт деңгейден тұрып, «жақсы», «орташа» сияқты жалпы сөздердің орнына бақыланатын әрекеттерді сипаттауы тиіс.

Іске асыру шарттары мен тәуекелдер

Бірінші шарт – оқытушы даярлығы. 4Cs терминдерін білу тапсырманы сапалы жобалауға жеткіліксіз. Оқытушы ашық мәселе құрастыруды, топтық рөлдерді теңестіруді, дереккөзді тексеруді, шығармашылық үдерісті кезеңдеуді және көпөлшемді рубрика қолдануды меңгеруі тиіс. Бірлескен

кәсіби семинарда екі ел оқытушылары ортақ тапсырма жасап, оны шағын топта сынап, студентке түсініксіз тұстарын түзете алады.

Екінші шарт – қауіпсіз және инклюзивті қатынас. Тілдік деңгейі жоғары немесе мінезі белсенді студент топты толық басқаруы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін сөз кезегі, сұрақ қою, шешім қабылдау және рөл ауыстыру ережелері белгіленеді. Ұлттық стереотиптерге сүйенетін әзіл немесе жалпылау қабылданбайды; мәдени айырмашылық пікірталас нысаны болса, ол жеке тәжірибемен емес, бірнеше дерекпен талданады.

Үшінші шарт – цифрлық теңдік. Онлайн жоба тұрақты интернет, ортақ платформа және файлға қолжетімділікке тәуелді. Құралды көп қолдану өздігінен шығармашылық пен ынтымақтастықты арттырмайды. Платформа педагогикалық қызметіне қарай таңдалады: бір құрал идея жинауға, екіншісі нұсқаларды өңдеуге, үшіншісі таныстыруға қажет болуы мүмкін. Төмен жылдамдық жағдайында мәтіндік және асинхронды балама қарастырылуы тиіс.

Төртінші тәуекел – жасанды интеллект көмегімен жасалған өнімді студент дағдысымен шатастыру. Генеративті құрал идея немесе мәтін ұсынса, студент оның дерегін тексеріп, таңдауының себебін түсіндіріп, енгізген өзгерістерін көрсетуі керек. Жасанды интеллект топ мүшесінің орнын алмастырмайды және бағаланатын әрекет – сұрау жазудың өзі емес, алынған жауапты сыни тексеру, шығармашылық түрлендіру және этикалық пайдалану.

Бесінші шарт – кезеңдік енгізу. Бірден барлық пәнге міндеттеу формалды орындауға әкелуі мүмкін. Алдымен екі университеттің бір курсында пилот өткізіліп, студент тәжірибесі, оқытушы жүктемесі, бағалау сенімділігі және техникалық қиындықтар талданады. Содан кейін модель түзетіліп, басқа мамандықтар мен тілдік деңгейлерге бейімделеді.

Талқылау

4Cs моделі шетел тілін үйренуді әлеуметтік және зияткерлік әрекет ретінде қайта қарауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі сабақта дұрыс жауап пен тілдік норма басым болса, 4Cs ортасында студент мәселені зерттеп, бірнеше шешімнің арасынан таңдайды, өз таңдауын түсіндіреді және топпен бірге өнім жасайды. Бұл тілдік бірліктерді нақты мақсат үшін қолдануға жағдай туғызады.

Қазақстан–Өзбекстан контексінде модельдің ерекше құндылығы – мәдени және тілдік жақындықты дайын біркелкілік деп қабылдамай, салыстыру мен бірлескен әрекет ресурсына айналдыруында. Екі ел студенттері ортақ мәселеге қатысты ұқсастықты да, айырмашылықты да дерекпен түсіндіреді. Нәтижесінде мәдениетаралық құзырет мерекелер мен дәстүрлер туралы ақпарат алмасудан тереңдеп, мәселені басқа позициядан көру, терминді келісу және ортақ шешім жасау қабілетіне ұласады.

Сонымен бірге 4Cs әмбебап дайын рецепт емес. Дағдылардың көрінуі пәнге, тіл деңгейіне, топ құрамына және бағалау мәдениетіне тәуелді. Теориялық модельдің тиімділігі эмпирикалық тексерусіз дәлелденді деп айтуға болмайды. Болашақ зерттеуде Қазақстан мен Өзбекстандағы эксперименттік және салыстыру топтарының нәтижелері, топтық сөйлесудің сапасы, студент өнімдері және жеке рефлексиялары бірге талданғаны жөн. Әсіресе ынтымақтастықтағы жеке үлесті сенімді өлшеу мен шығармашылықты мәдени тұрғыдан әділ бағалау қосымша зерттеуді қажет етеді.

Пилоттық зерттеуде аралас әдіс ұсынылады. Семестр басында студенттерге жеке проблемалық тапсырма беріледі; модуль соңында құрылымы ұқсас жаңа тапсырма орындалады. Рубрика бойынша балл өзгерісі сандық түрде талданады, ал сұхбат, бақылау және цифрлық нұсқалар тарихы дағдының қалай қалыптасқанын түсіндіреді. Екі елдегі бағалаушылардың келісімі бөлек есептелсе, ортақ рубриканың сенімділігі анықталады.

Қорытынды

4Cs моделі Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту мазмұнын заманауи құзыреттермен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сыни ойлау деректің сапасын тексереді, шығармашылық жаңа әрі орынды шешім ұсынады, қарым-қатынас мағынаны аудиторияға жеткізеді, ал ынтымақтастық жеке үлестерді ортақ нәтижеге біріктіреді. Бұл дағдылар бөлек жаттығулар жиынтығы емес, бір оқу үдерісінің өзара тәуелді бөліктері болуы тиіс.

Ұсынылған «зерттеу – идея қалыптастыру – бірлесіп әзірлеу – таныстыру – рефлексия» моделі төрт компонентті шетел тілі сабағының нақты кезеңдеріне енгізеді. Қазақстандық және өзбекстандық студенттердің аралас топтары көптілді дереккөздермен жұмыс істеп, ортақ мәселенің шешімін ағылшын тілінде ұсынғанда, тілдік оқу академиялық ынтымақтастықтың практикалық алаңына айналады.

Университеттерге үш практикалық қадам ұсынылады: бірлескен төрт апталық пилоттық модуль әзірлеу; оқытушыларға тапсырма дизайны мен рубрика бойынша семинар өткізу; нәтижені жеке және топтық дәлелдер арқылы бағалау. Пилот нәтижелері негізінде модельді академиялық ұтқырлыққа,

болашақ мұғалімдерді даярлауға және қос дипломды бағдарламаларға кезең-кезеңімен кеңейтуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Partnership for 21st Century Learning. Framework for 21st Century Learning Definitions. Battelle for Kids, 2019. URL: https://static.battelleforkids.org/documents/p21/P21_Framework_DefinitionsBFK.pdf (accessed: 24.10.2026).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы: 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 971 қаулы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000971 (қаралған күні: 24.10.2026).

3. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan and Uzbekistan Strengthen Practical Cooperation in Field of Higher Education and Science. 22 February 2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/17994?lang=en (accessed: 24.10.2026).

4. M. Auezov South Kazakhstan Research University. Higher Education and Science Cooperation with Uzbek Partner Universities. 28 March 2025. URL: https://auezov.edu.kz/eng/home-en-gb/7374-higher-education-and-science-cooperation-with-uzbek-partner-universities (accessed: 24.10.2026).

5. OECD. The OECD Learning Compass 2030. Paris: OECD, 2019. URL: https://www.oecd.org/en/data/tools/oecd-learning-compass-2030.html (accessed: 24.10.2026).

6. Karimova, B., Zhetpisbayeva, B., Shunkeyeva, S., Tleuzhanova, G., & Kitibayeva, A. Role of the Integration of the 4C Model in the Professional Training of Future Foreign Language Teachers. Frontiers in Education. 2023. Vol. 8. Article 1125728. https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1125728.

7. EFL Teachers' Readiness for 4Cs Integration in Teaching: The Role of Self-Regulated Professional Learning and Digital Educational Opportunities. Frontiers in Education. 2026. Vol. 11. Article 1901530. https://doi.org/10.3389/feduc.2026.1901530.

8. Saleh, S. E. 4Cs in the EFL Classroom. Journal of English Teaching. 2019. Vol. 5, No. 3. P. 215–229.

9. Erdoğan, V. Integrating 4C Skills of 21st Century into 4 Language Skills in EFL Classes. International Journal of Education and Research. 2019. Vol. 7, No. 11. P. 113–124.

10. Trilling, B., & Fadel, C. 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. San Francisco: Jossey-Bass, 2009.

UDK 378.147:373.2
UDC 378.147:373.2

DUAL TA'LIM SHAROITIDA MAKTABGACHA TA'LIM YO'NALISHI TALABALARINING AMALIY FAOLIYATINI METODIK TA'MINLASH, MUVOFIQLASHTIRISH VA BAHOLASHNING NAZARIY-DIDAKTIK ASOSLARI

THEORETICAL AND DIDACTIC FOUNDATIONS FOR THE METHODOLOGICAL SUPPORT, COORDINATION, AND ASSESSMENT OF PRACTICAL ACTIVITIES OF PRESCHOOL EDUCATION STUDENTS IN DUAL EDUCATION

Alovdinova Iroda Botir qizi
Alovdinova Iroda Botir kizi
Xalqaro Nordik universiteti, O'zbekiston
Nordic International University, Uzbekistan
irodaalovdinova@gmail.com

Annotatsiya: *Maqolada dual ta'lim shaklida o'qiyotgan maktabgacha ta'lim yo'nalishi talabalarining maktabgacha ta'lim tashkilotidagi (MTT) amaliy faoliyatini o'quv natijalari bilan bog'lash masalasi tahlil qilinadi. Tadqiqotning maqsadi metodik ta'minlash, muvofiqlashtirish va baholash mexanizmlarining nazariy-didaktik asoslarini aniqlash hamda ularning o'zaro bog'liqligini asoslashdan iborat. Buning uchun normativ hujjatlar mazmuni tahlil qilinadi, ish joyida o'rganish va kompetentlikni baholashga oid ilmiy manbalar qiyoslanadi, tizimli loyihalash usulidan foydalaniladi. Talabaning mehnat va o'quv rollarini farqlashga tayanadigan, topshiriq, amaliy ijro, kuzatuv, fikr-mulohaza va qayta rejalashtirish bosqichlarini birlashtiruvchi siklik yondashuv taklif etiladi. Yondashuv yetti didaktik*

tamoyilga, ishtirokchilar vazifalarining taqsimotiga hamda to‘rt kompetentlik komponenti (kognitiv, amaliy-faoliyatli, shaxsiy-kommunikativ va refleksiv) bo‘yicha namunaviy indikatorlarga asoslanadi. Maqolada talaba, MTT amaliyot rahbari, OTM tyutori va MTT rahbari o‘rtasidagi vazifalar taqsimoti hamda yondashuvning bir haftalik qo‘llanish namunasi keltiriladi. Baholashda yakuniy natija bilan birga o‘quv jarayonidagi individual kasbiy o‘sishni ham qayd etish zarurligi asoslanadi. Taklif etilayotgan yondashuvning samaradorligi tadqiqotning keyingi bosqichida ekspert baholash va pedagogik tajriba-sinov orqali aniqlanadi.

Abstract: *The article analyses how the practical activity of preschool education students studying in the dual form at a preschool educational organization (PEO) can be linked to learning outcomes. The aim of the study is to identify the theoretical and didactic foundations of the mechanisms of methodological support, coordination and assessment and to substantiate their interrelation. To this end, the content of normative documents is analysed, scientific sources on workplace learning and competence assessment are compared, and systematic design is applied. A cyclical approach is proposed that rests on distinguishing the student's work and learning roles and integrates the stages of task setting, practical performance, observation, feedback and re-planning. The approach is based on seven didactic principles, a distribution of participants' responsibilities and sample indicators for four competence components (cognitive, practical-activity, personal-communicative and reflective). The article presents the division of responsibilities among the student, the PEO practice mentor, the university tutor and the PEO head, as well as an example of applying the approach over one week. The need to record not only the final result but also the student's individual professional growth during the learning process is substantiated. The effectiveness of the proposed approach will be determined at the next stage of the study through expert evaluation and a pedagogical experiment.*

Kalit so‘zlar: *dual ta’lim, pedagogik kompetentlik, metodik ta’minlash, muvofiqlashtirish, autentik baholash, refleksiv portfolio, maktabgacha ta’lim yo‘nalishi talabasi.*

Keywords: *dual education, pedagogical competence, methodological support, coordination, authentic assessment, reflective portfolio, preschool education student.*

Kirish

Maktabgacha ta’lim sifati ko‘p jihatdan tarbiyachining kasbiy tayyorgarligiga bog‘liq. Bolaning rivojlanish ehtiyojlarini tushunadigan, o‘z qarorlarini asoslay oladigan va faoliyatini muntazam takomillashtirib boradigan pedagog ta’lim jarayoni sifatini belgilaydi. Shu bois MTTda ishlayotgan tarbiyachilarning oliy pedagogik ma’lumot olishi faqat diplom bilan bog‘liq masala emas, balki mavjud tajribani zamonaviy pedagogik bilimlar asosida qayta anglash imkoniyatidir. Faoliyat yuritayotgan tarbiyachilar uchun mo‘ljallangan kasbiy rivojlantirish dasturlari ta’lim sifati ko‘rsatkichlari va bolalar natijalariga ijobiy ta’sir ko‘rsatishi meta-tahlil asosida isbotlangan [11].

O‘zbekistonda 2026/2027 o‘quv yilidan boshlab MTTda ishlayotgan o‘rta maxsus ma’lumotli pedagoglar uchun dual ta’lim shakli joriy etilmoqda: ular haftaning bir kunida pedagogika oliy ta’lim tashkilotida (OTM), besh kunida esa MTTda tahsil oladi [1]. Vazirlar Mahkamasining 321-son qarorida talabalarning MTTdagi amaliy faoliyatini metodik ta’minlash, muvofiqlashtirish va baholash mexanizmlarini Maktabgacha va maktab ta’limi vazirligi tasdiqlashi belgilab qo‘yilgan [2]. Nizom loyihasida esa OTM, MTT va talaba o‘rtasida uch tomonlama shartnoma tuzish nazarda tutilgan [3]. Demak, ushbu mexanizmlar mazmunini didaktik jihatdan asoslash bugungi amaliyot uchun dolzarb vazifa hisoblanadi.

Dual shaklning samarasi MTTdagi kundalik faoliyat o‘quv maqsadlari bilan qanchalik uyg‘un tashkil etilganiga bog‘liq. Mehnat vazifasi aniq o‘quv topshirig‘i bilan bog‘langan holatda talaba qaysi bilim va ko‘nikmani egallayotganini anglab boradi, nazariya va amaliyot esa bir muhitda uyg‘unlashadi. Shundan kelib chiqib, tadqiqot muammosi quyidagicha belgilanadi: talabaning real mehnat faoliyatini aniq o‘quv natijalari bilan qanday bog‘lash, ikki ta’lim muhiti ishtirokchilarining harakatlarini qanday muvofiqlashtirish va kasbiy o‘sishni qanday ishonchli baholash mumkin?

Ish joyida o‘rganishga oid tadqiqotlar bu savolga javob izlashda muhim nazariy asos bo‘lib xizmat qiladi. S. Billett ish joyidagi o‘rganish sifati yo‘l-yo‘riq ko‘rsatish va faoliyatda ishtirok etish imkoniyatlariga bog‘liqligini ko‘rsatgan [6]. M. Eraut ish joyidagi bilimning katta qismi norasmiy yo‘l bilan shakllanishini ta’kidlaydi [12]. P. Tynjälä nazariy bilim bilan ish joyidagi tajribani birlashtirish zarurligini asoslab bergan [23]. S. Akkerman va A. Bakker turli faoliyat muhitlari chegarasida umumiy vositalarning o‘rnini tahlil qilgan [4]. Baholash sohasida autentik topshiriqlarning xususiyatlari yoritilgan [14], kompetentlikni baholash dasturlarining sifat mezonlari ishlab chiqilgan [5], rubrikalarning ishonchliligi va asosliligi o‘rganilgan [15]. Rubrikalar shakllantiruvchi baholash vositasi sifatida ham tadqiq etilgan [19]. Mahalliy tadqiqotlar orasida dual ta’lim modeli sharoitida bo‘lajak o‘qituvchilarning pedagogik muloqot kompetentligini rivojlantirish masalasi ko‘rib chiqilgan [22]. Ushbu yondashuvlarni O‘zbekistondagi dual tayyorgarlik xususiyatlariga mos yagona amaliy-didaktik tizimga birlashtirish esa alohida tadqiqotni talab etadi.

Tadqiqotning maqsadi dual ta’lim sharoitida MTTdagi amaliy faoliyatni metodik ta’minlash, muvofiqlashtirish va baholash mexanizmlarining o‘zaro bog‘liqligini didaktik jihatdan asoslashdan iborat. Maqsadga erishish uchun talabaning ikki rolli maqomi tavsiflanadi, mexanizmlarning tarkibi va vazifalari

aniqlanadi, baholash komponentlari bo‘yicha namunaviy indikatorlar taklif etiladi hamda ularni joriy etish shartlari belgilanadi. Maqolada «maktabgacha ta’lim yo‘nalishi talabasi» deganda MTTda mehnat faoliyatini davom ettirgan holda pedagogika OTMida bakalavriat dasturi bo‘yicha tahsil olayotgan shaxs tushuniladi; matnda qisqalik uchun «talaba» atamasi qo‘llaniladi.

Materiallar va metodlar

Tadqiqot nazariy-tahliliy xarakterga ega bo‘lib, uch bosqichda olib boriladi. Birinchi bosqichda normativ hujjatlar asosida dual ta’lim ishtirokchilari, vaqt rejimi va talaba faoliyatiga qo‘yiladigan tashkiliy talablar aniqlanadi. Nizom loyihasi jamoatchilik muhokamasidagi hujjat sifatida tahlilga jalb etiladi [3]. Ikkinchi bosqichda ilmiy manbalar to‘rt mezon asosida qiyoslanadi: o‘quv natijasini real faoliyat bilan bog‘lash, OTM va MTT hamkorligi, kompetentlik haqida dalil to‘plash va shakllantiruvchi qayta aloqa. Uchinchi bosqichda shu mezonlar asosida uch mexanizmning vazifalari, vositalari, mas’ul tomonlari va qayta aloqa nuqtalari yagona tizimga keltiriladi.

Mexanizmlarni asoslashda uchta nazariy tayanchga suyaniladi. G. Miller taklif etgan kompetentlikni baholash piramidasi real vaziyatdagi harakatni baholash mantig‘ini beradi [17]. Piramida dastlab tibbiy ta’lim uchun ishlab chiqilgani sababli undagi faoliyatni baholash tamoyili maktabgacha ta’lim xususiyatlariga moslashtiriladi. D. Sadlerning shakllantiruvchi baholash haqidagi qarashlari fikr-mulohazani keyingi harakatni takomillashtirish vositasi sifatida tushunishga imkon beradi [20]. Refleksiv amaliyot g‘oyasi esa D. Schön asariga asoslanadi [21]. Maqolada keltirilgan indikator va rubrikalar nazariy jihatdan asoslangan namunaviy taklif bo‘lib, keyingi bosqichda ekspert baholash va tajriba-sinov orqali aniqlashtiriladi.

Natijalar

1. Talabaning ikki rolli maqomi

Dual shaklda o‘qiyotgan talaba bir vaqtning o‘zida ikki vazifani bajaradi. Xodim sifatida u mashg‘ulot jarayonida bolalarning xavfsizligi va ta’lim sifati uchun javobgar bo‘lsa, talaba sifatida shu faoliyatni tahlil qiladi, nazariy jihatdan asoslaydi va yangi usullarni sinab ko‘radi. Shuning uchun bitta pedagogik vaziyat ikki nuqtayi nazardan baholanadi: mehnat samaradorligi va kompetentlikning rivojlanishi. Bu ikki jihatni farqlash MTT rahbarining mehnat intizomiga oid xulosasini ham, talabaning o‘quv bahosini ham xolis belgilashga yordam beradi.

2. Didaktik tamoyillar

Taklif etilayotgan yondashuv yetti tamoyilga asoslanadi. Birinchisi – autentiklik, ya’ni topshiriqlar MTTdagi real faoliyat bilan bog‘lanadi [14]. Ikkinchisi – nazariya va amaliyotning uyg‘unligi: kuzatilgan holat ilmiy tushunchalar yordamida izohlanadi [23]. Uchinchisi – avvalgi kasbiy tajribani e’tirof etish; boshlang‘ich diagnostikada talaba allaqachon egallagan va hali o‘zlashtirishi lozim bo‘lgan jihatlar ajratiladi [12]. To‘rtinchisi – shakllantiruvchi baholash bo‘lib, fikr-mulohaza keyingi faoliyatni takomillashtirishga xizmat qiladi [7]. Beshinchisi – shaffoflik: indikatorlar va talablar talabaga oldindan ma’lum bo‘ladi [19]. Oltinchisi – mehnat va o‘quv rollarini farqlash, bunda rahbarning ish faoliyatiga oid xulosasi va o‘quv bahosi alohida shakllantiriladi. Yettinchisi – mas’uliyatning aniq taqsimlanishi: har bir ishtirokchining vazifasi, vakolati va aloqa muddati oldindan belgilanadi.

3. Metodik ta’minlash mexanizmi

Metodik ta’minlash talabaning individual kompetentlik ehtiyojlarini aniqlashdan boshlanadi. Bu mexanizmning asosiy vositalari individual o‘quv-amaliy reja, amaliy topshiriqlar banki, qisqa metodik yo‘riqnoma, kuzatuv varag‘i va refleksiv portfoliodan iborat. Har bir topshiriq «o‘quv natijasi – amaliy harakat – kuzatiladigan dalil – mezon – fikr-mulohaza» zanjiri asosida tuziladi. Masalan, «bolalarning mustaqil faoliyatini qo‘llab-quvvatlash» natijasi bo‘yicha talaba ochiq savollarga asoslangan vaziyatni rejalashtiradi va uni guruhda o‘tkazadi. Jarayonda u kuzatuv kartasiga dalillarni yozib boradi, so‘ngra qaysi savollar bolalar tashabbusini rag‘batlantirganini tahlil qiladi. Pedagogik o‘zgarishning bolaga ta’siri bitta holat asosida emas, bir nechta dalil asosida baholanadi.

4. Muvofiqlashtirish mexanizmi

Muvofiqlashtirish jarayonida to‘rt tomon ishtirok etadi. OTM tyutori o‘quv natijalari, metodik talablar va akademik baholashning izchilligi uchun javob beradi. MTT amaliyot rahbari talabaning real faoliyatini kuzatib boradi va kasbiy vaziyatlar yuzasidan fikr bildiradi. MTT rahbari mehnat tartibi, bolalar xavfsizligi va xizmat vazifalariga rioya etilishini ta’minlaydi. Talaba esa topshiriqni bajaradi, dalillarni to‘playdi va shaxsiy rivojlanish maqsadini belgilaydi. «OTM tyutori» va «amaliyot rahbari» rollari muallif tomonidan taklif etilmoqda; ularni uch tomonlama shartnoma yoki nizomda mustahkamlash maqsadga muvofiq.

Tomonlar o‘rtasida umumiy tushuncha shakllanishiga individual reja, kelishilgan kuzatuv jadvali va yagona rubrika xizmat qiladi. S. Akkerman va A. Bakker bunday vositalarni «chegaraviy obyektlar» deb ataydi, chunki ular turli muhitdagi ishtirokchilarga bir xil mazmun ustida ishlash imkonini beradi [4].

Muvofiqlashtirish shartnoma tuzish bilan yakunlanmaydi: u davriy maslahatlar, murakkab vaziyatlarni birgalikda tahlil qilish va baholash yondashuvlarini kelishib olishni ham qamrab oladi.

5. Baholash mexanizmi

Baholash to‘rt o‘zaro bog‘liq komponentni qamrab oladi: kognitiv, amaliy-faoliyatli, shaxsiy-kommunikativ va refleksiv. Har bir komponent kamida bitta bevosita kuzatiladigan indikator orqali ifodalanadi (1-jadval). Dalillar mashg‘ulot kuzatuvi, mashg‘ulot rejasi, pedagogik vaziyat tahlili, portfolio, talabaning o‘zini o‘zi baholashi va tyutor xulosasi kabi turli manbalardan yig‘iladi. Barqaror kompetentlikni ishonchli aniqlash uchun bir necha kuzatuv natijalari va faoliyatdagi o‘zgarishlar birgalikda hisobga olinadi [8].


Indikatorlar uchun to‘rt darajali tavsifiy rubrika taklif etiladi. Boshlang‘ich darajada talaba harakatni ko‘rsatma asosida bajaradi. Rivojlanayotgan darajada u tanish vaziyatda qisman mustaqil harakat qiladi. Yetarli darajada turli odatiy vaziyatlarda mustaqil va asosli ishlaydi. Yuqori darajada esa murakkab vaziyatga moslasha oladi, natijani tahlil qiladi va hamkasblariga tushuntirib bera oladi. Rubrikaning ishonchliligi va o‘quv ta’siri uning aniq tuzilishiga bog‘liq [9], shu sababli daraja ta’riflari ekspert ko‘rigi va amaliy sinov asosida aniqlashtirilgach, baholash mezoni sifatida tavsiya etiladi. MTT rahbarining xodim mehnatiga oid nazorati OTMning o‘quv natijasiga doir bahosidan alohida olib boriladi; baholarda kelishmovchilik yuzaga kelganda ikkinchi baholovchining xulosasi olinadi.

1-jadval. Pedagogik kompetentlikni baholash komponentlari va namunaviy indikatorlar

Komponent	Kuzatiladigan indikator	Dalil manbasi
Kognitiv	Pedagogik qarorini bola rivojlanishi va metodik tamoyillar bilan asoslaydi	Vaziyat tahlili, qisqa izoh
Amaliy-faoliyatli	Faoliyat maqsadiga mos metodni tanlaydi va vaziyatga qarab moslashtiradi	Kuzatuv kartasi, mashg‘ulot rejasi
Shaxsiy-kommunikativ	Bolalar bilan hurmatli muloqot qiladi va individual yondashuvni namoyon etadi	Pedagogik kuzatuv, fikr-mulohaza
Refleksiv	O‘z faoliyatini dalillar bilan tahlil qiladi va navbatdagi takomillashtirish qadamini belgilaydi	Refleksiv portfolio, rivojlanish rejasi

6. Mexanizmlarning siklik bog‘lanishi

Uch mexanizm quyidagi ketma-ketlikda amalga oshiriladi: dastlabki diagnostika, maqsad va topshiriqni belgilash, MTTda amaliy ijro, dalil to‘plash va baholash, muhokama va refleksiya, individual rejani qayta ko‘rib chiqish (1-rasm). Bunda metodik ta’minlash topshiriq mazmunini belgilaydi, muvofiqlashtirish uni bajarish uchun sharoit yaratadi, baholash esa keyingi rivojlanish yo‘nalishini ko‘rsatadi. Qayta aloqa uch mexanizmni bir-biriga bog‘lab turuvchi uzluksiz jarayon hisoblanadi [21].



1-rasm. Metodik ta’minlash, muvofiqlashtirish va baholashning siklik bog‘lanishi (muallif sxemasi; refleksiv amaliyot g‘oyasi [21] asosida).

Siklning bir haftalik qo‘llanishi quyidagicha bo‘ladi. OTM kunida talaba tyutor bilan birga o‘tgan haftadagi kuzatuv yozuvlarini tahlil qiladi, tegishli nazariy tushunchani o‘rganadi va keyingi hafta uchun topshiriqni aniqlaydi. MTTdagi besh kun davomida talaba ushbu topshiriqni amaliyotda qo‘llaydi, amaliyot rahbari esa kelishilgan jadval asosida kuzatuv olib boradi. Hafta yakunida talaba kuzatuv yozuvlarini portfolioga kiritadi va navbatdagi OTM kunida sikl yangi dalillar asosida davom etadi.

2-jadval. Uch mexanizmning funksional bog‘liqligi

Mexanizm	Asosiy vositalar	Mas’ul tomon	Didaktik vazifa
Metodik ta’minlash	Individual reja, topshiriqlar banki, portfolio	OTM tyutori, talaba	Real faoliyatni o‘quv natijasiga yo‘naltirish
Muvofiqlashtirish	Kelishilgan jadval, rollar, aloqa muddati	OTM tyutori, MTT amaliyot rahbari	OTM va MTT talablarini uyg‘unlashtirish
Baholash	Indikator, rubrika, kuzatuv	Amaliyot rahbari, tyutor, talaba	Kasbiy o‘sishni qayd etish va keyingi yordamni belgilash

Muhokama

Tadqiqotning nazariy ahamiyati ish joyida o‘rganish va kompetentlikni baholashga oid turli qarashlarni yagona tizimga birlashtirishida ko‘rinadi. S. Billett ish joyidagi o‘rganish faoliyatda ishtirok etish va qo‘llab-quvvatlash bilan bog‘liqligini ko‘rsatadi [6]. Dual dasturda esa bu jarayonni rasmiy o‘quv natijalari bilan bog‘lash muhim, individual topshiriq va dalilga asoslangan kuzatuv aynan shu vazifani bajaradi. M. Eraut norasmiy o‘rganishning o‘ziga xos tabiatini ta’kidlaydi [12]. Shu bois taklif etilayotgan yondashuvda kundalik tajribani refleksiya orqali anglangan bilimga aylantirishga alohida e’tibor qaratiladi.

S. Akkerman va A. Bakkerning chegaraviy obyektlar haqidagi g‘oyasi [4] ushbu tadqiqotda individual reja, portfolio va rubrikaga nisbatan qo‘llaniladi. Bu vositalarning qiymati OTM tyutori va amaliyot rahbari bir xil o‘quv natijasini bir xil ma’noda tushunishida namoyon bo‘ladi. G. Miller piramidasidagi real faoliyat darajasi [17] va D. Sadlerning qayta aloqa haqidagi qarashlari [20] amaliy kompetentlikka yo‘naltirilgan baholashning mantiqiy asosini mustahkamlaydi. Klinik ta’limda yaratilgan baholash yondashuvini pedagogik faoliyatga moslashtirish masalasi keyingi ekspert va empirik tadqiqotlarda chuqurroq o‘rganiladi.

Germaniyaning dual kasb ta’limi tizimini boshqa mamlakatlarga ko‘chirish tajribasi tizim samaradorligi ish beruvchilarning faol ishtiroki va institutsional sharoitga bog‘liqligini ko‘rsatadi [13]. Mazkur tizim tajribasi ish beruvchilar ehtiyoji bilan ta’lim mazmuni o‘rtasidagi muvozanatni saqlash muhimligini ham tasdiqlaydi [10]. O‘zbekiston sharoitida bu MTT ehtiyojlarini hisobga olgan holda OTM dasturining ilmiy-nazariy mazmunini saqlab qolishni anglatadi. Taklif etilayotgan mexanizmlar aynan shu muvozanatni baholash va muvofiqlashtirish vositalari orqali ta’minlashga qaratilgan.

Ilmiy adabiyotlarda rubrikalardan foydalanishda murakkab kasbiy faoliyatning yaxlitligini saqlash zarurligi qayd etiladi. Shu bilan birga, to‘g‘ri qo‘llangan rubrikalar baholashni shaffof qilishi va o‘rganishni qo‘llab-quvvatlashi tadqiqotlarda tasdiqlangan [18]. Shuning uchun taklif etilayotgan rubrikalar kuzatuv, portfolio va o‘zini o‘zi baholash bilan birgalikda qo‘llaniladi. Baholash natijalarining asosliligi esa ballar bilan birga ular asosida qabul qilinadigan qarorlar va bu qarorlarning oqibatlari orqali ham tekshiriladi [16].

Maktabgacha ta’lim muhitida baholash o‘ziga xos talablarni hisobga olishni taqozo etadi. Talaba bir vaqtning o‘zida MTT rahbari baholaydigan xodim va OTM baholaydigan talaba hisoblanadi. Shu sababli fikr-mulohaza rivojlantiruvchi va qo‘llab-quvvatlovchi ruhda bo‘lishi muhim. Portfolio uchun bolaning surati, rivojlanish qaydlari yoki shaxsiy ma’lumotlari yig‘ilganda maxfiylik, ota-onalar roziligi va tashkilot talablariga rioya qilinadi; zarur hollarda real ma’lumotlar o‘rniga anonimlashtirilgan pedagogik vaziyat tavsiflaridan foydalaniladi.

Taklif etilayotgan yondashuv talabaning mavjud kasbiy tajribasini hisobga olgan holda uning kasbiy o‘sishini izchil kuzatib borish imkonini beradi. Buni tasdiqlash maqsadida keyingi bosqichda indikatorlarning mazmuniy mosligi mutaxassislar tomonidan baholanadi, ikki baholovchi xulosalarining muvofiqligi aniqlanadi, dastlabki va yakuniy kompetentlik ko‘rsatkichlari solishtiriladi. Bunda amaliyot rahbarlarining ish yuklamasi, OTM va MTT o‘rtasidagi muntazam aloqa imkoniyati hamda talabalarning boshlang‘ich tayyorgarlik darajasi ham inobatga olinadi.

Xulosa

Dual shaklda tahsil olayotgan maktabgacha ta’lim yo‘nalishi talabasining MTTdagi kundalik mehnat faoliyati va OTMdagi o‘quv maqsadlari bir-birini to‘ldiradi. Metodik ta’minlash ularni rejalashtirilgan o‘quv natijalari orqali bog‘laydi.

Metodik ta’minlash, muvofiqlashtirish va baholashni maqsad belgilashdan refleksiv qayta rejalashtirishgacha davom etadigan yagona siklik tizim sifatida loyihalash maqsadga muvofiq. Bunday tizimda individual reja, kuzatuv dalillari va baholash rubrikalari ishtirokchilarni bir-biriga bog‘lovchi vosita vazifasini bajaradi.

Kasbiy kompetentlikni baholash uchun kognitiv, amaliy-faoliyatli, shaxsiy-kommunikativ va refleksiv jihatlarni qamrab oluvchi, kuzatiladigan indikatorlarga asoslangan ko‘p manbali yondashuv taklif etiladi. Tadqiqotning keyingi bosqichida indikatorlar ekspert tekshiruvidan o‘tkaziladi va pedagogik tajriba-sinov tashkil etiladi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR

1. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2026-yil 5-fevraldagi PF-19-son Farmoni «Maktabgacha ta’lim va tarbiya tizimini yanada takomillashtirish chora-tadbirlari to‘g‘risida». – URL: https://lex.uz/uz/acts/-8037353

2. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2026-yil 24-iyundagi 321-son qarori «Maktabgacha ta’lim yo‘nalishi bo‘yicha xalqaro tajriba asosida bakalavrlar tayyorlash tizimini joriy etish to‘g‘risida». – URL: https://lex.uz/uz/acts/-8286944

3. O‘rta maxsus ma’lumotli pedagog kadrlar uchun o‘quv jarayonini dual ta’lim shaklida tashkil etish tartibi to‘g‘risidagi nizom loyihasi (jamoatchilik muhokamasi) // Xalq ta’limi axborot portali. – URL: https://xalqtaliminfo.uz/en/post/1680

4. Akkerman S.F., Bakker A. Boundary crossing and boundary objects // Review of Educational Research. – 2011. – Vol. 81, No. 2. – P. 132–169.

5. Baartman L.K.J., Bastiaens T.J., Kirschner P.A., van der Vleuten C.P.M. The wheel of competency assessment: Presenting quality criteria for competency assessment programs // Studies in Educational Evaluation. – 2006. – Vol. 32, No. 2. – P. 153–170.

6. Billett S. Toward a workplace pedagogy: Guidance, participation, and engagement // Adult Education Quarterly. – 2002. – Vol. 53, No. 1. – P. 27–43.

7. Black P., Wiliam D. Assessment and classroom learning // Assessment in Education: Principles, Policy & Practice. – 1998. – Vol. 5, No. 1. – P. 7–74.

8. Darling-Hammond L. Assessing teacher education: The usefulness of multiple measures for assessing program outcomes // Journal of Teacher Education. – 2006. – Vol. 57, No. 2. – P. 120–138.

9. Dawson P. Assessment rubrics: towards clearer and more replicable design, research and practice // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2017. – Vol. 42, No. 3. – P. 347–360.

10. Deissinger T., Hellwig S. Apprenticeships in Germany: modernising the dual system // Education + Training. – 2005. – Vol. 47, No. 4/5. – P. 312–324.

11. Egert F., Fukkink R.G., Eckhardt A.G. Impact of in-service professional development programs for early childhood teachers on quality ratings and child outcomes: A meta-analysis // Review of Educational Research. – 2018. – Vol. 88, No. 3. – P. 401–433.

12. Eraut M. Informal learning in the workplace // Studies in Continuing Education. – 2004. – Vol. 26, No. 2. – P. 247–273.

13. Euler D. Germany’s dual vocational training system: a model for other countries? – Gütersloh: Bertelsmann Stiftung, 2013.

14. Gulikers J.T.M., Bastiaens T.J., Kirschner P.A. A five-dimensional framework for authentic assessment // Educational Technology Research and Development. – 2004. – Vol. 52, No. 3. – P. 67–86.

15. Jonsson A., Svingby G. The use of scoring rubrics: Reliability, validity and educational consequences // Educational Research Review. – 2007. – Vol. 2, No. 2. – P. 130–144.

16. Messick S. The interplay of evidence and consequences in the validation of performance assessments // Educational Researcher. – 1994. – Vol. 23, No. 2. – P. 13–23.

17. Miller G.E. The assessment of clinical skills/competence/performance // Academic Medicine. – 1990. – Vol. 65, No. 9 (Suppl.). – P. S63–S67.

18. Panadero E., Jonsson A. A critical review of the arguments against the use of rubrics // Educational Research Review. – 2020. – Vol. 30. – Art. 100329.

19. Panadero E., Jonsson A. The use of scoring rubrics for formative assessment purposes revisited: A review // Educational Research Review. – 2013. – Vol. 9. – P. 129–144.

20. Sadler D.R. Formative assessment and the design of instructional systems // Instructional Science. – 1989. – Vol. 18, No. 2. – P. 119–144.

21. Schön D.A. The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action. – New York: Basic Books, 1983.

22. Turamuratov O‘. Dual ta’lim modeli sharoitida bo‘lajak o‘qituvchilarning pedagogik muloqot kompetentligini rivojlantirishning nazariy asoslari // «Maktabgacha va maktab ta’limi» jurnali. – 2026. – 4-jild, 8-son. – B. 428–432.

23. Tynjälä P. Perspectives into learning at the workplace // Educational Research Review. – 2008. – Vol. 3, No. 2. – P. 130–154.

УДК 001.895:502.131.1
UDC 001.895:502.131.1

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР
INNOVATIVE TECHNOLOGIES AND JOINT RESEARCH FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT

Елікбай Д.
Yelikbay D.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: yelikbay_diara@mail.ru

Аңдатпа. *Мақалада тұрақты дамуға қол жеткізудегі инновациялық технологиялар мен халықаралық бірлескен зерттеулердің рөлі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі климаттың өзгеруі, су ресурстарының тапшылығы, өндірістік қалдықтардың көбеюі, энергия тиімділігі және цифрлық теңсіздік сияқты өзара байланысты мәселелерді бір елдің күшімен шешудің қиындығымен анықталады. Мақалада Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми-білім беру ұйымдары арасындағы технологиялық ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады. Жасанды интеллект, қашықтан зондтау, геоақпараттық жүйелер, заттар интернеті, энергияны сақтау, дәлме-дәл ауыл шаруашылығы және су тазарту технологияларының қолдану мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, 2026 жылы Қазақстан мен Өзбекстан ұйымдары арасында жасанды интеллект саласында жасалған ынтымақтастық бастамалары, Орталық Азиядағы су және жер ресурстарын басқару бойынша ғылыми байланыстар мысал ретінде қарастырылады. Зерттеу салыстырмалы-талдамалық және жүйелік тәсілдерге, ашық дереккөздерді талдауға негізделген. Инновацияны енгізу кезінде қаржыландырудың тұрақтылығы, деректерге қолжетімділік, зияткерлік меншік, этикалық талаптар және технологиялардың экологиялық әсері ескерілуі керектігі көрсетіледі. Қорытындыда бірлескен гранттық бағдарламалар, ортақ зертханалар, пилоттық жобалар, технология трансфері және нәтижелерді бағалайтын өлшемдер жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар беріледі. Ұсынылған тәсіл инновацияларды жеке бастамалар жиынтығынан өңірдің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық міндеттерін шешетін тұрақты әріптестік жүйесіне айналдыруға бағытталған.*

Abstract. *This article examines the role of innovative technologies and joint research in achieving sustainable development. The topic is relevant because interconnected challenges such as climate change, water scarcity, industrial waste, energy efficiency, and the digital divide cannot be effectively addressed by one country alone. Particular attention is paid to technological cooperation among scientific and educational organizations in Kazakhstan and Uzbekistan. The article discusses the possible application of artificial intelligence, remote sensing, geographic information systems, the Internet of Things, energy storage, precision agriculture, and water-treatment technologies. Recent initiatives involving Kazakhstani and Uzbek institutions in artificial intelligence, as well as regional scientific cooperation on water and land management, are considered as practical examples. The study uses comparative-analytical and systems approaches and draws on publicly available sources. It argues that innovation programmes must account for sustainable financing, access to data, intellectual property, ethical safeguards, and the environmental impact of technologies. The conclusion offers recommendations for joint research funding, shared laboratories, pilot projects, technology transfer, and a common set of performance indicators. The proposed approach aims to transform individual initiatives into a lasting regional partnership that supports environmental protection, social well-being, and economic resilience.*

Түйін сөздер: *инновация, тұрақты даму, бірлескен зерттеулер, жасанды интеллект, су ресурстары, технология трансфері, Орталық Азия.*

Keywords: *innovation, sustainable development, joint research, artificial intelligence, water resources, technology transfer, Central Asia.*

Кіріспе

Қазіргі кезеңде тұрақты даму мәселесі ғылымның, мемлекеттік саясаттың және халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарының біріне айналды. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету қоршаған ортаны қорғаумен, әлеуметтік теңдікті күшейтумен және табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланумен қатар жүруі қажет. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық міндеттерді біртұтас қарастырады. Осы күн тәртібіндегі 9-мақсат тұрақты инфрақұрылымды, инклюзивті индустрияландыруды және инновацияларды дамытуға, ал 17-мақсат халықаралық серіктестік пен технология алмасуды күшейтуге бағытталған [1; 2].

Инновациялық технологиялар тұрақты дамуға қол жеткізудің маңызды құралы болып саналады. Дегенмен технологияның өзі автоматты түрде оң нәтиже бермейді. Мысалы, цифрлық платформалар ресурстарды тиімді басқаруға көмектескенімен, оларды пайдалану энергия шығынын арттыруы немесе жеке деректердің қорғалуына байланысты тәуекелдер туғызуы мүмкін. Сондықтан инновацияны енгізу кезінде технологиялық тиімділікпен қатар оның әлеуметтік қолжетімділігі, экономикалық негізділігі және қоршаған ортаға ықпалы бағалануы тиіс.

Қазақстан мен Өзбекстан үшін бұл мәселенің өңірлік маңызы бар. Екі елдің табиғи ресурстарға, ауыл шаруашылығына, энергетикаға және қалалық инфрақұрылымға қатысты міндеттері өзара байланысты. Су ресурстарын тиімді пайдалану, шөлейттенуге қарсы күрес, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, өнеркәсіптік өндірістің экологиялық әсерін азайту және цифрлық технологияларды енгізу салаларында ортақ ғылыми қызығушылық қалыптасады. Осындай бағыттардағы зерттеулерді бірлесіп жүргізу ғылыми шығындарды бөлісуге, деректер қорын кеңейтуге және әзірлемелерді әртүрлі жағдайда тексеруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – тұрақты даму міндеттерін шешудегі инновациялық технологиялар мен бірлескен зерттеулердің мүмкіндіктерін талдау және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ғылыми-технологиялық ынтымақтастықты дамытуға арналған ұсыныстар әзірлеу. Мақсатқа жету үшін тұрақты даму мен инновацияның теориялық негіздері қарастырылады, өңір үшін маңызды технологиялық бағыттар анықталады, қазіргі ынтымақтастық мысалдары талданады және бірлескен жобаларды ұйымдастырудың тиімді тетіктері ұсынылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-талдамалық, жүйелік және институционалдық тәсілдер құрайды.

1. Тұрақты даму және инновациялық технологиялардың теориялық негіздері

Тұрақты даму ұғымы қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, келешек ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін сақтауды көздейтін қағидамен байланысты. Практикалық деңгейде бұл экономикалық өсудің қоршаған ортаға келтіретін зиянын азайтуды, ресурстардың тиімділігін арттыруды және қоғамның барлық топтарына даму нәтижелерінің қолжетімді болуын білдіреді. Тұрақты даму бір ғана салада жетістікке жетумен шектелмейді: энергетикадағы тиімділік әлеуметтік қолжетімділікпен, цифрлық өзгерістер деректер қауіпсіздігімен, ал өндірістік жаңғырту табиғи ресурстарды қорғаумен үйлесуі керек.

Инновация жаңа өнімді, процесті, қызметті немесе ұйымдастырушылық шешімді әзірлеу мен тәжірибеге енгізуді қамтиды. Оның тұрақты даму үшін маңызы екі деңгейде байқалады. Біріншіден, инновация табиғи ресурстарды аз жұмсайтын және қалдық көлемін қысқартатын технологияларды жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, ол шешім қабылдау сапасын жақсартып, қоршаған ортаның жай-күйі туралы деректерді жинауды, талдауды және болжауды жеңілдетеді. Мысалы, датчиктер мен спутниктік деректер суару жүйелеріндегі шығынды анықтауға көмектессе, жасанды интеллект энергия тұтыну немесе ауа сапасы жөніндегі мәліметтер негізінде оңтайлы шешімдер ұсына алады.

БҰҰ-ның 9-мақсаты бойынша өндірістік инфрақұрылымды тұрақты ету, ресурстар тиімділігін арттыру, экологиялық таза технологияларды енгізу және ғылыми-зерттеу әлеуетін күшейту маңызды міндеттер ретінде белгіленген [2]. 17-мақсат технологиялар саласындағы халықаралық және өңірлік ынтымақтастықты, білім алмасуды және көптарапты серіктестікті қолдайды [1]. Бұл қағидалар Қазақстан мен Өзбекстан үшін де өзекті, өйткені су, ауа, климат және энергия қауіпсіздігі сияқты көптеген мәселелер мемлекеттік шекарамен шектелмейді.

Бірлескен зерттеу дегеніміз – екі немесе одан да көп ғылыми ұйымның ортақ мәселені шешу үшін зерттеу сұрағын, әдістерін, деректерін немесе инфрақұрылымын біріктіруі. Мұндай формат жеке зертханалардың мүмкіндігін кеңейтеді, мамандардың тәжірибе алмасуына жағдай жасайды және алынған нәтижелердің сенімділігін тексеруге көмектеседі. Алайда серіктестік нәтижелі болуы үшін зерттеудің мақсаттары мен міндеттері нақты көрсетіліп, жауапкершілік, қаржыландыру, деректерді пайдалану, жарияланым авторлығы және зияткерлік меншік мәселелері алдын ала келісілгені жөн.

2. Қазақстан мен Өзбекстан үшін инновациялық ынтымақтастықтың маңызы

Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми-технологиялық серіктестігін дамытуға бірнеше алғышарт бар. Екі мемлекеттің де жоғары білім, ғылыми зерттеу және стартап экожүйелерін дамытуға мүдделі болуы университеттер мен зерттеу орталықтары үшін өзара тиімді жобалар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өңірлік табиғи-географиялық жағдай мен экономикалық байланыстар ортақ зерттеу күн тәртібін қалыптастырады. Мысалы, Әмудария мен Сырдария алаптарындағы су ресурстарын пайдалану, ауыл шаруашылығының климатқа бейімделуі, қалалардың экологиялық тұрақтылығы және энергия жүйелерінің тиімділігі екі ел үшін де маңызды.

2026 жылғы 16 шілдеде Назарбаев университетінің Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) және Өзбекстанның Цифрлық технологиялар министрлігі жанындағы Жасанды интеллектті дамыту ғылыми-зерттеу институты (AIRI) жасанды интеллект саласында ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа негіз болатын меморандумға қол қойды. Институттардың жариялаған ақпаратына сәйкес, тараптар бірлескен зерттеулерді, білім мен тәжірибе алмасуды, мамандарды дамытуды және өңірлік әрі жаһандық міндеттерге арналған AI шешімдерін әзірлеуді қарастырады [3]. Бұл мысал ғылыми инфрақұрылымы мен мамандары бар ұйымдардың технологиялық әлеуетін біріктіруге болатынын көрсетеді.

2026 жылғы мамырда New Uzbekistan University делегациясы Астанаға барып, Назарбаев университеті мен Astana IT University-де жасанды интеллект бағытындағы зерттеу экожүйесімен және технологиялық кластерлермен танысты. Жарияланған ақпаратта бірлескен зерттеу жобаларын іске қосу, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту және бірлескен ғылыми-қолданбалы іс-шаралар ұйымдастыру мәселелері талқыланғаны көрсетілген [4]. Бұл ынтымақтастық зерттеу идеясынан практикалық өнімге дейінгі байланысты күшейтуге мүмкіндік береді.

Осындай байланыстардың келесі кезеңі меморандумға қол қоюмен ғана шектелмеуі керек. Нақты ғылыми міндеттер, мерзімдер, қаржы көздері және күтілетін нәтижелер көрсетілген жұмыс жоспары қажет. Бірлескен зерттеу жобаларын әзірлеу кезінде университеттермен қатар мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы құрылымдар, өндірістік кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар қатыса алады. Олардың қатысуы зерттеу нәтижелерінің тәжірибеде қолданылу ықтималдығын арттырады.

3. Су ресурстары, климат және жерді тұрақты басқару технологиялары

Қазақстан мен Өзбекстан үшін тұрақты дамудың аса маңызды бағыттарының бірі – су ресурстарын тиімді басқару. Су тапшылығы, маусымдық сұраныстың өзгеруі, суару жүйелеріндегі шығындар, климаттық өзгерістер және ауыл шаруашылығының суға тәуелділігі ғылыми негізделген шешімдерді талап етеді. Бұл мәселелерді зерттеу үшін гидрологиялық модельдеу, спутниктік бақылау, геоақпараттық жүйелер, қашықтан зондтау, датчиктер және деректерді талдау әдістерін біріктіруге болады.

Қашықтан зондтау технологиялары су қоймаларының, өзен арналарының, егістік алқаптарының және өсімдік жамылғысының өзгерісін кең аумақта бақылауға мүмкіндік береді. Геоақпараттық жүйелер әртүрлі деректерді картаға біріктіріп, су ресурстарын бөлудің немесе жерді пайдаланудың сценарийлерін салыстыруға көмектеседі. Ал далалық датчиктер топырақтың ылғалдылығын және суару қажеттілігін анықтап, судың шамадан тыс жұмсалуын азайтуға жағдай жасайды. Мұндай құралдардың тиімділігі нақты жергілікті жағдайға бейімделуіне, өлшемдердің сапасына және деректер алмасудың тұрақтылығына байланысты.

БҰҰ Университетінің UNU-FLORES институты 2026 жылғы сәуірде Орталық Азиядағы академиялық серіктестіктің маңызды бағыттарының бірі ретінде Өзбекстандағы TIIAME Ұлттық зерттеу университетімен ынтымақтастықты атап өтті. Жарияланған материалда жер және су ресурстарын басқару, тау-кен жұмыстарынан кейінгі аумақтарды қалпына келтіру, ландшафтты қайта жаңғырту және бірлескен оқыту мен оқыту-тәжірибелік іс-шаралар көрсетілген [5]. Бұл бастама аймақтық экологиялық мәселелерді шешу үшін қолданбалы ғылым мен академиялық әлеуетті біріктірудің маңызын аңғартады.

Қазақстан мен Өзбекстан университеттері су саласында ортақ пилоттық зерттеу алаңдарын қалыптастыра алады. Мәселен, зерттеу тобы белгілі бір суару жүйесінде су тұтыну, топырақ ылғалдылығы, өнімділік және энергия жұмсау көрсеткіштерін бірге өлшей алады. Зерттеудің бастапқы көрсеткіштері мен енгізілген технологиядан кейінгі нәтижелер салыстырылып, су үнемдеудің нақты деңгейі есептеледі. Мұндай әдіс технологияның тиімділігін ұран немесе болжам арқылы емес, өлшенген дерек негізінде бағалауға мүмкіндік береді.

Жерді қалпына келтіру бағытында да ортақ зерттеулер жүргізуге болады. Топырақтың тұзденуі, эрозия, ластанған аумақтарды қалпына келтіру және өсімдік жамылғысын жаңарту мәселелері далалық зерттеулерді, зертханалық талдауларды және ұзақ мерзімді мониторингті қажет етеді. Ортақ ғылыми

бағдарлама зерттеу нәтижелерін салыстыруға және технологияларды әртүрлі климаттық жағдайларда сынауға жағдай жасайды.

4. Энергетика, айналымды экономика және таза өндіріс

Тұрақты даму мүддесіндегі инновациялардың екінші маңызды бағыты – энергия тиімділігі мен таза өндіріс. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда энергия тұтынуды есепке алу, жабдықтардың жұмыс режимін оңтайландыру, жылуды қайта пайдалану және жаңартылатын энергия көздерін интеграциялау өндірістің қоршаған ортаға әсерін төмендетуге ықпал ете алады. Алайда мұндай шешімдерді енгізу бастапқы шығындарды, техникалық қызмет көрсету талаптарын және жергілікті энергетикалық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлануы керек.

Күн және жел энергетикасы, энергия сақтау жүйелері, смарт-электр желілері және болжамдық техникалық қызмет көрсету құралдары осы саладағы инновациялық мүмкіндіктер қатарына жатады. Жасанды интеллект энергияға сұраныстың өзгеруін болжауға, ал сенсорлық жүйелер жабдықтардағы ақауларды ерте анықтауға көмектеседі. Бірлескен зерттеу топтары технологияны зертханалық жағдайда ғана емес, нақты өндірістік ортада да сынап, оның экономикалық және экологиялық әсерін бағалай алады.

Айналымды экономика ресурстарды тұтыну мен қалдықтарды басқарудың дәстүрлі сызықтық моделін өзгертуге бағытталған. Өндіріс қалдықтарын қайта пайдалану, су айналымын жабық жүйеге көшіру, материалдарды сұрыптау және қайта өңдеу технологиялары табиғи ресурстарға түсетін қысымды азайта алады. Қазақстан мен Өзбекстанда өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және коммуналдық қызметтерге қатысты қалдықтарды басқару бағытында бірлескен зерттеулерге негіз бар.

Зерттеу жобаларында экологиялық нәтижені бағалау үшін энергия үнемдеу, су тұтыну, материалдық шығын, қалдық көлемі және парниктік газдар шығарындылары сияқты өлшемдер қолданылуы мүмкін. Мысалы, жаңа технология енгізілгенге дейін және кейін өндірілген өнім бірлігіне жұмсалған энергияны салыстыру салыстырмалы тиімділікті көрсетеді. Мұндай өлшемдердің есептеу әдісі алдын ала келісіліп, деректерді тексеру мен жариялау тәртібі анықталғаны жөн.

Таза технологиялардың экономикалық тиімділігін де кешенді бағалау қажет. Тек жабдықтың бастапқы бағасын қарастыру жеткіліксіз; оның пайдалану мерзімі, жөндеу шығындары, қосалқы бөлшектердің қолжетімділігі және технологияны жергілікті мамандардың меңгеру мүмкіндігі есепке алынуы керек. Бірлескен зерттеулер балама технологияларды сынап, шығын мен тиімділіктің арақатынасын салыстыруға мүмкіндік береді.

5. Жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және ақылды инфрақұрылым

Жасанды интеллект, үлкен деректерді талдау, заттар интернеті және цифрлық егіздер тұрақты дамудың бірқатар саласында жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Қала инфрақұрылымында мұндай технологиялар көлік ағындарын талдауға, энергия мен суды тұтынуды бақылауға, қалдықтарды жинау маршруттарын оңтайландыруға және ауа сапасын мониторингтеуге көмектеседі. Ауыл шаруашылығында олар егіннің жағдайын бағалау, зиянкестер қаупін болжау және суару режимін анықтау үшін қолданыла алады.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы AI зерттеулеріне қатысты 2026 жылғы бастамалар аталған технологияларды ортақ қолданбалы міндеттерге бағыттауға мүмкіндік береді. ISSAI және AIRI арасындағы меморандум медициналық қолданбалар, білім беру технологиялары және сөйлеуді тану сияқты жобаларды қамтитын зерттеу тәжірибесін біріктіруге негіз жасайды [3]. New Uzbekistan University мен қазақстандық университеттердің кездесулерінде де бірлескен жобалар мен ғылыми-қолданбалы іс-шаралар қарастырылған [4].

Сонымен бірге тұрақты даму үшін цифрландырудың тек жаңа құралдарды сатып алумен шектелмейтініне назар аудару қажет. Сапалы деректер болмаса, ең күрделі алгоритм де сенімді нәтиже бермейді. Деректер толық емес немесе белгілі бір әлеуметтік топты жеткіліксіз қамтыса, қабылданған шешімдер де әділетсіз болуы мүмкін. Сондықтан зерттеулер деректерді жинау әдістемесін, сапаны бақылауды, құпиялылықты және алгоритмдік қателіктерді анықтау тәсілдерін қамтуы тиіс.

Жасанды интеллект жүйелерін пайдалануда жауапкершілік, түсіндіруге болатындық және адам бақылауы маңызды. Экологиялық немесе әлеуметтік мәні бар шешімдер тек автоматты модельдің қорытындысына сүйенбеуі керек. Модель ұсынған нәтижелерді мамандар тексеріп, қателік болған жағдайда шешімді қайта қарау мүмкіндігі сақталуы тиіс. Бұл талаптар денсаулық сақтау, табиғи апаттарды болжау, су ресурстарын бөлу және әлеуметтік қызметтерді жоспарлау сияқты салаларда ерекше маңызды.

Цифрлық инфрақұрылымның экологиялық ізі де есепке алынуы керек. Деректер орталықтарының энергия тұтынуы, жабдықтарды өндіру мен кәдеге жаратуға байланысты қалдықтар және цифрлық қызметтердің қолжетімділігі инновациялық жобаның жалпы тұрақтылығына әсер етеді.

Сол себепті цифрлық жобаларды бағалау кезінде өнімділікпен қатар энергия тиімділігі, ұзақ қызмет ету мерзімі, жөндеуге жарамдылық және ескі жабдықты қайта өңдеу мүмкіндігі қарастырылуы қажет.

6. Бірлескен зерттеулерді ұйымдастырудағы кедергілер мен тәуекелдер

Бірлескен зерттеулердің әлеуеті жоғары болғанымен, оларды тұрақты іске асыруда бірнеше қиындық туындайды. Бірінші мәселе – жобаларды қаржыландырудың үзік-үзік болуы. Қысқа мерзімді гранттар бастапқы нәтижелерге қол жеткізуге көмектескенімен, технологияны ұзақ мерзімді сынау, енгізу және кейінгі мониторинг үшін қосымша ресурстар қажет. Сондықтан жобаның бастапқы зерттеумен ғана емес, пилоттық енгізу және кеңейту кезеңдерімен де қаржыландырылғаны дұрыс.

Екінші мәселе – зерттеу деректерінің қолжетімділігі мен үйлесімділігі. Әртүрлі ұйымдар өлшемдерді әртүрлі тәсілмен жинауы немесе деректерді басқа форматта сақтауы мүмкін. Мұндай жағдайда нәтижелерді салыстыру қиындайды. Ортақ жобаны бастағанда деректер сөздігін, өлшем бірліктерін, метадеректерді, қауіпсіз сақтау тәртібін және қолжетімділік деңгейлерін келісу керек. Сонымен қатар ұлттық заңнамаға, құпия ақпаратты қорғау талаптарына және зерттеуге қатысушылардың келісіміне мән берілуі қажет.

Үшінші мәселе – зияткерлік меншік пен технология трансфері. Бірлескен жоба барысында пайда болған алгоритм, бағдарламалық өнім, құрылғы немесе патент кімге тиесілі болатыны, оны коммерцияландырудан түсетін табыс қалай бөлінетіні алдын ала анықталуы тиіс. Егер бұл сұрақтар кейінге қалдырылса, зерттеу нәтижесін нарыққа шығару кезінде келіспеушіліктер туындауы ықтимал.

Төртінші мәселе – ғылыми нәтиже мен практикалық қажеттіліктің арасындағы алшақтық. Университет әзірлеген технология өндірістік жағдайда қолдануға дайын болмауы немесе жергілікті кәсіпорынның техникалық мүмкіндігіне сәйкес келмеуі мүмкін. Мұны азайту үшін жобаның алғашқы кезеңінен бастап соңғы пайдаланушыларды, салалық мамандарды және мемлекеттік органдарды тарту қажет. Пилоттық сынақтар, техникалық-экономикалық негіздемелер және пайдаланушылардың кері байланысы технологияны жетілдіруге көмектеседі.

Бесінші мәселе – адами капиталдың жеткіліктілігі. Инновациялық шешімдерді іске асыру үшін зерттеушілермен қатар инженерлер, деректер талдаушылары, техникалық қызмет көрсету мамандары және жобаларды басқарушылар қажет. Бірлескен докторантура, тағылымдама, жазғы мектеп және қысқа мерзімді оқыту бағдарламалары осы қажеттілікті азайтуы мүмкін. Сонымен бірге ауылдық және шалғай аймақтардағы ұйымдардың жаңа технологияларды қолдануға мүмкіндігі бірдей бола бермейтінін ескерген жөн.

Алтыншы мәселе – технологияның күтпеген салдары. Мысалы, суды үнемдейтін технология арзанырақ су пайдалануға әкеліп, жалпы су тұтынуды бақылаусыз арттыруы мүмкін; автоматтандыру кейбір қызмет түрлеріне сұранысты төмендетуі ықтимал; ал электрондық құрылғылардың көбеюі электрондық қалдық көлемін өсіреді. Сондықтан инновацияның нәтижесі жүйелік тұрғыдан бағаланып, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тәуекелдер алдын ала талдануы керек.

7. Тұрақты даму мүддесіндегі бірлескен ғылыми бағдарламаны іске асыру ұсыныстары

Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми ұйымдары үшін тиімді форматтардың бірі – басым міндеттері анықталған көпжылдық бірлескен ғылыми бағдарлама. Оның мақсаты жалпы сипаттағы «инновацияны дамыту» деген тұжырыммен шектелмей, нақты өлшенетін мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Мысалы, таңдалған пилоттық аумақта суару кезіндегі су шығынын азайту, өндірістік нысанда энергия тиімділігін арттыру немесе ластанған жерді қалпына келтіру нәтижесін бағалау сияқты міндеттер белгіленуі мүмкін.

Бағдарламаның бірінші кезеңінде ортақ зерттеу сұрақтары мен деректерге қойылатын талаптар келісілгені жөн. Әрбір жобаға Қазақстан мен Өзбекстан тарапынан жауапты ғылыми жетекшілер тағайындалып, міндеттер, мерзімдер, бюджет және күтілетін нәтижелер көрсетілген жұмыс жоспары әзірленуі керек. Қажет болған жағдайда жергілікті билік, бизнес және азаматтық қоғам өкілдері бақылаушы немесе практикалық серіктес ретінде қатыса алады.

Екінші кезеңде бірлескен зертханалар мен сынақ алаңдарын дамыту қажет. Ортақ зертхана міндетті түрде жаңа ғимарат салуды білдірмейді: қолданыстағы университеттік инфрақұрылым мен қашықтан қолжетімді құралдарды үйлестіру арқылы да тиімді серіктестік жасауға болады. Ең маңыздысы – жабдыққа қолжетімділіктің ашық тәртібі, қауіпсіздік стандарттары, деректердің сақталуы және зерттеу әдістерінің ортақ талаптары.

Үшінші кезең зерттеу нәтижелерін нақты ортада сынауға бағытталуы тиіс. Пилоттық жоба технологияның зертханалық нәтиже беретінін ғана емес, жергілікті жағдайларда қаншалықты тиімді, қауіпсіз және экономикалық жағынан негізді екенін көрсетуі керек. Сынақтың алдында бастапқы жағдай тіркеліп, салыстыру әдісі таңдалады. Жоба соңында нәтижелер ашық баяндалып, шектеулер мен сәтсіздіктер де көрсетілуі қажет. Бұл тәсіл келесі жобалардың сапасын жақсартады.

Төртінші кезеңде технология трансфері мен кеңейту тетіктері қарастырылуы керек. Табысты пилоттық жоба кәсіпорындарға, фермерлік шаруашылықтарға немесе жергілікті инфрақұрылым ұйымдарына берілуі мүмкін. Ол үшін лицензиялау, мамандарды оқыту, техникалық сүйемелдеу және қызмет көрсету жоспары қажет. Зерттеу нәтижесі тек ғылыми мақала ретінде жарияланып қоймай, практикалық қолданушы үшін түсінікті нұсқаулықпен толықтырылуы тиіс.

Бағдарламаның нәтижелілігін бағалау үшін бірнеше топтағы көрсеткіштер ұсынылады. Ғылыми көрсеткіштерге бірлескен жобалар, жарияланымдар, патенттер, деректер жиынтығы және зерттеушілер дайындау жатады. Технологиялық көрсеткіштерге сынақтан өткен шешімдер, технологияның сенімділігі және енгізілген өнімдер кіреді. Тұрақты даму көрсеткіштеріне су немесе энергия үнемдеу, қалдықтың азаюы, шығарындылардың өзгеруі, қызметтің қолжетімділігі және жергілікті мамандардың біліктілігі кіреді. Әр жобаға міндетті түрде барлық көрсеткішті енгізу қажет емес; өлшемдер оның мақсатына сәйкес таңдалуы тиіс.

Қаржыландыру да әртараптандырылуы керек. Мемлекеттік ғылыми гранттар негізгі зерттеулерге қолдау көрсете алады, ал кәсіпорындар пилоттық енгізуге қажетті ресурстарды ұсына алады. Халықаралық ұйымдар мен даму институттары технологиялық көмек, сарапшылық қолдау немесе жабдыққа қолжетімділік бере алады. Қаржыландыру көздерін біріктірген кезде ғылыми тәуелсіздікті сақтау, мүдделер қақтығысын ашық жариялау және нәтижелердің жариялануына қатысты шарттарды нақтылау маңызды.

Ақырында, бірлескен зерттеу бағдарламасы ашық коммуникацияға негізделуі қажет. Нәтижелер университеттерге, мемлекеттік органдарға, кәсіпорындарға және қоғамға түсінікті форматта ұсынылуы керек. Ғылыми семинарлар, ашық деректер жинақтары, саясаттық ұсыныстар және көпшілікке арналған түсіндірмелер зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызын арттырады.

Қорытынды

Инновациялық технологиялар мен бірлескен ғылыми зерттеулер тұрақты дамуға қол жеткізудің маңызды құралдары болып табылады. Олар табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, өндірістің экологиялық әсерін азайтуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және басқарушылық шешімдердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Алайда олардың нақты нәтижесі технологияның күрделілігімен ғана емес, деректердің сапасымен, қаржыландырудың тұрақтылығымен, кадрлық әлеуетпен және жергілікті жағдайға бейімделуімен анықталады.

Қазақстан мен Өзбекстан үшін су ресурстары, климаттық бейімделу, жерді қалпына келтіру, таза энергетика, айналымды экономика және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастықтың маңызы зор. ISSAI мен AIRI арасындағы меморандум, New Uzbekistan University делегациясының қазақстандық университеттермен зерттеу ынтымақтастығын талқылауы және UNU-FLORES институтының Өзбекстандағы су мен жер ресурстарын басқару бағытындағы серіктестігі осындай жұмыстың нақты негіздері бар екенін көрсетеді [3; 4; 5].

Зерттеу нәтижесінде бірлескен бағдарламаларды дамыту үшін бірнеше шарттың маңызы анықталды: басым мәселелерді нақты белгілеу, ортақ деректер мен әдістерді келісу, ұзақ мерзімді қаржыландыру, зияткерлік меншік тәртібін алдын ала анықтау, пилоттық жобаларды іске асыру және нәтиженің әлеуметтік-экологиялық әсерін өлшеу. Бұған қоса, технологияларды енгізу кезінде жеке деректерді қорғау, алгоритмдік әділдік, цифрлық қолжетімділік және технологияның толық өмірлік циклі ескерілуі керек.

Қорытындылай келе, тұрақты даму мүддесіндегі ғылыми ынтымақтастық жеке университеттердің бастамаларын біріктіретін ұзақ мерзімді өңірлік жүйеге айналуы қажет. Мұндай жүйе ғылыми білімді тәжірибеге енгізуге, инновацияның әлеуметтік және экологиялық пайдасын арттыруға, мамандар даярлауға және Орталық Азияның ортақ проблемаларын дәлелге негізделген тәсілмен шешуге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. United Nations. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. UN General Assembly Resolution A/RES/70/1, 25 September 2015. URL: https://sdgs.un.org/2030agenda (қаралған күні: 24.10.2026).

2. United Nations, Department of Economic and Social Affairs. Goal 9: Build resilient infrastructure, promote inclusive and sustainable industrialization and foster innovation. URL: https://sdgs.un.org/goals/goal9 (қаралған күні: 24.10.2026).

3. Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence (ISSAI), Nazarbayev University. ISSAI and Uzbekistan’s AIRI Sign Memorandum of Understanding to Advance AI Research and Innovation. 17 July

2026. URL: https://issai.nu.edu.kz/2026/07/17/issai-and-uzbekistans-airi-sign-memorandum-of-understanding-to-advance-ai-research-and-innovation / (қаралған күні: 24.10.2026).

4. New Uzbekistan University. New Uzbekistan University is building a regional AI collaboration cluster. 4 May 2026. URL: https://www.newuu.uz/en/news/new-uzbekistan-university-is-building-a-regional-ai-collaboration-cluster (қаралған күні: 24.10.2026).

5. United Nations University, UNU-FLORES. UNU-FLORES deepens Central Asia engagement through academic cooperation and strategic dialogue. 2 April 2026. URL: https://unu.edu/resource-nexus/news/unu-flores-deepens-central-asia-engagement-through-academic-cooperation-and-strategic (қаралған күні: 24.10.2026).

6. Government of the Republic of Uzbekistan. Education and Innovations: Higher education, science and innovation. URL: https://gov.uz/en/activity_page/education (қаралған күні: 24.10.2026).

7. United Nations. The Sustainable Development Goals. URL:

UDK 691.32:626.8
UDC 691.32:626.8

SUV TANQISLIGI SHAROITIDA SUG‘ORISH KANALLARIDAN SUV ISROFINI KAMAYTIRISHNING ZAMONAVIY MATERIALLARI: EGILUVCHAN BETON QOPLAMALARI IMKONIYATLARI

MODERN MATERIALS FOR REDUCING WATER LOSSES FROM IRRIGATION CANALS UNDER WATER SCARCITY: POTENTIAL OF FLEXIBLE CONCRETE LININGS

Z.A.Abobakirova, O.M.Bobofozilov
Z.A.Abobakirova, O.M.Bobofozilov

Farg‘ona davlat texnika universiteti, Farg‘ona, O‘zbekiston
Fergana State Technical University, Fergana, Uzbekistan
Farg‘ona davlat texnika universiteti, Farg‘ona, O‘zbekiston
Fergana State Technical University, Fergana, Uzbekistan
e-mail: zebuniso.abobakirova@fstu.uz
e-mail:oybekbobofozilov@gmail.com

Annotatsiya: *Maqolada O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasidagi strategik hamkorlik hamda Sirdaryo havzasidagi transchegaraviy suv resurslarini birgalikda boshqarish sharoitida sug‘orish kanallarini qoplash uchun bazalt to‘r bilan armaturalangan egiluvchan beton qoplamalardan (beton rulonlardan) foydalanish imkoniyatlari tahlil qilinadi. Ikki davlat o‘rtasidagi hamkorlik hujjatlari va O‘zbekistonning suvni tejash hamda “yashil” iqtisodiyotga oid me’yoriy hujjatlari tadqiqotning dolzarbligini belgilaydi. Tahliliy-qiyosiy hisob-kitoblarda qalinligi 5, 8 va 13 mm bo‘lgan beton rulonlar 80–100 mm qalinlikdagi monolit beton qoplama bilan solishtirildi. Hisob natijalariga ko‘ra, beton rulonlardan foydalanish material sarfini taxminan 12–34 barobar, CO_2 chiqindilarini esa 78–92 foizgacha kamaytirish imkoniyatiga ega. Shuningdek, materiallarni tashish hajmi va qoplamani yotqizish texnologiyasidagi farqlar baholanib, ushbu qoplamalarni O‘zbekiston va Qozog‘iston suv xo‘jaligi tizimida, jumladan transchegaraviy kanallarda qo‘llash bo‘yicha yo‘nalishlar taklif etiladi. Keltirilgan miqdoriy natijalar qabul qilingan hisobiy shartlarga asoslangan tahliliy baholardir.*

Abstract: *This article examines the potential of basalt-mesh-reinforced flexible concrete linings (concrete rolls) for irrigation canals in the context of strategic cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan and the joint management of transboundary water resources in the Syr Darya basin. Bilateral cooperation documents and Uzbekistan’s policies on water conservation and the green economy establish the relevance of the study. An analytical comparison was made between concrete rolls with thicknesses of 5, 8 and 13 mm and conventional cast-in-place concrete linings 80–100 mm thick. The calculations indicate that concrete rolls may reduce material consumption by approximately 12–34 times and CO_2 emissions by 78–92%. Differences in transportation requirements and installation methods were also assessed. Potential application pathways are proposed for water-management systems in Uzbekistan and Kazakhstan, including transboundary canals. The reported numerical results are analytical estimates based on the assumptions specified in the study.*

Kalit so‘zlar: *egiluvchan beton qoplama, beton rulon, bazalt to‘r, sug‘orish kanali, suv yo‘qotilishi, dekarbonizatsiya, transchegaraviy suv resurslari.*

Keywords: *flexible concrete lining, concrete roll, basalt mesh, irrigation canal, water losses, decarbonization, transboundary water resources.*

Kirish

Markaziy Osiyoda suv resurslari qishloq xo‘jaligi, energetika va barqaror rivojlanishning asosiy omilidir. Farg‘ona vodiysi O‘zbekistonning eng zich joylashgan va muhim qishloq xo‘jaligi hududlaridan biri bo‘lib, unda 10 millionga yaqin aholi yashaydi va ularning katta qismi daromadi sug‘orish suviga bog‘liq. Suv tarmoqning chekka hududlariga yetib borguncha talabga nisbatan taqchillik ayrim holatlarda 30 foizgacha yetgan. Bunday sharoitda aholi punktlari va shahar ichidagi ichki ariqlardan suv isrofini kamaytirish alohida ahamiyat kasb etadi.

Muammo milliy darajada ham Prezident e’tiborida. 2023-yil 29-noyabrda o‘tkazilgan yig‘ilishda betonlanmagan sug‘orish tarmoqlarida yiliga o‘rtacha 14 mlrd m³ (36 %) suv isrof bo‘layotgani, 2030-yilga kelib suv tanqisligi 15 mlrd m³ ga yetishi mumkinligi ta’kidlandi, 2024-yil kanallarni betonlash bo‘yicha zarbdor yil deb e’lon qilindi, viloyat va tuman hokimlariga bir yil ichida 3500 km ichki tarmoqni beton qoplamaga o‘tkazish topshirildi. 2024-yil 7-noyabrdagi yig‘ilishda esa hali 18 ming km magistral va 94 ming km ichki kanalni betonlash zarurligi qayd etildi. Prezidentning 2026-yil 5-martdagi PQ-79-son qaroriga muvofiq suv yo‘qotilishi yuqori bo‘lgan 389 km kanalni rekonstruksiya qilish va betonlashtirish, bu orqali yiliga o‘rtacha 206 mln m³ suv va 26 mln kVt·soat elektr energiyasini tejash, 159 ming ga yerning suv ta’minotini yaxshilash belgilangan. Farg‘ona vodiysida bu yo‘nalishdagi ishlar amalga oshirilmoqda: xorijiy investitsiya loyihalari doirasida 151 km kanal betonlashtirilmoqda, Jahon banki ko‘magidagi “Farg‘ona vodiysida suv resurslarini boshqarish” loyihasi doirasida kanallarda suv sizib chiqishining oldini olish ishlari bajarilib, 100 ming gektardan ortiq maydonda irrigatsiya xizmatlari yaxshilangan. Shu bilan birga PQ-4477, PQ-436 va PF-158 hujjatlari hamda 2025-yilgi “Atrof-muhitni asrash va yashil iqtisodiyot yili” davlat dasturi dekarbonizatsiya, energiya samaradorligi va “yashil” texnologiyalarni ustuvor vazifa etib belgilagan

Biroq kanallarni betonlashning an’anaviy usuli qarama-qarshilikka ega: monolit beton qoplama 80–100 mm qalinlikda, ko‘p sement va og‘ir texnika bilan quyiladi, sement ishlab chiqarish esa dunyodagi CO_2 chiqindilarining sezilarli qismini beradi. Suvni tejash maqsadida bajarilgan ishlarning o‘zi uglerod izini oshirishi mumkin. Bazalt yoki polimer to‘rga singdirilgan quruq sement aralashmasidan iborat, qalinligi 5–13 mm bo‘lgan beton rulon yengil va tez yotqiziladigan muqobil hisoblanadi. Tadqiqotning maqsadi - O‘zbekiston–Qozog‘iston suv hamkorligi va yuqorida keltirilgan Prezident qarorlari talablari nuqtai nazaridan 5, 8 va 13 mm li beton rulonlarning dekarbonizatsiya hamda energiya samaradorligi potensialini tahliliy baholash va uni qo‘llash yo‘nalishlarini aniqlashdir.


Metodika

Tadqiqot tahliliy-qiyosiy xarakterda bo‘lib, laboratoriya eksperimentini o‘z ichiga oladi. U quyidagi bosqichlardan iborat: (1) O‘zbekiston–Qozog‘iston suv hamkorligi va milliy me’yoriy hujjatlarning tahlili; (2) beton rulon va bazalt to‘r haqidagi ilmiy adabiyotlar hamda ishlab chiqaruvchi texnik ma’lumotlarini o‘rganish [19–21]; (3) 1 m² va 1 km qoplama uchun material, sement va CO_2 bo‘yicha hisob-kitob; (4) natijalarni PQ-79 ko‘rsatkichlari bilan bog‘lab, shartli amaliy miqyosda baholash.

Hisob quyidagi formulalar bo‘yicha bajarildi: $G = \rho \cdot h$ (monolit beton uchun 1 m² massasi, kg/m²); $S = G \cdot \delta$ (sement sarfi, δ - sement ulushi); $E = 0{,}8 \cdot S$ (CO_2 chiqindisi, kg/m²); $I = E \cdot A / V$ (1 m³ tejalgan suvga to‘g‘ri keladigan CO_2, bu yerda A - qoplama yuzasi, V - tejalgan suv hajmi). Qabul qilingan shartlar: monolit beton qalinligi 100 mm, zichligi 2400 kg/m³, sement sarfi 300 kg/m³; beton rulon massasi 7, 12 va 19 kg/m² (5, 8 va 13 mm), sement ulushi 35 %; 1 kg sementga 0,8 kg CO_2; ariqning namlangan perimetri shartli 3 m (1 km uchun yuza 3000 m²); yuk mashinasi sig‘imi 20 t. Suv va energiya tejash ko‘rsatkichlari PQ-79 dagi umumiy qiymatlarni (206 mln m³ va 26 mln kVt·soat, 389 km uchun) kilometrga bo‘lish orqali shartli aniqlandi.

Natijalar va muhokama

Beton rulon qatlamlar orasiga bazalt to‘r joylashtirilgan, plastifikator qo‘shilgan sement aralashmasidan iborat egiluvchan qoplamadir (1-rasm). Rulon ariq bo‘ylab yoyiladi, choklari ustma-ust qo‘yiladi va suv bilan namlangach qotadi (2-rasm). Bazalt tola yuqori mustahkamlik, kimyoviy chidamlilik va korroziyaga uchramasligi bilan ajralib turadi, bu sug‘orish suvidagi tuzlar ta’sirida po‘lat armaturaning zanglashi muammosini bartaraf etadi.Monolit beton va beton rulloning texnologik solishtirmasi (1-jadval).



1-rasm. Beton rulonning tuzilishi.

1-jadval. Monolit beton va beton rulonning texnologik solishtirmasi

Mezon	**Monolit beton**	**Beton rulon**
Qalinligi	80–100 mm	5, 8, 13 mm
1 m² massasi	≈ 240 kg	7–19 kg
Yotqizish	Opalubka, aralashma tayyorlash, og‘ir texnika	Rulonni yoyish va suv bilan namlash
Armatura	Po‘lat to‘r (korroziya xavfi)	Bazalt to‘r (korroziyaga chidamli)
Deformatsiyaga moslashuvi	Yoriq va cho‘kishga moyil	Egiluvchan, yuza shakliga moslashadi
Ishlarni tashkil etish	Mavsumiy, uzoq muddatli	Qisqa muddatli, mexanizatsiyasiz ham mumkin



2-rasm. Ariq kesimida beton rulonni yotqizish sxemasi.

Hisob natijalariga ko‘ra 1 m² qoplama uchun beton rulon sarfi 7–19 kg, monolit betonda esa 240 kg; sement sarfi 2,5–6,7 kg ga nisbatan 30 kg ni tashkil etadi (2-jadval). Natijada solishtirma CO_2 chiqindisi 24,0 kg/m² dan 2,0–5,3 kg/m² gacha, ya’ni 78–92 % ga kamayadi (3-rasm, a). Qalinlik ortishi bilan chiqindi ham oshadi, shuning uchun qalinlikni ariq sharoitiga mos tanlash muhim.


2-jadval. 1 m² qoplama uchun hisob natijalari (BR — beton rulon)

Ko‘rsatkich	**Monolit beton**	**BR-5**	**BR-8**	**BR-13**
Material massasi, kg/m²	240	7	12	19
Sement sarfi, kg/m²	30,0	2,5	4,2	6,7
CO_2 chiqindisi, kg/m²	24,0	2,0	3,4	5,3
CO_2 kamayishi, %	—	92	86	78

Hisobni amaliy miqyosga keltirish uchun 100 km ichki ariq tarmog‘i ko‘rib chiqildi (3-jadval). Monolit beton bilan qoplashda taxminan 7200 t CO_2 chiqadi va 3600 reys material tashiladi; beton rulonda CO_2 590–1600 t, tashish esa 105–285 reysni tashkil etadi (3-rasm, b). PQ-79 ko‘rsatkichlari (206 mln m³ va 26 mln kVt·soat, 389 km uchun) kilometrga bo‘linganda 100 km uchun taxminan 53 mln m³ suv va 6,7 mln kVt·soat energiya tejash shartli qiymati hosil bo‘ladi. Bu qiymatni barcha variantlar uchun bir xil deb olinsa, 1 m³ tejalgan suvga to‘g‘ri keladigan CO_2 monolit betonda 136 g, beton rulonda esa 11–30 g ni tashkil etadi. Boshqacha aytganda, suvni tejash uchun “to‘lanadigan” uglerod narxi 4–12 barobar past bo‘ladi.

3-jadval. 100 km ariq qoplamasi uchun materil sarfi.

Ko‘rsatkich	**Monolit beton**	**BR-5**	**BR-8**	**BR-13**
Material, t	72 000	2 100	3 600	5 700
Sement, t	9 000	735	1 260	1 995
CO_2, t	7 200	590	1 010	1 600
Tashish, reys (20 t)	3 600	105	180	285
Tejalgan suv (shartli), mln m³/yil	53	53	53	53
CO_2 / tejalgan suv, g/m³	136	11	19	30



3-rasm. Qoplama variantlarining ekologik va logistik ko‘rsatkichlari.

Xulosa

1. Tahliliy-qiyosiy hisob-kitoblar beton rulonlar an’anaviy monolit beton qoplamaga nisbatan ancha yengil ekanini ko‘rsatdi. 1 m² yuzaga 240 kg monolit beton sarflanishi hisoblangan bo‘lsa, 5, 8 va 13 mm qalinlikdagi beton rulonlar uchun mos ravishda 7, 12 va 19 kg material talab etiladi.

2. Qabul qilingan hisobiy shartlarga ko‘ra, beton rulonlarda sement sarfi 2,5–6,7 kg/m², monolit betonda esa 30 kg/m² ni tashkil etadi. Shu sababli hisobiy CO_2 chiqindilari monolit beton uchun 24,0 kg/m², beton rulonlar uchun esa 2,0–5,3 kg/m² bo‘lib, kamayish 78–92% oralig‘ida baholandi.

3. Material massasining kamayishi tashish uchun zarur reyslar sonini ham qisqartirishi mumkin. 100 km ariq tarmog‘i uchun hisobda monolit beton varianti 3600 ta, beton rulon variantlari esa 105–285 ta yuk tashish reysini talab qilishi ko‘rsatilgan.

4. Beton rulon qoplamalarini tanlashda qalinlik, kanalning geometrik shakli, gidravlik va ekspluatatsion sharoitlar hisobga olinishi lozim. Mazkur maqoladagi suv tejash va CO_2 bo‘yicha ko‘rsatkichlar shartli hisobiy baholardir; amaliy joriy etishdan oldin ular muayyan kanal uchastkasida o‘lchashlar, laboratoriya sinovlari va texnik-iqtisodiy tahlil bilan tekshirilishi kerak.

ADABIYOTLAR

1. O‘zbekiston va Qozog‘iston transchegaraviy suvlarni birgalikda boshqarish bo‘yicha hamkorlikni mustahkamlaydi // gov.uz, 11.07.2026. https://gov.uz/oz/suvobekt/news/view/191983

2. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2026-yil 5-martdagi PQ-79-son qarori «Sug‘orishda suv yo‘qotishlarini kamaytirish va suv tanqisligining oldini olish bo‘yicha qo‘shimcha chora-tadbirlar to‘g‘risida». https://gov.uz/oz/suvchi/news/view/139768

3. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2019-yil 4-oktabrdagi PQ-4477-son qarori «2019–2030-yillar davrida O‘zbekiston Respublikasining “yashil” iqtisodiyotga o‘tish strategiyasini tasdiqlash to‘g‘risida».

4. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2022-yil 2-dekabrdagi PQ-436-son qarori «2030-yilgacha O‘zbekiston Respublikasining “yashil” iqtisodiyotga o‘tishiga qaratilgan islohotlar samaradorligini oshirish bo‘yicha chora-tadbirlar to‘g‘risida».

5. Andrew R.M. Global CO_2 emissions from cement production, 1928–2018 // Earth System Science Data. 2019. Vol. 11. P. 1675–1710.

6. Scrivener K.L., John V.M., Gartner E.M. Eco-efficient cements: potential economically viable solutions for a low-CO_2 cement-based materials industry // Cement and Concrete Research. 2018. Vol. 114. P. 2–26.

7. Fiore V., Scalici T., Di Bella G., Valenza A. A review on basalt fibre and its composites // Composites Part B: Engineering. 2015. Vol. 74. P. 74–94.

8. Dhand V., Mittal G., Rhee K.Y., Park S.-J., Hui D. A short review on basalt fiber reinforced polymer composites // Composites Part B: Engineering. 2015. Vol. 73. P. 166–180.

9. Concrete Canvas GCCM technical data sheets. Concrete Canvas Ltd., UK. https://www.concretecanvas.com

ӘОЖ 378.147:81'243
UDC 378.147:81'243

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY AT UNIVERSITIES IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: EXPERIENCE SHARING AND OPPORTUNITIES FOR COOPERATION

Литвинова Е., Тулегенова Ж.
Litvinova Ye., Tulegenova Zh.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: e.litvinova1@mail.ru

***Түйін**: Мақалада Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындарындағы шетел тілін оқыту әдістемесі тәжірибе алмасу және университетаралық ынтымақтастық тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің*

мақсаты – бірлескен әдістемелік жұмыстың жолдарын айқындау және нақты оқу нәтижелеріне бағытталған оқу модулін ұсыну. Зерттеу ғылыми әдебиеттерге шолу, ашық институционалдық құжаттарды сапалық талдау және педагогикалық жобалау әдістеріне негізделген. Мақалада коммуникативтік тапсырмалар, тілдік материалмен саналы жұмыс, медиация, виртуалды алмасу және қалыптастырушы бағалау мәселелері талқыланады. Сонымен қатар Қазақстандағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті мен Өзбекстандағы А. Қадыри атындағы Джизак мемлекеттік педагогикалық университеті арасындағы академиялық ынтымақтастықтың практикалық мысалы келтіріледі. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде ФИ-24-3к1 және ФИ-24-3к3 топтарына арналған «Methodology of Foreign Language Education and Assessment» пәні бойынша семинар өткізілді. Оған Өзбек тілі оқыту әдістемесі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының PhD докторы Хидиров Отабек Журабоевич және Бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Жуманазарова Гульжахон Умирзаковна қатысты. Семинар оқытушылық тәжірибе алмасуға, әдістемелік тәсілдер мен бағалау тәжірибелерін талқылауға мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, мақалада ағылшын тілін B1–B2 деңгейінде меңгеретін білім алушыларға арналған алты апталық бірлескен оқу модулі ұсынылады. Бұл модуль эксперименттік тұрғыдан тексерілген әдістеме емес, болашақта пилоттық зерттеуде сынақтан өткізуге арналған жоба болып табылады. Тұрақты ынтымақтастықты бірлескен тапсырмалар әзірлеу, бағалау өлшемдерін талқылау, сабақтарға өзара қатысу және оқу материалдарын жетілдіру арқылы дамытуға болады. Мұндай жұмыстың студенттердің тілдік нәтижелеріне ықпалын анықтау үшін қосымша зерттеу қажет.

Abstract: *This article examines foreign language teaching methodology at universities in Kazakhstan and Uzbekistan, focusing on experience sharing and inter-university cooperation. The study aims to identify approaches to collaborative methodological work and propose a teaching module linked to observable learning outcomes. It draws on a targeted literature review, qualitative analysis of publicly available institutional documents, and pedagogical design. The article discusses communicative tasks, explicit language work, mediation, virtual exchange, and formative assessment. It also presents a practical example of academic cooperation between Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University in Shymkent, Kazakhstan, and A. Qodiriy Jizzakh State Pedagogical University in Uzbekistan. A seminar on «Methodology of Foreign Language Education and Assessment» was held at Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University for groups Phi-24-3k1 and Phi-24-3k3, with the participation of Otabek Zhuraboevich Khidirov, Associate Professor and PhD in Philology, and Gulzhakhon Umirzakovna Zhumanazarova, Professor and Doctor of Philological Sciences. The seminar provided an opportunity to exchange teaching experience, discuss methodological approaches, and consider assessment practices. The article also proposes a six-week collaborative module for B1–B2 English learners. The module is a methodological proposal for future piloting, not an experimentally validated intervention. The study concludes that sustained cooperation can be developed through joint task design, discussion of assessment criteria, peer observation, and revision of teaching resources. Further research is needed to evaluate the impact of such activities on students' language outcomes.*

Кілттік сөздер: *әдістеме, ынтымақтастық, көптілділік, медиация, ұтқырлық, бағалау, рефлексия.*

Keywords: *methodology, cooperation, multilingualism, mediation, mobility, assessment, reflection.*

Кіріспе

Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы академиялық байланыстар шетел тілін оқыту әдістемесін бірлесіп жетілдіруге жағдай жасайды. Мұндай байланыстың педагогикалық мазмұны оқытушылардың бір-бірінің тәжірибесімен танысуымен ғана анықталмайды. Оның құндылығы студент орындайтын тапсырманың сапасынан, тілдік әрекеттің мақсаттылығынан және оқу нәтижесін түсіндіретін ортақ өлшемдерден көрінуі тиіс. Сондықтан тәжірибе алмасуды баяндамалар мен ашық сабақтар жиынтығы ретінде емес, оқу материалын бірге әзірлеу, қолдану және қайта қарау үдерісі ретінде ұйымдастыру маңызды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2024 жылғы 22 ақпандағы хабарламасында екі елдің жоғары оқу орындары арасында 471 тікелей шарт болғаны көрсетілген [1]. Бұл сан сол кезеңдегі институционалдық байланысты сипаттайды, алайда әр келісімнің шетел тілі сабағына нақты ықпалын өздігінен дәлелдемейді. Әдістемелік ынтымақтастықтың нәтижесін бағалау үшін келісімдердің санымен қатар бірлескен тапсырмалар, оқытушының кәсіби рефлексиясы және студент жұмыстарының өзгеруі сияқты көрсеткіштер қажет. Осы мақалада серіктестіктің дәл осындай оқу үдерісіне жақын тетіктері қарастырылады.

UDC: 316.347:323.1(574+575.1)

ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН МЫСАЛЫНДА

FEATURES OF NATIONAL IDENTITY FORMATION IN THE POST-SOVIET SPACE: THE CASES OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Абдуразов Б.Б., Монтаев А.Б., Байконысов Е.Р., Әділбек Ә. А
Abdurazov B.B., Montayev A.B., Baikonysov E.R., Adilbek A.A.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
abdurazov83@gmail.com; ardaqmon@gmail.com; erboltai@mail.ru; aliyaadilbek_auezov@mail.ru

Түйін. *Мақалада посткеңестік кеңістіктегі ұлттық бірегейліктің қалыптасуы Қазақстан мен Өзбекстан мысалында салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі ұлт құрылысының саяси-институционалдық, әлеуметтік-мәдени және ақпараттық-коммуникациялық өлшемдерін жүйелеу, екі мемлекет тәжірибесіндегі ортақ үрдістер мен ерекшеліктерді анықтау. Әдіснамалық негіз ретінде конструктивистік тәсіл, тарихи-салыстырмалы талдау және ғылыми жарияланымдар мен ресми дискурсты сапалық интерпретациялау алынды. Ұлттық бірегейлік азаматтық тиесілікпен ғана шектелмейтін, тілдік тәжірибе, тарихи жады, мемлекеттік символдар және күнделікті әлеуметтік қатынастар тоғысындағы көпқабатты құбылыс ретінде түсіндіріледі. Қазақстан жағдайында көпэтносты қоғамдағы азаматтық тұтастық пен қазақ мәдени-тілдік өзегінің өзара байланысы, Өзбекстан жағдайында мемлекеттік тіл, тарихи мұра және мәдени сабақтастықтың ұлт құру дискурсындағы орны талданады. Сонымен бірге бұқаралық коммуникацияның ұлттық символдарды тарату және ұжымдық өткенді түсіндірудегі қызметі көрсетіледі. Салыстыру нәтижесінде екі елді қарама-қарсы әрі өзгермейтін модельдерге жіктеу ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз екені негізделеді: азаматтық және этномәдени компоненттер екі жағдайда да қатар кездеседі, бірақ олардың институционалдық және дискурстық салмағы әркелкі. Жұмыс қолда бар ғылыми зерттеулерді екінші реттік талдауға сүйенеді және жаңа сауалнама жүргізілді деген тұжырым жасамайды. Қорытындылар ұлттық бірегейлікті зерттеуде ресми саясат, қоғамдық қабылдау және медиа репрезентациясын бір мезгілде ескерудің қажеттігін көрсетеді.*

Abstract. *This article examines the formation of national identity in the post-Soviet space through a comparative analysis of Kazakhstan and Uzbekistan. Its purpose is to systematize the political-institutional, sociocultural, and communication dimensions of nation-building since independence and to identify both common trajectories and country-specific features. The study draws on a constructivist perspective, historical comparison, and qualitative interpretation of published scholarship and official discourse. National identity is conceptualized as a multidimensional phenomenon*

encompassing civic belonging, language practices, historical memory, state symbols, and everyday social relations. In Kazakhstan, the analysis addresses the relationship between civic cohesion in a multiethnic society and the cultural and linguistic centrality of Kazakh identity. In Uzbekistan, it considers the place of the state language, historical heritage, and cultural continuity in nation-building narratives. Particular attention is given to the role of public communication in disseminating national symbols and interpreting collective history. The comparison suggests that treating the two states as fixed and mutually exclusive models is analytically inadequate: civic and ethnocultural elements coexist in both cases, although their institutional and discursive emphases differ. The paper relies on secondary analysis of existing studies and does not claim to present original survey data. It concludes that national identity should be examined simultaneously at the levels of state policy, social perceptions, and media representation. The findings provide a framework for subsequent comparative empirical research.

Кілт сөздер: *ұлттық бірегейлік, ұлт құрылысы, Қазақстан, Өзбекстан, тарихи жады, тіл саясаты, медиа дискурс.*

Keywords: *national identity, nation-building, Kazakhstan, Uzbekistan, historical memory, language policy, media discourse.*

Кіріспе

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия мемлекеттері егемендіктің құқықтық институттарын қалыптастырумен қатар қоғамның «біз» туралы түсінігін жаңаша айқындауға кірісті. Бұл үдеріс тарихи сабақтастықты қайта түсіндіру, мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту, жаңа азаматтық қауымдастық құру және тәуелсіз мемлекеттілікті символдық тұрғыдан бекіту міндеттерін біріктірді. Ұлттық бірегейлік саясаты тек жоғарыдан қабылданатын шешімдер жиынтығы емес: оның мазмұны азаматтардың күнделікті тәжірибесі мен қоғамдық коммуникацияда қайта жасалады [1, 3].

Қазақстан мен Өзбекстанды салыстырудың негізі – ортақ кеңестік институционалдық мұраға қарамастан, тілдік орта, демографиялық құрылым, тарихи нарративтер және саяси коммуникациядағы басымдықтардың әртүрлі болуы. Бұл айырмашылықтарды абсолюттендіру қате болар еді. Екі мемлекетте де азаматтық тиесілік пен этномәдени негіздер бірін-бірі толықтыра алады. Мақала осы күрделі өзара байланысты саясаттану, әлеуметтану және журналистика тұрғысынан қарастырады.

Зерттеудің мақсаты – ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың саяси, әлеуметтік және коммуникациялық тетіктерін салыстыру. Міндеттері: теориялық ұғымдарды нақтылау; тарихи-институционалдық алғышарттарды анықтау; тіл мен жадының рөлін талдау; медиа дискурстың маңызын көрсету; екі жағдайдың ұқсастығы мен айырмасын жүйелеу.

Теориялық негіз және зерттеу әдіснамасы

Б. Андерсонның «елестетілген қауымдастық» тұжырымы ұлттың мүшелері бірін-бірі тікелей танымаса да, ортақ саяси қауымға тиесілі екенін сезінетінін түсіндіреді [1]. Э. Геллнер ұлтшылдықты модернизация және мәдени стандарттандыру үдерістерімен байланыстырады [2]. Р. Брубейкер ұлтты дайын, біртекті топ ретінде қабылдаудан сақтандырып, ұлттық категориялардың саясат пен қоғамдық тәжірибеде қолданылуын зерттеуді ұсынады [3]. Осы үш тәсіл ұлттық бірегейліктің институционалдық, символдық және әлеуметтік қырларын қатар ашуға көмектеседі.

Зерттеу – жаңа далалық дерек жинауға емес, жарияланған ғылыми еңбектер мен салыстырмалы құжаттық материалдарға сүйенген сапалық шолу. Талдау бірліктері ретінде азаматтық және этникалық тиесілік, тіл, тарихи жады, ұлттық символ, ресми риторика және медиа репрезентациясы таңдалды. Қазақстан туралы 2023 жылғы 4000 респондент қатысқан сауалнаманың нәтижелері тек оның авторлары жариялаған шектерде пайдаланылады [4, 5]. Өзбекстан бойынша дәл сондай өлшемдегі салыстырмалы сауалнама бұл жұмыс аясында анықталмағандықтан, екі елдің қоғамдық пікірін сандық жағынан тікелей теңестіру жүргізілмейді.

Салыстыру логикасы үш деңгейден тұрады: біріншісі – мемлекеттік институттар мен нормативтік бағдарлар; екіншісі – қоғамдық сәйкестену және мәдени тәжірибелер; үшіншісі – саяси және медиа дискурстағы ұлттық образдар. Мұндай құрылым ресми ұран мен азаматтардың нақты ұстанымын бір ұғымға біріктірмеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық бірегейлікті талдауда «ұлт», «мемлекет» және «азаматтық қауымдастық» ұғымдарын теңестіруге болмайды. Мемлекет құқықтық институттар мен саяси шекараларды ұйымдастырса, ұлттық бірегейлік адамның өзін белгілі бір тарихи, мәдени және саяси қауымдастықтың мүшесі ретінде тануына қатысты. Сондықтан мемлекеттік құжатта жарияланған мақсат пен азаматтардың күнделікті өмірде сезінетін тиесілігін екі бөлек эмпирикалық деңгей ретінде қарастырған жөн. Бұл айырмашылық ресми ұрандарды қоғамның түгел қабылдаған құндылығы деп қате түсіндіруден сақтайды [1, 3].

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеудің салыстырмалы бірлігі — екі мемлекеттің бүкіл халқы емес, бірегейлікті қалыптастыруға қатысатын дискурстық және институционалдық тетіктер. Біріншіден, ресми нарративтерде «ортақ өткен» мен «ортақ болашақтың» қалай байланыстырылатыны

қарастырылады. Екіншіден, ғылыми әдебиетте азаматтық тиесілік, этномәдени сәйкестену және тілдік тәжірибенің арақатынасы талданады. Үшіншіден, бұқаралық коммуникациядағы ұлттық символдар мен аймақтық ынтымақтастық ұғымдары салыстырылады. Мұндай тәсіл елдерді қарапайым «күшті–әлсіз» шкаласымен бағаламай, ұқсас міндеттердің әртүрлі тарихи жағдайда қалай шешілетінін түсіндіруге бағытталған.

Дереккөздерді түсіндіру кезінде үш шектеу ескерілді. Ресми мәлімдеме мемлекеттік басымдықты көрсеткенімен, қоғамдық пікірдің тікелей өлшемі бола алмайды. Бір елдегі сауалнама қорытындысын екінші елдегі сапалық зерттеумен сандық көрсеткіш ретінде салыстыру әдіснамалық тұрғыдан дұрыс болмайды. Ал медиа мәтініндегі жиі қолданылған символ оның аудиторияға ықпалын автоматты түрде дәлелдемейді. Осы себепті мақалада себеп-салдарлық әсер туралы емес, әдебиеттер мен құжаттардан көрінетін құрылымдық ұқсастықтар және айырмашылықтар туралы тұжырым жасалады.

Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуы

Қазақстандағы ұлт құрылысы тәуелсіздік кезеңінен бері мемлекеттік егемендікті нығайту, қазақ тілі мен мәдениетінің қоғамдық орнын кеңейту және әртүрлі этностық топтардың ортақ азаматтық кеңістікке қатысуы сияқты міндеттерді қатар алып жүрді. Сондықтан «қазақстандық» азаматтық тиесілік пен «қазақ» этномәдени сәйкестенуін бірін-бірі жоққа шығаратын екі бөлек жүйе ретінде қарастыру шындықты толық ашпайды [6, 7].

Садвокасова, Бурханов және Шарипова 2016 және 2023 жылдардағы зерттеулерді салыстырып, азаматтық және этникалық бірегейлік туралы қоғамдық түсініктердің өзгеруін талдаған. Олардың 2023 жылғы деректері 4000 қатысушыны қамтиды [4]. Бұл материал мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен азаматтардың өзін-өзі сәйкестендіру тәжірибесін бөлек өлшеу қажеттігін көрсетеді. Этникалық азшылықтардың қабылдауына арналған кейінгі зерттеу де бірегейлік тәжірибесінің топтар арасында әркелкі болатынын көрсетеді [5].

Жиенбаевтың еңбегінде ұлттық құрылыс пен азаматтық-этноәлеуметтік бірегейліктің арақатынасы қарастырылған [6]. Рахимбекова және әріптестері ұғымды концептуализациялауда этникалық және азаматтық негіздердің қатар қолданылатынын атап өтеді [7]. Бұл ғылыми пікірталас Қазақстан тәжірибесінің негізгі ерекшелігін – біртұтас азаматтық қауым туралы нормативтік мақсат пен қоғамдағы тілдік, мәдени және тарихи әртүрліліктің өзара әрекетін – талдауға жол ашады. Жастардың азаматтық тиесілігіне арналған 2024 жылғы зерттеу 754 респондент деректерін пайдаланады [8]. Дегенмен жастардың белгілі бір уақыттағы сауалнама жауаптарын бүкіл халықтың тұрақты ұстанымы ретінде түсіндіруге болмайды. Тарихи жады мен символдық бағдарлар туралы 2026 жылғы зерттеу де этникалық сәйкестену мен азаматтық мақтаныштың міндетті түрде бір-біріне қайшы келмейтінін көрсетеді [9].

Қазақстандық тәжірибеде бірегейлік мәселесі көпэтносты қоғамдағы азаматтық ортақтық пен қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын қоғамдық кеңістікте жаңғырту міндеттерінің қиылысында көрінеді. Осы екі бағдарды бірін-бірі жоққа шығаратын нұсқалар ретінде сипаттау зерттеу нысанын тым қарапайым етеді. Азамат белгілі бір мемлекетке құқықтық-саяси тұрғыдан тиесілі бола отырып, өз ана тілін, этномәдени тәжірибесін және отбасылық тарихи жадын сақтай алады. Сондықтан талдауда «азаматтық бірегейлік» пен «этномәдени бірегейлік» арасындағы бәсекеден гөрі олардың қандай жағдайда өзара толықтыратынына назар аудару орынды [4, 7].

Тарихи жады да бір ғана ресми мәтін арқылы қалыптаспайды. Мектептегі білім, музей экспозициялары, мерейтойлар, әдебиет, отбасылық әңгімелер және цифрлық платформалар өткенге қатысты әртүрлі мағына ұсынады. Осы арналардың бір-біріне сәйкес келуі ортақ нарративті бекітуі мүмкін; ал алшақтықтар қоғамдағы көпдауыстылықты көрсетеді. Қазақстандағы бірегейлікті зерттегенде ұлттық символдардың мемлекеттік деңгейдегі орны мен азаматтардың оларды күнделікті тәжірибеде түсіндіруін бөлек бақылау қажет [8, 9].

Өзбекстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуы

Өзбекстанда тәуелсіздіктен кейін ұлттық бірегейлікке қатысты ресми дискурста мемлекеттік тіл, тарихи тұлғалар, мәдени мұра және тәуелсіз мемлекеттілік сабақтастығы маңызды орын алды. Бұл белгілер қоғамдық тұтастықты түсіндірудің символдық ресурстары ретінде қызмет етеді. Алайда мемлекеттің ресми нарративі мен барлық әлеуметтік топтардың жеке тәжірибесі толық сәйкес келеді деп тұжырымдау үшін арнайы әлеуметтанулық дәлел қажет. Өзбекстанның тарихи жады жөніндегі жаңа зерттеулерінде білім беру, жаһандану, ақпараттық кеңістік және жастар құндылықтары тарихи өткенді қайта пайымдауға әсер ететін факторлар ретінде қарастырылады [10]. Мұражай экспозицияларын зерттеген Асқаров тарихи мұраны көпшілікке ұсыну ұлттық бірегейліктің

институционалдық көрінісі бола алатынын талдайды [11]. Бұл мысалдар бірегейліктің тек заңдық мәртебемен емес, мәдени инфрақұрылым мен қоғамдық символдар арқылы да бекітілетінін аңғартады.

Қазақстан мен Өзбекстан тіл саясатын салыстырған Сайдалин мен Байметов білім беру саясаты, тілдік идеология және әліпби реформаларының ұлт құрудағы орнын зерттейді [12]. Авторлар ұсынған айырмашылықтарды тұрақты ұлттық мінездің көрінісі емес, белгілі бір кезеңдегі институционалдық саясат пен әлеуметтік-лингвистикалық жағдайдың нәтижесі ретінде қарастырған орынды.

Өзбекстан мысалында тарихи сабақтастықты көрсету үшін мәдени мұра, тарихи қалалар, тұлғалар мен өркениеттік жетістіктерге сілтеме жасау маңызды аналитикалық тақырып болып табылады. Алайда мұндай нарративтердің қоғамдық қабылдануы туралы қорытынды шығару үшін ресми баяндаумен қатар білім беру мазмұнын, қоғамдық пікірді және жастардың медиа тәжірибесін зерттеу керек. Мемлекет ұсынатын тарихи бейне мен азаматтардың өзіндік тарихи жадын бірдей құбылыс деп қабылдауға болмайды [10, 11]. Тіл саясатының бірегейлікке қатысы тек құқықтық мәртебемен өлшенбейді. Тілдің мектепте, жоғары білімде, әкімшілік қызметте, медиада және күнделікті қатынаста қолданылуы әртүрлі әлеуметтік мағынаға ие. Әліпби, терминология және тілдік стандарттау туралы пікірталастар да мәдени сабақтастық пен жаңғыру арасындағы байланысты ашып көрсетеді. Қазақстан және Өзбекстан траекторияларын салыстырған зерттеу осы факторлардың ұлт құрумен байланысын көрсетеді, бірақ нақты қоғамдық нәтижелерді салыстыру үшін бірдей индикаторлар қажет [12].

Салыстырмалы талдау: ортақтықтар мен ерекшеліктер

Салыстыру нәтижесі төрт ортақ тетікті айқындады. Олар – тәуелсіздікке негізделген мемлекеттілік нарративі; ұлттық тілдің символдық мәртебесі; тарихи жадыны институционалдық қайта түсіндіру; мәдени мұраны қоғамдық коммуникацияда пайдалану. Бұл ұқсастықтар екі елдің бірдей бірегейлік моделін таңдағанын білдірмейді. Бірдей ұғымдар әртүрлі әлеуметтік және тілдік жағдайда түрлі қызмет атқарады.

Бірінші айырмашылық — деректік көріну деңгейі. Қазақстанға арналған сауалнама зерттеулері азаматтық тиесілік пен этномәдени сәйкестенудің қатар жүруін тікелей талдауға мүмкіндік береді [4, 5, 8, 9]. Өзбекстанға арналған осы шолудағы еңбектер негізінен тарихи жады, мұражай және тіл саясатының институттық сипаттамасына шоғырланған [10, 12]. Демек, салыстырылатын әдебиеттердің әдіснамалық теңсіздігін қоғамдардың нақты айырмашылығы деп қабылдауға болмайды. Келесі айырмашылық — ұлттық тілдің қоғамдық рөлін түсіндіру контексі. Екі елде де тіл ұлт құрылысының маңызды ресурсы, алайда оның күнделікті қолданысы, білім беру жүйесіндегі орны және көптілді тәжірибемен байланысы бірдей емес [12]. Сондықтан «бірі азаматтық, екіншісі этникалық модель» деген қатаң бинарлық жіктеу осы әдебиеттерден тікелей шықпайды. Дәлірек қорытынды ретінде азаматтық және этномәдени компоненттер екі жағдайда да бар екенін, бірақ олардың ресми дискурстағы салмағын жеке өлшеу қажет екенін айтуға болады.

Үшінші айырмашылық — бірегейлікті сыртқы саяси және өңірлік кеңістікпен байланыстыру тәсілі. Салыстырмалы зерттеулер ұлттық рөл туралы ресми түсініктердің сыртқы саясатпен байланысын қарастырады [14]. Бұл ұлттық бірегейліктің тек ішкі әлеуметтік тұтастық мәселесі емес, мемлекеттің өңірдегі өзін таныстыру тілі екенін көрсетеді.

Салыстырудың аралық нәтижесі.

Қазақстан мен Өзбекстандағы ұлттық бірегейлік саясаттарын ажырататын негізгі белгі — «ұлт» ұғымының азаматтық тиесілік, тіл және тарихи жадының институционалдық әрі коммуникациялық тұрғыда қалай үйлестірілуі. Бұл — тікелей өлшенген қоғамдық пікір көрсеткіші емес, әдебиеттерді синтездеуден алынған интерпретациялық тұжырым. Салыстырудың бастапқы өлшемі ұлттық бірегейліктің адресаты. Екі елде де тәуелсіз мемлекетке тиесілік негізгі саяси шеңберді құрайды. Бірақ «ұлт» туралы мәтіндердің кімге бағытталатынын анықтағанда этномәдени қауым, барлық азаматтар және шетелдегі отандастар ұғымдарын ажырату керек. Бұл категориялар кейде бір нарратив ішінде қатар кездеседі. Оларды бөлек кодтау ресми дискурста азаматтық инклюзия мен мәдени сабақтастықтың қандай тілдік құралдармен берілетінін көрсетуге мүмкіндік береді. Одан кейінгі өлшем — тарихи уақытты құрастыру. Бірегейлік туралы мәтіндер өткенді еске түсірумен шектелмейді, олар бүгінгі саяси қауымдастықты заңдастыру және болашақтың ортақ бағдарын белгілеу қызметін де атқарады. Сондықтан талдау барысында тарихи тұлғаларға сілтеменің саны ғана емес, олардың қандай құндылықпен — тәуелсіздікпен, жаңғырумен, мәдени мұрамен немесе ынтымақтастықпен — байланыстырылғаны маңызды. Қазақстан мен Өзбекстандағы тарихи жады материалдарын осы мағыналық байланыстар арқылы салыстыру анағұрлым дәл нәтиже береді [9, 11]. Және бір өлшем тілдік тәжірибенің әлеуметтік кеңістігіне байланысты. Тілдің ұлттық символ ретіндегі қызметі мен күнделікті коммуникация құралы ретіндегі қызметі әрдайым бірдей деңгейде дамымауы мүмкін.

Салыстырмалы талдау осы екі функцияның арақатынасын бөлек қарастыруы тиіс. Мәселен, ресми құжаттарда тілдің бірегейлік белгісі ретінде аталуы оның әр өңірдегі немесе әр жас тобындағы нақты қолданысы жөнінде жеткілікті ақпарат бермейді [12].

Осы өлшемдерді жинақтағанда авторлық түсіндіру моделі ұсынылады, ол бойынша ұлттық бірегейліктің қалыптасуы институционалдық бекіту, әлеуметтік игеру және медиалық қайта өндіру сатыларының өзара әрекеттесуіне тәуелді. Бұл сатылар міндетті түрде бірізді жүрмеуі мүмкін. Мемлекеттік саясат белгілі бір символды алға шығаруы мүмкін, ал қоғам оны өзгертіп қабылдайды немесе басқа мазмұнмен толықтырады; медиа сол мағыналарды күшейтіп те бере алады, талқылауға да сала алады. Модель екі елдің бірін екіншісінен иерархиялауға емес, әрқайсысындағы өзара байланыс тетіктерін анықтауға арналған.

Медиа дискурс және ұлттық бірегейлік

Журналистика мен бұқаралық коммуникация ұлттық бірегейліктің символдық шекараларын қалыптастыруға қатысады. Ақпарат құралдары тарихи оқиғаларды іріктейді, мемлекеттік мерекелерді түсіндіреді, ұлттық тұлғалардың бейнесін ұсынады және «біз» ұғымының мағыналарын таратады. Алайда аудитория медиадағы мазмұнды біркелкі қабылдамайды; медиа репрезентация мен қоғамдық пікірдің себеп-салдарлық байланысын дәлелдеу үшін жеке зерттеу қажет. Мәселен, Серікбектің 2026 жылғы еңбегі Қазақстан мен Өзбекстан басшыларының 2016–2025 жылдардағы ресми риторикасын талдап, Орталық Азияның өңірлік бейнесі қалай жасалатынын көрсетеді [15]. Бұл еңбек ұлттық және өңірлік бірегейлікті ажырата қараудың маңызын ашады: өңірлік ынтымақтастық туралы дискурс ұлттық егемендік нарративін міндетті түрде ығыстырмайды. Сонымен бірге ресми медиадағы баяндау тәсілін тәуелсіз редакциялар мен әлеуметтік желілердегі пікірталаспен теңестіруге болмайды.

Болашақ эмпирикалық жұмыста Қазақстан мен Өзбекстаннан тең уақыт аралығында жарияланған жаңалық мәтіндерін іріктеп, «тіл», «тарихи жады», «тәуелсіздік», «азаматтық», «мәдени мұра» және «өңірлік ынтымақтастық» категориялары бойынша кодтауға болады. Мұндай талдау ресми нарративтің қайталану жиілігін, ақпарат көздерінің құрамын және азаматтық немесе этномәдени фреймдердің басымдығын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда осы мақалада мұндай дербес контент-талдау жүргізілген жоқ.

Медиалық деңгейде талдау бірлігі ретінде жаңалықтың тақырыбы, негізгі кейіпкері, дәйексөз көзі, тарихи символы және бағалау фреймі алынуы мүмкін. Мысалы, тәуелсіздік мерекесі туралы материал азаматтық ортақтық, тарихи ерлік, мәдени мұра немесе мемлекеттік жетістік фреймдерінің бірінде берілуі ықтимал. Бір оқиғаның бірнеше фрейм арқылы ұсынылуы ұлттық бірегейліктің бір ғана тұрақты мазмұн емес, қоғамдық талқылауда үздіксіз жаңарып отыратын мағыналар жиынтығы екенін көрсетеді. Бірақ мұндай қорытындыны нақты медиакорпуспен тексеру болашақ зерттеудің міндеті болып қалады.

Қазақстан мен Өзбекстан медиасын салыстыру үшін іріктеу кезеңін, жанрларды және дереккөз типтерін бірдей ұстау маңызды. Ресми ақпарат агенттігіндегі мәтінді тәуелсіз авторлық пікірмен тікелей салыстыру ақпараттық режим айырмашылығын шатастыруы мүмкін. Тиімді жол — екі елден ұқсас жанрдағы материалдарды іріктеп, «мемлекет», «азамат», «тіл», «тарих», «мәдени мұра», «Орталық Азия» категориялары бойынша кодтау. Кодтаушылар арасындағы келісімді есептеу нәтижелердің қайталанымдылығын арттырады [15].

Талқылау

Авторлық талдаудың негізгі тұжырымы бойынша ұлттық бірегейліктің қалыптасуын үш бөлек, бірақ өзара әсер ететін арна арқылы түсіндіру қажет: (1) мемлекет ұсынатын нормативтік «ұлт» бейнесі; (2) азаматтардың күнделікті азаматтық және мәдени тиесілік тәжірибесі; (3) медиа мен білім беру арқылы таралатын символдық баяндаулар. Бір арнадағы өзгеріс екіншісіндегі өзгерісті дәлелдемейді. Осы айырмашылықты сақтамау ресми идеологияны қоғамдық келісіммен шатастыру қаупін туғызады. Қазақстан материалдарында әлеуметтік сауалнамаға сүйенген еңбектердің болуы мемлекеттік дискурс пен азаматтық өзіндік сәйкестенуді бөлек қарастыруға жағдай жасайды [4, 5]. Өзбекстан бойынша пайдаланылған жарияланымдар тарихи жады мен мәдени институттардың рөлін ашады [10, 11]. Сондықтан салыстырмалы нәтижені «екі қоғамның бірінде бірегейлік күштірек» деген бағалау емес, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру механизмдерінің және оларды өлшеу тәсілдерінің айырмашылығы ретінде түсіндіреміз.

Зерттеудің шектеуі – елдер бойынша бірдей өлшенген бастапқы деректердің болмауы. Сондықтан ұсынылған салыстыру жалпы бағыттарды анықтайды, бірақ ұлттық бірегейліктің таралу үлесін, саяси ықпалдың күшін немесе медиа әсерінің көлемін есептемейді.

Ұсынылған модельдің теориялық маңызы — ұлттық бірегейлікті тек жоғарыдан жүргізілетін идеологиялық жоба немесе тек төменнен туатын әлеуметтік сезім ретінде қарастырмауында.

Мемлекеттік институттар символдық репертуарды бекітеді; әлеуметтік топтар оны күнделікті тәжірибеде қайта түсіндіреді; журналистика мен цифрлық коммуникация бұл мағыналарды кең аудиторияға жеткізеді. Осы үш арнаның арасындағы сәйкестік пен алшақтық ұлттық бірегейліктің нақты динамикасын зерттеудің өнімді нүктесі бола алады. Сонымен бірге азаматтық және этникалық сәйкестікті қатаң бинарлық санаттарға сыйғызбау қажеттігі қазіргі әдіснамалық әдебиетте де негізделеді [13].

Практикалық тұрғыдан мақала екі елде бірдей өлшемдермен жүргізілетін болашақ зерттеу дизайнын негіздейді. Ол үшін азаматтық тиесілік, тілдік тәжірибе, тарихи жады және медианы тұтыну туралы ортақ сауалнама сұрақтары қажет. Сауалнама нәтижелерін бірдей кезеңдегі медиа мәтіндерінің контент-талдауымен ұштастырғанда ресми нарратив, қоғамдық қабылдау және коммуникациялық көрініс арасындағы айырмашылықтарды дерекке сүйеніп бағалауға болады. Қазіргі әдеби шолу бұл байланыстарды дәлелденген себеп-салдар ретінде емес, тексеруге тұратын гипотезалар ретінде ұсынады.

Қорытынды

Жүргізілген әдеби-құжаттық салыстыру Қазақстан мен Өзбекстандағы ұлттық бірегейлік қалыптасуының ортақ құрылымын анықтады: тәуелсіздік, тіл, тарихи жады және мемлекеттік символдар екі елде де маңызды. Алайда ортақ құралдардың болуы бірдей қоғамдық нәтиже береді деген сөз емес. Олардың мазмұны әлеуметтік ортаға, институционалдық тәжірибеге және медиа репрезентацияға тәуелді.

Зерттеудің авторлық қорытындысы азаматтық және этномәдени бірегейлікті өзара жоққа шығаратын баламалар ретінде емес, қатар әрекет ететін деңгейлер ретінде талдау қажет екенін көрсетеді. Сонымен бірге, ұлттық бірегейлік туралы ресми мәтіндерді азаматтардың өзіндік сәйкестенуімен теңестіруге болмайтынын, екі елге қатысты эмпирикалық әдебиеттердің әркелкілігі салыстырмалы тұжырымның шегін нақты белгілеуді талап ететінін айқындады. Осыдан туындайтын зерттеу перспективасы — екі елде бірдей сұрақтармен жүргізілген сауалнаманы және тең мерзімдегі медиа материалдардың контент-талдауын біріктіру. Ұсынылған үшарналы модель саясаттану, әлеуметтану және журналистика тәсілдерін бір салыстырмалы дизайнға тоғыстырады; оның қоғамдық қабылдауға қатысты болжамдары болашақ эмпирикалық зерттеуде тексерілуі тиіс.

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау барысында бірегейліктің тұрақтылығы мен өзгергіштігін қатар ескеру қажет. Тарихи жады мен тілдің символдық мағынасы ұзақ мерзімде сақталуы мүмкін, ал медиа күн тәртібі мен саяси коммуникацияның тәсілдері әлдеқайда жылдам өзгереді. Демек, қысқа мерзімді ақпараттық белсенділікті ұлттық бірегейліктің терең өзгерісімен теңестіру дұрыс емес. Ұзақмерзімді салыстырмалы бақылау ғана символдық риторика мен әлеуметтік тәжірибе арасындағы байланысты нақтылауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Өзбекстан тәжірибелерінің ғылыми құндылығы олардың ортақ посткеңестік бастауларында ғана емес, ұлттық тиесілікті саяси институттар, мәдени жады және коммуникация арқылы әртүрлі жағдайда жаңғыртуында жатыр. Осы салыстыру ұлт құрылысы жөніндегі жалпылама пайымдарды нақты әлеуметтік механизмдер деңгейіне түсіреді. Болашақ зерттеулер үшін шешуші міндет — мемлекет ұсынған бірегейлік формулаларының азаматтар арасында қалай қабылданатынын бірдей өлшеммен тексеру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Anderson B. Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. Revised ed. London: Verso, 2006.

2. Gellner E. Nations and Nationalism. Ithaca: Cornell University Press, 1983.

3. Brubaker R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in the New Europe. Cambridge: Cambridge University Press, 1996.

4. Sadvokassova A., Burkhanov A., Sharipova D. In Search for Kazakhstani Identity: Societal Perceptions of Kazakhstan’s Nation-Building // Nationalism and Ethnic Politics. 2025. Vol. 31, No. 1. P. 114–137. DOI: 10.1080/13537113.2024.2422198.

5. Sadvokassova A., Sharipova D., Burkhanov A. Building a Nation: Exploring Ethnic Minorities’ Perceptions and Attitudes in Kazakhstan // Nationalities Papers. 2026. Vol. 54, No. 3. P. 475–493. DOI: 10.1017/nps.2025.10113.

6. Жиенбаев М. Қазақстандағы ұлттық құрылыс саясаты: азаматтық немесе этноәлеуметтік сәйкестік пе? // Қоғам және дәуір. 2024. № 3(83). DOI: 10.52536/2788-5860.2024-3.07.

7. Kylyshbayeva B.N., Rakhimbekova B., Seisebayeva R.B. Issues of Conceptualization of National Identity in the Context of Globalization // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. 2024. Vol. 90, No. 4. P. 111–120. DOI: 10.26577/jpcp.2024.v90.i4.a9.

8. Assyltayeva E., Tarman B., Ishmukhamedov S., Mukhambedyarova A., Tolen Z., Yussupova S. Civil Identity of Young Kazakhstanis in the Context of the Russian-Ukrainian Conflict // Journal of Ethnic and Cultural Studies. 2024. Vol. 11, No. 2. P. 81–104. DOI: 10.29333/ejecs/2052.

9. Okassova G.Ye., Kaldybayev M.S., Kunina I. Historical Memory and Symbolic Orientations in the Structure of National Identity: An Empirical Analysis of Kazakhstani Society // Gumilyov Journal of Sociology. 2026. Vol. 156, No. 3. P. 73–91. DOI: 10.32523/3080-1702-2026-156-3-73-91.

10. Nabiyev F. Mechanisms and Social Factors of Renewal of Historical Memory in Modern Uzbekistan Society // Oriental Journal of Social Sciences. 2025. Vol. 5, No. 12. P. 255–260. DOI: 10.37547/supsci-ojss-05-12-33.

11. Askarov M. Museums as Institutions of National Identity: The Re-expositions of 2024–2026 and the Narrative of Three Renaissances in Uzbekistan // Oriental Journal of Social Sciences. 2026. Vol. 6, No. 9. P. 72–80. DOI: 10.37547/supsci-ojss-06-10-09.

12. Saidalin T., Baimetov M. Comparative Analysis of Language Policy in Kazakhstan and Uzbekistan: Post-Soviet Trajectories of Nation Building and Linguistic Transformation // NU GSE Research in Education. 2026. Vol. 9, No. 1. P. 2–11. URL: https://nur.nu.edu.kz/items/50f17230-b027-4b97-bbc9-3fedf6dcc7f4.

13. Isaacs R. Whose Nation Is It Anyway? Towards Methodological Cosmopolitanism in Studies of Nationalism and Nation-Building in Kazakhstan // Nations and Nationalism. 2026. Vol. 32, No. 3. P. 696–706. DOI: 10.1111/nana.70082.

14. Bauyrzhankyzy A. Linking National Role Conceptions to Foreign Policy Behavior: A Comparative Study of Kazakhstan and Uzbekistan // Journal of Central Asian Studies. 2025. Vol. 23, No. 4. P. 74–117. DOI: 10.52536/3006-807X.2025-4.004.

15. Serikbek K. After Karimov and Nazarbayev: Official Media Discourses on Central Asian Identity in Uzbekistan and Kazakhstan // Journal of Media Studies. 2026. Vol. 4, No. 1. P. 41–64. DOI: 10.47344/sdubss.v58i.002.

UO‘K 811.111’373.7:811.512.133
UDC 811.111’373.7:811.512.133

INGLIZ VA O‘ZBEK TILLARIDAGI “SUV” KOMPONENTLI FRAZEOLOGIK BIRLIKLARNING QIYOSIY-CHOG‘ISHTIRMA TAHLILI

A CONTRASTIVE ANALYSIS OF PHRASEOLOGICAL UNITS WITH THE COMPONENT “WATER” IN ENGLISH AND UZBEK

Ergasheva N.Y.
Ergasheva N.Y.
“Toshkent irrigatsiya va qishloq xo‘jaligini mexanizatsiyalash muhandislari instituti” Milliy tadqiqot universiteti, Toshkent, O‘zbekiston
National Research University “Tashkent Institute of Irrigation and Agricultural Mechanization Engineers”, Tashkent, Uzbekistan

Annotatsiya. *Maqolada ingliz va o‘zbek tillaridagi “suv” (water) komponentli frazeologik birliklar qiyosiy-chog‘ishtirma va lingvokulturologik jihatdan tahlil qilinadi. Tadqiqot materiali sifatida nufuzli frazeologik lug‘atlar va maqollar to‘plamlaridan uzluksiz tanlash usuli bilan ajratib olingan 41 ta birlik (22 ta inglizcha va 19 ta o‘zbekcha) xizmat qildi. Birliklar komponent tahlili asosida o‘rganilib, to‘liq ekvivalent, qisman ekvivalent, analog va ekvivalentsiz turlarga ajratildi hamda sakkizta semantik guruh bo‘yicha miqdoriy tahlil qilindi. Natijalar ikki til o‘rtasida sezilarli asimmetriya mavjudligini ko‘rsatdi: inglizcha birliklarning 45 foizi o‘zbek tilida frazeologik muqobilga ega emas, o‘zbekcha birliklarning esa deyarli yarmi ingliz tilida butunlay boshqa obrazli analoglar orqali ifodalanadi. Ingliz tilida suv obrazi ko‘proq xavf, chuqurlik va noma’lumlik konseptlari bilan, o‘zbek tilida esa hayot, baraka, taskin va bilim konseptlari bilan bog‘langani aniqlandi. Bu farq dengizchilik an’analariga ega orol madaniyati hamda sug‘orma dehqonchilikka asoslangan quruq iqlimli Markaziy Osiyo madaniyatining olamni idrok etishdagi tafovuti bilan izohlanadi. Shuningdek, o‘zbek va qozoq tillaridagi umumturkiy parallellar ko‘rib chiqiladi. Natijalardan tarjima amaliyoti, ingliz tilini o‘qitish va ikki tilli lug‘atlar tuzishda foydalanish mumkin.*

Abstract. *The article presents a contrastive and linguocultural analysis of phraseological units containing the component "water" in English and Uzbek. The research material consists of 41 units (22 English and 19 Uzbek) selected by continuous sampling from authoritative phraseological dictionaries and collections of proverbs. Using componential analysis, the units were classified into full equivalents, partial equivalents, analogues and non-equivalents, and were quantitatively analysed across eight semantic groups. The results reveal a marked asymmetry between the two languages: 45 per cent of the English units have no phraseological equivalent in Uzbek, while almost half of the Uzbek units are rendered in English through analogues based on entirely different images. In English, the image of water is mainly associated with the concepts of danger, depth and the unknown, whereas in Uzbek it is linked with the concepts of life, abundance, relief and knowledge. This difference is explained by contrasting worldviews: an island culture with a strong maritime tradition on the one hand, and an arid Central Asian culture based on irrigated agriculture on the other. Common Turkic parallels in Uzbek and Kazakh are also considered. The findings can be applied in translation practice, English language teaching and bilingual lexicography.*

Kalit so'zlar: *frazeologik birlik, qiyosiy-chog'ishtirma tahlil, ekvivalentlik, analog, konseptual metafora, lingvokulturologiya, "suv" komponenti.*

Keywords: *phraseological unit, contrastive analysis, equivalence, analogue, conceptual metaphor, linguoculturology, "water" component.*

Kirish

Frazeologiya tilning eng milliy-madaniy xususiyatli qatlami hisoblanadi: unda xalqning tarixi, turmush tarzi, tabiiy sharoiti va qadriyatlari obrazli shaklda mujassamlashadi. Shu sababli turli tizimli tillar frazeologiyasini qiyosiy-chog'ishtirma o'rganish nafaqat tilshunoslik, balki tarjimashunoslik, lingvodidaktika va madaniyatlararo muloqot uchun ham muhim ahamiyatga ega. Chog'ishtirma tilshunoslik qiyosiy-tarixiy tilshunoslikdan farqli ravishda tillarning genetik qarindoshligini emas, balki ularning hozirgi holatidagi o'xshash va farqli jihatlarini aniqlashni maqsad qiladi [4; 5; 12].

Inson hayoti uchun eng zarur tabiiy unsurlardan biri bo'lgan suv deyarli barcha tillarda boy frazeologik maydon hosil qiladi. Biroq suvning muayyan xalq hayotidagi o'rni turlicha: Britaniya orollari aholisi uchun suv avvalo dengiz, savdo va dengizchilik bilan bog'liq bo'lsa, Markaziy Osiyo xalqlari uchun u qurg'oqchil iqlimda sug'orma dehqonchilikning, binobarin hayotning asosiy sharti hisoblanadi. Bu farq frazeologik birliklar (FB) obrazlarida qanday aks etadi? Mazkur savol o'zbek va qozoq xalqlari umumiy suv resurslariga ega bo'lgan bugungi sharoitda ilmiy jihatdan ham, amaliy jihatdan ham dolzarbdir.

Tadqiqotning maqsadi – ingliz va o'zbek tillaridagi "suv" komponentli FBlarni qiyosiy-chog'ishtirma tahlil qilish, ularning ekvivalentlik darajasini va semantik taqsimotini aniqlash hamda tafovutlarning lingvokulturologik sabablarini ochib berishdir. Tadqiqot vazifalari: (1) ikki tildagi "suv" komponentli FBlardan tanlanma tuzish; (2) ularni ekvivalentlik turlari bo'yicha tasniflash; (3) semantik guruhlar bo'yicha miqdoriy taqsimotni aniqlash; (4) asosiy farqlarni konseptual metafora nazariyasi asosida izohlash.

Adabiyotlar tahlili

Frazeologiyaning mustaqil tilshunoslik bo'limi sifatida shakllanishida V.V. Vinogradovning FBlarni semantik birlashuv darajasiga ko'ra frazeologik chatishmalar, butunliklar va birikmalarga ajratgan tasnifi asosiy o'rin tutadi [13]. Ingliz tili frazeologiyasi A.V. Kunin tomonidan tizimli o'rganilgan bo'lib, olim FBni "ko'chma ma'noli, barqaror so'z birikmasi" sifatida ta'riflaydi va ingliz FBlarining strukturaviy-semantik tasnifini ishlab chiqadi [15; 16]. O'zbek tilshunosligida frazeologiya Sh. Rahmatullayev tadqiqotlari bilan rivojlangan; uning "O'zbek tilining izohli frazeologik lug'ati" bugungi kungacha o'zbek FBlarining eng to'liq manbalaridan biri bo'lib qolmoqda [9].


Frazeologik ekvivalentlik masalasi chog'ishtirma frazeologiyaning markaziy muammosidir. E.F. Arsentyeva ikki til FBlarini to'liq ekvivalentlar, qisman ekvivalentlar va ekvivalentsiz birliklarga ajratib, qisman ekvivalentlik doirasida obrazning qisman farqlanishini alohida ko'rsatadi [11]. M. Beyker esa tarjimada idiomaning obrazini saqlash yoki uni boshqa obraz bilan almashtirish strategiyalarini tavsiflaydi [1]. Turkiy va ingliz tillarining tipologik qiyosi J. Buranov tomonidan amalga oshirilgan [12]; K. Jeyms esa chog'ishtirma tahlilning nazariy asoslarini ishlab chiqqan [5].

So'nggi o'n yilliklarda frazeologiyani o'rganishda kognitiv va lingvokulturologik yondashuv yetakchi o'ringa chiqdi. J. Lakoff va M. Jonsonning konseptual metafora nazariyasiga ko'ra, metafora faqat nutq bezagi emas, balki tafakkur vositasi bo'lib, inson mavhum tushunchalarni aniq tajriba orqali idrok etadi [7]. Z. Kyovechesh konseptual metaforalarning bir qismi universal, bir qismi esa madaniy jihatdan o'ziga xos ekanini ko'rsatadi [6]. D. Dobrovolskiy va E. Piyraynen turli tillar idiomalarini qiyoslab, ulardagi obrazlarning madaniy asoslarini tasniflaydi [3]. V.N. Teliya va V.A. Maslova FBni xalq madaniy xotirasining "ko'zgusi" sifatida talqin qiladi [17; 18]. Biroq ingliz va o'zbek tillaridagi "suv" komponentli FBlar ushbu yondashuvlar asosida maxsus tadqiq etilmagan.

Tadqiqot materiali va metodlari

Tadqiqot materiali uzluksiz tanlash usuli bilan quyidagi manbalardan ajratib olindi: ingliz tili uchun – A.V. Kuninning inglizcha-ruscha frazeologik lug‘ati, Oxford va Cambridge idiomalar lug‘atlari [2; 10; 15]; o‘zbek tili uchun – Sh. Rahmatullayevning izohli frazeologik lug‘ati va “O‘zbek xalq maqollari” to‘plami [8; 9]. Tanlanmaga tarkibida bevosita “water” / “suv” leksemasi bo‘lgan, zamonaviy tilda faol qo‘llanadigan va ko‘chma ma’noga ega birliklar kiritildi. Natijada 41 ta FB (22 ta inglizcha, 19 ta o‘zbekcha) tahlil qilindi.

Tadqiqotda chog‘ishtirma, komponent tahlili, miqdoriy (statistik) va lingvokulturologik talqin metodlaridan foydalanildi. Tahlil besh bosqichda amalga oshirildi (1-rasm). Har bir FB uchun ikkinchi tildagi muqobil aniqlanib, u to‘rt turdan biriga kiritildi (2-rasm): **A – to‘liq ekvivalent** (ma’no ham, obraz ham bir xil), **B – qisman ekvivalent** (ma’no bir xil, obraz qisman farqlanadi), **C – analog** (ma’no bir xil, obraz butunlay boshqa) va **D – ekvivalentsiz** (frazeologik muqobil mavjud emas, tasviriy tarjima qo‘llanadi).



1-rasm. Tadqiqot bosqichlari



2-rasm. Frazeologik ekvivalentlik turlari va ularga misollar

Natijalar va muhokama

1. Ekvivalentlik darajasi

Ingliz tilidagi “water” komponentli FBlar va ularning o‘zbek tilidagi muqobillari 1-jadvalda, o‘zbek tilidagi “suv” komponentli FBlar va ularning inglizcha muqobillari esa 2-jadvalda keltirilgan.


1-jadval. “Water” komponentli ingliz frazeologik birliklari va ularning o‘zbek tilidagi muqobillari

Ingliz tilidagi FB	**Ma’nosi**	**O‘zbek tilidagi muqobili**	**Turi**
spend money like water	pulni ayamay sarflash	*pulni suvdek sovurmoq*	to‘liq
fish in troubled waters	boshqalar tashvishidan foyda ko‘rish	*loyqa suvda baliq tutmoq*	to‘liq
like a fish out of water	o‘zini noqulay his qilish	*suvdan chiqqan baliqdek*	to‘liq
pour cold water on sth	rejaga sovuq munosabat, ko‘ngilni sovutish	*boshidan sovuq suv quymoq*	qisman
like oil and water	bir-biriga mutlaqo mos kelmaslik	*olov bilan suvdek*	qisman
take to sth like a duck to water	yangi ishga osongina moslashish	*suvdagi baliqdek*	qisman
make one’s mouth water	kuchli ishtaha yoki istak uyg‘otish	*so‘lagi oqmoq*	qisman
throw the baby out with the bathwater	yomoni bilan birga yaxshisidan ham voz kechish	*burgaga achchiq qilib ko‘rpani kuydirmoq*	analog
blood is thicker than water	qarindoshlik rishtasi ustun	*qarindosh qarindoshning go‘shtini yesa ham, suyagini tashlamas*	analog
water under the bridge	o‘tib ketgan, unutilgan ish	*o‘tgan ishga salovat*	analog
like water off a duck’s back	gap ta’sir qilmaslik	*bir qulog‘idan kirib, ikkinchisidan chiqmoq*	analog
tread water	oldinga siljimaslik	*bir joyda depsinmoq*	analog
in hot water	ko‘ngilsiz vaziyatga tushish	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
in deep water	jiddiy muammoga duch kelish	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
keep one’s head above water	zo‘rg‘a kun ko‘rish, qarzga botmaslik	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
uncharted waters	notanish, xavfli vaziyat	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
not hold water	asossiz, mantiqsiz bo‘lish	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
dead in the water	barbod bo‘lgan, istiqbolsiz	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
test the waters	vaziyatni oldindan sinab ko‘rish	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
come hell or high water	nima bo‘lsa ham	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
still waters run deep	kamgap odamning fikri teran	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
of the first water	eng oliy darajadagi	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz

2-jadval. “Suv” komponentli o‘zbek frazeologik birliklari va ularning ingliz tilidagi muqobillari

O‘zbek tilidagi FB	Ma’nosi	Ingliz tilidagi muqobili	Turi
suv qilib ichib yubormoq	biror bilimni puxta egallash	*know sth inside out*	analog
suvdan chiqqan baliqdek	o‘zini noqulay his qilish	*like a fish out of water*	to‘liq
suvdagi baliqdek	o‘z muhitida erkin bo‘lish	*like a duck to water*	qisman
og‘ziga suv olib o‘tirmoq	indamay, jim turish	*keep mum*	analog
suv sepgandek jim bo‘lmoq	birdan jimib qolish	*you could hear a pin drop*	analog
yuragiga suv sepilgandek bo‘lmoq	taskin topish, yengil tortish	*a weight off one’s mind*	analog
boshidan sovuq suv quyilgandek	qattiq hayratlanish, hafsalasi pir bo‘lish	*pour cold water on sth*	qisman
suvga tushgan mushukdek	ho‘l bo‘lib, xijolat tortgan	*like a drowned rat*	qisman
suvga tushgan toshdek	iz qoldirmay yo‘qolish	*vanish into thin air*	analog
suvdan quruq chiqmoq	jazo yoki zararsiz qutulish	*get off scot-free*	analog
birovning tegirmoniga suv quymoq	beixtiyor birovga foyda keltirish	*bring grist to sb’s mill*	qisman
loyqa suvda baliq tutmoq	boshqalar tashvishidan foyda ko‘rish	*fish in troubled waters*	to‘liq
olov bilan suvdek	bir-biriga mutlaqo mos kelmaslik	*like oil and water*	qisman
Suv ichgan qudug‘ingga tupurma	yaxshilikni unutma	*don’t bite the hand that feeds you*	analog
Suv keltirgan xor, ko‘za sindirgan aziz	adolatsiz baholash	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz
Suvni ko‘rmay, etik yechma	shoshilma, avval vaziyatni bil	*look before you leap*	analog
pulni suvdek sovurmoq	pulni ayamay sarflash	*spend money like water*	to‘liq
suv tekinga	juda arzon	*dirt cheap*	analog
Suv kelsa – nur, kelmasa – go‘r	suv – hayot va farovonlik manbai	— (tasviriy tarjima)	ekvivalentsiz

Jadvallardagi ma’lumotlar asosida tuzilgan 3-rasm ikki til o‘rtasidagi asimmetriyani yaqqol ko‘rsatadi. Har ikki yo‘nalishda to‘liq ekvivalentlar ozchilikni tashkil etadi (14 va 16 foiz). Ular asosan umumbashariy tajribaga asoslangan yoki boshqa tillar orqali o‘zlashgan birliklardir: *spend money like water – pulni suvdek sovurmoq, fish in troubled waters – loyqa suvda baliq tutmoq, like a fish out of water – suvdan chiqqan baliqdek*. Ikkinchi va uchinchi juftlik Yevropa tillarida, jumladan rus tilida ham mavjudligi ularning o‘zbek tiliga vositachi til orqali kirib kelgan bo‘lishi mumkinligini ko‘rsatadi.




3-rasm. Ekvivalentlik turlarining ikki yo‘nalishdagi taqsimoti (%, qavs ichida – birliklar soni)

Eng katta farq ekvivalentsiz birliklarda kuzatiladi: inglizcha FBlarning 45 foizi (10 ta) o‘zbek tilida frazeologik muqobilga ega emas va faqat tasviriy usulda tarjima qilinadi (masalan, *uncharted waters* – “notanish, xavfli vaziyat”, *keep one’s head above water* – “zo‘rg‘a kun ko‘rmoq”). O‘zbekcha FBlarning esa atigi 11 foizi (2 ta) ekvivalentsizdir, biroq ularning deyarli yarmi (47 foiz) ingliz tilida butunlay boshqa obrazli analoglar orqali beriladi: *Suvni ko‘rmay, etik yechma – Look before you leap, Suv ichgan qudug‘ingga tupurma – Don’t bite the hand that feeds you, og‘ziga suv olib o‘tirmoq – keep mum*. Bu holat o‘zbek tilida ifodalangan ma’nolarning o‘zi universal ekanini, ammo ularni ifodalash uchun tanlangan obraz – suv – milliy-madaniy xususiyatga ega ekanini ko‘rsatadi.

Qisman ekvivalentlar ham alohida qiziqish uyg‘otadi. Masalan, *like oil and water* va *olov bilan suvdek* birliklarida “mos kelmaslik” ma’nosi bir xil, biroq ingliz tilida suvga moy, o‘zbek tilida esa olov qarama-qarshi qo‘yiladi. *Take to something like a duck to water* birligida o‘rdak obrazi, *suvdagi baliqdek* birligida esa baliq obrazi ishlatiladi. *Pour cold water on something* birligi ingliz tilida asosan reja yoki g‘oyaga sovuq munosabatni bildirsa, *boshidan sovuq suv quyilgandek* birligi o‘zbek tilida kutilmagan xabardan qattiq hayratlanish yoki hafsala pir bo‘lishini ifodalaydi; ya’ni obraz o‘xshash bo‘lsa-da, ma’no hajmi to‘liq mos kelmaydi. Bunday “soxta ekvivalentlar” tarjimada xatolarga sabab bo‘lishi mumkin [1].

2. Semantik guruhlar bo‘yicha taqsimot

Tanlanmadagi FBlar sakkizta semantik guruhga ajratildi (4-rasm). Ingliz tilida “qiyinchilik va xavf” hamda “befoydalik, ta’sirsizlik” guruhlari ustunlik qiladi (4 tadan), o‘zbek tilida esa ularga atigi bittadan birlik to‘g‘ri keladi. Aksincha, “hissiy holat” guruhida o‘zbekcha FBlar soni (5 ta) inglizchadan (2 ta) ikki baravardan ko‘proq. “Insoniy munosabat va axloq” guruhi har ikki tilda eng yirik guruhlardan biri bo‘lib (5 tadan), bu axloqiy baholashning universal ehtiyoj ekanini ko‘rsatadi. “Hayot va baraka” guruhi esa faqat o‘zbek tilida qayd etildi.




4-rasm. “Suv” komponentli FBlarning semantik guruhlar bo‘yicha taqsimoti

Shuni ta’kidlash lozimki, tanlanma hajmi cheklangan bo‘lib, olingan raqamlar tendensiyani ko‘rsatadi, lekin statistik jihatdan umumlashtirish uchun yetarli emas. Shunga qaramay, aniqlangan farqlar quyida ko‘rib chiqiladigan lingvokulturologik omillar bilan izchil mos keladi.

3. Lingvokulturologik talqin

Konseptual metafora nazariyasi nuqtai nazaridan [6; 7], ingliz tilida suv ko‘pincha **XAVFLI MUHIT** sifatida konseptuallashadi: muammoli vaziyat – bu chuqur yoki issiq suv (*in deep water*, *in hot water*), omon qolish – boshni suv ustida tutish (*keep one’s head above water*), noma’lum vaziyat – xaritaga tushirilmagan suvlar (*uncharted waters*). Bu birliklarning ko‘pchiligi dengizchilik tajribasidan kelib chiqqan: masalan, *dead in the water* dastlab harakatlana olmay qolgan kemaga nisbatan qo‘llangan. Dengiz bilan o‘ralgan orol mamlakatida suv inson uchun ham imkoniyat, ham doimiy xavf manbai bo‘lgani tabiiy.

O‘zbek tilida esa suv ko‘proq **HAYOT VA TASKIN MANBAI** sifatida konseptuallashadi. Qurg‘oqchil iqlim va sug‘orma dehqonchilik sharoitida suv taqchil ne’mat bo‘lgani uchun u baraka va farovonlik ramzi hisoblanadi: *Suv kelsa – nur, kelmasa – go‘r*. Yozning jaziramasida hovliga suv sepib salqinlatish odati *yuragiga suv sepilgandek bo‘lmoq* (taskin topmoq) va *suv sepgandek jim bo‘lmoq* (birdan jimib qolmoq) birliklarining obrazli asosini tashkil etadi: suv sepilgandan keyin chang bosiladi va atrof tinchlanadi. Ariq va quduqdan ko‘zada suv tashish an’anasi *Suv keltirgan xor, ko‘za sindirgan aziz* va *Suv ichgan qudug‘ingga tupurma* maqollarida aks etgan. *Suv qilib ichib yubormoq* birligida esa bilim suv kabi inson tomonidan to‘la singdirib olinadigan hayotiy ehtiyoj sifatida tasavvur qilinadi. Ikki til konseptlarining umumiy va farqli jihatlari 5-rasmda umumlashtirilgan.



5-rasm. Ingliz va o‘zbek tillarida “suv” obrazi bilan bog‘liq konseptlarning qiyosiy modeli

4. Umumturkiy parallellar

O‘zbek tilidagi “suv” komponentli maqollarning bir qismi boshqa turkiy tillarda ham uchraydi. Masalan, qozoq tilida *Су ішкен құдығыңа түкірме* (Suv ichgan qudug‘ingga tupurma) va *Суын көрмей етік шешпе* (Suvini ko‘rmay etik yechma) maqollari o‘zbekcha shakllarga leksik va obrazli jihatdan deyarli to‘liq mos keladi [14]. Bu o‘xshashlik ikki xalqning umumiy til negizi, o‘xshash tabiiy-iqlim sharoiti va dehqonchilik hamda chorvachilik bilan bog‘liq umumiy turmush tajribasidan dalolat beradi. Shu bois o‘zbek–qozoq–ingliz uchlamchi qiyosiy tadqiqotlari umumturkiy frazeologik fondni chuqurroq o‘rganish uchun istiqbolli yo‘nalish hisoblanadi.

5. Amaliy ahamiyati

Tadqiqot natijalari bir nechta amaliy sohalarda qo‘llanishi mumkin. **Tarjima amaliyotida** ekvivalentsiz va qisman ekvivalent birliklarni aniqlash so‘zma-so‘z tarjima xatolarining oldini oladi; masalan, *in hot water* birligini “issiq suvda” deb tarjima qilish ma’noni butunlay buzadi. **Ingliz tilini o‘qitishda** FBlarni ekvivalentlik turlari bo‘yicha guruhlab o‘rgatish samaralidir: to‘liq ekvivalentlar talabalar tomonidan oson o‘zlashtiriladi, qisman ekvivalentlar va “soxta do‘stlar”ga esa alohida e’tibor qaratish lozim. Irrigatsiya va

qishloq xo‘jaligi yo‘nalishidagi talabalar uchun suv mavzusidagi FBlar kasbiy leksika bilan uyg‘un holda o‘rgatilishi ularning motivatsiyasini oshiradi. **Leksikografiyada** esa natijalar ingliz-o‘zbek frazeologik lug‘atlarini analog va izohli tarjimalar bilan boyitishda asos bo‘lib xizmat qiladi.

Xulosa

O‘tkazilgan qiyosiy-chog‘ishtirma tahlil quyidagi xulosalarga olib keldi. **Birinchidan**, ingliz va o‘zbek tillaridagi “suv” komponentli FBlar o‘rtasida to‘liq ekvivalentlik kam uchraydi (14–16 foiz) va u asosan umumbashariy tajriba yoki vositachi til orqali o‘zlashgan birliklarda kuzatiladi. **Ikkinchidan**, ikki til o‘rtasida aniq asimmetriya mavjud: inglizcha birliklarning 45 foizi o‘zbek tilida ekvivalentsiz bo‘lsa, o‘zbekcha birliklarning 47 foizi ingliz tilida boshqa obrazli analoglar orqali ifodalanadi. **Uchinchidan**, ingliz tilida suv obrazi ko‘proq xavf, chuqurlik va noma’lumlik, o‘zbek tilida esa hayot, baraka, taskin va bilim konseptlari bilan bog‘langan. Bu farq dengizchilik an’analariga ega orol madaniyati bilan sug‘orma dehqonchilikka asoslangan Markaziy Osiyo madaniyatining olamni idrok etishdagi tafovutini aks ettiradi. **To‘rtinchidan**, o‘zbek va qozoq tillaridagi umumiy “suv” komponentli maqollar umumturkiy frazeologik fondning mavjudligini tasdiqlaydi.

Keyingi tadqiqotlarda tanlanmani elektron korpuslar (British National Corpus, O‘zbek tili milliy korpusi) asosida kengaytirish, qozoq va boshqa turkiy tillarni qamrab olgan holda uchlamchi qiyosni amalga oshirish hamda “suv” semantik maydonining boshqa unsurlari (daryo, dengiz, yomg‘ir, ariq) bilan bog‘liq FBlarni tahlil qilish rejalashtirilgan.

ADABIYOTLAR

1. Baker M. In other words: A coursebook on translation. – London; New York: Routledge, 1992. – 304 p.
2. Cambridge idioms dictionary. – 2nd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006.
3. Dobrovol’skij D., Piirainen E. Figurative language: Cross-cultural and cross-linguistic perspectives. – Amsterdam: Elsevier, 2005.
4. Hojiyev A. Lingvistik terminlarning izohli lug‘ati. – Toshkent: O‘qituvchi, 1985.
5. James C. Contrastive analysis. – London: Longman, 1980.
6. Kövecses Z. Metaphor: A practical introduction. – 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2010.
7. Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. – Chicago: University of Chicago Press, 1980.
8. Mirzayev T., Musoqulov A., Sarimsoqov B. O‘zbek xalq maqollari. – Toshkent: Sharq, 2005.
9. Rahmatullayev Sh. O‘zbek tilining izohli frazeologik lug‘ati. – Toshkent: O‘qituvchi, 1978.
10. Siefring J. (Ed.). The Oxford dictionary of idioms. – 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2004.
11. Арсентьева Е.Ф. Сопоставительный анализ фразеологических единиц. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1989.
12. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. – М.: Высшая школа, 1983.
13. Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // А.А. Шахматов. 1864–1920: Сборник статей и материалов. – М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1947. – С. 339–364.
14. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
15. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – 4-е изд. – М.: Русский язык, 1984.
16. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – 2-е изд. – М.: Высшая школа; Дубна: Феникс, 1996.
17. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001.
18. Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996.

ӘОЖ 556.18:004.9
UDC 556.18:004.9

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ РЕСУРСТАРЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БІРЛЕСІП БАСҚАРУ

JOINT MANAGEMENT OF TRANSBOUNDARY WATER RESOURCES OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES TO ENSURE SUSTAINABLE DEVELOPMENT PROSPECTS

Абдешев К.Б[1]., Дубурбаева Г.Ә[2]., Әшірбек Д.[1], Қойлыбай І[1].
Abdeshev K.B., Duburbayeva G.A., Ashirbek D.[1], Koilybay I.
[1]Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан
Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan
abdeshev.kuanysh@mail.ru

Түйін*. Мақалада Қазақстан мен Өзбекстан үшін ортақ маңызы бар Сырдария өзені бассейніндегі трансшекаралық су ресурстарын цифрлық технологиялар негізінде бірлесіп басқару мәселелері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі су ресурстарының кеңістікте біркелкі бөлінбеуімен, суармалы егіншіліктің жоғары су сұранысымен, гидротехникалық инфрақұрылымның тозуымен, климаттық өзгерістердің күшеюімен және су есебі деректерінің жедел әрі салыстырмалы болуына қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Халықаралық және өңірлік дереккөздерді талдау негізінде Қазақстан мен Өзбекстанның су саласындағы ынтымақтастығы, Сырдариядағы гидробекеттерді автоматтандыруға қатысты бастамалар және су ресурстарын басқарудың халықаралық өлшемдері сипатталады. Цифрлық басқарудың ұсынылатын моделі гидрологиялық өлшеулерді, автоматтандырылған су есептегіштерді, қашықтан зондтау деректерін, геоақпараттық жүйелерді және бассейндік су балансын модельдеуді ортақ ақпараттық ортада біріктіруге негізделеді. Мақалада деректер алмасудың бірыңғай хаттамасын әзірлеу, деректер сапасын бақылау, бірлескен мониторингті кезең-кезеңімен енгізу және шешімдердің ашықтығын арттыру жөнінде практикалық ұсыныстар берілген. Ұсынылған тәсіл су бөлу жөніндегі келіссөздердің дәлелділігін арттыруға, су шығынын анықтауға, құрғақшылық пен тасқын тәуекелдерін ертерек бағалауға және су ресурстарын тұрақты пайдалануға бағытталған.*

Abstract. *This article examines the joint digital management of transboundary water resources in the Syr Darya basin, which is of shared importance to Kazakhstan and Uzbekistan. The relevance of the study is driven by the uneven spatial distribution of water resources, high water demand from irrigated agriculture, ageing hydraulic infrastructure, increasing climate-related risks, and the need for timely and comparable water-accounting data. Based on international and regional sources, the article reviews cooperation between Kazakhstan and Uzbekistan in the water sector, initiatives to automate gauging stations along the Syr Darya, and internationally recognized criteria for operational transboundary water cooperation. The proposed digital management model integrates hydrological measurements, automated water meters, remote-sensing data, geographic information systems, and basin water-balance modelling within a shared information environment. Practical recommendations include developing a common data-exchange protocol, introducing quality-control procedures, implementing joint monitoring in stages, and improving the transparency of water-management decisions. Such an approach can strengthen the evidence base for water-allocation negotiations, help identify water losses, improve early assessment of drought and flood risks, and support sustainable use of shared water resources. The paper emphasizes that digital tools cannot replace intergovernmental agreements or institutional coordination; rather, they can make cooperation more transparent, measurable, and accountable.*

Кілттік сөздер*: трансшекаралық су, Сырдария, цифрландыру, ГАЖ, су есебі, мониторинг, тұрақты даму.*

Keywords: *transboundary water, Syr Darya, digitalization, GIS, water accounting, monitoring, sustainable development.*

Кіріспе.

Су ресурстарын тұрақты басқару Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық дамуы, азық-түлік қауіпсіздігі және экологиялық тұрақтылығы үшін стратегиялық маңызға ие. Аймақтың негізгі өзендері бірнеше мемлекеттің аумағын кесіп өтеді, ал су қалыптасатын жоғарғы ағыс пен су тұтынудың едәуір бөлігі шоғырланған төменгі ағыс арасында табиғи және шаруашылық байланыс бар. Сырдария бассейнінде су энергетика, суармалы егіншілік, елді мекендерді сумен қамтамасыз ету және экожүйелердің сақталуы сияқты өзара тәуелді міндеттерді қатар шешу қажет [1-3].

Қазақстан мен Өзбекстанның су саласындағы ынтымақтастығы екіжақты қатынастардың маңызды бағыты болып саналады. Сырдария өзені, Шардара су қоймасы, мемлекетаралық каналдар және су бөлу тораптары ауыл шаруашылығы өндірісі мен өңірлік су қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Екі елдің уәкілетті органдары су бөлу режимдерін үйлестіру, су сапасын бақылау, каналдарды жөндеу және су есебін автоматтандыру мәселелерін тұрақты түрде талқылап келеді [1,4].

Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстанның трансшекаралық су ресурстарын цифрлық технологиялар негізінде бірлесіп басқарудың мүмкіндіктерін талдау және тұрақты су пайдалануға бағытталған практикалық модель ұсыну. Зерттеу әдістері ретінде ресми құжаттар мен халықаралық шолуларды салыстырмалы талдау, жүйелік тәсіл, басқару үдерістерін құрылымдау және цифрлық мониторинг архитектурасын тұжырымдау қолданылды. Мақалада ұсынылған модель – авторлық тұжырымдамалық ұсыныс; ол нақты енгізілген мемлекетаралық ақпараттық жүйе ретінде қарастырылмауы тиіс.

1. Сырдария бассейніндегі трансшекаралық су басқарудың ерекшеліктері. Сырдария – Орталық Азиядағы су-энергетикалық байланыстар айқын көрінетін өзендердің бірі. Жоғарғы ағыстағы су қоймалары мен гидроэнергетикалық нысандардың жұмыс режимі төменгі ағыстағы суармалы егіншілікке қажетті су көлемі мен мерзіміне ықпал етеді. БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының трансшекаралық су ынтымақтастығы туралы есебінде Сырдарияның ағысы ірі су қоймаларымен реттелетіні, ал су ресурстары жоғарғы ағыстағы энергетика және төменгі ағыстағы ауыл шаруашылығы үшін маңызды екені атап көрсетілген. Сонымен бірге суару жүйелеріндегі шығындар, қайтарымды сулардың ластануы және климаттың өзгеруі бассейнге түсетін қысымды арттырады [2].

Су ресурстарын басқарудағы басты қиындықтардың бірі – судың физикалық көлемі мен сапасы жөніндегі ақпараттың әртүрлі ұйымдарда қалыптасуы және оның уақытылы алмасуына тәуелділік. Егер гидробекеттердегі өлшеу нәтижелері кешігіп берілсе немесе әр елдің деректер форматтары өзара үйлеспесе, су балансының бірыңғай көрінісін қалыптастыру қиындайды. Мұндай жағдайда су бөлу кестесін түзету, су тапшылығын алдын ала болжау және каналдардағы нақты шығынды анықтау шешімдері жеткіліксіз ақпаратқа сүйенуі мүмкін [3, 5].

Өңірлік ынтымақтастықтың құқықтық негізі бұрыннан қалыптасқан. 1992 жылғы мемлекетаралық су ресурстарын бірлесіп басқару және қорғау туралы келісім, 1993 жылғы Арал теңізі мәселелері жөніндегі келісім және 1998 жылғы Сырдария бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы келісім өңірлік өзара іс-қимылдың маңызды негіздерін құрайды [2, 6]. Алайда қазіргі жағдай бұл институционалдық тетіктерді заманауи деректермен, автоматтандырылған өлшеумен және үйлестірілген талдау құралдарымен толықтыруды талап етеді.

Орталық Азияның су ресурстары жөніндегі 2024 жылғы шолуында Қазақстан мен Өзбекстан Сырдария бойындағы 10 гидрологиялық бекетте автоматтандырылған су есептегіштер орнату жөнінде келіскені көрсетілген. Жоспарланған тәсіл бойынша әр тарап екінші елдің аумағындағы өзіне қатысты бекеттерде жабдық орнатуға және оны күтіп ұстауға қатысып, нақты уақыт режимінде деректер алмасуды көздейді [1]. Бұл бастама цифрлық су есебінің техникалық шешім ғана емес, сонымен бірге сенім мен ашықтықты күшейтетін басқару құралы екенін көрсетеді.

2. Су ресурстарын цифрлық басқарудың технологиялық негіздері. Цифрлық су басқару дегеніміз – гидрологиялық, гидротехникалық, метеорологиялық, жер пайдалану және су сапасы туралы деректерді жинау, тексеру, біріктіру, талдау және басқарушылық шешімдерге айналдырудың өзара байланысқан үдерісі. Оның тиімділігі бір ғана құрылғыға емес, деректердің үздіксіздігіне, өлшеу дәлдігіне, ортақ форматтарға, институционалдық жауапкершілікке және пайдаланушылардың цифрлық құзыретіне байланысты.

Бірінші компонент – автоматтандырылған гидрологиялық өлшеулер. Су деңгейі, ағыс жылдамдығы, су шығыны және кейбір бекеттерде су сапасының көрсеткіштері датчиктер мен телеметриялық құрылғылар арқылы тіркелуі мүмкін. Мұндай жабдық өлшеу аралығын қысқартып, қолмен енгізуден туындайтын қателерді азайтады. Дегенмен құрылғыны калибрлеу, техникалық қызмет көрсету, электр қуаты мен байланыс арнасының тұрақтылығы міндетті түрде ескерілуі керек.


Екінші компонент – геоақпараттық жүйелер және қашықтан зондтау. ГАЖ су жинау алабының шекарасын, гидротехникалық нысандарды, суару желілерін, жер жамылғысын, суармалы алқаптарды және экологиялық осал учаскелерді бір картада біріктіруге мүмкіндік береді. Спутниктік деректер жер жамылғысының маусымдық өзгерісін, су айдындарының ауданын, өсімдік жамылғысының күйін және суармалы жерлердің кеңістіктік құрылымын бағалауға көмектеседі. Спутниктік бағалау жерүсті өлшеулерін алмастырмайды, бірақ оларды кеңістіктік тұрғыдан толықтырады.

Үшінші компонент – су балансы мен сценарийлік модельдеу. Бассейндік модельдер су қоймаларының жұмыс режимдерін, су алу көлемін, суару сұранысын, буланууды және ықтимал

құрғақшылық сценарийлерін салыстыруға мүмкіндік береді. Орталық Азиядағы су-энергетикалық өзара байланыстарды зерттеуде WEAP тәрізді жоспарлау құралдары мен су-энергетикалық модельдер қолданылып келеді [3]. Модель нәтижелері болжам екенін және олар бастапқы деректердің сапасына тәуелді екенін ескеру қажет.

Төртінші компонент – деректердің үйлесімділігі мен киберқауіпсіздігі. Екі мемлекет арасындағы цифрлық алмасу үшін өлшем бірліктері, уақыт белдеуі, деректерді беру жиілігі, бекеттердің координаттары, метадеректер және сапа белгілері келісілген болуы керек. Ақпараттық жүйеде деректердің бастапқы көзі, енгізілген түзетулер және жауапты ұйым тіркелсе, шешімдердің тексерілуі мен сенімділігі артады. Қолжетімділік деңгейлері белгіленіп, маңызды инфрақұрылымға қатысты деректерді қорғау шаралары қарастырылуы тиіс.

3. Қазақстан мен Өзбекстан үшін бірлескен цифрлық модель. Осы мақалада ұсынылатын модель алты өзара байланысты кезеңнен тұрады: 1) деректерді жинау; 2) сапаны тексеру және стандарттау; 3) ұлттық деректер жүйелерімен біріктіру; 4) бассейндік ГАЖ және су балансын қалыптастыру; 5) бірлескен талдау мен сценарийлік болжау; 6) су бөлу және тәуекелдерді басқару жөніндегі келісілген шешімдерді қабылдау. Модельдің негізгі қағидасы – әр мемлекеттің ұлттық су есебі сақтала отырып, трансшекаралық маңызы бар келісілген көрсеткіштер ортақ ақпараттық кеңістікте алмасуы.



Сурет 1 - Трансшекаралық су ресурстарын цифрлық басқарудың ұсынылатын моделі

Бірінші кезеңде Сырдариядағы негізгі гидробекеттер, су қоймаларының кіріс-шығыс нүктелері, мемлекетаралық каналдар және су бөлу тораптары басымдық бойынша таңдалады. Әр нүктеге бірегей код беріліп, координаттары, өлшеу құралдарының түрі, өлшеу жиілігі және жауапты ұйым көрсетіледі. Бастапқы кезеңде барлық объектіні бір мезгілде цифрландыруға ұмтылмай, су бөлуге әсері жоғары бекеттерден бастау қаржылық және ұйымдастырушылық тәуекелдерді азайтады.

Екінші кезеңде деректер сапасын бақылау рәсімі енгізіледі. Автоматты тексерулер физикалық тұрғыдан мүмкін емес мәндерді, уақыт қатарындағы үзілістерді, бірдей уақыт белгісімен қайталанған жазбаларды және өлшеу құралындағы ақау белгілерін анықтай алады. Күмәнді мәндерді үнсіз жоюға болмайды: олар «тексеруді қажет етеді» деген белгімен сақталып, тексеру нәтижесі журналға жазылуы керек. Бұл тәсіл бастапқы деректердің ізін сақтайды.

Үшінші кезеңде деректермен алмасудың ортақ техникалық хаттамасы әзірленеді. Хаттамада деректер жиілігі, формат, өлшем бірлігі, уақыт белгісі, сапа коды, бекеттің идентификаторы және ақпаратқа қол жеткізу тәртібі айқындалады. Жедел диспетчерлік ақпаратты, күндік су балансын және ұзақ мерзімді жоспарлау деректерін бірдей жиілікпен беру міндетті емес; сондықтан деректер санаты бойынша мерзім белгілеу ұсынылады.

Төртінші және бесінші кезеңдерде ГАЖ қабаттары мен гидрологиялық модельдер өзара біріктіріледі. Бұл су ағынының өзгерісін, су қоймаларының толтырылу деңгейін, суару маусымындағы сұранысты және экологиялық шектеулерді бір кеңістіктік негізде қарастыруға мүмкіндік береді. Модель нәтижелері бірнеше сценариймен берілуі керек: қалыпты су жылдылығы, су аз жыл, жоғары ағын немесе инфрақұрылымдағы шектеу жағдайы. Әр сценарийдің болжамдық сипаты және белгісіздігі ашық көрсетіледі.

Алтыншы кезең – келісілген шешімдер мен кері байланыс. Цифрлық жүйе су бөлу туралы саяси немесе құқықтық шешімді өздігінен қабылдамауы тиіс. Оның міндеті – тараптарға салыстырмалы деректер, су балансының нұсқалары, болжамдар және ықтимал салдарлар туралы дәлелді ақпарат беру. Соңғы шешімдер екі елдің уәкілетті органдары мен қолданыстағы мемлекетаралық тетіктер шеңберінде қабылданады.

4. Тұрақты даму тұрғысынан күтілетін нәтижелер. Цифрлық мониторингтің бірінші күтілетін нәтижесі – су есебінің ашықтығы мен салыстырмалылығын арттыру. Нақты уақытқа жақын өлшеулер су беру және су алу көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықты ертерек анықтауға көмектеседі. Бұл каналдардағы шығындарды азайту шараларын негіздеуге, су бөлу режиміндегі ауытқуларды талдауға және су пайдаланушылармен коммуникацияны жақсартуға жағдай жасайды.

Екінші нәтиже – су тапшылығы мен гидрологиялық қауіптерге бейімделу. Су деңгейі мен шығыны туралы деректер метеорологиялық болжамдармен және су қоймаларының жұмыс режимдерімен біріктірілсе, құрғақшылықтың ықтимал салдарын бағалау жақсарады. Сол сияқты жоғары ағын немесе су қоймасының жұмысына байланысты тәуекелдер бойынша ерте ескерту ақпаратын жедел таратуға болады. Дегенмен сенімді ескерту жүйесі тек цифрлық платформаға емес, нақты жауапты ұйымдарға, байланыс арналарына және алдын ала келісілген әрекет жоспарларына сүйенуі қажет.

Үшінші нәтиже – суармалы жерлерді тиімді пайдалану. Орталық Азияда ауыл шаруашылығы су тұтынудың негізгі бөлігін құрайды; Дүниежүзілік банк материалдарында Арал теңізі бассейнінде алынатын судың шамамен 90%-ы суармалы ауыл шаруашылығына жұмсалатыны көрсетілген [5]. Сондықтан су есебін цифрландыру суару кестелерін нақтылаумен, каналдарды жөндеумен, су үнемдеу технологияларын енгізумен және ауыл шаруашылығы алқаптарының нақты сұранысын бағалаумен қатар жүргізілгенде ғана елеулі нәтиже береді.

Төртінші нәтиже – экологиялық жағдайды бірлесіп бағалау. Сырдария бассейнінде су сапасын бақылау, қайтарымды сулардың әсерін бағалау және ластану көздерін анықтау мәселелері Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың күн тәртібінде тұр [1]. Ортақ мониторингте су сапасының көрсеткіштерін, сынама алынған орын мен уақытты, зертханалық әдістерді және сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін біріздендіру маңызды. Бірдей әдістеме екі елдің нәтижелерін дұрыс салыстыруға көмектеседі.

Бесінші нәтиже – институционалдық сенімді нығайту. БҰҰ-ның 6.5.2 көрсеткіші трансшекаралық су ынтымақтастығының жұмыс істейтін тетіктерін бағалауда бірлескен органның болуын, тұрақты ресми байланыстарды, үйлестірілген басқару жоспарларын және кемінде жыл сайын деректер мен ақпарат алмасуды ескереді [7]. Осы өлшемдерге сүйенсек, цифрлық технологиялар институционалдық ынтымақтастықты алмастырмайды, бірақ оны өлшенетін және тексерілетін етуге көмектеседі.

5. Іске асыру бойынша ұсыныстар. Талдау нәтижесінде төмендегі ұсыныстар қалыптастырылды. Біріншіден, Қазақстан мен Өзбекстанның су саласындағы уәкілетті органдары Сырдариядағы автоматтандырылған есеп бекеттеріне арналған бірыңғай деректер хаттамасын бекітуі керек. Онда бекеттер тізімі, өлшеу параметрлері, алмасу жиілігі, уақыт белгілері, өлшем бірліктері және ақау жағдайында қолданылатын рәсімдер қамтылуы қажет.

Екіншіден, цифрлық жүйені кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады. Бірінші кезеңде трансшекаралық су бөлуге тікелей әсер ететін 10 басым бекет пен маңызды су бөлу тораптарына назар аударуға болады; бұл сан 2024 жылғы өңірлік шолуда сипатталған автоматтандыру бастамасына сәйкес келеді [1]. Пилоттық кезең нәтижелері тәуелсіз техникалық тексеруден өткізіліп, содан кейін ғана басқа бекеттерге таратылады.

Үшіншіден, екі ел мамандары үшін бірлескен техникалық жұмыс тобын қалыптастырып, деректер сапасын тексеру, жабдықтарды калибрлеу, ақпараттық қауіпсіздік, ГАЖ және модельдеу бағыттары бойынша тұрақты оқыту ұйымдастыру қажет. Жүйенің техникалық қызметіне жауапты тұлғалар мен қаржыландыру көзі алдын ала анықталуы тиіс.

Төртіншіден, жүйенің тиімділігін өлшейтін индикаторлар белгіленуі керек. Ұсынылатын индикаторларға автоматты деректердің қолжетімділік үлесі, өлшеу үзілістерінің ұзақтығы, деректердің тексерілгенге дейінгі кідірісі, су балансы бойынша сәйкессіздіктер саны, ақауларды жою уақыты және су пайдаланушыларға есептердің уақтылы берілуі жатады. Нақты бастапқы мәндер пилоттық өлшеулерден кейін анықталып, нысаналы көрсеткіштер екі тараптың келісімімен бекітілуі қажет.

Бесіншіден, цифрлық инфрақұрылымды құқықтық және ұйымдастырушылық негіздермен байланыстыру керек. Деректерге иелік ету, оларды пайдалану мақсаты, құпиялылық деңгейі, даулы жағдайларда өлшеулерді салыстыру рәсімі және техникалық ақау кезіндегі резервтік есеп тәртібі екі

тарапқа түсінікті болуы тиіс. Бұл шаралар цифрландырудың сенімділігін арттырып, технологиялық шешімдердің нақты басқару нәтижесіне айналуына ықпал етеді.

Қорытынды. Қазақстан мен Өзбекстанның трансшекаралық су ресурстарын тұрақты басқаруы Сырдария бассейніндегі су есебінің дәлдігіне, деректердің уақытылы алмасуына және мемлекетаралық шешімдердің үйлесімділігіне тікелей байланысты. Қолданыстағы өңірлік келісімдер мен бірлескен жұмыс топтары ынтымақтастыққа институционалдық негіз береді, ал гидробекеттерді автоматтандыру жөніндегі бастамалар осы негізді қазіргі цифрлық құралдармен толықтыруға мүмкіндік туғызады.

Ұсынылған модель автоматтандырылған өлшеулерді, ГАЖ-ды, спутниктік деректерді және су балансын модельдеуді бірыңғай жұмыс үдерісіне біріктіреді. Оның практикалық құндылығы – су бөлу туралы шешімдерді нақты деректермен негіздеу, су шығындарын ертерек анықтау, құрғақшылық пен жоғары ағын тәуекелдерін бағалау және су сапасын салыстырмалы бақылау мүмкіндіктерін кеңейту.

Цифрлық технологияларды енгізу кезең-кезеңімен, нақты техникалық стандарттар мен деректер сапасын бақылау рәсімдеріне сүйене отырып жүргізілуі қажет. Ең бастысы, цифрлық платформа мемлекетаралық келісімдерді немесе уәкілетті органдардың шешімдерін алмастырмайды; ол тараптардың өзара сенімін, ашықтығын және басқарушылық жауапкершілігін арттыратын құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Осындай тәсіл Қазақстан мен Өзбекстанның ортақ су ресурстарын тиімді пайдалануына және өңірдің тұрақты дамуына үлес қоса алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Scientific-Information Center of the Interstate Commission for Water Coordination in Central Asia (SIC ICWC). Section 4. Bilateral water cooperation between the countries of Central Asia // Water Yearbook: 2024. URL: https://cawater-info.net/yearbook/2024/04_yearbook2024_en.htm (қаралған күні: 25.10.2026).

2. United Nations Economic Commission for Europe (UNECE). Progress on transboundary water cooperation under the Water Convention, 2020–2023. Geneva: United Nations, 2024. URL: https://unece.org/sites/default/files/2024-12/2417627_E_PDF_WEB.pdf (қаралған күні: 25.10.2026).

3. World Bank. Central Asia Water & Energy Program (CAWEP). URL: https://www.worldbank.org/en/brief/2026/08/20/cawep (қаралған күні: 25.10.2026).

4. Ministry of Ecology, Geology and Natural Resources of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan–Uzbekistan: water problems discussed. 9 February 2022. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/324014?lang=en (қаралған күні: 25.10.2026).

5. World Bank Group. Modernizing Irrigation in Central Asia. Results Brief. 2021. URL: https://documents1.worldbank.org/curated/en/416661615193282545/pdf/Modernizing-Irrigation-in-Central-Asia.pdf (қаралған күні: 25.10.2026).

6. Agreement between the Governments of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic, and the Republic of Uzbekistan on the Use of Water and Energy Resources of the Syr Darya Basin. Bishkek, 17 March 1998. URL: https://www.informea.org/en/content/legislation/agreement-between-governments-republic-kazakhstan-kyrgyz-republic-and-republic (қаралған күні: 25.10.2026).

7. UN-Water. Indicator 6.5.2: Proportion of transboundary basin area with an operational arrangement for water cooperation. URL: https://www.unwater.org/our-work/sdg-6-integrated-monitoring-initiative/indicator-652-proportion-transboundary-basin-area (қаралған күні: 25.10.2026).

8. Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). AQUASTAT – FAO's Global Information System on Water and Agriculture: Main Database. URL: https://www.fao.org/aquastat/en/databases/maindatabase/index.html (қаралған күні: 25.10.2026).

9. SIC ICWC. Section 2. Water management situation in the Aral Sea basin // Water Yearbook: 2025. URL: https://cawater-info.net/yearbook/2025/02_yearbook2025_en.htm (қаралған күні: 25.10.2026).

10. SIC ICWC. Bulletin of the Interstate Commission for Water Coordination in Central Asia, No. 1 (106), 2025. URL: https://www.cawater-info.net/library/eng/icwc/106-en.pdf (қаралған күні: 25.10.2026).

UO‘K 614.4:616-083:504.75
UDC 614.4:616-083:504.75

MINTAQAVIY EKOLOGIK INQIROZ SHAROITIDA YUQUMLI VA PATOLOGIK KASALLIKLAR EPIDEMIOLOGIYASINI HAMSHIRALIK NAZORATI ORQALI BAHOLASH
ASSESSING THE EPIDEMIOLOGY OF INFECTIOUS AND NON-COMMUNICABLE DISEASES THROUGH NURSING SURVEILLANCE UNDER A REGIONAL ENVIRONMENTAL CRISIS

Esanova F.O. (Esanova Feruza Olimjon qizi)
Esanova F.O. (Feruza Olimjon qizi Esanova)
G‘ijduvon Abu Ali ibn Sino nomidagi Jamoat salomatligi texnikumi 2-bosqich 115-guruh talabasi,
Buxoro viloyati, G‘ijduvon tumani, G‘ijduvon, O‘zbekiston
E-mail: shohaslzoda777@gmail.com; Tel.: +998 88 865 40 10
2nd-year student, group 115, Gijduvon Technical College of Public Health named after Abu Ali ibn Sino,
Gijduvon District, Bukhara Region, Gijduvon, Uzbekistan
E-mail: shohaslzoda777@gmail.com; Phone: +998 88 865 40 10

Annotatsiya. *O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasidagi strategik sheriklik ittifoqchilik munosabatlari darajasiga ko‘tarilgan bo‘lib, ikki davlatning umumiy ekologik muammolarini birgalikda hal etish bu hamkorlikning muhim yo‘nalishiga aylanmoqda. Orol dengizining qurishi natijasida yuzaga kelgan mintaqaviy ekologik inqiroz O‘zbekistonning Qoraqalpog‘iston Respublikasi va Qozog‘istonning Qizilo‘rda viloyati aholisi salomatligiga birdek ta’sir ko‘rsatmoqda, shu sababli kasalliklar tarqalishini kuzatish faqat ikki tomonlama hamkorlikda samarali bo‘lishi mumkin. Maqolaning maqsadi – mintaqaviy ekologik inqiroz sharoitida yuqumli va patologik kasalliklar epidemiologiyasini birlamchi tibbiy-sanitariya bo‘g‘inidagi hamshiralik nazorati orqali baholashning ilmiy-amaliy asoslarini ishlab chiqish. Tadqiqotda Orol havzasi bo‘yicha 2021–2024-yillarda e’lon qilingan ilmiy maqolalar, xalqaro tashkilotlar hujjatlari, O‘zbekiston va Qozog‘iston sog‘liqni saqlash qonunchiligi qiyosiy tahlil, tizimli yondashuv va ikkilamchi ma’lumotlar sintezi asosida o‘rganildi. Tuzli-changli bo‘ronlar, ichimlik suvi sifati, suvning minerallashuvi va qurg‘oqchil iqlim bilan bog‘liq kasalliklar, xavf guruhlari hamda ularga mos hamshiralik nazorati choralari tizimlashtirildi, hamshiralik monitoringining oltita usuli afzallik va kamchiliklari bo‘yicha xolis baholandi. Ilmiy yangilik sifatida ekologik xavf, kasallanish va hamshiralik kuzatuvini yagona tsiklga birlashtiruvchi integratsiyalashgan model, hamshiraning ekologik-epidemiologik kuzatuv varaqasi hamda hududlarni ekologik xavf va kasallanish darajasiga ko‘ra ustuvorlashtirish matritsasi taklif etildi. Natijalar ikki davlat sog‘liqni saqlash va sanitariya-epidemiologiya xizmatlari uchun qo‘shma kuzatuv tizimini yaratish va hamshiralar tayyorlashda amaliy asos bo‘lib xizmat qiladi.*

Abstract. *The strategic partnership between Uzbekistan and Kazakhstan has been elevated to the level of allied relations, and joint action on shared environmental problems is becoming an important part of this cooperation. The regional environmental crisis caused by the desiccation of the Aral Sea affects the health of people living in the Republic of Karakalpakstan in Uzbekistan and in the Kyzylorda Region of Kazakhstan alike, so effective disease surveillance in the region requires cooperation between the two countries. This paper aims to develop a scientific and practical basis for assessing the epidemiology of infectious and non-communicable diseases through nursing surveillance at the primary health care level under conditions of a regional environmental crisis. Studies on the Aral Sea basin published in 2021–2024, international reports and the health legislation of both countries were examined through comparative analysis and secondary data synthesis. Diseases associated with salt and dust storms, drinking water quality, water mineralisation and the arid climate are systematised together with risk groups and corresponding nursing surveillance measures, and six nursing monitoring methods are assessed for their strengths and weaknesses. As a scientific novelty, the paper proposes an integrated model that combines environmental risk, morbidity and nursing surveillance in a single cycle, an environmental and epidemiological surveillance sheet for nurses, and a matrix for prioritising areas by environmental risk and morbidity. The results offer both countries a practical basis for a joint surveillance system and nurse training.*

Kalit so‘zlar: *ekologik inqiroz, Orol dengizi havzasi, epidemiologik nazorat, hamshiralik monitoringi, yuqumli kasalliklar, noinfeksion kasalliklar, O‘zbekiston–Qozog‘iston hamkorligi.*

Keywords: *environmental crisis, Aral Sea basin, epidemiological surveillance, nursing monitoring, infectious diseases, non-communicable diseases, Uzbekistan–Kazakhstan cooperation.*

Kirish

Orol dengizining qurishi inson faoliyati natijasida yuzaga kelgan eng yirik ekologik falokat sifatida baholanadi [1, p. 1100]. Dengiz maydoni taxminan 60 156,5 kvadrat kilometrga, ya’ni qariyb 87 foizga qisqargan [2, p. 2], 2021-yilda uning suv yuzasi bor-yo‘g‘i 5,6 ming kvadrat kilometrni tashkil etgan [2, p. 4]. Qurigan tubdan ko‘tarilayotgan tuzli-ishqoriy changli bo‘ronlar tobora tez-tez takrorlanmoqda [2, p. 1]; eng ko‘p ta’sir ostidagi zonada oylik o‘rtacha chang cho‘kishi gektariga 598,4 kilogrammni tashkil etadi [2, p. 2].

Ekologik inqiroz ikki davlatning chegaradosh hududlariga birdek ta’sir qiladi: havodagi muallaq zarrachalar kamqonlik, diareyali kasalliklar va toksik moddalar yukining ortishiga sabab bo‘lishi qayd etilgan, bu holat ayniqsa O‘zbekistondagi Qoraqalpog‘iston va Qozog‘istondagi Qizilo‘rda hududlarida yaqqol

namoyon bo‘ladi [2, p. 2]. Qoraqalpog‘istonda suv tanqisligi, havo sifatining pastligi va iqtisodiy beqarorlik birgalikda aholi salomatligi va sog‘liqni saqlash tizimiga salbiy ta’sir ko‘rsatgan [3, p. 3]; bu yerda sil hamon jiddiy jamoat salomatligi muammosi bo‘lib qolmoqda [3, p. 1].

Qozog‘iston tomonida ham vaziyat e’tibor talab etadi: Qizilo‘rda viloyati 0–5 yoshli bolalar o‘limi bo‘yicha respublikada ikkinchi, qishloq joylaridagi bolalar o‘limi bo‘yicha esa birinchi o‘rinda turadi [4, p. 185]. Shu bilan birga, Orol bo‘yi hududi bo‘yicha o‘tkazilgan tadqiqot mualliflari Qozog‘istonga qarashli qismda halokatli vaziyat kuzatilmasligini qayd etgan [4, p. 177]. Bu ikki xil baho mintaqada salomatlik holatini yagona va muntazam kuzatuv ma’lumotlari asosida baholash zarurligini ko‘rsatadi.

Ayni paytda ikki davlat o‘rtasidagi hamkorlik yangi bosqichga ko‘tarildi: 2022-yil 22-dekabrda Toshkentda imzolangan O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasidagi ittifoqchilik munosabatlari to‘g‘risidagi shartnoma Qozog‘iston tomonidan 2024-yil 20-mayda ratifikatsiya qilingan [5]. O‘zbekiston qonunchiligida ham xalqaro hamkorlik aholining sanitariya-epidemiologik osoyishtaligi sohasidagi davlat siyosatining asosiy yo‘nalishlaridan biri sifatida belgilangan [6, 4-modda].

Muammo shundaki, ekologik xavf ko‘rsatkichlari, kasallanish statistikasi va birlamchi bo‘g‘indagi kuzatuv ma’lumotlari turli idoralar tomonidan alohida yig‘iladi. Aholiga eng yaqin turgan hamshiraning epidemiologik nazoratdagi salohiyatidan to‘liq foydalanilmaydi, chegaraoldi hududlarda esa ikki davlat ma’lumotlari muvofiqlashtirilmagan.

Tadqiqotning maqsadi – mintaqaviy ekologik inqiroz sharoitida yuqumli va patologik kasalliklar epidemiologiyasini hamshiralik nazorati orqali baholashning ilmiy-amaliy asoslarini ishlab chiqish. Vazifalar: 1) ekologik omillar bilan bog‘liq kasalliklar va xavf guruhlarini tizimlashtirish; 2) hamshiralik nazorati choralari va monitoring usullarining afzallik va kamchiliklarini baholash; 3) ekologik xavf, kasallanish va hamshiralik kuzatuvini birlashtiruvchi model taklif etish; 4) O‘zbekiston–Qozog‘iston hamkorligiga asoslangan amaliy takliflar ishlab chiqish.

Tadqiqot materiallari va usullari

Tadqiqot materiali sifatida Orol havzasi ekologiyasi va aholi salomatligiga oid 2021–2024-yillarda e’lon qilingan ilmiy maqolalar, UNICEF va Yevropa kasalliklarning oldini olish va nazorat qilish markazi (ECDC) hujjatlari, birlamchi tibbiy yordam ma’lumotlariga asoslangan erta ogohlantirish tajribasi, hamshiralik va ekologik salomatlik bo‘yicha nashrlar, shuningdek O‘zbekistonning «Aholining sanitariya-epidemiologik osoyishtaligi to‘g‘risida»gi qonuni va Qozog‘istonning «Xalq salomatligi va sog‘liqni saqlash tizimi to‘g‘risida»gi kodeksi olindi. Ular qiyosiy tahlil, tizimli yondashuv, ikkilamchi ma’lumotlar sintezi hamda «Yagona salomatlik» (One Health) va ekologik epidemiologiya yondashuvlari asosida o‘rganildi.

Ekologik omillarning ta’siri epidemiologik ko‘rsatkichlar orqali baholanadi. Hududdagi kasallanish darajasi 100 ming aholiga nisbatan hisoblanadi; bu ko‘rsatkich mintaqaviy hujjatlarda ham shu shaklda qo‘llaniladi [7, p. 9]:

$$I = \frac{A}{N} \cdot 100\,000 (1)$$

bu yerda I – kasallanish darajasi, 100 ming aholiga to‘g‘ri keladigan holatlar soni; A – davr mobaynida qayd etilgan yangi holatlar soni; N – shu davrdagi o‘rtacha aholi soni, kishi. Ekologik ta’sir ostidagi va nisbatan qulay hududlarni taqqoslash uchun nisbiy xavf ko‘rsatkichidan foydalaniladi:

$$RR = \frac{I_e}{I_0} (2)$$

bu yerda RR – nisbiy xavf, o‘lchamsiz; I_e – ekologik xavf yuqori bo‘lgan hududdagi kasallanish darajasi; I_0 – taqqoslash hududidagi kasallanish darajasi (ikkalasi ham 100 ming aholiga). RR > 1 bo‘lsa, kasallanish xavf omili ta’sirida ortgan deb hisoblanadi. Tadqiqot nazariy-tahliliy xarakterga ega: tajriba, so‘rovnoma va kuzatuv o‘tkazilmagan, barcha son ko‘rsatkichlari manbalardan olingan.

Natijalar va tahlil

1. Ekologik omillar va kasalliklar o‘rtasidagi bog‘liqlik

Ekologik omillar organizmga ikki asosiy yo‘l – nafas olish (inhalyatsiya) va og‘iz orqali (peroral) ta’sir qiladi [1, p. 1102]. Birinchi yo‘l havodagi chang va aerozollar bilan, ikkinchisi ichimlik suvi va oziq-ovqat bilan bog‘liq. Pre-Aral hududida guruch va paxta dalalaridan chiqadigan, tarkibida pestitsidlar bo‘lgan kollektor-drenaj suvlari daryolarga qo‘shilishi suv sifatiga salbiy ta’sir ko‘rsatgan [1, p. 1103].

Patologik (noinfeksion) kasalliklar orasida Orol bo‘yi hududining barcha aholi punktlarida kattalar orasida siydik-tanosil tizimi kasalliklari eng ko‘p tarqalgani aniqlangan [1, p. 1102]. Regressiya tahlilida simob miqdori ortishi bilan kasallanish ehtimoli o‘sishini ifodalovchi model holatlarning 74 foizini tavsiflagan [1, p. 1102]; mualliflar ikki nozologiyani ekologik bog‘liq kasalliklar ro‘yxatiga kiritishni taklif qilgan [1, p. 1106]. Qozog‘istonning Orol tumanida temir tanqisligi kamqonligi eng ko‘p qayd etiladigan kasallik bo‘lgan [4, p. 187], bronxial astmaning nisbatan yuqori darajasi esa qurg‘oqchil iqlimning nafas tizimiga zo‘riqtiruvchi ta’siri bilan izohlangan [4, p. 189].

Qoraqalpog‘istonda vaziyat ichimlik suvi bilan ta’minlanish muammosi bilan og‘irlashgan: qishloq aholisining qariyb yarmi markazlashgan ichimlik suvidan foydalana olmaydi [7, p. 8]. Chang va havo ifloslanishi kamqonlik va nafas yo‘llari kasalliklarining tarqalishiga hissa qo‘shadi, bolalar orasida kamqonlik bilan kasallanish 100 ming aholiga 8818,6 holatni tashkil etgan [7, p. 9]. Birlamchi tibbiy-sanitariya muassasalarining atigi 37 foizida suv bilan ta’minlash bo‘yicha asosiy xizmatlar me’yorga mos keladi [7, p. 10], bu muassasalarning o‘zida ham infeksiyalar profilaktikasini qiyinlashtiradi.

Yuqumli kasalliklardan sil alohida e’tibor talab qiladi. Qoraqalpog‘istonda 16 yillik kogorta tadqiqotida davolashning ijobiy natijalari qariyb 80 foizni tashkil etgan [3, p. 13], ammo yoshning ortishi, respublikaning ayrim hududlarida yashash, nogironlik, OIV-infeksiyasi va o‘pka sili kabi omillar salbiy natija bilan bog‘liq bo‘lgan [3, p. 16]. Bundan kelib chiqadiki, alohida e’tibor talab qiluvchi bemorlar kichik guruhlarini aniqlash va kuzatish hamshiralik faoliyatining ustuvor vazifasidir.

Xavf guruhlarini aniqlashda aholi fikri ham muhim: Orol tumanida so‘rov ishtirokchilari iqlim va ekologik sharoitga eng sezgir guruh sifatida 65 yoshdan katta keksalarni, keyingi o‘rinda 15 yoshgacha bolalarni ko‘rsatgan [4, p. 196]. Shu bilan birga, mintaqadagi ichimlik suvi namunalarida barcha sifat ko‘rsatkichlari ruxsat etilgan chegaradan oshmagani qayd etilgan [4, p. 192], bu baholashda har bir aholi punkti uchun aniq o‘lchov ma’lumotlariga tayanish zarurligini ko‘rsatadi. Aniqlangan bog‘liqliklar va ularga mos hamshiralik choralari 1-jadvalda umumlashtirildi.

1-jadval. Ekologik omillar, ular bilan bog‘liq kasalliklar va hamshiralik nazorati choralari

Ekologik omil	**Bog‘liq kasalliklar (yuqumli / patologik)**	**Xavf guruhi**	**Hamshiralik nazorati chorasi**	**Manba**
Tuzli-changli bo‘ronlar, havodagi aerozollar	Patologik: kamqonlik, nafas yo‘llari kasalliklari; yuqumli: diareyali kasalliklar	Bolalar	Changli kunlar va respirator simptomlarni qayd etish, kamqonlik skriningi	[2, p. 2; 7, p. 9]
Markazlashgan ichimlik suvining yo‘qligi	Yuqumli: ichak infeksiyalari xavfi	Qishloq aholisi, bolalar	Suv manbaini qayd etish, suvni zararsizlantirish bo‘yicha sanitariya-ma’rifiy ish	[7, p. 8; 6, 26-modda]
Pestitsidli kollektor-drenaj suvlari, og‘ir metallar (simob)	Patologik: siydik-tanosil tizimi kasalliklari	Kattalar	Dispanser kuzatuvi, shifokorga o‘z vaqtida yo‘naltirish	[1, p. 1102, 1103]
Qurg‘oqchil iqlim	Patologik: bronxial astma, temir tanqisligi kamqonligi	65 yoshdan katta keksalar, 15 yoshgacha bolalar	Surunkali bemorlar reyestri, kamqonlik profilaktikasi	[4, p. 187, 189, 196]
Suv tanqisligi, havo sifatining pastligi, ijtimoiy noqulaylik	Yuqumli: sil	Keksalar, nogironligi bor va OIV bilan yashovchi shaxslar	Davolanishni nazorat qilish, uzoq yo‘talda tekshiruvga yo‘naltirish	[3, p. 3, 16]

Manba: [1, 2, 3, 4, 6, 7] asosida tuzilgan.

2. Epidemiologik nazoratda hamshiralik monitoringi

Hamshiralar amaliyot, tadqiqot va ta’lim orqali iqlim o‘zgarishi oqibatlariga javob berish uchun qulay mavqega ega: tadqiqotchilar ularni «strategically placed to respond to the impacts of climate change» deb ta’riflaydi [8, p. 1]. Qozog‘iston kodeksida hamshiralik parvarishi hamshiralar va kengaytirilgan amaliyot hamshiralari ko‘rsatadigan tibbiy xizmatlar majmui sifatida belgilangan [9, 1-modda, 191-band], noinfeksion kasalliklar ustidan epidemiologik nazorat esa davlat organlarining alohida faoliyat turi sifatida ta’riflangan [9,

1-modda, 122-band]. O‘zbekistonda profilaktik emlashlar o‘tkazish [6, 33-modda] va ichimlik suviga qo‘yiladigan talablar [6, 26-modda] qonun bilan tartibga solinadi.

Birinchi usul – patronaj va uyma-uy kuzatuv. Qoraqalpog‘istonda patronaj hamshiralari va tibbiyot xodimlari uchun malaka oshirish mashg‘ulotlari tashkil etilmoqda [7, p. 23], tibbiyot xodimlari bolalar va o‘smirlarga mikronutrientli kukun hamda temir va foliy kislotasi preparatlarini yetkazib berishi rejalashtirilgan [7, p. 21]. Patronaj vaqtida hamshira kamqonlik belgilari, ich ketish holatlari va ichimlik suvidan foydalanish sharoitini bevosita qayd etishi mumkin.

Ikkinchi usul – simptomlarga asoslangan (sindromik) kuzatuv. Uning afzalligi shundaki, oldindan belgilangan simptomlar laboratoriyada qo‘zg‘atuvchi aniqlanishidan oldin ma’lum bo‘ladi va birlamchi tibbiy yordam ma’lumotlari epidemiyani erta aniqlashning qimmatli manbai hisoblanadi [10, p. 2]. Biroq bu usul yuqori sezgirlik, lekin past o‘ziga xoslikka ega, xususiy tibbiyot sektori ulushi katta hududlarda esa ma’lumotlar to‘liq bo‘lmasligi mumkin [10, p. 9].

Uchinchi usul – elektron qayd. Elektron tibbiy yozuvlardan yuqumli kasalliklar ustidan nazoratda foydalanish hisobot yukini kamaytirib, ma’lumotlarning o‘z vaqtida va to‘liq kelishini yaxshilashi mumkin; shu bilan birga ma’lumotlar sifati, maxfiylik masalalari [11, p. 1] va tizimlarning o‘zaro moslashuvi bilan bog‘liq muammolar saqlanib qolmoqda [11, p. 4]. Monitoring usullarining qiyosiy bahosi 2-jadvalda keltirildi.

2-jadval. Epidemiologik nazoratda hamshiralik monitoringi usullarining afzalliklari va kamchiliklari

Usul	**Afzalliklari**	**Kamchiliklari va cheklovlari**	**Amaliy tavsiya**	**Manba**
Patronaj va uyma-uy kuzatuv	Xavf guruhlariga bevosita yaqinlik; amaldagi o‘qitish loyihalari	Ish yuklamasi va kadrlar yetishmasligi	Kuzatuv varaqasini patronaj tashrifiga kiritish	[7, p. 23]
Xavf guruhlari reyestri	Alohida e’tibor talab qiluvchi kichik guruhlarni ajratish	Reyestrni muntazam yangilash talab etiladi	Keksalar, bolalar, sil bemorlarini alohida hisobga olish	[3, p. 16; 4, p. 196]
Simptomlarga asoslangan kuzatuv	Laboratoriya tasdig‘idan oldin erta signal	Past o‘ziga xoslik; xususiy sektor ma’lumotlari tushib qolishi	Laboratoriya nazorati bilan birga qo‘llash	[10, p. 2, 9]
Elektron qayd va mobil ilovalar	Ma’lumotlar o‘z vaqtida va to‘liq keladi	Ma’lumotlar sifati, maxfiylik, tizimlarning mos kelmasligi	Yagona ko‘rsatkichlar va ochiq standartlar	[11, p. 1, 4]
Sanitariya-ma’rifiy ishlar	Hamshira o‘zgarish agenti sifatida; profilaktika preparatlarini yetkazish	Aholi salomatlikni ekologik omillar bilan bog‘lamaydi	Suv gigiyenasi va changli kunlardagi himoya bo‘yicha mashg‘ulotlar	[8, p. 1; 7, p. 21; 4, p. 177]
Transchegaraviy ma’lumot almashinuvi	Umumiy ta’sir zonasini birgalikda kuzatish	Ikki davlat ko‘rsatkichlari va me’yorlari farqi	Qoraqalpog‘iston – Qizilo‘rda uchun yagona ko‘rsatkichlar	[2, p. 17; 6, 4-modda; 9, 1-modda, 122-band]

Manba: [2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11] asosida tuzilgan.

3. Chegaraoldi hamkorlik imkoniyatlari

Aerozollar ta’sirining eng ko‘p takrorlanadigan zonasini aniqlashga bag‘ishlangan tadqiqot O‘zbekiston, Xitoy va Qozog‘iston olimlari hamkorligida bajarilgan bo‘lib, uning natijalari chang cho‘kishini monitoring qilish punktlarini joylashtirish uchun asos bo‘lishi ta’kidlangan [2, p. 17]. Xuddi shu tamoyilni

salomatlik kuzatuviga tatbiq etish mumkin: chang cho‘kishi monitoringi punktlari yaqinidagi qishloq vrachlik punktlari va oilaviy poliklinikalar hamshiralik kuzatuvining tayanch nuqtalariga aylanishi lozim.

Hamkorlikning ustuvor yo‘nalishlari: Qoraqalpog‘iston va Qizilo‘rda viloyati uchun yagona ko‘rsatkichlar ro‘yxati va ma’lumot almashinuvi; kamqonlik, ichak infeksiyalari, sil va nafas yo‘llari kasalliklari bo‘yicha qo‘shma tahlil; hamshiralarni ekologik salomatlik masalalariga qo‘shma tayyorlash va malaka oshirish; ilmiy-ta’lim muassasalari o‘rtasida tadqiqot hamkorligi.


4. Integratsiyalashgan model va ilmiy yangilik

Tahlil natijalari asosida mintaqaviy ekologik inqiroz sharoitida kasalliklar epidemiologiyasini hamshiralik nazorati orqali baholashning integratsiyalashgan modeli ishlab chiqildi (1-rasm). Model yopiq tsikl ko‘rinishida tuzilgan: ekologik xavf omillari ta’sir yo‘llari orqali kasallanishga olib keladi, hamshira kasallanish va xavf omillarini qayd etadi, epidemiologik baholash natijasida profilaktik choralar belgilanadi, ma’lumotlar O‘zbekiston–Qozog‘iston almashinuvi orqali umumlashtiriladi va qayta aloqa yo‘li bilan xavf omillari bahosi yangilanadi.

Modelning markazida hamshiraning ekologik-epidemiologik kuzatuv varaqasi turadi. Varaqa quyidagi ko‘rsatkichlarni o‘z ichiga oladi: oiladagi xavf guruhlari (65 yoshdan katta keksalar, 15 yoshgacha bolalar, homilador ayollar, surunkali bemorlar); ichimlik suvi manbai (markazlashgan yoki markazlashmagan); oxirgi oyda changli bo‘ronli kunlar va respirator simptomlar; ich ketish holatlari; kamqonlik belgilari va skrining natijasi; uzoq davom etayotgan yo‘tal bo‘yicha silga tekshiruvga yo‘naltirish; emlash holati; surunkali bemorlarning dispanser kuzatuvi.

Hududlarni ustuvorlashtirish matritsasida har bir aholi punkti ikki mezon bo‘yicha baholanadi: ekologik xavf darajasi (past, o‘rta, yuqori) va kasallanish darajasi, ya’ni (2) formula bo‘yicha nisbiy xavf ($RR \leq 1$ – past, $1 < RR \leq 1{,}5$ – o‘rta, $RR > 1{,}5$ – yuqori). Ikkala mezon bo‘yicha «yuqori» yoki biri «yuqori», ikkinchisi «o‘rta» bo‘lgan hududlar birinchi navbatdagi (qizil) zonaga, ikkala mezon bo‘yicha «o‘rta» yoki biri «yuqori», ikkinchisi «past» bo‘lgan hududlar ikkinchi navbatdagi (sariq) zonaga, qolganlari esa rejali kuzatuv (yashil) zonasiga kiritiladi. Chegaraviy qiymatlar taklif etilayotgan shartli ko‘rsatkichlar bo‘lib, amaliyotda mahalliy ma’lumotlar asosida aniqlashtirilishi lozim.

Ilmiy yangilik: birinchidan, ekologik xavf, kasallanish va hamshiralik kuzatuvi odatdagidek alohida emas, yagona tsikl sifatida qaraldi; ikkinchidan, birlamchi bo‘g‘in hamshirasi uchun ekologik omillarni ham qamrab oluvchi kuzatuv varaqasi taklif etildi; uchinchidan, kuzatuv ma’lumotlari ikki davlat o‘rtasidagi almashinuv va qayta aloqa orqali hududlarni ustuvorlashtirishga bog‘landi.



1-rasm. Mintaqaviy ekologik inqiroz sharoitida kasalliklar epidemiologiyasini hamshiralik nazorati orqali baholashning integratsiyalashgan modeli

Manba: [1, 2, 7, 10, 11] asosida tuzilgan.

Muhokama

Afzalliklar. Hamshira aholiga eng yaqin turgan mutaxassis bo‘lgani uchun ekologik omillar va salomatlik o‘zgarishlarini erta qayd eta oladi. Sindromik kuzatuv laboratoriya tasdig‘idan oldin signal beradi [10, p. 2], elektron qayd esa ma’lumotlarning o‘z vaqtida va to‘liq kelishini yaxshilaydi [11, p. 1]. Patronaj hamshiralarini o‘qitish bo‘yicha amaldagi loyihalar [7, p. 23] taklif etilayotgan varaqani joriy etish uchun tayyor asos yaratadi.

Kamchiliklar va cheklovlar. Sindromik kuzatuv yolg‘on signallar berishi mumkin [10, p. 9], elektron tizimlarda ma’lumotlar sifati va maxfiylik muammolari saqlanadi [11, p. 1]. Hamshiralar soni va ish yuklamasi, qishloq hududlaridagi raqamli infratuzilma hamda moliyalashtirish yangi vazifalarni joriy etishni cheklashi mumkin. Ikki davlatda ekologik va tibbiy ma’lumotlar turli idoralar tomonidan, turli ko‘rsatkichlar bilan yig‘iladi. Bundan tashqari, Orol tumanida so‘rov ishtirokchilari o‘z salomatligi holatini iqlim o‘zgarishi bilan bog‘lamagan [4, p. 177], bu esa aholining xavf omillarini anglash darajasini oshirish zarurligini ko‘rsatadi.

Natijalar manbalardagi xulosalar bilan uyg‘un: Seksenova va hammualliflari ekologik vaziyatni yaxshilash va aholining ekologik xavfsizligini ta’minlashga qaratilgan faol choralar zarurligini ta’kidlagan [1, p. 1105], Qozog‘iston tadqiqotchilari esa so‘nggi 14 yil davomida qayd etilgan kasalliklar sonining barqaror kamayishini ko‘rsatgan [4, p. 201]. Bu turli xulosalar yagona kuzatuv tizimi orqali tekshirib boriladigan ma’lumotlar zarurligini tasdiqlaydi. Tadqiqot nazariy-tahliliy xarakterga ega; ekologik omil va kasallik o‘rtasidagi sabab-oqibat bog‘liqligi faqat manbalar darajasida ko‘rib chiqildi, taklif etilgan model va varaqa amaliyotda sinovdan o‘tkazilishi kerak.

Xulosa

1. Orol dengizining qurishi bilan bog‘liq ekologik inqiroz O‘zbekistonning Qoraqalpog‘iston Respublikasi va Qozog‘istonning Qizilo‘rda viloyati aholisiga birdek ta’sir ko‘rsatadi; kamqonlik, nafas yo‘llari va siydik-tanosil tizimi kasalliklari hamda sil bu hududlarda ustuvor epidemiologik muammolar hisoblanadi.

2. Birlamchi bo‘g‘in hamshirasi patronaj, sindromik kuzatuv va elektron qayd orqali ekologik omillar va kasallanishni bir vaqtda kuzata oladi, biroq har bir usulning cheklovlari ularni birgalikda qo‘llashni talab etadi.

3. Taklif etilgan integratsiyalashgan model, hamshiraning ekologik-epidemiologik kuzatuv varaqasi va hududlarni ustuvorlashtirish matritsasi cheklangan resurslarni eng ko‘p xavf ostidagi aholi punktlariga yo‘naltirish imkonini beradi.

4. Amaliy takliflar:

– Orol havzasidagi chegaraoldi hududlar uchun qo‘shma ekologik-epidemiologik kuzatuv tizimi va yagona ko‘rsatkichlar ro‘yxatini yaratish (ijrochi – O‘zbekiston va Qozog‘iston sog‘liqni saqlash vazirliklari, sanitariya-epidemiologiya xizmatlari);

– birlamchi bo‘g‘in hamshiralari faoliyatiga ekologik-epidemiologik kuzatuv varaqasi va uning elektron shaklini joriy etish (ijrochi – oilaviy poliklinikalar va qishloq vrachlik punktlari);

– tibbiyot texnikumlari va kollejlarida hamshiralar uchun ekologik salomatlik va epidemiologik kuzatuv bo‘yicha o‘quv va malaka oshirish modullarini ishlab chiqish (ijrochi – tibbiyot ta’lim muassasalari);

– Muxtor Auezov nomidagi Janubiy Qozog‘iston tadqiqot universiteti va O‘zbekiston tibbiyot ta’lim muassasalari o‘rtasida Orol bo‘yi aholisi salomatligi bo‘yicha qo‘shma ilmiy-ta’lim loyihalarini tashkil etish (ijrochi – ikki davlatning oliy va o‘rta maxsus ta’lim muassasalari).

ADABIYOTLAR

1. Seksenova L., Koshkarbaeva B., Zhumadilova Zh., Dedova O., Akhmetova N., Izmailovich M., Knaus A., Sabekova O., Kabduova A., Sarbasova D., Valiyeva S., Sydykbaeva Zh. The establishment of the cause-effect relationship of the formation of somatic diseases in the population of Pre-Aral under the influence of ecological factors // Open Access Macedonian Journal of Medical Sciences. – 2022. – Vol. 10, № E. – P. 1100–1106. – DOI: 10.3889/oamjms.2022.9369.

2. Ge Y., Wu N., Abuduwaili J., Kulmatov R., Issanova G., Saparov G. Identifying seasonal and diurnal variations and the most frequently impacted zone of aerosols in the Aral Sea region // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022. – Vol. 19, № 21. – Art. 14144. – 21 p. – DOI: 10.3390/ijerph192114144.

3. Gadoev J., Asadov D., Harries A. D., Kumar A. M. V., Boeree M. J., Hovhannesyan A., Kuppens L., Yedilbayev A., Korotych O., Hamraev A., Kudaybergenov K., Abdusamatova B., Khudanov B., Dara M. Factors associated with unfavourable treatment outcomes in patients with tuberculosis: a 16-year cohort study

(2005–2020), Republic of Karakalpakstan, Uzbekistan // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2021. – Vol. 18, № 23. – Art. 12827. – 19 p. – DOI: 10.3390/ijerph182312827.

4. Khaibullina Zh., Amantaikyzy A., Ariphanova D., Temirbayeva R., Mitusov A., Zhurumbetova Zh. Socio-economic and public health impacts of climate change and water availability in Aral District, Kyzylorda Region, Kazakhstan // Central Asian Journal of Water Research. – 2022. – Vol. 8, № 1. – P. 177–204. – DOI: 10.29258/CAJWR/2022-R1.v8-1/177-204.eng.

5. О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан о союзнических отношениях: Закон Республики Казахстан от 20 мая 2024 года № 83-VIII ЗРК // Казахстанская правда. – 21.05.2024 [Elektron resurs]. – URL: https://kazpravda.kz/n/zakon-respubliki-kazahstan-u3-54.

6. Aholining sanitariya-epidemiologik osoyishtaligi to‘g‘risida: O‘zbekiston Respublikasining Qonuni, 26.08.2015, O‘RQ-393-son [Elektron resurs]. – URL: https://lex.uz/docs/-2732587.

7. UNICEF. Enhancing climate-resilient and safe water, sanitation, hygiene, and health services for the most affected communities in four districts of Karakalpakstan: project document (UN Multi-Partner Human Security Trust Fund for the Aral Sea Region in Uzbekistan, 4th call). – 2024 [Elektron resurs]. – URL: https://mptf.undp.org/sites/default/files/documents/2024-07/aral$_s$ea$_4$th$_c$all$_u$nicef$_f$inal$_e$ng$_r$edacted.pdf.

8. Portela Dos Santos O., Melly P., Joost S., Verloo H. Climate change, environmental health, and challenges for nursing discipline // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2023. – Vol. 20, № 9. – Art. 5682. – 12 p. – DOI: 10.3390/ijerph20095682.

9. О здоровье народа и системе здравоохранения: Кодекс Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2026 г.) [Elektron resurs]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000360.

10. Cerqueira-Silva T., Oliveira J. F., Oliveira V. A., Florentino P. T. V., Sironi A., Penna G. O., Ramos P. I. P., Boaventura V. S., Barral-Netto M., Marcilio I. Early warning system using primary health care data in the post-COVID-19 pandemic era: Brazil nationwide case-study // Cadernos de Saúde Pública. – 2024. – Vol. 40, № 11. – Art. e00010024. – DOI: 10.1590/0102-311XEN010024.

ӘОЖ 528.8:332.3(574+575.1)
UDC 528.8:332.3(574+575.1)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҮШІН ГЕОКЕҢІСТІКТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕГІ БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ДАМЫТУ

DEVELOPING JOINT RESEARCH BASED ON GEOSPATIAL TECHNOLOGIES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Айтжанов Нұрбах Бахытжанұлы
Aitzhanov Nurbakh Bakhytzhanuly
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: nurbah.aitzhanov03@gmail.com

Түйін: *Мақалада Қазақстан мен Өзбекстанның тұрақты дамуы мүддесінде геокеңістіктік технологияларға негізделген бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі екі елге ортақ су тапшылығы, суармалы жерлердің тозуы, жер ресурстарын тиімді басқару және климаттық өзгерістер жағдайында сенімді кеңістіктік ақпараттың қажеттілігімен негізделеді. Жұмыстың мақсаты – географиялық ақпараттық жүйелерді, Жерді қашықтан зондтауды, спутниктік навигацияны және цифрлық кадастрды біріктіретін мемлекетаралық ғылыми ынтымақтастықтың қолданбалы моделін ұсыну. Әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы талдау, ресми халықаралық материалдарға шолу және геокеңістіктік деректерді интеграциялаудың жүйелік тәсілі пайдаланылды. Мақалада ортақ зерттеу аумақтарын іріктеу, бастапқы деректерді үйлестіру, спутниктік бақылауды далалық тексерумен толықтыру және нәтижелерді бірыңғай көрсеткіштер арқылы бағалау кезеңдері жүйеленді. Суармалы егістік, жер жамылғысы және деградация қаупі бойынша тақырыптық карталар әзірлеудің ғылыми-практикалық маңызы көрсетілді. Сондай-ақ деректердің өзара үйлесімділігі, әдістемелердің ашықтығы, зерттеушілердің академиялық ұтқырлығы және жас мамандардың цифрлық құзыреттері бірлескен жобалардың табыстылығын айқындайтын факторлар ретінде талқыланды.*

Ұсынылған модель тәжірибелік-әдістемелік сипатта болып, нақты аумақтарда пилоттық сынақ пен ұлттық құқықтық талаптарға сәйкестікті жан-жақты тексеруді қажет етеді.

Abstract: *This article examines opportunities for joint research using geospatial technologies to support sustainable development in Kazakhstan and Uzbekistan. The relevance of the study is determined by shared challenges related to water scarcity, degradation of irrigated lands, rational land management and the growing need for reliable spatial information under climate change. The objective is to propose an applied model of cross-border research cooperation integrating geographic information systems, Earth observation, satellite navigation and digital land cadastre data. The methodological approach combines comparative analysis, a review of authoritative international materials and systems-based integration of geospatial datasets. The paper outlines successive stages for selecting pilot study areas, harmonizing source data, validating satellite observations with field measurements and assessing results using common indicators. It discusses the practical value of thematic maps showing irrigated agriculture, land-cover change and potential land degradation. Particular attention is given to data interoperability, transparent methods, academic mobility and the development of digital competencies among early-career researchers. The proposed collaboration model does not claim to report completed field experiments or statistically validated improvements. Rather, it provides a structured research agenda that can be tested through joint pilot projects, subject to national legislation, data access requirements and independent validation. The approach can facilitate comparable evidence and strengthen scientific dialogue between the two countries.*

Кілттік сөздер: *геокеңістіктік технологиялар, кадастр, GIS, мониторинг, ынтымақтастық, инновация, тұрақтылық.*

Keywords: *geospatial technologies, cadastre, GIS, monitoring, cooperation, innovation, sustainability.*

Кіріспе

Қазақстан мен Өзбекстан табиғи-географиялық және шаруашылық байланыстары тығыз мемлекеттер. Екі ел үшін де ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйі, трансшекаралық су ресурстарын ұтымды пайдалану, урбандалу және экологиялық тәуекелдер маңызды ғылыми мәселелердің қатарына жатады. Осы міндеттердің кеңістіктік сипаты географиялық ақпараттық жүйелерге (GIS), спутниктік деректерге және цифрлық жер кадастрына сүйенетін зерттеу тәсілдерін өзекті етеді. Бірлескен жобалар әр мемлекетте жиналатын деректерді механикалық біріктіру ғана емес, оларды салыстыруға жарамды ғылыми әдістемені құруды талап етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының интеграцияланған геокеңістіктік ақпарат жөніндегі негіздемесі (UN-IGIF) ұлттық ақпараттық жүйелерді дамытуда институционалдық үйлесім, стандарттар, серіктестік және кадр даярлаудың маңызын көрсетеді [1]. Бұл қағидаттар Қазақстан–Өзбекстан ғылыми байланыстарын дамытудың әдістемелік тірегі бола алады. Зерттеу бағыттарының ішінде жер пайдалану мен су тиімділігі көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау ерекше мәнге ие.

Зерттеудің мақсаты мен әдістері

Зерттеудің мақсаты – екі елдегі университеттер мен салалық ғылыми ұйымдарға ортақ геокеңістіктік зерттеулерді жоспарлаудың құрылымдық моделін ұсыну және оның практикалық қолданылу шарттарын айқындау. Міндеттерге зерттеу нысандарын іріктеу, қажетті дерек түрлерін анықтау, оларды өңдеу кезеңдерін белгілеу және бағалау өлшемдерін ұсыну жатады.

Жұмыста ғылыми-әдістемелік шолу, салыстырмалы тәсіл және жүйелік талдау қолданылды. Ақпараттық база ретінде БҰҰ-ның геокеңістіктік ақпарат жөніндегі ұсынымдары [1], FAO-ның спутниктік мониторингке қатысты материалдары [2] және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы жоғары білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ресми мәліметтер [3] қарастырылды. Бұл мақалада жаңа далалық өлшеулер жүргізілген жоқ; сондықтан келтірілген нәтижелер расталған эмпирикалық қорытынды емес, зерттеу жобасын құруға арналған ұсыныстар болып табылады.

Бірлескен зерттеудің технологиялық негізі

Геокеңістіктік зерттеулердің бірінші компоненті – GIS ортасында әртүрлі ақпаратты бірыңғай координаталық негізде салыстыру. Жер учаскелерінің шекаралары, нысаналы мақсаты, жер жамылғысы, гидрографиялық тор, топырақ және жер бедері қабаттары бірлесіп қолданылғанда аумақты кешенді талдауға мүмкіндік туады. Бірақ картаның көрнекілігі деректердің дұрыстығын өздігінен дәлелдемейді: әр қабат үшін дереккөз, түсірілген уақыт, дәлдік және қолдану шектеулері құжатталуы қажет.

Екінші компонент – Жерді қашықтан зондтау. Әр кезеңде алынған спутниктік суреттер өсімдік жамылғысының динамикасын, суармалы алқаптардағы өзгерістерді және жер жамылғысының ауысуын бағалауға көмектеседі. Мысалы, өсімдік индекстерінің уақыттық қатарлары белгілі бір учаскедегі өзгеріс бағытын көрсетеді, алайда оларды топырақ тұздануының немесе өнімділіктің тікелей дәлелі деп қабылдауға болмайды. Мұндай тұжырымдарға далалық бақылау, метеорологиялық жағдай және жер пайдалану тарихы қоса талдануы тиіс.

Үшінші компонент – дәл координаталық өлшеу және кадастрлық ақпарат. GNSS өлшеулері бақылау нүктелерінің орнын анықтауға, спутниктік интерпретацияны тексеруге және тақырыптық карталардың геометриялық сапасын бағалауға көмектеседі. Ал кадастрлық ақпарат жердің құқықтық режимін, шекарасын және пайдалану мақсатын ескеруге мүмкіндік береді. Құқықтық шектеулерге байланысты ортақ ғылыми платформаға тек рұқсат етілген, тиісті деңгейде жинақталған немесе иесіздендірілген мәлімет енгізілуі тиіс.

Қазақстан мен Өзбекстанға арналған пилоттық зерттеу моделі

Бірінші кезеңде әр елден табиғи жағдайы мен шаруашылық қызметі салыстыруға келетін пилоттық аумақтар таңдалады. Салыстыру бірдей өлшемдегі аумақтарды кездейсоқ іріктеуге емес, климат, суару тәсілі, жер пайдалану құрылымы және қолжетімді бақылау деректері сияқты факторларды ескеруге негізделуі керек. Зерттеу сұрақтары алдын ала келісіліп, екі жақ үшін бірдей терминдер сөздігі жасалады.

Екінші кезеңде ашық спутниктік суреттер, жер жамылғысының карталары, топырақ және гидрометеорологиялық көрсеткіштер жүйеленеді. Әр дерек жиынының координаталық жүйесі, кеңістіктік ажыратымдылығы, өлшеу күні және лицензиялық шарттары жазылады. FAO әзірлеген WaPOR жүйесі ауыл шаруашылығындағы су өнімділігін қашықтан бақылау бойынша пайдалы әдістемелік мысал болып табылады [2]. Бірақ платформаның нақты аумақтық қамтылуы мен көрсеткіштерінің қолдануға жарамдылығы әр пилоттық жоба үшін бөлек тексерілуі қажет.

Үшінші кезеңде GIS арқылы егістік жерлердің шекаралары, су көздеріне жақындық, жер жамылғысының маусымдық өзгеруі және ықтимал тәуекел аймақтары бойынша тақырыптық қабаттар жасалады. Алынған карталар таңдаулы далалық нүктелерде тексеріліп, жіктеу қателері тіркеледі. Бірлескен деректер базасында зерттеу нәтижесін қайта өндіруге мүмкіндік беретін өңдеу алгоритмі, метадерек және сапаны бақылау хаттамасы сақталуы қажет.

Төртінші кезеңде нәтижелер ортақ көрсеткіштер арқылы салыстырылады: бақылаумен қамтылған аумақ үлесі, жер жамылғысын жіктеу дәлдігі, деректерді жаңарту жиілігі, тексерілген тәуекел нүктелерінің үлесі және деректер жиындарының толықтығы. Бұл көрсеткіштер ғылыми жобаның ұйымдастырылу сапасын бағалайды; оларды автоматты түрде жердің өнімділігі өсті немесе су шығыны азайды деген дәлелге теңестіруге болмайды.

Ғылыми кооперация, кадр даярлау және шектеулер

Бірлескен зерттеу бағдарламасы ортақ ғылыми семинарлармен, оқытушылар мен магистранттардың академиялық алмасуымен және тақырыптық зертханалық сабақтармен толықтырылғаны орынды. Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің 2024 жылғы ресми хабарламасында екі ел жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер мен білім беру саласындағы ынтымақтастықтың маңызы атап көрсетілген [3]. Мұндай институционалдық байланыстар GIS, цифрлық кадастр және қашықтан зондтау бойынша бірлескен оқу модульдерін әзірлеуге негіз бола алады.

Ынтымақтастықты жүзеге асыруда әдістемелік айырмашылықтар, деректерге қол жеткізу құқығы, бағдарламалық құралдардың сәйкестігі және мамандардың дайындығы шектеу болуы мүмкін. Бұл тәуекелдерді азайту үшін екі ел зерттеушілері бірыңғай метадерек үлгісін, деректерді алмасу туралы келісімді және жарияланым авторлығын анықтау ережелерін алдын ала әзірлеуі керек. Жас ғалымдар үшін ашық геодеректермен жұмыс, QGIS арқылы талдау, спутниктік кескіндерді интерпретациялау және нәтижені ғылыми тұрғыдан дәлелдеу бойынша шағын практикалық курстар тиімді болмақ.

Қорытынды

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы инновациялық геокеңістіктік зерттеулер жер ресурстарын басқару, суармалы егіншілікті бақылау және экологиялық тәуекелдерді анықтау салаларында өзара салыстырылатын ғылыми ақпарат қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл үшін спутниктік мониторингті GIS, GNSS және кадастрлық мәліметтермен байланыстыратын, нәтижесі далалық тексеруден өтетін бірлескен әдістеме қажет.

Ұсынылған төрт кезеңді пилоттық модельдің негізгі артықшылығы – деректер сапасына, әдістің қайталануына және зерттеушілер ынтымақтастығына басымдық беру. Болашақта модельдің тиімділігін нақты пилоттық аумақтарда тексеріп, ғылыми нәтижелерін ашық әрі салыстырмалы көрсеткіштер бойынша бағалау ұсынылады. Осылайша технологиялық жаңашылдық пен академиялық серіктестік орнықты даму міндеттерін шешуге бағытталған практикалық ғылыми әлеуетті арттыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. United Nations Committee of Experts on Global Geospatial Information Management (UN-GGIM). United Nations Integrated Geospatial Information Framework (UN-IGIF). URL: https://ggim.un.org/UN-IGIF/overview/ (қаралған күні: 25.10.2026).

2. Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). WaPOR: Remote Sensing for Water Productivity. URL: https://www.fao.org/in-action/remote-sensing-for-water-productivity (қаралған күні: 25.10.2026).

3. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan and Uzbekistan Strengthen Practical Cooperation in Field of Higher Education and Science. 22 February 2024. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/17994?lang=en (қаралған күні: 25.10.2026).

4. United Nations. Transforming our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. 2015. URL: https://sdgs.un.org/2030agenda (қаралған күні: 25.10.2026).

UDK 373.2:316.7
UDC 373.2:316.7

MAKTABGACHA YOSHDAGI BOLA RIVOJLANISHINING IJTIMOIY-MADANIY SHARTLANGANLIGI: MADANIYATNI O‘ZLASHTIRISHNING NAZARIY ASOSLARI VA PEDAGOGIK SHART-SHAROITLARI

SOCIOCULTURAL DETERMINATION OF PRESCHOOL CHILD DEVELOPMENT: THEORETICAL FOUNDATIONS AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR CULTURAL ACQUISITION

Ibadullayev Qahramon Madaminovich
Ibadullayev Qahramon Madaminovich
Chirchiq davlat pedagogika universiteti, Chirchiq, O‘zbekiston
Chirchiq State Pedagogical University, Chirchiq, Uzbekistan
E-mail: qaxramon.madaminovich@gmail.com

Annotatsiya. *Maqolada maktabgacha yoshdagi bolalar psixik rivojlanishining ijtimoiy-madaniy shartlanganligiga doir nazariy asoslar ko‘rib chiqiladi. Ishning maqsadi madaniy muhit hamda pedagog bilan bola o‘rtasidagi hamkorlikning ijtimoiy tajribani o‘zlashtirishdagi rolini aniqlash va shu asosda mazkur jarayonni ta’minlaydigan pedagogik shart-sharoitlarni ifodalashdan iborat. Tadqiqotning metodologik asosini L.S. Vigotskiyning madaniy-tarixiy konsepsiyasi, A.N. Leontyevning faoliyatga doir yondashuvi va D.B. Elkoninning bolalar o‘yini nazariyasi tashkil etadi; shuningdek, “pedagog–bola” munosabatlariga bag‘ishlangan xorijiy tadqiqotlardan foydalanilgan. Nazariy tahlil, qiyoslash va umumlashtirish metodlari orqali bolaning dastlabki imkoniyatlaridan tafakkur, muloqot va o‘zini o‘zi boshqarishning madaniy shakllariga o‘tish mexanizmi ochib beriladi. Til, o‘yin va hamkorlikdagi faoliyat madaniyatga qo‘shilishning asosiy vositalari ekani, kattalar yordami miqdori va xususiyati esa madaniy namunaning bolaning shaxsiy boyligiga aylanishini belgilashi ko‘rsatiladi. Oltita pedagogik shart ajratilgan: hissiy xavfsizlik, madaniy mazmunning tushunarliligi, hamkorlikdagi faoliyatni tashkil etish, kattalarning moslashuvchan va bosqichma-bosqich kamaytiriladigan yordami, bolalar tashabbusini qo‘llab-quvvatlash hamda oila bilan hamkorlikdagi rivojlantiruvchi predmet-makon muhiti. Natijalardan maktabgacha ta’lim tashkilotlaridagi ta’lim jarayonini loyihalash va takomillashtirishda samarali foydalanish mumkin.*

Abstract. *The article examines the theoretical foundations of the sociocultural determination of preschool children’s psychological development. It aims to clarify the role of the cultural environment and teacher–child interaction in children’s appropriation of social experience and, on this basis, to formulate the pedagogical conditions that support it. The methodological framework draws on L. S. Vygotsky’s cultural-historical theory, A. N. Leontiev’s activity approach and D. B. Elkonin’s theory of children’s play, complemented by international research on teacher–child relationships. Using theoretical analysis, comparison and generalisation, the article traces how children’s initial abilities develop into culturally mediated forms of thinking, communication and self-regulation. Language, play and joint activity are shown to be the principal means of cultural learning, while the amount and type of adult assistance determine whether a cultural model becomes the child’s own. Six pedagogical conditions are identified: emotional security, accessible cultural content, organised joint activity, flexible and gradually withdrawn adult assistance, support for children’s initiative, and a developmental learning environment built in partnership with families. The article argues that cultural continuity should be combined with respect for children’s autonomy. The findings may inform the design of educational practice in preschool institutions.*

Kalit so‘zlar: *maktabgacha ta’lim, ijtimoiy-madaniy rivojlanish, madaniy muhit, o‘yin, pedagogik yordam, bolalar tashabbusi, rivojlantiruvchi muhit.*

Keywords: *preschool education, sociocultural development, cultural environment, play, pedagogical assistance, child initiative, developmental environment.*

Maktabgacha yosh – ixtiyoriy xulq-atvorning dastlabki shartlari shakllanadigan, nutq va bilish imkoniyatlari boyiydigan, tasavvur, kommunikativ qobiliyatlar hamda mustaqillikning ilk ko‘rinishlari rivojlanadigan bosqichdir. Bu o‘zgarishlar faqat biologik yetilish bilan emas, balki bolaning ijtimoiy munosabatlar tizimiga qo‘shilganligi bilan ham belgilanadi.

Madaniyat bolaning kundalik hayotida til, buyumlar va ulardan foydalanish usullari, muloqot qoidalari, an’analar, badiiy obrazlar hamda faoliyatni tashkil etish shakllari orqali namoyon bo‘ladi. Ushbu unsurlarni o‘zlashtirish jarayonida bola jamiyat tomonidan yaratilgan vositalarni o‘z harakatlarida qo‘llashni o‘rganadi. Bunda madaniy rivojlanish axborotni mexanik ravishda qabul qilish bilangina cheklanmaydi: u bolaning o‘z faolligi – savollari, kuzatishlari, amaliy sinovlari va mustaqil qarorlarini nazarda tutadi.

Zamonaviy maktabgacha ta’lim amaliyotida ikki qarama-qarshi holat o‘rtasidagi ziddiyat saqlanib qolmoqda. Bir tomondan, ta’lim ko‘pincha tayyor namunalarni uzatish tarzida qurilib, bolaga ijrochi roli beriladi. Ikkinchi tomondan, “erkin rivojlanish” shiori ba’zan kattalarning bolalar faoliyatidan chetlanishiga va bolaning zarur yordamsiz qolishiga olib keladi. Shundan kelib chiqib, tadqiqot muammosi quyidagicha belgilanadi: kattalar taklif etadigan ijtimoiy tajriba qanday sharoitlarda maktabgacha yoshdagi bolaning o‘z rivojlanish manbaiga aylanadi va unga tashqi talab bo‘lib qolmaydi?

Tadqiqot nazariy-tahliliy xususiyatga ega. Material sifatida mahalliy psixologlarning ishlari (L.S. Vigotskiy, A.N. Leontyev, D.B. Elkonin), madaniy-tarixiy an’anani maktabgacha ta’limga tatbiq etgan tadqiqotlar (E. Bodrova, D. Leong), D. Vud, J. Bruner va G. Rossning ta’limdagi “tayanch qurilmalar” haqidagi tadqiqoti, shuningdek, R. Pianta, B. Hamre, K. Xouz va hammualliflarning pedagoglar bilan bolalar munosabatlari sifatiga oid nashrlari xizmat qildi.

Nazariy tahlil va sintez, ilmiy qoidalarni qiyosiy taqqoslash, umumlashtirish hamda asosiy tushunchalarni (“o‘zlashtirish”, “ideal shakl”, “yaqin rivojlanish zonasi”, “yetakchi faoliyat”) mazmuniy talqin qilish metodlaridan foydalanildi. Manbalar bola va kattalarning birgalikdagi harakatidan mustaqil harakatga o‘tish mexanizmini tushuntirishdagi ahamiyatiga ko‘ra tanlandi.

Tarbiyalanuvchilarni empirik o‘rganish amalga oshirilmadi. Shu sababli maqola xulosalarini keyingi empirik tekshiruvni talab qiladigan nazariy jihatdan asoslangan qoidalar sifatida ko‘rib chiqish lozim.

Faoliyatga doir yondashuvga ko‘ra, inson qobiliyatlari tayyor bilim va ko‘nikmalarning biologik meros bo‘lib o‘tishi orqali emas, balki tarixan shakllangan faoliyat usullarini o‘zlashtirish jarayonida rivojlanadi. A.N. Leontyev insoniyat yutuqlari moddiy va ma’naviy madaniyat mahsullarida mustahkamlanishi hamda shaxsning predmetlar olami va boshqa insonlar bilan o‘zaro aloqasi tufayli uning boyligiga aylanishini ta’kidlagan [4].

Maktabgacha yoshda bu jarayon nutqni, predmetli harakatlarni, ijtimoiy me’yorlarni va amaliy vazifalarni hal etish usullarini o‘zlashtirishda namoyon bo‘ladi. Bola oshxona anjomlaridan foydalanishni faqat kattalarni kuzatish orqali o‘rganmaydi: u taqlid qiladi, tushuntirishlarni tinglaydi, xato qiladi, yana urinadi va asta-sekin mustaqil harakat qila boshlaydi. Iltimosni ifodalash, manfaatlarni muvofiqlashtirish va hamkorlikdagi faoliyat qoidalariga rioya qilish usullari ham xuddi shunday shakllanadi.

Demak, bola uchun madaniyat ma’lumotlar yig‘indisi emas, balki insoniy muloqot va faoliyatni tashkil etadigan ma’nolar hamda vositalar tizimidir. Biroq bola tajribani passiv qabul qiluvchi emas: u axborotni tanlab idrok etadi, savollar beradi, tajriba o‘tkazadi va o‘zlashtirganlarini manfaatlariga muvofiq o‘zgartiradi. Shuning uchun rivojlanishning ijtimoiy-madaniy shartlanganligi ijtimoiy tajriba bilan bolaning o‘z faolligi birligini anglatadi.

L.S. Vigotskiy rivojlanishni oliy psixik funksiyalar avval insonlar o‘rtasidagi hamkorlikda vujudga kelib, keyinchalik bolaning ichki boyligiga aylanadigan jarayon sifatida ko‘rgan [1]. Pedologiyaga oid ma’ruzalarida u bolalar rivojlanishining o‘ziga xosligi qobiliyatning dastlabki shakli bilan atrof-muhitda allaqachon mavjud bo‘lgan ideal, ya’ni rivojlangan shaklning o‘zaro ta’siridan iboratligini ta’kidlagan [3].

Dastlabki shakl bolaning qobiliyati mavjud darajasini, ideal shakl esa ijtimoiy amaliyotda namoyon bo‘lgan va rivojlanish uchun yo‘nalish vazifasini bajaradigan madaniy variantni aks ettiradi. Nutqiy rivojlanishning boshida bola alohida so‘zlar va sodda gaplardan foydalanadi, atrofidagi kattalar esa rivojlangan til tizimini egallagan bo‘ladi. Kundalik muloqotda bola so‘zlarning ma’nosi, grammatik tuzilmalar va o‘z niyatlarini ifodalash usullarini bosqichma-bosqich o‘zlashtiradi. Kattalarning rivojlangan nutqi birdaniga o‘zlashtirilmaydi: u muloqotda qayta-qayta qatnashish va nutq vositalaridan amalda foydalanish orqali egallanadi.

Bolaning dastlabki imkoniyatlari bilan madaniy shakllar o‘rtasidagi tafovut zudlik bilan bartaraf etilishi kerak bo‘lgan kamchilik emas, balki rivojlanishning harakatlantiruvchi manbaidir. Yaqin rivojlanish zonasi tushunchasi pedagogik jihatdan muhim: bu bola hozircha mustaqil hal eta olmaydigan, biroq kattalar yoki tajribaliroq tengdoshi bilan hamkorlikda uddalay oladigan vazifalar sohasidir [2]. Bundan maktabgacha pedagogika uchun tarbiyalanuvchining mavjud tajribasidan biroz yuqori, ammo oqilona yordam bilan bajariladigan vazifalarni taklif etish talabi kelib chiqadi.

Shunday qilib, rivojlanish tayyor namunalarni ko‘chirish orqali emas, balki ularni bosqichma-bosqich o‘zlashtirish va individual faoliyat usullariga aylantirish orqali amalga oshadi.

Katta yoshli shaxs bolaga buyum va hodisalarning ma’nosini ochib beradi, masalalarni yechish usullarini ko‘rsatadi, hamkorlikdagi faoliyatni tashkil etadi va qiyinchilik paytida qo‘llab-quvvatlaydi. Hamkorlik samaradorligi berilgan axborot hajmi bilan emas, bolaning faoliyatga qay darajada jalb qilingani va keyinchalik tajribani mustaqil qo‘llay olishi bilan belgilanadi.

Bu o‘rinda ikki haddan qochish zarur. Agar pedagog harakatlarni tarbiyalanuvchi o‘rniga bajarsa, mustaqil izlanish imkoniyati kamayadi. Agar yordam umuman bo‘lmasa, bola hali yenga olmaydigan qiyinchiliklarga duch keladi. D. Vud, J. Bruner va G. Ross maqbul strategiyani “tayanch qurilmalar” (scaffolding) sifatida tavsiflagan: katta kishi vazifaning bola uchun hozircha qiyin bo‘lgan qismlarini o‘z zimmasiga oladi va bolaning ko‘nikmasi ortgani sari yordamni asta-sekin kamaytiradi [11]. Amaliyotda ayrim hollarda yo‘naltiruvchi savol yetarli bo‘lsa, boshqa vaziyatlarda ko‘rsatish yoki ayrim bosqichlarni birgalikda bajarish talab etiladi. Harakat usuli o‘zlashtirilgani sari yordam qisqarib, natija uchun bolaning javobgarligi ortadi.

Hissiy xavfsizlik va bolalar tashabbusiga hurmat ham kam ahamiyatli emas. Xato qilish, savol berish va o‘z yechimlarini taklif etish imkoniyati bolaning bilishga qiziqishi hamda o‘z kuchiga ishonchini qo‘llab-quvvatlaydi. Xorijiy tadqiqotlar munosabatlar sifatining ahamiyatini tasdiqlaydi: R. Pianta, B. Hamre va M. Stulman “pedagog–bola” munosabatlari rivojlanishning mustaqil omili ekanini ko‘rsatgan [10]; K. Xouz va hammualliflar ushbu munosabatlarning xususiyatini maktabgacha guruhlardagi ta’lim muhiti bilan bog‘lagan [9]; B. Hamre va R. Piantaning longityud tadqiqoti esa pedagog bilan dastlabki munosabatlar sifati bolalarning sakkizinchi sinfgacha bo‘lgan o‘quv va xulqiy natijalari bilan bog‘liqligini aniqlagan [8].

Maktabgacha bolalikda o‘yin alohida o‘rin tutadi. D.B. Elkonin uni maktabgacha yoshdagi bolaning yetakchi faoliyati sifatida ko‘rib, bola unda ijtimoiy munosabatlarni o‘zlashtirishi va shartli vaziyatda inson harakatlarining ma’nosini qayta yaratishini ta’kidlagan [5]. Elkoninga ko‘ra, aynan o‘yinda bola ilk bor o‘z xulqini rol qoidasiga bo‘ysundiradi, bu esa o‘yinni ixtiyoriylikning asosiy manbaiga aylantiradi.

Syujetli-rolli o‘yinda bolalar rollarni qabul qiladi, g‘oyalarni kelishadi, vazifalarni taqsimlaydi va qoidalarga rioya etadi. “Kasalxona” o‘yinida ular shifokor va bemor o‘rtasidagi muloqot usullarini o‘zlashtiradi, harakatlar ketma-ketligi haqida kelishadi, o‘rinbosar buyumlardan foydalanadi; syujet bolalarning o‘z niyatiga ko‘ra o‘zgaradi. Vigotskiy va Elkonin g‘oyalarini rivojlantiruvchi tadqiqotlar oldindan muhokama qilingan g‘oya va rollarga ega yetuk o‘yin o‘zini o‘zi boshqarish rivoji uchun ayniqsa qulay ekanini ko‘rsatadi [6].

Pedagogning vazifasi bolalarning o‘yin tajribasini boyitish, zarur materiallar bilan ta’minlash va hamkorlikni qo‘llab-quvvatlashdir. Kelishmovchiliklarda katta kishi muammoni muhokama qilishga yordam beradi, biroq imkon qadar uni bolalar o‘rniga hal etmaydi. Hamkorlikdagi bilish faoliyati – konstruksiyalash, kuzatish va sodda tajribalar – ham shu tamoyil asosida quriladi: bolalar natijalarni qiyoslaydi, taxminlar ilgari suradi, hodisalar sabablarini muhokama qiladi va xulosalarni asoslashni o‘rganadi. Demak, o‘yin va hamkorlikdagi faoliyat bilish, muloqot va ijtimoiy me’yorlarni o‘zlashtirishni birlashtiradi.

Tahlil maktabgacha yoshdagi bolaning madaniyatni o‘zlashtirishi ijtimoiy namunalar bilan tanishishnigina emas, balki ularni amaliy vaziyatlarda faol qo‘llashni ham nazarda tutishini, kattalar yordamining xususiyati esa hal qiluvchi bo‘g‘in ekanini aniqlash imkonini berdi. Shu asosda oltita pedagogik shart ajratildi; ularning har biri muayyan nazariy qoidaga tayanadi.

Shartlar o‘zaro bog‘liq: hissiy xavfsizlik (1) tashabbusga (5) imkon yaratadi, moslashuvchan yordam (4) esa hamkorlikdagi faoliyatdan (3) mustaqil faoliyatga o‘tishni ta’minlaydi.

Amalga oshirish misoli. Suv xususiyatlarini o‘rganishda pedagog bolalarga qaysi buyumlar suvda suzishi, qaysilari cho‘kishini aniqlashni taklif etadi va avval natijani oldindan aytishni so‘raydi. Bolalar taxminlarini tajribada tekshiradi, natijalarni qiyoslaydi va kutilmagan holatlarni muhokama qiladi (masalan, nega og‘ir yog‘och qoshiq suzadi-yu, yengil metall qisqich cho‘kadi). Katta kishi tushunchalarni aniqlashtirishga yordam beradi, yo‘naltiruvchi savollar beradi va tayyor javoblar bilan bolalar faoliyatining o‘rnini bosmasdan muhokamani tashkil etadi. Bu vaziyatda 3, 4 va 5-shartlar bir vaqtda ro‘yobga chiqadi: madaniyat amaliy tajriba, nutq va hamkorlikdagi izlanish birligida o‘zlashtiriladi, bola esa taxminlarni ifodalash, tekshirish va natijalarni tushuntirishni o‘rganadi.

№	Pedagogik shart	Amaliyotdagi mazmuni	Nazariy asos
1	Hissiy xavfsizlik	Xayrixoh muloqot, xato qilish huquqi, bolaning individualligiga hurmat	“Pedagog–bola” munosabatlari rivojlanish omili sifatida [7; 9]
2	Madaniy mazmunning tushunarliligi	Amaliy tajriba, ko‘rgazmalilik va tushunarli izohlarga tayangan holda tushuncha hamda harakat usullarini bosqichma-bosqich kiritish	Dastlabki va ideal shakllar nisbati [3]
3	Hamkorlikdagi faoliyatni tashkil etish	O‘yin, konstruksiyalash, tajriba o‘tkazish, ijodiy topshiriqlar	Faoliyatda tajribani o‘zlashtirish [4]; o‘yin yetakchi faoliyat sifatida [5]
4	Moslashuvchan pedagogik yordam	Yordam hajmi bolaning imkoniyatlariga mos bo‘ladi va asta-sekin kamayadi	Yaqin rivojlanish zonasi [2]; “tayanch qurilmalar” [10]
5	Tashabbusni qo‘llab-quvvatlash	Materiallarni tanlash, o‘z g‘oyalari, shaxsiy taxminlarini tekshirish	Bolaning faolligi o‘zlashtirish sharti sifatida [4; 6]
6	Rivojlantiruvchi muhit va oila bilan hamkorlik	Ochiq foydalaniladigan kitoblar, o‘yin materiallari, konstruktorlar va tajriba vositalari; pedagoglar va ota-onalarning kelishilgan harakatlari	Muhit rivojlanish manbai sifatida [3]; muhit va munosabatlar aloqasi [8]

Olingan xulosalar madaniy-tarixiy nazariyaning rivojlanish “tashqaridan ichkariga” borishi haqidagi qoidasiga mos keladi: harakat usuli avval bola va kattalarning hamkorlikdagi faoliyatida mavjud bo‘lib, keyinchalik individual xususiyatga aylanadi [1; 2]. “Pedagog–bola” munosabatlariga oid xorijiy tadqiqotlar bu fikrni empirik ma’lumotlar bilan to‘ldiradi: pedagog bilan kundalik muloqot sifati bolalarning uzoq muddatli o‘quv va ijtimoiy muvaffaqiyat omili hisoblanadi [7; 10]. Ushbu an’analarni qiyoslash “moslashuvchan yordam” va “hissiy xavfsizlik” alohida ikki talab emas, balki bitta jarayonning ikki tomoni ekanini ko‘rsatadi: bola faqat ishonchli munosabatlarda yordamni qabul qiladi va yangi ishni sinab ko‘rishga jur’at etadi.

Shunday qilib, pedagogik hamkorlik sifati mazmuniy ko‘mak, hissiy qabul qilish va mustaqil harakat imkoniyatining uyg‘unligi bilan belgilanadi. Shu bilan birga, muayyan metodlarning samaradorligi bolalarning yoshi, individual xususiyatlari, oilaviy muhiti va ta’lim tashkiloti sharoitlariga bog‘liq.

Ajratilgan shartlardan O‘zbekiston Respublikasining “Ilk qadam” davlat o‘quv dasturini amalga oshirishda – o‘yin, bilish va mahsuldor faoliyat, muloqot hamda tarbiyalanuvchilarning mustaqil faolligini tashkil etishda foydalanish mumkin. Amalga oshirishning aniq shakllari dasturning amaldagi tahriri va maktabgacha ta’limga qo‘yiladigan me’yoriy talablarga muvofiq bo‘lishi lozim.

Tadqiqot cheklovlari. Ish nazariy tahlilga asoslangan va empirik ma’lumotlarni o‘z ichiga olmaydi. Ajratilgan shartlarni tajribada tekshirish istiqbolli yo‘nalishdir: masalan, pedagog yordami bosqichma-bosqich kamaytirish tamoyiliga muvofiq maqsadli tashkil etilgan guruhlardagi bolalarning o‘zini o‘zi boshqarish va nutqiy rivojlanish ko‘rsatkichlarini mashg‘ulotlar an’anaviy tashkil etilgan guruhlar bilan qiyoslash mumkin.

Maktabgacha yoshdagi bola rivojlanishining ijtimoiy-madaniy shartlanganligi nutq, tafakkur, ixtiyoriy xulq-atvor va kommunikativ qobiliyatlarning madaniy vositalarni o‘zlashtirish orqali ijtimoiy munosabatlar tizimida shakllanishida namoyon bo‘ladi. Tabiiy shartlar rivojlanish uchun asos yaratadi, biroq inson qobiliyatlarining mazmuni va ularni qo‘llash usullari muloqot hamda faoliyatda shakllanadi.

L.S. Vigotskiy konsepsiyasi mazkur jarayon mexanizmini yaqin rivojlanish zonasida bolaning dastlabki imkoniyatlari bilan rivojlangan madaniy shakllarning o‘zaro ta’siri sifatida ochib beradi; A.N. Leontyev qoidalari ijtimoiy tajribani o‘zlashtirishda faoliyatning rolini ta’kidlaydi; D.B. Elkonin ishlari o‘yinning ijtimoiy munosabatlar o‘zlashtiriladigan va ixtiyoriylik shakllanadigan yetakchi faoliyat sifatidagi o‘rnini belgilaydi.

Pedagogik hamkorlikning hal qiluvchi bo‘g‘ini harakat uchun javobgarlikni kattadan bolaga bosqichma-bosqich o‘tkazishdir. Buni o‘zaro bog‘langan oltita shart ta’minlaydi: hissiy xavfsizlik, madaniy mazmunning

tushunarliligi, hamkorlikdagi faoliyat, kattalarning moslashuvchan yordami, bolalar tashabbusini qo‘llab-quvvatlash hamda oila bilan hamkorlikdagi rivojlantiruvchi muhit.

Madaniyatni o‘zlashtirishni ijtimoiy tajribaning davomiyligi bilan bolaning individual rivojlanishini birlashtiradigan faol jarayon sifatida tushunish lozim. Ushbu qonuniyatni hisobga olish maktabgacha ta’lim amaliyotini takomillashtirish uchun nazariy asos yaratadi, uni empirik tekshirish esa keyingi tadqiqotlar istiqbolini belgilaydi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR

1. Выготский Л. С. История развития высших психических функций // Собрание сочинений: в 6 т. Т. 3: Проблемы развития психики / под ред. А. М. Матюшкина. – М.: Педагогика, 1983. – 368 с.

2. Выготский Л. С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте // Психологическая наука и образование. – 1996. – Т. 1, № 4. – С. 5–18. – URL: https://psyjournals.ru/journals/pse/archive/1996_n4/Vygotsky (murojaat sanasi: 23.10.2026).

3. Выготский Л. С. Лекции по педологии. – Ижевск: Изд. дом «Удмуртский университет», 2001. – 304 с.

4. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл; Академия, 2004. – 352 с.

5. Эльконин Д. Б. Психология игры. – М.: Педагогика, 1978. – 304 с.

6. Bodrova E., Leong D. J. Tools of the Mind: The Vygotskian Approach to Early Childhood Education. – 2nd ed. – Upper Saddle River, NJ: Pearson, 2007.

7. Q. M. Ibadullayev. The Role of the Cultural Environment and Normative Situations in the Development of Gifted Children // International Journal of Pedagogics (ISSN 2771-2281). – 2026. – Vol. 6, Issue 3.

8. Hamre B. K., Pianta R. C. Early Teacher–Child Relationships and the Trajectory of Children’s School Outcomes Through Eighth Grade // Child Development. – 2001. – Vol. 72, No. 2. – P. 625–638. – DOI: https://doi.org/10.1111/1467-8624.00301.

9. Howes C., Fuligni A. S., Hong S. S., Huang Y. D., Lara-Cinisomo S. The Preschool Instructional Context and Child–Teacher Relationships // Early Education and Development. – 2013. – Vol. 24, No. 3. – P. 273–291. – DOI: https://doi.org/10.1080/10409289.2011.649664.

10. Pianta R. C., Hamre B., Stuhlman M. Relationships Between Teachers and Children // Handbook of Psychology. Vol. 7: Educational Psychology / ed. by W. M. Reynolds, G. E. Miller. – Hoboken, NJ: John Wiley & Sons, 2003. – P. 199–234. – DOI: https://doi.org/10.1002/0471264385.wei0710.

11. Wood D., Bruner J. S., Ross G. The Role of Tutoring in Problem Solving // Journal of Child Psychology and Psychiatry. – 1976. – Vol. 17, No. 2. – P. 89–100. – DOI: https://doi.org/10.1111/j.1469-7610.1976.tb00381.x.

ӘОЖ 94(574+575.1)
UDC 94(574+575.1)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ ТҮРКІЛІК МҰРАСЫ: МЕМЛЕКЕТТІЛІК, ЕГЕМЕНДІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК САБАҚТАСТЫҒЫ

COMMON TURKIC HERITAGE OF THE KAZAKH AND UZBEK PEOPLES: CONTINUITY OF STATEHOOD, SOVEREIGNTY AND INDEPENDENCE

Алимбекова Нургул Аманбаевна
Alimbekova Nurgul Amanbayevna
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.
E-mail: Alimbekova-na@mail.ru

Түйін. *Мақалада қазақ және өзбек халықтарының ортақ түркілік мұрасы мемлекеттілік идеясы, тарихи жады және қазіргі егемендік сабақтастығы тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ортақ тарихи-мәдени кеңістіктің екі елдің қазіргі мемлекеттік бірегейлігі мен тату көршілік қатынастарына ықпалын талдау. Салыстырмалы-тарихи және деректік талдау тәсілдері арқылы түркілік саяси дәстүрлер, көшпелі және отырықшы өркениеттердің байланысы, Сырдария бойындағы қалалар мен Ұлы Жібек жолының мәдени алмасуға қосқан үлесі сипатталады. Ортақ мұра біртұтас әрі өзгеріссіз саяси тарих ретінде емес,*

өзара ықпалдастық пен қатар өмір сүрудің көпқабатты тәжірибесі ретінде түсіндіріледі. Қазақстанның 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы мен Өзбекстан Конституциясында бекітілген егемендік қағидаттары ұлттық мемлекеттіліктің қазіргі құқықтық негіздері ретінде салыстырылады. Екі мемлекет арасындағы мәңгілік достық, стратегиялық әріптестік және одақтастық қатынастардың шарттық негізі де талданады. Нәтижесінде тарихи жадының бүгінгі маңызы өткенді идеалдандыруда емес, тәуелсіздік құндылығын түсіндіруде, өзара құрметті нығайтуда және жастарға аймақтың ортақ мұрасын сыни әрі дерекке сүйенген түрде таныстыруда екені тұжырымдалады. Сонымен бірге ортақ мұраны білім беру, ғылыми ынтымақтастық және өзара құрметті нығайту ісінде пайдаланудың жолдары айқындалады.

Abstract. *This article examines the shared Turkic heritage of the Kazakh and Uzbek peoples through the continuity of statehood, historical memory and contemporary sovereignty. Its aim is to explain how a shared historical and cultural space informs modern national identity and good-neighbourly relations between the two countries. A comparative-historical reading of official legal texts and heritage documentation is used to discuss Turkic political traditions, interaction between nomadic and settled communities, and the role of Syr Darya cities and Silk Roads networks in cultural exchange. Shared heritage is treated as a layered history of interaction rather than as a single, uniform political past. The article compares the legal foundations of modern sovereignty, including Kazakhstan's Declaration on State Sovereignty adopted on 25 October 1990 and the sovereignty principles stated in the Constitution of Uzbekistan. It also reviews the treaty framework that has developed bilateral relations from eternal friendship and strategic partnership to allied relations. The analysis concludes that historical memory is most useful when it connects the past with civic responsibility: it helps explain the value of independence, encourages mutual respect, and gives young people a critical, evidence-based understanding of the region's common heritage. This approach supports dialogue while preserving the distinct historical experiences and sovereign choices of both states.*

Кілттік сөздер*: түркі мұрасы, мемлекеттілік, егемендік, тарихи жады, Қазақстан, Өзбекстан, ынтымақтастық.*

Keywords*: Turkic heritage, statehood, sovereignty, historical memory, Kazakhstan, Uzbekistan, cooperation.*

Кіріспе

Қазақстан мен Өзбекстанның тарихи байланысын түсіндіруде ортақ түркілік мұра маңызды орын алады. Екі халықты жақындастыратын тілдік және мәдени ұқсастықтармен қатар, олардың тарихы әртүрлі саяси бірлестіктердің, аймақтық орталықтардың және қоғамдық тәжірибелердің ықпалымен қалыптасты. Сондықтан ортақтықты бір халықтың екіншісіне сіңуі немесе тарихтың бір ғана арнамен дамуы деп емес, ғасырлар бойы жалғасқан байланыстар мен өзара ықпалдың нәтижесі деп қарастырған жөн. Мұндай ұстаным тарихи сабақтастықты құрметтеп, екі елдің жеке мемлекеттік жолын да айқын тануға мүмкіндік береді.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі кезеңде егемендік пен тәуелсіздік ұғымдарының қоғамдық маңызының артуымен байланысты. Қазақстанда 25 қазан – Республика күні 1990 жылғы Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдаумен сабақтас. Бұл күн тәуелсіздікке апарған саяси-құқықтық кезеңді, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен өзіндік даму қағидаттарын еске салады [1]. Өзбекстан Конституциясының преамбуласы елдің мемлекеттік даму тәжірибесіне, ата-баба мұрасына және көрші мемлекеттермен достық қатынастарға сүйенетінін көрсетеді [2]. Екі жағдайда да тарихи мұра қазіргі мемлекеттілікті түсіндіретін маңызды қоғамдық ресурс ретінде көрінеді.

Мақаланың мақсаты – қазақ және өзбек халықтарының ортақ түркілік мұрасын қазіргі егемендік пен тәуелсіздік идеяларымен байланыстыра талдау. Осы мақсатқа жету үшін түркілік тарихи кеңістіктің негізгі қырлары қарастырылады; көшпелі және отырықшы қоғамдардың өзара ықпалы сипатталады; қазіргі екі мемлекеттің егемендік қағидаттары мен екіжақты қатынастардың шарттық дамуы салыстырылады; ортақ мұраны жастарға танытудың және ғылыми диалогты дамытудың бағыттары ұсынылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақала салыстырмалы-тарихи және деректік талдау тәсілдеріне сүйенеді. Негізгі материал ретінде Қазақстанның Республика күніне қатысты ресми мәліметтер, Өзбекстан Конституциясының ресми мәтіні, екі ел арасындағы достық пен одақтастықты бекітетін құжаттар және ЮНЕСКО-ның Жібек жолдары туралы мұралық сипаттамалары пайдаланылды [1–5]. Бұл деректер заңдық нормаларды, қазіргі мемлекетаралық қатынастарды және мәдени кеңістіктің халықаралық деңгейде танылған қырларын қарастыруға мүмкіндік береді.

Тарихи талдау кезінде бүгінгі ұлттық шекараларды өткен дәуірлерге механикалық түрде телуден сақтану қажет. «Қазақ», «өзбек» және «түркі» атаулары әр кезеңде әртүрлі мазмұнда қолданылған; қазіргі ұлттар мен мемлекеттердің қалыптасуы ұзақ тарихи үдерістердің нәтижесі. Сол себепті мақала ортақ мұра туралы пайымдарды тілдік-мәдени байланыстармен, сауда жолдарымен, қала және дала өркениеттерінің түйісуімен шектеп, оларды қазіргі саяси шекараларды жоққа шығаратын дәлел ретінде

қолданбайды. Зерттеу шолу сипатында болғандықтан, оның нәтижелері жаңа архивтік жаңалық немесе сандық өлшем ұсынбайды; қорытындылар пайдаланылған деректерді салыстыра оқудан туындайды.

Ортақ түркілік кеңістіктің тарихи негіздері

Түркі халықтарының тарихы Еуразияның кең аймағындағы саяси және мәдени байланыстармен тығыз өрілген. Түркі қағанаттары дәуірінен бастап әртүрлі билік үлгілері, әскери-саяси ұйымдар, ел басқару дәстүрлері және жазба мәдениет қалыптасты. Бұл тәжірибелер кейінгі кезеңдерде өзгеріп, әр аймақтың әлеуметтік құрылымы мен саяси жағдайына қарай жаңаша сипат алды. Сондықтан түркілік мұраны бір ғана мемлекетке немесе бір ғана тарихи кезеңге телуге болмайды. Ол – көптеген халықтардың тарихи жадында әрқилы сақталған, ортақ белгілері бар кең өрісті тәжірибе.

Қазақ және өзбек халықтарының қалыптасу тарихында дала мен қала кеңістіктерінің өзара байланысы айрықша орын алды. Далалық қоғам мал шаруашылығы мен маусымдық көшіп-қонуға бейімделсе, Сырдария, Әмудария және Зарафшан алаптарындағы отырықшы орталықтар егіншілік, қолөнер, сауда және білім беру жүйелерін дамытты. Бұл екі әлем бір-бірінен оқшау болған жоқ: керуен саудасы, дипломатиялық қатынастар, діни-ағартушылық байланыстар мен халықтардың қоныс аударуы олардың өзара ықпалын күшейтті. Қалалар дала мен оазис арасындағы тауар, ақпарат және идея алмасуының түйініне айналды.

Ұлы Жібек жолын осы ықпалдастықтың айқын мысалы ретінде қарастыруға болады. ЮНЕСКО сипаттамасында Чанъань–Тянь-Шань дәлізі саудамен шектелмей, діни нанымдар, ғылыми білім, технология, өнер және мәдени тәжірибелер тараған көпбағытты желі ретінде көрсетіледі [3]. Бұл желінің Жетісу аумағына дейін созылған бөліктері бүгінгі Қазақстан жеріндегі тарихи тораптарды қамтиды. Өзбекстан аумағындағы Самарқанд, Бұхара сияқты орталықтар басқа дәліздермен байланысып, аймақтың мәдени және білім беру өмірінде үлкен рөл атқарды. Жолдардың нақты бағыттары уақыт өте өзгергенімен, олардың кең аймақты байланыстыру қызметі тұрақты болды.

Ортақ мұраны тек ірі империялар немесе билеушілер тарихымен шектеу жеткіліксіз. Қолөнер әдістері, музыка мен ауыз әдебиеті, салт-дәстүр, тағам мәдениеті, сауда әдебі және діни-ағартушылық тәжірибе халықтар арасындағы күнделікті байланысты сақтап отырды. Қожа Ахмет Ясауи дәстүрінің кең таралуы, сопылық әдебиет пен медреселік білімнің дамуы, жыраулық және дастандар дәстүрі сияқты құбылыстар аймақтың рухани өміріндегі сабақтастықты көрсетеді. Алайда ұқсас мәдени үлгілер әр халықта өзіндік мазмұн мен жергілікті ерекшелікке ие болды. Сол айырмашылықтар ортақ мұраны әлсіретпейді, керісінше оның көпқырлылығын танытады.

Ортақ мұраны түсіндірудегі тарихи сабақтастық

Тарихи сабақтастық ұғымын қолданғанда оны өзгеріссіз жалғасқан институттар тізбегі деп түсінбеу керек. Түркі дәуіріндегі билік құрылымдары, кейінгі хандықтар мен қала мемлекеттерінің тәжірибелері әртүрлі жағдайда қалыптасып, жаңа саяси және әлеуметтік ортаға бейімделді. Қазіргі Қазақстан мен Өзбекстан сол өткеннің тікелей көшірмесі емес; олар тарихи тәжірибені өздерінің қазіргі конституциялық құрылымы, азаматтық бірегейлігі және халықаралық құқық қағидаттары аясында жаңаша пайымдайтын тәуелсіз мемлекеттер. Осы айырманы көрсету тарихты бүгінгі саяси ұғымдармен орынсыз теңестіруден сақтайды.

Сабақтастық мәдениет пен қоғамдық тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа берілуінен де байқалады. Тілдегі ортақ сөз қабаттары, эпостық сюжеттер, музыка аспаптары, қолөнер үлгілері мен салттық рәсімдер ұқсас аймақтық ортаны аңғартуы мүмкін. Дегенмен ұқсастық әрдайым бір ғана бастаудан шыққанын білдірмейді: ол ұзақ сауда байланыстарының, көршілес өмір сүрудің және өзара бейімделудің нәтижесі болуы ықтимал. Сондықтан мәдени деректерді салыстырғанда олардың таралу кезеңін, жергілікті нұсқаларын және халықтардың өз түсіндірулерін қатар ескерген дұрыс. Мұндай жұмыс ортақтықты нақты мысалдар арқылы ашады әрі әр халықтың өзіне тән ерекшелігін сақтайды.

Ғылыми диалог тарихи түсініктердегі алшақтықтарды да өнімді талқылауға жол ашады. Зерттеушілер ортақ оқиғаларды әртүрлі тілдегі шежірелер, ресми құжаттар, археологиялық материалдар мен ауызша деректер арқылы салыстырғанда, бір дереккөздің шектеуі көрініп, бұрын назардан тыс қалған аймақтық байланыстар ашылады. Деректерді бірлесіп цифрландыру, библиографиялық көрсеткіштер жасау және терминдерді салыстыратын түсіндірме сөздіктер құрастыру болашақ ізденістерге ортақ негіз бола алады. Бұл бастамалар саяси тұжырымнан бұрын тексерілетін зерттеу сұрақтарын алға шығарып, ортақ тарихты эмоциялық пікірден гөрі дәлел мен кәсіби пікірталасқа сүйеніп талқылауға мүмкіндік береді.

Тарихи жады және егемен мемлекеттілік

Ортақ тарихи жадтың қазіргі мемлекеттілікке ықпалы ең алдымен тәуелсіздіктің мәнін түсіндіруден байқалады. Тарихи жады қоғамға мемлекеттің қалыптасу жолын, тіл мен мәдениетті сақтаудың маңызын және саяси таңдау құқығын ұғындырады. Бірақ тарихи жады дәлелді деректерге

сүйенгенде ғана азаматтық бірлікке қызмет етеді. Өткенді мінсіз кезең ретінде көрсету немесе күрделі тарихи қатынастарды тек біржақты достық шеңберінде баяндау жастардың сыни ойлауын шектейді. Сондықтан ортақ мұраны зерделеу өзара ынтымақтастықпен бірге тарихи айырмашылықтарды да ашық түсіндіруі керек.

Қазақстан үшін 25 қазанның маңызы мемлекеттік егемендік туралы декларациямен тікелей байланысты. 1990 жылғы құжат Қазақстанның аумақтық тұтастығын, саяси дербестігін және мәдени дамуын бекіткен маңызды құқықтық кезең болды; ол кейінгі тәуелсіздікке бастайтын жолдың бір бөлігі саналады [1]. Республика күні осы тарихи сабақтастықты қоғамның күнделікті санасына енгізіп, мемлекеттілікті тек ресми институттар арқылы емес, ортақ жауапкершілік пен азаматтық қатысу арқылы түсінуге жағдай жасайды. Демек, мерекенің мазмұны өткен оқиғаны еске алумен қатар, бүгінгі тәуелсіздіктің құндылықтарын пайымдауды да қамтиды.

Өзбекстан Конституциясында егемендік, халық билігі, аумақтық тұтастық және дербес ішкі, сыртқы саясат жүргізу қағидаттары бекітілген. Преамбулада тарихи мемлекеттік тәжірибе, ата-баба мұрасы және көрші мемлекеттермен ынтымақтастыққа ұмтылыс қатар аталады [2]. Бұл құқықтық тұғыр Өзбекстанның тәуелсіз дамуын өз тарихи сабақтастығы мен қазіргі конституциялық тәртібіне негіздейтінін көрсетеді. Қазақстан мен Өзбекстанның конституцияларында бекітілген егемендік қағидаттары ұқсас тарихи тамырларға қарамастан, әр мемлекеттің жеке құқықтық жүйесі мен саяси таңдауын құрметтеу қажеттігін аңғартады [2; 6].

Осы тұрғыдан алғанда, ортақ түркілік мұра қазіргі егемендікті әлсірететін немесе мемлекеттерді бір саяси үлгіге біріктіруге шақыратын түсінік ретінде қаралмауы тиіс. Ол, керісінше, өзара құрметке негізделген диалог құралы бола алады. Ортақ мәдени белгілер халықтарды жақындастырса, әр елдің Конституциясы, мемлекеттік тілі, тарихи тәжірибесі және даму басымдықтары оның дербестігін танытады. Аймақтық ынтымақтастық дәл осы екі шындықты – жақындық пен дербестікті – қатар мойындағанда ғана орнықты болады.

Қазақстан мен өзбекстан ынтымақтастығының қазіргі қыры

Қазіргі екіжақты қатынастардың негізі тарихи жақындықпен ғана шектелмейді, ол нақты құқықтық міндеттемелер мен ортақ мүдделер арқылы дамиды. 1998 жылғы Мәңгілік достық туралы шарт мемлекетаралық қатынастарды сенім мен достық қағидаттарына сүйендірді; кейін стратегиялық әріптестік туралы шарт қабылданды. 2022 жылы тараптар Одақтастық қатынастар туралы шартқа және мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы құжатқа қол қойды [4; 5]. Бұл кезеңдер екіжақты байланыстың символдық ұраннан тұрақты институционалдық әріптестікке қарай дамығанын көрсетеді.

Одақтастықтың мазмұны саяси диалогпен қатар экономика, көлік-логистика, су және энергетика, мәдениет, білім мен ғылым бағыттарындағы өзара іс-қимылдан көрінеді. Қазақстан мен Өзбекстанның аймақтық орналасуы, халықтарының өзара байланысы және ортақ инфрақұрылымдық қажеттіліктері тұрақты келіссөз бен үйлестіруді талап етеді. Тарихи туыстық бұл жұмыстың қоғамдық негізін нығайта алады, алайда нәтижелі ынтымақтастықтың өлшемі – нақты келісімдердің орындалуы, шекаралық мәселелердің құқықтық реттелуі және азаматтарға беретін бодандық емес, өзара пайдасы бар мүмкіндіктері.

Мәдени-гуманитарлық байланыстар да стратегиялық серіктестіктің маңызды тірегі. Бірлескен ғылыми конференциялар, университетаралық жобалар, архив пен музей қорларын зерттеу, ортақ тарихи тұлғалар жөніндегі көрмелер және әдеби аудармалар халықтардың бір-бірін тереңірек тануына жағдай жасайды. Мұндай жұмыс тек ресми мерекелерге орай ұйымдастырылатын шаралармен шектелмей, тұрақты ғылыми бағдарламаға айналуы қажет. Әсіресе, екі елдің жас зерттеушілеріне архив деректерімен, археологиялық олжалармен және музей материалдарымен танысуға мүмкіндік беру маңызды. Деректерді екі тілде жариялау да ортақ тарих туралы түсінікті кеңейтеді.

ЮНЕСКО-ның Жібек жолдарын трансшекаралық және көпмәдениетті мұра ретінде қарастыруы елдер арасындағы бірлескен зерттеудің маңызын күшейтеді [3]. Мәдени нысандарды жеке ұлттық иелік ретінде ғана емес, кеңірек тарихи желінің бөліктері ретінде таныстыру туризм мен білім саласындағы ынтымақтастыққа жол ашады. Сонымен бірге мұра нысандарын қорғау, түпнұсқа деректерді дұрыс түсіндіру және жергілікті қауымдастықтардың пікірін ескеру қажет. Мұндай тәсіл ортақ мұра туралы жобаларды ғылыми жауапкершілікке және мәдени әртүрлілікті құрметтеуге негіздейді.

Жастарға ортақ мұраны танытудың бағыттары

Ортақ мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізу жұмысы жастардың қазіргі ақпараттық ортасын ескергенде нәтижелі болады. Мектеп пен жоғары оқу орындарында Қазақстан және Өзбекстан тарихын бөлек оқытумен қатар, екі елдегі тарихи үдерістердің өзара байланысын салыстыратын қысқа модульдер әзірлеуге болады. Онда карталар, бастапқы деректердің үзінділері, археологиялық

материалдар, шежірелер, эпостар, музей каталогтары мен сандық архивтерді салыстырып қарастыру маңызды. Мұндай сабақ ортақ тақырыпты дайын қорытынды түрінде ғана емес, деректерді түсіндіру тәжірибесі ретінде ұсынады.

Жастар арасында ғылыми және мәдени диалогты дамыту үшін бірлескен жазғы мектептер, студенттік зерттеу байқаулары, аударма шеберханалары мен тарихи орындарға арналған оқу сапарлары ұйымдастырылуы мүмкін. Жобалардың тақырыбы белгілі бір билеушінің өмірбаянымен шектелмей, қала мен дала қатынасы, сауда жолдары, суару жүйелері, қолөнер, музыкалық дәстүр және көптілділік сияқты күнделікті тарих мәселелерін қамтыса, әртүрлі аудиторияға жақын болады. Нәтижелерді қазақ, өзбек және ағылшын тілдерінде ашық цифрлық жинақ түрінде тарату қолжетімділікті арттырады.

Тарихи мазмұнды әзірлегенде ғылыми дәлдік пен қоғамдық сезімталдықты сақтау маңызды. Ортақ мұра туралы жобаларда даулы оқиғаларды жасырып қалмай, деректер мен ғылыми пікірталастарды жас ерекшелігіне сай түсіндіру қажет. Тарихи ұғымдарды бүгінгі шекараларға сәйкес қайта түсіндіру, дәлелсіз ортақ тектік тұжырымдарды абсолюттендіру немесе көрші халықтардың мәдени жетістіктерін иемдену түсінбеушілік туғызуы мүмкін. Ал өзара салыстыру, дереккөздерді көрсету және жергілікті зерттеушілердің пікірін қосу сенімді арттырады. Осылайша тарихи білім тату көршілік пен тәуелсіздікке құрметті қатар тәрбиелейді.

Қорытынды

Талдау қазақ және өзбек халықтарының ортақ түркілік мұрасы бір ғана тарихи оқиғамен немесе саяси құрылыммен өлшенбейтінін көрсетті. Ол дала мен қала өркениеттерінің байланысынан, Жібек жолы бойындағы сауда мен мәдени алмасудан, рухани дәстүрлер мен күнделікті өмір тәжірибесінен құралған көпқабатты кеңістік. Бұл ортақтық екі халықтың тарихи жақындығын танытады, ал әрқайсысының өзіндік тәжірибесі қазіргі ұлттық болмысы мен егемен мемлекеттік жолының дербестігін айқындайды.

Қазақстанның 1990 жылғы егемендік декларациясы, Республика күні және Өзбекстанның конституциялық егемендік қағидаттары тарихи жад пен қазіргі мемлекеттілік арасындағы байланысты көрсетеді. Екі елдің 1998 жылғы достық шартынан 2022 жылғы одақтастық туралы шартқа дейінгі құқықтық дамуы тарихи жақындықтың нақты мемлекетаралық әріптестікке ұласқанын дәлелдейді. Бұл қатынастардың тұрақтылығы ортақ мұраны құрметтеумен бірге әр мемлекеттің тәуелсіздігіне, шекарасына және өз даму бағытын таңдауына құрметпен қарауға негізделеді.

Ортақ мұраның қазіргі маңызы – өткенді бүгінгі күннің міндеттерімен байланыстыруында. Тарихи білім егемендіктің құнын, азаматтық жауапкершілікті және көрші халықтармен ынтымақтастықтың артықшылығын түсіндіруге көмектеседі. Болашақта бірлескен деректік зерттеулер, білім беру бағдарламалары және жастарға арналған мәдени жобалар осы байланысты күшейте алады. Олар тарихи ұқсастықтарды ғылыми негізде танытып, айырмашылықтарды құрметтеуге үйреткен жағдайда ғана ортақ мұра Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сенім мен тату көршіліктің тұрақты зияткерлік тірегіне айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми интернет-ресурсы. 25 қазан – Республика күні. URL: https://www.gov.kz/org/mfa-ashgabat/press/news/details/448410?lang=en (қаралған күні: 25.10.2026).

[2] Constitution of the Republic of Uzbekistan. Preamble; Articles 1–4. Official website. URL: https://constitution.uz/en/clause (қаралған күні: 25.10.2026).

[3] UNESCO World Heritage Centre. Silk Roads: the Routes Network of Chang'an-Tianshan Corridor. URL: https://whc.unesco.org/en/list/1442/ (қаралған күні: 25.10.2026).

[4] Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. Kazakh-Uzbek relations. Негізгі халықаралық-құқықтық құжаттар туралы мәлімет. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent/activities/2275?lang=en (қаралған күні: 25.10.2026).

[5] President of the Republic of Uzbekistan. Uzbekistan and Kazakhstan – the Allied Countries. 06.12.2021; President of the Republic of Uzbekistan. Signing of the Treaty on Allied Relations, 22.12.2022. URL: https://president.uz/en/lists/view/4809 ; https://president.uz/ru/lists/view/5781 (қаралған күні: 25.10.2026).

[6] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (қаралған күні: 25.10.2026).

ӘОЖ 338.43:631.
UDC 338.43:631.

МЕХАНИКАЛАНДЫРУ МЕН АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ СИЫР САУУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТИІМДІЛІГІ
THE EFFECTIVENESS OF MECHANIZATION AND AUTOMATION IN COW MILKING SYSTEMS

Култасов Б.Ш.
Kultassov B.Sh.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
Kultasovbekzathan@gmail.com

Түйін. *Мақалада агроөнеркәсіп кешені жағдайында сиыр сауу технологиясының маңызды элементтерінің бірі – сиырды робот машиналармен сауу әдісіне байланысты осы саланың дамуына, сандық және сапалық көрсеткіштеріне әсері туралы зерттеу нәтижелері келтірілген.*

Өндіріске сауу аппараттарының автоматтандырылған жаңа маркаларын енгізу, сиырлардан жоғары потенциалды өнім алып, жалпы жиналатын сүт өнімнің ұлғаюына елеулі әсер етеді. Яғни, сиырлардың гендік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі технологиямен саууға, әсіресе роботтық жүйелермен саууға бейімділігінде. Аталған факторлар бойынша сиыр сауу жүйесінде қолданылатын автоматтандырылған робот жүйесін енгізу кезінде міндетті түрде ескеру қажет, яғни өндірістік шығындарды ықшамдау мақсатында сиыр саудың тасқынды технологиялық тиімді схемасын таңдау, олардан мол өнім алуға мүмкіндік береді.

Мақалада аталып өткендей, зертханалық тәжірибе жағдайында, арнайы стендтерде саудың әртүрлі режимдерін жасау мүмкіндіктері болатындай жағдайда жүргізілуі керек, сауу аппаратарының жаңа түрлерін енгізудің тиімділігі мен мерзімі анықталып, олардың сиыр денсаулығына әсері зерттелді. Алынған нәтижелерді өндіріске жаңа сауу аппараттаын енгізу кезінде немесе ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Abstract: *The article presents the results of a study on the impact of robotic milking—a key element of dairy technology within the agro-industrial complex—on the development of the sector, as well as on its quantitative and qualitative indicators.*

The introduction of new, automated milking systems into production significantly contributes to increasing total milk yield by enabling the realization of the high production potential of cows. This is linked to the fact that cows, based on their genetic traits, exhibit varying degrees of suitability for different milking technologies—most notably, robotic milking systems. When implementing such automated robotic milking systems, it is essential to account for these factors; specifically, selecting an efficient, continuous-flow milking process—aimed at optimizing production costs—allows for maximizing milk yields from the cows.

As noted in the article, laboratory experiments should be conducted using specialized test rigs that allow for the simulation of various milking modes; this approach enables the determination of the effectiveness and implementation timelines for new types of milking equipment, as well as an analysis of their impact on cow health. The findings can be utilized when introducing new milking equipment into production settings or in the course of scientific research.

Түйін сөздер: *сиыр сауу, сауу аппаратары, автоматтандырылған роботтар, сүт, өнімділік, сиыр сауу жүйесі, роботтық жүйелер.*

Keywords: *cow milking, milking machines, automated robots, milk, productivity, cow milking systems, robotic systems.*

Кіріспе. Мал шаруашылығы-әртүрлі табиғи-экономикалық аймақтарда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін, асыл тұқымды малдарды өсірумен айналысатын агроөнеркәсіп кешенінің бір саласы. Біздің елімізде сүттің 95-пайызы ірі қара малдардан алынады, ал сиыр еті жалпы ет өндірісінің 40-пайыздан астамын құрайды. Үлкен маңызға ие ірі қара малды союдан алынған тері шикізаты, сонымен қатар бірқатар өнімдер: сүйектер, мүйіздер жүн және т.б. Азия мен Африканың көптеген елдерінде ірі қара мал әртүрлі ауылшаруашылық жұмыстарында пайдаланылады[1].

Сүтті мал шаруашылығын тиімді дамыту өндірісті одан әрі мамандандыру, шоғырландыру, индустрияландыру және интенсификациялау негізінде ғана мүмкін болады. Қолданыстағыларын техникалық-экономикалық жетілдіру, сондай-ақ жаңа перспективті технологияларды әзірлеу және тәжірибеге тез енгізу сүтті малдың өнімділігін арттыруды және сүттің сапасын жақсартуды қамтамасыз ете отырып, оны өндіруге кететін еңбек шығындарын, қаражат пен уақытты қысқартуға тиіс.

Жоғары сүт өнімділігін алу үшін жануарлардың физиологиялық негіздерін, сүт түзілу және сүт ағынын, сиырларды саууға арналған машиналар мен жабдықтар жүйесін және оларды күту ережелерін жақсы білуі керек. Сонымен қатар сүтті ірі қараның негізгі тұқымдарының өнімділік қасиеттері мен

технологиялық қасиеттерін және оларды өсіру әдістерін, жануарларды азықтандыру нормаларын, репродукция биологиясын және сиырларды қолдан ұрықтандыруды, жануарлардың денсаулығын сақтаудың ветеринариялық-санитариялық шараларын нақты білуі қажет. және ірі сүт кәсіпорындарында сүт өндіруді ұйымдастыру.

Мәселенің зерттелу жағдайы. Мал шаруашылығында өнім көлемін одан әрі ұлғайту, малдардың өзіне тән ерекшеліктерін тиімді пайдалану және өнімділігін арттыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Мал шаруашылығын және барлық ауыл шаруашылығы саласын автоматтандыру барысында роботтар мен роботтық жүйелерге үлкен мүмкіндіктер ашылады [1].

Мал шаруашылығында сиыр сауу жұмыстарын роботтандыру, ең қызықты да, күрделі салалардың бірі екені белгілі. Біздің елімізде және шет елдерде конструкциялары әртүрлі және дизайндары қызықты манипуляторлардың көптеген түрлері кездеседі. Олар негзіннен елімізде және шет елдерде үш бағытта әзірленуде: арнайы сауу алаңдарында орнатылған тұрақты қондырғыларда, («Тандем», «Елочка»), сауу залдарында және сиыр қора бойымен бір бағытта қозғалатын, жылжымалы манипуляторлар мен портативті манипуляторлар [1].

Тұрақты манипуляторлар сауу аппаратына монтаждап бекітілген, сауу стакандары мен қондырғының күштік элементтерін фиксация жасап тұратын арнайы жабдық, яғни олар сүт ағыны қарқындылығын бақылайтын датчиктерден және әртүрлі басқару жүйесі элементтерін қамтыйды.

Фермаларда сиыр сауууға арналған манипуляторлар жылжымалы (арнайы бағыттауышпен) және өзімен алып жүретін болып бөлінеді.

Қазіргі уақытта бірқатар шет елдердің агроөнеркәсіп кешендерінде (Нидерланды, Германия, Франция, Ұлыбритания және т.б.) сиыр саудың толық автоматтандырылған жүйелерін құру жұмыстары жүргізілуде. Жетекші еуропалық агроөнеркәсіптік зерттеулер орталықтары AFRC, BFA, CEMAGREF, IMAG, сондай-ақ «Duvelsdorf'», «Gascoigne-Melott» және «Vicon international» мамандандырылған фирмалары өндірістік жағдайда роботталған сиыр сауу кешендерін сынақтан өткізу үстінде[1].

Автоматтандырылған сауу жүйелеріне арналған роботтар бұрын сауыншыларға ішінара жүктелген көптеген функцияларды орындайды. Олар сиыр желінін сауууға дайындайды, сауу стакандарын сиыр желініне кигізеді және дер кезінде сауу стакандардан ажыратады. Роботтар сауылған сүт мөлшерін, мінезді сиырларды, сүт температурасын, қышқылдығын және соматикалық жасушалар санын да анықтай алады. Сонымен қатар роботтар әрбір төртінші сиыр жағдайын және сиырлардағы мкастит белгілерін де анықтай алады. Субклиникалық маститке диагностика жасау үшін екі параметр пайдаланылады-сүт температурасы және электрөткізгіштігі. Кейбір зерттеушілердің мәліметінше, сүттің электір өткіздігіштігін өлшеу мастит ауыруын анықтаудың ең тиімді әдісі деп есептейді. Мастит ауыруын дәл анықтау үшін, голландиялық ғалымдар компьютерлік үш айнымалы мәнді ендірген- сүттің сауылуы, температурасы және электрөткізгіштігі.

Роботтандырылған жүйелерді пайдалану қатаң белгіленген реттілікпен қайталанатын технологиялық операциялардың тұрақты бекітілген орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл кезде автоматтандыру құралдарының сиырларды лактациялау «механизмімен» өзара әрекеттесуінің бірегей синтезі жануардың қалауы бойынша жүзеге асырылады. Сиыр сауу үшін роботты жүйелерді қолданудың тиімділігі тек қол еңбегін жоюда ғана емес, сонымен қатар физиологиялық тұрғыдан сүтті малға барынша қолайлы жағдай жасауда.

Сиырларды сауу үшін роботтарды қолдану іс жүзінде жаңа технологияның пайда болуына ықпал етеді, оның негізгі мәні жануардың өзіне-өзі қызмет көрсетуі болып табылады. Бұл сиырға сауын бөлмесіне қашан және қаншалықты жиі бару керектігін таңдауда еркін қалдырады. Зерттеулер көрсеткендей, жануарлар робот арқылы сауууға тез үйреніп, сауын тұрағына өздігінен барады. Сонымен қатар малдарды сауу жиілігі артады (өнімділігі жоғары сиырлар – күніне төрт немесе одан да көп ретке дейін), бұл, өз кезегінде сиыр емшегінің саулығына пайдалы әсер етеді және сүт өнімділігін 15%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Роботтардың қораларда жұмыс істеуі, белгілі бір талаптарға сәйкес болуды, яғни роботтарды тиімді пайдалану сирлардан алынатын сүт өнімділігін көздейді. Автоматты түрде сауылатын әрбір мал бір лактация кезеңінде кемінде 6500 кг сүт беруі керек. Азырақ сүт беретін сиырларға бұндай жабдықтарды қолдану экономикалық жағынан тиімсіз болып саналады.

Роботпен сауу кезінде жануарларға қойылатын жалпы талаптар мыналар:

- жоғары сүт өнімділігі және сүттілік деңгейі;

- тығыз бекітілген желінділер, бірдей көлемдегі емізікшелер, олардың ең төменгі нүктесі еден деңгейінен 33 см,төмен болмауы керек.

- артқы емізіктердің арасындағы ең аз қашықтық 3 см шегінде, алдыңғы емізіктердің арасындағы -12,5 ... 30 см;

- емізіктердің қалыңдығы 1,5 ... 3,5 см шегінде;

- артқы емізіктердің арасы емшек түбінен 3 см төмен болуы керек

- желінің алдыңғы және артқы емізіктерінің арасындағы ең аз қашықтық 7 см;

- емізіктердің вертикальдан ауытқу бұрышы300-ден аспауы қажет;

- емізіктердің қиғаш орналасуына жол берілмейді;

- жануар белсенді, тұяқтары сау болуы керек, ал мінезді сиырлары жойылуға ұшырайды.

Барлық сиырларды роботтар сауа алмайды. Кейбір малдар жаттығуға қарамастан сауға келмейді. Сонымен қатар, дұрыс немесе нашар дамыған емшек және қисық емізік құрылғының істен шығуына әкеледі, мұндай сиырларға сауын стакандарын кигізу қиынға соғады.

Сонымен қатар, сиыр қораларының өзіне де талаптар қойылады. Сауын роботтарын пайдалану, сиыр қораларының өндірістің технологиялық процесін ұйымдастыр, сүт және оған сәйкес қораның сұлбасына да байланысты жабдықталады. Ескере кететін тағы бір жай,бұл жеке тәуліктік режимге сәйкес күндізгі және физиологиялық қажеттіліктер үшін жануарлар жиі қора-жайларды айналып өту (сауын үшін - 3 ... 5 рет).тәулігіне, тамақтандыру үшін – орта есеппен 7 рет). Мамандар сиырлардың қозғалысын ұйымдастырудың үш формасын әзірледі, қора ішінде, белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етеді, олардың сауу роботына тәуелсіз сапар жасауы: еркін қозғалыс; жануарларды кейіннен іріктеу мүмкіндігімен бақыланатын қозғалыс (сауғаннан кейін),алдын ала бақыланатын қозғалыс (сауын алдында) және кейінгі таңдау.

Ауыл шаруашылығы ұйымы қажетті шарттар орындалғанда ғана роботтарды пайдалануға дайын:

- фермада сауын роботтарына қызмет көрсетуге арналған компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуге үйретілген білімді қызметкерлер жұмыс істейді. Атоматтандырылған сауу қондырғылары әрқашан жұмыс істеуі керек -тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн, сондықтан қызметкерлер үнемі дайын болуы қажет;

- сауу роботтарымен жұмыс істейтін мамандар мобильді және автоматтандырылған сауу жүйесінің жұмысында ақаулар туындаған жағдайда қажетті уақыт ішінде (12-ден 24 сағатқа дейін) фермада бола алады;

- автоматтандырылған сауу жүйесімен жұмыс істеуге арналған кадрлар оқытылды және олартың жүйені толық меңгеруіне үш-төрт ай қажет;

Сонымен қатар, сүт сапасы тым төмен табындарда роботтарды қолдануға болмайтынын есте ұстаған жөн, өйткені сапа тек сауын бөлмесінің гигиенасына байланысты емес. Қаржы мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды: шаруа қожалықтары, әсіресе ірілері (600 бас және одан да көп) елеулі инвестицияларды қажет етеді.

Мал шаруашылығындағы роботтарды зерттеу және сынақтан өткізу олардың техникалық көрсеткіштерін анықтау үшін жүргізіледі және манипулятор мен жүйенің техникалық сипаттамаларының мүмкіндіктерін бағалау арқылы, сондай-ақ басқарумен қызмет көрсетілетін жануарлардың физиологиялық деректері арқылы да анықталады..

Өнеркәсіптік роботтарды сынау, бүкіл жүйенің негізгі жұмыс көрсеткіштерінің эргономикалық (оператор жұмысының көрсеткіштері) және техникалық-экономикалық (құны робот, оның өтелу мерзімі, қолданудың экономикалық тиімділігі). Арқылы сипатталады. Адам еңбегін ең дәл әдістер бірі биомеханикалық бағалау болып табылады. Оларды пайдалана отырып, орындалатын қызметтің ыңғайлылығын, техникалық қызмет көрсетудің қарапайымдылығын және негізгі энергия шығынын анықтауға болады. Мал шаруашылығында роботты кешендерді (РТК) қолданудың техникалық-экономикалық көрсеткіштері белгілі әдістермен есептеледі.

Роботтарды сынау және зерттеу кезінде техникалық сипаттамалардың үш тобы бар: құрылымдық және геометриялық (модульдік, жалпыөлшемдер, қызмет көрсету аймақтары, еркіндік дәрежелерінің саны, маневрлік және т.б.); энергетикалық (жүк сыйымдылығы, жетек қуаты, робот массасы және т.б.); ақпараттық (сенімділік, роботтың сыртқы коммуникациялары,сенсорлық сенсорлардың сипаттамалары, басқару және бағдарламалау).

Бұл өнімділік сипаттамаларын орнату әдістері өнеркәсіптік роботтарды сынауда қолданылатын әдістерге ұқсас. Дегенмен, оларда ескере отырып,жануарлар физиологиясының елеулі белгілерін ескеру енгізу қажет.

Осыған байланысты роботтармен тікелей немесе жанама түрде қызмет көрсететін жануарлардың физиологиялық көрсеткіштерін анықтау қажеттілігі туындайды. РТК тиімді жұмыс істеуі үшін сиырлардың топтарын анатомиялық және морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес таңдау қажет.

Өкінішке орай, сауу жабдығын сынаудың барлық қолданыстағы әдістері басқалардан оқшауланған бір фактордың әсері есепке алуға мүмкіндік бермейді

Демек, эксперименталды зерттеулерді және адекватты қайталауды жаңғырту қиындығы туындайды. Осылайша алдымызда сынақ процедураларын және салыстырмалы түрде алуға болатын бағалау критерийлерін анықтау деректерін даму міндеті тұр [2].

Сауын жабдықтарының жетілдіру дәрежесінің негізгі бағалау көрсеткіштерінің бірі жануарлардың қанындағы лизоцим мен β-лизиннің құрам деңгей болып табылады, Сауу қондырғыларының пішіні мен сипаты бойынша бағалау тәсілін көптеген зерттеушілер қолданады және жеткілікті сенімді нәтижелер беріп келеді[1].

Өкінішке орай, жануарлардың сенімді түрде таңдалған аналогтары тобын білмей тұра, салыстырмалы сынақтардың объективтілігіне сену қиынға соғады. Сонымен қатар, жануарлардың жаңа машиналармен ұшырасуы олардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан сауу жабдықтарын сынау зертханалық жағдайда арнайы стендтерде сауудың әртүрлі режимдерін жасау мүмкіндіктері болатындай жағдайда жүргізілуі керек[3, 4, 5, 6].

Қорытынды. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту өндірісті техникалық және технологиялық жаңарту үшін, яғни ауылшаруашылық өндірісін техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ете отырып, ауылды жерлердегі техникалық базаны жетілдіру және тиімділігі жоғары техникаларды пайдалануды ұйымдастырудың өзекті мәселелерін шешу үшін техникалық қызмет көрсетудің ұйымдық жүйесін дамыту қажет. Машинаны қолданудың шетелдік және отандық тәжірибесін салыстыра отырып, техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың дилерлік түрі өндірушілерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету кезеңінде ең тиімді болып табылады. Фирмалық техникалық қызмет жүйесінің облыста даму перспективалары бар деп қорытынды жасауға болады, сонымен бірге күрделі салымдарды азайту үшін оны жұмыс жасап жатқан жөндеу-техникалық қызмет көрсету базасына қосу ұсынылады

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Герасименко И.В. «Разработка методики и определение конструктивно-режимных параметров испытательнего стенда для доильных аппаратов»: Дис.кан. тех. наук. Оренбург. 2008-151с.

2. С.А., Герасименко И.В., Шахов В.А. Контрольно испытательный комплекс. . Патент РФ №66150. Бюл.№25, 10.09.2007

3. Соловьев С.А., Герасименко И.В. Стент для испытания доильных аппаратов. Патент РФ №2279797 Бюл.№20, 20.10.2006.

4. Соловьев С.А., Герасименко И.В., Шахов В.А. Стенд для испытания доильных аппаратов. Патент РФ №2279797 Бюл.№20, 20.10.2006.

5. Соловьев С.А., Герасименко И.В., Шахов В.А. Стенд для испытания доильных аппаратов. Патент РФ №2298317. Бюл.№13, 10.05.2007.

6. Шахов В.А., Поздяков В.Д., Козловцев А.П., Герасинменко И.В Повышение эффективности использования и эксплуатационной надежности доильных аппаратов/Вестник ЧГАА том 67/1//Научный журнал федерального государственнего бюджетного образовательного учреждения высшего профессиалного образования «Челябинская государственная агроинженерная академия»-Челябинск 2014.-60-64.б

УДК 656 (075)
UDK 656 (075)

ISSIQ VA CHANGLI IQLIM SHAROITIDA ISHLAYDIGAN AVTOGREYDER GIDRAVLIK MOYLARI KISLOTA SONINING O‘ZGARISH QONUNIYATLARI

REGULARITIES OF THE CHANGE IN THE ACID NUMBER OF HYDRAULIC OILS IN A MOTOR GRADER OPERATING IN A HOT AND DUSTY CLIMATE

Z.X. Alimova, A.G‘. Qurbonov, R. Xikmatov
Z.X. Alimova, A.G. Qurbonov, R. Khikmatov
Toshkent davlat transport universiteti, Toshkent, O‘zbekiston
Tashkent State Transport University, Tashkent, Uzbekistan

Annotatsiya: *Kislota soni gidravlik moyning oksidlanish natijasida eskirishini va uning qolgan xizmat muddatini ifodalovchi asosiy ko‘rsatkichlardan biridir. Maqolada qovushqoqlik sinfi 46 bo‘lgan uchta gidravlik moy – HM toifasidagi ikkita mineral yeyilishga qarshi moy (HYDRO ISO-46 va Fastroil Hydraulic Oil 46) hamda yuqori qovushqoqlik indeksli UNO HVLP-46 moyining O‘zbekistonning Buxoro viloyatida XCMG GR-165 avtogreyderi gidravlik tizimida 1500 moto-soat davomida o‘tkazilgan ekspluatatsion sinovlari natijalari keltirilgan. Kislota soni har 300 moto-soatda potensiometrik titrlash usulida uch marta takroran aniqlandi. Sinov davomida u HM moylarida 4,9–5,2 marta, HVLP moyida esa 2,5 marta ortdi, HM moylarida umumiy o‘sishning taxminan 72–73 foizi so‘nggi 600 moto-soatga to‘g‘ri keldi. Kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liqligi determinatsiya koeffitsiyenti 0,924–0,972 bo‘lgan ikkinchi tartibli regressiya modellari bilan ifodalandi. Modellar yordamida kislota sonining o‘sish tezligi hamda moylarning 1,25 mg KOH/g kritik va 2,0 mg KOH/g chegaraviy qiymatlarga yetish vaqti aniqlandi. HM moylari kritik qiymatga 1060–1090 moto-soatda, chegaraviy qiymatga esa 1450–1470 moto-soatda yetadi, HVLP moyining kislota soni esa 0,87 mg KOH/g dan oshmadi. Natijalardan moy almashtirishni uning haqiqiy holatiga qarab rejalashtirishda foydalanish mumkin.*

Abstract: *The acid number is one of the main indicators of the oxidative ageing of hydraulic oil and of the remaining oil service life. This paper presents the results of field tests of three hydraulic oils of viscosity grade 46 – two mineral anti-wear oils of category HM (HYDRO ISO-46 and Fastroil Hydraulic Oil 46) and the high viscosity index oil UNO HVLP-46 – in the hydraulic system of an XCMG GR-165 motor grader during 1500 engine hours in the Bukhara region of Uzbekistan. The acid number was determined by potentiometric titration in triplicate every 300 engine hours. During the test it increased by a factor of 4.9–5.2 for the HM oils and by a factor of 2.5 for the HVLP oil, and about 72–73% of the total increase in the HM oils occurred during the last 600 engine hours. The dependence of the acid number on operating time was described by second-order regression models with coefficients of determination of 0.924–0.972. The models were used to determine the rate of acid number growth and the time at which the oils reach the critical value of 1.25 mg KOH/g and the limit value of 2.0 mg KOH/g. For the HM oils, the critical value is reached after 1060–1090 engine hours and the limit value after 1450–1470 engine hours, whereas the acid number of the HVLP oil did not exceed 0.87 mg KOH/g. The results can be used to plan oil changes according to the actual oil condition.*

Kalit so‘zlar: *gidravlik moy, kislota soni, oksidlanish, avtogreyder, regressiya modeli, eskirish tezligi, moy almashtirish davri, issiq iqlim, holat monitoringi, potensiometrik titrlash.*

Keywords: *hydraulic oil, acid number, oxidation, motor grader, regression model, rate of ageing, oil change interval, hot climate, condition monitoring, potentiometric titration.*

Issiq va changli iqlim sharoitida ishlaydigan avtogreyderlarning gidravlik tizimlari yuqori harorat, chang zarralari, namlik, mexanik yuklama va moyning uzoq muddat ishlashi kabi omillar ta’sirida faoliyat yuritadi. Bunday sharoitlarda gidravlik moyning fizik-kimyoviy xususiyatlari o‘zgaradi. Ayniqsa, kislota sonining ortishi moyning oksidlanish darajasi va ekspluatatsion xususiyatlari yomonlashishini baholashda muhim ko‘rsatkich hisoblanadi.

Avtogreyder, ekskavator va buldozerlarning ishchi jihozlari 20–25 MPa bosim va 70–90 °C moy haroratida ishlaydigan hajmiy gidroyuritmalar bilan harakatga keltiriladi. Gidravlik moy bir vaqtning o‘zida quvvatni uzatadi, ishqalanish juftlarini moylaydi va sovitadi, ifloslantiruvchi zarrachalarni filtrlarga olib boradi, shu sababli nasoslar, taqsimlagichlar va silindrlarning ishonchliligi ko‘p jihatdan moyning holatiga bog‘liq [1].

O‘zbekiston iqlimida yozda havo harorati +42…+47 °C ga, chang konsentratsiyasi 5–15 mg/m³ ga yetadi, mashinalar mavsumda sutkasiga 16–20 soat ishlaydi, shu sababli moyni almashtirishning haqiqiy davri ko‘pincha 500–800 moto-soatgacha qisqaradi. Biroq bunday sharoitda turli toifadagi gidravlik moylar kislota sonining o‘sishini ifodalovchi miqdoriy modellar yetarli emas. Ushbu ishning maqsadi avtogreyderda real ekspluatatsiya sharoitida gidravlik moylar kislota sonining o‘zgarish qonuniyatlarini aniqlash va ular asosida moy almashtirish davrini belgilashdan iborat.

Ekspluatatsiya jarayonida moy oksidlanadi, qovushqoqligi va qo‘shimchalari kamayadi, unda yeyilish zarrachalari va chang to‘planadi. Yuqori harorat moyning eskirishini tezlashtiradi: Arrenius qonuniga ko‘ra, moy haroratining 60 dan 70 °C gacha ko‘tarilishi oksidlanish tezligini taxminan 2,5 marta oshiradi.

Kislota sonini muntazam nazorat qilish gidravlik moyning xizmat muddatini asoslash, texnik xizmat ko‘rsatish davriyligini belgilash hamda avtogreyder gidravlik nasoslari, taqsimlagichlari, silindrlari va zichlagichlarining ishonchli ishlashini ta’minlashga yordam beradi.

Kislota soni moy oksidlanishining eng bevosita ko‘rsatkichidir. Oksidlanish natijasida hosil bo‘ladigan karbon kislotalar, gidroperoksidlar va boshqa kislotali mahsulotlar metall sirtlarning korroziyasiga sabab bo‘ladi, zolotnik va klapanlarda shlam hamda lak hosil bo‘lishiga olib keladi va nasos ishqalanish juftlarining yeyilishini tezlashtiradi [8, 9]. Yangi gidravlik moylarda kislota soni odatda 0,5 mg KOH/g dan oshmaydi, 2,0 mg KOH/g qiymat esa moyni almashtirish zarur bo‘lgan chegaraviy qiymat hisoblanadi [9].

Ekspluatatsion tadqiqotlar gidravlik moylar kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liq ravishda nochiziqli o‘zgarishini tasdiqlaydi. G‘ildirakli yuklagichda VG 46 moyining kislota soni 2500 soatdan keyin deyarli chiziqli ravishda taxminan 3 mg KOH/g gacha ortgan [2]. Gidravlik bolg‘a bilan ishlaydigan ekskavatorlarda moyning haqiqiy xizmat muddati ishlab chiqaruvchi tavsiya etganidan 10–18% qisqa bo‘lgan [3]. Issiq va changli iqlimda ishlaydigan shakarqamish yig‘ish kombaynlarida antioksidant zaxirasi tugagach, 300–400 soatdan keyin kislota soni keskin ortgan [4]. Moyni uning holatiga qarab almashtirish qat’iy belgilangan davrlarga nisbatan texnik xizmat xarajatlarini kamaytiradi [5, 7], moydagi yeyilish metallari esa nasos podshipniklari va vtulkalarining holatini ko‘rsatadi [6].

Ekspluatatsion sinovlar Buxoro viloyati Olot tumanidagi yo‘llarga xizmat ko‘rsatuvchi tashkilotda ishlatiladigan XCMG GR-165 avtogreyderida (gidrobak hajmi 120 l, ishchi bosim 20–21 MPa) o‘tkazildi. Qovushqoqlik sinfi 46 bo‘lgan uchta moy sinovdan o‘tkazildi: HYDRO ISO-46 (HM toifasi, API II guruhiga mansub mineral bazaviy moy), Fastroil Hydraulic Oil 46 (HM/HV toifasi, API II–III guruhlariga mansub aralash bazaviy moy) va UNO HVLP-46 (HVLP toifasi, kalsiy-magniyli yuvuvchi tizimga ega API III guruhiga mansub gidrokreking bazaviy moy). Har bir moy 1500 moto-soat ishlatildi; namunalar qaytish magistralidan 0, 300, 600, 900, 1200 va 1500 moto-soatda olindi, har bir ko‘rsatkich uch marta o‘lchandi.

Kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liqligi eng kichik kvadratlar usuli yordamida ikkinchi tartibli polinom bilan approksimatsiya qilindi

$$KS(t) = a_0 + a_1 \cdot t + a_2 \cdot t^2 \qquad (1)$$

bu yerda t – ishlash vaqti, moto-soat; a_0, a_1, a_2 – regressiya koeffitsiyentlari. Modelning mosligi determinatsiya koeffitsiyenti R^2 bilan baholandi. Kislota sonining o‘sish tezligi (1) modelni differensiallash orqali aniqlandi:

$$v(t) = \frac{dKS}{dt} = a_1 + 2a_2 \cdot t \qquad (2)$$

kislota soni berilgan KS^* qiymatga yetadigan ishlash vaqti esa (1) tenglamaning musbat ildizidan topildi:

$$t^* = \frac{-a_1 + \sqrt{a_1^2 - 4a_2(a_0 - KS^*)}}{2a_2} \qquad (3)$$

Ikkita chegara qiymat qabul qilindi: moy almashtirishni rejalashtirish lozim bo‘lgan kritik (ogohlantiruvchi) qiymat KS^* = 1,25 mg KOH/g va moydan keyingi foydalanishga yo‘l qo‘yilmaydigan chegaraviy qiymat KS^* = 2,0 mg KOH/g.

Moylarning 1500 moto-soatdan keyingi asosiy ko‘rsatkichlari 1-jadvalda keltirilgan. 40 °C dagi kinematik qovushqoqlik HYDRO ISO-46 moyida 22,1%, Fastroil moyida 19,3%, UNO HVLP-46 moyida esa atigi 11,3% ga kamaydi. HVLP moyining ishqor soni boshlang‘ich qiymatining 75,0 foizini saqlab qoldi, HM moylarida bu ko‘rsatkich 54,6 va 63,7% ni tashkil etdi. HM moylarida temir, kremniy va mis miqdori 30 ppm chegarasidan oshdi, HVLP moyida esa barcha yeyilish metallari me’yor doirasida qoldi.

Har 300 soatlik oraliqda kislota sonining ortishi 3-rasmda ko‘rsatilgan. Dastlabki 900 moto-soatda HM moylarining kislota soni atigi 0,47 mg KOH/g ga ortgan bo‘lsa, keyingi 600 moto-soatda 1,21–1,30 mg KOH/g ga ortdi, ya’ni umumiy o‘sishning taxminan 72–73 foizi so‘nggi 600 moto-soatga to‘g‘ri keldi. Bunday keskin o‘sish moyning antioksidant zaxirasi tugaganini ko‘rsatadi, shundan so‘ng oksidlanish avtokatalitik mexanizm bo‘yicha davom etadi [4, 8]. HVLP moyida sinov davomida ortish 0,06–0,14 mg KOH/g oralig‘ida qoldi.

(2) tenglama bo‘yicha hisoblangan kislota sonining o‘sish tezligi 4-rasmda keltirilgan. HM moylarida u 300 moto-soatdagi taxminan 0,03 mg KOH/g / 100 soatdan 1500 moto-soatda 0,23–0,24 mg KOH/g / 100 soatgacha, ya’ni 7–9 marta ortdi. HVLP moyida tezlik atigi 0,02 dan 0,05 mg KOH/g / 100 soatgacha ortdi va 1500 moto-soatda HM moylarinikidan 4,3–4,4 marta past bo‘ldi. HVLP moyining sekinroq oksidlanishi aromatik va oltingugurtli birikmalar kam bo‘lgan API III guruhidagi gidrokreking bazaviy moy hamda barqarorroq qo‘shimchalar to‘plami bilan izohlanadi: rentgen-fluoressent tahlil 1500 moto-soat davomida

ushbu moyda kalsiy miqdori 63% ga, magniy miqdori esa atigi 15% ga kamayganini ko‘rsatdi, ya’ni kislotalarni neytrallovchi ishqoriy zaxira asosan saqlanib qoldi.

1-jadval Gidravlik moylarning 1500 moto-soatdan keyingi asosiy ko‘rsatkichlari


Ko‘rsatkich (me’yor)	HYDRO ISO-46	Fastroil 46	UNO HVLP-46
ν_{40}, mm²/s (≥ 40)	35,83	36,97	40,70
ν_{100}, mm²/s (≥ 5,5)	4,88	5,08	6,03
Alangalanish harorati, °C (≥ 205)	181,7	192,7	206,3
Ishqor soni, mg KOH/g (> 5,5)	3,82	4,97	5,85
Kislota soni, mg KOH/g (< 2,0)	2,22	2,08	0,87
Suv, % (≤ 0,05)	0,075	0,075	0,033
Fe, ppm (< 30)	59	46	23
Si, ppm (< 30)	55	48	25
Cu, ppm (< 30)	34	36	28

Har bir namuna olish vaqtidagi kislota sonining o‘rtacha qiymatlari 2-jadvalda keltirilgan. 1500 moto-soat davomida kislota soni HYDRO ISO-46 moyida 4,9 marta, Fastroil moyida 5,2 marta, UNO HVLP-46 moyida esa 2,5 marta ortdi. Takroriy o‘lchovlar orasidagi tarqoqlik ishlash vaqti oshgan sari ortib bordi, ayniqsa Fastroil moyida (1500 moto-soatda standart og‘ish 0,38 mg KOH/g gacha), bu eskirgan moyning bir jinsli emasligini ko‘rsatadi. 1200 moto-soatda ikkala HM moyi ham 1,25 mg KOH/g kritik qiymatdan oshgan, 1500 moto-soatda esa 2,0 mg KOH/g chegaraviy qiymatdan oshdi.


2-jadval Gidravlik moylar kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liq o‘zgarishi, mg KOH/g

Moto-soat	HYDRO ISO-46	Fastroil 46	UNO HVLP-46
0	0,45	0,40	0,35
300	0,65 ± 0,02	0,55 ± 0,05	0,42 ± 0,03
600	0,81 ± 0,04	0,69 ± 0,09	0,48 ± 0,04
900	0,92 ± 0,06	0,87 ± 0,09	0,59 ± 0,04
1200	1,35 ± 0,08 [k]	1,44 ± 0,24 [k]	0,73 ± 0,03
1500	2,22 ± 0,15 [ch]	2,08 ± 0,38 [ch]	0,87 ± 0,06

[k] – 1,25 mg KOH/g kritik qiymatdan yuqori; [ch] – 2,0 mg KOH/g chegaraviy qiymatdan yuqori.



1-rasm. Har 300 soatlik ishlash oralig‘ida gidravlik moylar kislota sonining ortishi



2-rasm. Gidravlik moylar kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liqligi (chiziqlar – (1) regressiya modeli, nuqtalar – namuna olish vaqtidagi model qiymatlari, uzuq chiziq – 1,25 mg KOH/g kritik qiymat)

(3) tenglama bo‘yicha hisoblangan moylarning chegara qiymatlarga yetish vaqtlari 4-jadvalda keltirilgan. HM moylari 1,25 mg KOH/g kritik qiymatga 1060–1090 moto-soatda, 2,0 mg KOH/g chegaraviy qiymatga esa 1450–1470 moto-soatda yetadi. HVLP moyi sinov davomida hech bir chegara qiymatga yetmadi; modelni ekstrapolyatsiya qilish kritik qiymat uchun taxminan 2100 moto-soatni beradi. Kritik qiymatdan keyin HM moylarining kislota soni 100 soatda 0,16–0,24 mg KOH/g ga ortishini hisobga olib, bu moylarni chegaraviy qiymatni kutmasdan 1050–1100 moto-soatda almashtirish maqsadga muvofiq.

3-jadval (3) tenglama bo‘yicha hisoblangan kislota sonining chegara qiymatlariga yetish vaqti, moto-soat

Moy	**KS* = 1,25 mg KOH/g**	**KS* = 2,0 mg KOH/g**	**Tavsiya etilgan almashtirish davri**
HYDRO ISO-46	1062	1448	1050–1100
Fastroil Hydraulic Oil 46	1091	1474	1050–1100
UNO HVLP-46	≈2110*	yetmagan	holat monitoringi bo‘yicha

* 1500 moto-soatlik sinov davridan tashqariga ekstrapolyatsiya qilingan.

Shunday qilib, issiq va changli iqlim sharoitida kislota sonini har 300 moto-soatda nazorat qilish va (1)–(3) modellardan foydalanish moyning kritik holatga yetish vaqtini oldindan aniqlash hamda moyni qat’iy belgilangan davr bo‘yicha emas, balki uning haqiqiy holatiga qarab almashtirish imkonini beradi.

Issiq va changli iqlim sharoitida ishlaydigan avtogreyder gidravlik moylarining kislota soni o‘zgarishini o‘rganish gidravlik tizimlarning ishonchliligini oshirish va ekspluatatsion xarajatlarni kamaytirish uchun muhim ilmiy-amaliy ahamiyatga ega. Jarayonning asosiy omillari harorat, ishlash davomiyligi, kislorod bilan kontakt va ifloslanish darajasidir.

Kislota sonining o‘zgarish qonuniyatlarini ishonchli aniqlash uchun bir xil moydan olingan namunalarni muntazam laboratoriya tahlilidan o‘tkazish, ish sharoitlarini qayd etish va natijalarni matematik modellashtirish zarur. Shundagina avtogreyder gidravlik moyining haqiqiy ekspluatatsion holati haqida asoslangan xulosa chiqarish mumkin.

Xulosa

1. Issiq va changli iqlim sharoitida avtogreyder gidravlik moylarining kislota soni 1500 moto-soat davomida HM moylarida 4,9–5,2 marta, HVLP moyida 2,5 marta ortdi; HM moylarida umumiy o‘sishning 72–73 foizi so‘nggi 600 moto-soatga to‘g‘ri keldi, bu antioksidant zaxirasining tugaganini ko‘rsatadi.

2. Kislota sonining ishlash vaqtiga bog‘liqligi ikkinchi tartibli regressiya modellari bilan ifodalanadi (R^2 = 0,924–0,972). HM moylarining kvadratik koeffitsiyenti HVLP moyinikidan 6,4–6,8 marta katta, 1500 moto-soatda HM moylari kislota sonining o‘sish tezligi (0,23–0,24 mg KOH/g / 100 soat) 4,3–4,4 marta yuqori.

3. Modellarga ko‘ra, HM moylari 1,25 mg KOH/g kritik qiymatga 1060–1090 moto-soatda, 2,0 mg KOH/g chegaraviy qiymatga 1450–1470 moto-soatda yetadi; HVLP moyining kislota soni 0,87 mg KOH/g dan oshmadi.

4. Issiq iqlim sharoitida ishlaydigan avtogreyderlar gidravlik tizimlari uchun HM toifasidagi moylarni 1050–1100 moto-soatda almashtirish, HVLP toifasidagi moylarning almashtirish davrini esa kislota sonini har 300 moto-soatda nazorat qilish asosida belgilash tavsiya etiladi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR/ REFERENCES

1. Башта Т.М., Руднев С.С., Некрасов Б.Б. Гидравлика, гидромашины и гидроприводы. – М.: Альянс, 2010. – 423 с.

2. Baczewski K., Szczawiński P. Investigation of the process of ageing of hydraulic oil during its use. The Archives of Automotive Engineering – Archiwum Motoryzacji, 2016, Vol. 73, No 3, pp. 5-18. DOI: 10.14669/AM.VOL73.ART1

3. Władzielczyk K., Kipczak P. Ageing process of hydraulic oil in single-bucket excavators in rock mining. New Trends in Production Engineering, 2019, Vol. 2, Issue 1, pp. 130-139. DOI: 10.2478/ntpe-2019-0014

4. Nikandish P. A comparative study of the aging process of VG46 and VG68 hydraulic oils during service. Mechanics of Advanced and Smart Materials, 2025, Vol. 5, No 2, pp. 305-324. DOI: 10.66224/masm.5.2.305

5. Karanović V.V., Jocanović M.T., Wakiru J.M., Orošnjak M.D. Benefits of lubricant oil analysis for maintenance decision support: a case study. IOP Conference Series: Materials Science and Engineering, 2018, Vol. 393, 012013. DOI: 10.1088/1757-899X/393/1/012013

6. Tkáč Z., Skladaný D., Nagy M., Kosiba J., Hanushchak-Yefimenko L., Bukoros T., Ešše M., Halenár M. Tribological aspects of operation of hydraulic fluids. Tribology in Industry, 2025, Vol. 47, No 4, pp. 663-672. DOI: 10.24874/ti.1942.04.25.09

7. Duque-Sarmiento D.A., Baño-Morales D.A. Assessment of hydraulic oil properties during operation of a mini loader. Lubricants, 2024, Vol. 12, Issue 9, 320. DOI: 10.3390/lubricants12090320

8. Кулиев А.М. Химия и технология присадок к маслам и топливам. – Л.: Химия, 1985. – 312 с.

9. Школьников В.М. Топлива, смазочные материалы, технические жидкости. – М.: Химия, 2003. – 596 с.

10. ASTM D445-21. Standard test method for kinematic viscosity of transparent and opaque liquids (and calculation of dynamic viscosity). – West Conshohocken: ASTM International, 2021.

11. ASTM D2896-21. Standard test method for base number of petroleum products by potentiometric perchloric acid titration. – West Conshohocken: ASTM International, 2021.

ӘОЖ 94(574+575.1):930.85
UDC 94(574+575.1):930.85

ДӘСТҮРЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МӘДЕНИЕТІ – ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

TRADITIONAL LAND USE CULTURE AS A COMMON HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH AND UZBEK PEOPLES

Баймахан Ғайни Амансерікқызы
Baimakhan Gaini Amanserikkyzy
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
baimakhangaini@gmail.com

Түйін: *Мақалада қазақ және өзбек халықтарының дәстүрлі жер пайдалану мәдениетінің тарихи қалыптасуы, табиғи-географиялық ортаға бейімделу ерекшеліктері және қазіргі жер ресурстарын басқару жүйесімен сабақтастығы қарастырылады. Қазақ даласындағы көшпелі және маусымдық жайылым пайдалану тәжірибесі мен Өзбекстан аумағындағы отырықшы егіншілік, суармалы алқаптар және махалла деңгейіндегі жергілікті ұйымдасу үлгілері салыстырмалы тұрғыдан сипатталады. Қазақстанның жер қоры жөніндегі жарияланған статистикалық деректер негізінде ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы талданып,*

тарихи тәжірибені қазіргі кадастр, жерге орналастыру және тұрақты жер пайдалану шараларына енгізу жолдары ұсынылады. Зерттеу тарихи-салыстырмалы талдау, дереккөздерді шолу және статистикалық мәліметтерді сипаттамалық талдау әдістеріне сүйенеді.

Abstract: *This article examines the historical formation of traditional land use culture among the Kazakh and Uzbek peoples, their adaptation to natural and geographical conditions, and the continuity of these practices in modern land resource management systems. It provides a comparative analysis of nomadic pastoralism and seasonal pasture use in the Kazakh steppe, as well as settled agriculture, irrigated lands, and local organizational practices at the mahalla level in Uzbekistan. Based on published statistical data on Kazakhstan's land resources, the article analyzes the structure of agricultural land and proposes ways to incorporate historical practices into modern cadastral systems, land management, and sustainable land use initiatives. The study employs historical and comparative analysis, a review of sources, and descriptive analysis of statistical data.*

Кілттік сөздер: *дәстүрлі жер пайдалану, жер қатынастары, қазақ халқы, өзбек халқы, жайылым, суармалы егіншілік, жер кадастры, жерге орналастыру, тарихи-мәдени мұра, тұрақты даму.*

Keywords: *traditional land use, land relations, Kazakh people, Uzbek people, pastureland, irrigated agriculture, land cadastre, land management, historical and cultural heritage, sustainable development.*

Кіріспе

Жер – тек өндірістік ресурс немесе жылжымайтын мүлік нысаны ғана емес, халықтың тарихи жадын, шаруашылық дағдыларын, әлеуметтік қатынастарын және мәдени дүниетанымын қалыптастыратын кеңістік. Орталық Азия халықтарының өмір салтында жерді пайдалану тәсілдері табиғи ортаға, климатқа, су көздерінің орналасуына, шаруашылық құрылымына және қоғамдық ұйымдарға тікелей тәуелді болды. Осы тұрғыдан қазақ және өзбек халықтарының дәстүрлі жер пайдалану мәдениетін зерттеу олардың ортақ тарихи байланыстарын тануға әрі қазіргі жер ресурстарын тиімді басқарудың әлеуметтік-мәдени негіздерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ қоғамында кеңістікті маусымдық игеру, жайылымдарды алмастырып пайдалану, қоныс пен суатқа қолжетімділікті ескеру маңызды рөл атқарды. Өзбек халқының тарихи шаруашылық тәжірибесінде өзен аңғарлары мен оазистердегі суармалы егіншілік, арық жүйелерін күтіп ұстау, ауылдық қауымдастықтардың бірлескен еңбегі және жергілікті басқару дәстүрлері айрықша орын алды. Бұл айырмашылықтар екі халықтың бір-бірінен оқшау дамығанын білдірмейді. Керісінше, сауда жолдары, қала мен дала арасындағы шаруашылық алмасу, ортақ су алаптары және тарихи байланыстар жер пайдалану мәдениеттерінің өзара ықпалдасуына жағдай жасады.

Мақаланың мақсаты – қазақ және өзбек халықтарының дәстүрлі жер пайдалану мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін салыстыра талдау, оның тарихи-мәдени маңызын айқындау және дәстүрлі тәжірибені қазіргі жер кадастры мен жерге орналастыру жүйесінде қолданудың мүмкіндіктерін негіздеу. Зерттеу міндеттері: жер пайдалану мәдениетінің тарихи негіздерін сипаттау; екі халықтың шаруашылық үлгілеріндегі ортақ және ерекше белгілерді салыстыру; қолжетімді статистикалық деректер арқылы қазіргі жер қорының құрылымын көрсету; тарихи мұраны қорғау мен тұрақты жер пайдалануға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері мен дереккөздері

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, ғылыми әдебиеттерді талдау, жүйелеу және статистикалық мәліметтерді сипаттамалық түсіндіру тәсілдері қолданылды. Тарихи тәжірибеге қатысты тұжырымдар Орталық Азиядағы көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы егіншілік және жер қатынастары жөніндегі зерттеулерге сүйенеді. Сандық көрсеткіштер үшін Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару саласындағы жиынтық аналитикалық есебінде берілген 2024 жылғы мәліметтер пайдаланылды. Өзбекстан бойынша осы мақалада салыстыруға жарамды бірдей әдістемемен есептелген жер санаттарының толық статистикалық қатары келтірілмегендіктен, елдер арасындағы сандық салыстыру жасалмайды; Өзбекстанға қатысты сипаттамалар тарихи-шаруашылық ерекшеліктер деңгейінде берілді.

1. Қазақ және өзбек халықтарының дәстүрлі жер пайдалану мәдениетінің тарихи негіздері

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығының маңызды тіректерінің бірі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Далалық, шөлейт және таулы өңірлердің табиғи ерекшеліктеріне байланысты малды жыл мезгіліне қарай әртүрлі жайылымдарға көшіру қалыптасты. Қыстау, көктеу, жайлау және күзеу сияқты маусымдық қоныстардың ретімен пайдаланылуы жайылымдық жүктемені біркелкі бөлуге, мал азығын қалпына келтіруге және су көздерін тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл жүйе қазіргі кадастрдағы жер учаскесінің шекарасын ғана емес, кеңістіктегі өзара байланысқан жер пайдалану жүйесін де ескерудің маңызын көрсетеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жерге қатысты қатынастарды тек қазіргі жеке меншік түсінігімен бағалау тарихи шындықты толық ашпайды. Қоныстар мен жайылымдарды пайдалану көбіне қауымдық

келісімдерге, ру-тайпалық байланыстарға, қалыптасқан әдет-ғұрып нормаларына және табиғи жағдайға негізделді. Суат, құдық, өткел, қыстау мен жайлауға жету жолдары шаруашылық өмір үшін маңызды болғандықтан, жер пайдалану құқығы кеңістіктегі ресурстарға қолжетімділікпен тығыз байланысты еді. XIX ғасырдағы отарлық әкімшілік өзгерістер мен қоныс аудару үдерістері дәстүрлі жер қатынастарына ықпал етіп, жерге түсетін қысымды арттырды және бұрынғы ұжымдық пайдалану құрылымдарын өзгертті.

Өзбек халқының дәстүрлі шаруашылық мәдениеті Ферғана аңғары, Зарафшан алқабы, Қашқадария, Сурхандария және Әмудария маңы сияқты суармалы егіншілік дамыған өңірлермен тығыз байланысты. Мұндай аумақтарда жердің өнімділігі су жеткізу жүйесінің тұрақтылығына, арықтар мен каналдарды күтіп ұстауға, егіс айналымына және еңбек ресурстарын үйлестіруге тәуелді болды. Суармалы жерді пайдалану жеке шаруашылықтың ғана емес, су бөлуді ұйымдастыратын жергілікті қауымдастықтардың да келісілген әрекетін қажет етті. Махалла және ауылдық қауымдастықтар әлеуметтік байланыстарды сақтауға, өзара көмек пен ортақ міндеттерді үйлестіруге ықпал етті.

Екі халықтың дәстүрлі тәжірибелерінде табиғи ресурсты ұзақ мерзім бойы пайдалану, еңбек пен кеңістікті ұйымдастыру, қауымдық жауапкершілік және ұрпақтан ұрпаққа берілетін тәжірибелік білім ортақ сипаттарға ие. Негізгі айырмашылық табиғи-географиялық жағдайға байланысты қалыптасты: қазақ даласында маусымдық жайылым кеңістігі маңызды болса, Өзбекстанның көптеген тарихи егіншілік өңірлерінде суармалы алқап пен су бөлу инфрақұрылымы шешуші мәнге ие болды. Сондықтан ортақ мұраны зерттеу айырмашылықтарды жоймай, оларды бірін-бірі толықтыратын тарихи бейімделу үлгілері ретінде қарастыруы қажет.

1-кесте – Дәстүрлі жер пайдалану жүйелерінің салыстырмалы сипаттамасы

Салыстыру өлшемі	Қазақ халқының дәстүрлі тәжірибесі	Өзбек халқының дәстүрлі тәжірибесі
Негізгі шаруашылық үлгісі	Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы; кей өңірлерде егіншілік	Отырықшы егіншілік, бау-бақша, суармалы алқаптар; мал шаруашылығы да кездескен
Жерді пайдалану тәртібі	Маусымдық қоныстар мен жайылымдарды алмастырып пайдалану	Егістік пен бау-бақша алқаптарын тұрақты өңдеу, суару кезегін үйлестіру
Маңызды кеңістік нысандары	Қыстау, көктеу, жайлау, күзеу, жайылым, суат, құдық	Егістік, бақ, арық, канал, су бөлу нүктесі, ауылдық қоныс
Ұйымдастыру тетігі	Әдет-ғұрып, қауымдық келісім, туыстық және жергілікті қатынастар	Жергілікті қауымдастық, суару тәртібі, бірлескен еңбек және өзара көмек
Қазіргі кадастрға сабақ	Жайылымның тұтастығын, көшу жолдарын және ортақ суатқа қолжетімділікті ескеру	Суару инфрақұрылымын, алқаптардың байланысын және жердің нақты пайдаланылуын тіркеу

2. Дәстүрлі жер пайдалану мәдениетінің қазіргі жер қатынастарына ықпалы

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан мен Өзбекстанда жер қатынастары заңнамалық және институционалдық тұрғыдан жаңғыртылды. Жерге құқықтарды тіркеу, жалға беру, жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, кадастрлық есепке алу және ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелері мемлекеттік басқарудың маңызды бағыттарына айналды. Алайда қазіргі заңнамалық жүйелердің тиімділігі жергілікті шаруашылық тәжірибесін, әлеуметтік қажеттіліктерді және табиғи ресурстардың шектеулілігін ескеруге де байланысты.

Қазақстан үшін дәстүрлі жайылым пайдалану тәжірибесінің өзектілігі әсіресе жайылымдардың қолжетімділігі, маусымдық жүктеме және шалғай алқаптарды игеру мәселелерінен көрінеді. Жайылым жерлерін жекелеген учаскелерге бөліп пайдалану кей жағдайда малдың маусымдық қозғалысын шектеп, ауыл маңындағы жайылымға түсетін салмақты күшейтуі мүмкін. Сондықтан жерге орналастыру кезінде тек учаскенің ауданы мен құқықтық мәртебесін көрсету жеткіліксіз; оған кіретін

жолдар, суаттар, маусымдық пайдалану ерекшеліктері және көршілес жер пайдаланушылармен байланысы да бағалануы тиіс.

Өзбекстан үшін тарихи суармалы егіншілік тәжірибесі жер мен су ресурстарын біртұтас жүйе ретінде қарастырудың маңызын көрсетеді. Суармалы алқаптардың өнімділігі топырақтың жай-күйіне, су жеткізу тәртібіне, дренаж жүйелеріне және тұзданудың алдын алуға байланысты. Жер кадастрының деректері жер учаскесінің шекарасымен шектелмей, оның мелиорациялық жағдайы, нақты пайдаланылуы және инфрақұрылыммен байланысы туралы мәліметтермен толықтырылса, басқарушылық шешімдердің сапасы артады.

Екі елге ортақ бағыттардың бірі – жерді пайдалану туралы деректердің ашықтығын және дәлдігін арттыру. Цифрлық кадастр, геоақпараттық жүйелер, қашықтан зондтау материалдары және жер мониторингі тарихи жер пайдалану іздерін қазіргі деректермен салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ескі қоныстардың орны, дәстүрлі көшу бағыттары, тарихи арықтар немесе ұзақ уақыт пайдаланылған егістік алқаптар туралы мәліметтер мәдени мұраны қорғаумен қатар, қазіргі жоспарлау жұмыстарына да қажет болуы мүмкін. Мұндай деректерді қолданғанда тарихи карталардың дәлдігі мен дереккөздердің сенімділігі міндетті түрде тексерілуі керек.

3. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жерлерінің статистикалық сипаты

Қазақстанның жер қоры жөніндегі 2024 жылғы жарияланған деректер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ел аумағындағы елеулі үлесін көрсетеді. Қазақстанның Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының 2024 жылғы жылдық есебінде келтірілген жер ресурстарын басқару жөніндегі жиынтық аналитикалық есепке сәйкес, ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы көлемі шамамен 117,1 млн гектарды құраған. Бұл көрсеткіш жер қорын басқаруда жайылымдық алқаптардың рөлін және олардың жағдайын жүйелі бақылаудың қажеттілігін айқындайды.

2024 жылғы есепте ауыл шаруашылығы жерлерінің құрылымында жайылымдардың басым екені көрсетілген. Төмендегі кестеде жалпы ауыл шаруашылығы жерлерінің негізгі түрлері мен үлестері берілген. Үлестер дөңгелектелгендіктен, олардың жиынтығы 100 пайыздан сәл өзгеше болуы мүмкін.

Ikki mamlakatning o‘zaro savdosi hozircha kichik (Qozog‘iston eksportining 14,1 foizi). Yig‘ish infratuzilmasi, sifatga bog‘langan narx, texnik reglamentlarni uyg‘unlashtirish va qo‘shma korxonalar orqali hamkorlik sut mahsulotlari bo‘yicha mintaqaviy oziq-ovqat xavfsizligini mustahkamlashi mumkin.

Keyingi tadqiqotlarda Farg‘ona vodiysi hududlari kesimida sut yig‘ish punktlarini joylashtirishning optimallashtirish modeli va qayta ishlash korxonalari quvvatidan foydalanishning hududiy farqlarini chuqurroq o‘rganish rejalashtirilgan.

ADABIYOTLAR

1. FAO. Rome Declaration on World Food Security and World Food Summit Plan of Action. - Rome: FAO, 1996.

2. Clapp J., Moseley W.G., Burlingame B., Termine P. The case for a six-dimensional food security framework // Food Policy. - 2022. - Vol. 106. - Art. 102164. https://doi.org/10.1016/j.foodpol.2021.102164

3. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2019-yil 23-oktyabrdagi PF-5853-son «O‘zbekiston Respublikasi qishloq xo‘jaligini rivojlantirishning 2020-2030-yillarga mo‘ljallangan strategiyasini tasdiqlash to‘g‘risida»gi Farmoni. https://lex.uz

4. IFAD. Republic of Uzbekistan: Dairy Value Chains Development Project II. Project design report (EB 2024/LOT/P.15). - Rome: IFAD, 2024. https://webapps.ifad.org/members/lapse-of-time/docs/english/EB-2024-LOT-P-15-PDR-Uzbekistan-DVCDP-II.pdf

5. FAOSTAT. Milk production (Uzbekistan, Kazakhstan), 2023-2024 // statbase.org ma’lumotlar bazasi orqali. https://statbase.org/datasets/agriculture/milk-production/

6. Proizvodstvo moloka v Uzbekistane v 2024 godu (Institut makroekonomicheskix i regionalnyx issledovaniy ma’lumotlari) // DairyNews. - 03.04.2025. https://dairynews.today/kz/news/proizvodstvo-moloka-v-uzbekistane-v-2024-godu-pokazalo-rost-na-4-9-za-5-let.html

7. O‘zbekiston Respublikasining doimiy aholisi soni // O‘zbekiston Respublikasi Prezidenti huzuridagi Statistika agentligi. https://stat.uz/uz/matbuot-markazi/qo-mita-yangiliklar/60425-o-zbekiston-respublikasining-doimiy-aholisi-soni

8. Balans sprosa i predlojeniya rynka moloka i molochnoy produksii Kazaxstana, 2020-2025 // Molochnyy soyuz Kazaxstana (QR Milliy statistika byurosi ma’lumotlari asosida). https://kazsut.com/balance/

9. Itogi otrasli jivotnovodstva 2025 goda ozvuchili v Minselxoze // APK Novosti. - 03.02.2026. https://apk-news.kz/news/item-6422

10. Potreblenie molochnyx produktov v Kazaxstane za pyat let snizilos na 8 % // DairyNews. - 29.04.2025. https://dairynews.today/global/news/potreblenie-molochnykh-produktov-v-kazakhstane-za-pyat-let-snizilos-na-8-byuro-natsstatistiki.html; Kazakhstan does not produce enough milk for itself // DairyNews. - 27.06.2025.

11. Kazaxstan narastil eksport molochnoy produksii na 16,6 % // DairyNews. - 03.03.2026. https://dairynews.today/kz/news/kazakhstan-narastil-eksport-molochnoy-produktsii-na-16-6-sgushchennogo-moloka-v-2-2-raza.html

12. Uzbekistan uvelichil import molochnoy produksii na 45,7 % v 2022 godu // DairyNews. - 18.11.2024. https://dairynews.today/kz/news/uzbekistan-uvelichil-import-molochnoy-produktsii-na-45-7-v-2022-godu-lidiruyut-rossiya-i-belarus.html

13. Nazvana chislennost naseleniya Kazaxstana na 1 yanvarya 2025 goda // Tengrinews. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazvana-chislennost-naseleniya-kazahstana-1-yanvarya-2025-561456/

14. Texnicheskiy reglament Tamojennogo soyuza «O bezopasnosti moloka i molochnoy produksii» (TR TS 033/2013). - Yevroosiyo iqtisodiy komissiyasi Kengashining 2013-yil 9-oktyabrdagi 67-son qarori.

15. V Uzbekistane pogolove skota xotyat uvelichit do 16,5 mln golov // Sfera. - 13.05.2026. https://sfera.fm/news/myasnaya/v-uzbekistane-pogolove-skota-khotyat-uvelichit-do-165-millionov-golov

ӘОЖ 811.512.1+821.512.1:008
UDC 811.512.1+821.512.1:008

ЕКІ ТУЫС ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА, ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ЖОО АРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

INTERUNIVERSITY COOPERATION IN REVITALIZING CULTURAL HERITAGE, LANGUAGE, LITERATURE AND SPIRITUAL VALUES BETWEEN TWO KINDRED NATIONS

Айтпенбетова Г.А., Адырбекова Н.А.
Aitpenbetova G.A., Adyrbekova N.A.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: nazguladyrbekova57@gmail.com

Түйін: *Мақалада тамыры ортақ екі туыс халықтың рухани-мәдени мұрасын, тілдік байланыстарын, фольклорлық қайнарларын және көркем сөз өнерін зерделеудегі университеттердің ғылыми-академиялық әріптестігі жан-жақты қарастырылады. Университеттер арасындағы тығыз әрі жүйелі байланыс негізінде екі елдің рухани қазынасын дәріптеу және филолог мамандарды бірлесе даярлаудың негізгі тетіктері зерделенген. Лингвомәдениеттану, мәтінтану, салыстырмалы әдебиеттану және тілдерді оқыту әдіснамасы бағыттары бойынша оқытушылар мен магистранттардың тәжірибе алмасу нәтижелері ғылыми тұрғыда жүйеленген. ЖОО аралық ықпалдастық ортақ тарихи-мәдени құндылықтарды сақтаудың және оны келешек ұрпақ санасында жаңғыртудың қуатты құралы екендігі дәйектелген.*

Abstract: *The article comprehensively examines the scientific and academic partnership of universities in studying the spiritual and cultural heritage, linguistic connections, folkloric roots, and verbal art of two kindred nations. Based on close and systematic interuniversity relations, the key mechanisms of promoting common spiritual values and joint training of philologists are analyzed. The results of faculty and master's student exchanges in the fields of linguoculturology, textology, comparative literature, and language teaching methodology are scientifically systematized. It is substantiated that interuniversity cooperation is a powerful tool for preserving shared historical and cultural values and revitalizing them in the minds of future generations.*

Кілттік сөздер: *екі туыс ел, мәдени мұра, рухани құндылықтар, тіл және әдебиет, ЖОО аралық ықпалдастық, лингвомәдениеттану, салыстырмалы әдебиеттану, академиялық ұтқырлық.*

Keywords: *two kindred nations, cultural heritage, spiritual values, language and literature, interuniversity cooperation, linguoculturology, comparative literature, academic mobility.*

Тарихы мен ділі сабақтас екі туыс халықтың мәдени қайнарлары, тілдік және әдеби мұрасы сан ғасырлық ортақ кеңістікте өзара толысып, байып отырды. Түркі дүниесінің ұлы ойшылдарынан бастау алатын сөз өнері, фольклорлық туындылар, дастандық жәдігерлер мен өнегелі ұстанымдар екі елдің

рухани бірлігінің берік діңгегі болып табылады. Қазіргі жаһандану дәуірінде осы тарихи сабақтастықты сақтап қалу, ұлттық мұраттарды бүгінгі білім мен ғылым кеңістігінде қайта түлету және жас мамандардың бойына дарыту — аса өзекті мемлекетаралық және ғылыми міндеттердің бірі.

Бұл үдерісте жоғары білім беру ұйымдары арасындағы серіктестік айрықша рөл атқарады. Екі бауырлас елдің филологиялық мектептері арасындағы жүйелі байланыс тілдік, әдеби және мәдени аспектілерді өзара кіріктіре отырып зерттеуге мол өріс ашады. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастық білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ортақ тарихи жадты жаңғыртуға қызмет етеді. Жұмыстың мақсаты — екі ел арасындағы рухани құндылықтар мен мәдени-тілдік мұраны дамытудағы жоғары оқу орындарының өзара ынтымақтастық тәжірибесін, оның ішінде бірлескен зерттеулер мен академиялық ұтқырлықты саралап, оң нәтижелерін қорыту болып табылады.

Зерттеуге екі ел университеттерінің 2023–2026 жылдар аралығында бірлесіп өткізген ғылыми конференциялары, халықаралық форумдары, симпозиумдары, дөңгелек үстелдері мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларының есептері мен нақты құжаттары негіз болды. Зерттеу барысында кешенді әдіснамалық тәсілдер басшылыққа алынды:

- Лингвомәдени талдау әдісі — тілдік бірліктер мен көркем мәтіндердегі мәдени кодтар мен рухани түсініктерді айқындау үшін қолданылды;
- Компаративистикалық (салыстырмалы-салғастырмалы) әдіс — екі халықтың әдебиеті мен тіліндегі ұқсас образдар жүйесі мен жанрлық ерекшеліктерді анықтау мақсатында пайдаланылды;
- Герменевтикалық тәсіл — жазба ескерткіштер мен мәдени мәтіндердің ішкі мәнін түсіндіру үшін қолданылды;
- Педагогикалық тәжірибені жинақтау және жүйелеу әдісі — ЖОО аралық академиялық алмасулар мен қос дипломдық бағдарламалардың тиімділігін саралау үшін іске асырылды.

Екі туыс елдің рухани-мәдени қазынасы мен филологиялық сабақтастығын зерттеу соңғы жылдары бірнеше маңызды ғылыми-білім беру бағыттары бойынша нақты нәтижелерін берді:

1. Салыстырмалы әдебиеттану мен тілдік бірліктерді қатар зерделеу.

Ортақ рухани тамырларды танудың ең ұтымды тәсілі — көркем туындылар мен тілдік деректерді салғастыра отырып қарастыру. ЖОО аралық келісімдер шеңберінде ұйымдастырылған оқу процесі мен дәрістер циклі барысында «Салыстырмалы әдебиеттану» бағыты тереңдетіле оқытылды. Сабақтарда туыс халықтардың классикалық және заманауи сөз өнеріндегі ұқсас сюжеттік желілер, ортақ адамгершілік-философиялық ізденістер жан-жақты сараланды.

Мұнымен қатар, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар барысында ортақ мәдени кеңістіктегі сөз өнерінің семантикалық құрылымы, мәтінді лингвомәдени тұрғыдан талдау ерекшеліктері және тілді оқытудағы инновациялық педагогикалық технологиялар ортаға салынды. Білім алушыларға арналған «Лингвомәдениеттану» пәні бойынша бірлескен сабақтар тіл арқылы халықтардың ділі мен салт-дәстүр сабақтастығын тереңірек түсінуге жол ашты. Бұл үдеріс студенттердің бойында төл мәдениетке деген сүйіспеншілікпен қатар, бауырлас халықтардың мәдениетіне деген терең құрметті қалыптастырды.

2. Жазба жәдігерлер мен мәдени дискурсты бірлесе зерттеу (Магистранттар тағылымдамасы).

Мәдени қазынаны терең игеруде ғылыми-зерттеу стажировкалары ерекше серпін берді. Екі елдің беделді ғылыми орталықтары мен университеттерінің серіктестігі аясында өткізілген тағылымдамалар барысында магистранттар бай қолжазбалар қорымен, диссертациялық мұрағаттармен тікелей жұмыс жасады. Орталық Азия халықтарының ортақ мәдени-тарихи лексикалық қорын зерттеу, көне жазба ескерткіштердегі рухани сабақтастықты зерделеу және заманауи медиакеңістіктегі мәдени құндылықтардың берілу ерекшеліктерін талдау бойынша мазмұнды ғылыми жұмыстар атқарылды.

Осындай зерттеулер жас ғалымдар үшін тек кәсіби біліктілікті шыңдау алаңы ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық сұхбаттың, тарихи таным бірлігінің жарқын өнегесіне айналды.

3. Халықаралық диалогтық алаңдар мен кешенді білім беру жобалары.

Рухани және мәдени интеграцияны дамытудың келесі бір маңызды тірегі — тұрақты түрде ұйымдастырылатын дөңгелек үстелдер мен симпозиумдар болып табылады:

1. Бірлескен жиындар барысында тіл мен әдебиет арқылы жас буынның бойында адамгершілік және гуманистік мұраттарды қалыптастыру, төл құндылықтарды бүгінгі цифрлық оқу процесімен ұштастыру мәселелері қызу талқыға салынды;
2. Бауырлас халықтардың рухани ортақтығын жоғары оқу орындарының оқу жоспарларына кіріктіру, арнайы курстар енгізу және оқу-әдістемелік құралдарды бірлесе әзірлеу бойынша нақты бастамалар бекітілді;

3. Қолданбалы лингвистика бағыты бойынша бірлескен қос дипломдық магистратура бағдарламаларының жүзеге асырылуы екі елдің мәдени-тілдік әлеуетін тоғыстыратын, жаңа ғылыми әдіснамаларды еркін меңгерген кадрлар шоғырын дайындауға берік негіз қалады.

Екі туыс елдің мәдени мұрасы, тілі мен әдебиетін ортақ рухани құндылықтар негізінде сабақтастыра дамыту — заман талабынан туындаған өміршең қадам. Жоғары оқу орындары арасындағы тұрақты тәжірибе алмасу ортақ тарихи-әдеби мұраны кешенді түрде игеруге, ұлттық мәдениеттерді өзара байытуға және жас зерттеушілердің бойында биік рухани қасиеттерді қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Мұндай көпжақты ғылыми диалог пен академиялық бірлік бауырлас халықтар арасындағы туыстық байланыстарды нығайтудың, өңірлік тұрақтылықты қолдаудың және Орталық Азияның біртұтас мәдени кеңістігін бекемдеудің сенімді кепілі болып қала береді. Алдағы уақытта фольклорлық экспедицияларды бірлесіп ұйымдастыру және цифрлық гуманитаристика аясында ортақ электронды сөздіктер мен мәдени корпустар құру бұл ынтымақтастықтың көкжиегін одан әрі кеңейте түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жолдасбеков М. Ж. Асыл арналар: Түркі халықтарының ортақ әдеби жәдігерліктері мен рухани мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2021. – 320 б.
2. Садыков Т. С. Проблемы и перспективы интеграции научно-образовательного пространства Центральной Азии // Педагогика и психология. – 2023. – Т. 55, № 2. – С. 45–53.
3. Калдыгозова С. Е., Адырбекова Н. А. IT-технологии в обучении РКИ: от традиционных методов к цифровым стратегиям // Материалы Международной научно-практической конференции. – 2025. – С. 114–118.
4. Шакенова М. Т., Куссе Х. Методология исследования медиадискурса в современном филологическом пространстве // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2024. – № 4 (192). – С. 88–96.
5. Филология мәселелері: Ономастикалық және лексикографиялық аспектілер // Ғылыми жинақ. – 2025. – № 1. – С. 34–41.
6. Жакыпова Ф. Н. Интернационализация высшего образования: интеграционные процессы и межкультурный диалог // Высшая школа Казахстана. – 2022. – № 3. – С. 12–18.

UDK 004.8:001.89
UDC 004.8:001.89

RAQAMLI TEXNOLOGIYALAR VA SUN’IY INTELLEKTNING ILM-FAN RIVOJIDAGI O‘RNI VA ISTIQBOLLARI

THE ROLE AND PROSPECTS OF DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE DEVELOPMENT OF SCIENCE

Mahmudov Ilxom Baxrom o‘g‘li
Mahmudov Ilkhom Bakhrom ugli
Shahrisabz davlat pedagogika instituti, Shahrisabz, O‘zbekisto
Shahrisabz State Pedagogical Institute, Shahrisabz, Uzbekistan,
mahmudovilxom63@gmail.com

Annotatsiya: *Maqolada raqamli texnologiyalar va sun’iy intellekt (SI)ning zamonaviy ilm-fan rivojidagi o‘rni, ularning tadqiqot jarayonini o‘zgartirishdagi imkoniyatlari, cheklovlari va istiqbollari chuqur tahlil qilinadi. Tadqiqot nazariy-analitik xarakterga ega bo‘lib, xalqaro tizimli sharhlar, Nobel mukofoti bo‘yicha ilmiy tashkilotlar materiallari hamda O‘zbekiston Respublikasining me’yoriy hujjatlari kontent-tahlil, qiyosiy tahlil va tizimlashtirish usullari asosida o‘rganildi. Natijalar SI ilmiy tadqiqotning to‘rt bosqichi, ya’ni adabiyotlarni qidirish va sharhlash, ma’lumotlarni tahlil qilish, ilmiy kashfiyot hamda ilmiy nashrlarni baholash samaradorligini sezilarli darajada oshirishini ko‘rsatdi. Ilmiy kashfiyotga eng yorqin misol sifatida oqsil tuzilmasini bashorat qiluvchi AlphaFold tizimi batafsil tahlil qilindi. Maqolada raqamli texnologiyalarning ochiq ma’lumotlar, raqamli platformalar va bulutli hisoblash resurslari orqali ilmiy hamkorlikni kengaytirishdagi ahamiyati ham yoritilgan. Shu bilan birga natijalarning ishonchliligi, akademik halollik, ma’lumotlar sifati va inson nazoratini doimiy saqlash zarurligi asoslandi. O‘zbekistonda 2030-yilgacha SI texnologiyalarini rivojlantirish strategiyasi ilmiy-ta’lim muhiti uchun mustahkam institutsional zamin yaratayotgani ko‘rsatildi. Tadqiqot natijalari SI ni ilmiy ishda inson tafakkurining o‘rnini bosuvchi emas, balki uni kuchaytiruvchi*

muhim intellektual vosita sifatida qarash lozimligini tasdiqlaydi. Maqola yakunida oliy ta'lim muassasalari, magistrantlar va ilmiy jurnallar uchun amaliy tavsiyalar berilgan.

Abstract: *The article analyzes the role of digital technologies and artificial intelligence (AI) in the development of modern science, as well as the opportunities, limitations and prospects they create for the research process. The study is theoretical and analytical: international systematic reviews, materials of scientific organizations on the Nobel Prize, and regulatory documents of the Republic of Uzbekistan were examined using content analysis, comparative analysis and systematization. The results show that AI increases efficiency at four stages of research: literature search and review, data analysis, scientific discovery, and evaluation of scientific publications. The AlphaFold system for protein structure prediction is analyzed as the most prominent example of AI-driven discovery. At the same time, the need to ensure the reliability of results, academic integrity, data quality and human oversight is substantiated. It is shown that Uzbekistan's strategy for the development of AI technologies until 2030 creates an institutional basis for the scientific environment. The article concludes with practical recommendations for higher education institutions and scientific journals.*

Kalit so'zlar: *raqamli texnologiyalar, sun'iy intellekt, ilm-fan, ilmiy tadqiqot, AlphaFold, akademik halollik, O'zbekiston.*

Keywords: *digital technologies, artificial intelligence, science, scientific research, AlphaFold, academic integrity, Uzbekistan.*

Kirish

Raqamli texnologiyalar va sun'iy intellekt (SI) bugun ilm-fanning shunchaki yordamchi vositasidan uning fundamental metodologik asosiga aylanmoqda [1]. Ilgari tadqiqotchi uchun asosiy qurollar laboratoriya jihozlari, cheklangan kutubxona fondlari va shaxsiy empirik tajriba bo'lgan bo'lsa, hozirgi kunda elektron ma'lumotlar bazalari, yuqori unumdor bulutli hisoblash resurslari, ochiq ma'lumotlar omborlari va chuqur o'rgatilgan neyron modellar tadqiqotning ajralmas qismiga aylandi [1]. Sun'iy intellekt fan sifatida o'tgan asrning o'rtalariga borib taqalasa-da, so'nggi yillarda, xususan generativ SI texnologiyalarining jadal kirib kelishi ilmiy izlanishlar ko'lamini tubdan o'zgartirib yubordi [2]. Ilmiy tadqiqot yangi bilim olish, mavjud nazariyalarni sinovdan o'tkazish va amaliyotga tatbiq etishga qaratilgan murakkab tizimli jarayon bo'lib, SI aynan shu jarayonning barcha bosqichlarini yangi bosqichga ko'tarmoqda [1].

Mazkur mavzuning o'ta dolzarbligi uchta asosiy omil bilan belgilanadi. Birinchidan, jahon miqyosida ilmiy nashrlar va ma'lumotlar hajmi shiddat bilan o'smoqda, bu esa tadqiqotchi uchun an'anaviy usullar yordamida adabiyotlarni qo'lda saralash va tahlil qilish imkoniyatini tobora cheklamoqda [4]. Ikkinchidan, 2024-yilda fizika va kimyo fanlari bo'yicha berilgan nufuzli Nobel mukofotlarining sun'iy intellekt tizimlari bilan bog'liq tadqiqotlarga berilishi ilm-fanda yangi davr boshlanganini ko'rsatdi [9]. Uchinchidan, O'zbekiston Respublikasida sun'iy intellekt texnologiyalarini 2030-yilgacha rivojlantirish strategiyasining qabul qilinishi mamlakatimiz ilmiy-ta'lim muhiti oldiga ulkan vazifalarni qo'ymoqda [10].

Shu bilan birga, SI vositalaridan foydalanish bir qator metodologik va etik savollarni keltirib chiqaradi: modellar taqdim etgan natijalarga qanday darajada ishonish mumkin, ilmiy mualliflik va akademik halollik qanday kafolatlanadi, tadqiqotchining mustaqil tahliliy fikrlash qobiliyati zarar ko'rmaydimi? [1] Ushbu maqola mazkur ilmiy-metodologik bo'shliqlarni to'ldirishga, imkoniyatlar va xavflarni muvozanatlashgan holda o'rganishga qaratilgan.

Tadqiqotning asosiy maqsadi — raqamli texnologiyalar va sun'iy intellektning zamonaviy ilm-fan taraqqiyotidagi o'rnini har tomonlama ochib berish, ularning imkoniyatlari hamda cheklovlarini tizimlashtirish va amaliy tavsiyalar ishlab chiqishdan iborat. Ushbu maqsadga erishish uchun quyidagi vazifalar hal etildi: (1) SI ning ilmiy tadqiqot jarayonidagi bosqichma-bosqich o'rni; (2) AlphaFold tizimi misolida ilmiy kashfiyotlar mexanizmi; (3) akademik halollik va etik xavflar; (4) O'zbekiston Respublikasidagi strategik chora-tadbirlar tahlili.

Adabiyotlar tahlili va tadqiqot metodlari

Mavzu bo'yicha xorijiy va mahalliy ilmiy manbalar tahlili shuni ko'rsatadiki, sun'iy intellektning ilmiy tadqiqotlarga ta'siri xalqaro miqyosda keng qamrovli tizimli sharhlar doirasida o'rganilmoqda [1]. Jumladan, Heredia Pérez va Chávez Aguilar PRISMA yondashuvidan foydalangan holda olib borgan tadqiqotlarida SI ilmiy izlanishlarni sezilarli darajada tezlashtirishi, biroq talaba va tadqiqotchilar undan foydalanishda qat'iy etik me'yorlarga amal qilishlari zarurligini ta'kidlagan [1]. Scopus hamda Web of Science ma'lumotlar bazalariga tayangan boshqa tadqiqotlarda universitetlar va ilmiy markazlar kontekstida SI ning afzalliklari va yuzaga kelayotgan muammolar tahlil qilingan [2].

Alohida ilmiy yo'nalish sifatida adabiyotlar sharhini avtomatlashtirish masalalari ko'rib chiqilmoqda. Ge va hammualliflar SI vositalari ilmiy maqolalarni dastlabki saralash, kerakli ma'lumotlarni qisqa muddatda ajratib olish va sifatni baholash jarayonlarini keskin tezlashtirishini, biroq yakuniy ishonchlilik uchun inson ekspertizasi shartligini isbotlagan [3]. Tomczyk o'z ishida SI tadqiqotchining rolini oddiy «adabiyot yig'uvchi»dan tizim boshqaruvchisi va tahlilchisiga aylantirayotganini qayd etgan [4]. Ilmiy nashrlarni taqriz

qilish va baholash jarayonlarida ham SI vositalarining o‘rni oshib borayotgani, xususan taqrizchilar vaqtini tejash imkoniyatlari PRISMA 2020 va CASPe vositalari asosida baholangan [5].

Ilmiy kashfiyotlar yo‘nalishida esa eng katta yutuq sifatida oqsil tuzilmalarini bashorat qiluvchi AlphaFold tizimi e’tirof etilmoqda [6], [7], [8]. EMBL va Google DeepMind materiallarida keltirilishicha, ushbu tizim biologiya va kimyo fanlarida inqilob yasab, millionlab oqsillarning uch o‘lchamli tuzilishini aniqlash imkonini berdi [6].

Tadqiqot metodologiyasi. Ushbu tadqiqot nazariy-analitik va qiyosiy xarakterga ega bo‘lib, kontent-tahlil, tizimlashtirish va mantiqiy umumlashtirish usullariga tayanadi. Tadqiqotda so‘rovnoma yoki birlamchi empirik o‘lchovlar o‘tkazilmagan; tahlillar 2024–2026-yillarga oid xalqaro ilmiy sharhlar, Nobel qo‘mitasi rasmiy materiallari va O‘zbekiston Respublikasining me’yoriy-huquqiy hujjatlari asosida amalga oshirildi.

Natijalar

SI ning ilmiy tadqiqot bosqichlaridagi o‘rni

Olib borilgan tahlillar shuni ko‘rsatdiki, raqamli texnologiyalar va sun’iy intellekt ilmiy tadqiqot jarayonining to‘rt asosiy bosqichida o‘zining yuqori samaradorligini namoyon etmoqda. Bu bosqichlar o‘zaro uzviy bog‘liq bo‘lib, axborot oqimining uzluksizligini ta’minlaydi. 1-jadvalda ilmiy tadqiqot bosqichlari va ularda SI ning bajaradigan vazifalari jamlangan.

Ushbu bosqichlarning har birida raqamli infratuzilma (bulutli serverlar, ochiq ma’lumotlar omborlari) hal qiluvchi rol o‘ynaydi. Shu bilan birga, inson ishtirokisiz amalga oshirilgan tahlillar xatoliklarga olib kelishi mumkinligi sababli, inson nazorati doimo ustuvor bo‘lib qolmoqda.

1-jadval. SI ning ilmiy tadqiqot bosqichlaridagi vazifalari

Bosqich	SI ning asosiy vazifasi	Amaliy misol / Yo‘nalish	Manba
Adabiyot qidirish va sharhlash	Maqolalarni tezkor saralash, metama’lumotlarni tahlil qilish	Tizimli sharhlarni avtomatlashtirish	[3], [4]
Ma’lumotlarni tahlil qilish	Katta hajmli statistik va matnli ma’lumotlarni qayta ishlash	Katta ma’lumotlar (Big Data) tahlili	[1]
Ilmiy kashfiyot	Murakkab biologik va fizik tuzilmalarni bashorat qilish	AlphaFold2 va oqsil dizayni (Nobel, 2024)	[6], [7], [8]
Nashrlarni baholash	Taqrizatsiya jarayonini tezlashtirish va sifatni tekshirish	Avtomatlashtirilgan taqriz ko‘makchilari	[5]

Ilmiy kashfiyot: AlphaFold misoli

Oqsil molekulalarining fazoviy tuzilishini aniqlash biologiya fanining so‘nggi ellik yildagi eng murakkab muammolaridan biri bo‘lib kelgan edi. Aminokislotalar zanjirining uch o‘lchamli shaklini laboratoriya usullarida aniqlash yillar va katta mablag‘ talab etardi. 2020-yilda Google DeepMind kompaniyasi tomonidan taqdim etilgan AlphaFold2 modeli bu muammoning yechimini tubdan o‘zgartirdi. Demis Hassabis va John Jumper rahbarligidagi jamoa sun’iy intellekt yordamida ma’lum bo‘lgan deyarli barcha oqsillarning (200 milliondan ortiq) fazoviy tuzilishini bashorat qilishga muvaffaq bo‘ldi.

Mazkur yutuq uchun 2024-yilda Nobel kimyo mukofotining berilishi sun’iy intellektning ilmiy kashfiyotdagi o‘rnini rasman tan olish bo‘ldi. Bugungi kunda ushbu ma’lumotlar bazasidan dunyoning 190 dan ortiq davlatidan kelgan millionlab tadqiqotchilar dori vositalarini yaratish, kasalliklarga qarshi kurashish va yangi fermentlarni loyihalashda foydalanmoqda. Bu esa raqamli texnologiyalar ilm-fanni global miqyosda demokratlashtirayotganini ko‘rsatadi.

Ilmiy nashrlarni baholash va taqriz jarayoni

Ilmiy jurnallarda maqolalarni taqriz qilish bosqichi nashr sifatini ta’minlashning asosiy mexanizmi hisoblanadi. Hozirgi kunda ilmiy maqolalar sonining keskin o‘sishi taqrizchilar zimmasiga ulkan yuklamoqda. O‘tkazilgan tadqiqotlar shuni ko‘rsatadiki, SI vositalari taqrizchining dastlabki tahlil vaqtini 60 foizgacha qisqartirishi mumkin [5]. Shu bilan birga, ilmiy jurnallarning aksariyat qismida hali ham sun’iy intellektni qo‘llash bo‘yicha yagona etik siyosat va me’yorlar to‘liq shakllanmagan.

O‘zbekiston Respublikasida sun’iy intellekt va raqamli fan muhiti

Mamlakatimizda raqamli iqtisodiyot va sun’iy intellekt texnologiyalarini rivojlantirishga qaratilgan qator huquqiy hujjatlar qabul qilingan. Xususan, 2024-yil 14-oktabrdagi PQ-358-sonli Prezident qarori bilan tasdiqlangan “2030-yilgacha sun’iy intellekt texnologiyalarini rivojlantirish strategiyasi” ilmiy muhit uchun keng imkoniyatlar ochmoqda [10]. 2-jadvalda O‘zbekistonda sun’iy intellektni rivojlantirishning asosiy maqsadli ko‘rsatkichlari keltirilgan.

2-jadval. O‘zbekistonda sun’iy intellektni rivojlantirishning asosiy ko‘rsatkichlari

Ko‘rsatkich yo‘nalishi	2030-yilga mo‘ljallangan maqsadli ko‘rsatkich	Me’yoriy asos / Manba
SI dasturiy mahsulotlar hajmi	1,5 milliard AQSh dollariga yetkazish	PQ-358-son qaror [10]
Davlat xizmatlarida SI ulushi	Barcha xizmatlarning kamida 10 foiziga yetkazish	PQ-358-son qaror [10]
Hukumat SI tayyorgarligi indeksi	Jahonning eng yaxshi 50 ta davlati qatoriga kirish	Oxford Insights / [10], [11]
Amaliy loyihalar soni	70 dan ortiq tarmoq loyihalarini to‘liq joriy etish	Raqamli texnologiyalar vazirligi [13]

Toshkent shahridagi yetakchi universitetlar va viloyatlardagi oliy ta’lim muassasalarida sun’iy intellekt laboratoriyalarining tashkil etilishi talabalar va magistrantlarga ilmiy tadqiqotlarda zamonaviy texnologiyalardan foydalanish imkonini bermoqda [12].

Muhokama

Olib borilgan tahlil natijalari shuni ko‘rsatadiki, sun’iy intellekt va raqamli texnologiyalar ilm-fan uchun ham ulkan imkoniyatlar, ham jiddiy metodologik xavflarni tug‘diradi. 3-jadvalda SI ning ilmiy faoliyatdagi imkoniyatlari va ularga mos keluvchi xavflar hamda nazorat mexanizmlari qiyosiy tahlil qilingan.

3-jadval. SI imkoniyatlari va ularga mos xavflar tahlili

Tadqiqot sohasi	Imkoniyatlar va afzalliklar	Metodologik va etik xavflar	Nazorat choralari
Adabiyotlar tahlili	Maqolalarni tezkor saralash va sintez qilish [3]	Manbalarni noto‘g‘ri talqin qilish yoki gallyutsinatsiya [1]	Inson tomonidan asl manbani tekshirish [3]
Ilmiy kashfiyot	Murakkab tuzilmalarni bashorat qilish [6], [7]	Noodatiy obyektlarda aniqlik darajasining pastligi [14]	Eksperimental sinovlar orqali tasdiqlash [14]
Ta’lim jarayoni	Magistrantlarga tahliliy ko‘mak berish [4]	Mustaqil fikrlash qobiliyatining pasayishi [1]	Akademik halollik va ochiqlik siyosati [1]

Imkoniyatlar tahlili. AlphaFold va boshqa zamonaviy modellar ilmiy tadqiqotlarni tubdan tezlashtirib, ilm-fanni yangi bosqichga olib chiqmoqda. Resurslari cheklangan ilmiy markazlar uchun ochiq ma’lumotlar bazalari jahon darajasidagi tadqiqotlarga qo‘shilish imkonini bermoqda [15].

Cheklovlar va xavflar. Sun’iy intellekt modellarining cheklangan jihatlari ham mavjud. Jumladan, kam o‘rganilgan sohalarda xatolikka yo‘l qo‘yish ehtimoli yuqori. Shuningdek, magistrantlar va yosh tadqiqotchilar tomonidan SI dan noto‘g‘ri foydalanish ularning mustaqil ijodiy va tanqidiy fikrlash qobiliyatiga salbiy ta’sir ko‘rsatishi mumkin [1].

Pedagogik yondashuv va amaliy tavsiyalar. Oliy ta’lim muassasalarida, jumladan pedagogika institutlarida magistratura talabalariga ilmiy tadqiqot olib borishda sun’iy intellektdan mas’uliyatli foydalanish ko‘nikmalarini o‘rgatish bugungi kunning eng muhim talabidir. Ilmiy rahbarlar talabalarga SI ni taqiqlash emas, balki uni qanday to‘g‘ri qo‘llash kerakligini o‘rgatishlari zarur [1].

Metodologik va ma’lumotlar xavfsizligi. Mahalliy miqyosda o‘zbek tilidagi ilmiy resurslarni va raqamli korpuslarni rivojlantirish sun’iy intellekt modellarining O‘zbekiston sharoitidagi aniqligini oshiradi. Hukumat strategiyasida ko‘rsatilgan vazifalar aynan shu yo‘nalishdagi muammolarni hal etishga qaratilgan [13], [16].

Xulosa

Raqamli texnologiyalar va sun’iy intellekt zamonaviy ilm-fan rivojida adabiyotlarni o‘rganishdan tortib yangi ilmiy kashfiyotlar qilishgacha bo‘lgan barcha bosqichlarda inqilobiy o‘zgarishlarni keltirib chiqarmoqda. 2024-yilgi Nobel mukofotlari bu jarayonning nafaqat nazariy, balki amaliy ahamiyatini butun jahonga namoyon etdi. Biroq, sun’iy intellekt natijalarini har doim tanqidiy baholash, akademik halollikni saqlash va inson nazoratini ta’minlash qat’iy shart.

O‘zbekistonda amalga oshirilayotgan strategik chora-tadbirlar ilmiy muhitni raqamlashtirish uchun mustahkam zamin yaratmoqda. Tadqiqot natijalari asosida quyidagi amaliy tavsiyalar beriladi:

1. Oliy ta’lim muassasalari va ilmiy jurnallarda sun’iy intellekt vositalaridan foydalanish bo‘yicha aniq etik qoidalar va ochiq siyosatni joriy etish;

2. Magistrantlar va yosh tadqiqotchilar uchun SI texnologiyalaridan mas’uliyatli va to‘g‘ri foydalanish bo‘yicha maxsus o‘quv-uslubiy kurslarni tashkil etish;

3. O‘zbekiston Respublikasining 2030-yilgacha mo‘ljallangan strategiyasida belgilangan SI laboratoriyalari imkoniyatlaridan ilmiy tadqiqotlarda keng foydalanish [10], [12];

4. Mahalliy ilmiy ma’lumotlar bazalari va o‘zbek tilidagi raqamli korpuslarni yaratish hamda rivojlantirish bo‘yicha empirik tadqiqotlarni davom ettirish.

ADABIYOTLAR

1. Heredia Pérez G., Chávez Aguilar V.C. La inteligencia artificial en la investigación científica: una revisión sistemática trienal // SciELO Venezuela, Revista Inclusiones, 2025, vol. 6, no. 3, e603010. URL: https://ve.scielo.org/pdf/ric/v6n3/2739-0063-ric-6-03-e603010.pdf

2. AI in higher education: a systematic literature review // Frontiers in Education, 2024. DOI: 10.3389/feduc.2024.1391485

3. Ge L., Agrawal R., Singer M. et al. Leveraging artificial intelligence to enhance systematic reviews in health research: advanced tools and challenges // Systematic Reviews, 2024, vol. 13, no. 1. DOI: 10.1186/s13643-024-02682-2

4. Tomczyk P. Automating the Systematic Literature Review Process in Management Science Using Artificial Intelligence // MINIB, 2025. DOI: 10.2478/minib-2025-0007

5. Use of AI in peer review: a systematic review using PRISMA 2020, ROBINS-I and CASPe // RICSO, 2025. DOI: 10.57188/RICSO.2025.754

6. EMBL. Computational protein design and protein structure prediction win Nobel Prize in Chemistry. EMBL News, 2024. URL: https://www.embl.org/news/science/alphafold-wins-nobel-prize-chemistry-2024/

7. Google DeepMind. Google DeepMind’s Demis Hassabis & John Jumper awarded Nobel Prize in Chemistry. Google Blog, October 9, 2024. URL: https://blog.google/innovation-and-ai/models-and-research/google-deepmind/google-deepmind-demis-hassabis-john-jumper-nobel-prize-chemistry-alphafold/

8. Utrecht University. Nobel Prize in Chemistry 2024 for AlphaFold2 and protein design. Utrecht University News, 2024. URL: https://www.uu.nl/en/news/nobel-prize-in-chemistry-2024-for-alphafold2-and-protein-design

9. Science News Explores. Predicting and designing protein structures wins a 2024 Nobel Prize. 2024. URL: https://snexplores.org/?p=200955

10. Ministry of Digital Technologies of Uzbekistan. Presidential Decree “Approval of the Strategy for Artificial Intelligence Development until 2030” announced (PQ-358, 14.10.2024). October 16, 2024. URL: https://gov.uz/en/digital/news/view/24510

11. OECD.AI Policy Navigator. The Strategy for the Development of Artificial Intelligence Technologies until 2030 in Uzbekistan. 2024. URL: https://oecd.ai/en/dashboards/policy-initiatives/the-strategy-for-the-development-of-artificial-intelligence-technologies-until-2030

12. Official website of the President of Uzbekistan. Digital technologies’ development plans reviewed. 2024. URL: https://president.uz/en/lists/view/7792

13. Ministry of Digital Technologies of Uzbekistan. Artificial intelligence activity page. URL: https://gov.uz/en/digital/activity_page/sun-iy-intellekt

14. Ynetnews. Nobel Prize in chemistry 2024: Protein structure prediction and design. 2024. URL: https://www.ynetnews.com/health_science/article/bkghh11tkjl

15. University of Nicosia. AI meets academia: transforming systematic literature reviews // Review article, 2025. URL: https://pure.unic.ac.cy/en/publications/ai-meets-academia-transforming-systematic-literature-reviews/

16. UN General Assembly. Strategy of the Republic of Uzbekistan for the development of scientific technologies up to 2030. Document A/79/707, 2024. URL: https://digitallibrary.un.org/record/4071420/files/A_79_707-EN.pdf

17. OECD.AI Policy Navigator. Digital Uzbekistan – 2030. URL: https://oecd.ai/en/dashboards/policy-initiatives/digital-uzbekistan-2030-3968

ӘОЖ 626.8:94(574+575.1)
UDC 626.8:94(574+575.1)

СЫРДАРИЯ ӨҢІРІНІҢ ЕЖЕЛГІ СУАРУ МӘДЕНИЕТІ – ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ ТҮРКІЛІК МҰРАСЫ ЖӘНЕ СУ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

ANCIENT IRRIGATION CULTURE OF THE SYR DARYA REGION AS A COMMON TURKIC HERITAGE OF THE KAZAKH AND UZBEK PEOPLES AND A HISTORICAL FOUNDATION OF WATER SECURITY

Есембай М.Б.
Yessembay M.B.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
e.m.b.4991@gmail.com

Түйін: *Мақалада Сырдария алабының орта және төменгі ағысындағы ежелгі және ортағасырлық суару мәдениеті қазақ және өзбек халықтарының ортақ түркілік мұрасы ретінде қарастырылады. Отырар, Сайрам, Түркістан, Ташкент және Ферғана оазистеріндегі суару жүйелері туралы археологиялық деректер, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны, Әмір Темір тұзықтары және қазақ әдет-ғұрып құқығы ескерткіштері салыстырмалы-тарихи тұрғыда талданды. Зерттеу нәтижесінде екі халықтың су шаруашылығына қатысты негізгі терминдерінің (су, арық, атыз, кәріз, шығыр, мираб, асар) ортақ екені, суды ұжымдық пайдалану мен әділ бөлу қағидаттарының (су кезегі, асар, мирабтық институт) бірдей қалыптасқаны көрсетілді. Тарихи суару мұрасының қазіргі су қауіпсіздігі ұғымымен сабақтастығы негізделді: Қазақстан мен Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейін Сырдария суын бірлесіп басқару ісінде ортақ тарихи тәжірибеге сүйенетін ынтымақтастық тетіктерін қалыптастырды. Сондай-ақ су үнемдейтін суару технологияларын енгізу ата-бабалардың суды қастерлеу дәстүрінің заманауи жалғасы ретінде қарастырылды. Мақала соңында ортақ суару мұрасын бірлесіп зерттеу, оны білім беру бағдарламаларына енгізу және трансшекаралық су ынтымақтастығының гуманитарлық негізін нығайту бойынша ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелерін тарихшылар, су шаруашылығы мамандары және екі ел арасындағы ынтымақтастық мәселелерімен айналысатын сарапшылар пайдалана алады.*

Abstract: *The article examines the ancient and medieval irrigation culture of the middle and lower Syr Darya basin as a common Turkic heritage of the Kazakh and Uzbek peoples. Archaeological evidence on the irrigation systems of the Otrar, Sairam, Turkestan, Tashkent and Fergana oases, Mahmud al-Kashgari's Diwan Lughat al-Turk, Yusuf Balasaguni's Kutadgu Bilig, the Institutes of Amir Timur and records of Kazakh customary law were analysed using a comparative-historical approach. The study shows that the key water-management terms of the two peoples (su/suv, aryq, atyz, kariz, shygyr, mirab, asar/hashar) are shared, and that the principles of collective use and fair distribution of water (water rotation, communal labour, the institution of the mirab) developed in the same way. The continuity between this historical irrigation heritage and the modern concept of water security is substantiated: after gaining independence, Kazakhstan and Uzbekistan established mechanisms for the joint management of the Syr Darya that rest on shared historical experience. The introduction of water-saving irrigation technologies is considered a modern continuation of the ancestral tradition of treating water with care. The article concludes with proposals for joint research on the common irrigation heritage, its inclusion in educational programmes, and strengthening the humanitarian basis of transboundary water cooperation. The results may be used by historians, water management specialists and experts working on cooperation between the two countries.*

Кілттік сөздер: *суару мәдениеті, Сырдария, түркілік мұра, су қауіпсіздігі, мираб, трансшекаралық ынтымақтастық.*

Keywords: *irrigation culture, Syr Darya, Turkic heritage, water security, mirab, transboundary cooperation.*

Кіріспе

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы еліміздің тәуелсіздікке бастаған жолының алғашқы құқықтық негізі болды. Декларацияда республика аумағындағы жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар республиканың меншігі екені жарияланды. Осылайша егемендік ұғымы алғашқы күннен бастап табиғи ресурстарға, соның ішінде суға иелік ету құқығымен тығыз байланыста қалыптасты. Бүгінде Республика күні ретінде аталып өтетін бұл тарихи күн мемлекеттілік пен табиғи байлықтың, ең алдымен жер мен судың ажырамас бірлігін еске салады.

Орталық Азия жағдайында су – тіршілік пен егіншіліктің, демек мемлекеттіліктің де басты шарты. Қазақстан мен Өзбекстанды ғасырлар бойы Сырдария мен Әмудария алаптары байланыстырып келеді. Сырдарияның орта ағысындағы Шаш (Ташкент), Ферғана, Исфиджаб (Сайрам), Отырар

(Фараб), Ясы (Түркістан), Сығанақ, Жент сияқты қалалар мен оазистер біртұтас тарихи-мәдени кеңістік құрады. Бұл кеңістікте көшпелі түркі тайпалары мен отырықшы егіншілер қатар өмір сүріп, суару мәдениетін бірлесіп дамытты. Бүгінгі қазақ және өзбек халықтары осы мұраның заңды мұрагерлері болып табылады.

Қазіргі таңда климаттың өзгеруі, мұздықтардың қысқаруы, халық санының өсуі және суармалы егіншіліктің кеңеюі салдарынан аймақтағы су тапшылығы күшейіп келеді. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Қазақстан үшін трансшекаралық су ресурстарын әділ әрі тиімді бөлу ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Мұндай жағдайда көршілес елдер арасындағы ынтымақтастықтың экономикалық және құқықтық қана емес, тарихи-мәдени негізін де зерделеу маңызды. Ортақ суару мәдениеті туралы тарихи жады өзара сенімді нығайтып, су дипломатиясына гуманитарлық тірек бола алады.

Зерттеудің мақсаты – Сырдария өңірінің ежелгі суару мәдениетін қазақ және өзбек халықтарының ортақ түркілік мұрасы ретінде талдап, оның қазіргі су қауіпсіздігі мен екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік үшін маңызын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: ежелгі және ортағасырлық суару жүйелері туралы деректерді жүйелеу; су шаруашылығына қатысты ортақ лексиканы салыстыру; суды пайдалануды реттеудің дәстүрлі институттарын анықтау; тарихи мұраның тәуелсіздік кезеңіндегі су ынтымақтастығымен сабақтастығын көрсету.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің дереккөздік негізін үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азиядағы ежелгі суару жүйелері туралы археологиялық және тарихи-географиялық еңбектер жатады. Олардың ішінде В.В. Бартольдтың Түркістанның суару тарихына арналған іргелі зерттеуі [1], Я.Ғ. Ғұломовтың Хорезм суару тарихы туралы монографиясы [2], В.А. Грошевтің Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық ирригациясына арналған еңбегі [3] және К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович жүргізген Отырар оазисін зерттеу нәтижелері [4] ерекше маңызға ие.

Екінші топты жазба ескерткіштер құрайды: Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі [5], Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны [6], Әмір Темірдің тұзықтары [7] және қазақ әдет-ғұрып құқығының жинақталған материалдары [8]. Үшінші топқа тәуелсіздік кезеңінде қабылданған халықаралық келісімдер мен ұлттық заңнама [9; 10; 11], сондай-ақ Орталық Азиядағы су ресурстарын интеграцияланған басқару жөніндегі зерттеулер [12] енгізілді.

Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, ретроспективті және тарихи-генетикалық әдістер қолданылды. Су шаруашылығы терминдерін салыстыру үшін лингвистикалық салыстыру әдісі, ал халықаралық келісімдер мен ұлттық заңнаманы талдау үшін салыстырмалы-құқықтық әдіс пайдаланылды. Сонымен қатар «су – жер – қоғам – мемлекет» байланысын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Сырдария өңірінің ежелгі және ортағасырлық суару жүйелері

Археологиялық деректер Сырдария алабында суармалы егіншіліктің тым ерте қалыптасқанын көрсетеді. Сырдарияның төменгі ағысындағы Шірік-Рабат, Бәбіш-молда сияқты ежелгі қоныстардың тұрғындары б.з.д. I мыңжылдықтың өзінде суармалы егіншілікпен айналысқан, ал орта ағыстағы Отырар–Қаратау мәдениеті кезеңінде арық жүйелері біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан бастап кең тараған. Арыс өзенінің Сырдарияға құяр сағасында орналасқан Отырар оазисі ортағасырлық Қазақстандағы ең ірі суармалы аймақтардың бірі болды. Зерттеушілер оазис аумағында Арыс пен Сырдариядан тартылған магистральдық арықтардың, олардан тарамдалған тармақ арықтардың және егістік атыздарының күрделі желісін анықтаған [3; 4]. Мұндай жүйені салу және ұстау көп адамның ұйымшыл еңбегін, су деңгейі мен жер бедерін жетік білуді, сондай-ақ суды бөлудің қатаң тәртібін талап етті.

Ұқсас үрдістер Ташкент және Ферғана оазистерінде де байқалады. Шыршық пен Ахангаран өзендерінің суын пайдаланған Шаш иелігінде, сондай-ақ Ферғана аңғарында тау етегіндегі бұлақтар мен өзендерден тартылған арық жүйелері ортағасырлық қалалардың өркендеуіне негіз болды. В.В. Бартольд Түркістан өлкесінің тарихи тағдыры суару жүйелерінің жай-күйімен тікелей байланысты болғанын, саяси тұрақтылық кезеңдерінде ирригацияның гүлденіп, соғыс пен ыдырау кезеңдерінде құлдырағанын атап көрсеткен [1]. Бұл тұжырым су шаруашылығының мемлекеттілікпен тығыз байланысын айқын дәлелдейді: суару жүйесі мемлекет қуатының әрі өлшемі, әрі негізі болды.

Сырдария өңірінде суды пайдаланудың табиғи жағдайға бейімделген бірнеше технологиясы қалыптасты. Тау етегіндегі аймақтарда жер асты суын жинап, жер бетіне ағызатын кәріз жүйелері қолданылды. Су деңгейі егістіктен төмен жерлерде суды көтеру үшін шығыр (өзб. chig'ir) – доңғалақты су көтергіш құрылғы пайдаланылды. Құрғақ дала мен керуен жолдары бойында жаңбыр мен еріген қар

суын жинайтын тоғандар мен жабық су қоймалары салынды. Бұл технологиялардың барлығы судың әр тамшысын ұқыпты пайдалануға бағытталған еді.

Әмудария төменгі ағысындағы Хорезм өңірінің суару тарихы да екі халықтың ортақ мұрасы болып табылады. Я.Ғ. Ғұломовтың зерттеуі Хорезмде суару жүйелерінің ежелгі дәуірден бері үздіксіз дамығанын, ірі каналдардың құрылысы мен күтімі мемлекеттік биліктің басты қызметтерінің бірі болғанын көрсетті [2]. Хорезм мен Сырдарияның төменгі ағысы арасындағы тарихи-мәдени байланыстар бұл тәжірибенің кең аумаққа таралуына ықпал етті.

Су шаруашылығы лексикасының ортақтығы

Ортақ суару мәдениетінің маңызды дәлелі – су шаруашылығына қатысты лексиканың ортақтығы. XI ғасырда жазылған Махмұд Қашқаридің сөздігінде «сув» (су), «арық» (су жүретін жол, канал), «көл», «құдұғ» (құдық) сияқты сөздер тіркелген [5]. Бұл сөздер бүгінгі қазақ және өзбек тілдерінде шамалы фонетикалық өзгерістермен сақталған. Салыстыру нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Қазақ және өзбек тілдеріндегі су шаруашылығына қатысты ортақ терминдер

Қазақ тілінде	Өзбек тілінде	Мағынасы
су	suv	су, тіршілік көзі
арық	ariq	суару каналы
атыз	atiz	суарылатын егістік бөлігі
кәріз	koriz	жер асты су жүйесі
құдық	quduq	жер астынан су алатын құрылыс
бұлақ	buloq	жер астынан шығатын бастау
көл	ko'l	көл, табиғи су айдыны
тоған	to'g'on	су жинайтын бөген, тоспа
шығыр	chig'ir	доңғалақты су көтергіш
мираб	mirob	суды бөлуге жауапты адам
асар	hashar	ұжымдық көмек, жұртшылық еңбегі

Кестедегі терминдердің бір бөлігі (су, арық, көл, құдық, бұлақ) түркі тілдерінің төл сөздік қорына жатады. Екінші бөлігі (кәріз, мираб, асар) парсы және араб тілдерінен ертеде еніп, екі халықтың тілінде бірдей мағынада қалыптасқан. Соңғы құбылыстың өзі қазақ және өзбек халықтарының ортақ мәдени-шаруашылық кеңістікте өмір сүргенін және кірме сөздерді бір арнамен қабылдағанын көрсетеді. Атыз, шығыр, тоған сынды сөздердің де екі тілде ортақ қолданылуы суармалы егіншілік тәжірибесінің бір тамырдан өсіп-өнгенін айғақтайды.

Суды пайдаланудың дәстүрлі институттары

Суару жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін суды пайдаланудың дәстүрлі институттары қалыптасты. Олардың ең маңыздысы – мирабтық институт. Мираб ауыл немесе арық бойындағы қауым тарапынан сайланып, суды су кезегі бойынша бөлуге, арықтардың тазалығы мен бөгеттердің жай-күйін қадағалауға, су дауларын шешуге жауапты болды. Мирабтың беделі мен әділдігі бүкіл қауымның тіршілігіне әсер ететін болғандықтан, бұл қызметке тәжірибелі әрі сыйлы адамдар сайланды.

Арықтарды жыл сайын тазалау, жаңа каналдар қазу және бөгеттерді жөндеу асар (өзб. hashar) арқылы жүзеге асырылды. Асар – қауым мүшелерінің ортақ іске ерікті түрде жұмылуы, өзара көмектің дәстүрлі түрі. Бұл дәстүр екі халықта да күні бүгінге дейін сақталып, қоғамдық бірліктің символына айналды. Асардың су шаруашылығындағы рөлі суды ортақ игілік ретінде қабылдау түсінігінің терең тамыры бар екенін көрсетеді.

Суды пайдалану ережелері мемлекеттік деңгейде де реттелді. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында әділ билеушінің басты міндеттерінің бірі ел-жұрттың тұрмысын түзеу, жерді гүлдендіру екендігі айтылады [6]. Әмір Темірдің тұзықтарында иесіз жатқан жерді игерген немесе жаңа арық қазған адамға жеңілдік беру туралы ережелер кездеседі [7]. Ал қазақ әдет-ғұрып құқығында

құдық қазған немесе арық тартқан адамның оны пайдалануда басымдық құқығы танылып, жер мен суға байланысты даулар билер сотында қаралды [8]. Демек, суды әділ бөлу, суару құрылыстарын жасағандарды ынталандыру және дауды бейбіт шешу қағидаттары түркі мемлекеттілігінің ортақ құндылықтары болды.

Тарихи мұрадан қазіргі су қауіпсіздігіне

КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азия республикалары бұрын бір орталықтан басқарылған су шаруашылығы кешенін жаңа мемлекеттік шекаралармен бөлінген күйде мұраға алды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер су ресурстарын бөлісуде қақтығыс жолына емес, ынтымақтастық жолына түсті. 1992 жылғы 18 ақпанда Алматыда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан мемлекетаралық су көздерінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды [9]. Келісім негізінде Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы құрылып, су бөлудің бұрыннан қалыптасқан тәртібін сақтау қағидаты бекітілді.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы су ынтымақтастығы екіжақты деңгейде де дамып келеді. 2022 жылғы 22 желтоқсанда Ташкентте қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт екі елдің қарым-қатынасын жаңа сапалық деңгейге көтерді [10]. Шарт экономика, көлік, энергетика және су ресурстарын ұтымды пайдалану сияқты салалардағы ынтымақтастықты тереңдетуге құқықтық негіз қалады. Бұл құжат екі халықтың ғасырлар бойғы көршілік пен туыстық дәстүрінің заңды жалғасы болып табылады.

Сырдария алабындағы су шаруашылығы инфрақұрылымы да екі елді өзара байланыстырады. Қазақстан аумағындағы Шардара су қоймасы, Қызылқұм каналы және Мақтаарал алабының суару жүйелері өзеннің жоғарғы және орта ағысындағы су режиміне тікелей тәуелді. Сондықтан вегетациялық кезеңде су беру кестесін келісу, су тасқыны кезінде жедел ақпарат алмасу және су қоймаларының жұмыс режимін үйлестіру екі ел үшін ортақ мүдде болып табылады. Бұл міндеттерді тиімді шешу бір-біріне сенім артуды талап етеді, ал мұндай сенімнің ғасырлық негізі ортақ тарих пен ортақ су мәдениетінде жатыр.

Ұлттық деңгейде су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық база жетілдірілуде. 2025 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Су кодексі су ресурстарын қорғау, суды үнемдеу, су пайдалануды цифрландыру және трансшекаралық су ынтымақтастығы мәселелерін жаңа деңгейде реттейді [11]. Суды үнемдейтін технологияларды енгізу мемлекеттік су саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Тарихи мұра мен қазіргі су саясаты арасындағы сабақтастықты бірнеше бағыт бойынша байқауға болады (2-кесте).

2-кесте – Дәстүрлі суару мәдениеті мен қазіргі су саясатының сабақтастығы

Дәстүрлі қағидат	Тарихи көрінісі	Қазіргі жалғасы
Суды әділ бөлу	Су кезегі, мирабтың қадағалауы	Мемлекетаралық деңгейде су бөлу лимиттерін келісу
Ұжымдық жауапкершілік	Арықтарды асармен тазалау	Су пайдаланушылар бірлестіктері, қоғамдық бақылау
Суды үнемдеу	Кәріз, шығыр, атыздық суару	Тамшылатып және жаңбырлатып суару технологиялары
Дауды бейбіт шешу	Билер соты, ақсақалдар кеңесі	Мемлекетаралық келіссөздер, су дипломатиясы
Суару құрылысын ынталандыру	Арық қазған адамға жеңілдік беру	Су үнемдейтін технологияларды субсидиялау

Кестеден көрініп тұрғандай, қазіргі су саясатының негізгі қағидаттары – әділдік, ұжымдық жауапкершілік, үнемділік және келісім – ата-бабаларымыздың суару тәжірибесінде ғасырлар бойы қалыптасқан. Бұл қағидаттардың екі халықта бірдей болуы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы су ынтымақтастығын мәдени тұрғыдан жеңілдетеді: тараптар бір-бірінің құндылықтары мен уәждерін жақсы түсінеді.

Ерекше атап өтетін жайт – су үнемдейтін суару технологиялары. Қазақтың «Судың да сұрауы бар» деген мақалы суды ысырап етпеу, оның әр тамшысына жауапкершілікпен қарау қағидатын білдіреді. Бүгінгі таңда Түркістан облысының суармалы алқаптарында тамшылатып суару және дөңгелек әрекетті жаңбырлатқыш машиналар арқылы суару тәжірибесі кеңейіп келеді. Мұндай

технологиялар дәстүрлі жүйек арқылы суарумен салыстырғанда суды едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді [12]. Демек, заманауи технологиялар ата-баба дәстүрін жоққа шығармайды, керісінше, оны жаңа деңгейде жалғастырады.

Халықаралық әдебиетте Орталық Азиядағы трансшекаралық су мәселесі кейде ықтимал қақтығыстардың көзі ретінде сипатталады. Алайда тәуелсіздік жылдарындағы тәжірибе мемлекеттердің су мәселелерін келіссөздер мен бірлескен институттар арқылы шешуге ұмтылатынын көрсетті [12]. Біздің зерттеу нәтижелері бұл тұжырымды тарихи тұрғыдан толықтырады: Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы су ынтымақтастығы ортақ тарихи тәжірибеге, ортақ құндылықтар мен ортақ терминологияға сүйенеді. Мұндай мәдени жақындық келіссөздер барысында өзара түсіністікке қол жеткізуді жеңілдетеді.

Ортақ мұраны сақтау мен дамытуда білім беру мен ғылымның рөлі зор. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде Өзбекстанның серіктес жоғары оқу орнымен бірлесіп сумен жабдықтау жүйелерін басқару саласындағы магистратура бағдарламасы жүзеге асырылуда. Мұндай бірлескен бағдарламалар екі елдің болашақ су шаруашылығы мамандарын ортақ кәсіби тілде сөйлеуге, өңірдің су проблемаларын бірлесіп шешуге баулиды.

Зерттеу нәтижелері бойынша ортақ суару мұрасын нығайтудың мынадай бағыттарын ұсынуға болады: біріншіден, Отырар, Сайрам, Ташкент және Ферғана оазистеріндегі тарихи суару ескерткіштерін қазақстандық және өзбекстандық ғалымдардың бірлесіп зерттеуі; екіншіден, су шаруашылығы мамандарын даярлайтын білім беру бағдарламаларына «Орталық Азияның суару тарихы» тақырыбындағы модульдерді енгізу; үшіншіден, дәстүрлі суару тәжірибесін (су кезегі, асар, мирабтық институт) су пайдаланушылар бірлестіктерінің жұмысында ескеру; төртіншіден, тарихи суару мұрасын насихаттау арқылы жастардың су мәдениетін қалыптастыру.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды.

1. Сырдария алабының ежелгі және ортағасырлық суару мәдениеті қазақ және өзбек халықтарының ортақ тарихи-мәдени кеңістігінде қалыптасқан біртұтас түркілік мұра болып табылады.

2. Су шаруашылығы лексикасының ортақтығы және суды пайдаланудың дәстүрлі институттарының (су кезегі, мираб, асар) бірдейлігі екі халықтың су мәдениетінің бір тамырдан өсіп-өнгенін дәлелдейді.

3. Суды әділ бөлу, ұжымдық жауапкершілік, үнемділік және дауды бейбіт шешу қағидаттары қазіргі су қауіпсіздігі мен трансшекаралық су ынтымақтастығының тарихи негізін құрайды.

4. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мен Өзбекстан су ресурстарын бірлесіп басқарудың тетіктерін қалыптастырды, ал 2022 жылғы одақтастық қатынастар туралы шарт бұл ынтымақтастықтың жаңа кезеңін ашты.

5. Су үнемдейтін технологияларды енгізу, бірлескен ғылыми зерттеулер мен білім беру бағдарламаларын дамыту ортақ мұраны сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды жолы болып табылады.

Ата-бабаларымыздан мұра болған суды қастерлеу мәдениеті – Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтудың, қазақ және өзбек халықтарының достығын тереңдетудің сарқылмас рухани қайнары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. – СПб., 1914.

2. Гулямов Я.Г. История орошения Хорезма с древнейших времен до наших дней. – Ташкент: Изд-во АН УзССР, 1957.

3. Грошев В.А. Ирригация Южного Казахстана в средние века. – Алма-Ата: Наука, 1985.

4. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар (топография, стратиграфия, перспективы). – Алма-Ата: Наука, 1972.

5. Махмуд Қашқари. Түрік сөздігі: 3 томдық / ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997–1998.

6. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / ауд. А. Егеубай. – Алматы: Жазушы, 1986.

7. Темур тузуклари / форс тилидан А. Соғуний ва Ҳ. Кароматов тарж. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги нашриёт, 1991.

8. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер: 10 томдық. – Алматы: Жеті жарғы, 2004–2008.

9. Соглашение о сотрудничестве в сфере совместного управления использованием и охраной водных ресурсов межгосударственных источников. – Алматы, 18 февраля 1992 г.

10. Договор между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан о союзнических отношениях. – Ташкент, 22 декабря 2022 г.

11. Қазақстан Республикасының Су кодексі. – Астана, 2025.

12. Духовный В.А., Соколов В.И., Мантритилаке Х. Интегрированное управление водными ресурсами: от теории к практике. Опыт Центральной Азии. – Ташкент: НИЦ МКВК, 2008.

UDK 72.025:94(575.1)
UDC 72.025:94(575.1)

MUSTAQILLIK YILLARIDA FARG‘ONA VODIYSI TARIXIY-ME’MORIY OBIDALARINING QAYTA TIKLANISHI: AUTENTIKLIK, INSTITUTSIONAL ASOSLAR VA TURIZM INTEGRATSIYASI (ANDIJON, NAMANGAN VA FARG‘ONA VILOYATLARI MISOLIDA)

RESTORATION OF THE HISTORICAL AND ARCHITECTURAL MONUMENTS OF THE FERGANA VALLEY IN THE YEARS OF INDEPENDENCE: AUTHENTICITY, INSTITUTIONAL FRAMEWORK AND TOURISM INTEGRATION (CASE OF THE ANDIJAN, NAMANGAN AND FERGANA REGIONS)

Abdug‘ofurov M.A.
Abdugofurov M.A.
Andijon davlat pedagogika instituti, Andijon, O‘zbekiston
Andijan State Pedagogical Institute, Andijan, Uzbekistan

Annotatsiya: *Maqolada O‘zbekiston mustaqilligidan keyingi davrda Farg‘ona vodiysining Andijon, Namangan va Farg‘ona viloyatlaridagi tarixiy-me’moriy obidalarning saqlanishi va qayta tiklanishi jarayonlari tarixiy-qiyosiy va tizimli tahlil asosida o‘rganilgan. Sho‘rolar davrida yig‘ilib qolgan “kechiktirilgan zarar” omillari, madaniy merosni muhofaza qilishning huquqiy-institutsional asoslari hamda Jome masjidi, Bog‘i Bobur, Qutayba ibn Muslim ziyoratgohi, Mulla Qirg‘iz va Mulla Bozor Oxund madrasalari, Said Ahmadxo‘ja madrasasi, Xudoyorxon o‘rdasi, Axsikent va Is’hoqxon Ibrat yodgorlik majmuasi misolida restavratsiya amaliyoti baholangan. Tadqiqot natijasida tiklash ishlarining ijobiy ijtimoiy-iqtisodiy ta’siri bilan birga autentiklik, qaytaruvchanlik va tarixiy muhit yaxlitligi mezonlari bo‘yicha muammolar aniqlandi. Shuningdek, vodiy merosining O‘zbekiston–Qozog‘iston tarixiy va madaniy aloqalari, xususan Qo‘qon xonligi davridagi hududiy bog‘liqlik hamda Turkistondagi Xoja Ahmad Yassaviy maqbarasi kabi umumiy meros obyektlari bilan uzviyligi qisqacha yoritilgan. Maqolada obidalardan barqaror foydalanishning ilmiy-amaliy modeli, shuningdek, ikki davlat o‘rtasida transchegaraviy turistik marshrutlar, restavratorlar tayyorlash va raqamli monitoring standartlarini uyg‘unlashtirish sohasida hamkorlik bo‘yicha takliflar ilgari surilgan. Natijalar madaniy meros siyosatini takomillashtirishda, turizm yo‘nalishlarini ishlab chiqishda hamda ta’lim jarayonida qo‘llanilishi mumkin.*

Abstract: *The article examines the preservation and restoration of historical and architectural monuments in the Andijan, Namangan and Fergana regions of the Fergana Valley after Uzbekistan’s independence. Using historical-comparative, systemic and case-study methods, it analyses the Soviet-era legacy of “deferred damage”, the legal and institutional framework of heritage protection, and restoration practice at the Andijan Jome Mosque, Bog‘i Bobur, the Qutayba ibn Muslim shrine, the Mulla Qirg‘iz and Mulla Bozor Okhund madrasas, the Said Ahmadkhoja madrasa, the Khudoyarkhan Palace, Akhsikent and the Ishoqkhan Ibrat memorial complex. The study shows that restoration has strengthened national identity, employment and cultural tourism, yet problems of authenticity, reversibility and the integrity of the historic setting remain. The article also briefly places the heritage of the valley in the context of Uzbekistan–Kazakhstan historical and cultural ties, in particular the territorial links of the Kokand Khanate period and shared heritage sites such as the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi in Turkistan. A practical model for the sustainable use of heritage sites is proposed, together with recommendations for bilateral cooperation in cross-border tourist routes and the training of restorers.*

Kalit so‘zlar: *Farg‘ona vodiysi, me’moriy meros, restavratsiya, autentiklik, madaniy turizm, Yangi O‘zbekiston, O‘zbekiston–Qozog‘iston hamkorligi.*

Keywords: *Fergana Valley, architectural heritage, restoration, authenticity, cultural tourism, New Uzbekistan, Uzbekistan–Kazakhstan cooperation.*

Kirish

Tarixiy-me’moriy obidalar xalqning moddiy xotirasi, milliy o‘zlikni anglash va avlodlar o‘rtasidagi uzviylikning asosiy ifodasidir. Mustaqillik yillarida madaniy merosni asrash davlat siyosatining ustuvor yo‘nalishlaridan biriga aylandi. Bu yo‘nalish Yangi O‘zbekiston taraqqiyot strategiyasida va “Uchinchi

Renessans” g‘oyasida yanada kengaytirildi: meros obyektlari endi nafaqat o‘tmish guvohi, balki hududiy rivojlanish, turizm va ma’naviy-ma’rifiy tarbiya resursi sifatida ham talqin etilmoqda [1; 2].

Farg‘ona vodiysi O‘zbekistonning zich joylashgan, qadimiy shaharsozlik va me’morchilik an’analariga ega hududlaridan biridir. Bu yerda diniy (masjid, madrasa, ziyoratgoh), madaniy (saroy, maqbara, karvonsaroy) va ko‘ngilochar (bog‘, xiyobon) yodgorliklar qatlam-qatlam shakllangan. Biroq mavjud adabiyotlarning katta qismi alohida obyektlar yoki arxeologik masalalarga qaratilgan bo‘lib, mustaqillik davridagi tiklash jarayonlarini uchta viloyat kesimida tizimli va qiyosiy o‘rgangan tadqiqotlar yetarli emas. Ayni shu holat mavzuning dolzarbligini belgilaydi.

Tadqiqotning maqsadi — mustaqillik yillarida Farg‘ona vodiysi tarixiy-me’moriy obidalarining qayta tiklanish jarayonlarini tahlil qilish, ularning ilmiy-metodik jihatdan asoslanganligini baholash va ijtimoiy-madaniy hamda turistik ta’sirini aniqlashdir.

Tadqiqot vazifalari: (1) sho‘rolar davridagi munosabat va uning oqibatlarini aniqlash; (2) huquqiy-institutsional asoslarni o‘rganish; (3) Andijon, Namangan va Farg‘ona viloyatlaridagi aniq obyektlar tajribasini qiyosiy tahlil qilish; (4) tiklangan obyektlarning turizm va yosh avlod tarbiyasidagi o‘rnini baholash; (5) vodiy merosining O‘zbekiston–Qozog‘iston tarixiy-madaniy hamkorligi kontekstidagi o‘rnini qisqacha yoritish; (6) amaliy takliflar ishlab chiqish.

Adabiyotlar tahlili va metodologiya

Restavratsiya nazariyasida obidani tiklash uchun avval me’moriy va muhandislik-texnik tadqiqot, bibliografik va arxiv izlanishlari o‘tkazilishi, qurilish tarixi, buyurtmachi va usta haqidagi ma’lumotlar to‘planishi talab etiladi [5]. Xalqaro tajribada esa autentiklik, minimal aralashuv va qaytaruvchanlik (reversibility) tamoyillari ustuvor hisoblanadi (Venetsiya xartiyasi, 1964; YUNESKO Operatsion yo‘riqnomasi) [9; 10]. Meros va turizm munosabatlari Ashworth va Tunbridge tomonidan “turistik-tarixiy shahar” konsepsiyasi doirasida nazariy asoslangan [8].

Vodiy hududiga oid ishlar orasida Andijon va Namangan ziyoratgohlari [6], Namangan viloyati me’moriy obidalari [7], Qo‘qon xonligi tarixi [11], Andijon viloyatining turistik salohiyati [12] hamda Marg‘ilon yodgorliklarining ma’naviy hayotdagi o‘rni [13] masalalari yoritilgan.

Tadqiqotda tarixiy-qiyosiy, tizimli tahlil, hujjatlar (farmon, qarorlar) tahlili, case-study (aniq obyektlar tahlili) va davrlashtirish usullaridan foydalanildi. Obyektlar quyidagi mezonlar bo‘yicha baholandi: tiklash bosqichlari, material va bezakning autentikligi, tarixiy muhit yaxlitligi, funksiya va turistik ta’sir.

Natijalar va muhokama

1. Sho‘rolar davri merosi: “kechiktirilgan zarar”

Sho‘rolar davrida meros siyosati bir xil bo‘lmagan: avval diniy binolarning ommaviy yopilishi va ombor, klub, ustaxona kabi vazifalarga moslashtirilishi, keyinchalik esa ayrim obidalarning davlat nazoratida qisman muhofaza qilinishi kuzatildi. Bu jarayonning muhim jihati shuki, ro‘yxatga olish obidaning sifatli ta’mirlanishini kafolatlamagan: ko‘plab obyektlar “nomigagina muhofazada” qolgan. Funksiyasi o‘zgargan gumbazli zallar, ganchkorlik va yog‘och o‘ymakorligi namlik rejimi buzilishi, noo‘rin materiallar (masalan, sement) va shahar transporti tebranishi ta’sirida yemirildi. Natijada mustaqillik davrida tiklash uchun ko‘proq resurs talab qiluvchi “kechiktirilgan zarar” to‘planib qolgan edi.

Bu davr ta’mirlari uslubi ham muhim: masalan, Qutayba ibn Muslim ziyoratgohi 1974–1978-yillarda hashar yo‘li bilan sovet konstruktivizmiga xos soddalashtirilgan ko‘rinishda ta’mirlangan (oq bo‘yalgan devorlar, metall tom konstruksiyasi), 2019–2020-yillardan keyingi keng ko‘lamli ishlar esa uni butunlay boshqa me’moriy qiyofaga olib keldi.

2. Huquqiy-institutsional asoslar

Mustaqillik davlat suverenitetining huquqiy asoslarini yaratdi va madaniy merosga munosabatni o‘zgartirdi. Konstitutsiyaning dastlabki tahririda fuqarolarning tarixiy, ma’naviy va madaniy merosni avaylab-asrash burchi hamda madaniyat yodgorliklarining davlat muhofazasida ekanligi mustahkamlangan edi (49-modda). Keyinchalik “Madaniy meros obyektlarini muhofaza qilish va ulardan foydalanish to‘g‘risida”gi qonun [4], 2022-yildagi Taraqqiyot strategiyasi [2] va “Turizm, madaniy meros va sport sohalarida davlat boshqaruvini takomillashtirishga doir tashkiliy chora-tadbirlar to‘g‘risida”gi PF-75-son Farmon [3] sohani tizimlashtirdi. So‘nggi yillarda ro‘yxatga olish, muhofaza zonalarini belgilash, loyihalarni ekspertizadan o‘tkazish va raqamli monitoring talablari kuchaygani sezilmoqda. Shu bilan birga, amaliyotda nomuvofiqliklar saqlanib qolmoqda: autentik materiallar o‘rniga zamonaviy materiallardan foydalanish, bezaklarning soddalashtirilishi, tarixiy hududlarda reklama va kommunikatsiyalarning noto‘g‘ri joylashtirilishi.

3. Andijon viloyati tajribasi

Bog‘i Bobur. 1992-yilda Bobur nomidagi xalqaro jamoat fondi tashkil etilib, Z. Mashrabov rahbarligidagi ilmiy ekspeditsiyalar uyushtirilgan; jami besh marta ekspeditsiya o‘tkazilgan va 1993-yilda Boburning 510 yilligi munosabati bilan 357 gektar maydonda “Bog‘i Bobur” memorial majmuasi bunyod

etilgan. Bu loyiha tarixiy xotirani tiklashning yorqin namunasi bo‘lib, tiklash jarayoni jamoat tashabbusi va ilmiy-ma’rifiy ekspeditsiyalar bilan uyg‘unlashganini ko‘rsatadi.

Andijon Jome masjidi. XIX asr oxirida qurilgan masjid mustaqillik davrida uch bosqichda tiklangan: 1991–2000-yillarda favqulodda holatdagi devor va tom konstruksiyalari mustahkamlanib, diniy faoliyat tiklandi; 2000–2010-yillarda gumbaz, peshtoq va minoralar restavratsiya qilinib, ganch o‘ymakorligi va epigrafika qayta ishlandi; 2010-yildan keyin muhandislik tarmoqlari yangilanib, hudud obodonlashtirildi. Tarixiy rang palitrasi (ko‘k, oq, yashil) saqlanishi autentiklik nuqtayi nazaridan ijobiy baholanadi, biroq hudud kengaytirilib yangi ayvon va yordamchi binolar qurilgani tarixiy muhit yaxlitligini alohida nazorat qilishni talab etadi.

Qutayba ibn Muslim ziyoratgohi (Jalaquduq). Obyekt 1998-yilda ro‘yxatga olinib, 2006-yilda davlat muhofazasiga olingan; 2020-yildan boshlangan qurilish va obodonlashtirish ishlariga qariyb 25 milliard so‘m sarflangan. Majmuada 5 ming namozxonga mo‘ljallangan masjid, muzey, kutubxona, 20 metrli gumbaz va landshaft yechimlari barpo etilgan. Restavratsiya jarayonida XII–XIII asrlarga oid artefakt topilgani obyektning ilmiy qimmatini ko‘rsatadi. Biroq bu yerda tiklash o‘rniga yangi qurilish ulushining kattaligi masalasini ham ta’kidlash lozim: obyektning tarixiy asl qatlami va yangi majmua nisbati ochiq hujjatlashtirilishi zarur.

4. Namangan viloyati tajribasi

Mulla Qirg‘iz madrasasi (1910–1912) Chorsu maydonida joylashgan, rejada notekis besh burchak shaklida. Madrasada uch marta ta’mirlash o‘tkazilgan; 2004-yildan boshlangan so‘nggi ishlarda poydevorlar ochilib, hujralar, devor va xonaqohlar ta’mirlangan, deraza-eshiklar yangilangan, old ko‘cha obodonlashtirilgan.

Mulla Bozor Oxund majmuasi esa “tiklash” (rekonstruksiya)ning o‘ziga xos misoli: madrasa va maqbara XX asrning 30-yillarida nivelirlash siyosati natijasida buzilgan; 1990-yilda aholi hashar yo‘li bilan qurilishni boshlagan, 1993-yilda qayta tiklash qarori qabul qilingan va 1994-yil 18-mayda ishlar yakunlangan. Majmua 2006-yilda mahalliy toifadagi madaniy meros obyekti sifatida muhofazaga olingan. Ushbu holat shuni ko‘rsatadiki, yo‘qolgan obida qayta bunyod etilganda u “asl yodgorlik” emas, balki “xotira yodgorligi” maqomida talqin etilishi, hujjatli asoslar bilan birga ochiq e’lon qilinishi kerak.

Zamonaviy meros obyektlari va arxeologiya. Namangan shahridagi Qosimxon jome masjidi (2017–2021) 15 ming namozxonga mo‘ljallangan bo‘lib, “Afsonalar vodiysi” majmuasi bilan birga shaharning yirik madaniy-turistik nuqtasiga aylangan. Axsikent (taxminan 100 gektar saqlangan qismi) vodiydagi eng yirik arxeologik yodgorlik sifatida ochiq osmon ostidagi muzey sifatida rivojlantirilmoqda; qazishmalarda hunarmandlar mahallasi, hammom, jome masjid, mudofaa devorlari va Ark aniqlangan. To‘raqo‘rg‘ondagi Is’hoqxon Ibrat yodgorlik majmuasi (Vazirlar Mahkamasining 2017-yil 13-apreldagi qaroriga asosan) bog‘-xiyobon, haykal, hunarmandlik markazi, maktab-internat va bosmaxonani o‘z ichiga olgan bo‘lib, meros va ta’lim funksiyasini birlashtirgan.

5. Farg‘ona viloyati tajribasi

Marg‘ilondagi **Said Ahmadxo‘ja madrasasi** (XIX asr oxiri) sharq va yevropa uslublarini uyg‘unlashtirgan, seysmik sharoitni hisobga olgan holda devorlari yog‘och ramka bilan mustahkamlangan; 2007-yilda rekonstruksiya qilinib, atrofida bog‘ barpo etilgan. **Xudoyorxon o‘rdasi** 2009–2011-yillarda restavratsiya qilingan, 2020–2025-yillarda esa kompleks yondashuv asosida yangilanmoqda. Muhim kuzatuv: Xalqaro hunarmandlar festivali tufayli o‘rdaning ahamiyati oshgan bo‘lsa-da, kirish qismidagi dekorativ maydon qisqarib, yashil o‘rin beton qoplamaga almashgan. Bu holat tarixiy muhit va zamonaviy funksiya (festival maydoni) o‘rtasidagi muvozanatni saqlash zarurligini ko‘rsatadi. Hozirda o‘rdada 2 hovli va 19 ta xona saqlanib qolgan va u 2019-yilgi qonunga muvofiq muzey-qo‘riqxona sifatida muhofazaga olingan.

6. Qiyosiy xulosa

1-jadval. Tanlangan obyektlarning qiyosiy tahlili

Obyekt	**Hudud**	**Tiklash xarakteri**	**Asosiy natija**	**Asosiy muammo**
Bog‘i Bobur	Andijon	Yangi memorial majmua (1993)	Tarixiy xotira, turizm	Rekonstruksiya, asl qatlam yo‘q
Jome masjidi	Andijon	3 bosqichli restavratsiya	Diniy-ma’rifiy markaz, turizm	Hudud kengayishi, yangi qo‘shimchalar
Qutayba ibn Muslim	Jalaquduq	Keng ko‘lamli qurilish (2020–)	Ziyorat oqimi, hunarmandlar bandligi	Yangi qurilish ulushi yuqori

Mulla Qirg‘iz	Namangan	Ta’mir (2004–)	Tarixiy qiyofa saqlangan	Atrof muhit masshtabi
Mulla Bozor Oxund	Namangan	Rekonstruksiya (1993–94)	Yo‘qolgan majmuaning tiklanishi	Autentiklik maqomi
Xudoyorxon o‘rdasi	Qo‘qon	Restavratsiya (2009–11, 2020–)	Festivallar, muzey-qo‘riqxona	Beton qoplama, bezak maydoni qisqarishi
Said Ahmadxo‘ja	Marg‘ilon	Rekonstruksiya (2007)	Bog‘li jamoat makoni	Atrof-landshaftni muvofiqlashtirish

7. Turizm integratsiyasi va uning cheklovlari

Tiklangan obidalar mahalliy va xalqaro turizmni jonlantirib, xizmat ko‘rsatish, hunarmandchilik, transport va savdo tarmoqlarida multiplikativ effekt yaratmoqda. Andijon viloyati turistik salohiyati tahlilida monumental san’at obyektlari 33 foizni, arxitektura yodgorliklari 32 foizni tashkil etgani qayd etiladi [12]. Shu bilan birga Andijon shahridagi yodgorliklar Samarqand, Buxoro va Xivadagi kabi bir joyda kompleks joylashmagani, turizmning mavsumiyligi va joylashtirish vositalarining asosan viloyat markaziga to‘planganligi cheklovchi omillar sifatida ko‘rsatiladi. Qo‘qon va Marg‘ilon tajribasi esa tiklash “muzeylashtirish”ga aylanib qolmasligi, balki hunarmandchilik, ziyorat va mahalla hayoti bilan uyg‘unlashishi kerakligini ko‘rsatadi: restavratsiya qilingan obida atrofida hunarmandchilik va xizmatlar jonlansa, tarixiy markaz tabiiy ravishda saqlanadi.

8. Umumlashtirilgan muhokama: mezonlar kesimida baholash

Tanlangan obyektlarni autentiklik, qaytaruvchanlik, tarixiy muhit yaxlitligi va funksiya mezonlari bo‘yicha qiyoslash tiklash amaliyotida uch xil yondashuv mavjudligini ko‘rsatadi. Birinchisi — restavratsiya yo‘nalishi (Andijon Jome masjidi, Mulla Qirg‘iz madrasasi, Xudoyorxon o‘rdasi): bunda asl qatlam saqlanib, minimal aralashuv tamoyiliga nisbatan yaqinroq yondashilgan, biroq ayrim joylarda zamonaviy materiallar va yangi qo‘shimchalar muammo bo‘lib qolmoqda. Ikkinchisi — rekonstruksiya (Mulla Bozor Oxund majmuasi, Said Ahmadxo‘ja madrasasi): yo‘qolgan yoki jiddiy shikastlangan qismlar qayta bunyod etilgan va bu holda asosiy talab hujjatli asos hamda tiklash maqomining ochiq e’lon qilinishidir. Uchinchisi — yangi memorial va diniy-turistik majmualar yaratish (Bog‘i Bobur, Qutayba ibn Muslim ziyoratgohi, Qosimxon jome masjidi): bu yerda yangi qurilish ulushi yuqori bo‘lsa-da, ijtimoiy, ma’naviy va iqtisodiy samara sezilarli.

Funksiya masalasi ham muhim: obida jonli foydalanishda — ibodat, ta’lim, hunarmandchilik yoki festival maydoni sifatida — bo‘lsa, u tabiiy ravishda saqlanadi, biroq me’yoridan ortiq yuklama tarixiy to‘qimaga zarar yetkazishi mumkin. Shu bois “funksiya – yuklama – muhofaza” muvozanati har bir obyekt uchun alohida baholanishi, tashrif yuklamasi esa muntazam monitoring qilinishi lozim. Mazkur xulosa umumiy meros obyektlari uchun yagona baholash mezonlarini qo‘llash hamkorlik samarasini oshirishi mumkin bo‘lgan O‘zbekiston–Qozog‘iston kontekstida ham o‘z kuchini saqlaydi.

9. O‘zbekiston–Qozog‘iston munosabatlari va umumiy meros konteksti

Qozog‘iston O‘zbekiston mustaqilligini 1991-yilda tan olgan davlatlardan biri bo‘lib, ikki mamlakat o‘rtasidagi munosabatlar 1998-yildagi abadiy do‘stlik shartnomasi [14] asosida rivojlandi va keyinchalik strategik sheriklik hamda ittifoqchilik tamoyillari bilan boyidi. Hozirgi bosqichda Prezidentlar darajasidagi muntazam uchrashuvlar, hududlararo hamkorlik, savdo-iqtisodiy va transport aloqalarining kengayishi kuzatilmoqda; Qozog‘iston O‘zbekistonning Markaziy Osiyodagi eng yirik savdo-iqtisodiy hamkorlaridan biri hisoblanadi.

Madaniy-tarixiy jihatdan bu hamkorlikning chuqur ildizlari bor. XIX asrda Qo‘qon xonligining ta’sir doirasi Sirdaryo bo‘ylari va hozirgi Janubiy Qozog‘istonning Turkiston, Sayram, Shymkent kabi hududlarigacha yetgan [11]. Shu bois Farg‘ona vodiysi va Janubiy Qozog‘iston yodgorliklari umumiy shahar madaniyati, diniy-ma’rifiy an’ana hamda hunarmandchilik maktablari orqali o‘zaro bog‘liq. Turkistondagi Xoja Ahmad Yassaviy maqbarasi (YUNESKO Jahon merosi ro‘yxatida, 2003-yil) [15] turkiy xalqlarning umumiy ma’naviy merosi timsoli bo‘lib, uning saqlanishi va turistik foydalanilishi tajribasi vodiydagi Qutayba ibn Muslim ziyoratgohi yoki Xudoyorxon o‘rdasi kabi obyektlar uchun ham qiyosiy ahamiyatga ega.

Shuni alohida ta’kidlash lozimki, ikki xalqning til, din va hunarmandchilik an’analaridagi yaqinligi madaniy turizmda “umumiy meros” yondashuvini ishlab chiqish imkonini beradi. Andijon, Namangan va Farg‘ona viloyatlaridagi tiklangan obidalar Toshkent orqali Turkiston va Shymkent yo‘nalishi bilan yagona

marshrutga birlashtirilsa, mavsumiylik va yagona markazga to‘planib qolish kabi yuqorida qayd etilgan cheklovlar qisman yumshaydi. Bundan tashqari, Qozog‘istonning Turkiston, Otror va Sayram kabi obidalarni tiklash va muzeylashtirish bo‘yicha to‘plagan amaliyoti vodiy mutaxassislari uchun foydali qiyosiy material bo‘lib xizmat qiladi, o‘zbek restavratorlari tajribasi esa ganchkorlik va yog‘och o‘ymakorligi sohasida o‘zaro boyitish uchun asos yaratadi.

Amaliy jihatdan hamkorlikning quyidagi yo‘nalishlari istiqbolli: (1) “Buyuk ipak yo‘li” doirasida transchegaraviy turistik marshrutlar (Toshkent – Farg‘ona vodiysi – Turkiston – Shymkent); (2) restavrator va hunarmand ustalarni tayyorlashda tajriba almashish; (3) meros obyektlarini hujjatlashtirish va raqamli monitoring standartlarini uyg‘unlashtirish; (4) Turkiy davlatlar tashkiloti va TURKSOY doirasidagi madaniy loyihalar. Bunday hamkorlik vodiy obidalarining xalqaro turistik ko‘rinishini oshirib, yuqorida taklif etilgan yagona destinatsiya brendi g‘oyasini mintaqaviy darajaga olib chiqadi.

2-jadval. O‘zbekiston–Qozog‘iston hamkorligining istiqbolli yo‘nalishlari

Yo‘nalish	**Mazmuni**	**Kutilayotgan natija**
Transchegaraviy marshrut	Toshkent – Farg‘ona vodiysi – Turkiston – Shymkent	Mavsumiylikning kamayishi, turistlar oqimining ortishi
Kadrlar tayyorlash	Restavrator va hunarmand ustalar almashinuvi	Tiklash sifatining oshishi, an’anaviy texnologiyalarning saqlanishi
Hujjatlashtirish	Yagona “tiklash pasporti” va raqamli monitoring standartlari	Autentiklik nazoratining shaffofligi
Xalqaro tashkilotlar	Turkiy davlatlar tashkiloti, TURKSOY, YUNESKO loyihalari	Qo‘shma ilmiy va madaniy dasturlar

Xulosa va takliflar

Tadqiqot shuni ko‘rsatdiki, mustaqillik yillarida Farg‘ona vodiysida tarixiy obidalarni tiklash epizodik ta’mirlardan kompleks, davlat siyosati darajasidagi jarayonga aylandi. Bu jarayon milliy o‘zlikni anglash, tarixiy xotirani tiklash, aholi bandligi va turizmni rivojlantirishga xizmat qilmoqda; shu bilan birga u O‘zbekiston–Qozog‘iston madaniy-gumanitar hamkorligi uchun ham yangi imkoniyatlar yaratadi. Shu bilan birga, “ko‘rinishi chiroyli bo‘ldi” mezoni yetarli emas: tiklash sifati autentiklik, qaytaruvchanlik va tarixiy muhit yaxlitligi mezonlari bo‘yicha baholanishi zarur.

Amaliy takliflar:

– Har bir restavratsiya loyihasi uchun jamoatchilikka ochiq “tiklash pasporti” yuritish: asl qatlam, yangi qo‘shilgan qism va qo‘llangan materiallar alohida ko‘rsatilishi.

– Rekonstruksiya va restavratsiya o‘rtasidagi farqni obyekt axborot tizimida (yorliq, gid, raqamli platforma) ochiq e’lon qilish.

– Tarixiy materiallarga mos qorishmalar (ohak, ganch) va mahalliy usta-hunarmandlar ishtirokini qo‘llab-quvvatlash; ustalarni tayyorlash dasturlarini kengaytirish.

– Obidalar atrofida muhofaza va vizual koridor rejimini qat’iylashtirish, hudud ko‘lamini insoniy masshtabda saqlash.

– Barqaror turizm: tashrif yuklamasi (carrying capacity) monitoringi, virtual tur, AR/VR va audio-gid kabi raqamli yechimlarni joriy etish, Andijon va Namangan uchun yagona destinatsiya brendi va mavsumiylikni kamaytiruvchi gastro-, hunarmandchilik va ekoturizm yo‘nalishlarini rivojlantirish.

– Yosh avlod uchun vizual-raqamli ta’lim kontenti (interaktiv xaritalar, 3D modellar) yaratish orqali merosga qiziqishni oshirish.

– O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasida umumiy tarixiy-madaniy meros bo‘yicha transchegaraviy turistik marshrutlar, qo‘shma ilmiy ekspeditsiyalar va restavratorlar almashinuvi dasturlarini yo‘lga qo‘yish.

ADABIYOTLAR

1. Mirziyoyev Sh.M. Yangi O‘zbekiston strategiyasi. – Toshkent: O‘zbekiston, 2021.

2. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2022-yil 28-yanvardagi “2022–2026-yillarga mo‘ljallangan Yangi O‘zbekistonning taraqqiyot strategiyasi to‘g‘risida”gi PF-60-son Farmoni.

3. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2022-yil 18-fevraldagi “Turizm, madaniy meros va sport sohalarida davlat boshqaruvini takomillashtirishga doir tashkiliy chora-tadbirlar to‘g‘risida”gi PF-75-son Farmoni.

4. O‘zbekiston Respublikasining “Madaniy meros obyektlarini muhofaza qilish va ulardan foydalanish to‘g‘risida”gi Qonuni (amaldagi tahrirda).

5. Po‘latov X.Sh. va boshq. Arxitektura yodgorliklarini ta’mirlash: oliy o‘quv yurtlari talabalari uchun darslik. – Toshkent: Ta’lim nashriyoti, Iqtisod-moliya, 2009. – 240 b.

6. Eraliyev B., Ostonaqulov I., Abdulahatov N. O‘zbekiston ziyoratgohlari va qadamjolari: Andijon va Namangan viloyatlari. – Toshkent: Turon Zamin Ziyo, 2014. – 324 b.

7. Yusupov I.Yu., Mirzaaliyev E.Yu. Namangan viloyati me’moriy obidalari sirlari. – Namangan: Namangan, 2008.

8. Ashworth G.J., Tunbridge J.E. The Tourist-Historic City. – London: Routledge, 2000.

9. International Charter for the Conservation and Restoration of Monuments and Sites (Venice Charter). – ICOMOS, 1964.

10. UNESCO. Operational Guidelines for the Implementation of the World Heritage Convention. – Paris: UNESCO World Heritage Centre.

11. Quziqulov U. Qo‘qon xonligi tarixi: o‘quv-uslubiy qo‘llanma. – Namangan: Namangan, 2014.

12. Mahmudov M.M. Andijon viloyati turistik salohiyati va uning mintaqa rivojlanishiga ta’siri. – Toshkent: O‘zMU (ilmiy maqola).

13. Soliyeva G. Farg‘ona viloyati tarixiy yodgorliklarining aholi ma’naviy hayotidagi o‘rni (Marg‘ilon misolida). https://doi.org/10.5281/zenodo.14838706

14. O‘zbekiston Respublikasi va Qozog‘iston Respublikasi o‘rtasidagi abadiy do‘stlik to‘g‘risidagi shartnoma. – 1998.

15. UNESCO World Heritage Centre. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi (inscribed 2003). – Paris: UNESCO.

ӘОЖ 378.12:005.963
UDC 378.12:005.963

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ: БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

CONTINUING PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF HIGHER EDUCATION TEACHERS IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: MODERN APPROACHES TO PROFESSIONAL DEVELOPMENT AND INTERNATIONAL COOPERATION

Бекболатов Ғ.Ж.
Bekbolatov G.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
g.bekbolatov@mail.ru

Түйін*: Мақалада қазіргі қоғамдағы технологиялық өзгерістер, цифрландыру үдерістері, еңбек нарығының трансформациясы және жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың артуы оқытушылардың кәсіби дамуын үздіксіз жүзеге асыру қажеттілігін тудыратынына тоқтала отырып, жоғары оқу орындары педагогтарының біліктілігін арттырудың заманауи тәсілдері, үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі орны және жоғары білім сапасын қамтамасыз етудегі маңызы қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы технологиялық өзгерістер, цифрландыру үдерістері, еңбек нарығының трансформациясы және жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың артуы оқытушылардың кәсіби дамуын үздіксіз жүзеге асыру қажеттілігін туындатады. Осыған байланысты мақалада тұлғалық-бағдарлы, мотивациялық, құзыреттілік және коучингтік тәсілдермен қатар, қашықтан, электрондық, модульдік, жобалық және желілік оқыту технологияларының ерекшеліктері талданады. Педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін диагностикалау, жеке білім беру траекториясын қалыптастыру, теориялық дайындық пен практикалық жұмыстың арақатынасын оңтайландыру және біліктілікті арттыру нәтижелерін бағалау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Зерттеу ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы талдау, жүйелеу және жинақтау әдістеріне негізделген. Мақаланың қорытынды бөлімінде Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындары арасындағы*

академиялық ынтымақтастықты дамыту, оқытушылардың тәжірибе алмасуын ұйымдастыру, бірлескен кәсіби даму бағдарламаларын әзірлеу және цифрлық білім беру кеңістігін қалыптастыру мүмкіндіктері ұсынылады.

Abstract: *The article examines modern approaches to the professional development of higher education teachers, their role in the system of continuing professional education, and their significance in ensuring the quality of higher education. Technological changes in contemporary society, digitalization, the transformation of the labour market, and increasing demands on the higher education system necessitate the continuous professional development of academic staff. In this regard, the article analyses the specific features of personalized, motivational, competency-based, and coaching approaches, as well as distance, electronic, modular, project-based, and network-based learning technologies. Particular attention is paid to diagnosing teachers' professional needs, developing individual learning pathways, optimizing the balance between theoretical training and practical activities, and evaluating the outcomes of professional development programmes. The study is based on the analysis of scientific literature, comparative analysis, systematization, and generalization. The concluding section outlines opportunities for strengthening academic cooperation between higher education institutions in Kazakhstan and Uzbekistan, organizing professional experience exchange among academic staff, developing joint professional development programmes, and establishing a shared digital educational environment.*

Кілттік сөздер: *жоғары білім, педагогтердің біліктілігін арттыру, үздіксіз кәсіби білім беру, кәсіби құзыреттілік, цифрлық педагогика, жобалық оқыту, желілік ынтымақтастық*

Keywords: *higher education, professional development of teachers, continuing professional education, professional competence, digital pedagogy, project-based learning, network-based cooperation.*

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуын қамтамасыз ететін маңызды институттардың бірі болып табылады. Жаһандану, цифрландыру, ғылыми-техникалық прогресс және еңбек нарығындағы өзгерістер білім беру мазмұнына, оқыту әдістеріне және педагогтердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды тұрақты түрде өзгертіп келеді. Әсіресе жоғары оқу орындарында білім алушыларды кәсіби қызметке даярлау үдерісі оқытушылардың теориялық біліміне ғана емес, олардың практикалық тәжірибесіне, зерттеушілік қабілетіне, цифрлық сауаттылығына және инновациялық технологияларды қолдану дағдыларына да байланысты.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі – азаматтардың үздіксіз білім алуға, өз білімін жүйелі түрде жетілдіруге, қайта даярлануға және өздігінен білім алуға деген ынтасын қалыптастыру үшін қажетті жағдай жасау. Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының стратегиялық даму бағыттарында адами капиталдың маңызына және оны қалыптастырудағы білім берудің рөліне ерекше көңіл бөлінеді [1,2]. Білім беру жеке тұлға мен қоғамның дамуының негізгі алғышарты ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайда жоғары оқу орнын аяқтау немесе белгілі бір кәсіби білім алу маманның өмір бойы табысты жұмыс істеуіне толық кепілдік бермейді. Ғылыми жаңалықтардың, цифрлық құралдардың және оқыту технологияларының жылдам өзгеруі бұрын қалыптасқан білім мен дағдылардың біртіндеп ескіруіне әкеледі. Сондықтан жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби дамуы жүйелі әрі үздіксіз сипатта болуы қажет.

Жоғары білім беру саласында оқытушының қызметі тек пәндік білімді жеткізумен шектелмейді. Ол білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, сыни ойлауын қалыптастыруға, дербес білім алуына және кәсіби міндеттерді шешуіне жағдай жасауы тиіс. Бұл міндеттерді тиімді орындау үшін педагог заманауи педагогикалық әдістерді, цифрлық білім беру ресурстарын, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін меңгеруі қажет [3,5].

Сонымен қатар педагогтердің біліктілігін арттыруды тек белгілі бір мерзімде өтетін курстармен шектеуге болмайды. Ол кәсіби тәжірибені талдау, өздігінен білім алу, әріптестермен тәжірибе алмасу, ғылыми конференцияларға қатысу, тағылымдамадан өту және жаңа әдістерді тәжірибеге енгізу сияқты өзара байланысты әрекеттерді қамтиды. Мұндай жүйе оқытушының кәсіби әлеуетін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту, шетелдік әріптестердің тәжірибесін зерделеу және бірлескен кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастыру оқытушылардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер оқытушылардан пәндік білімді терең меңгерумен қатар, оқу үдерісін жоспарлау, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу

қызметін үйлестіру және білім беру нәтижелерін бағалау дағдыларын талап етеді. Осыған байланысты біліктілікті арттыру курстары оқытушылардың нақты кәсіби қажеттіліктеріне бағытталуы тиіс.

Педагогтердің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлау бір-бірімен тығыз байланысты және үздіксіз білім беру жүйесінің құрамдас бөліктері болып табылады. Біліктілікті арттыру маманның бұрын меңгерген кәсіби білімін жаңартуға, жаңа әдістерді игеруге және қызметінің сапасын жақсартуға бағытталса, кәсіби қайта даярлау жаңа кәсіби міндеттерді орындауға немесе қосымша қызмет саласын игеруге мүмкіндік береді. Екі бағыт та маманның кәсіби бейімделуіне және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет етеді [4,7].

Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін белгілі бір оқу бағдарламаларының жиынтығы ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Ол білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдарды, кәсіби дамуды ұйымдастыратын басқару құрылымдарын және педагогтің жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін институционалдық тетіктерді қамтиды. Мұндай жүйеде оқытушы өз кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес курстарды, оқу модульдерін және тәжірибелік іс-шараларды таңдай алады.

Үздіксіз білім беру қағидаты бойынша педагогтің кәсіби дамуы белгілі бір курсты аяқтаумен тоқтамайды. Ол жаңа білімді меңгеру, оны тәжірибеде қолдану, нәтижелерін бағалау және келесі даму міндеттерін анықтау циклінен тұрады. Осы үдерісте оқытушы өз кәсіби жетістіктері мен қиындықтарын талдап, жеке даму жоспарын жаңартып отырады [3].

Біліктілікті арттырудың дәстүрлі үлгілерінде теориялық ақпаратты меңгеруге, дәрістерді тыңдауға және қорытынды тестілеуден өтуге басымдық беріледі. Алайда мұндай тәсілдер оқытушының нақты кәсіби мәселелерді шешу қабілетін әрдайым жеткілікті деңгейде дамыта бермейді. Сондықтан қазіргі жағдайда теориялық дайындықты практикалық тапсырмалармен, тәжірибе алмасумен және кәсіби рефлексиямен ұштастыру қажеттілігі артып отыр.

Біліктілікті арттырудың тиімділігі оқытушының курсқа қатысуымен ғана емес, меңгерген білімін күнделікті педагогикалық тәжірибесіне енгізуімен де анықталады. Мысалы, оқытушы жаңа бағалау әдісін меңгергеннен кейін оны өз пәнінде қолданып, нәтижелерін талдап, қажет болған жағдайда оқыту тәсілін өзгертуі керек. Демек, кәсіби даму теориялық білім, практикалық әрекет және рефлексияның бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазіргі ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттырудың бірнеше өзекті тәсілі қарастырылады. Олардың қатарына тұлғалық-бағдарлы, мотивациялық, құзыреттілік және коучингтік тәсілдер жатады. Бұл тәсілдер оқытушының кәсіби қажеттіліктерін ескеруге, оқу үдерісінің практикалық бағытын күшейтуге және кәсіби дамуға деген ішкі ынтасын арттыруға мүмкіндік береді [5,6,7].

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл әрбір оқытушының кәсіби тәжірибесін, қызығушылықтарын, білім деңгейін және жеке даму мақсаттарын ескеруге негізделеді. Жоғары оқу орындарында қызмет ететін педагогтердің кәсіби қажеттіліктері бірдей емес. Бір оқытушыға цифрлық технологияларды меңгеру маңызды болса, екіншісіне ғылыми зерттеулер жүргізу әдістерін немесе білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру қажет болуы мүмкін.

Сондықтан біліктілікті арттыру бағдарламалары барлық тыңдаушыларға бірдей мазмұн ұсынумен шектелмеуі керек. Олардың құрылымында міндетті тақырыптармен қатар, оқытушының жеке қажеттілігіне сәйкес таңдалатын модульдер қарастырылғаны жөн.

Тұлғалық-бағдарлы тәсілді іске асыру үшін алдымен педагогтердің кәсіби қажеттіліктеріне диагностика жүргізіледі. Оның нәтижелері негізінде жеке даму жоспары жасалып, тиісті оқу курстары мен практикалық тапсырмалар таңдалады. Курсты аяқтағаннан кейін оқытушының кәсіби жетістіктері бағаланып, келесі даму бағыттары анықталады.

Бұл тәсіл педагогтің өз кәсіби дамуына жауапкершілікпен қарауына, жеке мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және оқу үдерісіне саналы қатысуына ықпал етеді.

Мотивациялық тәсіл педагогтің кәсіби білімін жетілдіруге деген ішкі ынтасын қалыптастыруға бағытталған. Біліктілікті арттыру үдерісінің тиімділігі оқытушының жаңа білімді меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға қаншалықты қызығушылық танытатынына байланысты.

Егер біліктілікті арттыру курстары тек міндетті талап ретінде қабылданса, олардың кәсіби қызметке ықпалы шектеулі болуы мүмкін. Керісінше, оқытушы курстан өзінің күнделікті жұмысында кездесетін мәселелердің шешімін тапса, кәсіби дамуға деген қызығушылығы артады.

Мотивацияны қалыптастыру үшін біліктілікті арттыру мазмұны педагогтің нақты қажеттіліктерімен байланысты болуы қажет. Мысалы, дәрісті тиімді ұйымдастыру, студенттердің белсенділігін арттыру, цифрлық бағалау құралдарын пайдалану немесе ғылыми жобаларды басқару тақырыптары практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Сонымен бірге жоғары оқу орындарында кәсіби даму нәтижелерін мойындау, оқытушылардың әдістемелік бастамаларын қолдау және тәжірибелі педагогтердің жетістіктерін тарату маңызды. Мұндай жағдайлар кәсіби өсуге деген ынтаны күшейтіп, өзіндік білім алу мәдениетін қалыптастырады.

Құзыреттілік тәсіл педагогтің кәсіби білімін нақты міндеттерді шешу барысында қолдана алуына негізделеді. Бұл тәсіл бойынша оқытушының біліктілігі меңгерілген теориялық ақпарат көлемімен ғана емес, оның кәсіби қызметте тиімді шешім қабылдау қабілетімен бағаланады.

Жоғары оқу орны педагогінің негізгі құзыреттеріне пәндік, әдістемелік, коммуникативтік, цифрлық, зерттеушілік және ұйымдастырушылық құзыреттер жатады. Олардың өзара байланысы білім беру үдерісінің сапасына тікелей әсер етеді.

Құзыреттілік тәсілді іске асыру барысында практикалық тапсырмаларға, кәсіби жағдаяттарды талдауға, жобалық жұмыстарға және оқыту тәжірибесін бағалауға басымдық беріледі. Мысалы, педагог біліктілікті арттыру курсы аясында өз пәніне арналған жаңа сабақ жоспарын әзірлей алады, цифрлық оқу материалын жасайды немесе білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың балама әдісін сынақтан өткізеді.

Курстың нәтижесі педагогтің нақты кәсіби өнімімен және оны тәжірибеде қолдану мүмкіндігімен бағалануы тиіс. Бұл оқыту барысында алынған білімнің практикалық маңызын арттырады.

Коучингтік тәсіл оқытушының ішкі әлеуетін ашуға, кәсіби мақсаттарын нақтылауға және сол мақсаттарға жетудің тиімді жолдарын анықтауға бағытталған қолдау түрі болып табылады. Оның ерекшелігі – педагогке дайын шешім ұсынудан гөрі, өз мәселесін талдауға және дербес шешім қабылдауға көмектесу.

Коучинг үдерісінде оқытушы өзінің кәсіби қиындықтарын анықтап, оларды шешуге арналған әрекеттер жоспарын әзірлейді. Мысалы, студенттердің сабаққа қатысу белсенділігін арттыруды мақсат еткен педагог оқыту әдістерін талдап, жаңа тәсілдерді енгізеді және олардың нәтижесін бағалайды.

Бұл тәсіл тәжірибелі оқытушылармен жеке жұмыс жүргізуде, жас педагогтерге тәлімгерлік көрсетуде және кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастыруда тиімді болуы мүмкін. Коучингтің нәтижелі болуы үшін өзара сенімге негізделген қарым-қатынас, нақты мақсаттар және жүйелі кері байланыс қажет.

Аталған тәсілдерді бір-бірінен оқшау қолданғаннан гөрі, өзара үйлестіріп пайдалану тиімді. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл жеке қажеттіліктерді анықтаса, мотивациялық тәсіл кәсіби дамуға ынталандырады, құзыреттілік тәсіл нақты нәтижеге бағыттайды, ал коучингтік тәсіл сол нәтижеге жету жолында педагогке қолдау көрсетеді.

Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінің нәтижелілігі оқыту бағдарламасының мазмұнына ғана емес, оны ұйымдастыру қағидаттарына да байланысты. Кәсіби даму үдерісінде оқытушының белсенділігі, оқу мен практиканың байланысы, мазмұнды таңдау мүмкіндігі және оқу формаларының икемділігі маңызды орын алады [8,9,10].

Бірінші қағидат – *оқытудағы белсенділік.* Педагог кәсіби білімді пассивті түрде қабылдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болуы тиіс. Ол сұрақтар қояды, тәжірибелік тапсырмаларды орындайды, кәсіби мәселелерді талдайды және өз шешімдерін негіздейді.

Екінші қағидат – *оқу мен практикалық қызметтің интеграциясы*. Курстарда меңгерілген білім оқытушының күнделікті кәсіби міндеттерімен байланысты болуы керек. Бұл қағидат теориялық материалдарды нақты педагогикалық жағдаяттарды шешумен толықтыруды көздейді.

Үшінші қағидат – *мазмұн мен оқыту формаларын таңдауға қатысу*. Тыңдаушылардың жеке немесе топтық кәсіби сұраныстары ескерілген жағдайда біліктілікті арттыру бағдарламаларының маңыздылығы артады. Мысалы, бір топ педагог цифрлық педагогикаға, ал екінші топ ғылыми зерттеу әдістеріне басымдық бере алады.

Төртінші қағидат – *оқытудың сабақтастығы*. Біліктілікті арттыру курстары оқытушының бұрынғы кәсіби тәжірибесімен және келесі даму мақсаттарымен байланыстырылуы тиіс. Бұл үшін оқу бағдарламалары бір-бірімен үйлесетін модульдерден құрылып, педагогтің жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік бергені жөн.

Бесінші қағидат – *икемділік пен қолжетімділік*. Білім беру бағдарламаларының мазмұны, ұзақтығы және ұйымдастыру формалары педагогтердің жұмыс кестесіне, кәсіби міндеттеріне және ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет.

Біліктілікті арттырудың тиімділігіне ықпал ететін факторларды бірнеше топқа бөлуге болады.

Жеке факторлар педагогтің кәсіби қызығушылықтарын, білім деңгейін, мотивациясын, тәжірибесін және жаңа әдістерді меңгеруге дайындығын қамтиды. Оқытушының жеке сұраныстарын ескермеу оқу мазмұнының практикалық құндылығын төмендетуі мүмкін.

Ұйымдастырушылық факторлар курстардың ұзақтығын, сабақ кестесін, оқу формаларын, бағалау жүйесін және оқу ұйымының қолдауын қамтиды. Бағдарламаның икемділігі мен қолжетімділігі педагогтің кәсіби дамуға қатысу мүмкіндігін арттырады.

Ресурстық факторлар заманауи оқу материалдарының, электрондық кітапханалардың, компьютерлік техниканың, интернет байланысының және цифрлық платформалардың болуын білдіреді. Ресурстардың жеткілікті болуы оқу үдерісінің сапасына әсер етеді.

Мазмұндық факторлар бағдарламалардың өзектілігіне, практикалық тапсырмалардың үлесіне және кәсіби талаптарға сәйкестігіне байланысты. Курстарда педагогтің нақты жұмысында қолданылатын әдістер мен құралдарға басымдық берілуі қажет.

Әлеуметтік-кәсіби факторлар тәлімгерлікті, әріптестермен тәжірибе алмасуды, кәсіби қауымдастықтарға қатысуды және халықаралық академиялық байланысты қамтиды.

Аталған факторлар өзара тығыз байланысты. Мысалы, сапалы оқу бағдарламасы техникалық ресурстар жеткіліксіз болған жағдайда толық іске аспауы мүмкін. Сол сияқты заманауи платформа қолданылғанымен, курс мазмұны педагогтің кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес келмесе, күтілетін нәтижеге қол жеткізу қиын болады.

Осыған байланысты біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру кешенді тәсілді қажет етеді. Ол педагогтердің сұраныстарын анықтаудан бастап, оқу бағдарламасын әзірлеу, оқыту үдерісін ұйымдастыру, нәтижелерді бағалау және кәсіби тәжірибеге енгізілген өзгерістерді талдау кезеңдерін қамтуы тиіс.

Цифрлық технологиялардың дамуы жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. Қазіргі кезде қашықтан оқыту, электрондық білім беру, дербестендірілген және модульдік оқыту, жобалық жұмыс, желілік ынтымақтастық пен тағылымдама кәсіби дамудың маңызды формалары ретінде қарастырылады.

Қашықтан оқыту – педагогтерге оқу орнына тұрақты түрде бармай-ақ, цифрлық байланыс құралдары арқылы кәсіби білімін жетілдіруге мүмкіндік беретін оқыту формасы. Ол оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесуін, электрондық оқу ресурстарын пайдалануды, тапсырмаларды орындауды және кері байланыс алуды қамтиды.

Электрондық оқыту мультимедиалық материалдар, электрондық оқулықтар, презентациялар, бейнедәрістер, интерактивті тапсырмалар және цифрлық бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Оның негізгі ерекшелігі – оқу мазмұнын электрондық ортада құрылымдап, білім алушыға материалды өз қарқынымен меңгеруге мүмкіндік беру.

Дербестендірілген оқыту педагогтің жеке кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес оқу мазмұнын, қарқынын және тапсырмаларын бейімдеуге негізделеді. Оның басты мақсаты – барлық тыңдаушыларды бірдей оқу жолымен жүргізу емес, олардың кәсіби даму ерекшеліктерін ескеру.

Модульдік оқыту біліктілікті арттыру бағдарламасын мазмұны мен мақсаты жағынан өзара байланысты дербес оқу блоктарына бөлуге негізделеді. Әрбір модуль белгілі бір кәсіби құзыретті қалыптастыруға немесе нақты міндетті шешуге бағытталады.

Жобалық оқыту педагогтердің нақты кәсіби мәселені анықтап, оны шешуге бағытталған практикалық өнім әзірлеуіне негізделеді. Бұл тәсілде оқу үдерісінің нәтижесі тек теориялық білімді меңгерумен емес, нақты жобаны орындаумен өлшенеді. Жобалық оқытудың маңызды ерекшелігі – қатысушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру. Педагогтер топ ішінде міндеттерді бөлісіп, өзара пікір алмасып, жобаның нәтижесін бірлесіп бағалайды. Бұл кәсіби коммуникацияны, ұйымдастырушылық қабілетті және шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Желілік білім беру ынтымақтастығы бірнеше білім беру ұйымының бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруына, оқу ресурстарымен алмасуына және ортақ кәсіби міндеттерді шешуіне мүмкіндік береді.

Бұл модельде бір жоғары оқу орны немесе кәсіби даму орталығы бағдарламаны үйлестіруші ұйым ретінде әрекет ете алады. Қатысушы ұйымдар оқу модульдерін әзірлеуге, дәрістер өткізуге, практикалық тапсырмаларды ұйымдастыруға және тыңдаушылардың нәтижелерін бағалауға қатысады. Мұндай тәсіл әсіресе әртүрлі өңірлерде орналасқан жоғары оқу орындарының педагогтері арасында кәсіби тәжірибе алмасуды дамытуға қолайлы. Ол бір ұйымның ресурстарымен шектелмей, бірнеше оқу орнының ғылыми және әдістемелік әлеуетін біріктіруге мүмкіндік береді.

Тағылымдама – педагогтің кәсіби білімін нақты жұмыс жағдайында жетілдіруге бағытталған оқыту формасы. Оның барысында оқытушы басқа білім беру ұйымының жұмысымен танысып, сабақтарға қатысады, әріптестерінің әдістерін бақылайды және жаңа тәсілдерді тәжірибеде меңгереді. Тағылымдаманы шетелдік жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда немесе кәсіби даму ұйымдарында ұйымдастыру оқытушыға басқа білім беру ортасының тәжірибесін зерделеуге мүмкіндік

береді. Сонымен бірге онлайн тағылымдамалар мен виртуалды кәсіби кездесулер де белгілі бір міндеттерді шешуге қолайлы.

Тағылымдаманың нәтижелі болуы үшін оның мақсаты алдын ала белгіленіп, қатысушының кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалар әзірленуі қажет. Сонымен қатар алынған тәжірибені өзінің жоғары оқу орнында қолдану және әріптестеріне тарату мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

Жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру үшін оның мазмұны, ұйымдастыру формалары және нәтижелерін бағалау тетіктері өзара байланысты түрде қарастырылуы қажет.

Біріншіден, біліктілікті арттыру бағдарламаларының мазмұнын тұрақты жаңарту керек. Білім беру технологиялары мен кәсіби талаптар өзгеріп отырған жағдайда бұрын әзірленген курстардың мазмұны өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Сондықтан бағдарламаларды педагогтердің сұраныстары, білім беру саласындағы өзгерістер және практикалық тәжірибені талдау негізінде жүйелі түрде қайта қарастыру ұсынылады.

Екіншіден, теориялық материалдар мен практикалық тапсырмалардың арақатынасын оңтайландыру қажет. Теориялық білім педагогикалық қызметтің ғылыми негізін түсіндіруге мүмкіндік береді, ал практикалық жұмыс оны нақты жағдайларда қолдануға үйретеді. Осы екі құрамдас бөліктің үйлесуі кәсіби даярлықтың нәтижелілігін арттырады.

Үшіншіден, педагогтердің кәсіби дамуын бағалау жүйесін жетілдіру маңызды. Курсты аяқтау туралы сертификат алу оқытушының кәсіби құзыреттері толық қалыптасты дегенді білдірмейді. Бағалау барысында әзірленген оқу материалдарының сапасын, жаңа әдістерді тәжірибеде қолдануды, студенттердің кері байланысын және педагогтің кәсіби рефлексиясын ескеруге болады.

Төртіншіден, тәлімгерлік пен тәжірибе алмасу жүйесін дамыту қажет. Тәжірибелі оқытушылардың кәсіби тәжірибесі жас педагогтердің бейімделуіне, сабақ беру әдістерін меңгеруіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына көмектеседі. Ал жас педагогтер цифрлық технологияларды қолдану мен жаңа оқу форматтарын игеру бойынша әріптестеріне пайдалы тәжірибе ұсына алады.

Бесіншіден, біліктілікті арттыруды бір реттік іс-шара ретінде емес, үздіксіз кәсіби даму үдерісі ретінде ұйымдастырған жөн. Оның құрамына қысқа мерзімді курстар, онлайн оқыту, әдістемелік семинарлар, ғылыми тағылымдамалар, кәсіби қауымдастықтардың жұмысы және жеке білім алу жоспары кіруі мүмкін.

Алтыншыдан, оқытушының кәсіби даму нәтижелерін жоғары оқу орнының стратегиялық міндеттерімен байланыстыру қажет. Мысалы, білім беру ұйымы цифрлық оқу ортасын дамытуды көздесе, педагогтердің цифрлық құзыреттерін арттыруға арналған бағдарламаларға басымдық бере алады. Егер ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру маңызды болса, академиялық жазылым, зерттеу әдістері және ғылыми жобаларды басқару бағыттары күшейтіледі.

Осы бағыттарды іске асыру оқытушылардың кәсіби құзыреттерін жүйелі дамытуға және жоғары білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамыту жоғары оқу орындары педагогтерінің кәсіби әлеуетін арттырудың маңызды мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Екі елдің білім беру жүйелерінде ұлттық ерекшеліктер болғанымен, жоғары білім сапасын жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту және педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыру сияқты ортақ міндеттер бар.

Осыған байланысты Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындары арасындағы академиялық ынтымақтастықты тек студенттер алмасуымен шектемей, оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуына бағыттау қажет. Мұндай ынтымақтастық екі елдің білім беру тәжірибесін салыстыруға, тиімді педагогикалық әдістерді зерделеуге және бірлескен ғылыми-әдістемелік бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту. Қазақстандық және өзбекстандық жоғары оқу орындарының педагогтері қысқа мерзімді тағылымдамаларға, ғылыми семинарларға, әдістемелік тренингтерге және қонақ дәрістерге қатыса алады. Бұл оқытушылардың кәсіби тәжірибесін кеңейтіп, әртүрлі білім беру орталарында қолданылатын оқыту тәсілдерімен танысуына жағдай жасайды.

Екінші бағыт – бірлескен біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу. Екі елдің жоғары оқу орындары цифрлық педагогика, инновациялық оқыту әдістері, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, академиялық жазылым және білім беру сапасын бағалау мәселелері бойынша ортақ курстар ұйымдастыра алады. Мұндай бағдарламалар онлайн және офлайн форматтарды біріктіріп, қатысушыларға өз тәжірибелерін жүйелі түрде салыстыруға мүмкіндік береді.

Келесі бағыт – бірлескен модульдік бағдарламалар мен тағылымдамаларды ұйымдастыру. Қазақстандық және өзбекстандық университеттер өзара келісім негізінде ортақ оқу модульдерін әзірлеп, әр университеттің мамандануы мен тәжірибесіне сәйкес оқыту міндеттерін бөлісе алады. Бір оқу орны цифрлық педагогика бойынша модуль ұсынса, екіншісі ғылыми-зерттеу әдістері немесе білім беру сапасын бағалау бойынша оқыту ұйымдастыруы мүмкін.

Мұндай ынтымақтастықты іске асыру барысында оқу бағдарламаларының мазмұны, оқыту мерзімі, бағалау тәртібі және берілетін құжаттардың мәртебесі алдын ала келісілгені жөн. Бұл қатысушылардың оқу нәтижелерін түсінікті бағалауға және бағдарламалардың сабақтастығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Сонымен қатар ынтымақтастықты ұйымдастыру барысында тілдік ерекшеліктерді, оқу жоспарларының айырмашылықтарын, академиялық күнтізбелерді және цифрлық инфрақұрылымның мүмкіндіктерін ескерген жөн. Бірлескен бағдарламалардың қолжетімділігі мен нәтижелілігін арттыру үшін қатысушыларға әдістемелік және техникалық қолдау көрсетілуі керек.

Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындарының арасындағы ынтымақтастық оқытушылардың кәсіби дамуын жандандырып қана қоймай, екі елдің білім беру ұйымдары арасында тұрақты академиялық байланыстар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай серіктестік өзара тәжірибе алмасуға, педагогикалық инновацияларды таратуға және жоғары білім сапасын арттыруға бағытталуы тиіс.

Жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттыру – жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің және білім беру жүйесінің өзгермелі талаптарына бейімделудің маңызды шарты. Қазіргі кезеңде оқытушының кәсіби дамуы пәндік білімді жаңартумен ғана шектелмей, педагогикалық шеберлікті, цифрлық сауаттылықты, зерттеушілік қабілетті және білім алушылармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіруді қамтуы қажет.

Зерттеу барысында біліктілікті арттыру мен кәсіби қайта даярлаудың үздіксіз білім беру жүйесіндегі өзара байланысы қарастырылды. Кәсіби дамудың тиімді моделі оқытушының жеке қажеттіліктерін анықтауды, жеке білім беру траекториясын қалыптастыруды, оқу мен практиканы ұштастыруды және меңгерілген білімнің нәтижелерін бағалауды қамтуы тиіс.

Тұлғалық-бағдарлы, мотивациялық, құзыреттілік және коучингтік тәсілдер педагогтердің кәсіби қажеттіліктерін ескеруге және біліктілікті арттыру үдерісінің нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдерді цифрлық технологиялармен, практикалық тапсырмалармен және тәжірибе алмасу форматтарымен үйлестіру маңызды.

Қашықтан оқыту, электрондық білім беру, дербестендірілген және модульдік бағдарламалар, жобалық жұмыс, желілік ынтымақтастық пен тағылымдамалар педагогтердің кәсіби дамуына икемді жағдай жасайды. Олардың тиімділігі оқу мазмұнының өзектілігіне, ресурстық қамтамасыз етуге, практикалық бағыттылыққа және педагогтің кәсіби қызметіне нақты ықпалына байланысты.

Біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру үшін педагогтердің қажеттіліктерін жүйелі анықтау, оқу бағдарламаларын жаңарту, теориялық және практикалық жұмыстың арақатынасын оңтайландыру, тәлімгерлікті дамыту және оқу нәтижелерін кәсіби тәжірибемен байланыстыра бағалау қажет. Бұл шаралар оқытушылардың кәсіби дербестігін нығайтып, үздіксіз білім алу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан мен Өзбекстан жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық осы міндеттерді жүзеге асырудың қосымша мүмкіндігін қалыптастырады. Оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту, бірлескен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу және ғылыми-әдістемелік жобаларды іске асыру екі елдің жоғары білім беру жүйелеріне өзара тәжірибе алмасуға жағдай жасайды. М.Әуезов атындағы зертеу университеті мен Өзбекстан Республикасының бірнеше жоғары оқу орындары арасында профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру туралы Меморандумдар түзілген. Соңғы 4 жыл көлемінде М.Әуезов атындағы зертеу университетінде Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындарының 670-тен астам профессор-оқытушылар құрамы біліктілігін арттырудан өтті. Сондай-ақ, И.Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университетімен бірге «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» тақырыбында бірлескен біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы бекітіліп, бірлескен модульдік бағдарлама негізінде 2025-2026 оқу жылында екі оқу орны базасында 10 адам біліктілігін арттырды.

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындары педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесі үздіксіз, икемді, тәжірибеге бағытталған және халықаралық ынтымақтастыққа ашық болуы тиіс. Осындай жүйе педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға, білім беру үдерісіне инновацияларды енгізуге, жоғары білім

сапасын жақсартуға және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы академиялық әріптестікті нығайтуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулы. – URL: https://old.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 .
- Президент Республики Узбекистан. Об утверждении Концепции развития системы высшего образования Республики Узбекистан до 2030 года: Указ от 8 октября 2019 года № УП-5847. – URL: https://lex.uz/ru/acts/4545887 .
- Sapieva M., Bulatbayeva K., Mazbayev O., Pussyrmanov N. Professional Development of University Teachers: Kazakhstan Context // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2023. – Vol. 18, No. 1. – P. 300–312. – DOI: 10.18844/cjes.v18i1.8083 .
- Zhunusbekova A., Zelvys R., Askarkyzy S., Bekzhanova B. The Development of Digital Competencies Among Teachers in the Context of Transition to the “University 4.0” // Pedagogy and Psychology. – 2023. – Vol. 56, No. 3. – DOI: 10.51889/2960-1649.2023.15.3.010 .
- Zakirova F., Zakirova M. Towards Education 4.0: Analysis of the Digital Tools Used by Uzbek University Teachers // International Journal of Social Science and Humanity. – 2024. – Vol. 14, No. 6. – P. 294–299. – DOI: 10.18178/ijssh.2024.14.6.1230 .
- Парслоу Э., Рэй М. Коучинг в обучении: практические методы и техники. – Санкт-Петербург, 2003.
- Селезнев Ю. Н. Анализ повышения квалификации в наукоемкой промышленности с позиций открытых систем. – Москва, 2019.
- Семенихин В. В. Кадровый вопрос. Обучение и повышение квалификации персонала. – Москва, 2019.
- Чечева Н. А. Результаты мониторинга уровня сформированности профессиональных компетенций педагога // Научный диалог. – 2015. – № 12 (48). – С. 474–484.

Mukanova S. D., Akifyeva O. A. Contemporary Concepts and Practical Approaches to Teacher Professional Development // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2025. – № 1 (117). – Б. 168–177. – URL: https://rep.buketov.edu.kz/handle/data/20434 .

УДК 378.147:811.1'243:004.9
UDC 378.147:811.1'243:004.9

TURKIY AKADEMIK MAKONDA BO‘LAJAK CHET TILI O‘QITUVCHILARINING LEKSIK KOMPETENSIYASINI RIVOJLANTIRISHNING RAQAMLI-SHAXSGA YO‘NALTIRILGAN MODELI: “LEXIPATH” PLATFORMASI TAJRIBASI

A DIGITAL PERSON-CENTRED MODEL FOR DEVELOPING THE LEXICAL COMPETENCE OF PRE-SERVICE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS IN THE TURKIC ACADEMIC SPACE: THE EXPERIENCE OF THE “LEXIPATH” PLATFORM

Maxmudova F.S.
Makhmudova F.S.
Is’hoqxon Ibrat nomidagi Namangan davlat chet tillari instituti, Namangan, O‘zbekiston
Namangan State Institute of Foreign Languages named after Is’hoqxon Ibrat, Namangan, Uzbekistan
- *salimjanovnaferuza@gmail.com*

Annotatsiya: *Mazkur maqolada O‘zbekiston va Qozog‘iston oliy ta’lim muassasalari uchun umumiy bo‘lgan dolzarb masala – bo‘lajak chet tili o‘qituvchilarining leksik kompetensiyasini individual ehtiyojlarga mos ravishda rivojlantirish muammosi ko‘rib chiqiladi. Tadqiqotning maqsadi shaxsga yo‘naltirilgan ta’lim texnologiyasi asosida ishlab chiqilgan metodik modelni raqamli muhitga ko‘chirish tajribasini tavsiflash va uning turkiy akademik makonda transfer qilinish imkoniyatlarini asoslashdan iborat. Maqolada diagnostika, rejalashtirish, amalga oshirish va baholash-refleksiya bosqichlaridan iborat iterativ sikl hamda differensial, reflektiv, tanlovga asoslangan va muammoli-vaziyatli mashqlar tizimini o‘zida mujassamlashtirgan “LexiPath” (lexpath.netlify.app) ikki tilli veb-platformasining tuzilishi va funksiyalari bayon etiladi. Platforma diagnostik test, to‘rt turdagi mashqlar, natijalar paneli, darajali sertifikatlash va yakuniy test modullaridan iborat bo‘lib, o‘qituvchiga har bir talabaning leksik profilini kuzatish imkonini beradi.*

Farg‘ona vodiysidagi to‘rtta oliy ta’lim muassasasida 486 nafar talaba ishtirokida o‘tkazilgan tajriba-sinov natijalariga ko‘ra, tajriba guruhlarida quyi darajadagi talabalar ulushi 43,3% dan 7,5% gacha kamaygan, nazorat guruhlarida esa deyarli o‘zgarmagan. Maqolada platformani qozoq-ingliz interfeysi bilan moslashtirish, qardosh oliy ta’lim muassasalari o‘rtasida mashqlar bazasi va diagnostik vositalarni almashish hamda doktorantlarning qo‘shma tadqiqotlarini tashkil etish yo‘llari taklif etiladi.

Abstract: *The article addresses a problem shared by higher education institutions in Uzbekistan and Kazakhstan: how to develop the lexical competence of pre-service foreign language teachers in line with their individual needs. The aim is to describe the experience of transferring a methodological model based on person-centred educational technology into a digital environment and to substantiate the possibilities of its transfer within the Turkic academic space. The paper presents the structure and functions of the bilingual web platform LexiPath (lexpath.netlify.app), which embodies an iterative cycle of diagnosis, planning, implementation and evaluation-reflection and a system of differentiated, reflective, choice-based and problem-situation exercises. The platform comprises modules for diagnostic testing, four types of exercises, a results dashboard, level-based certification and a final test, enabling the teacher to monitor each student’s lexical profile. In an experiment with 486 students at four universities in the Fergana Valley, the share of low-level students in the experimental groups fell from 43.3% to 7.5%, while in the control groups it remained almost unchanged. The article proposes ways to adapt the platform with a Kazakh–English interface, to share exercise banks and diagnostic tools between partner universities and to organise joint research by doctoral students.*

Kalit so‘zlar: *leksik kompetensiya, bo‘lajak o‘qituvchi, shaxsga yo‘naltirilgan texnologiya, raqamli platforma, LexiPath, differensiatsiya, turkiy akademik makon.*

Keywords: *lexical competence, pre-service teacher, person-centred technology, digital platform, LexiPath, differentiation, Turkic academic space.*

Kirish

So‘nggi yillarda O‘zbekiston va Qozog‘iston o‘rtasidagi ilmiy-ta’limiy hamkorlik sifat jihatidan yangi bosqichga ko‘tarildi: qo‘shma ta’lim dasturlari, akademik almashinuv va qo‘shma ilmiy anjumanlar turkiy akademik makonni yagona bilim almashinuvi maydoniga aylantirmoqda. Ikki mamlakat ta’lim tizimlari oldida turgan vazifalar ham ko‘p jihatdan o‘xshash. O‘zbekistonda xorijiy tillarni o‘qitish sifatini oshirish Prezidentning 2021-yil 19-maydagi PQ-5117-son qarori bilan davlat siyosatining ustuvor yo‘nalishi sifatida belgilangan bo‘lsa, Qozog‘istonda uch tilli ta’lim (qozoq, rus va ingliz tillari) siyosati doirasida ingliz tilini biladigan pedagog kadrlarga talab ortib bormoqda. Har ikki mamlakatda ham ingliz tili o‘qituvchilarini tayyorlash sifati umumiy kommunikativ kompetensiya bilan bir qatorda kasbiy-pedagogik nutqni egallash darajasi bilan belgilanmoqda.

Kasbiy-pedagogik nutqning asosini leksik kompetensiya tashkil etadi. Bo‘lajak o‘qituvchi nafaqat keng lug‘at zaxirasiga ega bo‘lishi, balki darsni boshqarish, topshiriqni tushuntirish, xatoni tuzatish va o‘quvchi javobini baholash uchun zarur bo‘lgan leksik birliklarni hamda metodik terminologiyani (*lesson objective, scaffolding, differentiation, formative assessment*) erkin qo‘llay olishi lozim [Richards, 2017]. CEFR hujjatlarida leksik kompetensiya lingvistik kompetensiyaning yadrosi sifatida leksik boylik va leksik nazorat mezonlari orqali tavsiflanadi [Council of Europe, 2020]. Biroq amaliyotda leksik material ko‘pincha barcha talabalarga bir xil hajm, tartib va sur’atda taqdim etiladi, talabaning boshlang‘ich darajasi, o‘rganish sur’ati va kasbiy ehtiyojlari esa yetarli hisobga olinmaydi.

Tadqiqot doirasida “Til aspektlari amaliyoti” fanining amaldagi o‘quv dasturi tahlil qilinganda, amaliy mashg‘ulotlarning barcha 60 mavzusi talabalarning boshlang‘ich til darajasidan (B1, B2 yoki C1) qat’i nazar yagona, tabaqalashtirilmagan tartibda berilgani, talabaga mavzu yoki topshiriq turini tanlash imkoniyati, refleksiv faoliyat va o‘z-o‘zini baholash elementlari nazarda tutilmagani aniqlandi. Kasbiy-pedagogik terminologiya esa alohida leksik mavzu sifatida deyarli uchramaydi. Keng qo‘llaniladigan English Vocabulary in Use, Oxford Word Skills va Destination darsliklari ham umumiy o‘rganuvchilar uchun mo‘ljallangan bo‘lib, bo‘lajak o‘qituvchining kasbiy ehtiyojlarini to‘liq qamrab olmaydi. Diagnostik test natijalari esa talabalarda bir qator tipik leksik qiyinchiliklar – ona tili interferensiyasi, soxta kognatlar, kollokatsion xatolar (*do a mistake* o‘rniga *make a mistake*) va registr jihatidan farq qiluvchi sinonimlarni chalkashtirish (*child – kid – offspring*) mavjudligini ko‘rsatdi. Talabalar ko‘plab kasbiy terminlarni tanisa-da, ularni izohlash yoki gapda qo‘llashda qiynaldi, ya’ni retseptiv va produktiv lug‘at o‘rtasida sezilarli tafovut kuzatildi.

Shu kabi muammolar qardosh Qozog‘iston oliy ta’lim muassasalari amaliyotida ham uchrashi tabiiy, chunki ikki mamlakatda chet tili o‘qituvchilarini tayyorlash tizimi umumiy tarixiy ildizlarga, o‘xshash o‘quv rejalari va baholash an’analariga ega. Shu bois bir mamlakatda sinovdan o‘tgan metodik yechimlarni ikkinchisida moslashtirib qo‘llash ilmiy va amaliy jihatdan maqsadga muvofiqdir. Bunday transfer qo‘shma ilmiy anjumanlar, akademik mobillik va doktorantlar hamkorligi orqali amalga oshirilishi mumkin.

Ushbu muammoni hal etishda shaxsga yo‘naltirilgan ta’lim texnologiyasi istiqbolli yondashuv hisoblanadi. U C. Rogersning insonparvarlik pedagogikasi [Rogers, 1969], I.S. Yakimanskaya va I.A. Zimnyayaning shaxsga yo‘naltirilgan ta’lim nazariyalari [Yakimanskaya, 1996; Zimnyaya, 2004], D.

Nunanning o‘rganuvchi-markazlashgan yondashuvi [Nunan, 1988] va o‘rganuvchi avtonomiyasi nazariyasiga [Benson, 2011] tayanadi. Mazkur yondashuvning raqamli texnologiyalar bilan uyg‘unlashuvi esa individuallashtirishni katta auditoriyada amalga oshirish imkonini beradi: diagnostika, differensial topshiriqlar va natijalarni kuzatish avtomatlashtirilganda o‘qituvchi har bir talabaning leksik profili bilan ishlay oladi.

Leksik kompetensiyani rivojlantirishda raqamli vositalardan foydalanish bo‘yicha xalqaro tajriba ham boy. Oraliqli takrorlash (spaced repetition) tizimlariga asoslangan raqamli kartochkalar, gamifikatsiyalashgan ilovalar va sun’iy intellektga asoslangan adaptiv platformalar leksik birliklarni uzoq muddatli xotirada mustahkamlash va mashq intensivligini oshirishga xizmat qiladi. Biroq tadqiqotchilar bunday vositalarning metodik salohiyati o‘qituvchi tomonidan aniq maqsad va o‘rganuvchi profiliga moslab integratsiya qilingandagina to‘liq ro‘yobga chiqishini ta’kidlaydi [Godwin-Jones, 2018]. Mavjud ommaviy ilovalar esa asosan umumiy lug‘atga yo‘naltirilgan bo‘lib, bo‘lajak o‘qituvchining kasbiy-pedagogik leksikasi, refleksiya va o‘z-o‘zini baholash kabi komponentlarni qamrab olmaydi. Bu ehtiyojga mos, metodik modelga tayangan maxsus platforma yaratish zaruratini keltirib chiqardi.

Maqolaning maqsadi muallifning dissertatsiya tadqiqoti doirasida ishlab chiqilgan metodik modelni raqamli muhitga ko‘chirish tajribasini tavsiflash va uni turkiy akademik makonda, xususan Qozog‘iston oliy ta’lim muassasalarida qo‘llash imkoniyatlarini asoslashdan iborat.

Metodologiya

Tadqiqotning nazariy asosini I.S.P. Neyshnning leksik bilim tarkibi va “to‘rt yo‘nalish” konsepsiyasi [Nation, 2007; Nation, 2013], J. Ridning leksik kompetensiyani diagnostik-formativ baholash g‘oyalari [Read, 2000], C.A. Tomlinsonning differensial ta’lim nazariyasi [Tomlinson, 2014] hamda B. Zimmermanning o‘z-o‘zini boshqarib o‘rganish nazariyasi [Zimmerman, 2002] tashkil etadi. Leksik kompetensiya uch komponentning integratsiyasi sifatida talqin qilinadi: bilish (leksik birlikning shakli, ma’nosi va qo‘llanishi haqidagi bilim), faollashtirish (passiv lug‘atni faol nutqqa ko‘chirish) va qo‘llash (leksik birliklarni kommunikativ va kasbiy vaziyatlarda maqsadga muvofiq ishlatish).

Tadqiqotda o‘quv dasturlari va darsliklarni tahlil qilish, pedagogik modellashtirish, raqamli platformani loyihalash, anketa va diagnostik test hamda pedagogik tajriba-sinov usullaridan foydalanildi. Tajriba-sinov Farg‘ona davlat universiteti, Andijon davlat chet tillari instituti, Qo‘qon davlat universiteti va Namangan davlat chet tillari institutida ingliz tili yo‘nalishining 486 nafar talabasi ishtirokida olib borildi (240 nafar tajriba, 246 nafar nazorat guruhi). Tajriba guruhlari olti oy davomida mualliflik mashqlar tizimi va “LexiPath” platformasi bilan ishladi, nazorat guruhlari esa amaldagi o‘quv dasturi asosida ta’lim oldi. Natijalar yuqori, o‘rta va quyi darajalar bo‘yicha taqqoslandi.

Platforma bosqichma-bosqich loyihalandi. Avval metodik modelning har bir komponenti uchun platformada qanday funksiya bajarilishi aniqlandi; so‘ngra dissertatsiyada ishlab chiqilgan mashqlar va dars ishlanmalaridagi topshiriqlar raqamli formatga o‘tkazildi; nihoyat, talabalar topshirgan test va mashq natijalari o‘qituvchiga avtomatik yuboriladigan qilib sozlandi. Platforma veb-brauzer orqali ishlaydi, maxsus dastur o‘rnatishni talab qilmaydi va mobil telefonda ham ochiladi – bu talabalarning auditoriyadan tashqarida mustaqil ishlashi uchun muhim shart hisoblanadi. Leksik kompetensiya darajasini baholash mezonlari oldindan yozma ravishda belgilanib, barcha to‘rtta muassasada bir xil qo‘llanildi: yuqori darajada talaba kasbiy leksikani kommunikativ vaziyatlarga mos va mustaqil qo‘llaydi, o‘rta darajada asosiy leksik birliklarni to‘g‘ri ishlatadi, ammo murakkab kollokatsiya va uslubiy farqlarda qiynaladi, quyi darajada esa faol lug‘at zaxirasi cheklangan bo‘ladi.

Natijalar va muhokama

Metodik model. Platformaning asosini olti komponentli – maqsadli, metodologik, mazmuniy, texnologik, diagnostik-baholash va natijaviy komponentlardan iborat metodik model tashkil etadi. Modelning yuragi to‘rt bosqichli iterativ sikldir: diagnostika bosqichida talabaning leksik profili aniqlanadi; rejalashtirish bosqichida aynan o‘zlashtirilmagan leksik birliklar maqsadli material sifatida tanlanadi; amalga oshirish bosqichida ular kontekstli matnlar va mashqlar orqali o‘rgatiladi; baholash-refleksiya bosqichida natijalar tekshiriladi va o‘zlashtirilmagan birliklar keyingi siklning boshlang‘ich nuqtasiga aylanadi. Shu tariqa har bir sikl oldingisidan olingan aniq ma’lumot asosida davom etadi.

Masalan, diagnostika bosqichida talabaga “pedagogika va metodika” mavzusidagi 20 ta kasbiy atamadan iborat test beriladi va 8 tasi notanish ekanligi aniqlanadi. Rejalashtirish bosqichida aynan shu 8 ta atama (*scaffolding, differentiation, formative assessment* va boshqalar) keyingi mashg‘ulot uchun maqsadli material sifatida belgilanadi. Amalga oshirish bosqichida ular kontekstli matnlar, video-fragmentlar va situatsion mashqlar orqali o‘rgatiladi. Yakuniy mini-testda 8 tadan 6 tasi o‘zlashtirilgani, 2 tasi esa hali mustahkamlanmagani aniqlansa, keyingi sikl aynan shu 2 ta atamadan, yangi va murakkabroq kontekstlarda boshlanadi. Platformada bu jarayonning har bir bosqichi alohida modul orqali qo‘llab-quvvatlanadi.

Mashqlar tizimi. Mashqlar to‘rt mezon – tashkiliy shakl, leksik kompetensiya komponenti, kognitiv faoliyat darajasi va shaxsga yo‘naltirilgan texnologiya komponenti asosida tasniflangan. Platformada to‘rt turdagi mashqlar joylashtirilgan: *differensial* mashqlar bir xil leksik maqsadni B1, B2 va C1 darajalariga mos murakkablikda taqdim etadi; *reflektiv* mashqlar (masalan, “Before–After” mashqi) talabaga dars boshida va oxirida kasbiy terminlarni bilish darajasini uch darajali shkala asosida baholash va o‘zgarishni tahlil qilish imkonini beradi; *tanlovga asoslangan* mashqlarda talaba mavzu va topshiriq turini o‘zi tanlaydi; *muammoli-vaziyatli* mashqlar esa real pedagogik holatlarni maqsadli leksika yordamida hal etishni talab qiladi.

Har bir leksik guruh doirasida mashqlar bilishdan qo‘llashga qarab murakkablashadi. Masalan, *achieve, accomplish, attain, fulfil* sinonimlari bo‘yicha avval talaba har bir so‘zning ma’nosini lug‘at yordamida o‘z so‘zlari bilan izohlaydi, so‘ngra faqat bitta so‘z mos keladigan bo‘sh joyli gaplarni to‘ldiradi va nihoyat “Mening maqsadlarim” mavzusida tayyorgarliksiz qisqa hikoya tuzib, bu so‘zlardan kamida ikkitasini ishlatadi. Mualliflik mashqlarida bazaviy topshiriq kasbiy kontekst bilan boyitiladi: masalan, *effective – ineffective, motivate – discourage* kabi antonimlarni topgach, talaba ular ishtirokida o‘qituvchilik faoliyatiga oid gaplar tuzadi.

Platformaning tuzilishi. “LexiPath” ikki tilli (o‘zbek/ingliz) veb-platforma sifatida ishlab chiqilgan va ochiq internet manzilida joylashtirilgan. Uning tarkibiy modullari jadvalda keltirilgan.

1-jadval “LexiPath” platformasining modullari va metodik funksiyalari

Modul	**Vazifasi**	**Metodik model bosqichi**
Diagnostik test	Talabaning leksik profilini aniqlash	Diagnostika
To‘rt turdagi mashqlar	Differensial, reflektiv, tanlovga asoslangan va muammoli-vaziyatli topshiriqlar	Rejalashtirish, amalga oshirish
Natijalar paneli	Talaba va o‘qituvchi uchun rivojlanish dinamikasini ko‘rsatish	Baholash-refleksiya
Darajali sertifikat	Erishilgan darajani rasmiylashtirish va motivatsiyani oshirish	Natijaviy komponent
Yakuniy test va topshiriq natijalari	Natijalarni o‘qituvchiga yuborish, keyingi siklni rejalashtirish	Baholash va keyingi diagnostika

Platformaning metodik afzalligi shundaki, u o‘qituvchining eng ko‘p vaqt talab qiladigan ishlarini – boshlang‘ich diagnostika, differensial topshiriqlarni taqsimlash va natijalarni hisoblashni avtomatlashtiradi. Natijada o‘qituvchi asosiy e’tiborini talabalar bilan individual ishlashga, refleksiyani tashkil etishga va muammoli-vaziyatli mashg‘ulotlarga qarata oladi. Talaba esa auditoriyadan tashqarida ham siklni davom ettirib, o‘z natijalarini real vaqt rejimida kuzatib boradi; bu o‘rganuvchi avtonomiyasi va o‘z-o‘zini boshqarib o‘rganishni qo‘llab-quvvatlaydi [Benson, 2011; Zimmerman, 2002].

Tajriba-sinov natijalari. Tajriba boshida tajriba va nazorat guruhlarida yuqori darajadagi talabalar ulushi deyarli bir xil (19,2% va 19,1%), quyi darajadagilar esa mos ravishda 43,3% va 41,1% ni tashkil etdi. Olti oydan so‘ng tajriba guruhlarida yuqori daraja ulushi 29,9% ga, o‘rta daraja 62,7% ga ko‘tarildi, quyi daraja esa 7,5% gacha kamaydi. Nazorat guruhlarida ko‘rsatkichlar deyarli o‘zgarmadi: yuqori daraja 18,9%, quyi daraja 46,3%. Guruhlar o‘rtasidagi farq statistik jihatdan ishonchli bo‘ldi (χ^2=93,06, $p<0,001$). Tajriba guruhida o‘rtacha ball 3,76 dan 4,22 ga oshgan bo‘lsa, nazorat guruhida 3,78 dan 3,73 ga o‘zgardi (2-jadval).

2-jadval Tajriba-sinov boshida va yakunida leksik kompetensiya darajalari, %

Guruh	**Bosqich**	**Yuqori**	**O‘rta**	**Quyi**	**O‘rtacha ball**
Tajriba (n=240/241)	Boshida	19,2	37,5	43,3	3,76
	Yakunida	29,9	62,7	7,5	4,22
Nazorat (n=246/244)	Boshida	19,1	39,8	41,1	3,78
	Yakunida	18,9	34,8	46,3	3,73

Barcha to‘rtta oliy ta’lim muassasasida tajriba guruhlarida quyi darajadagi talabalar soni keskin kamaygani natija muayyan muassasa sharoitiga bog‘liq emasligini ko‘rsatadi.

Natijalarni muhokama qilar ekanmiz, eng katta o‘zgarish quyi darajada kuzatilganiga e’tibor qaratish lozim. Bu L.S. Vygotskiyning yaqin rivojlanish zonasi g‘oyasiga [Vygotsky, 1978] va differensial ta’lim mantiqiga mos keladi: topshiriq talabaning real darajasiga mos kelganda, kuchsizroq talabalar muvaffaqiyatga erishadi va bu keyingi qadam uchun asos bo‘ladi. Reflektiv mashqlar esa retseptiv bilimni produktiv bilimga aylantirishga yordam berdi – bu leksik ta’limning eng murakkab muammolaridan biri hisoblanadi [Schmitt, 2010].

Muhim jihati shundaki, yuqori daraja ulushining o‘sishi (+10,7 foiz punkt) quyi darajaning kamayishiga nisbatan mo‘tadilroq bo‘ldi. Bu tabiiy holat: talabani kasbiy leksikani qisman bilishdan uni kollokatsiya va pragmatik nozikliklar bilan birga erkin, mustaqil qo‘llash darajasiga olib chiqish olti oylik mashg‘ulotlardan ko‘ra uzoqroq vaqt talab qiladi. Shu sababli platformada keyingi semestrlarda yuqori darajaga yo‘naltirilgan ikkinchi sikl – akademik kollokatsiyalar, kasbiy diskurs va mikro-o‘qitish topshiriqlarini kengaytirish rejalashtirilmoqda. Platformaning natijalar paneli o‘qituvchiga aynan qaysi talaba va qaysi leksik qatlamda qiyinchilik borligini ko‘rsatib, mashg‘ulotlarni shu ehtiyojlarga moslashtirish imkonini beradi.

Reflektiv mashq namunasi. Platformadagi “Before–After” mashqida talaba sakkizta kasbiy-pedagogik terminni dars boshida va oxirida uch darajali shkala bilan baholaydi: ✗ – tushunilmagan yoki noto‘g‘ri qo‘llangan, □ – qisman tushunilgan, nutqda barqaror qo‘llanilmaydi, ✓– to‘liq tushunilgan, nutqda to‘g‘ri va mustaqil qo‘llanadi (3-jadval). Mashq yakunida talaba qaysi terminlar bir darajadan ikkinchisiga o‘tgani va buning sababi haqida qisqa reflektiv xulosa yozadi. Natijalar natijalar panelida saqlanadi va keyingi siklning diagnostikasi uchun asos bo‘ladi.

3-jadval “Before–After” reflektiv mashqi namunasi

Leksik birlik	**Dars boshida**	**Dars oxirida**
lesson objective	□	✓
learner-centred approach	✗	□
evaluation	□	✓
differentiation	✗	□
scaffolding	✗	✓
formative assessment	□	✓
feedback	✓	✓
rubric	✗	□

Ona tilining ta’siri masalasi ham turkiy akademik makon uchun umumiy ahamiyatga ega. O‘zbek va qozoq tillari agglyutinativ tillar bo‘lib, ingliz tilidan tuzilishi jihatidan sezilarli farq qiladi; shu sababli ikkala til egalarida ham kollokatsiyalarni so‘zma-so‘z tarjima qilish, ko‘p ma’noli fe’llarni (*make, do, take, get*) farqlay olmaslik kabi o‘xshash leksik xatolar uchrashi kutiladi. Platformadagi xatolar tahlili mashqlari aynan shunday xatolarni talabaning o‘zi aniqlashi, sababini tushuntirishi va tuzatishiga qaratilgan. Ikki mamlakat talabalari xatolarini qiyosiy o‘rganish turkiy tillar egalariga ingliz tili leksikasini o‘rgatishning umumiy metodik tamoyillarini ishlab chiqishga xizmat qilishi mumkin.

Turkiy akademik makonda transfer imkoniyatlari. O‘zbekiston va Qozog‘iston oliy ta’lim tizimlarining o‘xshashligi – kredit-modul tizimi, CEFR mezonlariga yo‘naltirilganlik, ingliz tili o‘qituvchilarini tayyorlash dasturlarining tuzilishi va turkiy tillarning yaqinligi – platformani qardosh muassasalarda qo‘llash uchun qulay sharoit yaratadi. Shu munosabat bilan quyidagi hamkorlik yo‘nalishlari taklif etiladi:

birinchidan, platformaning qozoq-ingliz interfeysini yaratish va ko‘rsatmalar, izohlar hamda refleksiv savollarni qozoq tiliga moslashtirish; o‘zbek va qozoq tillarining yaqinligi tufayli bu ish nisbatan kam resurs talab qiladi;

ikkinchidan, ikki mamlakat oliy ta’lim muassasalari o‘rtasida kasbiy-pedagogik leksika bo‘yicha mashqlar bazasi va diagnostik testlarni almashish, ularni qo‘shma ekspertiza asosida takomillashtirish;

uchinchidan, leksik kompetensiyani baholash mezonlari va uch darajali shkalani umumlashtirib, natijalarni qiyosiy tahlil qilish imkonini beruvchi qo‘shma monitoring tizimini yaratish;

to‘rtinchidan, doktorantlar va magistrantlarning qo‘shma tadqiqotlarini tashkil etish, jumladan ona tili (o‘zbek yoki qozoq tili) interferensiyasining ingliz tili leksikasini o‘zlashtirishga ta’sirini qiyosiy o‘rganish;

beshinchidan, o‘qituvchilar uchun shaxsga yo‘naltirilgan va raqamli texnologiyalarni qo‘llash bo‘yicha qo‘shma onlayn malaka oshirish kurslarini tashkil etish.

Uzluksiz ta’lim va ilmiy kadrlar tayyorlashdagi ahamiyati. Taklif etilayotgan model faqat bakalavriat talabalari uchun emas, balki magistratura va doktorantura bosqichlari uchun ham ahamiyatlidir. Birinchidan, platforma yosh tadqiqotchilar uchun tayyor tadqiqot muhiti vazifasini bajaradi: unda diagnostik va yakuniy test natijalari bir xil shaklda to‘planadi, bu esa magistrlik va doktorlik ishlarida tajriba-sinov ma’lumotlarini yig‘ish va qiyosiy tahlil qilishni osonlashtiradi. Ikkinchidan, to‘rt mezonli mashqlar tasnifi universal tavsiflash vositasi bo‘lib, uni boshqa til kompetensiyalari (grammatik, fonetik, diskursiv) yoki boshqa xorijiy tillar bo‘yicha tadqiqotlarga ham tatbiq etish mumkin. Uchinchidan, platforma amaldagi o‘qituvchilar malakasini oshirish kurslarida ham qo‘llanishi mumkin: o‘qituvchi avval o‘zi “talaba” sifatida diagnostika va refleksiya siklidan o‘tadi, so‘ngra uni o‘z sinfida qo‘llaydi. Bu yondashuv bilimlarning universitetdan maktabgacha uzluksiz transferini ta’minlaydi.

Raqamli vositalar o‘qituvchining o‘rnini bosmaydi, balki uning rolini o‘zgartiradi. An’anaviy darsda o‘qituvchi asosan tayyor so‘zlar ro‘yxatini uzatuvchi bo‘lsa, shaxsga yo‘naltirilgan raqamli muhitda u diagnost, loyihachi, maslahatchi va refleksiya tashkilotchisiga aylanadi. Shu sababli modelni joriy etishning muhim sharti o‘qituvchilarning differensial va reflektiv o‘qitish hamda raqamli vositalardan foydalanish ko‘nikmalarini rivojlantirishdir. Turkiy akademik makondagi qo‘shma malaka oshirish dasturlari bu vazifani hal etishning samarali yo‘li bo‘lishi mumkin.

Shu bilan birga, transfer jarayonida ayrim cheklovlarni hisobga olish zarur: platforma hozircha bir mintaqada sinovdan o‘tgan, uning samaradorligi boshqa muassasalarda alohida tekshirilishi lozim; raqamli infratuzilma va o‘qituvchilarning raqamli savodxonligi darajasi ham muvaffaqiyatga bevosita ta’sir ko‘rsatadi.

Xulosa

O‘tkazilgan tadqiqot shaxsga yo‘naltirilgan ta’lim texnologiyasi tamoyillarini – individuallashtirish, differensiatsiya, tanlov erkinligi va refleksivlikni – raqamli platforma orqali amalga oshirish bo‘lajak chet tili o‘qituvchilarining leksik kompetensiyasini, ayniqsa quyi darajadagi talabalarda, sezilarli rivojlantirishini ko‘rsatdi. “LexiPath” platformasi diagnostika–rejalashtirish–amalga oshirish–baholash siklini katta auditoriyada amalga oshirish imkonini beruvchi amaliy vosita bo‘lib, uning ochiq va ikki tilli tabiati platformani turkiy akademik makonda transfer qilish uchun qulay qiladi. O‘zbekiston va Qozog‘iston oliy ta’lim muassasalari o‘rtasida platformani moslashtirish, mashqlar bazasini almashish va qo‘shma tadqiqotlar o‘tkazish pedagog kadrlar tayyorlash sifatini oshirishga hamda ilmiy-ta’limiy integratsiyani chuqurlashtirishga xizmat qiladi.

ADABIYOTLAR

1. Benson, P. (2011). *Teaching and researching autonomy* (2nd ed.). Harlow: Pearson Education.

2. Council of Europe. (2020). *Common European Framework of Reference for Languages: Learning, teaching, assessment. Companion volume.* Strasbourg: Council of Europe Publishing.

3. Godwin-Jones, R. (2018). Contextualized vocabulary learning. *Language Learning & Technology, 22*(3), 1–19.

4. Nation, I.S.P. (2007). The four strands. *Innovation in Language Learning and Teaching, 1*(1), 2–13. https://doi.org/10.2167/illt039.0

5. Nation, I.S.P. (2013). *Learning vocabulary in another language* (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press.

6. Nunan, D. (1988). *The learner-centred curriculum.* Cambridge: Cambridge University Press.

7. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2021-yil 19-maydagi “Xorijiy tillarni o‘rganishni ommalashtirish faoliyatini sifat jihatidan yangi bosqichga olib chiqish chora-tadbirlari to‘g‘risida”gi PQ-5117-son qarori. https://lex.uz

8. Read, J. (2000). *Assessing vocabulary.* Cambridge: Cambridge University Press.

9. Richards, J.C. (2017). Teaching English through English: Proficiency, pedagogy and performance. *RELC Journal, 48*(1), 7–30. https://doi.org/10.1177/0033688217690059

10. Rogers, C.R. (1969). *Freedom to learn.* Columbus, OH: Charles E. Merrill.

11. Schmitt, N. (2010). *Researching vocabulary: A vocabulary research manual.* Basingstoke: Palgrave Macmillan.

12. Tomlinson, C.A. (2014). *The differentiated classroom: Responding to the needs of all learners* (2nd ed.). Alexandria, VA: ASCD.

13. Vygotsky, L.S. (1978). *Mind in society: The development of higher psychological processes.* Cambridge, MA: Harvard University Press.
14. Yakimanskaya, I.S. (1996). *Lichnostno-orientirovannoye obucheniye v sovremennoy shkole.* Moskva: Sentyabr.
15. Zimmerman, B.J. (2002). Becoming a self-regulated learner: An overview. *Theory into Practice, 41*(2), 64–70.

ӘОЖ 001.83(100):378
UDC 001.83(100):378

ҚАЗАҚСТАН–ӨЗБЕКСТАН ҒЫЛЫМИ КОЛЛАБОРАЦИЯСЫ: БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ

KAZAKHSTAN–UZBEKISTAN SCIENTIFIC COLLABORATION: JOINT RESEARCH AND RESEARCHER TRAINING

Қонарбаева З. К.
Konarbayeva Z. K.
«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ-тың Шыршық қаласындағы (Өзбекстан Республикасы) филиалы
Chirchik Branch of M. Auezov South Kazakhstan University (NJSC), Chirchik, Uzbekistan
z.konarbayeva@auezov.edu.kz

Аңдатпа*. Мақалада «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КЕАҚ тәжірибесі негізінде Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қалыптасқан және перспективалы ғылыми ынтымақтастық нысандары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жекелеген ғылыми байланыстар мен тағылымдамалардан зерттеушілерді тұрақты түрде бірлесіп даярлауға көшу шарттарын айқындау. Университеттің 2025 жылғы есебі, Өзбекстанның нормативтік құжаттары, халықаралық ұсынымдар және автордың ұйымдастырушылық тәжірибесі негізінде құжаттық талдау, ұйымдастырушылық тәжірибелерді салыстыру және жобалық модельдеу әдістері қолданылды. 2025 жылы университеттің 40 докторанты шетелде ғылыми тағылымдамадан өтті, оның 14-і Өзбекстанда болды. Өнеркәсіптік биотехнология саласында өзбекстандық ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргізу тәжірибесі де расталды. Мақалада ғылыми топтарды қалыптастыру, диссертацияларға тәуелсіз сараптама жүргізу, зертханааралық жұмысты ұйымдастыру және академиялық адалдықты сақтау тетіктері талданды. Университеттің екі ғалымының өзбекстандық ізденушілердің диссертацияларына ғылыми пікірлер дайындап, жолдауы ынтымақтастықтың қалыптасқан тәжірибесі ретінде қарастырылды. Инженерия, материалтану, сәулет және құрылыс, ақпараттық технологиялар, экология, гуманитарлық ғылымдар және биотехнология бағыттарындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері анықталды. Ғылыми ұжымдардың өзара іс-қимылын және ғылыми кадрлар даярлауды кезең-кезеңімен дамыту тәсілі ұсынылды. Шыршық қаласындағы филиалда PhD және DSc даярлау бағдарламаларын іске асыру мүмкіндігі жеке құқықтық және ресурстық бағалауды қажет ететін ұзақ мерзімді міндет ретінде қарастырылады.*

Abstract. *The article examines existing and prospective forms of research collaboration between Kazakhstan and Uzbekistan in postgraduate education, with particular reference to M. Auezov South Kazakhstan Research University. Its purpose is to identify conditions for moving from individual academic contacts and research visits to sustained joint researcher training. The study uses documentary analysis, comparison of organisational practices and conceptual modelling based on the University's 2025 report, Uzbekistan's regulatory documents, international guidance and the author's organisational experience. In 2025, 40 doctoral candidates undertook research visits abroad, including 14 in Uzbekistan. The institutional report also documents joint work with Uzbek researchers in industrial biotechnology. The article discusses collaborative research teams, independent dissertation assessment, interlaboratory work and academic integrity. The author also reports two university scholars preparing and submitting reviews of dissertation research by degree candidates in Uzbekistan. Potential areas of cooperation include engineering, materials science, architecture and construction, information technology, environmental research, humanities and biotechnology. A phased approach to developing research partnerships and doctoral training is proposed. The possible introduction of PhD and DSc programmes at the University's Chirchik branch is treated as a long-term prospect requiring separate legal and resource assessments. Proposed joint projects are distinguished from activities already confirmed by institutional records.*

Түйін сөздер: *Қазақстан, Өзбекстан, ғылыми коллаборация, жоғары оқу орнынан кейінгі білім, докторантура, ғылыми тағылымдама, ғылыми кадрлар.*

Keywords: *Kazakhstan, Uzbekistan, research collaboration, postgraduate education, doctoral training, research visits, researchers.*

Кіріспе

Университеттердің халықаралық ғылыми ынтымақтастығы жасалған келісімдердің немесе бірлескен іс-шаралардың санымен ғана бағаланбайды. Оның зерттеушілер даярлауға қосатын үлесі де маңызды: диссертациялық зерттеудің өзекті тақырыбын таңдауға, зерттеу әдістерін меңгеруге, арнайы жабдықтарды пайдалануға және алынған нәтижелерді сараптамадан өткізуге мүмкіндік беруі қажет. Орталық Азия мемлекеттері үшін ғылыми мектептері тілдік, экономикалық және кәсіби тұрғыдан жақын ортада дамығанымен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді реттеудің әртүрлі жүйелерінде жұмыс істейтін университеттердің ынтымақтастығы ерекше мәнге ие.

Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы магистратура, докторантура және ғылыми ұйымдар деңгейінде бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Дегенмен академиялық интеграция ұғымын білім беру бағдарламаларын ұйымдастырушылық тұрғыдан біріктірумен теңестіруге болмайды. Мұнда зерттеу міндеттерін келісу, ғылыми нәтижелермен алмасу, шетелдік мамандардың диссертацияларды әдістемелік және сараптамалық сүйемелдеуге қатысуы, ғылыми тағылымдамалар өткізу және зерттеу топтарын қалыптастыру туралы сөз болып отыр. Мұндай ынтымақтастық жаңа білім беру құрылымдарын тікелей ашпай-ақ дамуы мүмкін.

Мақаланың мақсаты – «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КЕАҚ-тың Өзбекстан Республикасының ғылыми ұйымдарымен өзара іс-қимылының құжатпен расталған нәтижелерін талдау және ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша бірлескен зерттеулер мен ғылыми кадрлар даярлаудың даму перспективаларын айқындау. Зерттеуге университеттің 2025 жылғы жылдық есебі [1], Өзбекстан Республикасының нормативтік құжаттары [2–4] және халықаралық әдістемелік дереккөздер [5, 6] негіз болды. Құжаттық талдау, зерттеу үдерісіне қатысушылардың функцияларын салыстыру және ықтимал ынтымақтастық нысандарын жобалық модельдеу әдістері қолданылды. Ұсынылған модельдер университетте бекітілген бағдарламалар емес, перспективалы ұйымдастырушылық шешімдер ретінде қарастырылады.

Ғылыми тағылымдамалар – ынтымақтастықтың қалыптасқан нысаны

Докторантура дербес зерттеу жүргізу әдістерін меңгеруді және білім алушының кәсіби ғылыми қоғамдастыққа қосылуын көздейді. Тағылымдама диссертациялық жұмыстың нақты міндетімен байланысты болған жағдайда ғана мазмұндық құндылыққа ие болады: әдістемені тексеру, эксперименттік деректер алу, арнайы жабдықпен жұмыс істеу, нәтижелерді талдау немесе ғылыми консультанттармен қолжазбаны талқылау. Шетелдік ұйымда болу фактісінің өзі дайындалған диссертацияның сапасын сипаттамайды.

Университеттің жылдық есебіне сәйкес, 2025 жылы 40 докторант ғылыми тағылымдамадан өткен, оның ішінде 14-і – Өзбекстан Республикасында [1]. Есепте көрсетілген шет мемлекеттердің арасында тағылымдамаға жіберілген докторанттар саны бойынша Өзбекстан бірінші орында. Құжатта тағылымдамалардың шетелдік ғылыми консультанттар жұмыс істейтін ұйымдарда өткізілгені нақтыланған. Бұл мәліметтер академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру ниетін ғана емес, өзара іс-қимылдың қалыптасқан тәжірибесін көрсетеді.

Сонымен қатар жиынтық статистика жекелеген сапарлардың ұзақтығын, қабылдаушы университеттердің атауларын, қатысушылардың мамандықтарын және нақты тағылымдамалардың ғылыми нәтижелерін ашып көрсетпейді. Мұндай мәліметтерсіз Өзбекстандағы сапарлармен тікелей байланысты бірлескен жарияланымдардың, аяқталған эксперименттік кезеңдердің немесе қорғалған диссертациялардың саны туралы қорытынды жасау дұрыс емес. Талдаудың келесі кезеңінде докторанттардың жеке жоспарларын қабылдаушы ұйымдардың бағдарламаларымен және іс жүзінде орындалған зерттеу тапсырмаларымен салыстыру қажет.

Тағылымдаманың практикалық құндылығы оның басталуына дейін тексерілетін нақты нәтиже белгіленген жағдайда артады. Инженерлік зерттеулер үшін бұл материалдарды сынау хаттамалары немесе жабдықтарды салыстырмалы бағалау болуы мүмкін; экологиялық жұмыстар үшін – сынама алу мен талдаудың келісілген әдістері; ақпараттық технологиялар үшін – алгоритмдерді тестілеу нәтижелері; тарихи-құқықтық зерттеулер үшін – дереккөздерді талдау және сараптамалық қорытынды. Тамақ технологияларын зерттегенде салыстыруға келетін реологиялық өлшемдер алынуы мүмкін. Алынған материалдар докторанттың жеке жоспарымен сәйкес келуі тиіс және қабылдаушы ұйымға барғаны туралы есеппен ғана шектелмеуі керек.

Мұндай нәтижелердің салыстырмалылығын арттыру үшін ғылыми тағылымдаманың бірыңғай қысқаша паспортын қолдану орынды. Оған диссертация тақырыбын, қабылдаушы ұйымды, орындалған әдістер тізбесін, нәтижелерді растау нысанын және шетелдік консультанттың ұсынымдарын енгізуге болады. Егер міндет орындалмаса, оның себептері де көрсетілуі тиіс. Мұндай

құжаттама нақты зерттеу нәтижесін ұйымдастырушылық есептен ажыратуға және кейінгі тағылымдамалар үшін серіктестерді неғұрлым негізді таңдауға мүмкіндік береді.

Бірлескен ғылыми зерттеулер: жеке қатысудан тұрақты ғылыми топтарға дейін

Ғылыми тағылымдамалар Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығының барлық мазмұнын қамтымайды. Университеттің 2025 жылғы жылдық есебінде профессор Б. Ш. Кедельбаев жетекшілік ететін өнеркәсіптік биотехнология зертханасы ұжымының Өзбекстан Республикасының ғалымдарымен бірлескен зерттеулері туралы мәлімет берілген. Жұмыс Өзбекстан Инновациялық даму министрлігінің 2022–2026 жылдарды қамтитын халықаралық іргелі гранты шеңберінде жүргізілген [1]. Бұл мысал өзара іс-қимылдың тек білім алушылар алмасуына емес, ортақ ғылыми міндетті шешуге де негізделуі мүмкін екенін көрсетеді.

Диссертациялық даярлық үшін зерттеуші тақырыбының ғылыми топ қызметімен байланысы қағидатты мәнге ие. Бірлескен жоба болған жағдайда докторант ауқымды жұмыстың дербес бөлігін орындауға, эксперименттік деректерді салыстыруға және нәтижелерін ғылыми жарияланымдарда ұсынуға мүмкіндік алады. Алайда докторантты жобаға тарту оның нақты зерттеушілік үлесін көздеуі әрі білім беру бағдарламасының талаптарына және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес болуы тиіс.

Ынтымақтастықтың жекелеген табысты мысалдарынан тұрақты ғылыми топ құруға көшу бірнеше құрамдасты келісуді талап етеді: ортақ зерттеу мәселесі, орындаушылар функцияларын бөлу, жабдыққа қол жеткізу, деректерді пайдалану қағидалары және жарияланымдар дайындау тәртібі. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар, әсіресе жұмыстар өндірістік ұйымдардың қатысуымен орындалса, жеке талқылануы керек. Ғылыми нәтиже техникалық құжаттамаға, рецептураға, тәжірибелік технологияға немесе құқықтық қорғау объектісіне негіз бола алатын қолданбалы зерттеулерде мұндай келісімдердің қажеттілігі артады.

Магистрант, докторант және тәжірибелі ғалым ғылыми міндеттің әртүрлі деңгейінде қатысатын бірлескен зерттеу тақырыптарын қалыптастыру орынды. Магистрант бастапқы эксперименттік тексеруді, докторант объект қасиеттерінің технологиялық параметрлерге тәуелділігін терең талдауды орындай алады, ал ғылыми жетекшілер әдіснамалық үйлесімділік пен нәтижелерге сараптамалық түсіндірме беруді қамтамасыз етеді. Мұндай модель жеке зерттеулердің аражігін нақты ажыратуды талап етеді және бірнеше біліктілік жұмысының нәтижелерін механикалық түрде біріктіруді көздемейді.

Ғылыми коллаборация: зерттеу циклі, функцияларды бөлу және нәтижелердің қайталанымдылығы

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ғылыми коллаборацияны бір реттік консультациялар жиынтығы емес, бірнеше ғылыми ұжымның ортақ мәселе бойынша ұйымдастырылған жұмысы ретінде қарастырған жөн; мұнда әр қатысушы белгілі бір зерттеушілік функцияны орындайды. Оның дәстүрлі тәжірибе алмасудан айырмашылығы – бірлесіп тұжырымдалған гипотезаның, келісілген әдістеменің, бөлінген зерттеу міндеттерінің және ортақ нәтиже үшін жауапкершіліктің болуы. Топтың халықаралық құрамы өздігінен ғылыми жаңалыққа кепілдік бермейді; жаңалық алынған деректермен, оларды тәуелсіз тексеру мүмкіндігімен және қорытындылардың негізділігімен дәлелденеді. Бұл ұстаным ЮНЕСКО-ның 2021 жылғы Ашық ғылым жөніндегі ұсынымымен үндеседі: онда ғылыми қызметтің ашықтығы, әділ ынтымақтастық және білім алмасу маңыздылығы атап көрсетілген [5].

Қазақстан мен Өзбекстан ғалымдарынан құралған бірлескен зерттеу топтары үшін міндеттерді бөліп атқару моделі перспективалы. Бір ұйымда технологиялық жобалау тәжірибесі мен талдамалық әдістер болса, екіншісінде ерекше зерттеу объектілері, эксперименттік алаң немесе жекелеген өлшемдер бойынша құзыреттер болуы мүмкін. Ғылыми мүмкіндіктердің айырмашылығын орындаушыларды мемлекетіне қарай формалды бөлудің орнына, бірін-бірі толықтыру үшін пайдаланған жөн. Жобаны әзірлеу кезеңінде әр зертханада қандай нәтижелер алынатынын, қолданылатын әдістердің қаншалықты салыстырмалы екенін және диссертациялық міндетті шешуге шынымен қандай деректер қажеттігін анықтау керек. Зерттеу рәсімдерінің үйлесімділігі ғана ортақ ғылыми жарияланымның негізін қалайды.

Коллаборацияны ұйымдастыру өзара байланысты бірнеше шешімді қажет етеді. Алдымен ғылыми сұрақ пен гипотезаны тексеру өлшемшарттары бірлесіп нақтыланады. Одан кейін үлгілерді дайындау, өлшеу, статистикалық өңдеу және сапаны бақылау хаттамалары бекітіледі. Эксперименттік кезең аяқталған соң нәтижелер жас зерттеушілердің қатысуымен өтетін бірлескен семинарда талқыланады. Мақала дайындауды авторлардың тегі бойынша формалды бөлуден емес, дәлелдемелер

құрылымы мен ғылыми үлесті келісуден бастаған дұрыс. Ұсынылған реттілік 1-кестеде берілген; ол жобалық сипатқа ие және университетте бекітілген қолданыстағы регламентті білдірмейді.

1-кесте – Қазақстан–Өзбекстан ғылыми коллаборациясының ұсынылатын элементтері

Кезең	**Қатысушылардың бірлескен жұмысы**	**Тексерілетін нәтиже**
Міндетті қою	Тақырыпты, гипотезаны, рөлдерді және жеке зерттеулерді келісу	Бірлескен тақырыптың паспорты және жұмыс бағдарламасы
Эксперимент	Салыстырмалы хаттамалар, әр жерде орындалатын өлшемдер, сапаны бақылау	Бастапқы деректер және сынақ хаттамалары
Takliflarni asoslash uchun avvalo sanoat DXSH loyihalarida xatarlarning taqsimlanishiga to‘xtalish kerak. Qurilish va texnologik xatarlar (smeta oshishi, kechikish, uskunaning ishlamay qolishi) odatda xususiy sherik zimmasida bo‘ladi, chunki u ularni eng yaxshi boshqara oladi. Talab xatari (ishlab chiqarilgan mahsulot yoki xizmatga bozor talabining o‘zgarishi) sanoat uchun ayniqsa muhim: agar davlat bu xatarni to‘liq o‘z zimmasiga olsa, loyiha byudjet uchun yashirin majburiyatga aylanadi, xususiy sherikka to‘liq o‘tkazilsa esa investor uchun jozibadorlik pasayadi. Shu sababli sanoat parklarida eng maqbul variant — davlat tomonidan tashqi infratuzilma va yer uchastkasini ta’minlash, xususiy sherik tomonidan esa ichki infratuzilmani qurish va rezidentlardan olinadigan to‘lovlar hisobidan xarajatlarni qoplash modelidir. Valyuta xatari (ayniqsa xorijiy valyutadagi kreditlar va import uskunalar sharoitida) va siyosiy-huquqiy xatarlar, jumladan qonunchilikning o‘zgarishi, maxsus kelishuvlar bilan boshqarilishi lozim.

Ikkinchidan, sanoat DXSH loyihalarining samaradorligini baholash uchun ko‘rsatkichlar tizimi zarur. Bunday tizim quyidagilarni o‘z ichiga olishi mumkin: bir birlik davlat mablag‘iga to‘g‘ri keladigan jalb etilgan

xususiy investitsiya (ko‘paytiruvchi koeffitsiyent); yaratilgan ish o‘rinlari va rezidentlar soni; sanoat parkida ishlab chiqarilgan mahsulot va eksport hajmi; infratuzilmadan foydalanish darajasi; loyihaning shartnomada belgilangan muddat va qiymatga muvofiqligi hamda davlatning shartli majburiyatlari hajmi. Bu ko‘rsatkichlar tanlov bosqichida, shartnoma bajarilishi davomida va yakuniy baholashda qo‘llanilishi mumkin. Hozirgi hisobotlarda aynan shunday sanoatga xos ko‘rsatkichlarning yo‘qligi sanoat DXSH samarasini baholashni qiyinlashtiradi.

Yuqoridagi tahlil asosida quyidagi takliflarni ilgari surish mumkin.

1. Sanoat parklari va klasterlarining muhandislik-kommunikatsiya infratuzilmasini (elektr, gaz, suv, yo‘l, logistika markazi) DXSH shartnomalari asosida yaratish. Davlat yer uchastkasini va tashqi tarmoqlarni ta’minlasa, xususiy sherik ichki infratuzilmani quradi va foydalanish uchun to‘lovlar yoki ijara hisobidan investitsiyani qoplaydi. Astana Texnopolis tajribasi bu modelning amaliy namunasi sifatida o‘rganilishi lozim [11].

2. Sanoat yo‘nalishidagi DXSH loyihalarini alohida toifa sifatida hisobga olish. Hozirgi rasmiy hisobotlarda sanoat ishlab chiqarishi alohida ajratilmagani sababli uning ulushi, samaradorligi va xatarlarini baholash qiyin. Reyestrga «sanoat» va «sanoat infratuzilmasi» toifalarini kiritish ko‘rsatkichlar shaffofligini oshiradi.

3. Shartli davlat majburiyatlarini cheklash va baholash. XVF tavsiyalariga muvofiq yillik limitdan tashqari DXSH bo‘yicha jami majburiyatlarga chegara belgilash, majburiyatlar to‘g‘risida muntazam hisobot yuritish tavsiya etiladi [9]. Sanoat loyihalarida kafolatlangan xarid (offtake) shartlarini kamaytirish, to‘lovlarni natija ko‘rsatkichlariga (ishlab chiqarish hajmi, eksport, bandlik) bog‘lash maqsadga muvofiq.

4. Tanlov va monitoringni Qozog‘iston tajribasi asosida takomillashtirish. Shartnomalarni faqat tanlov asosida tuzish, rejalashtirish va tanlovni raqamlashtirish, faoliyat yuritmayotgan loyihalarni muntazam tekshirish tizimini kuchaytirish zarur. Reyestrdagi 85 ta faol bo‘lmagan loyiha bo‘yicha sabablarni tahlil qilish ham muhim [8].

5. Ikki davlat o‘rtasida sanoat kooperatsiyasida DXSHni qo‘llash. Hukumatlararo komissiya doirasida DXSH bo‘yicha qo‘shma ishchi guruh tuzish, shartnoma namunalari va xatarlarni taqsimlash tamoyillarini uyg‘unlashtirish, chegaraviy hududlardagi sanoat klasterlari (masalan, Sirdaryo viloyatidagi klaster) uchun umumiy logistika va energetika infratuzilmasini birgalikda moliyalashtirish tavsiya etiladi. Bu ikki mamlakat xususiy kompaniyalarining qo‘shma ishtirokini osonlashtiradi va tovar savdosidan kooperatsiyaga o‘tishga yordam beradi [13].

6. Kichik va o‘rta sanoat korxonalari uchun standartlashtirilgan DXSH shartnomalari. O‘zbekistonda agrosanoat loyihalarining o‘rtacha hajmi juda kichik (taxminan 37,5 ming dollar), shuning uchun ularni tayyorlash va tanlov xarajatlarini kamaytiradigan standart shartnoma va yengillashtirilgan tartib joriy etish samarali bo‘ladi.

Xulosa

Tadqiqot shuni ko‘rsatdiki, O‘zbekiston va Qozog‘istonda DXSH huquqiy va institutsional jihatdan shakllangan hamda hajm jihatidan sezilarli o‘sgan, biroq ikkala davlatda ham u asosan energetika, transport va ijtimoiy infratuzilmaga yo‘naltirilgan, sanoat ishlab chiqarishida esa hozircha cheklangan miqyosda qo‘llanilmoqda. O‘zbekistonda 2026-yil birinchi choragida yangi loyihalar qiymatining 89,7 foizi energetika va transportga to‘g‘ri kelgan, agrosanoat ulushi esa 0,1 foizdan kam bo‘lgan; Qozog‘istonda loyihalar o‘rtacha qiymatining oshishi va tanlov tizimining joriy etilishi portfel sifati yaxshilanayotganini ko‘rsatadi.

Sanoat korxonalarini rivojlantirishda DXSHning imkoniyatlaridan to‘liqroq foydalanish uchun sanoat infratuzilmasi loyihalarini ustuvor qilish, ularni alohida hisobga olish, shartli majburiyatlarni cheklash, Qozog‘istonning tanlov va monitoring tajribasini hisobga olish hamda ikki davlat o‘rtasida qo‘shma DXSH mexanizmlarini yaratish zarur. Ushbu choralar sanoat kooperatsiyasini chuqurlashtirish, byudjet yukini kamaytirish va xususiy investitsiyalarni jalb etishga xizmat qiladi. Kelgusida tadqiqotni alohida sanoat DXSH loyihalarining moliyaviy samaradorligini baholash bilan davom ettirish maqsadga muvofiq.

ADABIYOTLAR

1. Grimsey D., Lewis M.K. Public Private Partnerships: The Worldwide Revolution in Infrastructure Provision and Project Finance. – Cheltenham: Edward Elgar, 2004.

2. Yescombe E.R. Public-Private Partnerships: Principles of Policy and Finance. – Oxford: Butterworth-Heinemann (Elsevier), 2007.

3. World Bank. Public-Private Partnerships Reference Guide. Version 3. – Washington, DC: World Bank, 2017.

4. Hodge G.A., Greve C. Public–Private Partnerships: An International Performance Review // Public Administration Review. – 2007. – Vol. 67, No. 3. – P. 545–558.

5. O‘zbekiston Respublikasining «Davlat-xususiy sheriklik to‘g‘risida»gi Qonuni, 2019-yil 10-may, O‘RQ-537-son.

6. O‘zbekiston Respublikasi Prezidentining 2024-yil 30-avgustdagi PQ-308-son qarori (2024–2030-yillarda davlat-xususiy sheriklikni rivojlantirish chora-tadbirlari haqida).

7. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2024-yil 30-oktabrdagi 720-son qarori (DXSH loyihalarini amalga oshirish va moliyalashtirish tartibi haqida).

8. Public-Private Partnership activities in the first quarter of 2026 // gov.uz, 2026-yil 1-may. – URL: https://gov.uz/en/imv/news/view/160374 (kirilgan sana: 25.10.2026).

9. IMF: Uzbekistan’s public-private partnerships could burden future budgets // Kun.uz, 2025-yil 2-iyul. – URL: https://kun.uz/en/news/2025/07/02/imf-uzbekistans-public-private-partnerships-could-burden-future-budgets (kirilgan sana: 25.10.2026).

10. Закон Республики Казахстан «О государственно-частном партнерстве» от 31 октября 2015 года № 379-V ЗРК.

11. Public-private partnership makes strides in Kazakhstan // Times of Central Asia, 2026-yil 4-mart. – URL: https://timesca.com/public-private-partnership-makes-strides-in-kazakhstan/ (kirilgan sana: 25.10.2026).

12. Iskakova B. Интервью о ГЧП в Казахстане // Kapital.kz, 15.06.2023. – URL: https://kapital.kz/economic/116593/dogovory-na-5-mlrd-zaklyucheny-v-kazakhstane-v-sfere-gchp.html (kirilgan sana: 25.10.2026).

13. The Economics of Cooperation: How Uzbekistan and Kazakhstan Are Creating a Common Space for Growth // O‘zbekiston Respublikasi Tashqi ishlar vazirligi, 2025-yil 15-noyabr. – URL: https://pakistan.mfa.uz/en/news/ekonomika-sotrudnicestva-kak-uzbekistan-i-kazaxstan-sozdaiut-obshhee-prostranstvo-rosta (kirilgan sana: 25.10.2026).

14. Davlat-xususiy sheriklik loyihalari // gov.uz. – URL: https://gov.uz/oz/pages/Davlat_xususiy_sheriklik_loyihalari (kirilgan sana: 25.10.2026).

ӘОЖ 94(574.5):291.1
UDC 94(574.5):291.1

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҮРКІЛІК МҰРАСЫ: ТӘУЕЛСІЗДІК КОНТЕКСІНДЕ СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ТАРИХИ-ӨРКЕНИЕТТІК РӨЛІ

THE TURKIC HERITAGE OF THE KAZAKH AND UZBEK PEOPLES: THE HISTORICAL AND CIVILIZATIONAL ROLE OF THE SYRDARYA RIVER IN THE CONTEXT OF INDEPENDENCE

Мейрбекова А.С.
Meirbekova A.S.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
South Kazakhstan Research University named after Mukhtar Auezov, Shymkent, Kazakhstan
akerke2790@mail.ru

Түйін: *Мақалада өткен дәуірлердегі түркі мемлекеттеріне тән ортақ саяси, құқықтық және мәдени дәстүрлер Сырдария өзенінің тарихи-географиялық және өркениеттік маңызы тұрғысынан кешенді түрде қарастырылады. Сырдария алабында қалыптасқан қалалық мәдениет, көшпелі және отырықшы халықтардың өзара ықпалдастығы, сауда-экономикалық байланыстар мен суармалы егіншілік дәстүрлері түркі қоғамдарының саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына ықпал еткен негізгі факторлар ретінде талданады. Зерттеу барысында Түрік қағанаты, Қарлұқ, Оғыз және Қыпшақ бірлестіктері, Қарахан мемлекеті мен Қазақ хандығы кезеңдеріндегі мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктері, әдет-ғұрып құқығы, қоғамдық келісім және мәдени сабақтастық мәселелеріне назар аударылады. Сырдария бойындағы Отырар, Сауран, Сығанақ, Ясы және Жанкент қалаларының аймақтық саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды дамытудағы орны айқындалады. Сонымен қатар тарихи мұраның түркі халықтарының ортақ тарихи жадын қалыптастырудағы маңызы бағаланып, оны қазіргі кезеңде зерттеу, сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу мәселелері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Сырдария өңірінің түркі өркениетінің дамуына қосқан үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.*

Abstract: *The article comprehensively examines the common political, legal and cultural traditions inherent in the Turkic states of past eras from the point of view of the historical, geographical and civilizational significance of the*

Syrdarya River. The main factors contributing to the political, social and economic development of Turkic societies are the urban culture formed in the Syrdarya Basin, the interaction of nomadic and sedentary peoples, trade and economic ties and traditions of irrigated agriculture. In the course of the study, attention is paid to the issues of the Turkish kaganate, the Karluq, Oguz and Kipchak associations, the peculiarities of the public administration system in the periods of the Karakhan state and the Kazakh Khanate, customary law, social harmony and cultural continuity. The place of the cities of Otrar, Sauran, Syganak, Yasi and Zhankent in the Syrdarya region in the development of regional political, economic and cultural ties will be determined. At the same time, the importance of historical heritage in the formation of the common historical memory of the Turkic peoples is assessed, issues of its study, preservation and transmission to future generations at the present stage are considered. The results of the study allow us to more deeply understand the contribution of the Syrdarya region to the development of Turkic civilization.

Кілттік сөздер: *түркі мемлекеттері, Сырдария, саяси дәстүр, мәдени сабақтастық, Ұлы Жібек жолы, су ресурстары, тарихи өркениет.*

Keywords: *Turkic states, Syrdarya, political traditions, cultural continuity, The Great Silk Road, Water Resources, historical civilization.*

Еуразия кеңістігінде қалыптасқан түркі мемлекеттерінің тарихы саяси басқару жүйелерінің, құқықтық нормалардың, мәдени құндылықтардың және шаруашылық дәстүрлердің өзара ықпалдастығымен ерекшеленеді. Түркі халықтарының тарихи дамуында табиғи-географиялық орта айрықша рөл атқарды. Әсіресе өзен аңғарлары мен суармалы егіншілікке қолайлы аумақтар мемлекеттік құрылымдардың экономикалық негізін қалыптастырып, қалалық мәдениеттің және халықаралық сауданың дамуына ықпал етті.

Осы тұрғыдан алғанда, Сырдария өзені Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі тарихи үдерістерді зерттеудің маңызды нысаны болып табылады. Өзен алабы көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егіншіліктің өзара байланысын қамтамасыз етіп, қалалар мен ауылдық қоныстардың дамуына, сауда жолдарының қалыптасуына және әртүрлі мәдени дәстүрлердің тоғысуына жағдай жасады. ЮНЕСКО материалдарында Сырдария бойындағы тарихи қалалар мен керуен жолдары Ферғана–Сырдария дәлізі аясында қарастырылып, бұл аумақтың Еуразиядағы мәдени алмасу кеңістігі ретіндегі маңызы көрсетілген [1].

Мақаланың өзектілігі Сырдарияның табиғи ресурс ретіндегі қызметін ғана емес, оның түркі қоғамдарының саяси ұйымдасуына, құқықтық қатынастарына, әлеуметтік ынтымақтастығына және мәдени бірегейлігінің қалыптасуына ықпалын кешенді түрде зерделеу қажеттілігімен айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – өткен дәуірлердегі түркі мемлекеттерінің ортақ саяси, құқықтық және мәдени дәстүрлерін Сырдария өзенінің тарихи-өркениеттік рөлімен байланыстыра отырып талдау. Зерттеудің негізгі міндеттері: түркі мемлекеттерінің саяси басқару дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау; Сырдария бойындағы тарихи орталықтардың саяси және экономикалық қызметін сипаттау; түркі қоғамдарындағы құқықтық нормалар мен әдет-ғұрып дәстүрлерінің рөлін талдау; көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалдастығын қарастыру; тарихи тәжірибенің қазіргі кезеңдегі мәдени мұраны сақтау және су ресурстарын басқару мәселелерімен байланысын көрсету. Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи-салыстырмалы, жүйелік, тарихи-географиялық және өркениеттік талдау әдістері құрайды.

Сырдария өзені Орталық Азияның табиғи және тарихи дамуында маңызды орын алады. Оның алабы Ферғана аңғарынан басталып, қазіргі Өзбекстан мен Қазақстан аумақтары арқылы Арал теңізіне қарай бағытталады. Өзен суы ауыл шаруашылығын дамытуға, елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге және өңірлік шаруашылық байланыстарды ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Сырдария бойындағы тарихи қоныстардың дамуы табиғи орта мен адам қызметінің өзара тәуелділігін көрсетеді. Археологиялық зерттеулер Отырар оазисіндегі ирригациялық жүйелердің ұзақ уақыт бойы пайдаланылғанын және өзен арналарының өзгеруі мен климаттық жағдайлардың шаруашылыққа әсер еткенін дәлелдейді [2]. Демек, Сырдарияның тарихи маңызын тек географиялық орналасуымен шектеуге болмайды. Ол халықтардың қоныстануына, өндірістік қызметіне, әлеуметтік қатынастарына және саяси орталықтардың қалыптасуына ықпал еткен табиғи фактор болды.

Ежелгі және ортағасырлық кезеңдерде Сырдарияның орта және төменгі ағыстары әртүрлі тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттік құрылымдардың өзара байланыс аймағына айналды. Бұл кеңістікте көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қауымдар мен егіншілікке негізделген қалалық орталықтар қатар дамыды. Олардың арасындағы айырмашылықтар өзара тәуелділікті жоққа шығарған жоқ. Керісінше, мал өнімдері, астық, қолөнер бұйымдары және басқа да тауарлармен алмасу аймақтық экономиканың дамуына ықпал етті.

Сырдарияның тарихи кеңістігіндегі маңызды орталықтардың қатарына Отырар, Сауран, Сығанақ, Ясы және Жанкент қалалары жатады. Олардың әрқайсысы белгілі бір тарихи кезеңде

әкімшілік басқару, сауда, қолөнер немесе мәдени байланыстар орталығы қызметін атқарды. Бұл қалалардың орналасуы Сырдария алабының Ұлы Жібек жолының әртүрлі бағыттарын байланыстырудағы маңызын көрсетеді [1].

Осылайша, Сырдария өзені түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз еткен факторлардың бірі ретінде табиғи орта, экономикалық қатынастар және әлеуметтік ұйымдасу арасындағы байланысты айқын көрсетеді.

Түркі мемлекеттерінің саяси тарихы билікті ұйымдастыру, әскери басқару, аумақтық тұтастықты сақтау және қоғамдық келісімді қамтамасыз ету тәжірибелерінің қалыптасуымен ерекшеленеді. VI ғасырда құрылған Түрік қағанаты Еуразия кеңістігіндегі түркі саяси дәстүрлерінің дамуында маңызды кезең болды. Қаған билігі, әскери-әкімшілік құрылым және тайпалық бірлестіктер арасындағы қатынастар мемлекетті басқарудың негізгі тетіктері болды.

Түркілердің саяси дүниетанымында билеушінің беделі, елдің бірлігі, әскери тәртіп және қауым алдындағы жауапкершілік маңызды орын алды. Орхон жазба ескерткіштерінде елді сақтау, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету және билеушінің міндеттері туралы түсініктер көрініс тапқан. Бұл деректер түркі қоғамындағы биліктің тек әскери үстемдікпен ғана емес, қоғамдық жауапкершілік ұғымдарымен де байланыстырылғанын көрсетеді.

Алайда түркі мемлекеттерінің барлығында бірдей саяси жүйе болған жоқ. Олардың басқару құрылымы тарихи кезеңге, шаруашылық жағдайға, аумақтық ауқымға және көрші мемлекеттермен қарым-қатынасқа байланысты өзгеріп отырды. Сондықтан ортақ саяси дәстүрлерді біртұтас әрі өзгермейтін жүйе ретінде емес, тарихи сабақтастық пен жергілікті ерекшеліктердің өзара үйлесімі ретінде қарастырған дұрыс.

Сырдария өңірінің саяси маңызы әсіресе орта ғасырларда арта түсті. Өзен бойындағы қалалар сауда жолдарын бақылауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін жинақтауға және әкімшілік ықпалды нығайтуға қолайлы жағдай жасады. Қалалар мен олардың төңірегіндегі егіншілік алқаптары билік құрылымдарының экономикалық тірегіне айналды.

Оғыз мемлекеті кезеңінде Сырдарияның төменгі ағысы маңызды саяси және этномәдени кеңістік болды. Оғыз тайпаларының бір бөлігі осы өңірде орналасып, өзен бойындағы қалалармен және көрші аймақтармен экономикалық байланыстар орнатты. Кейінгі кезеңдерде қыпшақ бірлестіктері де Сырдария бойындағы саяси үдерістерге ықпал етті. Бұл аймақ Дешті Қыпшақ даласы мен отырықшы Орталық Азия қалалары арасындағы байланыстырушы кеңістік қызметін атқарды.

XIII ғасырдан кейінгі кезеңдерде Сырдария қалалары әртүрлі саяси құрылымдардың құрамында болды. XIV–XV ғасырларда өңірдің бірқатар қалалары қайта жанданып, кейін Қазақ хандығының саяси және экономикалық өмірінде маңызды орын алды. XV–XVI ғасырларда Сығанақ пен Түркістан маңындағы аумақтардың маңызы қазақ билеушілерінің Сырдария бойындағы қалалар мен сауда жолдарына ықпалын нығайтуға ұмтылуымен байланысты болды.

Осы тарихи деректер Сырдария өңірінің саяси маңызын бірнеше бағыт бойынша түсіндіруге мүмкіндік береді: біріншіден, ол халықтардың қоныстануы мен шаруашылық дамуына жағдай жасады; екіншіден, қалалар арқылы әкімшілік және сауда орталықтарының қалыптасуына ықпал етті; үшіншіден, көшпелі және отырықшы қоғамдардың өзара байланысын қамтамасыз етті.

Түркі мемлекеттерінің құқықтық дәстүрлері тарихи кезеңдерге сәйкес өзгеріп, ауызша әдет-ғұрып нормалары, билік өкімдері және кейінгі кезеңдерде жазбаша құқықтық ережелер арқылы реттелді. Құқықтық қатынастардың қалыптасуына меншік, отбасы, мұрагерлік, әскери міндет, қоғамдық тәртіп және дауларды шешу тәжірибелері әсер етті.

Ерте түркі қоғамдарында әдет-ғұрып нормалары әлеуметтік қатынастарды реттеудің маңызды құралдарының бірі болды. Қоғамдық міндеттер мен жауапкершілік, туыстық байланыстар, антқа адалдық және қауым алдындағы міндеттер әлеуметтік тәртіпті сақтауға ықпал етті. Мұндай нормалардың мазмұны мен қолданылуы әрбір тарихи ортада бірдей болған жоқ.

Ортағасырлық қалалық өңірлерде құқықтық қатынастардың құрылымы күрделене түсті. Сауда операциялары, жерді пайдалану, су бөлу, қолөнер өндірісі және қала тұрғындарының міндеттері құқықтық реттеудің әртүрлі нысандарын қажет етті. Ислам дінінің таралуымен бірге шариғат нормалары да қалалық қоғамның құқықтық және қоғамдық өміріне ықпал етті. Соған қарамастан, жергілікті әдет-ғұрыптар мен қалыптасқан әлеуметтік тәжірибелердің маңызы сақталды.

Сырдария алабында құқықтық дәстүрлердің шаруашылық қатынастармен байланысын суармалы егіншілік мысалынан байқауға болады. Суару арналары мен егістік алқаптарын пайдалану су ресурстарын бөлу, ирригациялық құрылыстарды күтіп ұстау және шаруашылық міндеттерді орындау мәселелерін туындатты. Су тапшылығы немесе өзен арнасының өзгеруі жағдайында қауымдардың өзара келісімі мен ұйымдасқан әрекеті ерекше маңызға ие болды.

Бұл тәжірибені қазіргі құқықтық нормалармен тікелей теңестіруге болмайды. Дегенмен, тарихи тұрғыдан алғанда, су ресурстарын бірлесіп пайдалану қоғамдық келісімнің, жауапкершіліктің және ортақ мүддені үйлестірудің қажеттілігін көрсетеді.

Қазақ хандығы кезеңінде әдет-ғұрып құқығының орны ерекше болды. Дәстүрлі құқықтық тәжірибе дауларды шешуге, жер мен жайылымды пайдалануға, отбасы және мүліктік қатынастарды реттеуге қатысты нормаларды қамтыды. Кейінгі тарихи дәстүрде Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» құқықтық-саяси мұраның маңызды үлгілері ретінде қарастырылады.

Бұл құқықтық дәстүрлерді Сырдария өңірімен байланыстыра зерттеу жерді пайдалану, суға қол жеткізу, сауда және қоғамдық тәртіп мәселелерінің тарихи қоғамдардағы маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түркі мемлекеттерінің мәдени дамуы көшпелі өмір салты, отырықшы қалалық мәдениет, діни дүниетаным, жазба дәстүр және халықаралық сауда байланыстарының өзара ықпалдастығы негізінде қалыптасты. Сырдария өңірі осы мәдени үдерістер тоғысқан маңызды кеңістіктердің бірі болды.

Көшпелі қоғамдарда ауыз әдебиеті, шежіре, эпикалық дәстүр, музыка және салт-дәстүрлер әлеуметтік жадты сақтаудың маңызды тетіктері қызметін атқарды. Отырықшы қалаларда қолөнер, сәулет, жазба мәдениет, сауда және білім беру дәстүрлері дамыды. Бұл екі мәдени орта бір-бірінен оқшау өмір сүрген жоқ. Олардың арасында тауарлармен қатар технологиялар, идеялар, діни түсініктер және көркемдік үлгілер де таралды.

Сырдария бойындағы Отырар, Сауран, Сығанақ және Ясы сияқты қалалар мәдени алмасудың маңызды орталықтары болды. Отырардың географиялық орналасуы оны әртүрлі керуен бағыттары мен шаруашылық аймақтарын байланыстыратын орталыққа айналдырды [3]. Қала маңындағы суармалы егіншілік жүйелері оның экономикалық негізін қалыптастырса, сауда мен қолөнер қалалық мәдениеттің дамуына ықпал етті.

Сырдария өңірінің мәдени тарихында ислам өркениетінің таралуы да маңызды орын алады. Орта ғасырларда діни білім, жазба дәстүр және сәулет өнері қалалық орталықтардың дамуына ықпал етті. Түркі тіліндегі әдеби және рухани мұраның қалыптасуы түркі халықтарының мәдени бірегейлігін нығайтты. Бұл үдерістерді белгілі бір мәдениеттің екіншісін толық алмастыруы ретінде емес, әртүрлі дәстүрлердің өзара ықпалдасуы ретінде түсінген жөн.

Түркі халықтарының мәдени сабақтастығы тілдік ортақтықтан ғана емес, тарихи жад, әлеуметтік тәжірибе, қонақжайлық, үлкенді құрметтеу, қауымдық ынтымақтастық және табиғи ортаға бейімделу сияқты құндылықтардан да көрініс табады. Аталған құндылықтардың нақты көріністері әрбір халық пен тарихи кезеңде өзіндік ерекшелікке ие болғанымен, олардың бірқатары түркі қоғамдарының ортақ мәдени мұрасын зерттеуге негіз болады.

Сырдария бойындағы тарихи ескерткіштер мен көне суару жүйелері материалдық мәдени мұра ретінде ғана емес, өткен қоғамдардың табиғи ортаға бейімделу тәжірибесін көрсететін тарихи дерек ретінде де бағалануы қажет. ЮНЕСКО ұсынған Ферғана–Сырдария дәлізіне қатысты материалдарда тарихи қалалар, ирригациялық құрылыстар және әртүрлі діни дәстүрлердің қатар өмір сүруі өңірдің мәдени маңызын сипаттайтын белгілер ретінде көрсетілген [1].

Түркі мемлекеттерінің тарихи тәжірибесін кешенді талдау саяси басқару, құқықтық қатынастар және мәдени құндылықтар бір-бірінен бөлек қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл жүйелер шаруашылық құрылыммен, табиғи ортамен және қоғамның әлеуметтік ұйымдасуымен өзара байланысты болды.

Сырдария алабы осыған байланысты нақты тарихи мысалдар арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Өзен суы егіншілік пен қалалық өмірдің дамуына ықпал етті; шаруашылықты ұйымдастыру ортақ міндеттер мен ресурстарды бөлу қажеттілігін туындатты; ал қалалар мен сауда жолдары әкімшілік басқару мен мәдени алмасудың дамуына жағдай жасады.

Кестеден көрінгендей, Сырдария өңіріндегі тарихи дамудың негізгі ерекшелігі – табиғи ресурстарды пайдалану, саяси ұйымдасу және мәдени алмасу үдерістерінің өзара байланысы. Дегенмен, бұл байланыс барлық дәуірде бірдей сипатта болған жоқ. Мемлекеттік құрылымдардың өзгеруі, сауда бағыттарының ауысуы, климаттық жағдайлар және әскери-саяси оқиғалар өңірдің даму қарқынына әртүрлі деңгейде әсер етті.

Отырар оазисіне жүргізілген пәнаралық зерттеулер суару жүйелерінің қызметі мен өзен арналарының динамикасы елді мекендердің экономикалық тұрақтылығына ықпал еткенін көрсетеді [2]. Бұл қорытынды тарихи қоғамдардың дамуын тек саяси оқиғалармен түсіндіру жеткіліксіз екенін аңғартады. Табиғи орта мен су ресурстары да қалалардың өркендеуі мен әлсіреуіне әсер еткен факторлардың бірі болды.

1-кесте – Сырдария өңіріндегі тарихи үдерістер мен түркі дәстүрлерінің өзара байланысы

Талдау бағыты	Тарихи көрінісі	Өркениеттік маңызы
Саяси дәстүр	Қағанаттар, тайпалық бірлестіктер, хандық билік және қалалық әкімшілік орталықтар	Аумақты басқару, қоғамдық тәртіп пен саяси байланыстарды ұйымдастыру
Құқықтық дәстүр	Әдет-ғұрып нормалары, жер мен мүлікті пайдалану, сауда және су бөлу қатынастары	Міндеттерді реттеу және қоғамдық келісімді қамтамасыз ету
Экономикалық дәстүр	Суармалы егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер және керуен саудасы	Көшпелі және отырықшы қоғамдардың өзара тәуелділігін қалыптастыру
Мәдени дәстүр	Тілдік және рухани байланыстар, сәулет, жазба мәдениет, діни ықпалдастық	Мәдени сабақтастық пен тарихи жадтың сақталуы
Экологиялық тәжірибе	Суару арналары, егістік алқаптары және су көздерін пайдалану	Табиғи ресурстарға бейімделу және ортақ шаруашылық міндеттерді орындау

Сондықтан Сырдарияны түркі мемлекеттерінің тарихымен байланыстыра зерттеу тарихи процестердің көпқырлылығын ашуға мүмкіндік береді. Өзен бір мезгілде шаруашылық тірегі, қоныстану кеңістігі, сауда жолдарының бағыттаушысы және әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына ықпал еткен табиғи фактор болды.

Сырдария бойындағы тарихи қалалар мен ирригациялық құрылыстарды зерттеу қазіргі Қазақстан үшін ғылыми және мәдени тұрғыдан маңызды. Бұл мұра түркі халықтарының тарихи байланыстарын түсіндіруге, өңірлік мәдени туризмді дамытуға және археологиялық ескерткіштерді қорғауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, тарихи мұраны сақтау түркі мемлекеттерінің ортақ тарихын ғылыми негізде танытуға ықпал етеді. Отырар, Сауран, Сығанақ, Ясы және Жанкент сияқты ескерткіштерді кешенді зерттеу арқылы саяси тарих, сауда, қала құрылысы және мәдени алмасу мәселелерін біртұтас жүйеде қарастыруға болады.

Екіншіден, тарихи ирригациялық жүйелерді зерттеу су ресурстарын басқарудың ұзақ мерзімді тәжірибесін түсінуге көмектеседі. Қазіргі кезеңде Сырдария алабындағы су тапшылығы, суармалы жерлерді тиімді пайдалану және экологиялық тұрақтылық мәселелері өзекті. Тарихи тәжірибені қазіргі инженерлік және құқықтық шешімдермен тікелей теңестіруге болмайды, алайда ол қоғамның суға тәуелділігі мен ресурстарды бірлесіп басқарудың маңызын көрсетеді.

Үшіншіден, Сырдария бойындағы тарихи-мәдени мұраны білім беру жүйесінде пайдалану жастардың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи ескерткіштерді археология, география, гидрология, кадастр және мәдени мұраны басқару бағыттарымен байланыстыра оқыту пәнаралық зерттеулерді дамытуға мүмкіндік береді.

Осы бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін археологиялық деректерді, тарихи жазба материалдарды, географиялық ақпараттық жүйелерді және су шаруашылығының тарихи карталарын бірлесіп пайдалану тиімді. Мұндай тәсіл Сырдария алабының тарихи дамуын кеңістіктік тұрғыдан талдауға және мәдени мұра нысандарын жүйелі есепке алуға жағдай жасайды.

Қорытынды. Жүргізілген тарихи-өркениеттік талдау өткен дәуірлердегі түркі мемлекеттерінің саяси, құқықтық және мәдени дәстүрлері Сырдария өңірінің табиғи-географиялық жағдайларымен және әлеуметтік-экономикалық дамуымен тығыз байланысты болғанын көрсетеді.

Біріншіден, Сырдария өзені Орталық Азияның оңтүстігі мен Қазақстан аумағындағы қоныстану, суармалы егіншілік және қалалық мәдениеттің қалыптасуына ықпал еткен маңызды табиғи фактор болды. Өзен бойындағы қалалар көшпелі және отырықшы қоғамдар арасындағы экономикалық әрі мәдени байланысты нығайтты.

Екіншіден, түркі мемлекеттерінің саяси дәстүрлері билік жүйесін ұйымдастыру, әскери-әкімшілік басқару және қоғамдық тәртіпті сақтау тәжірибелері арқылы дамыды. Сырдария өңіріндегі қалалардың стратегиялық маңызы әртүрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттік басқару мен сауда қатынастарының өзара байланысын айқындады.

Үшіншіден, құқықтық дәстүрлердің қалыптасуы қоғамның шаруашылық құрылымымен және әлеуметтік қажеттіліктерімен байланысты болды. Әдет-ғұрып нормалары, сауда қатынастары, жерді пайдалану және суару жүйелерін ұйымдастыру тәжірибелері қоғамдық келісімнің маңызын көрсетті. Сонымен қатар исламдық құқықтық дәстүрлердің таралуы ортағасырлық қалалық қоғамның құқықтық және мәдени дамуына ықпал етті.

Төртіншіден, Сырдария бойындағы тарихи қалалар түркі мәдениеті мен Орталық Азия өркениеттерінің өзара ықпалдасу кеңістігі болды. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің байланысы, сауда жолдарының қызметі және рухани дәстүрлердің таралуы өңірдің мәдени сабақтастығын қалыптастырды.

Бесіншіден, тарихи ирригациялық жүйелер мен археологиялық ескерткіштерді зерттеу өткен қоғамдардың табиғи ресурстарға бейімделу тәжірибесін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе қазіргі кезеңде су ресурстарын ұтымды пайдалану, тарихи-мәдени мұраны сақтау және өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелерін зерделеу үшін ғылыми маңызға ие.

Қорытындылай келе, Сырдария өзенін түркі мемлекеттерінің ортақ саяси, құқықтық және мәдени дәстүрлерін зерттеудің маңызды тарихи-географиялық негізі ретінде қарастыруға болады. Өзен алабының тарихы табиғи орта, мемлекеттік басқару, құқықтық қатынастар және мәдени алмасу үдерістерінің өзара байланысын айқындайды. Осы бағыттағы пәнаралық зерттеулер түркі халықтарының тарихи мұрасын тереңірек түсінуге және оны қазіргі қоғамның ғылыми-білім беру тәжірибесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

12. UNESCO World Heritage Centre. *Silk Roads: Fergana-Syrdarya Corridor*. Tentative Lists of States Parties. 2021. URL: https://whc.unesco.org/en/tentativelists/6568/

13. Toonen W.H.J., Deom J.M., Macklin M.G. et al. A hydromorphic reevaluation of the forgotten river civilizations of Central Asia // *Proceedings of the National Academy of Sciences (PNAS)*. 2021. Vol. 118, No. 5. DOI: https://doi.org/10.1073/pnas.2009553117

14. Қазақстан тарихы порталы. *Отырар*. URL: https://e-history.kz/en/map/view/82

15. Campbell K., Seraliyev A., Akylbek S. Urbanism Under Turco-Mongol Rule: Excavations at Otrar, Kazakhstan // *Journal of Field Archaeology*. Зерттеу материалы. DOI: https://doi.org/10.17863/CAM.89927

16. Yeleuov M., Tazhekeev A., Moldakhmet A., Zhusupnazar M. The Ordazy cities. The first archaeological research works in the cities of Sortobe 1, 2 // *Turkic Studies Journal*. 2024. No. 1. P. 40–63. DOI: https://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-1-40-63

ӘОЖ 001.895:502.131.1(5-191.2)
UDC 001.895:502.131.1(5-191.2)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР: ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

INNOVATIVE TECHNOLOGIES AND JOINT RESEARCH FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT IN CENTRAL ASIA: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN

Мергенбаева А.Т, Умарова Г.Х., Умарова А.Х.
Mergenbayeva A. T., Umarova G. Kh., Umarova A. Kh..
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
e-mail: guh_umarova

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстан мен Өзбекстан мысалында Орталық Азияның орнықты дамуын қамтамасыз етудегі инновациялық технологиялар мен бірлескен ғылыми зерттеулердің рөлі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді жеделдететін, технологиялық әлеуетті нығайтатын және тұрақты трансшекаралық инновациялық байланыстар қалыптастыратын өңірлік ғылыми-технологиялық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындау. Әдіснамалық негізді салыстырмалы және жүйелік талдау, халықаралық индекстер мен ресми статистиканы зерделеу, сондай-ақ инновациялар, жасыл*

энергетика, цифрландыру және орнықты даму жөніндегі заманауи еңбектерді жинақтау құрайды. Қазақстан мен Өзбекстанның өзара толықтыратын артықшылықтары бар екені көрсетілді: Қазақстан цифрлық мемлекеттік қызметтер мен инновациялық институционалдық инфрақұрылымның дамуымен ерекшеленсе, Өзбекстан адами капитал, инженерлік-техникалық мамандар даярлау және кәсіпкерлік орта бағыттарында серпін танытып отыр. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындардың төмен деңгейі, ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың жеткіліксіздігі, өңірлік инновациялық байланыстардың бытыраңқылығы және инфрақұрылымдық шектеулер білім экономикасына көшуді тежейді. Орталық Азияның бірлескен зерттеулер платформасын қалыптастыру, ортақ зертханалар мен технологиялық консорциумдарды дамыту, су, аграрлық, энергетикалық және цифрлық технологиялар бойынша бағдарламаларды үйлестіру, академиялық ұтқырлық пен технологиялар трансферін күшейту қажеттілігі негізделеді. Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығын тереңдету өңірлік инновациялық экожүйенің өзегіне айналып, Орталық Азияның жаһандық орнықты даму күн тәртібіне қосатын үлесін арттыра алады деген қорытынды жасалады.

Abstract. *The article examines the role of innovative technologies and joint scientific research in advancing sustainable development in Central Asia, with Kazakhstan and Uzbekistan used as the principal comparative cases. The study aims to identify priority areas of regional scientific and technological cooperation that can accelerate progress toward the Sustainable Development Goals, strengthen technological capabilities and create resilient cross-border innovation linkages. The methodology combines comparative and systems analysis, international innovation indicators and official statistics with a review of recent research on innovation, green energy, digitalization and sustainable development. The analysis shows that Kazakhstan and Uzbekistan possess complementary strengths. Kazakhstan demonstrates relatively strong digital public services and innovation-related institutional infrastructure, while Uzbekistan has gained momentum in human-capital development, science and engineering education and the business environment. At the same time, low research and development intensity, weak commercialization of research results, fragmented regional innovation networks and infrastructure constraints continue to limit the transition toward knowledge-based development. The paper proposes a Central Asian platform for joint research, shared laboratories and technology consortia, coordinated programs in water, agricultural, energy and digital technologies, and stronger mechanisms for academic mobility and technology transfer. It concludes that deeper Kazakhstan-Uzbekistan cooperation can provide an institutional core for a regional innovation ecosystem and strengthen Central Asia's contribution to the global sustainable development agenda.*

Түйін сөздер*: инновациялар, орнықты даму, Орталық Азия, Қазақстан, Өзбекстан, бірлескен зерттеулер, технологиялар.*

Keywords: *innovation, sustainable development, Central Asia, Kazakhstan, Uzbekistan, joint research, technologies.*

Кіріспе

Орнықты дамудың қазіргі моделі елдердің жаңа технологияларды жасау, бейімдеу және тарату қабілетіне барған сайын көбірек тәуелді. Инновациялар өнімділікті арттыру көзі ғана емес, сонымен бірге көміртексіздендіру, суды ұтымды пайдалану, азық-түлік қауіпсіздігі, білім сапасын көтеру және қалалардың орнықтылығы сияқты экологиялық әрі әлеуметтік міндеттерді шешу құралына айналды. Ғылыми әдебиеттер ғылым, технология және инновациялардың Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізумен тығыз байланысын растайды, ең елеулі нәтижелер технологиялық шешімдер институционалдық ынтымақтастықпен және білім алмасумен ұштасқанда байқалады [1].

Орталық Азия үшін бұл мәселенің маңызы ерекше. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан су тапшылығы, климаттық тәуекелдер, өндірістің ресурс сыйымдылығының жоғарылығы, энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігі және ғылыми-технологиялық байланыстардың жеткіліксіздігі сияқты ортақ сын-қатерлерге тап болып отыр. Осы мәселелердің басым бөлігінің трансшекаралық сипаты ұлттық инновациялық стратегиялардың өңірлік үйлестірусіз толық тиімді бола алмайтынын көрсетеді.

Қазақстан мен Өзбекстан талдау үшін айрықша маңызды мысалдар болып табылады. Екі мемлекет те цифрлық және технологиялық жаңғыртуды жүзеге асырып, жоғары білім мен инновациялық кәсіпкерлікті дамытып, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуде. Олардың арасында академиялық байланыстардың елеулі институционалдық негізі қалыптасқан: ресми мәліметтер бойынша, 2024 жылғы ақпанға қарай екі елдің жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастық туралы 471 келісім қолданыста болған[2]. Бұл негізінен білім беру байланыстарынан тұрақты бірлескен зерттеулерге, зертханаларға және технологиялық жобаларға көшуге алғышарт жасайды.

Мақаланың мақсаты - Орталық Азияның орнықты дамуындағы инновациялық технологиялар мен бірлескен зерттеулердің рөлін анықтау және Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми-технологиялық ықпалдастығын өңірлік инновациялық экожүйенің өзегі ретінде нығайту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу салыстырмалы, жүйелік және институционалдық тәсілдерге негізделген. Эмпирикалық базаға Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (WIPO), Дүниежүзілік банктің материалдары және Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастығы туралы ресми деректер енгізілді. Инновациялық серпінді бағалау үшін Жаһандық инновациялар индексіндегі (GII) орындар, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) шығындар, инновациялық экожүйенің сапалық сипаттамалары қолданылды. Бұған қоса жасыл технологиялар, энергетикалық ауысым, орнықты даму үшін білім беру, экологиялық инновациялар және өңірлік кооперация жөніндегі рецензияланатын зерттеулерге шолу жасалды [3;10].

Қазақстан мен Өзбекстанның өңірлік контекстегі инновациялық дамуы

2025 жылғы Жаһандық инновациялар индексінде Өзбекстан 79-орынды иеленіп, алғаш рет үздік сексен елдің қатарына енді, ал Қазақстан 81-орынға тұрақтады. WIPO Өзбекстанның еңбек өнімділігінің өсуі, жаратылыстану және инженерлік бағыттардағы түлектерді даярлау мен кәсіпкерлік орта бойынша артықшылықтарын атап өтті; Қазақстан цифрлық мемлекеттік қызметтер және пайдалы модельдер көрсеткіштерімен ерекшеленді [3; 4]. Бұл айырмашылықтар өңірлік ынтымақтастық тұрғысынан маңызды: Қазақстанның цифрлық және институционалдық инфрақұрылымын Өзбекстанның өсіп келе жатқан адами және кәсіпкерлік әлеуетімен ұштастыру бәсекелестіктен бөлек, өзара толықтыру мүмкіндігін қалыптастырады.

Сонымен бірге ғылымды қаржыландыру ауқымының жеткіліксіздігі негізгі шектеу болып қала береді. Дүниежүзілік банк пен ЮНЕСКО Статистика институтының деректеріне сәйкес, 2024 жылы ҒЗТКЖ шығындары Қазақстанда ЖІӨ-нің шамамен 0,16%-ын, Өзбекстанда 0,10%-ын құраған [5; 6]. Мұндай жағдайда ұлттық қаржыландыруды ұлғайтумен қатар, екіжақты және көпжақты бағдарламалар арқылы ресурстарды біріктіру, қымбат ғылыми инфрақұрылымды ортақ пайдалану және халықаралық гранттық консорциумдарға қатысу маңызды.

1-кесте – Қазақстан мен Өзбекстанның инновациялық жүйелерінің салыстырмалы сипаттамалары

Көрсеткіш	Қазақстан	Өзбекстан
GII 2025	81-орын	79-орын
ҒЗТКЖ, ЖІӨ-ге шаққанда, 2024 ж.	0,16%	0,10%
Негізгі артықшылықтары	цифрлық мемлекеттік қызметтер, институционалдық инфрақұрылым	адами капитал, инженерлік кадрлар, кәсіпкерлік орта
Бірлескен жобалар әлеуеті	цифрлық платформалар, жасыл технологиялар, материалдар, ЖИ	агротехнологиялар, су технологиялары, жасыл технологиялар, инженерлік шешімдер

Дереккөз: WIPO және World Bank/UNESCO UIS деректері негізінде автор құрастырған [3;6].

Орталық Азияның орнықты дамуына арналған басым инновациялық технологиялар

Бірінші бағыт - жасыл энергетика және төмен көміртекті технологиялар. Орталық Азияның күн, жел және су энергетикасы бойынша әлеуеті зор, бірақ оны іске асыру электр желілерінің жағдайымен, қаржыландыруға және технологиялық құзыреттерге қолжетімділікпен, реттеудің әркелкілігімен шектеледі. Қазіргі зерттеулер энергетикалық ауысымды жеделдету үшін желілерді жаңғырту, энергия сақтау жүйелерін дамыту, кадрлар даярлау және өңірлік ынтымақтастықты күшейту қажет екенін көрсетеді [7]. Қазақстан мен Өзбекстан үшін жаңартылатын энергия өндірісін болжау, энергия жинақтау, сутегі технологиялары, энергия тиімділігі және энергетикалық жүйелерді цифрлық басқару салаларындағы бірлескен зерттеулер перспективалы.

Екінші бағыт - су және агротехнологиялар. Трансшекаралық өзен алаптары жағдайында суды пайдаланудағы инновациялар өңірлік мәнге ие болады. Ортақ цифрлық мониторинг жүйелері, қашықтан зондтау, ақылды суару, құрғақшылықты болжау, құрғақшылыққа төзімді дақылдар селекциясы және суды қайта пайдалану технологиялары қажет. Трансшекаралық экожүйелік ағындарды зерттеу Қазақстан мен Өзбекстанның су - азық-түлік - көміртек - экожүйелік қызметтер жүйесіндегі өзара тәуелділігін көрсетеді, бұл ғылыми шешімдерді үйлестірудің маңызын арттырады [8].

Үшінші бағыт - жасанды интеллект, үлкен деректер және цифрлық платформалар. Оларды қолдану мемлекеттік басқару, логистика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және экологиялық мониторинг тиімділігін арттыра алады. Өңір үшін дайын цифрлық шешімдерді импорттаудан алгоритмдерді, салалық деректер жиынтықтарын, қазақ және өзбек тілдеріне арналған тілдік модельдерді, киберқауіпсіздік жүйелерін және ашық ғылым платформаларын бірлесіп жасауға көшу маңызды. Ортақ деректер стандарттары зерттеу құнын азайтып, нәтижелердің салыстырмалылығын арттырады.

Төртінші бағыт - экологиялық инновациялар және айналмалы экономика. Қазақстанның шағын және орта кәсіпорындарының стратегияларын зерттеу экоинновациялардың технологиялық дайындықпен қатар институционалдық ынталандыруға, қаржыландыруға қолжетімділікке және экологиялық талаптарды жаңа бизнес-модельдерге айналдыру қабілетіне тәуелді екенін көрсетеді [9]. Өңірлік бағдарламалар ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды өңдеу, өнеркәсіптік симбиоз және экологиялық сертификаттау бойынша пилоттық жобаларды қолдай алады.

Бірлескен зерттеулер – білімнің өңірлік интеграциясы тетігі

Жоғары білім ғылыми-технологиялық интеграцияның табиғи инфрақұрылымы болып саналады. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан университеттерін салыстырмалы зерттеу жоғары оқу орындарының орнықты даму құзыреттерін қалыптастырудағы рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді, сонымен қатар ОДМ-ды білім беру және зерттеу тәжірибесіне тереңірек енгізу қажеттігін айқындайды [10]. Ынтымақтастықтың келесі кезеңі меморандумдар мен академиялық ұтқырлықтан ғылыми білімді бірлесіп өндіруге және оны коммерцияландыруға көшуді қамтуы тиіс.

Мұндай көшуге Қазақстан мен Өзбекстанның жоғары оқу орындары арасындағы тығыз байланыстар негіз болады. Қолданыстағы 471 келісіммен қатар, тараптар Шыршықтағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің филиалы және Алматыдағы Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының филиалы сияқты жобаларды дамытқан[2]. Мұндай құрылымдар білім беру алаңдары ғана емес, су, агротехнология, климат және инженерлік шешімдер бойынша бірлескен зерттеу орталықтары бола алады.

Толық инновациялық циклге бағдарлану маңызды қағида болуы керек: зерттеу міндетін бірлесіп қою - зертханалық және далалық зерттеулер - прототип әзірлеу - зияткерлік меншікті қорғау - пилоттық сынақ - тәжірибеге енгізу. Бұл ғылыми жарияланымдар мен экономика және ОДМ үшін практикалық нәтиже арасындағы алшақтықты азайтады.

Орталық Азиялық бірлескен зерттеулер платформасының ұсынылатын моделі

Ынтымақтастықты жүйелеу үшін Орталық Азияның бірлескен зерттеулер мен инновациялар платформасын (Central Asian Joint Research and Innovation Platform, CA-JRIP) құру ұсынылады. Оның міндеті - университеттерді, ғылыми институттарды, технологиялық компанияларды, стартаптарды және мемлекеттік құрылымдарды трансшекаралық технологиялық миссиялардың шектеулі саны төңірегіне біріктіру.

1. Су және климат: су үнемдеу, гидрологиялық модельдеу, климаттық тәуекелдер және қашықтан мониторинг бойынша бірлескен зертханалар.

2. Орнықты энергетика: күн және жел энергетикасы, энергия жинақтау, ақылды электр желілері және энергия тиімділігі бойынша консорциумдар.

3. Ақылды ауыл шаруашылығы: дәлме-дәл егіншілікке арналған ортақ сынақ алаңдары, агродрондар, сенсорлық желілер, селекция және өнімнің цифрлық қадағалануы.

4. Цифрлық технологиялар және ЖИ: өңірлік деректер жиынтықтары, есептеу инфрақұрылымы, қолданбалы жасанды интеллект, цифрлық егіздер және киберқауіпсіздік.

5. Жасыл өнеркәсіп: критикалық минералдар, шикізатты терең өңдеу, төмен көміртекті материалдар, айналмалы экономика және ESG-технологиялар бойынша зерттеулер.

Платформаны аралас модель бойынша қаржыландыру орынды: ұлттық ғылыми қорлар, бірлескен екіжақты конкурстар, бизнес қаражаты, халықаралық қаржы институттары және технологиялық ынтымақтастық бағдарламалары. Әр жоба үшін өлшенетін көрсеткіштер белгіленуі қажет: бірлескен жарияланымдар мен патенттер, прототиптер, енгізілген шешімдер, стартаптар, даярланған зерттеушілер, тартылған инвестициялар саны және ОДМ көрсеткіштеріне нақты үлес.

Бірлескен зерттеулердің ОДМ-ға қол жеткізудегі күтілетін нәтижелері

Өңірлік ғылыми-технологиялық кооперация Орнықты дамудың бірнеше мақсатымен тікелей байланысты. Дәлме-дәл егіншілік және су үнемдеу жобалары ОДМ 2 мен ОДМ 6-ны; жаңартылатын энергетика мен энергия жинақтау ОДМ 7 мен ОДМ 13-ті; зерттеу инфрақұрылымын, стартаптар мен технологиялық консорциумдарды құру ОДМ 8 бен ОДМ 9-ды; университеттік желілер мен академиялық ұтқырлық ОДМ 4 пен ОДМ 17-ні қолдайды. Осылайша ғылыми ынтымақтастық дербес

сала ғана емес, өзара байланысты мақсаттар кешеніне қол жеткізудің көлденең тетігі ретінде қарастырылады.

Нәтижелілікті бағалау үшін үш деңгейлі көрсеткіштер жүйесі ұсынылады. Ғылым деңгейінде – бірлескен жарияланымдар саны, дәйексөз алу көрсеткіші, халықаралық патенттік өтінімдер және жас зерттеушілерді даярлау. Инновациялар деңгейінде - прототиптер, лицензиялар, стартаптар, бірлескен технологиялық кәсіпорындар және жеке сектордың қоса қаржыландыру көлемі. Орнықты даму деңгейінде - су мен энергияны үнемдеу, шығындарды азайту, ресурс тиімділігін арттыру, білікті жұмыс орындарын құру және технологияларды елдер арасында тарату. Бұл деңгейлерді байланыстыру келісімдер санының формалды өсуі технологиялық немесе қоғамдық нәтижеге әкелмейтін жағдайлардың алдын алады.

Аумақтық сынақтан өткізу қағидасының маңызы ерекше. Қазақстан мен Өзбекстанда табиғи-климаттық, өнеркәсіптік және аграрлық аймақтар әртүрлі болғандықтан, бірлескен шешімдер бірнеше ортада сынала алады. Мәселен, ақылды суару технологиялары Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде және Өзбекстанның аграрлық аймақтарында, ал жел энергетикасы мен энергия сақтау шешімдері генерация режимдері әртүрлі алаңдарда тексерілуі мүмкін. Бұл технологиялардың сенімділігін арттырып, оларды Орталық Азияның өзге елдеріне таратуға негіз қалайды.

Ұзақ мерзімді перспективада ортақ ғылыми инфрақұрылымға қолжетімді зерттеу ұжымдары, трансшекаралық технология нарығына шығатын бизнес және орнықты даму үшін дәлелге негізделген шешімдер алатын мемлекеттер біріктірілген өңірлік зерттеулер мен инновациялар кеңістігі қалыптасуы тиіс. Мұндай формат ҒЗТКЖ шығыстары салыстырмалы түрде шектеулі елдер үшін ерекше маңызды, өйткені ол бірлескен қаржыландыру, зертханаларды мамандандыру және зерттеу тәуекелдерін бөлу есебінен масштабтың әсерін алуға мүмкіндік береді.

Талқылау

Ұсынылған тәсіл өңірлік ынтымақтастықтың логикасын тәжірибе алмасудан технологияларды бірлесіп жасауға өзгертеді. Оның артықшылығы – зерттеу шығындарын бөлу, құзыреттерді біріктіру және инновацияларды сынауға арналған ірі нарық қалыптастыру мүмкіндігі. Қазақстан үшін бұл цифрлық және институционалдық инфрақұрылымның қайтарымын арттыруға, Өзбекстан үшін өсіп келе жатқан адами капитал мен кәсіпкерлік белсенділікті технологиялық нәтижеге тезірек айналдыруға жағдай жасайды. Орталық Азияның өзге елдері үшін платформа мамандануына қарай жобаларға қосылуға болатын ашық құрылым қызметін атқара алады.

Сонымен қатар тәуекелдер бар: зияткерлік меншікті реттеу, ғылымды қаржыландыру, техникалық стандарттар және деректерге қолжетімділік салаларындағы айырмашылықтар; университеттер мен бизнестің әлсіз байланысы; ұзақ мерзімді қаржы тапшылығы. Сондықтан институционалдық интеграция зерттеу нәтижелеріне бірлескен меншік ережелерін, технологиялар трансфері тетіктерін және инфрақұрылымға өзара қолжетімділік рәсімдерін келісумен қатар жүруі тиіс. Ашық ғылым мен зерттеу адалдығының халықаралық стандарттарына бағдарлану да маңызды.

Бұл тәсілдің өзектілігін қазіргі ғылыми пікірталас растайды. Орталық Азияға арналған зерттеулер орнықты энергетикалық ауысымды жасыл технологиялар, қаржылық инновациялар және өңірлік кооперацияның үйлесімімен байланыстырады [11], ал Қазақстан мен Өзбекстанның критикалық минералдар саласындағы стратегияларын талдау шикізаттық мамандануданы терең технологиялық өңдеуге және қосылған құн жасауға көшудің маңызын көрсетеді [12]. Демек, бірлескен зерттеулер өңір экономикасын технологиялық тұрғыдан күрделендірудің кең стратегиясына енгізілуі қажет.

Қорытынды

Инновациялық технологиялар мен бірлескен зерттеулер Орталық Азияның орнықты даму моделіне көшуінің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Экологиялық, су, энергетикалық және инфрақұрылымдық мәселелердің ортақтығы өңірлік ғылыми-технологиялық ынтымақтастықтың экономикалық әрі институционалдық негізділігін айқындайды.

Қазақстан мен Өзбекстан мұндай ынтымақтастықтың өзегіне айналу әлеуетіне ие. Олардың инновациялық жүйелерін салыстыру күшті жақтарының өзара толықтыратынын және сонымен бірге ҒЗТКЖ қарқындылығының төмендігі мен ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың жеткіліксіздігі сияқты ортақ шектеулер барын көрсетеді. Қалыптасқан жоғары оқу орындары арасындағы келісімдер желісі ынтымақтастықтың күрделірек түрлеріне көшуге институционалдық негіз жасайды.

Бірлескен зерттеулердің басым бағыттары су және климат технологиялары, жаңартылатын энергетика мен энергия жинақтау, цифрландыру мен жасанды интеллект, ақылды ауыл шаруашылығы, жасыл өнеркәсіп және айналмалы экономика болуы тиіс. Ұсынылып отырған Орталық Азияның

Bu bosqichdagi asosiy talab – to‘plamlarning so‘zlovchilar bo‘yicha kesishmasligi: bitta so‘zlovchining barcha yozuvlari faqat bitta to‘plamga kiritiladi [12; 13]. Bu shart bajarilmasa, model o‘qitish jarayonida “eshitgan” ovozlarda baholanadi va natijalar tizimning haqiqiy imkoniyatidan yuqori chiqadi. To‘plamlar nisbati esa korpus hajmi va undagi so‘zlovchilar soniga qarab belgilanadi. Ochiq korpuslar tahlili shuni ko‘rsatadiki, yirik nutqni tanish korpuslarida ma’lumotlarning 90% dan ortig‘i o‘qitishga ajratilib, validatsiya va test to‘plamlari bir necha soatlik nutq va bir necha o‘nlab so‘zlovchi bilan cheklanadi [12; 13]. So‘zlovchini tanib olish korpuslarida esa test to‘plamiga nisbatan ko‘proq so‘zlovchi – umumiy sonining taxminan beshdan bir qismi ajratiladi [8], chunki bu masalada baholash natijasining ishonchliligi aynan test so‘zlovchilarining soni va xilma-xilligiga bog‘liq. Ushbu tajribadan kelib chiqib, so‘zlovchilar soni cheklangan korpuslarda ularning taxminan 70–80% ini o‘qitishga, 10–15% ini validatsiyaga va 10–15% ini testga ajratish maqbul hisoblanadi. Bunda validatsiya va test to‘plamlaridagi so‘zlovchilar jinsi, yoshi va shevasi bo‘yicha muvozanatlashtiriladi [12].

To‘plamlarning vazifalari ham aniq ajratiladi: validatsiya to‘plami o‘qitish jarayonida giperparametrlarni tanlash va o‘qitishni erta to‘xtatish uchun xizmat qiladi, test to‘plami esa faqat yakuniy baholashda bir marta qo‘llanadi. Korpus hajmi yetarli bo‘lsa, to‘plamlar bir marta qat’iy ajratiladi (*ing:* hold-out). So‘zlovchilar soni cheklangan hollarda esa bitta tasodifiy ajratish natijasi barqaror bo‘lmasligi mumkin, shu sababli so‘zlovchilar bo‘yicha guruhlangan k-qatlamli kross-validatsiya qo‘llanadi. Bu usulda o‘qitish uchun ajratilgan so‘zlovchilar k ta teng guruhga bo‘linib, har bir bosqichda guruhlardan biri validatsiya uchun, qolganlari o‘qitish uchun olinadi, yakuniy natija esa barcha bosqichlar bo‘yicha o‘rtacha qiymat sifatida hisoblanadi. Bunda ham bitta so‘zlovchining yozuvlari har bir bosqichda faqat bitta guruhga kiritiladi. Yakuniy baholashda so‘zlovchini tanib olish tizimlarining sifati bir xil va turli so‘zlovchilarga tegishli yozuvlar juftliklaridan tuzilgan sinov ro‘yxati asosida teng xatolik darajasi (ing: Equal Error Rate – EER) bilan [6], so‘zlovchilarni ajratish tizimlarining sifati esa (1) formula bo‘yicha hisoblangan DER bilan aniqlanadi.


4. Shakllantirilayotgan korpusning joriy holati

Taklif etilgan metodika asosida tadqiqot doirasida o‘zbek tilidagi ko‘p so‘zlovchili nutq korpusi shakllantirilmoqda. Hozirgi vaqtda korpus 10 mingdan ortiq audio fayldan iborat bo‘lib, ularning har biri bir necha so‘zlovchi ishtirokidagi nutq yozuvidir. Korpusning asosiy ko‘rsatkichlari 2-jadvalda keltirilgan.

2-jadval Shakllantirilayotgan ko‘p so‘zlovchili o‘zbek nutq korpusining joriy holati

Ko‘rsatkich	**Qiymati**
Audio fayllar soni	10 mingdan ortiq
Bitta faylning davomiyligi	1–10 daqiqa
Umumiy davomiyligi (baholangan)	≈ 370 soat
Noyob so‘zlovchilar soni	300 dan ortiq
Yozuvlar turi	Ko‘p so‘zlovchili nutq
Audio formati	WAV, 16 kHz, 16 bit PCM, mono
Annotatsiya	RTTM, qisman tekshirilgan

Annotatsiya qilingan har bir audio fayl unga mos RTTM annotatsiya fayli bilan birga saqlanadi. Annotatsiyada har bir nutq segmentining boshlanish va tugash vaqti hamda so‘zlovchining noyob identifikatori ko‘rsatiladi, bu esa korpusdan so‘zlovchilarni ajratish va so‘zlovchini tanib olish masalalarida bevosita foydalanish imkonini beradi. Yozuvlarda so‘zlovchilar almashinuvi va so‘zlovchilar nutqi qisman ustma-ust tushadigan sohalar mavjud (4-rasm). Bunday tuzilish korpusdan so‘zlovchilarni ajratish tizimlarini o‘qitish va baholashda, alohida so‘zlovchilarga tegishli segmentlardan esa so‘zlovchini tanib olish masalasida foydalanish imkonini beradi. Biroq korpus hali to‘liq shakllanmagan. Xususan, so‘zlovchilar soni xalqaro korpuslardagidan bir necha barobar kam [6; 8], ularning demografik tarkibi muvozanatlashtirilmagan, yozuvlarning akustik sharoitlari va qurilmalar xilma-xilligi cheklangan, so‘zlovchilar navbatma-navbat qayta-qayta gapiradigan uzoq suhbatlar va ustma-ust nutq ulushi esa kichik. Bundan tashqari, annotatsiyalar barcha yozuvlar uchun 2-bo‘limda bayon etilgan tartibda tekshirilmagan. Shu sababli korpusni yanada shakllantirish zarur: so‘zlovchilar sonini va ularning tarkibiy xilma-xilligini oshirish, turli akustik sharoitlarda yozilgan suhbatlar ulushini ko‘paytirish, annotatsiyalarni tekshirish va tuzatish hamda korpusni 3-bo‘limdagi tavsiyalar asosida to‘plamlarga ajratish keyingi bosqichning asosiy vazifalari hisoblanadi.



4-rasm. Korpusdagi ko‘p so‘zlovchili yozuv annotatsiyasining vaqt bo‘yicha tasviri

Xulosa

Ishda o‘zbek tilida so‘zlovchini tanib olish va diarizatsiya tizimlari uchun ko‘p so‘zlovchili korpus yaratish metodikasi taklif etildi. Mavjud ochiq o‘zbek va qozoq tili korpuslari asosan nutqni avtomatik tanish masalasiga mo‘ljallangani hamda ularda so‘zlovchilar almashinuvi va ustma-ust nutq bo‘yicha annotatsiya mavjud emasligi ko‘rsatildi. Yozib olish sharoitlari va metama’lumotlarni qayd etish, yarim avtomatik annotatsiya, natijalarni RTTM formatida saqlash, annotatsiya sifatini DER orqali nazorat qilish hamda to‘plamlarga ajratish bosqichlaridan iborat yagona metodika bayon etildi. Unda so‘zlovchilar almashinuvi va ustma-ust nutq tabiiy yuzaga kelishi uchun erkin suhbat ssenariylaridan foydalanish, annotatsiya ishonchliligini annotatorlararo DER orqali baholash hamda so‘zlovchilar soni cheklangan korpuslarda so‘zlovchilarning 70–80% ini o‘qitishga, 10–15% ini validatsiyaga va 10–15% ini testga ajratish tavsiya etildi. Taklif etilgan metodika asosida shakllantirilayotgan korpus hozirda 300 dan ortiq so‘zlovchi ishtirokidagi, umumiy davomiyligi taxminan 370 soat bo‘lgan 10 mingdan ortiq ko‘p so‘zlovchili yozuvni o‘z ichiga oladi. Keyingi tadqiqotlarda so‘zlovchilar soni va tarkibiy xilma-xilligini oshirish, annotatsiyalarni to‘liq tekshirish, korpusni to‘plamlarga ajratish hamda unda zamonaviy so‘zlovchini tanib olish va ajratish tizimlarining bazaviy natijalarini (EER va DER) olish rejalashtirilgan. Metodika bosqichlari muayyan tilga bog‘liq bo‘lmagani sababli undan qozoq, qoraqalpoq va boshqa qardosh turkiy tillar uchun ham shunday korpuslarni yaratishda foydalanish mumkin.

ADABIYOTLAR

1. Snyder D., Garcia-Romero D., Sell G., Povey D., Khudanpur S. X-vectors: Robust DNN embeddings for speaker recognition // Proc. ICASSP. 2018. P. 5329–5333.

2. Desplanques B., Thienpondt J., Demuynck K. ECAPA-TDNN: Emphasized Channel Attention, Propagation and Aggregation in TDNN Based Speaker Verification // Proc. Interspeech. 2020. P. 3830–3834.

3. Shukurov K.E., Xasanov U.K. Nutq signallari asosida so‘zlovchilarni tanib olish algoritmlarining samaradorligini baholash // Raqamli texnologiyalarning nazariy va amaliy masalalari xalqaro jurnali. 2026. T. 9, № 1. B. 80–90.

4. Xasanov U.K., Xoldorov Sh.I. Sun’iy intellekt asosida so‘zlovchini autentifikatsiya qilish tizimini ishlab chiqish va baholash // Masters Scientific Journal. 2025. № 22. B. 23–33.

5. Shukurov K.E., Ochilov M.M., Xasanov U.K. So‘zlovchilarni aniqlash va ajratish jarayonlarida signallarni filtrlash // TATU xabarlari. 2024. № 4(72). B. 97–110.

6. Nagrani A., Chung J.S., Zisserman A. VoxCeleb: A Large-Scale Speaker Identification Dataset // Proc. Interspeech. 2017. P. 2616–2620.

7. Chung J.S., Nagrani A., Zisserman A. VoxCeleb2: Deep Speaker Recognition // Proc. Interspeech. 2018. P. 1086–1090.

8. Fan Y., Kang J., Li L. et al. CN-Celeb: A Challenging Chinese Speaker Recognition Dataset // Proc. ICASSP. 2020. P. 7604–7608.

9. Panayotov V., Chen G., Povey D., Khudanpur S. Librispeech: An ASR corpus based on public domain audio books // Proc. ICASSP. 2015. P. 5206–5210.

10. Carletta J., Ashby S., Bourban S. et al. The AMI Meeting Corpus: A Pre-announcement // Machine Learning for Multimodal Interaction (MLMI 2005). Lecture Notes in Computer Science. Vol. 3869. Berlin: Springer, 2006. P. 28–39.

11. Ryant N., Church K., Cieri C. et al. The Second DIHARD Diarization Challenge: Dataset, Task, and Baselines // Proc. Interspeech. 2019. P. 978–982.

12. Khassanov Y., Mussakhojayeva S., Mirzakhmetov A. et al. A Crowdsourced Open-Source Kazakh Speech Corpus and Initial Speech Recognition Baseline // Proc. EACL. 2021. P. 697–706.

13. Musaev M., Mussakhojayeva S., Khujayorov I., Khassanov Y., Ochilov M., Varol H.A. USC: An Open-Source Uzbek Speech Corpus and Initial Speech Recognition Experiments // Speech and Computer (SPECOM 2021). Lecture Notes in Computer Science. Vol. 12997. Cham: Springer, 2021. P. 437–447.

14. Ardila R., Branson M., Davis K., Henretty M., Kohler M., Meyer J., Morais R., Saunders L., Tyers F.M., Weber G. Common Voice: A Massively-Multilingual Speech Corpus // Proc. LREC. 2020. P. 4218–4222.

15. Common Voice Scripted Speech 25.0 – Uzbek [Elektron resurs] // Mozilla Data Collective. 2026. URL: https://mozilladatacollective.com/datasets/cmn29fa4y0150o1073fqww73p.

16. Povey A., Povey K. FeruzaSpeech: A 60 Hour Uzbek Read Speech Corpus with Punctuation, Casing, and Context // Proc. ICNLSP 2024. Trento, 2024. P. 360–364.

17. Conneau A., Ma M., Khanuja S. et al. FLEURS: Few-shot Learning Evaluation of Universal Representations of Speech // Proc. IEEE SLT. 2022. P. 798–805.

18. UzbekVoice: o‘zbek tili uchun ochiq nutq to‘plami [Elektron resurs]. URL: https://uzbekvoice.ai.

19. Uzbek ASR Curated Dataset (701h) [Elektron resurs] // Hugging Face. URL: https://huggingface.co/datasets/uzinfocom-edu-ai/uzbek-asr-curated-701h.

20. Uzbek-STT-Dataset (780h) [Elektron resurs] // Hugging Face. URL: https://huggingface.co/datasets/Abduqayum/Uzbek-STT-Dataset-780h.

21. Bekarystankyzy A., Mamyrbayev O., Mendes M., Fazylzhanova A., Assam M. Multilingual end-to-end ASR for low-resource Turkic languages with common alphabets // Scientific Reports. 2024. Vol. 14. Art. 13835.

22. Yu F., Zhang S., Fu Y. et al. M2MeT: The ICASSP 2022 multi-channel multi-party meeting transcription challenge // Proc. IEEE ICASSP. 2022. P. 6167–6171.

23. Chung J.S., Huh J., Nagrani A., Afouras T., Zisserman A. Spot the conversation: speaker diarisation in the wild // Proc. Interspeech. 2020. P. 299–303.

24. Bredin H., Yin R., Coria J.M. et al. pyannote.audio: neural building blocks for speaker diarization // Proc. IEEE ICASSP. 2020. P. 7124–7128.

25. NIST. The Rich Transcription Spring 2005 (RT-05S) Meeting Recognition Evaluation Plan [Elektron resurs]. 2005. URL: https://catalog.ldc.upenn.edu/docs/LDC2011S06/rt05s-meeting-eval-plan-V1.pdf.

26. Ryant N. dscore: Diarization scoring tools [Elektron resurs] // GitHub. URL: https://github.com/nryant/dscore.

27. Bredin H. pyannote.metrics: a toolkit for reproducible evaluation, diagnostic, and error analysis of speaker diarization systems // Proc. Interspeech. 2017. P. 3587–3591.

ӘОЖ 631.67:004.9
UDC 631.67:004.9

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАНДА СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

DIGITAL TECHNOLOGIES FOR THE EFFICIENT USE OF IRRIGATED LANDS IN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN AND PROSPECTS FOR JOINT RESEARCH

Онгарова А.Х., Куандыкова Э., Махамбет Н.
Ongarova A. Kh., Kuandykova E., Makhambet N.
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.
ongarova-2017@mail.ru

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстан мен Өзбекстандағы суармалы жерлерді тиімді пайдаланудың өзекті мәселелері, ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері және екі мемлекет арасындағы бірлескен ғылыми зерттеулерді дамыту перспективалары қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі су ресурстарының шектеулілігімен, климаттың өзгеруімен, суару жүйелеріндегі су шығындарымен және топырақтың мелиорациялық жағдайын тұрақты бақылау қажеттілігімен анықталады. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, ғылыми әдебиеттерді зерделеу, кеңістіктік деректерді бағалау және жүйелік тәсіл әдістерін қолдану ұсынылады. Суармалы жерлерді басқаруда географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЖ), Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін, ғаламдық навигациялық спутниктік жүйелерді, заттар интернетін, автоматтандырылған су есепке алу құрылғыларын және жасанды интеллект технологияларын біріктірудің маңызы негізделеді. Қазақстан мен Өзбекстанның табиғи-климаттық жағдайлары мен ауыл шаруашылығы құрылымындағы ерекшеліктер ескеріле отырып, трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп мониторингтеу, суармалы алқаптардың цифрлық карталарын әзірлеу, су тұтынуды болжау және ғылыми деректер алмасу бағыттары ұсынылады. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы су ресурстарын басқарудың ақпараттық негізін жетілдіруге, суармалы жерлердің өнімділігін арттыруға және өңірдің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.*

Abstract. *The article examines current challenges in the efficient use of irrigated lands in Kazakhstan and Uzbekistan, the opportunities for applying digital technologies in agriculture, and prospects for developing joint scientific research between the two countries. The relevance of the study is determined by limited water resources, climate change, water losses in irrigation systems, and the need for continuous monitoring of soil and land reclamation conditions. The proposed research approach combines comparative analysis, a review of scientific literature, spatial data assessment, and systems analysis. Particular attention is paid to the integration of geographic information systems (GIS), remote sensing, global navigation satellite systems, the Internet of Things, automated water metering, and artificial intelligence into irrigated land management. Taking into account the differences in natural conditions and agricultural production in Kazakhstan and Uzbekistan, the article proposes joint monitoring of transboundary water resources, the development of digital maps of irrigated areas, water consumption forecasting, and scientific data exchange. The practical significance of the proposed approach lies in improving the information framework for water management, increasing agricultural productivity, and supporting environmental sustainability in Central Asia.*

Түйін сөздер*: суармалы жерлер, цифрлық технологиялар, географиялық ақпараттық жүйелер, қашықтан зондтау, су ресурстары, дәлме-дәл суару, топырақтың тұздануы, трансшекаралық су ресурстары, Қазақстан, Өзбекстан, бірлескен ғылыми зерттеулер.*

Keywords: *irrigated lands, digital technologies, geographic information systems, remote sensing, water resources, precision irrigation, soil salinity, transboundary water resources, Kazakhstan, Uzbekistan, joint scientific research.*

Кіріспе. Ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету су ресурстарын ұтымды пайдаланумен тікелей байланысты. Әсіресе Орталық Азия мемлекеттері үшін суармалы егіншілік ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Өңірдің құрғақ және шөлейт климаттық жағдайлары, жауын-шашынның біркелкі таралмауы,

буланудың жоғары болуы және өзен ағынының маусымдық өзгерістері егістік жерлерді сумен қамтамасыз етуді күрделендіреді.

Қазақстан мен Өзбекстанның ауыл шаруашылығы үшін Сырдария өзені бассейнінің маңызы ерекше. Аталған бассейнде су ресурстарын пайдалану ауыл шаруашылығы өндірісіне ғана емес, елді мекендердің сумен қамтамасыз етілуіне, экожүйелердің тұрақтылығына және өңірлік экономикалық дамуға әсер етеді. Сондықтан суармалы жерлерді тиімді басқару мәселесін әрбір мемлекеттің ішкі міндеті ретінде ғана емес, трансшекаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ ғылыми-практикалық мәселе ретінде қарастыру маңызды.

Суармалы егіншіліктің тиімділігі тек бөлінген су көлеміне байланысты емес. Ол суару жүйелерінің техникалық жағдайына, су жеткізу кезіндегі шығындарға, топырақтың су-физикалық қасиеттеріне, жер бедеріне, дақылдардың биологиялық ерекшеліктеріне және суару режимінің дұрыс таңдалуына тәуелді. Суару нормаларының ғылыми негізделмеуі артық су тұтынуға, жер асты сулары деңгейінің көтерілуіне, топырақтың екінші реттік тұзденуына және жердің мелиорациялық жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қазақстанда су ресурстарын басқаруды жетілдіру және су үнемдеу технологияларын енгізу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылы елдің суармалы жерлерінде су үнемдеу технологиялары қолданылған аумақ шамамен 397,3 мың гектарды құрады [1]. Бұл көрсеткіш суару жүйелерін жаңғырту мен ауыл шаруашылығында ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізудің маңызын көрсетеді.

Қазіргі жағдайда дәстүрлі суару тәсілдерін жетілдірумен қатар, цифрлық мониторинг құралдарын енгізу қажет. Географиялық ақпараттық жүйелер, спутниктік деректер, автоматтандырылған су есепке алу құрылғылары және интеллектуалды талдау әдістері суармалы жерлердің жағдайын жедел бағалауға, су қажеттілігін болжауға және су бөлу шешімдерінің негізділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Өзбекстанда суармалы жерлерді тиімді пайдалануға арналған цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін бағалау және екі мемлекет арасындағы бірлескен ғылыми зерттеулерді дамытудың басым бағыттарын ұсыну.

Зерттеудің негізгі міндеттері:

-Суармалы жерлерді тиімді пайдалануға әсер ететін табиғи, технологиялық және экологиялық факторларды анықтау.

-Цифрлық технологиялардың суару жүйелерін басқарудағы рөлін сипаттау.

-Қазақстан мен Өзбекстан үшін ортақ ғылыми-практикалық зерттеу бағыттарын ұсыну.

-Суармалы жерлерді басқарудың интеграцияланған цифрлық моделінің құрылымын әзірлеу.

-Ұсынылған тәсілдің экологиялық және экономикалық тиімділігін бағалауға арналған көрсеткіштерді негіздеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізін су ресурстарын басқару, суармалы жерлердің мелиорациялық жағдайын бағалау және ауыл шаруашылығын цифрландыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен ресми ақпараттық материалдарды салыстырмалы талдау құрайды.

Зерттеу барысында жүйелік талдау, салыстырмалы бағалау, картографиялық әдіс, кеңістіктік деректерді біріктіру және көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру тәсілдері қарастырылады. Бұл әдістер суармалы жерлердің жағдайын бір ғана көрсеткіш бойынша емес, табиғи, гидрологиялық, топырақтық және шаруашылық факторлардың өзара байланысы негізінде бағалауға мүмкіндік береді.

Негізгі ақпарат көздеріне мемлекеттік органдардың ресми деректері, ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі халықаралық ұйымдардың материалдары, ғылыми жарияланымдар және ашық спутниктік деректер жатады. Атап айтқанда, Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) WaPOR платформасы ауыл шаруашылығындағы су өнімділігі мен жер жамылғысының жағдайын қашықтан зондтау деректері негізінде бағалауға мүмкіндік беретін ақпараттық ресурс болып табылады [2].

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның суармалы егіншілік аудандары қарастырылады. Аймақтық мысал ретінде Сырдария өзені бассейніндегі суармалы жерлерді, оның ішінде Түркістан және Қызылорда облыстарындағы, сондай-ақ Өзбекстанның өзен бассейнімен байланысты суармалы егіншілік аумақтарындағы үдерістерді зерттеу перспективалы болып табылады.

Ұсынылған зерттеу тәсілі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде суармалы жерлердің шекаралары, топырақ типтері, жер бедері, гидрологиялық жағдайы және ауыл шаруашылығы дақылдарының орналасуы туралы кеңістіктік деректер жинақталады. Екінші кезеңде спутниктік кескіндер мен далалық өлшеулер негізінде өсімдік жамылғысының жағдайы, ылғал тапшылығының

ықтимал белгілері және тұздану қаупі бағаланады. Үшінші кезеңде алынған ақпарат суару жүйелерінің су беру көрсеткіштерімен салыстырылады. Төртінші кезеңде нәтижелер ГАЖ ортасында біріктіріліп, суармалы жерлерді басқару бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

Бұл әдіснаманың маңызды ерекшелігі – қашықтан зондтау нәтижелерін далалық өлшеулермен және нақты су есепке алу деректерімен тексеру қажеттілігі. Спутниктік индекстер жердің жай-күйіндегі өзгерістерді анықтауға көмектескенімен, топырақтың тұздану дәрежесін немесе су тапшылығының нақты себебін барлық жағдайда тікелей анықтай алмайды. Сондықтан кешенді бағалау үшін топырақ сынамалары, метеорологиялық деректер және суару жүйелерінің пайдалану көрсеткіштері қажет.

Мәселені зерттеу және талқылау.

Қазақстан мен Өзбекстандағы суармалы жерлерді тиімді пайдаланудың негізгі мәселелері. Қазақстан мен Өзбекстандағы суармалы егіншіліктің ортақ ерекшелігі – ауыл шаруашылығы өндірісінің су ресурстарына жоғары тәуелділігі. Екі мемлекетте де суармалы жерлерді тиімді пайдалану мәселесі су жеткізу инфрақұрылымының жағдайымен, су бөлу тәртібімен, климаттық факторлармен және топырақтың мелиорациялық ерекшеліктерімен байланысты.

Қазақстанда суармалы жерлердің едәуір бөлігі оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерде орналасқан. Бұл аумақтарда суару ауыл шаруашылығы дақылдарының тұрақты өнімін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Алайда ашық каналдардағы су шығындары, суару жүйелерінің тозуы, жер бедерінің ерекшеліктері және суару технологияларының біркелкі енгізілмеуі су ресурстарын тиімді пайдалануды шектейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдарында суармалы жерлердің бір бөлігін сумен қамтамасыз етуде инфрақұрылымдық шығындар мен су жеткізу жүйелерінің тиімділігі маңызды мәселе ретінде көрсетілген [1]. Осыған байланысты каналдарды жаңғырту, су өлшеу құрылғыларын орнату, суару режимдерін оңтайландыру және су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану қажеттілігі артып отыр.

Өзбекстанда да суармалы егіншілік ауыл шаруашылығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Елдің табиғи-климаттық жағдайлары, суармалы жерлерде мақта, астық, көкөніс және басқа дақылдардың өсірілуі су ресурстарын маусымдық тұрғыдан жоспарлауды талап етеді. Суармалы алқаптарды сумен қамтамасыз ету барысында өзен ағынының өзгерістері, каналдар мен су бөлу құрылыстарының техникалық жағдайы және ауыл шаруашылығы дақылдарының суға деген қажеттілігі ескерілуі тиіс.

Екі мемлекет үшін ортақ мәселелердің бірі – топырақтың тұзденуы мен мелиорациялық жағдайының нашарлау қаупі. Құрғақ климат жағдайында суару нормаларының сақталмауы және дренаж жүйелерінің жеткіліксіз жұмысы жер асты сулары деңгейінің көтерілуіне, тұздардың топырақтың жоғарғы қабатына жиналуына және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Осы мәселелерді шешу үшін суармалы жерлерді бағалау кезінде келесі факторларды бірге қарастыру қажет:

-суармалы жерлердің нақты ауданы және пайдаланылу жағдайы;

-суару жүйелеріне берілетін және егістікке жеткізілетін су көлемі;

-суару каналдарындағы су шығындары;

-топырақтың механикалық құрамы мен тұздану дәрежесі;

-жер асты суларының деңгейі мен минералдануы;

-дақылдардың су қажеттілігі және вегетациялық кезеңі;

-ауа температурасы, жауын-шашын және булану көрсеткіштері;

-суару технологияларының техникалық және экономикалық тиімділігі.

Бұл көрсеткіштерді бір ақпараттық жүйеде біріктіру суармалы жерлердің жағдайын кеңістіктік тұрғыдан бағалауға және су ресурстарын бөлу шешімдерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

Суармалы жерлерді басқарудағы цифрлық технологиялардың рөлі. Цифрлық технологиялар суармалы жерлерді басқаруда ақпарат жинау, деректерді өңдеу, өзгерістерді бақылау және басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оларды қолдану суару жұмыстарының дәлдігін арттырып қана қоймай, жер ресурстарының экологиялық жағдайын тұрақты бақылауға жағдай жасайды.

1. Географиялық ақпараттық жүйелер. ГАЖ – суармалы жерлер туралы кеңістіктік және атрибутивтік ақпаратты жинауға, сақтауға, талдауға және карта түрінде көрсетуге арналған негізгі цифрлық құралдардың бірі.

ГАЖ көмегімен суармалы алқаптардың шекараларын, суару каналдарын, су бөлу құрылыстарын, топырақ типтерін, жер бедерін, дренаж жүйелерін және ауыл шаруашылығы дақылдарының орналасуын бір ортада біріктіруге болады.

Суармалы жерлердің цифрлық картасы келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

-Суармалы жерлердің нақты пайдаланылуын анықтау.

-Суару инфрақұрылымының орналасуын және қызмет көрсету аумағын бағалау.

-Тұздану мен су басу қаупі жоғары аумақтарды картаға түсіру.

-Суару кезектілігін жоспарлау.

-Су жеткізу көрсеткіштерін егістік алқаптарының жағдайымен салыстыру.

-Жердің мелиорациялық жағдайындағы өзгерістерді кезеңдер бойынша бақылау.

ГАЖ-дың артықшылығы – әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты кеңістіктік байланыста талдау мүмкіндігі. Мысалы, белгілі бір алқапта өсімдіктердің даму көрсеткіштері төмендеген жағдайда, оны топырақтың тұздану картасымен, суару кестесімен және метеорологиялық деректермен салыстыруға болады. Мұндай талдау мәселенің ықтимал себептерін анықтауға көмектеседі.

2. Жерді қашықтан зондтау технологиялары. Жерді қашықтан зондтау суармалы жерлердің жағдайын кең аумақта және белгілі бір уақыт аралықтарында бақылауға мүмкіндік береді. Спутниктік кескіндер негізінде өсімдік жамылғысының даму деңгейін, егістік алқаптарының кеңістіктік өзгерістерін және су тапшылығының ықтимал белгілерін бағалауға болады.

Қашықтан зондтау деректерін өңдеуде NDVI, NDWI және басқа спектрлік индекстер қолданылуы мүмкін. NDVI өсімдік жамылғысының салыстырмалы жағдайын сипаттауға көмектессе, NDWI индексінің тиісті нұсқалары су беттерін немесе өсімдік пен топырақ ылғалдылығына қатысты өзгерістерді зерттеуде пайдаланылады. Индекстердің интерпретациясы таңдалған формулаға, деректердің кеңістіктік ажыратымдылығына және зерттеу жағдайларына тәуелді.

FAO-ның WaPOR платформасы спутниктік деректер негізінде ауыл шаруашылығындағы су өнімділігі мен жер-су ресурстарының көрсеткіштерін зерттеуге арналған [2]. Мұндай платформалар суармалы жерлерді мониторингтеу әдістерін жетілдіруге және халықаралық зерттеулерде салыстырмалы деректерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Өзбекстан жағдайында қашықтан зондтау технологияларын пайдалану суармалы жерлердің маусымдық жағдайын бағалау, суару тиімділігі төмен болуы ықтимал учаскелерді анықтау және өсімдік жамылғысының кеңістіктік әркелкілігін зерттеу үшін перспективалы.

Сонымен бірге спутниктік мониторинг нәтижелерін жерүсті зерттеулерінің орнына толық қолдануға болмайды. Мысалы, өсімдік индексінің төмендеуі су тапшылығынан, топырақтың тұздануынан, өсімдік ауруларынан немесе агротехникалық шаралардың жеткіліксіздігінен туындауы мүмкін. Сондықтан қашықтан зондтау деректерін далалық зерттеулермен тексеру қажет.

3. Дәлме-дәл суару және автоматтандырылған бақылау. Дәлме-дәл суару технологиялары су ресурстарын дақылдардың нақты қажеттілігіне, топырақтың ылғалдылығына және ауа райы жағдайларына сәйкес пайдалануға бағытталған. Олардың қатарына тамшылатып суару, жаңбырлатып суару, топырақ ылғалдылығын өлшейтін датчиктер және автоматтандырылған су беру жүйелері жатады.

Заттар интернеті технологиялары арқылы топырақ ылғалдылығы, ауа температурасы және суару жүйесіндегі қысым туралы ақпаратты нақты уақытқа жақын режимде жинауға болады. Бұл деректерді автоматты басқару жүйесімен біріктіру суаруды қажетті уақытта іске қосуға және артық су беруді азайтуға көмектеседі.

Дегенмен су үнемдеу нәтижесі әрбір шаруашылықта бірдей болмайды. Ол топырақ типіне, өсірілетін дақылға, суару тәсіліне, инфрақұрылымның жағдайына және агротехникалық шараларға байланысты. Сондықтан технологияның тиімділігі су көлемімен ғана емес, өнімділікпен, энергия шығынымен және топырақтың мелиорациялық жағдайымен бірге бағалануы тиіс.

4. Жасанды интеллект және болжамдық модельдер. Жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістері суармалы жерлер туралы көпжылдық деректерді өңдеуге, су қажеттілігін болжауға және тәуекелі жоғары аумақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Мысалы, модель құру кезінде метеорологиялық көрсеткіштер, дақыл түрі, топырақтың қасиеттері, суару көлемі, спутниктік индекстер және өнімділік деректері пайдаланылуы мүмкін. Олардың арасындағы байланыстарды анықтау негізінде суару режимдерін оңтайландыруға арналған ұсынымдар әзірленеді.

Алайда модельдің сенімділігі бастапқы деректердің сапасына, толықтығына және кеңістіктік сәйкестігіне тәуелді. Сондықтан жасанды интеллект ұсынған нәтижелерді агрономиялық, гидрологиялық және мелиорациялық біліммен бірге қарастыру қажет.

Қазақстан мен Өзбекстандағы цифрлық тәсілдерді салыстыру. Қазақстан мен Өзбекстанның суармалы жерлерін цифрландыру мәселелерін салыстырған кезде технологиялардың өзін ғана емес, оларды қолдану мақсаттарын, деректердің қолжетімділігін және басқару жүйелеріне интеграциялану деңгейін де ескеру қажет.

Қазақстанда су үнемдеу технологияларын кеңейту, суару инфрақұрылымын жаңғырту және су ресурстарын басқарудың ақпараттық жүйелерін дамыту бағыттары басымдыққа ие. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) 2025 жылғы шолуында су үнемдеу технологияларын қолданылатын суармалы жерлердің ауданын ұлғайту және ауыл шаруашылығын цифрландыру шаралары қарастырылған [3].

Өзбекстанда да су ресурстарын есепке алу мен суару жүйелерін цифрландыру маңызды бағыт болып табылады. Елдің Су ресурстары министрлігіне қарасты ресми цифрлық ресурстарда су ресурстарын онлайн басқару және мониторингтеу, су өлшеу құрылғыларын енгізу мәселелері жарияланған [4].

Екі елдегі нақты технологиялардың қамту деңгейі, деректердің ашықтығы және цифрлық жүйелердің өзара үйлесімділігі жөнінде толық қорытынды жасау үшін бірыңғай әдістеме бойынша жиналған салыстырмалы деректер қажет. Сондықтан төмендегі кесте қолда бар ақпаратты жүйелеуге және әрі қарайғы зерттеудің басым бағыттарын анықтауға арналған.

1 кесте - Қазақстан мен Өзбекстанда суармалы жерлерді цифрлық басқарудың салыстырмалы бағыттары

Бағалау бағыты	Қазақстан	Өзбекстан	Бірлескен зерттеудің мүмкіндігі
Су үнемдеу технологиялары	Тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелерін кеңейту	Суару технологияларын жетілдіру және су тұтынуды азайту	Технологиялардың тиімділігін ортақ әдістememен бағалау
ГАЖ және цифрлық картография	Суармалы жерлер мен инфрақұрылымды кеңістіктік есепке алу	Суармалы аумақтар мен су бөлу жүйелерін картаға түсіру	Үйлесімді геокеңістіктік деректер базасын әзірлеу
Спутниктік мониторинг	Жер жағдайын және өсімдік жамылғысын бақылау	Егістік жағдайын және суару қажеттілігін бағалау	Сырдария бассейнінің ортақ мониторинг әдістемесі
Автоматтандырылған су есебі	Су беру көлемін есепке алу жүйелерін жетілдіру	Онлайн өлшеу және су бөлу мониторингін дамыту	Су көлемін салыстыруға арналған бірыңғай көрсеткіштер
Топырақтың мелиорациялық жағдайы	Тұздану мен жер асты суларының өзгерістерін бағалау	Тұздану және дренаж мәселелерін зерттеу	Тұздану қаупінің салыстырмалы карталарын әзірлеу
Ғылыми ынтымақтастық	Университеттер мен ғылыми ұйымдардың зерттеулері	Университеттер мен салалық ұйымдардың зерттеулері	Ортақ пилоттық жобалар, деректер алмасу және ғылыми жарияланымдар

Ескерту: кестеде елдер бойынша технологиялардың сандық қамту деңгейі емес, негізгі зерттеу және қолдану бағыттары салыстырылған. Нақты көрсеткіштерді бағалау үшін ресми статистикалық деректер қажет.

Салыстырмалы талдау цифрлық технологияларды енгізудің ортақ мақсаты су ресурстарын үнемдеу, суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және экологиялық тәуекелдерді төмендету екенін көрсетеді. Бұл ретте әрбір елдің ұлттық ақпараттық жүйелері мен деректерді басқару талаптарын ескеру қажет.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бірлескен ғылыми зерттеулердің перспективалары. Қазақстан мен Өзбекстанның суармалы жерлерді басқару саласындағы ынтымақтастығын дамытуға

Сырдария бассейнінің ортақ табиғи-географиялық жағдайлары мен трансшекаралық су ресурстарын пайдалану ерекшеліктері негіз болады. Бірлескен зерттеулер тек ғылыми нәтижелер алуға емес, су ресурстарын бөлу мен пайдаланудың ақпараттық негізін жетілдіруге де бағытталуы тиіс.

1. Суармалы жерлердің ортақ цифрлық геодеректер базасын әзірлеу. Бірінші бағыт – суармалы жерлер, суару каналдары, су бөлу құрылыстары, топырақтың қасиеттері және мелиорациялық жағдай туралы ақпаратты біріктіретін цифрлық геодеректер базасын қалыптастыру.

Мұндай базаға келесі деректер енгізілуі мүмкін: суармалы алқаптардың географиялық шекаралары; ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері мен орналасуы; суару жүйелерінің техникалық сипаттамалары; су беру және су тұтыну көрсеткіштері; топырақтың тұздану және ылғалдылық көрсеткіштері; жер асты сулары деңгейінің өзгерістері; спутниктік мониторинг нәтижелері; метеорологиялық және гидрологиялық деректер.

Деректерді біріздендіру үшін ортақ координаттар жүйесін, метадеректер құрылымын, өлшем бірліктерін және жаңарту кезеңділігін белгілеу қажет. Ақпаратқа қолжетімділік ұлттық заңнамаға, деректердің құпиялылық талаптарына және тараптар арасындағы келісімдерге сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

2. Сырдария бассейніндегі суармалы жерлерге бірлескен мониторинг жүргізу. Екінші бағыт – суармалы жерлердің жағдайын спутниктік және жерүсті бақылаулары арқылы бірлесіп зерттеу.

Пилоттық аумақ ретінде Қазақстанның Түркістан және Қызылорда облыстарындағы, сондай-ақ Өзбекстанның Сырдария бассейнімен байланысты суармалы аудандарындағы учаскелерді таңдау ұсынылады.

Зерттеу барысында бірдей уақыт кезеңдеріндегі спутниктік кескіндер, метеорологиялық көрсеткіштер, суару көлемдері және топырақ сынамалары салыстырылады. Бұл тәсіл өсімдік жамылғысының өзгерістерін, суару тиімділігі төмен болуы мүмкін аумақтарды және тұздану қаупі жоғары учаскелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторингтің нәтижелері екі мемлекетте қолданылатын бағалау әдістерінің салыстырмалылығын арттырып, суармалы жерлерді басқару бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар дайындауға көмектеседі.

3. Су тұтынуды болжаудың цифрлық моделін әзірлеу. Үшінші бағыт – суармалы дақылдардың су қажеттілігін болжауға арналған цифрлық модель құру.

Модельге метеорологиялық деректер, дақылдардың түрлері, өсіп-өну кезеңдері, топырақтың ылғалдылығы және спутниктік бақылау нәтижелері енгізілуі мүмкін. Суару қажеттілігін есептеу кезінде дақылдардың эталондық булану-транспирациясы мен дақыл коэффициенттерін пайдаланатын FAO-56 әдістемесі ғылыми негіз ретінде қарастырылуы мүмкін [5].

Модельдің негізгі нәтижелері:

-суару мерзімін анықтау;

-су беру көлемін жоспарлау;

-су тапшылығы туындауы ықтимал кезеңдерді болжау;

-су тұтыну көрсеткіштерін дақыл түрлері бойынша салыстыру;

-суару режимдерін оңтайландыру.

Модель алдымен пилоттық алқаптарда тексеріліп, есептеу нәтижелері нақты су өлшеу және далалық бақылау деректерімен салыстырылуы тиіс. Осыдан кейін ғана оны басқа суармалы аудандарда қолдану мүмкіндігін бағалауға болады.

4. Топырақтың тұздану қаупін бағалаудың цифрлық картасын жасау. Төртінші бағыт – суармалы жерлердің мелиорациялық жағдайын сипаттайтын цифрлық карталарды әзірлеу.

Тұздану қаупін бағалау үшін топырақтың электрлік өткізгіштігі, механикалық құрамы, жер асты суларының деңгейі мен минералдануы, жер бедері, дренаж жүйелерінің жағдайы және спутниктік индекстер пайдаланылуы мүмкін.

Бұл көрсеткіштерді ГАЖ ортасында біріктіру арқылы тәуекел деңгейі әртүрлі аумақтарды анықтауға болады. Дегенмен спутниктік деректер негізінде алынған тұздану белгілері топырақтың зертханалық талдауымен тексерілуі керек.

Мұндай карталар мелиорациялық іс-шараларды жоспарлау, дренаж жүйелерін күтіп ұстау және суару режимдерін түзету кезінде пайдалы болады.

Ғылыми және білім беру ынтымақтастығын дамыту. Бірлескен зерттеулердің тұрақтылығы ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының ынтымақтастығына байланысты. Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасында ортақ ғылыми жобаларды, студенттер мен докторанттардың академиялық ұтқырлығын, зертханалық зерттеулерді және ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру ұсынылады.

Ынтымақтастықтың негізгі нәтижелері ретінде:

-бірлескен ғылыми мақалалар мен зерттеу есептерін жариялау;

-ортақ далалық зерттеулер жүргізу;

-суармалы жерлердің цифрлық атластарын әзірлеу;

-ГАЖ және қашықтан зондтау бойынша оқу-әдістемелік материалдар дайындау;

-жас зерттеушілерге арналған ғылыми семинарлар ұйымдастыру;

-су ресурстарын басқарудың практикалық цифрлық шешімдерін сынақтан өткізу қарастырылады.

Суармалы жерлерді цифрлық басқарудың ұсынылатын моделі. Қазақстан мен Өзбекстан үшін суармалы жерлерді тиімді басқарудың перспективалы нұсқасы – кеңістіктік деректерді, автоматтандырылған су есебін және болжамдық модельдерді біріктіретін көпдеңгейлі цифрлық жүйе.

Ұсынылатын модель төрт өзара байланысты деңгейден тұрады.

Бірінші деңгей – бастапқы деректерді жинау. Бұл кезеңде спутниктік кескіндер, метеорологиялық мәліметтер, су есептегіштердің көрсеткіштері, топырақ сынамалары және суару инфрақұрылымы туралы ақпарат жинақталады.

Екінші деңгей – деректерді өңдеу және біріктіру. Жиналған ақпарат тексеріліп, бірыңғай координаттар жүйесіне келтіріледі және ГАЖ базасына енгізіледі. Деректердің уақыттық және кеңістіктік сәйкестігі қамтамасыз етіледі.

Үшінші деңгей – кеңістіктік талдау және болжау. Бұл кезеңде суармалы жерлердің жағдайы бағаланып, су тұтыну көрсеткіштері есептеледі, тұздану қаупі жоғары аумақтар анықталады және суару қажеттілігі болжанады.

Төртінші деңгей – басқарушылық шешімдер. Талдау нәтижелері негізінде суару кестесін түзету, су бөлу тәртібін оңтайландыру, мелиорациялық шараларды жоспарлау және суару инфрақұрылымын жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Модельдің тиімділігін бағалау үшін бірнеше негізгі көрсеткіштерді қолдану ұсынылады.

2-кесте – Суармалы жерлерді цифрлық басқарудың тиімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Бағалау мақсаты
Бір гектарға жұмсалған су көлемі, м³/га	Су тұтынудың өзгерісін бағалау
Өнімділік, т/га	Ауыл шаруашылығы өндірісінің нәтижесін анықтау
Су өнімділігі, кг/м³	Пайдаланылған су көлеміне шаққандағы өнімді бағалау
Су жеткізу тиімділігі, %	Суару жүйесіндегі шығындарды талдау
Топырақтың электрлік өткізгіштігі, дС/м	Тұздану деңгейін бағалауға көмектесу
Жер асты суларының тереңдігі, м	Гидрогеологиялық жағдайды бақылау
Су үнемдеу технологияларымен қамтылған аудан, га	Технологияларды енгізу ауқымын анықтау
Суару мен мониторингке жұмсалатын шығындар	Экономикалық тиімділікті бағалау

Көрсеткіштерді салыстыру кезінде бастапқы жағдайлар, дақылдардың түрлері, климаттық ерекшеліктер және өнім сапасы ескерілуі тиіс. Мысалы, су өнімділігінің артуы су көлемінің азаюымен ғана емес, өнімнің өсуімен де байланысты болуы мүмкін. Сондықтан цифрлық жүйенің нәтижесін бір көрсеткіш бойынша бағалау жеткіліксіз.

Ұсынылатын модельді іске асыруды бірнеше кезеңге бөлуге болады. Алғашқы кезеңде пилоттық аумақ пен зерттеу көрсеткіштері таңдалады. Екінші кезеңде деректер базасы құрылып, спутниктік және далалық мониторинг ұйымдастырылады. Үшінші кезеңде болжамдық модель әзірленіп, оның нәтижелері нақты бақылаулармен салыстырылады. Соңғы кезеңде тиімділігі дәлелденген тәсілдерді кеңейту және басқа суармалы аудандарда қолдану мүмкіндігі бағаланады.

Зерттеудің практикалық маңызы және күтілетін нәтижелері. Ұсынылған ғылыми бағыттарды іске асыру суармалы жерлерді басқарудың ақпараттық негізін жетілдіруге және су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден, цифрлық карталар мен спутниктік мониторинг суармалы алқаптардың жағдайын тұрақты бақылауға көмектеседі. Бұл су тапшылығы байқалуы мүмкін аумақтарды және мелиорациялық жағдайы нашарлап бара жатқан учаскелерді ертерек анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, автоматтандырылған су есебі мен болжамдық модельдер су бөлу шешімдерін нақты деректерге негіздеуге жағдай жасайды. Нәтижесінде суару мерзімдерін жоспарлау мен су тұтынуды бағалау сапасы артуы мүмкін.

Үшіншіден, топырақтың тұздану қаупін бағалау және жер асты суларының деңгейін бақылау жер ресурстарын қорғау шараларын ғылыми негіздеуге көмектеседі. Бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Төртіншіден, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ортақ зерттеулер деректерді салыстыру әдістерін жетілдіріп, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың ынтымақтастығы цифрлық ауыл шаруашылығы, геоинформатика, су ресурстарын басқару және жер мелиорациясы салаларында жаңа ғылыми нәтижелер алуға жағдай жасайды.

Сонымен бірге ұсынылған модельдің тиімділігі әзірге зерттеу барысында тексерілуі тиіс ғылыми болжам болып табылады. Нақты су үнемдеу көлемін, өнімділіктің өсуін немесе экономикалық қайтарымдылықты анықтау үшін пилоттық зерттеулер, бастапқы және қорытынды көрсеткіштерді салыстыру, сондай-ақ шығындар мен нәтижелерді есептеу қажет.

Қорытынды. Қазақстан мен Өзбекстанда суармалы жерлерді тиімді пайдалану су ресурстарының шектеулілігі, климаттық өзгерістер, суару инфрақұрылымының жағдайы және топырақтың мелиорациялық ерекшеліктері жағдайында ерекше маңызға ие. Осы міндеттерді шешуде цифрлық технологияларды енгізу су ресурстарын есепке алу мен бөлуді жетілдіруге, суармалы жерлердің жағдайын кеңістіктік тұрғыдан бағалауға және басқарушылық шешімдердің ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, келесі тұжырымдар жасалды:

1. Суармалы жерлерді тиімді басқару үшін гидрологиялық, топырақтық, метеорологиялық және шаруашылық көрсеткіштерін бір жүйеде қарастыру қажет. Жекелеген деректерді оқшау талдау жердің жағдайын толық бағалауға мүмкіндік бермейді.

2. ГАЖ, Жерді қашықтан зондтау, автоматтандырылған су есепке алу құралдары және болжамдық модельдер суармалы жерлердің жағдайын бақылаудың және су тұтынуды оңтайландырудың маңызды құралдары болып табылады. Олардың нәтижелері далалық өлшеулермен тексерілуі тиіс.

3. Қазақстан мен Өзбекстан үшін ортақ зерттеу бағыттарына Сырдария бассейніндегі суармалы жерлердің цифрлық карталарын әзірлеу, су тұтынуды болжау, суару жүйелерінің тиімділігін бағалау және топырақтың тұздану қаупін мониторингтеу жатады.

4. Бірлескен зерттеулердің тиімділігі деректерді жинау мен өңдеудің үйлесімді әдістемелеріне, ғылыми ұйымдар арасындағы ынтымақтастыққа және зерттеу нәтижелерін практикалық басқару жүйелеріне енгізуге байланысты.

5. Ұсынылған цифрлық модельді пилоттық аумақтарда сынақтан өткізу арқылы су үнемдеу, ауыл шаруашылығы өнімділігі, топырақтың мелиорациялық жағдайы және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау қажет.

Осылайша, суармалы жерлерді цифрлық басқару технологияларын дамыту және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бірлескен ғылыми зерттеулерді кеңейту Орталық Азиядағы су ресурстарын тұрақты пайдалану мен ауыл шаруашылығының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды ғылыми-практикалық міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Government of the Republic of Kazakhstan. Land area with water-saving irrigation methods increased by 85.1 thousand ha in Kazakhstan. Official Information Source of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan, 15 October 2024. URL: https://primeminister.kz/en/news/land-area-with-water-saving-irrigation-methods-increased-by-851-thousand-ha-in-kazakhstan-29183 (қаралған күні: 25.10.2026).

Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). WaPOR: Remote sensing for water productivity. URL: https://www.fao.org/in-action/remote-sensing-for-water-productivity/home/wapor_www/en (қаралған күні: 25.10.2026).

OECD. Agricultural Policy Monitoring and Evaluation 2025: Kazakhstan. Paris: OECD Publishing, 2025. URL: https://www.oecd.org/en/publications/agricultural-policy-monitoring-and-evaluation-2025_a80ac398-en/full-report/kazakhstan_68dda758.html (қаралған күні: 25.10.2026).

Ministry of Water Resources of the Republic of Uzbekistan. Online Water Resources Management and Monitoring Project. Digitalization Center of the Ministry of Water Resources of the Republic of Uzbekistan. URL: https://www.digital.gov.uz/en/suvchi/news/view/166112 (қаралған күні: 25.10.2026).

Allen R. G., Pereira L. S., Raes D., Smith M. Crop Evapotranspiration: Guidelines for Computing Crop Water Requirements. FAO Irrigation and Drainage Paper 56. Rome: Food and Agriculture Organization of the United Nations, 1998. URL: https://www.fao.org/4/X0490E/X0490E00.htm.

United Nations. Transforming Our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. Resolution adopted by the General Assembly on 25 September 2015. A/RES/70/1. New York: United Nations, 2015. URL: https://sdgs.un.org/2030agenda.

Food and Agriculture Organization of the United Nations (FAO). The State of the World's Land and Water Resources for Food and Agriculture: Systems at Breaking Point. Main Report. Rome: FAO, 2021. URL: https://www.fao.org/land-water/solaw2021/en/.

World Bank. Water in Agriculture. Washington, DC: World Bank. URL: https://www.worldbank.org/en/topic/water-in-agriculture (қаралған күні: 25.10.2026).

UDK 656.1
UDC 656.1

YO‘NALISHDAGI ELEKTROBUSNING KUNLIK ISH KO‘RSATKICHLARIGA OXIRGI BEKATLARDAGI TURISH VAQTINING TA’SIRINI BAHOLASH

ASSESSING THE EFFECT OF TERMINAL LAYOVER TIME ON THE DAILY OPERATING PERFORMANCE OF AN ELECTRIC BUS ON A ROUTE

Xikmatov R. S., Raximjonov M. R.
Khikmatov R. S., Rakhimjonov M. R.
Toshkent davlat transport universiteti, Toshkent, O‘zbekiston
Tashkent State Transport University, Tashkent, Uzbekistan
raximjonovmr@gmail.com

Annotatsiya: *Elektrobusning kunlik ishini rejalashtirishda yo‘nalishda harakatlanish bilan birga oxirgi bekatlarda to‘xtab turishga ketadigan vaqtni ham hisobga olish zarur. Turish davomiyligini mavjud kuzatuvlarga tayanmasdan tanlash rejalashtirilgan va bajarilishi mumkin bo‘lgan qatnovlar soni o‘rtasida tafovut yuzaga keltirishi mumkin. Ushbu maqolada turish vaqtining elektrobusning kunlik yurish masofasi va energiya ehtiyojiga ta’siri o‘rganilgan. Tadqiqot Toshkent shahridagi elektrobuslarning ekspluatatsiya jarayonida qayd etilgan ma’lumotlariga asoslanadi. Qatnov vaqti, oxirgi bekatdagi turish va boshqa ishlarga sarflangan vaqt alohida hisobga olinib, qayd etilgan turishlar shartli qiymatlar hamda arxivdan hisoblangan o‘rtacha davomiylik bilan taqqoslangan. Ish vaqti cheklangan va qatnovlar soni oldindan belgilangan holatlar alohida ko‘rib chiqilgan. Tahlil turish vaqtini kuzatuvlar asosida tanlash mazkur to‘plamdagi hisob tafovutini kamaytirishini, biroq kelgusi kunlar uchun alohida tekshiruv zarurligini ko‘rsatdi. Qatnov davomiyligidagi kichik o‘zgarish ham turish uchun qoladigan vaqtga ta’sir qilishi aniqlandi. Kunlik energiyaning kamayishi ayrim hollarda kamroq qatnov bajarilishidan kelib chiqishi tushuntirildi. Shu asosda vaqt, qatnovlar soni, yurish masofasi va energiya sarfini birgalikda tekshirish tartibi tavsiya etildi. Natijalar kunlik topshiriqning vaqt bo‘yicha bajarilishini baholashga xizmat qiladi; energiya hisoblari esa qabul qilingan shartlar doirasida talqin qilinadi.*

Abstract: *Daily electric bus planning requires accounting for terminal layovers as well as time spent operating along the route. Selecting layover durations without reference to operational observations can create a discrepancy between planned trips and those that can be completed. This study examines how layover assumptions affect daily mileage and energy demand using operational records from electric buses in Tashkent. Trip time, terminal dwell time, and time allocated to other activities are treated separately. Recorded dwell durations are compared with several illustrative constants and the mean calculated from the archive. A fixed operating period and a fixed number of trips are examined separately, alongside sensitivity to trip duration. The results show that an observation-based constant reduces calculation discrepancies within the studied dataset, although performance on subsequent days requires separate validation. Small changes in trip duration can also alter the time available for layovers. Lower daily energy use may result from fewer*

completed trips rather than improved energy efficiency. A practical procedure is therefore proposed for checking operating time, trip count, route mileage, and energy demand together. The findings support assessment of daily assignments against time constraints. Energy calculations remain conditional on the stated assumptions and do not demonstrate measured savings or battery feasibility.

Kalit so‘zlar: *elektrobus; turish; jadval; qatnov; masofa; energiya; telemetriya.*

Keywords: *electric bus; layover; timetable; trip; mileage; energy; telemetry.*

Kirish

Elektrobusning kunlik ish rejasini tuzishda, odatda, yo‘nalish uzunligi, qatnov davomiyligi va bir kilometrga sarflanadigan energiya asos qilib olinadi. Biroq elektrobus oxirgi bekatga yetib kelishi bilan keyingi qatnovni darhol boshlamaydi. Qatnov jadvalini tartibga solish, haydovchining dam olishi yoki boshqa tashkiliy ishlar uchun ma’lum vaqt ajratiladi. Kun davomida takrorlanadigan bu turishlar hisobga olinmasa, belgilangan ish vaqtida bajarilishi mumkin bo‘lgan qatnovlar soni ortiqcha baholanadi. Natijada rejalashtirilgan yurish masofasi va unga mos energiya ehtiyoji ham amaldagi sharoitga to‘g‘ri kelmasligi mumkin. Shuning uchun energiya hisobini qatnov jadvalidan ajratib ko‘rib bo‘lmaydi. Xalqaro tadqiqotlarda elektrobuslar jadvalini tuzish, yo‘lovchisiz yurish va zaryadlashni tashkil etish bir-biriga bog‘liq masalalar sifatida o‘rganiladi [1]. Qatnovlarning boshlanish va tugash muddatlari hamda zaryadlash qurilmalarining bandligini hisobga oladigan optimallashtirish usullari ham ishlab chiqilgan [2]. Bunday usullarning amaliy natijasi hisobga kiritilgan ma’lumotlarning to‘g‘riligiga bog‘liq. Xususan, qatnovlar orasidagi turish uchun yetarli vaqt ajratilmagan bo‘lsa, hisoblashda olingan jadvalni amalda bajarish qiyinlashadi. Demak, jadvalni optimallashtirishdan oldin qatnovlar va ular orasidagi turishlarning jami davomiyligini tekshirish zarur.

Орталық Азия мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынас аймақтық саясаттың айрықша саласына айналуда. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан бірдей стратегияны ұстанбайды, бірақ оқшаулану шекарааралық тәуекелдерді жоя алмайтынын барған сайын мойындайды. Олардың саясаты іс жүзіндегі билікпен, шекара қауіпсіздігімен, саудамен, энергетикамен, көлікпен және гуманитарлық көмекпен диалогты біріктіреді.

Орталық Азияның энергетикалық өндірісі мен нарықтарын Ауғанстан және Оңтүстік Азиямен байланыстыру ең үлкен мүмкіндіктер болып табылады. Ең үлкен кедергілер - саяси тұрақсыздық, терроризм, заңсыз айналым, қаржылық шектеулер, әлсіз инфрақұрылым және әйелдердің құқықтары мен қатысуына қатаң шектеулер. Бұл шектеулерді елемейтін жобалар тек белсенділік белгілерін көрсетеді, бірақ ұзақ мерзімді нәтиже бермейді.

Үйлестірілген екі кезеңді тәсіл бұл қарама-қайшылықты шешуге көмектесе алады. Ол тануды автоматты түрде жасамай, практикалық байланысты сақтауы, экономикалық жобаларды қауіпсіздік шараларымен және әлеуметтік кепілдіктермен байланыстыруы және деректермен алмасу және даулардың алдын алу үшін аймақтық институттарды пайдалануы керек. Болашақ зерттеулер тексерілген сауда ағындарын, шекара тиімділігін және аяқталған инфрақұрылымды саяси міндеттемелермен салыстыруы керек. Мұндай деректер Ауғанстанның біртіндеп кооперативтік аймақтық экономиканың бір бөлігіне айналып келе жатқанын немесе негізінен басқарылмайтын стратегиялық белгісіздік көзі болып қала беретінін анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Buzan, B., & Wæver, O. (2003). Regions and Powers: The Structure of International Security. Cambridge University Press.

2. World Bank. (2020). Central Asia, Afghanistan and Pakistan Trade Review. https://documents.worldbank.org/en/publication/documents-reports/documentdetail/163831604904149823

3. United Nations Security Council. (2025). United Nations engagement with Afghanistan's de facto authorities seeks to address, not normalize, restrictive policies. SC/16096. https://press.un.org/en/2025/sc16096.doc.htm

4. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. (2025). Kazakhstan and Afghanistan intend to expand trade and economic cooperation. https://www.gov.kz/org/mfa-kazakhstanun/press/news/details/984356?lang=en

5. United Nations General Assembly. (2025). Establishment of the United Nations Regional Centre for the Sustainable Development Goals for Central Asia and Afghanistan. A/RES/79/266. https://docs.un.org/en/A/RES/79/266

6. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. (2025). Kazakhstan and Afghanistan agreed to step up joint infrastructure projects. https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/1033543?lang=en

7. President of the Republic of Uzbekistan. (2025). President of Uzbekistan underscores the importance of strengthening trade and economic cooperation with Afghanistan. https://www.president.uz/en/lists/view/8220

8. World Bank. (2024). CASA-1000 resumption in Afghanistan. https://www.worldbank.org/en/news/statement/2024/02/23/casa1000resumptionafghanistan

9. United Nations Secretary-General. (2025). The situation in Afghanistan and its implications for international peace and security. A/79/956–S/2025/381. https://digitallibrary.un.org/record/4083725

10. United Nations Office on Drugs and Crime. (2025). Roadmap for Afghanistan and Neighbouring Countries 2025–2027. https://www.unodc.org/coafg/uploads/documents/UNODC_Roadmap_for_Afghanistan_2025-2027_endorsed.pdf

11. World Bank. (2026). Afghanistan Economic Monitor, April 2026. https://thedocs.worldbank.org/en/doc/2617fb8d5d5516f7217bb26f8b064ad8-0310012026/original/Afghanistan-Economic-Monitor-April-2026.pdf

12. Asian Development Bank. (2023). CAREC Corridor Performance Measurement and Monitoring Annual Report 2022. https://cpmm.carecprogram.org/uploads/CAREC-Corridor-Performance-Measurement-Monitoring-Annual-Report-2022.pdf

13. United Nations Regional Centre for Preventive Diplomacy for Central Asia. (2025). Central Asia and Afghanistan. https://unrcca.unmissions.org/en/node/18189

14. United Nations Security Council. (2025). Resolution 2777. S/RES/2777. https://digitallibrary.un.org/record/4078990

15. Central Asia Regional Economic Cooperation Program. (2026). Energy and regional power trade. https://www.carecprogram.org/

UDK 81'42:821.512.133
UDC 81'42:821.512.133

ESHQOBIL SHUKUR BADIIY DISKURSIDA KONSEPTOSFERANING AKSIOLOGIK MOHIYATI

AXIOLOGICAL ESSENCE OF THE CONCEPTOSPHERE IN ESHQOBIL SHUKUR'S LITERARY DISCOURSE

Ismailova O. R.
Ismailova O. R.
Namangan davlat universiteti, Namangan, O'zbekiston
Namangan State University, Namangan, Uzbekistan
odinaismailova84@gmail.com

Annotatsiya: *Maqolada Eshqobil Shukur badiiy diskursida vijdon, imon, insoniy qadr, ko'ngil, ona, vatan va xotira konseptlarining aksiologik mazmuni tahlil qilinadi. Tadqiqotning maqsadi mazkur konseptlarning ijodkor individual konseptosferasidagi ifoda xususiyatlarini aniqlashdan iborat. Lingvokognitiv, lingvopoetik va kontekstual tahlil asosida nominativ birliklar, obrazli-assotsiativ qatlamlar, baholovchi ma'nolar hamda konseptlararo semantik munosabatlar o'rganildi. "Arazlagan vijdon", "Yo'l va yo'ldosh", "Iltijo", "Qishloqqa qaytish", "Qorong'i" she'rlari va "To'lg'onoy chechaning hikoyasi" misolida vijdonning ma'naviy nazorat, imonning ruhiy tayanch, insoniy qadr va ko'ngilning mehr hamda hurmat bilan bog'lanishi ko'rsatildi. Ona, vatan va xotira konseptlarining mazmuni bolalik, sog'inch va yaqin insonni yo'qotish kechinmalari orqali ochildi. Vijdonning pirga qiyoslanishi, imonning yo'ldosh sifatida tasvirlanishi va ko'ngilning insoniy qadr mezoniga aylanishi muallifning baholovchi munosabatini ochib beradi. Konseptlarning yadro belgilari bilan kontekstda yuzaga kelgan periferik ma'nolar o'rtasidagi bog'lanish ham tahlil qilinib, leksik birliklarning badiiy matndagi vazifasi aniqlashtiriladi. Tahlil milliy qadriyatlarning muallifga xos talqinini yoritadi. Tadqiqot O'zbekiston va Qozog'iston o'rtasidagi adabiy-madaniy aloqalar nuqtayi nazaridan ham ahamiyatli: unda yoritilgan ma'naviy qadriyatlar ikki xalq adabiyoti o'rtasidagi muloqot va kelgusidagi qiyosiy tadqiqotlar uchun asos bo'la oladi.*

Abstract: *This article examines the axiological content of conscience, faith, human dignity, ko'ngil (the inner emotional and spiritual world), mother, homeland, and memory in Eshqobil Shukur's literary discourse. It aims to identify how these concepts are expressed within the author's individual conceptosphere. Linguocognitive, linguopoetic, and contextual analysis is used to examine naming units, figurative and associative layers, evaluative meanings, and semantic relations between concepts. Examples from the poems "Offended Conscience", "The Road and the Companion", "Supplication", "Return to the Village", and "Darkness", together with "The Story of To'lg'onoy Checha", show how conscience is associated with moral self-control, faith with spiritual support, and human dignity and ko'ngil with compassion and respect. The meanings of mother, homeland, and memory emerge through experiences of childhood, longing, and the loss of a loved one. The comparison of conscience to a spiritual guide, the portrayal of faith as a companion, and the interpretation of ko'ngil as a measure of human dignity reveal the author's evaluative stance. The analysis also examines the relationship between core conceptual features and peripheral meanings emerging in context, clarifying the functions of lexical units in the literary text. The analysis illuminates the author's distinctive interpretation of national values. The study also has relevance to literary and cultural relations between Uzbekistan and Kazakhstan: the spiritual values explored can provide a basis for dialogue between the two peoples' literatures and for future comparative research.*

Kalit so'zlar: *aksiologiya, konseptosfera, vijdon, imon, ko'ngil, vatan, xotira.*
Keywords: *axiology, conceptosphere, conscience, faith, ko'ngil, homeland, memory.*

Har bir xalqning milliy tafakkurida asrlar davomida shakllangan qadriyatlar tizimi mavjud. Inson uchun nima aziz, nima muqaddas, qanday fazilat ulug'lanadi, qaysi xatti-harakat qoralanadi – bularning barchasi xalqning tarixiy kechmishi, diniy e'tiqodi, urf-odatlari va dunyoqarashi bilan bog'liq. Bu qarashlar tilda saqlanib, avloddan avlodga o'tadi. Ayniqsa, vatan, ona, imon, vijdon, or-nomus, mehr-oqibat kabi tushunchalar xalqning ma'naviy hayotida alohida qadriyat sifatida anglashiladi.

Inson olamdagi narsa-hodisalarni faqat anglabgina qolmaydi, ularga o'z munosabatini ham bildiradi. Ba'zi hodisalar uning qalbida quvonch uyg'otadi, ayrimlari iztirobga soladi. Kimnidir hurmat qiladi, nimadandir yuz o'giradi. Bu munosabatlar inson ongida shakllangan konseptlarning qadriy, ya'ni aksiologik qatlamida aks etadi. Badiiy matnda esa baho ko'pincha bevosita aytilmaydi. Uni lirik qahramonning iztirobi, quvonchi, sog'inchi yoki biror hodisaga bildirgan munosabatidan anglaymiz.

V.I. Karasik lingvomadaniy konseptning tushunchaviy, obrazli va qadriy tomonlarini farqlaydi. Uning nazariy qarashlarida qadriy komponent muhim o'rin egallaydi, chunki aynan shu jihat konseptning shaxs va madaniy jamoa uchun ahamiyatini ko'rsatadi [1]. S.G. Vorkachev esa lingvomadaniy konseptni milliy-

madaniy xususiyatga ega bo‘lgan, tilda ifodalanuvchi mental tuzilma sifatida o‘rganadi [2]. Bundan ko‘rinadiki, konsept mazmuni uning lug‘atdagi izohi bilan tugamaydi. Unda insonning hayotiy tajribasi, dunyoqarashi, hissiy munosabati ham mavjud.

D.S. Lixachyov konseptosfera tushunchasini til va madaniyatning o‘zaro bog‘liqligi asosida izohlaydi. Olimning qarashlariga ko‘ra, konseptosferaning boyligi xalqning madaniy tajribasi, adabiyoti, tarixiy xotirasi bilan bog‘liq [3]. Shu nuqtayi nazardan badiiy matnlarni o‘rganish orqali faqat ijodkorning shaxsiy tasavvurlarini emas, uning tafakkuriga singgan milliy-madaniy bilimlarni ham aniqlash mumkin.

She’riyatdagi aksiologik konseptlarni maxsus tadqiq etgan N.V. Zakurdayeva V.S. Visotskiy ijodidagi ruh, taqdir, sog‘inch, uy, hayot, o‘lim va vaqt konseptlarini milliy konseptosfera bilan qiyoslaydi. Tadqiqotchi shoirning individual olam manzarasida bu tushunchalarning qanday mazmuniy xususiyatlar kasb etganini aniqlashga intiladi [4]. M.A. Chernyakova esa V. Mayakovskiy poetikasidagi aksiologik dominantlarni o‘rganib, muallif va lirik qahramonning qadriyatlar tizimini farqlash masalasiga alohida e’tibor qaratadi [5].

Bu tadqiqotlarning Eshqobil Shukur ijodini o‘rganishdagi ahamiyati shundaki, ular konseptlarni alohida so‘zlar yig‘indisi sifatida emas, o‘zaro bog‘langan qadriy tushunchalar tizimi sifatida tahlil qilish imkonini beradi. Biroq Eshqobil Shukur konseptosferasida milliy-madaniy an’analar, xususan, islomiy-tasavvufiy qarashlar, ona va yurtga daxldorlik, ajdodlar xotirasi va merosi bilan bog‘liq tasavvurlar o‘ziga xos o‘rin tutadi. Shuning uchun shoir ijodidagi aksiologik konseptlarni o‘rganishda ularning umummilliy mazmuni bilan birga individual-mualliflik talqinini ham aniqlash zarur.

Eshqobil Shukur asarlarida insonning ma’naviy qiyofasi alohida ahamiyat kasb etadi. Lirik qahramon bir o‘rinda vijdonini ranjitganidan o‘kinadi, boshqa birida inson xor bo‘lmasin deya iltijo qiladi. Goh ona uyiga qaytishni istaydi, goh bolalikda yo‘qotgan singlisini xotirlaydi. Nasriy talqinda esa insonning qadri uning ko‘ngil go‘zalligi orqali ochiladi. Bu kechinma va baholar ijodkor konseptosferasidagi qadriyatlarning o‘zaro bog‘liqligini ko‘rsatadi.

Insonning ma’naviy qiyofasini belgilovchi eng muhim konseptlardan biri vijdondir. O‘zbek xalqining milliy tafakkurida vijdon halollik, insof, o‘z xatti-harakati uchun javobgarlik bilan bog‘liq holda anglashiladi. Vijdonli inson deyilganda, faqat boshqalarga yomonlik qilmaydigan emas, o‘z xatolarini ham tan ola biladigan kishi tasavvur qilinadi. Chunki inson ba’zan boshqalardan aybini yashirishi mumkin, ammo o‘z vijdonidan yashira olmaydi.

Eshqobil Shukurning “Arazlagan vijdon” she’rida bu tushunchaning o‘ziga xos talqinini kuzatamiz:

Hazrati Hasratim, janobi Jonim,
Jiqqa ho‘l qog‘ozda yonmoqda qonim,
Mendan arazlabdi piyrim Vijdonim,
Hazrati Hasratim, janobi Jonim… [6, 86-б.]

Bu misralarda lirik qahramonning o‘z vijdoni bilan munosabati tasvirlangan. Vijdonning arazlashi va yuz o‘girishi mavhum tushunchaga insoniy xususiyatlar ko‘chirilganini ko‘rsatadi. Lirik qahramon vijdonini *piyrim* deb ataydi. Bu murojaatdagi *pir* tushunchasi diniy-tasavvufiy qarashlarda ma’naviy ustoz, yo‘l ko‘rsatuvchi, hurmat va ehtiromga loyiq zotni anglatadi. Shu bois vijdonning arazlashi ustozning shogirdidan ranjishi bilan bog‘liq tasavvurni uyg‘otadi.

Shoir talqinida vijdon insonning ichki olamiga hukm o‘tkazadigan, uning har bir amalini baholaydigan ma’naviy mezondir. Lirik qahramonning iztirobi ana shu mezonga munosabatida ochiladi. Vijdonning arazlashi uning o‘zini kechirish va ichki muvozanatini tiklash ehtiyojini ifodalaydi.

“Jiqqa ho‘l qog‘ozda yonmoqda qonim” misrasi bu iztirobni yanada kuchaytiradi. *Ho‘l* va *yonmoq* birliklari o‘rtasidagi ma’noviy zidlik lirik qahramon kechinmasining keskinligini bildiradi. Qonning ho‘l qog‘ozda yonishi uning vijdon oldidagi ruhiy azobini moddiy manzara orqali tasavvur qilish imkonini beradi.

She’rning davomida quyidagi misralar uchraydi:

Tazarru dashtida kuygan shamolman,
Uzrlar zikrida bulbuliholman… [6, 86-б.]

Tazarru tavba, iltijo va o‘z xatosini anglash bilan bog‘liq tushunchadir. *Tazarru dashti* birikmasida bu ruhiy holat keng va mashaqqatli makon sifatida tasavvur qilinadi. *Kuygan shamol* obrazi esa lirik qahramonning iztirobi va halovat topolmayotganini ifodalaydi. Uning uzr aytishi vijdon bilan yarashishga bo‘lgan ichki ehtiyojdan kelib chiqadi.

Vijdon konseptining yadrosini insonning o‘z xatti-harakatini axloqiy jihatdan baholashi haqidagi umumiy bilim tashkil etsa, *pir*, *araz*, *tazarru*, *uzr*, *armon* birliklari konseptning obrazli-assotsiativ qatlamini faollashtiradi. Shoirning vijdonni ranjiydigan ma’naviy ustoz sifatida tasvirlashi esa uning individual-mualliflik talqiniga xosdir.

Aksiologik jihatdan she’rda vijdon ijobiy qadriyat sifatida ulug‘lanadi. Biroq bu baho to‘g‘ridan to‘g‘ri aytilmaydi. Uning qadr-qimmati lirik qahramonning vijdonidan ayrilib qolish qo‘rquvi, pushaymonligi va ichki iztirobi orqali anglashiladi.

Vijdon konseptining ma’naviy yo‘l ko‘rsatuvchi sifatidagi talqini shoirning “Yo‘l va yo‘ldosh” she’rida ham davom etadi:

Yo‘llarda Imonni menga yo‘ldosh qil,
Fikru xayolimga Vijdonni bosh qil.
Qay sori bormoqda manzillar, yillar,
Jon qayon, ruh qayon, jahonlar qayon? [6, 48-б.]

Mazkur she’rda imon va vijdon konseptlari bir-biri bilan uzviy bog‘langan. Lirik qahramon safarga chiqqan yo‘lovchi sifatida gavdalanadi. Yo‘l uzoq, manzillar noma’lum. U bu yo‘lda imonining yo‘ldosh, vijdonining esa fikr-u xayoliga bosh bo‘lishini istaydi.

Yo‘ldosh qil va *bosh qil* birikmalari imon hamda vijdonning lirik qahramon hayotidagi o‘rnini belgilaydi. Birinchisi hamrohlik va madadni, ikkinchisi yo‘l ko‘rsatish hamda boshqarishni anglatadi. Shu tariqa yo‘l obrazi hayotiy tanlov va ma’naviy javobgarlik mazmunini kasb etadi.

She’rda imon konseptining e’tiqod, ruhiy tayanch, to‘g‘ri yo‘lga intilish belgilari, vijdon konseptining esa mas’uliyat, ichki nazorat va axloqiy mezon kabi qadriy xususiyatlari ifodalanadi. Shoirning individual olam manzarasida imon va vijdon insonni ma’naviy adashishdan asraydigan eng muhim qadriy tayanchlardir.

She’rda hayot yo‘li haqidagi tasavvur imon va vijdon bilan bevosita bog‘lanadi. Bu munosabat lirik qahramonning diniy-axloqiy qarashlari uning qadriyatlar tizimida muhim o‘rin tutishini ko‘rsatadi.

Insoniy qadr insonning sha’ni va hurmatga loyiqligini ifodalovchi tushunchadir. O‘zbek xalqining ma’naviy qarashlarida birovni xor qilmaslik, izzatini joyiga qo‘yish, og‘ir kunida ko‘maklashish kabi fazilatlarning qadrlanishi ham ushbu konsept bilan bog‘liq. Insonning qadriga yetish uning dardini anglashni ham taqozo etadi.

Eshqobil Shukurning “Iltijo” she’rida mazkur konsept o‘zgacha ruhiy kechinma orqali namoyon bo‘ladi:

Yarmi gunoh uning, yarmi hayodan,
Bunyodi, bedodi savob, xatodan,
Bir iltijo meros Odam Atodan:
…Insonni xor ko‘rsatma, Tangrim… [6, 87-б.]

Shoir insonning yaxshi fazilatlari bilan birga gunohi va xatosi ham borligini eslatadi. *Gunoh – hayo, savob – xato* munosabatlari inson tabiatidagi murakkablikni ko‘rsatadi. Shunday bo‘lsa-da, lirik qahramon uning xor bo‘lmasligini istaydi. Iltijoda insonni faqat xatolari orqali baholashga qarshi munosabat ifodalanadi.

“Bir iltijo meros Odam Atodan” misrasi tarixiy-madaniy mazmuni bilan e’tiborni tortadi. *Odam Ato* nomi insoniyatning ibtidosi haqidagi diniy tasavvurlarni uyg‘otadi. Shoir inson qadrini asrash istagini ana shu tasavvur bilan bog‘laydi. *Meros* leksemasi esa bu istakning avlodlar davomiyligiga daxldorligini ta’kidlaydi. Natijada insoniy qadr alohida shaxs doirasidan chiqib, butun insoniyatga tegishli qadriyat sifatida talqin etiladi.

Boshqa misralarda ham lirik qahramonning insonga bo‘lgan mehri seziladi:

Kimningdir o‘g‘li u, kimningdir qizi,
Kimning boshi uzra oyday yolg‘izi… [6, 87-б.]

Bu satrlarni o‘qiganda har bir inson ortida yana bir insonning mehri borligi anglashiladi. Kimdir ota-onasining farzandi, kimdir bir oilaning yagona suyanchi. Shoir ana shu oddiy haqiqatni eslatadi. Bir kishining xor bo‘lishi faqat uning o‘ziga tegishli iztirob emas. Uning dardidan yaqinlari ham ozor chekadi.

Misralardagi *o‘g‘il, qiz, yolg‘iz* birliklari insoniy qadr konseptini oila, farzand va mehr konseptlari bilan bog‘laydi. Bu o‘rinda insonning qadr-qimmati uning jamiyatdagi mavqeyi bilan emas, boshqalar uchun qanchalik aziz ekanligi orqali ochiladi.

Mazkur she’rda insoniy qadr konseptining yadrosini insonning sha’ni, qadr-qimmati va hurmatga loyiqligi haqidagi bilim tashkil etsa, uning periferik qatlamida mehr-shafqat, himoya, insonning yaqinlari uchun azizligi, ruhiy tayanch kabi belgilar yuzaga chiqadi. *Odam Ato, iltijo, gunoh, savob* birliklari esa konseptning diniy-madaniy mazmunini faollashtiradi.

Bu o‘rinda insoniy qadr – xorlik aksiologik qarama-qarshiligi yuzaga kelgan. Insonning qadr-qimmati ulug‘lanadi, uning tahqirlanishi esa qoralanadi. Shoirning insonni xor qilmaslik haqidagi iltijosi nafaqat diniy murojaat, balki chuqur insonparvarlik g‘oyasining badiiy ifodasidir.

Insoniy qadrning ko‘ngil bilan bog‘liq talqini “Asr afsonalari” turkumidagi “To‘lg‘onoy chechaning hikoyasi”da Abdimurod obrazi orqali ochiladi. Kambag‘al, bir qo‘li kalta, bir oyog‘i cho‘loq Abdimurod odamlar orasida o‘zini erkin tutolmaydi. O‘ttiz yoshga kirgan bo‘lsa-da, oila qurmagan. Yozuvchi qahramonning ahvolini shunday ifodalaydi*: “Ko‘ngli yarim edi Abdimurodning, tili qisiq edi kambag‘alning, nasibasi yorti edi benasibning...” [7, 111-б.]*. Bu yerda *ko‘ngli yarim, tili qisiq, nasibasi yorti* birliklari ruhiy

o‘ksiklik, tortinchoqlik va hayotdan nasibasiz qolganlik hissini birlashtiradi. *Yarim* va *yorti* so‘zlaridagi to‘liqsizlik ma’nosi qahramonning kechinmasiga ko‘chadi. Uning moddiy qiyinchiligi mehr va e’tiborga ehtiyoj bilan tutashadi.

Ana shunday vaziyatda To‘lg‘onoy chechaning “Parilar oshiq bo‘ladigan ko‘nglingiz bor, kenjajon” degan so‘zlari muhim o‘rin tutadi *[7, 112-б.]*. U Abdimurodning ko‘nglida boshqalar payqamagan go‘zallikni ko‘radi. *Parilar oshiq bo‘ladigan ko‘ngil* birikmasida ko‘ngil insonning qadrini belgilovchi ma’naviy go‘zallik timsoliga aylanadi. Pari haqidagi xalqona tasavvur go‘zallik va maftunkorlik bilan bog‘liq. Yozuvchi ushbu obraz orqali Abdimurodning tashqi qiyofasi bilan ichki olami o‘rtasidagi zidlikni ifodalaydi. *Kenjajon* murojaatidagi erkalash ma’nosi esa qahramonga mehr va yaqinlikni bildiradi. Insonni ko‘ngliga qarab baholash haqidagi qadriy tasavvur yozuvchining individual badiiy tafakkurida shu tarzda namoyon bo‘ladi.

Mazkur parchada insoniy qadr konsepti ko‘ngil konsepti bilan mazmuniy munosabatga kirishadi. *Ko‘ngli yarim* frazeologizmi ruhiy o‘ksiklikni ifodalasa, *parilar oshiq bo‘ladigan ko‘ngil* birikmasi ichki ma’naviy boylikni yuzaga chiqaradi. Ayni qahramonning ko‘ngli ikki xil nuqtayi nazardan baholanadi. Birida hayotdan o‘ksigan insonning dardi, ikkinchisida esa shu dard ortida yashiringan go‘zallik ko‘rinadi. Natijada insoniy qadr konseptining mehrga munosiblik, ko‘ngil go‘zalligi va insonni boricha qabul qilish kabi aksiologik belgilari faollashadi. Eshqobil Shukurning individual olam manzarasida insonning qadri uning qanday ko‘ngil egasi ekanligi bilan belgilanadi. Ko‘ngil konseptining milliy-madaniy mazmuni insoniy qadrni baholashda muhim o‘rin tutadi.

O‘zbek xalqining milliy qadriyatlar tizimida ona konsepti alohida o‘rin tutadi. Ona deyilganda ko‘z oldimizga farzandiga beminnat mehr beruvchi, uni ko‘z qorachig‘idek asrab-avaylovchi, tarbiyalovchi zot keladi. Biroq ona qadrining mazmuni shu bilan tugamaydi. Insonning bolaligi, ilk quvonchi, dastlabki armonlari, o‘zi ulg‘aygan uy haqidagi tasavvurlari ham ona bilan bog‘liq.

Eshqobil Shukurning “Qishloqqa qaytish” she’rida ona konsepti ana shunday ruhiy kechinmalar bilan bog‘langan:

G‘unchalaydi ertaga gullar,
Kurtaklaydi daraxtlar yana.
Uyg‘onadi uxlagan yo‘llar,
Uyimizga qaytaman, ona… [6, 76-б.]

She’rning dastlabki misralarida tabiatning uyg‘onishi tasvirlangan. Gullar g‘unchalaydi, daraxtlar kurtak chiqaradi. *Uxlagan yo‘llarning uyg‘onishi* jonlantirishida esa tabiatdagi yangilanish bolalik xotiralarining jonlanishi bilan tutashadi. Qishloq yo‘llari uzoqdan qaytayotgan farzandini kutayotgan yaqin insondek gavdalanadi.

Lirik qahramonning *“Uyimizga qaytaman, ona…”* deya murojaat qilishi manzaraning hissiy mazmunini ochadi. *Uyimiz* so‘zidagi egalik qo‘shimchasi uning ona va oila bilan daxldorligini bildiradi. Qishloqqa qaytish yaqinlar, bolalik xotiralari va o‘zi mansub bo‘lgan muhitga intilish sifatida anglashiladi.

Keyingi misralarda qirlarning *“Otam kabi o‘ynatar shodmon”* tarzida tasvirlanishi ona uyi haqidagi xotirani ota obrazi bilan boyitadi. Lirik qahramon bolalikdagi mehrni tabiat manzarasida qayta his etadi. Biroq she’r oxiridagi *“Ko‘za-ko‘za ko‘zyoshlar bilan”* ifodasi qaytish quvonchiga ayriliq va armon ham qo‘shilganini ko‘rsatadi.

Mazkur she’rda ona konsepti mehr, sog‘inch, ruhiy madad kabi qadriy belgilarda namoyon bo‘ladi. Qishloq esa geografik makon sifatidagi ma’nosidan tashqari, insonning o‘zligini anglashiga xizmat qiladigan xotiralar maskaniga aylanadi. Natijada ona, vatan va xotira konseptlari o‘zaro mazmuniy aloqaga kirishadi.

She’riy matnda ona konseptining yadro qatlamiga daxldor mehr va yaqinlik tasavvurlari saqlanadi. Uning periferik qatlamida ona uyi, bolalik yo‘llari, g‘unchalagan gullar va uyg‘ongan tabiat bilan bog‘liq assotsiativ belgilar faollashadi. Qishloqqa qaytishning ona tomon intilish sifatida tasvirlanishi shoirning individual olam manzarasiga xosdir.

O‘zbek she’riyatida ona va vatan tushunchalari ko‘pincha bir-biri bilan bog‘langan. Biroq Eshqobil Shukurning mazkur she’rida bu munosabat yurtning umumiy madhidan ko‘ra shaxsiy xotira va sog‘inch orqali ochilgan. Shoir uchun ona uyi – bolalikning eng qadrli, o‘rnini hech narsa bosa olmaydigan makoni.

Xotira konseptining yana bir aksiologik jihati “Qorong‘i” she’rida namoyon bo‘ladi:

Qorong‘i falakning bir kunjagida
Titrab turar edi qorong‘i ko‘nglim.
Xayolning gulchambar belanchagida
Hurlarday uchardi marhuma singlim.
Olti yoshda edim... bir tun u bilan
Birga kela-kela bir qayg‘u tuydim...
Qorong‘i kechada, qishloq yo‘lida

Nogahon singlimni yo‘qotib qo‘ydim.
Ellik yil izladim yillar, yo‘llardan,
Chaqmoq kulgusiday ketgan singlimni, –
Olis bolalikda bir tunda birdan
Chinni piyoladay singan ko‘nglimni. [6, 80-б.]

“Qorong‘i” she’rida bolalikda yo‘qotilgan singil xotirasi tasvirlanadi. *Qorong‘i falak* va *qorong‘i ko‘ngil* birikmalarida ayni sifatning takrorlanishi tashqi manzara bilan ruhiy holatni bog‘laydi. Qorong‘ilik kechaning tabiiy belgisidan ayriliq va iztirob ifodasiga aylanadi. *Chinni piyoladay singan ko‘ngil* o‘xshatishida esa ko‘ngilning nozikligi va yo‘qotish qoldirgan jarohat anglashiladi. *Ellik yil izladim* jumlasi bu kechinmaning uzoq davom etganini ta’kidlaydi.

She’rda xotira konseptining qadriy mazmuni bolalik, yaqin insonning xotirasi, mehr va ayriliq bilan bog‘liq holda yuzaga chiqadi. Shoir tafakkurida xotira o‘tmish haqidagi ma’lumot bilangina cheklanmaydi. U insonning ichki dunyosida saqlanadigan, hayot davomida unga hamroh bo‘ladigan ma’naviy hodisadir.

Mazkur holatda xotira konseptining yadro qatlamini o‘tmishda bo‘lib o‘tgan voqealarni eslash haqidagi tasavvurlar tashkil etsa, uning hissiy-aksiologik qatlamida sog‘inch, armon, yo‘qotilgan yaqin insonni unutmaslik kabi belgilar faollashadi. Qorong‘ilik, bolalik, singil va yo‘l obrazlari esa mazkur konseptning individual-mualliflik talqinida ishtirok etadi.

Natijada Eshqobil Shukur ijodida ona, vatan va xotira konseptlari bir-birini to‘ldiruvchi qadriyatlar sifatida namoyon bo‘ladi. Ona mehr va ruhiy tayanchni, qishloq bolalik hamda ma’naviy ildizlar makonini ifodalaydi. Xotira esa bu qadriyatlarni lirik qahramonning bugungi kechinmalari bilan bog‘laydi.

Tahlil qilingan she’riy va nasriy matnlarda konseptlarning aksiologik mazmuni ularni ifodalovchi birliklarning kontekstual ma’nolari orqali yuzaga chiqadi. *Piyrim Vijdonim* birikmasi vijdonni ma’naviy ustoz darajasiga ko‘tarsa, *yo‘ldosh qil* va *bosh qil* ifodalari imon hamda vijdonni hayotiy tayanch sifatida talqin etadi. *Xor ko‘rsatma* iltijosi inson sha’nini himoya qilish mazmunini kuchaytiradi. Abdimurodga berilgan bahoda esa *ko‘ngli yarim* va *parilar oshiq bo‘ladigan ko‘ngil* ifodalari ruhiy o‘ksiklik bilan ma’naviy go‘zallikni bir shaxs timsolida birlashtiradi.

Eshqobil Shukur konseptosferasida vijdon ma’naviy javobgarlik, imon ruhiy tayanch, insoniy qadr hurmat va rahm-shafqat bilan bog‘liq. Ona va vatan konseptlari uy, bolalik hamda sog‘inch orqali, xotira esa yo‘qotilgan yaqin insonni unutmaslik kechinmasi orqali ochiladi. Bu munosabatlarda umummilliy tasavvurlar muallifga xos obraz va baholovchi ma’nolar bilan boyiydi.

Shunday qilib, Eshqobil Shukur badiiy diskursidagi konseptlarning aksiologik mohiyati milliy qadriyatlarning shaxsiy kechinma va badiiy obrazlarda qayta talqin qilinishida namoyon bo‘ladi. Konseptlarni nomlovchi so‘zlar bilan birga ularning atrofida shakllangan ko‘chma ma’nolar, frazeologik birliklar va murojaat shakllari ham ushbu talqinni yuzaga chiqaradi. Insonning o‘z vijdoni oldidagi mas’uliyati, o‘zga inson qadrini tan olishi va yaqinlari xotirasini asrashi tadqiq etilgan matnlarning asosiy qadriy yo‘nalishini belgilaydi.

FOYDALANILGAN ADABIYOTLAR

1. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

2. Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. – Москва: Гнозис, 2004. – 236 с.

3. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия Российской академии наук. Серия литературы и языка. – 1993. – Т. 52. – № 1. – С. 3–9.

4. Закурдаева Н.В. Концептосфера поэзии В.С. Высоцкого: аксиологические и экзистенциальные концепты: автореф. дис. … канд. филол. наук. – Орёл, 2003. – 24 с.

5. Чернякова М.А. Концептосфера В. Маяковского: аксиологические доминанты автора и лирического героя: дис. … канд. филол. наук. – Магнитогорск, 2008.

6. Эшқобил Шукур. Сайланма: шеърлар. – Тошкент: «ADABIYOT» нашриёти, 2025. – 448 б.

7. Шукур Э. Аср афсоналари: насрий асарлар. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги нашриёт-

ӘОЖ 631.115.8(574+575.1)
UDC 631.115.8(574+575.1)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КООПЕРАЦИЯСЫ: ШАҒЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІ ӨҢІРЛІК ҚҰН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТІЗБЕКТЕРІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

AGRO-INDUSTRIAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN: OPPORTUNITIES FOR INTEGRATING SMALL-SCALE PRODUCERS INTO REGIONAL VALUE CHAINS

Есболова А.Е.[1], Абдикеримова Г.И.[1], Куланова Д.А.[1], Холикулова Ю.П.[2],
Yesbolova A.Y.[1], Abdikerimova G.I.[1], Kulanova D. A.[1], Xolikulova Y.P.[2]

[1]Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[2]Ташкент мемлекеттік экономика университеті, Ташкент, Өзбекстан
[1]Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
[2]Tashkent State University of Economics, Tashkent, Uzbekistan
yesbolova@gmail.com

Түйін: *Мақалада Қазақстан мен Өзбекстанның агроөнеркәсіптік кооперациясын шағын өндірушілерді өңірлік құн қалыптастыру тізбектеріне интеграциялау тетігі ретінде дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - шағын шаруашылықтардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, дайындауға, өңдеуге және өткізуге тұрақты қатысуын қамтамасыз ететін ұйымдық және экономикалық шарттарды негіздеу. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, институционалдық және салыстырмалы тәсілдер құрайды. Екіжақты ынтымақтастық туралы ресми материалдарды сапалық талдау, ғылыми жарияланымдарды жинақтап қорыту және өндірушілердің, қызмет көрсетуші ұйымдардың әрі өңдеуші кәсіпорындардың өзара іс-қимылының ұйымдық нысандарын салыстыру әдістері қолданылды. Жекелеген жеткізілімдер көлемінің аздығына, өнімнің біркелкі болмауына, инфрақұрылымға қолжетімділікке, ақпаратпен қамтамасыз етілуге және шарт талаптарының белгісіздігіне байланысты интеграцияның ықтимал шектеулері жүйеленді. Өнімді бірлесіп өткізу, сервистік кооператив, өңдеушімен шарттық негізде үйлестіру және бірлескен өңдеу кәсіпорны қарастырылды. Бірлесіп атқарылатын функциялардың кеңеюі қатысушылардың инвестициялық және басқарушылық міндеттемелерінің артуымен қатар жүретіні көрсетілді. Осыған байланысты кооперация нысанын таңдау шаруашылықтардың ресурстық мүмкіндіктерін, өнім сипаттамаларын және сұранысты ескеруді талап етеді. Нақты өнім бойынша құн қалыптастыру тізбегін таңдауды, сатып алушының талаптарын келісуді, сынақ жеткізілімдерін жүргізуді және нақты нәтижелер негізінде ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуді қамтитын кезеңдік тәсіл ұсынылды. Нәтижелілікті бағалау үшін өткізу шығындарын, өнім ысырабын, төлем мерзімдерін, жеткізілімдердің тұрақтылығын және өндірушінің ақшалай нәтижесін қолжетімді өткізу арналары бойынша тиісті көрсеткіштермен салыстыра отырып ескеру ұсынылды. Кооперацияның даму перспективалары бірлесіп атқарылатын функциялардың үйлесімділігімен, қызметтердің қолжетімділігімен және қатысушылардың экономикалық мүдделілігімен айқындалатыны туралы қорытынды жасалды. Зерттеудің практикалық маңызы кооперациялық байланыстарды ұйымдастыруға арналған шешімдерді жүйелеуде көрініс табады. Тұжырымдалған қағидалар сапалық сипатқа ие және екі елдің нақты шаруашылықтары мен өнімдер бойынша құн қалыптастыру тізбектерінің деректері негізінде одан әрі тексеруді қажет етеді.*

Abstract: *This article examines opportunities for developing agro-industrial cooperation between Kazakhstan and Uzbekistan as a mechanism for integrating small-scale producers into regional value chains. The study aims to establish the organisational and economic conditions that enable small farms to participate sustainably in the production, preparation, processing, and marketing of agricultural products. The methodological framework combines systems, institutional, and comparative approaches. The methods include qualitative analysis of official materials on bilateral cooperation, synthesis of academic literature, and comparison of organisational arrangements linking producers, service providers, and processing enterprises. Potential barriers to integration are systematised, including small shipment volumes, product heterogeneity, infrastructure accessibility, information availability, and uncertainty in contractual terms. The analysis examines collective marketing, service cooperatives, contractual coordination with processors, and jointly owned processing enterprises. It shows that expanding jointly performed functions entails greater investment and managerial commitments. Consequently, the choice of cooperative arrangement requires consideration of farms' resource capacities, product characteristics, and demand. A phased approach is proposed, encompassing the selection of a product value chain, agreement on buyer requirements, trial deliveries, and subsequent expansion of cooperation based on actual results. The study also establishes the importance of transparent pricing, verifiable quality control, and an agreed allocation of responsibilities. Suggested performance indicators include marketing costs, product losses, payment periods, supply reliability, and producers' financial returns compared with those obtainable through available marketing channels. The study concludes that the prospects for cooperation depend on the coordination of joint functions,*

access to services, and participants' economic incentives. Its practical contribution lies in systematising options for organising cooperative relationships. The findings are qualitative and require further validation using evidence from individual farms and product value chains in both countries.

Кілттік сөздер: *агроөнеркәсіптік кооперация, Қазақстан, Өзбекстан, шағын өндірушілер, өңірлік құн қалыптастыру тізбектері, ауыл шаруашылығы өнімдері, шарттық негізде үйлестіру, өнімді бірлесіп өткізу.*

Keywords: *agro-industrial cooperation, Kazakhstan, Uzbekistan, small-scale producers, regional value chains, agricultural products, contractual coordination, collective marketing.*

Кіріспе. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы агроөнеркәсіптік ынтымақтастықтың дамуы мемлекетаралық экономикалық байланыстар жекелеген ауыл шаруашылығы өндірушілерінің мүмкіндіктерін қалай кеңейте алады деген мәселені зерттеуді қажет етеді. Мұндай ынтымақтастықты бағалау үшін өзара сауда көлемін немесе бірлескен жобалардың санын ғана ескеру жеткіліксіз. Шаруашылықтардың шикізат жеткізуге, оны өңдеуге және дайын өнімді өткізуге қатысу шарттары, сондай-ақ қатысушылар арасында табыстар мен тәуекелдерді бөлу тәртібі елеулі мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, шағын өндірушілерді агроазық-түлік өнімдерін өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, өңдеу және өткізу кезеңдерін байланыстыратын өңірлік құн қалыптастыру тізбектеріне интеграциялау ерекше зерттеушілік қызығушылық тудырады.

Аталған бағыттың практикалық өзектілігі екіжақты өзара іс-қимылдың күн тәртібімен расталады. 2026 жылғы наурызда Қазақстан мен Өзбекстан өкілдері астық, бұршақ және майлы дақылдарды өңдеуді [1], сондай-ақ ет және сүт өнімдері өндірісін дамытуды қоса алғанда, аграрлық ынтымақтастықты кеңейту мәселелерін талқылады. Аталған бағыттар өндіріс пен қызмет көрсетудің бірнеше буынының өзара іс-қимылын көздейді. Бұл оларды өңірлік құн қалыптастыру тізбектерін зерттеудің негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ынтымақтастық туралы уағдаластықтардың өзі шағын шаруашылықтарды осындай тізбектерге тарту тетіктерін айқындамайды.

Шағын өндірушінің жергілікті нарық шегінен шығуы келісілген жеткізу көлемін, өнім сипаттамаларының тұрақтылығын және міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Өнім өткізуді өз бетінше ұйымдастырған жағдайда сатып алушыларды іздеуге, тауар партияларын дайындауға, өнім сапасын растауға және тасымалдауға жұмсалатын шығындар жеткізілімдердің экономикалық тартымдылығын төмендетуі мүмкін. Трансшекаралық өзара іс-қимыл барысында сатып алушылардың талаптары туралы ақпараттың қолжетімділігі, шарт талаптарының түсініктілігі және өнімді жеткізумен байланысты рәсімдердің үйлесімділігі қосымша мәнге ие болады. Демек, шағын шаруашылықтың өңірлік тізбекке қатысу мүмкіндігі оның өндірістік әлеуетімен ғана емес, басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ұйымдастырылуымен де айқындалады.

Осы зерттеуде агроөнеркәсіптік кооперацияны дербес өндірушілердің, өңдеуші кәсіпорындардың, логистикалық ұйымдардың және сатып алушылардың қызметін үйлестіру тетігі ретінде қарастыру ұсынылады. Инфрақұрылымды бірлесіп пайдалану, тауар партияларын қалыптастыру және сапаны бақылауды ұйымдастыру өткізілетін өнім бірлігіне шаққандағы шығындарды төмендетуге алғышарттар жасай алады. Алайда кооперацияның экономикалық нәтижесі өздігінен қалыптаспайды. Ол шешім қабылдау тәртібіне, өзара есеп айырысудың ашықтығына, жауапкершіліктің бөлінуіне және қатысушылардың өздеріне алған міндеттемелерді орындау қабілетіне байланысты. Шағын өндірушілер үшін ынтымақтастық шарттарына ықпал ету және бірлескен қызметтен түсетін табыстың негізделген үлесін алу мүмкіндігі ерекше маңызды.

Қазақстан мен Өзбекстан жағдайында зерттеу мәселесі агроөнеркәсіптік өзара іс-қимылды кеңейту шағын шаруашылықтардың өңірлік өндірістік және өткізу байланыстарына тұрақты қатысуын қандай шарттарда қамтамасыз ететінін анықтаудан тұрады. Жеткізушілер санының өсуі интеграцияның тиімділігі туралы қорытынды жасауға өздігінен негіз бола алмайды. Өндірушілердің нарыққа шығу мүмкіндігі қаншалықты болжамды болатынын, олардың өнім өндіруді жоспарлай алуын және қосымша табыстың тізбек талаптарын орындауға жұмсалатын шығындарды өтейтінін ескеру қажет. Мәселенің осылай қойылуы екіжақты ынтымақтастықтың дамуын шаруашылықтар деңгейіндегі экономикалық нәтижелермен байланыстырады.

Мақаланың мақсаты - агроөнеркәсіптік кооперация негізінде Қазақстан мен Өзбекстанның шағын өндірушілерін өңірлік құн қалыптастыру тізбектеріне интеграциялаудың ұйымдық-экономикалық шарттарын негіздеу.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін бірлескен қызметтің ықтимал бағыттарын айқындау, шағын шаруашылықтардың қатысуын шектейтін факторларды жүйелеу, өндіріс пен өнім өткізуді үйлестіру нысандарын қарастыру, сондай-ақ қатысушылар арасында пайдалар мен тәуекелдерді бөлу шарттарын

анықтау көзделеді. Негізгі назар ресурстарды біріктіру, инфрақұрылымға қолжетімділік және шарттық қатынастардың тұрақтылығы арасындағы байланысқа аударылады.

Зерттеудің негізіне шағын өндірушілерді интеграциялау үш шарттың ұштасуы жағдайында экономикалық тұрғыдан тұрақты болады деген болжам алынған. Аталған шарттарға бірлесіп пайдаланылатын инфрақұрылымның қолжетімділігі, өнімге қойылатын талаптардың келісілгендігі және өзара міндеттемелердің ашықтығы жатады. Мәселені осылай қарастырудың практикалық маңызы шағын шаруашылықтардың өнім жеткізуге ұзақ мерзімді қатысуына, ал өңдеуші және сауда кәсіпорындарының жеткізілімдері болжамды шикізат базасын қалыптастыруына негіз болатын ынтымақтастық бағыттарын анықтау мүмкіндігімен сипатталады. Агроөнеркәсіптік кооперацияны аталған шарттар тұрғысынан қарастыру Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара іс-қимыл перспективаларын құнды қалыптастыру мен бөлудің нақты тетіктерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, институционалдық және салыстырмалы тәсілдердің үйлесімі құрайды. Жүйелік тәсіл Қазақстан мен Өзбекстанның агроөнеркәсіптік кооперациясын ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, өңдеу және өткізу үдерістерінің өзара байланысы аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Институционалдық тәсіл шарттық қатынастарды, өзара іс-қимыл қағидаларын және қатысушылар арасында жауапкершілікті бөлу тәртібін зерделеу үшін қолданылады. Салыстырмалы тәсіл екі елдің шағын өндірушілерін өңірлік құн қалыптастыру тізбектеріне тарту шарттарын салыстыруға негіз болады.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекеттік органдарының аграрлық және сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ресми құжаттары мен хабарламалары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперациясы және құн қалыптастыру тізбектерін ұйымдастыру туралы ғылыми жарияланымдар құрайды. Материалдарды іріктеу кезінде олардың зерттеу пәніне сәйкестігі, дереккөздерінің сенімділігі және қарастырылатын өзара іс-қимыл тетіктерінің мазмұнын анықтауға мүмкіндік беруі ескеріледі. Мәлімделген ынтымақтастық бағыттары іске асырылған жобалар мен расталған нәтижелер туралы мәліметтерден бөлек қарастырылады. Талдау тізбек қатысушыларының функцияларын айқындаудан бастап, олардың өзара іс-қимылын шектейтін факторларды анықтау және үйлестірудің ықтимал тәсілдерін қарастыруға дейінгі бірізділікпен жүргізіледі. Әрбір буын бойынша шағын өндірушілердің қатысуына қойылатын талаптар, қажетті ресурстар және қосымша шығындардың ықтимал көздері айқындалады. Тауар партияларын қалыптастыруға, сақтау және тасымалдау инфрақұрылымына қолжетімділікке, сапаны бақылауға, төлем шарттары мен тәуекелдерді бөлуге ерекше назар аударылады. Өңірлік құн қалыптастыру тізбегі деп Қазақстан мен Өзбекстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қатысуымен өнімнің өндірушіден түпкілікті өткізу нарығына дейінгі қозғалысын қамтамасыз ететін өзара байланысты операциялар жиынтығы түсініледі. Ұйымдастырушылық шешімдерді салыстыру үшін мынадай өлшемшарттар бойынша сапалық талдау қолданылады: шағын шаруашылық үшін қатысудың қолжетімділігі, бірлескен инвестицияларға қажеттілік, басқарудың күрделілігі, өзара есеп айырысудың ашықтығы және жеткізілімдердің тұрақтылығы. Осы салыстыру аясында өнімді бірлесіп өткізу, ортақ инфрақұрылымды пайдалану және өңдеуші кәсіпорындармен шарттық негізде қызметті үйлестіру қарастырылады. Әрбір нысанның ықтимал артықшылықтары оларға қол жеткізу шарттары мен қатысушылардың міндеттемелері ескеріле отырып бағаланады. Материалдарды жинақтап қорыту кооперациялық байланыстарды ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы агроөнеркәсіптік кооперацияны шағын өндірушілердің өңірлік нарықтарға қатысу мүмкіндігін кеңейтетін ұйымдық-экономикалық байланыстар жүйесі ретінде қарастыруға болады. Мұндай байланыстардың мазмұны өнімді шекара арқылы жеткізумен шектелмейді. Олар өндіріс көлемін алдын ала келісуді, сапа талаптарын белгілеуді, тауар партияларын біріктіруді, инфрақұрылымды пайдалануды және өзара есеп айырысуды ұйымдастыруды қамтиды. Осы қызметтердің үйлесімділігі шағын шаруашылықтың жекелеген жеткізушіден тұрақты серіктеске айналуына негіз бола алады.

Екіжақты ынтымақтастықтың институционалдық негізін сипаттайтын оқиғалардың бірі - 2025 жылғы 15 қарашада Қазақстан мен Өзбекстан басшыларының қатысуымен «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығының қызметіне ресми түрде бастау берілуі. Орталық Түркістан және Сырдария облыстарында орналасқан [2]. Аталған бастама өңіраралық өндірістік байланыстарды зерттеу үшін маңызды болғанымен, оның іске қосылуы шағын аграрлық өндірушілердің қызметтерге қолжетімділігін немесе олардың табысының өсуін өздігінен

дәлелдемейді. Мұндай нәтижелерді бағалау үшін қатысушылар құрамы, қызмет көрсету шарттары және нақты жеткізілімдер туралы деректер қажет.

Салалық өзара іс-қимылдың нақты бағыттары да қалыптасып келеді. Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінің хабарламасына сәйкес, 2026 жылғы қыркүйекте Ташкентте өткен «Asia Grains & Oils Conference» [3] конференциясында қазақстандық ауыл шаруашылығы өндірушілері мен өзбекстандық өңдеушілердің тікелей байланыстарын кеңейту және майлы дақылдарды өңдеу саласындағы бірлескен жобаларды пысықтау жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілген. Бұл мәлімет өндіруші мен өңдеуші арасындағы тікелей үйлестіруді зерттеуге негіз береді, алайда шағын шаруашылықтардың осындай байланыстарға қатысу ауқымын анықтамайды.

Осыған байланысты төмендегі талдау шағын өндірушілерді интеграциялаудың ықтимал тетіктеріне бағытталған. Кестелерде келтірілген шешімдер нақты жобалардың өлшенген нәтижелері емес, мақалада ұсынылатын талдамалық жүйелеу болып табылады.

1 кесте - Қазақстан мен Өзбекстанның шағын өндірушілерін өңірлік құн қалыптастыру тізбектеріне интеграциялау бағыттары

Кооперация бағыты	Шағын өндірушінің қатысуын шектейтін ықтимал фактор	Ұсынылатын өзара іс-қимыл тетігі	Күтілетін экономикалық мүмкіндік	Нәтижеге қол жеткізу шарты
Өнімді жинау және тауар партияларын қалыптастыру	жеке шаруашылық жеткізетін өнім көлемінің сатып алушы сұранысына сәйкес келмеуі	өнімді жергілікті деңгейде біріктіру, жинау кестесін келісу, әр жеткізушінің үлесін тіркеу	тұрақты жеткізілімдерге қатысу және тасымалдауды тиімді ұйымдастыру	көлем, сапа және жеткізу мерзімі бойынша міндеттемелердің орындалуы
Сақтау және тасымалдау	қоймаға, салқындату жабдығына және арнайы көлікке қолжетімділіктің шектеулілігі	инфрақұрылымды бірлесіп пайдалану немесе мамандандырылған оператордан қызмет сатып алу	өнімнің тауарлық қасиеттерін сақтау және өткізу уақытын икемді жоспарлау	қызмет тарифінің қолайлылығы және инфрақұрылымның жеткілікті жүктелуі
Сапаны бақылау және өнім туралы ақпаратты тіркеу	өнім сипаттамаларының әркелкілігі және шығу тегі туралы ақпараттың жеткіліксіздігі	қабылдау талаптарын келісу, партияларды сәйкестендіру, тексеру нәтижелерін тіркеу	сатып алушы талаптарына сәйкес өнім жеткізу мүмкіндігін кеңейту	бақылау рәсімдерінің түсініктілігі және олардың құнының шаруашылық мүмкіндігіне сәйкестігі
Өңдеуші кәсіпорындар мен байланыс	сатып алу көлемі мен бағасының белгісіздігі	өнім сипаттамалары, қабылдау тәртібі және төлем мерзімі көрсетілген жеткізу шарттарын жасау	өндіріс пен түсімді жоспарлаудың болжамдылығын арттыру	шарт талаптарының теңгерімділігі және міндеттемелердің орындалуын бақылау
Нарыққа шығуды ұйымдастыру	сатып алушылар туралы ақпараттың аздығы және жеке келіссөз жүргізу мүмкіндігінің шектеулілігі	сұраныс туралы ақпарат алмасу, бірлескен коммерциялық ұсыныс дайындау, бірнеше өткізу арнасын қалыптастыру	сатып алушылар аясын кеңейту және келіссөз жүргізу мүмкіндігін күшейту	баға, комиссия және өткізу шығындары туралы ақпараттың ашықтығы

1-кестедегі жүйелеу шағын өндірушілерді интеграциялау міндетінің бірнеше өзара байланысты қызметті ұйымдастыруды талап ететінін көрсетеді. Өнімді біріктіру жеткілікті көлем қалыптастыруға мүмкіндік бергенімен, сапасы әркелкі тауарларды бір партияға қосу сатып алушының талаптарын орындауды қиындатуы мүмкін. Сол себепті жинау қызметі қабылдау өлшемдерімен, өнімді сәйкестендірумен және жеткізуші жауапкершілігімен қатар ұйымдастырылуы қажет. Инфрақұрылымды ортақ пайдалану кезінде негізгі мәселе меншік нысанынан гөрі қызметтің қолжетімділігіне байланысты. Шағын шаруашылықтар үшін қоймаға немесе көлікке иелік ету міндетті шешім болмауы мүмкін. Қолданыстағы оператордың қызметін келісілген тарифпен пайдалану кейбір жағдайларда бастапқы инвестициялық жүктемені азайтады. Ал жеке инфрақұрылым құру туралы шешім қабылданғанда оның жыл бойғы жүктемесі, жөндеу шығындары және қызмет көрсетуге жауапты тарап алдын ала анықталуға тиіс. Жеткілікті өнім ағыны болмаса, ортақ нысанды ұстау шығындары қатысушылар үшін қосымша ауыртпалыққа айналуы ықтимал [4]. Трансшекаралық жеткізілімдерде жергілікті деңгейдегі біріктіру мен елдер арасындағы үйлестіруді ажырату орынды. Алдымен әр елдің аумағында өндірушілерден өнім жинау, оның сапасын тексеру және құжаттарын дайындау ұйымдастырылады. Одан кейін қалыптасқан партиялар бойынша шетелдік сатып алушымен жеткізу және есеп айырысу шарттары келісіледі. Ұсынылатын мұндай тәртіп шағын шаруашылықтардың барлық сыртқы сауда операциясын өз бетінше орындау қажеттілігін азайтуға бағытталған. Сонымен бірге үйлестіруші ұйымның өкілеттігі мен қызмет ақысы қатысушыларға алдын ала түсінікті болуы қажет. Кооперация тетігін таңдағанда өнімнің ерекшеліктерін де ескеру керек. Мысалы, сүт бойынша жинау жиілігі, салқындату және қабылдау кезіндегі сапаны тексеру басым мәнге ие болса, астық пен майлы дақылдарда партия сипаттамаларын келісу, сақтау және тиеу жұмыстарын ұйымдастыру алдыңғы орынға шығады. Осы айырмашылықтар барлық өнімге бірдей ұйымдық шешім қолданудың орынсыз екенін көрсетеді. Шағын өндірушілердің қатысуын ұйымдастыру үшін кооперацияның бірнеше нысанын қарастыруға болады. Оларды салыстырудың мақсаты - бір нысанды әмбебап үлгі ретінде ұсыну емес, әрқайсысының қолданылу шарттарын анықтау.

2-кесте кооперация нысаны күрделенген сайын қатысушылардың инвестициялық және басқарушылық міндеттемелері де кеңейетінін көрсетеді. Бірлесіп өткізу кезінде негізгі міндет өнім партиясын қалыптастыру мен сатып алушымен байланысты ұйымдастыруға шоғырланады. Сервистік кооператив жағдайында ортақ қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және оларды қаржыландыру тәртібін белгілеу қажет. Өңдеу кәсіпорнын құру бұларға қосымша өндірістік қуатты жүктеу, ассортиментті жоспарлау, айналым қаражатын басқару және дайын өнімді өткізу міндеттерін жүктейді. Осыған байланысты шағын өндірушілердің интеграциясын міндетті түрде жеке өңдеу кәсіпорнын құрумен байланыстыру негізсіз. Қалыптасқан өңдеушімен келісілген жеткізілімдер немесе ортақ логистикалық қызметтер шаруашылықтардың ағымдағы мүмкіндіктеріне көбірек сәйкес келуі ықтимал [5]. Өңдеуді өз бетінше ұйымдастыру туралы шешім шикізат көлемі мен нарық сұранысы негізделгеннен кейін ғана қарастырылуы тиіс. Кооперацияның нәтижелілігі атқаратын қызметтер саны арқылы емес, қатысушыларға түсетін экономикалық нәтиже мен қабылданатын тәуекелдің арақатынасы арқылы бағаланғаны орынды. Табысты бөлу тәртібі барлық нысан үшін маңызды. Шикізаттың құны, сапаға байланысты үстеме немесе шегерім, қызмет ақысы және бірлескен қызмет нәтижесінен бөлінетін төлем жеке көрсетілген жағдайда қатысушы өз түсімінің қалай қалыптасқанын түсіне алады. Мұндай ашықтық басқарушы ұйымға деген сенімді нығайтуға негіз болады. Сонымен бірге сапаны бағалау нәтижесіне шағымдану және есеп айырысуды тексеру тәртібі алдын ала белгіленуі қажет [6].

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы кооперациялық байланыстарды дамыту үшін кезеңдік ұйымдастыру тәсілі ұсынылады. Алғашқы кезеңде нақты өнім, жеткізу бағыты және сатып алушы сұранысы анықталады. Кейін шектеулі көлемдегі сынақ жеткізілімі арқылы жинау, сапаны тексеру, тасымалдау және төлем рәсімдері бағаланады. Ортақ инфрақұрылымға инвестиция салу немесе өңдеу қызметін кеңейту туралы шешім осы тәжірибе негізінде қабылданады. Кезеңдердің ұзақтығы алдын ала бірдей белгіленбей, өнімнің маусымдылығы мен қатысушылардың дайындығына қарай анықталуы тиіс [7].

